

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ
(1991–2021 жж.)**

АЛМАТЫ, 2022

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)
Қ 22

**ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған**

**Кітап ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған
ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған ЖТН АР08855695**

Редакциялық алқа:

Матыжанов К.С. – филол.ғ.д., ҚР корр-мүшесі, Қалижанов У.Қ. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Ақыш Н.Б. – филол.ғ.д., Орда Г.Ж. – филол.ғ.д. (жауапты редактор), С.Ананьева – филол.ғ.к.

Жауапты шығарушылар:

Құдайбергенов Н. – PhD,
Қуатбекұлы Е. – PhD

Пікір жазғандар:

Әбдіғазизұлы Б., филология ғылымдарының докторы, профессор
Қалиева А.Қ., филология ғылымдарының кандидаты
Сәулембек Г., PhD.

Қ 22 Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері (1991–2021 жж.): Ұжымдық монография. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2022. – 288 б.

ISBN 978-601-08-2933-6

Ұжымдық монографияда тәуелсіздік тұсындағы қазақ балалар әдебиетінің даму бағыттары зерттелген. Авторлар жекелеген жанрлар бойынша шолу тараулар мен шығармашылық портреттерде заманауи қазақ балалар әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығын, балалар әдебиетіндегі мазмұн мен түр жаңалығын бағамдайды. Зерттеушілер қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі қол жеткізген көркемдік-эстетикалық жетістіктерді жекелеген қаламгерлердің шығармаларымен ғылыми саралаған. Балаларға арналған шығармалардағы көркемдік трансформациялық құбылыстар зерделенген.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен PhD докторанттарға, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

ISBN 978-601-08-2933-6

**© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
©ТОО «Литера-М»**

КІРІСПЕ

Өнердің басқа түрлері тәрізді көркем әдебиет адамның ақылына ақыл, сезіміне сезім қосатынын әдебиет тарихына енген шығармалар дәлелдеп келеді. Әдебиеттегі көркем кейіпкерлердің өмірі мен қызметі оқырманға әсер етіп қана қоймай, көп жағдайда идеалға айналып жатады. Балаларға арналған әдебиет өскелең ұрпақты өмірді тануға, білім-ғылым алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, әдеби кейіпкерлерінің тағдырынан өмір тәжірибесін жинақтауға баулиды.

Көркем әдебиет жас оқырманды толық адам ретінде қалыптастыруға, адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтауға, асқақ асыл армандарын жоспарлауға, отбасына, адамзат баласына, отанға деген махаббат сезімін, патриотизмін қалыптастыруға, оқуда озат, өмірде алда болуға баулуға міндетті. Мұндай асыл мақсаттардың оңай жолмен келмейтіні белгілі. Ол үшін әрбір оқырман тынымсыз ізденуге, көп еңбектенуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге міндетті. «Білекті бірді, білімді мыңды жығатынын» түсінген ұрпақ тәуелсіздік тұсындағы бәсекеге қабілетті болып өсуі керек. Мектепте жақсы оқу үшін көп іздену керектігін ұғынған жас ұрпақ өмір үшін күресе білетін күрескер болып қалыптасуы тиіс. Бұл жолда олар Абай айтқан бес асыл қасиетті бойына жинақтап, бес жаманнан қашуға дағдыланады. Абай шығармаларын оқу арқылы «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды» бойына жинақтаған өскелең ұрпақ «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан» бойын аулақ салуға тырысады. Көркем әдебиеттің негізгі міндеттерінің бірі – тәрбие құралы болса, кез келген қаламгердің шығармаларын оқыған бала сол шығармадан өзіне қажетін алып, жаманынан бойын аулақ салатыны белгілі.

Балалар әдебиеті – қазақ халқымен бірге жасап, бірге өсіп келе жатқан рухани сала. Көркем әдебиеттің өзге салалары секілді балалар әдебиеті де өз бастауын ауыз әдебиеті үлгілерінен алады. Санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мазақтама, мақал-мәтел, өтірік өлең, ертегі, аңыз, әңгіме т.б. сияқты ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан балалар әдебиеті заман талабына сай өз жалғасын табуда. Ұлттық әдебиеттің барлық дәуірінде де балалар әдебиеті онымен бірге жасап келе жатыр.

Қазақ әдебиетінің тарихында балаларға арнап шығарма жазған қаламгерлер аз емес. Классик жазушыларымыз – Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, М. Сералин, С. Дөнентаев, С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Бегалин, Ө. Тұрманжановтар түрлі жанрда шығармалар жазды. С. Сейфуллиннің өлеңдері, Б. Майлиннің «Хан күйеуі», «Өтірікке бәйге» сияқты өлеңмен жазылған ертегілері, І. Жансүгіровтің балаларды өмір тануға үйрететін табиғат жырлары, М. Әуезовтің «Көксерегі» мен С. Мұқановтың «Бақташының баласы», «Менің мектептерім» атты кітаптары – қазақ балаларының бірнеше буын ұрпағын тәрбиелеген шығармалар. Бүгінгі қазақ балалар әдебиеті осы құнарлы топырақтан нәр алып өсіп келеді.

Жас бүлдіршіндер мен өскелең ұрпақты еңбекке баулу, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру, Отан, туған жер, өскен ортаны сүйуге үйрету – көркем шығарманың негізгі қызметтерінің бірі. Қай дәуірде де саналы ұрпақ тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлініп, балалар әдебиеті мейлінше көп жариялануда. 2011 жылы бес томдық «Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері» жарық көрсе, кейінгі жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің

017 «Әлеуметтік маңызды түрлерін шығару» бағдарламасы аясында әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық шығармалар жинағы оқырманға жол тартты. Ауыз әдебиеті үлгілерімен бірге балаларға арналып жазылған авторлық көркем шығармаларды жариялауға, таратуға мемлекет тарапынан көңіл бөлініп отырғанын «Жаңа заман ертегілері», «Қазақ балалар поэмасының антологиясы», «Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы», «Қазіргі қазақ балалар әңгімелерінің антологиясы», 10 томдық «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» сияқты жинақтардан көруге болады.

Еліміз егемендік алғаннан бері балалар әдебиетін жариялауға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Бірсыпыра қаламгерлердің шығармалары қайта жарияланса, екінші қатардағы ақын-жазушылардың соңғы жылдарда жазған туындылары жарық көруде. 2013 жылы «Балаларға базарлық» көркемсуретті энциклопедия шыққан болатын. Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен «2021 – Балалар әдебиеті жылы» деп аталса, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа жыл қарсаңында 2022 жылды «2022 – Балалар жылы» деп атады. Соңғы екі жылдың ішінде мемлекет тарапынан балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлінгенінің арқасында балалар әдебиеті көптеп жарық көре бастады. 2021 жылы балалар қаламгерлерінің туындылары бірнеше баспадан жарық көрді. «Ата мұра» баспасынан қазіргі таңда балаларға арнап жазып жүрген отыз қаламгердің таңдамалы шығармалары, «Балалар әдебиеті» баспасынан Шәкен Күмісбайұлының «Бабамдай болғым келеді...», «Жалын» баспасынан О. Асқардың «Балалар әлемі», т.б. жинақтары жарық көрді.

2021 жылы Шәкен Күмісбайұлының «Бабамдай болғым келеді», Нұрдәулет Ақыштың «Тау ішіндегі тауқымет», Бейсембай Сүлейменовтың «Сырлы Әлем», Әлібек Файзуллаұлының «Өтірік айтпайтын күн», Әбділдабек Салықбайдың «Айдана мен Ақжолтай», Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер», Ділдәр Мамырбаеваның «Әке мен бала», Жаңабек Шағатайдың «Ауылдың кішкентай археологтары», Заря Жұманованың «Күләйша, Рокфеллер және басқалар», Гүлзат Шойбекованың «Тұрлыханның көк туы» жинақтарымен бірге Сырым Бақтыгерейдің Валерий Кастрючиннен аударған «Ержүрек құмырсқасы» мен Гүлзат Ақжолованың Әлия Беркімбаевадан аударған «Дәуіт ағайдың ертегілері» сынды аудармалары жарық көрді. Бұл жылы «Фолиант» баспасы Ақселеу Сейдімбектің балаларға лайықтап әңгімелеген «Алпамыс батыр» эпосының баянын, Алдар Көсенің қызықты хикаяларын шығарды.

Балалар әдебиетін насихаттау жолындағы дәстүрлі түрде өтетін халықаралық «Дарабоз» бәйгесінен жүлде алған шығармалар жыл соңында жинақ болып шығып тұрды. Аталған байқау жабылып қалғандықтан, 2022 жылы балалар әдебиетінің үздік туындыларына «Айтұмар» республикалық әдеби байқау ұйымдастырылды. Аталған байқау жөнінде Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып: «Бұл шығармалар байқауының ең негізгі ұтқан жеріміз, жақсы шығармалар дүниеге келді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен 200-ге тарта шығарма түсті. Мысалы поэзия номинациясының өзінен 63, проза номинациясынан 103, драматургиядан 13 шығарма түсті» – дейді. 14-35 жас аралығындағы қаламгерлер қатысқан байқауда проза жанры бойынша I орынды Арман Әділбек, II орынды Мейіржан Жылқыбай мен Нұрасыл Зиядибеков, III орынды Айсәуле Мереке, Дана Әбдіманап, Қарлығаш Сарбаева иемденді.

Поэзия жанры бойынша I орынды Мерей Қарт, II орынды Айдана Бейсен, Асылан Тілеген және III орынды Мұқағали Кенжетай, Айдана Сегізбай, Нұрбибі Аязбай жеңіп алды.

Драматургия бойынша I орынды Назерке Құмарғалиева, II орынды Әлібек Байбол мен Жансерік Құттыбаев, III орынды Жәнібек Қойтай, Рахат Әлішер, Ықылас Шалғымбай еншіледі.

2022 жылғы қаламгерлерді ынталандыру мақсатында «Айбоз» ұлттық әдеби байқауы бойынша «Үздік поэзия» – Батырхан Сарсенханның «Жұмбақ арал» поэмасы, «Үздік проза» – Айгүл Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесі, «Үздік драматургия» – Талғат Теменовтің «Мың мен жалғыз...» пьесасы, «Үздік аударма» – Кенжебай Ахметовтің Стефан Цвейгтің «Амок», «Бақилық ағаның көз жасы» новеллары, «Үздік балалар әдебиеті» – Бекен Ыбырайымның «Іздер құпиясы» детективті романы, «Үздік комикс» – Жантас Набиоллаұлының «Жетпіс палуан» туындылары жүлдегер атанды. Бұл байқауда балалар әдебиеті номинациясы жеке аталғанынан балалар әдебиетіне деген қызығушылықты көруге болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің халқымыз рухани мұраларын сақтап, ұлттық тарихын зерттеуге, мәдениетін жан-жақты қолдауға әрдайым мән береді. Бұл берік ұстаным Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жаңа сипат алып отыр», – деп, тұтас түркі тектес елдерге ортақ жауһарларымызға, Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсындағы құнды мұраларымызға тоқталып, олардың бүгінгі таңда жалғастық тауып отырғанына көңіл аударған болатын. Осының көрінісі ретінде балалар әдебиетінде аңыз-әпсаналар мен тарихи ескерткіштердегі хандар мен батырлар бейнесіне көңіл аударыла бастады. Қаламгерлер әдеби ертегі, әңгіме, өлеңдерінде тарихи кейіпкерлерге көңіл бөлсе, заманауи тақырыптағы шығармаларда балалар өмірін бүгінгі қоғам өмірімен байланыстыра суреттеуде.

XX-XXI ғасырлардағы балалар әдебиетіне қомақты үлес қосқан М. Әлімбаев, Т. Молдағалиев, О. Асқар, Қ. Баянбай, А. Асылбек, Т. Жексенбай, А. Мархабаев, Е. Елубаев, С. Қалиұлы, Ш. Күмісбайұлы, Ж. Дәуренбек, Б. Әділов, Ө. Ақыпбекұлы, С.Оспан, Ж. Сахиев, М. Қабанбай, Т. Нұрмағанбетов, С. Асылбекұлы, Н. Ақыш, Б. Сүлейменов, Б. Ыбырайым, А. Естен, Б. Қошым-Ноғай сияқты қаламгерлер қатары тәуелсіздік тұсында Т. Әбдірайым, Ә. Қайран, Б. Үсенбаев, Н. Ораз, Д. Мамырбаева, С. Дүйсенбиев, С. Досжан, З. Жұманова, С. Сәдуақас, Қ. Баянбай, Ә. Табылды, Б. Жылқыбекұлы, З. Төреханқызы, М. Сенбайқызы, С. Әкірамұлы, М. Жылқыбай, С. Қамшыгер, т.б. балалар қаламгерлерімен толығуда. Балалар әдебиетіне жаңа қаламгерлер қосылып жатқанын 2021 жылы отызға жуық қаламгерлердің шығармалары жинақталған қазақ балалар поэзиясының, қазақ балалар әңгімелерінің антологиясынан көруге болады. Олар қазақ балалар әдебиетінде қалыптасқан дәстүрді жалғастыруда. Балалар қаламгерлерлері туындыларынан өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, бала танымын кеңейтуге ден қойып жүргені көрінеді.

Балалар әдебиетінің айтулы жанрларының бірі – ертегі. Бала тәрбиесінде сан ғасырлық халық мұрасымен бірге авторлық әдебиеттің де берері мол екендігін әдеби ертегілер көрсетіп келеді. Ұлттық әдебиетте әдеби ертегі жазған Ө. Тәжібаевтың «Толағай», Ж. Смақовтың «Бұршақ туралы ертегі», Ө. Тұрманжановтың «Құмырсқалар, аралар қиыспас дос құдалар», «Аңғал бұғы, алдамшы түлкі, аң патшасы ауру арыстан туралы хикая» сияқты ертегілерінің қатарын қазіргі балалар

қаламгерлері дәстүрлі түрде жалғастыруда. Қ. Толыбаевтың «Алма қыз және оның батыр ағалары», С. Қалиевтің «Бақ атай туралы аңыз», Қ. Күзенбаевтың «Айлакер шыбын, аяр бүйі, аңқау шегіртке және зауза қоңыз туралы аңыз», М. Жаманбалиновтың «Бала пілдің қалаға саяхаты» сияқты әдеби ертегілері мен аңыз-әңгімелері – балалардың сүйіп оқитын шығармалары. Қазіргі таңда әдеби ертегілер қатары Қ. Толыбаевтың «Алма қыз және оның батыр ағалары», «Алтын аймақ», Б. Сүлейменовтің «Хан шатырындағы кездесу», «Туған күніңмен, Айтұмсық», «Горилла адам», Н.Ақыштың «Балалар елін бағындыру», «Уайымшыл мектеп формасы», «Адам қорыған көл», «Қамаудағы үш дос», «Мейірімділік сәулесі», А. Асылбектің «Бақыт іздеген бала», А. Естеннің «Теңіз төріндегі тайталас», Ә. Қалдыбаевтың «Арманына жеткен айбалта», «Бәйтерек пен дәнек», Ә. Әбдібайдың «Күннің тоғыз баласы», Б. Ыбырайымның «Аспандағы саяхат», Н. Құмардың «Сезімтал тарақандар», С. Дүйсенбиевтің «Алматының апорты», С. Досжанның «Қарақанатты жеңген қайырымда қала», «Жетім қозының зары», «Қызғалдақтың қызы», «Маймақ қаз», «Тышқан жылғы дүрбелең» т.б. толығымен осылайша, қаламгерлер балалар әдебиетіндегі қалыптасқан дәстүрді өз ертегілерімен жалғастырып, дәстүр сабақтастығын көрсетуде.

Тәуелсіздік тұсында әдебиеттану ғылымында тұлғатану мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, көптеген ғалымдар ұлт тарихынан үлкен орын алатын қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге ден қоюда. Өмірі мен шығармашылығы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын қалам және қоғам қайраткерлерінің мұрасын насихаттауда жаңа қазақстандық патриотизмге мемлекет тарапынан көңіл бөлінуде.

Бірсыпыра қаламгерлер өткен тарихқа үңіліп, батырлар мен хандар бейнесін әдебиетке алып келсе, енді бір парасы өмірі үлгі-өнеге боларлық замандастарымыздың өмір-тіршілігін көркем бейнелеуде. Ә. Қайран «Ерасыл» дастанында Қабанбай батырдың жастық шағынан сыр шертсе, Д. Рамазан «Бала Қазыбек» пьесасында Қазыбек бидің бала кезінен билікке араласа бастағанын шынайы бейнеледі. Ақын О. Асқар өлеңдерінде Ұлы Отан соғысында елін жаудан қорғаған Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды батырларды үлгі-өнеге етсе, С. Қалиев оқырмандары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев ағалары тәрізді ұшқыш, Сағадат Нұрмағамбетов тәрізді генерал болуды армандайды. Б.Қошым-Ноғай Махамбет, Құрманғазы, Ыбырай, Абай, Жамбыл, Роза Бағланова туралы өлеңдерде тарихи тұлғалардың дара қасиетін таныстыруды көздесе, Н.Қалқа тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров пен екінші ғарышкеріміз Талғат Мұсабаевтарды мақтан етеді.

Б. Ыбырайымның «Апат белгісі», А. Алтайдың «Дегелеңдегі қызыл күн» әңгімелерінде ХХ ғасырдың қасіретіне айналған Семей полигонының зардаптары жас балалардың трагедиясымен нанымды бейнеленген. Т. Нұрмағанбетов «Қош бол, ата!» повесі мен «Жиырма жас», «Перзент», «Менің інілерім» әңгімелерінде балалардың талап-тілегін өмірдегі қызық та күлкілі, шынайы оқиғалармен, жылы юмормен суреттесе, А. Естен балаларға арналған өлеңдерінде батыр бабаларымыз туралы мағлұмат берген. Н. Ақыштың кейіпкерлері «Нағыз әже қайда» әңгімесінде қазіргі орамал тартпайтын, шашын кесіп, шалбар киген апаларды әже деп қабылдамай, кимешек киген аналарымызды іздейтіні бала психологиясынан туындап жатқан сауалдар көтерілсе, «Момақан қыз» әңгімесіндегі үлкен қаладағы туыстарының үйіне келіп оқып жүрген мектеп оқушысының ұғымындағы ауыл мен

қала тіршілігі туралы ойлары жас баланың көзімен бейнеленген. С. Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» повесі мен Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкөмпіров туралы «Біртуар» деректі романына замандастар өмірі негіз болған. Мұндай шығармалар балаларды үлкен биіктерді бағындыру үшін үлкен мақсаттарға жетелейтін асқақ армандардың болуына сендіреді. Балалар жазушысы Б. Ыбырайымның «Іздер құпиясы» – жеткіншектерге арналған тұңғыш детективті роман.

Тәуелсіздік алғаннан бастап қазақ қаламгерлері түрлі тақырыптардағы ізденістерін арттырды. Бүгінде кеңес уақытында бұрмаланған тарихымыз, салт-дәстүріміз, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртқан шығармалардың қатары көбеюде. Солардың ішінде ұлттық әдебиетіміздің негізгі саласының бірі – балалар әдебиетінде сан түрлі тақырыптар игерілуде. Тарихи қалаларымыз, ұлттық жәдігерлеріміз туралы балалардың қабылдауына жеңіл түрде жазылып жатса, бүгінгі күннің бейнесі, болашаққа деген құлшынысқа құрылған мәтіндер – балалардың зейінін ашатын таптырмас құралдар. Байбота Қошым-Ноғайдың «Әліппесі», Темірақын Жақыптың «Кәрекей мен қонжықтары», Серік Нұғыманның «Күрес», Бағдат Мәжитовтің «Қай әріптер ауысқан», Есей Жеңісұлының «Арша», Қанат Қайымның «Балалар кітабы», Серікбол Хасанның «Қасиетті Қазақстан», Асылан Тілегеннің «Жұмбақ қалалар» т.б авторлардың шығармалары балалардың таным көкжиегін кеңейтуде.

Балалар әдебиеті мазмұны жағынан ғана емес, түрі жағынан да күн санап өсіп келеді. А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесі мен әңгімелерін оқырман іздеп жүріп көп оқығандықтан бестселлер шығармалар қатарына қосылса, Р. Сауытбайдың «Шоко әлем», А. Әділбектің «Сері туралы әфсана» шығармалары фэнтэзи жанрында жазылуымен ерекшеленді.

Қазақ қаламгерлерінің балаларға арнап жазған шығармаларын жүйелеу, балалар әдебиетінің кейіпкерлері мен негізгі бағыттарын зерттеу – әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Ұлттың болашағы мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балалардың алған білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты екендігін әлем ғалымдары мойындап, балаларға нені, қалай оқыту керектігіне көңіл аударуда. Ұлттық әдебиеттен балаларға арналып жазылған шығармалардың алатын орны ерекше екендігіне әр дәуір әдебиеті мен әдебиеттану ғылымынан мысалдар келтіруге болады. Психология, педагогика, математика пәндері мен әдістеменің негізін салған Ж. Аймауытов, М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Ә. Ермековтер қай ғылым саласында да көркем әдебиеттің үлкен рөл атқаратынын оқулық, оқу-әдістемелік еңбектерімен дәлелдеді. Тіпті есептің өзін ұлттық ұғымға сай логикаға құру керектігін тәжірибемен ұштастырды. Көркем шығармаларды мектеп оқулықтарында балалардың жас ерекшелігіне қарай пайдаланудағы Алаш қайраткерлері негізін салған осы үрдіс кеңестік дәуірде өз жалғасын тапты. Бұл тұста қазақ балалар әдебиетінің тарихы мен жанрлық ерекшеліктерін Ш. Ахметов, Б. Ыбырайымов, Қ. Ергөбеков сияқты ғалымдар арнайы зерттеумен айналысты. Ол еңбектерде С. Көбеев, Ә. Тұрманжанов, С. Омаров, Б. Соқпақбаев, Қ. Әбдіқадыров, М. Әлімбаев, Ә. Дүйсенбиев, Ж. Смақов, М. Жаманбаинов, Қ. Баянбаев, Н. Әлімқұлов, Ж. Кәрібозин, Т. Дәуренбеков тәрізді ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары зерттеу нысанына алынды.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бермен қарай К. Матыжанов «Қазақтың

фольклорлық балалар поэзиясы», Б. Қапасова «Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60-90 жж.), А. Мамбетова «Қазақ балалар поэзиясындағы фольклорлық дәстүр (XX ғ.1920–1990 жылдар аралығы)», Ә. Әмірова «Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу (5-6 жас)», Ә. Жәкім «Қазақ балалар поэзиясы және Мұзафар Әлімбаевтың көркемдік тағылымы», Л. Қоныс «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы (1991–2005)», Б. Темірбаева «1950–1960 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Жақан Смақов шығармашылығы», З. Абдуллина «Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы (Б. Соқпақбаев, М. Гумеров, М. Қабанбаевтың шығармалары бойынша)», Ә. Аманжол «Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму», Қ. Сапарбаева «1950–1970 жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік ізденістер (Әнуарбек Дүйсенбиевтің әдеби мұрасы негізінде)», А. Ақтанова «Балалар әдебиеті (Қазақ балалар драматургиясы мәселелері)», Ж. Рүстемова «Қазақ балалар прозалық әдеби ертегілері» деген тақырыпта зерттеу жұмыстарын жазды. Бұл еңбектерде ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап ХХІ ғасырға дейінгі аралықтағы балаларға арналған шығармалар зерттелді. Олардың бірсыпырасында жекелеген балалар қаламгерлерінің әдеби мұрасы зерттеу нысанына айналса, енді бір парасына балалар әдебиетінің жекелеген мәселелері арқау болды. Көріп отырғанымыздай, соңғы отыз жылға жуық уақыт ішіндегі қазақ балалар әдебиеті тыңғылықты түрде зерттеу нысанына алынбаған. Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі дәстүр ұласуы мен жаңашылдық мәселесін зерттеуде аталған ғалымдардың зерттеулері басшылыққа алынды.

Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік жетістіктің бірі – ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, өтірік өлең, ертегі, аңыз, әңгіме жанрларының кездесетіндігі. Мұның өзі қазіргі балалар әдебиетінде қалыптасқан дәстүрдің заңды жалғастығын көрсетеді. Балаларға арнап жазатын ақын-жазушылар өз шығармаларымен отбасын, отанын, елін, қоршаған табиғатты сүйетін ұрпақ қалыптастыруға үлес қосуда. Қазақ қаламгерлері балалар арасында жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарды насихаттауда тынымсыз еңбек етіп жатқаны байқалады. Балалардың арман-мақсаттарын ертегі кейіпкерлерімен байланыстыра білген авторлардың бала психологиясын еркін меңгергені олардың көркем шығармаларынан көрінеді.

**Жоба жетекшісі,
Гүлжаһан Орда, ф.ғ.д.**

I ТАРАУ

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘДЕБИ ҚАҒАРМАНДАР

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Балалар әдебиеті балаларға көркемдік-эстетикалық ләззат берумен бірге жеке тұлға қалыптастыруда тәрбиелік, дүниетанымын, ой-өрісін дамытуда танымдық қызмет атқарады. Сондықтан балалар әдебиетінде көркем өнер мен оқу-тәрбие жұмысы ұштасып отырады. Қазақ балалар поэзиясының негізін қалаушы Б. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ж. Жабаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, Ө. Тұрманжанов, Ө. Тәжібаев, Ө. Дүйсенбиев, М. Жаманбаев, Ж. Кәрбозин, Ж. Смақовтардың салған сара жолын тәуелсіздік тұсында М. Әлімбаев, Қ. Мырза Әли, Т. Молдағалиев, О. Асқар, Қ. Баянбаев, Е. Өтетілеуов, А. Асылбек, Е. Елубаев, С. Қалиұлы, Ж. Әбдіраш сияқты белгілі балалар ақындарымен бірге кейінгі буын өкілдері жалғастыруда.

Балалардың ойлау дағдысын қалыптастыруда, ой-өрісін кеңейтуде ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан жанрдың бірі – санамақ. Ж. Смақовтың «Санамақ», «Шымшық» өлеңдері – балаларды санауға жаттықтыратын санамақтар. «Санамақ» өлеңінде балаларға башпайды санауды былайша үйреткен:

Балалар да қарайды,
Башпайларын санайды:
Басқы бақай,
Опай-сопай,
Атсыз апай,
Ерке тотай,
Құйттай шоқай [1; 157].

Санамақ жөнінде Ә. Табылдыев: «Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді», – деген болатын [2; 15].

Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінің кез келгені – балаларға тәлім-тәрбие беретін туындылар. «Қандай сөздер» өлеңінде:

Ана –
Ардақты сөз.
Тау-тас –

Салмақты сөз, – дей келіп, жел, шәкірт, жалау, алау, дос-жар, дала сөздерінің астарына үңіліп, олар туралы балалардың ұғым-түсінігін қалыптастырады. Ақынның: «Ақындықтың алғашқы ұрығына аппақ нұр, асыл нәр беретін де ана әлдиі, ана жыры, ана әңгімесі. Яғни, әрбір ақын ананың әлдиінен басталады. Анам ақынжанды кісі еді» [3; 9], – деген сөзін еске алатын болсақ, оның шығармаларынан ана мен бала тақырыбы үлкен орын алатынын көреміз.

1955 жылы М.О. Әуезов: «Біз балалар әдебиетін ойдағыдай өсіре алмай келеміз», – деген болатын [4]. Содан бергі уақытта қазақ балалар әдебиеті өсіп, дамып, жоғары деңгейге көтерілді. Бала ұғымына сай жеңіл сөздермен, жеңіл тіркестермен құрылған өлең жолдары балалардың жаттап айтуына да ыңғайлы. Мәселен, «Он саусақ» өлеңі санамақтың да қызметін атқарады. Ақын әр саусақтың атқаратын қызметін түсіндіру барысында бірден бастап онға дейін тез, жылдам, жеңіл жатқа айтуды қарастырған.

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ [1; 212].

Жалғыз саусақтың ештеңе тындыра алмайтыны сияқты жалғыз адамның да қолынан келері шамалы. Біреуден екеу, екеуден үшеу жақсы болса, он саусақ сияқты адамдар да жұмыла тірлік жасаса, істері берекелі болады. Ақын он саусақтың атқаратын қызметіне жеке-жеке тоқталу арқылы «төртеу түгел болса, төбедегі келетінін» жас оқырмандарға ескертеді. «Бірлік түбі – тірлік» екенін саусақтардың тірлігінен көрген балалар береке-бірлік адамзат баласына ауадай қажет екенін түсінеді. «Бал араның жыры» өлеңінде қырдағы гүлдерден бал жинайтын араның тіршілігі де қызықты суреттелген. Ақын бала ұғымына сай қысқа да нұсқа етіп «Баратыным – Қыр, Қонатыным – Гүл. Теретінім – Бал» деп суреттеуге шебер. Алты ауыз сөзге көп мағына сыйғызған ақын балаларға артық сөзді тықпалаудан аулақ. Керісінше әр сөзге көп мағына сыйғызуға шебер. «М. Әлімбаев шығармалары көркемдігімен де, ішкі мазмұн тереңдігімен де, тәрбиелік, танымдық мәнімен де айрықша көзге түседі» [5; 217], – деген Ә. Жәкім пікіріне сүйенетін болсақ, ақын шығармаларының балаларға берер мол.

Қ. Мырза Әли балаларға арналған бірсыпыра танымдық өлеңдерінде өлексе жемейтін жолбарыс, қазақ сияқты қайсар қасқыр, қабылан, тұмсығымен жер сүзіп жүретін қабан, әрбір түгі тебендей жайра, кенгурудың тектесі қосаяқ, құм кесірткесі батбат, су шаяны, суға сүйрей жөнелетін қолтырауын, жақсыға зияны жоқ дәуіт, қарақшы тәрізді қарақұс, ғаламат қауырсынды тоты, тышқан аулайтын жапалақ, көлдің көркі – аққу, сыланған қаз, көл жағалаған бірқазан, төрт аяқты мұнаралар тәрізді керік, өркешсіз ботадай жүк тасыған лама, жапанда жосылған сайғақ, төсегін апта сайын ауыстыратын борсық, еңбекқор құмырсқа, орманға еңбегі сіңген тоқылдақ, түнек үшін жаралған көртышқан, мысық сияқты аң-құстар, жан-жануарлар мен жәндіктер туралы мағлұмат беруді көздеген. Балалар үшін аң-құстардың жеке қасиеттерімен жете танысу аса қымбат. Сондықтан да әрқайсысының басты қасиеттеріне жете тоқталуды жөн деп санаған. «Жолбарыс сері» өлеңінде өлексеге шаппайтын, жазда суға шомылып, қыста қарға аунайтын жолбарысты «Жолбарыстар бір төбе Жыртқыштардың ішінде» деп оларды ақсүйекке ұқсатады. Тоқылдақты балаларға былай таныстырады:

Еңбек – оның еншісі,
Өзі – саулық елшісі.
Көп жыл еңбек сіңірген
Көк орманның емшісі! [1; 174].

Осы үлгімен әрбір құс пен жануарларға берілген сипаттама, балалардың танымын кеңейтіп оларға көп мағлұмат береді.

Ақынның лирикалық кейіпкері де басқа балалар сияқты тез өсіп, үлкен азамат болғысы келеді. «Бала болып шаршадым, Үлкен болғым келеді» дейтін ол өзінің

есепші, хат тасушы бола алатынын, қолынан шөп шабу, бау-бақшаны күту, тағы басқа жұмыстар келетін айта келіп, тезірек үлкен болып өскісі келетінін білдіреді. Бірақ кішкентай бала үлкен болу үшін мектеп бітіріп білім алу керектігінен бейхабар. Себебі, ол – ақылы толмаған ойын баласы. Атасы мен әжесінің ақыл-кеңесін тыңдаған лирикалық кейіпкер – қолына ине-жіп алып түймесін қадау, киім үтіктеу, еден жуу, тауықтарға жем шашу, атасына көмектесу, көнерген кітаптарды түптеу сияқты шамасы келетін істерге араласып, үлкендерге қолғабыс жасап жүретін шаруагер бала. Атасы өзіне қолғанат болған немересіне: «Сен мақтанба, Ел мақтасын!» – деп үйретеді. Бұл – балаларды сабырлы, ақылды, еңбекқор етіп тәрбиелеудің белгісі.

Балалар ақыны Т. Молдағалиевтің лирикалық кейіпкері де өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Төрт түлік малды жырға қосу арқылы қазақ баласын қозым, ботам, құлыным деп еркелететініне көңіл бөлген ақын қазақы менталитетті, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты мақтан етеді. «Біздің Бота» өлеңінде:

Ботам менің, ақ Ботам,

Мамасына бақ Ботам.

Атасына селсоқтау,

Папасына жақ ботам, – деп баласын еркелетеді [1; 201].

Әке-шешесіне еркелеп өскен бала өскенде ата-әжесіне шай қайнатып беруге дайын. Кейін өскенде әжесі көрген Мәскеу, Қара теңіз сияқты жерлерді аралайтынына сенімді. Себебі, ол – ата-анасын, ата-әжесін тыңдайтын ақылды бала.

«Алша», «Алма ағашы» өлеңдерінде жеміс ағаштарының ішінен ең алдымен алша пісетінін, алма ағашы адамдарды ғана емес, торғайларды да тойдыратынын айтып, алманы жомартқа балайды. «Қозы», «Құлын» өлеңдерінде төрт түліктің баласы сүйкімді болып келетінін, олардың да балалар сияқты мамасын айналшақтап шықпайтынын адам мен төл арасындағы ұқсастықтан іздейді. «Түменбай аға», «Түменбай аға қазасы және менің қозы бағуым», «Жетім қозы» сынды оқиғаға құрылған балладаларынан ақынның балалық шағынан хабардар боламыз. Бұл туындыларға балалық шағын соғыс ұрлаған лирикалық кейіпкердің Түменбай ағасының соғысқа сұрануы, ағасының қойлы ауылда қаза табуы, атасы екеуінің қой бағуы, жаңбырлы түнде қойға қасқыр шауып, баланың бәсіресін тартып кетуі, соғыстың салған жарасы, оқу іздеп қалаға аттануы сияқты оқиғалар арқау болған. Лирикалық кейіпкер өсіп, білім алып мамандық таңдай бастайды. «Мамандық таңдау» өлеңінде Арман – инженер, Серік – ұшқыш, Бота – дәрігер, Қамбар – ақын, Құрман – қойшы, өзі «нан беретін баршаға, Жер маманы болам мен» деп агроном болуды қалайды. «Отан» өлеңінде барша балаларды отанын құрметтеуге, оны сүйеге шақырады. «Өз үйің ошақ басынан Басталады ұлы Отан» дей келіп, әкең де, анаң да, бауырың да Отан екенін баса айтады. Олай болса, әр бала туған отанын сүйеге міндетті.

Оразақын Асқар «Торғай», «Қырғауыл», «Ұлар» өлеңдерінде торғай, қырғауыл, ұлар туралы балаларға мағлұмат беруді көздесе, «Саққұлақ» шопан иті саққұлақтың қызметін, иесіне адалдығын суртеттейді. «Мәншүк өмірінің екі сәті», «Батырлар аттас балалар», «Жеңіс парады» Ұлы Отан соғысының батырлары мен ардагерлерінің ерлігін насихаттауға арналған. Ел басына күн туғанда Отанды жаудан қорғаған Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды батырларды қазақ балалары біліп, оларға тағзым жасап өскені дұрыс.

«Неге?» деген өлеңде қоршаған орта туралы көп білгісі келетін кішкентай балдырғандардың сұрақтарының таусылмайтыны нанымды суреттелген.

Аяқ екеу ол неге?
Алға аттаудан тынбауға.
Екеу тағы қол неге?
Істі көп істеу үшін.
Ауыз біреу ол неге?
Аз сөйлеп, аз жеу үшін [1; 230].

«Тәлім өлеңде» Абай айтқан өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сияқты қауіпті бес дұшпан мен талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты бес асыл істің астарын ашып түсіндіріп, жастардың санасына құя білсе, «Туған жер» ел мен жерге деген патриоттық сезім қалыптастырады.

Сүйем сені, туған жер.
Әжем жөргек жуған жер.
Шапқан жауды еліме,
Батыр бабам қуған жер [1; 231].

Бақыт пен бақыт тұнған жердің байлығын, жылда қамбаға миллиард пұт астық тапсыратынымен, өнер, білім қуған елді Тоқтардай батырының космосқа ұшуымен ұштастырған.

Қастек Баянбаев «Қарлығаштар», «Тырна, тоты, тоқылдақ» өлеңдерінде құстардың тіршілігінен хабар береді. «Бір қоржын жаз» өлеңінде қаладағы немересіне бір қоржын алма алып келген нағашы атасын бала былай дейді: «Келіпті қаңтарда, Бір қоржын жаз алып». Себебі, қыстың суығынан үйге тығылып отырғанда бір қоржын алманың иісі үйдің ішін сары ала жазға толтырып жіберіп еді. «Маубастар» өлеңіндегі ұйқысын кимайтын, сәскеге дейін орнынан тұрмайтын маубастарды келеке етсе, «Ардагер» өлеңінде бірде доп қуып, енді бірде боксшы боламын деп жүретін Талаптың бір спортпен тұрақты айналыспағандықтан чемпион бола алмағанын тілге тиек етеді.

Ермек Өтетілеуовтің «Тәй-тәй», «Таудай бол!», «Бәрі-бәрі сен үшін!», «Тұсаукесер», «Бәрінен қымбатты», «Әлди, әлди, қуыршақ!», «Біз – қазақ баласы», «Кім қайда барады», «Біздер сәлем береміз», «Балақай», «Балғындардың ойыны», «Бала, бала, баламыз», «Өсіп келе жатырмыз», «Көңілді балалар әні», «Балаларды қорғау күні» т.б. тақпақ-өлеңдері балаларға арналған. Осылардың ішінде тәй-тәй басқан балаға «Тәй-тәй» арналса, «Тұсаукесер» қазақтың тұсаукесер дәстүрінен хабар береді.

Ала жібін біреудің
Аттамайтын адал бол.
Арам іске біреуді

Ататпайтын адам бол! [1; 207] – деген жолдардан қазақ баласына туғаннан бастап ұлттық тәрбиені құя білгенін байқаймыз.

Ақын аталған өлеңдерінде бала мен ата-ана, ата-әже, туған-бауыр арасындағы ыстық сезімді, олардың күн санап өсіп жатуын, «бала – біздің болашағымыз, бақытымыз» екеніне көңіл аударған. «Бәрі-бәрі сен үшін!» өлеңінде баласының болашағынан үлкен үміт күтетін ананың әлдиі арқылы қоршаған орта, шиқылдаған балапан, маңыраған қошақан, мөңіреген бұзауқан, кісінеген құлыншақ, боздаған ботақан, ұшқан құс, жүгірген аң – бәрі де бала үшін екеніне сендіреді. Бесікте жатқан

кезінен ана әлдімен бала тәрбиелеген қазақ халқы олардың болашақта үлкен азамат болуын құлағына құйып, санасына әлдімен сіңіріп отырған. «Бәрінен қымбатты» өлеңіндегі аюға – қонжығы, барысқа – шіңгігі, құланға – қодығы, бақаға – балпағы, қарғаға – аппағы, аққуға – көгілдірі, қасқырға – бөлтiрiгi, кiрпiгe – жұмсағы, түлкіге – жаутаңы, бүркітке – түлегі, керікке – бұзауы, киікке – құралайы, елікке – лағы, бұғыға – бұғышағы, құндызға – құнайы, биеге – құлыны, түйеге – ботасы, саулыққа – қозысы, тауыққа – шөжесі, мысыққа – мыршайы, шошқаға – торайы, қоянға – көжегі, анаға – бөбегі қымбат екенін оқыған бала алдағы уақытта аң-құстардың, жан-жануарлардың төлдері қалай аталатынын білетін болады. Көбіне төрт түліктің баласын ғана танытын балалардың таным-түсінігі, осылайша, кеңейіп, көптеген аң-құстар туралы мағлұмат алады. Сонымен бірге, адамдар сияқты аңдарға, жануарларға, құстарға да өз баласы қымбат екенін түсініп өседі. «Кім қайда барады» өлеңі қазақтың «ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада» екенін есімізге түсіреді. Себебі, ата, әже, апа, аға – бәрі балалары үшін бара жатса, бала доп ойнауға алаңқайға кетіп барады. Бұл – есіл-дерті ойын болатын, ойыны қанбаған ойын баласы.

«Балақай», «Балғындардың ойыны», «Бала, бала, баламыз», «Өсіп келе жатырмыз», «Көңілді балалар әні», «Балаларды қорғау күні» тақпақтары мектеп жасына дейінгі балаларға арналса, «Біз – қазақ баласы» өлеңінде бабалар мұрасына, аталар мирасына, байтақ даласына ие болған қазақ баласының болашағына үмітпен қарайды. Әр шумақты «Біз – қазақ баласы» деп аяқтау арқылы осы тіркесті бірнеше қайталаумен балаларға ой салған. Ол – балалардың қазақтың болашағына жауапты екендігі. Себебі, қазақ халқының болашағы – балалар.

Абдрахман Асылбектің «Әдептілік әліппесінің» әр шумағы «Атам менің әманда» деген жолдармен басталады. Ақын осы тармақты қайталау арқылы атасының өсиетін балалардың бойына сіңіруді көздеген. Атасы баласына, немересіне әдепті, кішіпейіл, әділетті, бауырмал, мейірімді, тілалғыш, бірлікшіл бол деп ақыл-кеңес беретін болса, ақын бірлік болған жерде тірлік те, бақыт та болатынына балғындарды сендіреді. Ақынның екі шумақтан тұратын «Күнбағар» өлеңі күнбағыстың қалай өсетіні мен оның ерекшелігіне арналған. Ол таң атқаннан кешке дейін күнге қарап иіліп тұратын өсімдікті күнді зерттейтін ғалымға ұқсатады.

«Ертегі жанрымен балалардың жан дүниесіне жақындай түсіп, ой қиялдарын кеңейту жағын көздедім» [3; 47], – дейтін ақын «Сықырлы сыбызғы», «Шыбық тимес шыңқ етер», «Тілін ұмытқан тауық», «Кербакпай», «Қуандық пен Жуантық» ертегілерінде балаларды түрлі ойларға жетелейді. «Сықырлы сыбызғы» ертегісіндегі жетім бала сыбызғының сықырымен мұрат-мақсатына жетеді. Ол Шықбермес Шығайбай байдың қойын бір жыл шығынсыз баққаны үшін екі есе ақы алады. Қойшыларына ақы беріп көрмеген бай мен кемпірі баланы сынамақ болып: «Егер сыбызғың бізді билетпесе, ақыңды бермейміз», – дейді. Бірақ сыбызғының сықырлы күйіне бай мен кемпірі, қорасындағы бүкіл малы қосыла билей жөнеледі. Ел-жұртқа масқара болған олар бір аптаға дейін үйінен шыға алмай қалады. Автор «өнерлінің өрге жүзетінін» бала күйінің құдіретімен жеткізген. «Балалар үшін жазу қиын да, қызық та. Мен өзім солардың екеуін бірдей көріп жүрмін деп ойлаймын» [3; 48], – деген ақын балалар әдебиетінің қызығына да, қиыншылығына да төзе жүріп, жас оқырмандарына тың туындыларымен қуаныш сыйлады.

«Кербакпай» түсінде ерте заманға барып, адам ақылына сыймайтын өрескел әрекеттер жасай бастайды, сөйтсе, ол түсі болып шығады. Ақын түс мотивін

пайдаланумен балаларға ой салып, оларды тәртіпті болуға шақырады. «Қуандық пен Жуантық» ертегісінің екі кейіпкері бір-біріне қарама-қарсы суреттелген. Жуантық қолынан түк келмейтін жатыпшыер бай баласы болса, Қуандық – еңбегімен нан тауып жүрген байдың жалшысы. Қуандық Жуантық тамақтан ауырып жатқанда аппақ шапан киіп, сақал байлап емші болып келіп, байдың жалшысына бас бостандығын алып береді де, қой соңына бай баласын салып, оны артық салмақтан арылтады. Осылайша, ол ақылдылығының, тапқырлығының арқасында мұрат-мақсатына жетеді:

Бай халықты жинапты,
Той-думан қып сыйлапты.
Емші бала тек қана,
Еркіндікті сыйға апты [1; 316].

Ескен Елубаев «Алма бақ», «Екі қол», «Күншіл», «Екі мінез», «Ағайынды үшеу мен «Иристің» хикаясы», «Жанашыр», «Ерлікті кім жасаған», «Болу үшін космонавт», «Талап пен атасы», «Қызғаныш» шығармаларында түрлі мәселелерді көтеріп, өскелең ұрпаққа ақыл-кеңес береді.

«Алма бақ» өлеңінде көктемде отырғызған алма бақтың ағаштары жылдың төрт мезгілінде бораған қарда, желдің өтінде тұрып балалар алма жесін деп күні-түні еңбек етсе, «Екі қолдағы» оң қол өзінің ептілігімен бар шаруаны мойнына алып жүреді. Бірақ ол ешқашан сол қолды жамандамайды, себебі ескек ескенде ағаш жарғанда, шөп шапқанда сол қолдың көмегіңсіз оң қол ештеңе істей алмайтыны белгілі. «Себеп» өлеңінде үйге қонақ келсе, балалардың бұзықтық жасап, тыным таппайтынын көруге болады. Үйіне қонақ келгенін білген бала мектептен «екілік» алып келсе де ешкімнен қорқатын түрі жоқ, себебі бүгін олардың үйінде қонақ бар. «Күншіл» өлеңінде Есеттің сабақты көп оқиды деп Қанатты жақтырмауы қызық. Сабақтан кешікпейтін, ойынға алданбай сабағын оқитын, сабақтан қашпайтын Қанаттан өш алуды көздеген балаға «Күні өткенше күндеумен, Үлгі алсашы Қанаттан» дейді. Шын мәнісінде, Қанат жақсы оқығаны үшін кінәлі емес, сабақ оқымағаны, сабақтан кешіккені, сабақтан қашқаны үшін Есет кінәлі. «Екі мінездегі» баланың екі түрлі мінезі бір-біріне қарама-қарсы суреттелген. Оның бірі «бестік» алғанын міндет санап апасы мен атасынан киноға баратын ақша сұрап, жұмсаса тіл алмай, малдарды суармай қиқарлық танытса, «екілік» алып келген күні айтқызбай-ақ мал суарып, суға барып, ағаш жарып, апасының қас-қабағын аңдумен болады. Мұндай кезде бұдан жақсы бала жоқ. Ақын «бестікті» көтере алмай үлкендерді әлекке салатын баланың «екілік» алғандағы мүшкіл халін шынайы суреттеген.

«Ағайынды үшеу мен «Иристің» хикаясы» ағалы-інілі үш баланың қылығын әшкерелейді. Анасы үлкен баласы Серікбекті бір килограмм ирис алып кел деп дүкенге жұмсағанда, ол жол-жөнекей жегенінен қалғанын қос уыстап қалтасына тығады да, қалғанын інісі Берікбекке үйге апар деп өзі ойынға кіріседі. Ортаншы бала да үйге жете бергенде қос уысын қалтаға сүңгітіп інісі Ерікбекті жұмсайды. Тәтті қолына тиген бала қос уысын қорапқа тығып, қалғанын анасына әкеліп береді. Балаларының мына қылығын көрген ана көңілі жабырқап, «Аз ғой бұл», – деп таңырқап тұр. Адам итті, ит күшігін, күшік құйрығын жұмсайтыны сияқты бірін-бірі жұмсаған үш бала да жол-жөнекей өз қулығын асырғанмен, аналарының көңілі жабырқайтынымен шаруалары жоқ:

Ал үш ұл тәттіге
Қарқ болып,

Өздерін де, достарын
Жарылқап жүр... [1; 325].

Балалар поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Ескен Елубаевтың «Зерек бол» жинағына өлеңдері, жұмбақтары, жаңылтпаштары топтастырылған. Ақын өлеңдерін өз ішінен жіктейтін болсақ, олардың бірсыпырасы қазақтың ұлттық тағамдарына арналған. Қазы, қуырдақ, палау, құйрық-бауыр, әсіп, шыжық, тоңмай, қымыз, шұбат, қаймақ, кілегей, уыз, айран, қатық, құрт, ірімшік, қарынмай, қаспақ, шалап, тандыр нан, самса, күлше, шелпек, бауырсақ, талқан, сөк сияқты ұлттық тағамдар туралы тақпақтарында олардың ерекшелігіне тоқталады. Бұл тақпақтарда кілегей туралы «Тәуір ас қой кілегей, Сүттен тартқан кілегей» десе, уыз туралы «Сиыр бұзау туысымен, Екі-үш күн жеймін уызын мен» деген сияқты әр тағамның басты ерекшелігі көрсетілген.

Ақын өлеңдерін тақырып жағынан топтайтын болсақ, өсімдіктер, көкөністер, жеміс-жидектер, ағаштар, саңырақұлақтар, өсімдік әлемінің мамандары, жыл мезгілдері, маусымдар туралы деп топтауға болады. Өсімдік әлемінің агроном, фитотерапевт, гүл сатушы, омарташы, флорашы, гүлпаз, бағбан, гидротехник, ағаш ұстасы, эколог, биолог, экотурист, дендролог, тал тоқу шебері сияқты кәсіптердің әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Осы мамандықтар туралы оқыған бала флорашы кім, дендролог кім, экотурист кім екенін білетін болады.

Қазақстанның жеті кереметі туралы автордың жеке болжамдары да көңілге қонымды. Ол балаларға Алтын адам, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Медеу мұз айдыны, Қапшағай су қоймасы, Байқоңыр ғарыш айлағы, Ақтаудағы атом реакторы және Астана қаласын – Қазақстанның жеті кереметі деп түсіндіреді де, олардың әрқайсысын өлең жолдарына қосады.

Есіктегі қорғаннан,
«Алтын адам» табылған.

Көрмеге оны қойғанда,

Ел көрмекке сабылған [6; 73], – деп келетін өлең жолдарының тілі жеңіл, қарапайым болғандықтан, баланың жаттап алып, жатқа айтуына ыңғайлы.

Фольклордан жалғасып келе жатқан жанрдың бірі – санамақ болса, ақын санамағының мазмұны төмендегіше болып келеді.

Бір дегенім – бірқазан,

Құсқа қойылған ат.

Екі дегенім – екінді,

Күн бата бастаған шақ.

Үш дегенім – үшем,

Үш бала бірге туған.

Төрт дегенім – төрткүл,

Дүние айналып тұрған [6; 37], – деп келетін санамақта ондық жүйе былай берілген: «Бірқазан-Екінді-Үшем-Төрткүл-Бесік-Алтыбақан-Жетіген-Сегізаяқ-Тоғызқұмалақ». Мұнда он санына дейінгі заттардың ерекшелігіне назар аударылған. Балалар өздеріне таныс емес түрлі заттарды есте сақтау арқылы он санына дейін жатқа айтуға жаттығады. Қ. Мырза Әлидің санамағы туралы Ш. Жанаева: «Онға дейін санау» санамағында арнайы тоқталуды қажет ететін жол – «Бес дегенім – Бақыт» тұжырымы. Ақын мұны ұйқас үшін ала салмаған. Ол – ұлттық философиядағы «бестік» жүйесіне орайғы «маңдайдағы бес елі Бақ» формуласының

ұлтжанды ақылманы бар сәбилер ұғымына лайықтала, астарлап берілген өзінше бір жаңа нұсқасы: «мандайдағы бес (5) елі Бақ (Бақыт)» – «бес (5) дегенім – Бақыт (Бақ)... «Он дегенім – Отан» тұжырымы, қасиетті ұғым жағынан, перзенттің рухани космосы – Отан ұғымымен жұптасып тұр» [7; 93], – деген болатын. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, балаларға арналған шағын шығармаларымен де үлкен философиялық ойларды көтеруге болатындығын түсінеміз.

Оның жұмбақтарын өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады. Көкөніс туралы алма, алмұрт, лимон, сарымсақ, саңырауқұлақ, жаңғақ, бұршақ, күріш, жүзім; жансыз, деректі заттар: потфель, тырма, ине, көзілдірік, бағдаршам, машина, қарындаш, саусақ, тіс; ағаш туралы: қайың, үйенкі, емен, терек; өсімдік туралы: кактус, пальма, шырмауық, алоэ, еңлікгүл, қызғалдақ, жөке; кәсіп иесі немесе мамандық туралы: көркем гимнастика, хирург, молда, балықшы, сылақшы, кино-телеоператор, жылқышы, бақшашы, шаштараз, қырықтықшы, даяшы, дирижер туралы жұмбақтары бар. Автор жұмбақтар арқылы кәсіп иелерінің еңбегін насихаттап, оларды балаларға үлгі етуге тырысқан.

Белшесінен су кешіп,
Күні-түні тұр өсіп.
Айтар болсақ, анығы,
Бұл дақылдың –
Балығы [6; 226].

(Күріш)

Бойындағы шырыны
Алты ай жазда түзілген.
Сабағында жемісі
Моншақтардай тізілген [6; 226].

(Жүзім)

Ақынның бала танымын кеңейтетін жұмбақтарының қатарында әріп жұмбақтарды ерекше атауға болады. Автор қырық екі әріптің өзіндік ершелігін жұмбақтап, олар туралы балаларға жаңа мағлұмат берген. Мәселен:

«Әліппеде» жоқ,
Қаламда бар.
Әріптерде жоқ,
Ғаламда бар [6; 231].

(А)

Сәбитте бар,
Қантта жоқ.
Байда бар,
Халықта жоқ [6; 231].

(Б)

Осылайша, бала ұғымына сай жұмбақтардың шешуін табу үшін олар әріптердің құпиясын іздейтін болады. Бұл әріптерді жаңа үйреніп жатқан мектеп жасына дейінгі балалардың ойында әр әріпті ерекше сақтау үшін аса қажет.

Сен – шешен,
Шешен – шешен,

Бір үйде неше шешен? [6; 238]

Немесе:

Бір қалта малта Балтада,
Бір қалта Қалқада,
Бір қалта малта арқада [6; 240].

Ақын шығармаларында ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан жұмбақ, жаңылтпаш, мақал, мәтел, санамақ сияқты шағын жанрлардың барлығы да кездеседі. Балалар әдебиетіндегі осы ерекшелік туралы Ө. Тұрманжанов: «Балалар әдебиетінің арғы атасы – ауыз әдебиетінен басталады. Балаларға жазып жүрген жас ақындар осы үлгіні өзіне бұлжымас ереже, қағида ұстап, оны өркендетіп, кенейтіп, тереңдетіп әкетуге тиіс» [8; 3], – деген болатын. Осы пікірге сүйенетін болсақ, ақын шығармаларында қалыптасқан дәстүр сабақтастығы сақталғанын көреміз.

Сұлтан Қалиұлы «Айналама қарасам», «Аққала», «Конкурс», «Қыс кетті», «Солдат хаты», «Шілде», «Қандай болып өсемін», «Жұмбақтар» өлеңдерінде балаларды отанын сүйуге, үлкен азамат болып өсуге баулиды. Жұмбақ жанры ауыз әдебиетіне жалғасып келе жатса, ақынның жұмбақтары осы жанрды жаңа қырынан толықтырған.

Сүйегі оның тор шабақ,
Көшсек, бұздық боршалап.
Сен де мұны білер ең,
Жайлауда егер болсаң-ақ [1; 355].

(Киіз үй)

Немесе:

Бетіме самал үйірген,
Кішігірім диірмен [1; 356].

(Желдеткіш)

Бала ұғымына сай жасырынған жұмбақтардан теледидар, киіз үй, ара, электр шамы, телефон трубкасы, желдеткіш, найзағай, жаңбыр, құрақ, шырша, өрмекші, көкек, балық, үтік, туфли, кебіс, көзілдірік сияқты заттарды тануға болады. Мұндай жұмбақтар балаларды логикалық тұрғыдан ойлануға, сөз астарына үңілуге, ойын дамытуға көмектеседі.

Жарасқан Әбдіраш «Тілашар», «Әулет әліппесінен», «Күзгі қуаныш», «Қуырмаш», «Сабақта», «Доп ойнау мен көп ойнау», «Жұмыс», «Соңғы ойын», «Кім не береді?», «Мазақтама», «Жұмбақтар», «Санамақтар», «Қызықты әліппе», «Дыбыстан – сөз шығады, сөз шықпаса – көз шығады» өлеңдерінде ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, мазақтама жанрларының әдемі үлгісін жасаған.

«Тілашар» өлеңінде мектепке жаңа барған баланың қолына «Әліппе» алып әріп тани бастағаны негіз болса, «Әулет әліппесінен» бала жеті жасқа жетпей жеті атасын білу керектігін ұғынады. Қазақ халқы жеті атасын білмегенді жетесіз дейді. Сондай жетесіз болмас үшін әр бала өзінің жеті атасын тілі шыққаннан жаттап өседі. Оны ақын немере, шөбере, шөпшек, немене, қаймана, аманат, туажат деп санамалап, әрқайсысына түсінік береді. Тума-туыс атауларынан жиен, жиеншар, бөлелердің аражігін ажырататын бала әр туыстың орнын біле бастайды.

«Қуырмаш» өлеңінде бес саусақты атымен ажыратуды үйренген бала «Қуыр,

куыр, куырмаш!» ойнай бастаса, «Санамақтар» бірден онға дейін санауға жаттықтырады.

Бір дегенім – бесік,
Екі дегенім – есік,
Үш дегенім – үміт,

Төрт дегенім – түлік [1; 370], – деп санай жөнелген бала онға дейін тез жаттап алады. Әр санды өзіне ұқсас затпен баламалап көрсету – бала танымына жақын әдіс. «Балалардың, әсіресе, дыбыстық қуалаушылыққа – ассонанс пен аллитерацияға құмарлығы санамақ табиғатынан байқалады» [9; 124], – деген ғалым Ш. Ахметовтің пікіріне сүйенетін болсақ, санамақ жанрының негізі ерекшелігі – дыбыс қуалаушылығы. Әр тармақтың соңындағы «бесік-есік, үміт-түлік» деген сөздердің арасында тек қана ұйқас қуалаушылық емес, дыбыс үндестігі де бар.

«Қызықты әліппенін» бірінші бөлімінде әр әріпке мысал келтіріп, оны бала есінде сақтау үшін жеңіл тілмен түсіндіреді.

Беліңнен бүгіл,
Дейін мен: –
«Г» бұл [1; 373].

Ал, екінші бөлімде әр сөздің қандай әріптен басталатынын жұмбақтайды.

Ана,
Ата,
Адам

Басталады «...»-дан [1; 382], – деген сықылды әр сөздің бастапқы әрпін балаларға жасыру арқылы олардың есінде қалдырады.

Сонымен бірге, ақын екі ескерту жасайды. Біріншісі – Й, Ң, Һ, Ы, Ъ әріптерінен сөз басталмайтынын айтса, екіншісі – В, Щ, Ч, Ц, Ф, Э, Ю, Я әріптерінен тек кірме сөздер басталатыны. Міне, осылайша, 42 әріптің бәріне анықтама беріп, оларды балаларға ұғындыру арқылы есте сақтауына көмектеседі.

Жинақтың үшінші бөлімін жаңылтпаштар құрайды. Ақынның бала тілін жаттықтыратын жаңылтпаштары тіпті қызықты оқылады.

Алма
Алманы ал десе,
Ал да,
Алма
Алманы алма десе,
Алма.

Немесе:

Бау – басқа да,
Басқа – басқа.
Бақ – басқа да,
Бақша – басқа [1; 389].

Бір сөзді бірнеше рет қайталау, омоним сөздерді пайдалану арқылы бала танымын тереңдететін, сөздерді жаттауға, тез сөйлеуге үйрететін жаңылтпаштар қай жастағы балалар үшін де аса қызықты оқылады, тез жатталады. «Жаңылтпаштың сөздері айтылуға қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Жаңылтпаштың әрбір сөзі шапшаңдата, тездете айтылуға тиіс... Ол әрбір сөзді жылдамдата айтумен қатар, нақышына келтіре, мүлт кетпей оралымын таба айтуға

тиіс» [10; 42], – деген М. Ғабдуллиннің пікіріне сүйенетін болсақ, жаңылтпаштар балалардың тілін жаттықтыруда, ұқсас сөздерді тез ажыратуда үлкен қызмет атқарады. Бір-біріне ұқсас сөздерді тез айту барысында шатастыру әбден мүмкін, жаңылтпаштың да негізгі қызметі – оқырманды сөзден, дыбыстан шатастыру. Ұқсас сөздерді өз орнымен дұрыс және жылдам айта білген баланың тілі де анық болады.

Сонымен бірге, жекелеген дыбыстарды бір-біріне қосу арқылы сөз жасауға болатынын «Дыбыстан – сөз шығады, сөз шықпаса – көз шығады» деп айта келіп, дыбыстан сөз жасауды үйретеді:

Д
Мен
О,
С –
Бірге ойнауды хош көрді,
Хош көрді де,
Айрылмастай ДОС болды [1; 388].

Осылайша, балаларға су, бу, есек, кесек, қасық, асық, ас, тас деген сөздердің қалай жазылуын үйретеді.

Жұмбақ туралы М.Әуезовтің: «Жалпы жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ – ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді» [11; 140], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, жұмбақтардың бала танымын кеңейтуге тигізер әсері үлкен. Балаларға «Алмұртты» жасырған ақын оның әр әрпін «Бірінші әріп – Жер өлшейтін таяққа ұқсайды» деп жұмбақтайды. Осындай жұмбақтардың қатарында теледидар, тарақ, ай, піл, бұлт, жаңбыр, шырпы, үтік, қаламның өзіндік ерекшелігімен жұмбақтай отырып, балаға бағыт сілтейді. Мына жұмбаққа үңіліп көрелік:

Шетінен белдің қарап тұр,
Бетінен көлдің жалап тұр.
(Ай) [1; 369].

Балалар әдебиетінің келесі жанрларының бірі – мазақтама. Мұндай өлеңдер қыңыр, тентек, салақ, бұзық балалардың мінез-құлқын мазақ ету арқылы оларды түзеуге көмектеседі. Түске дейін ұйықтайтын, беті-қолын жумайтын Таңатқанды түзеу мақсатында оны былай мазақтайды:

Таңатқан-ау, Таңатқан,
Ойын менен тамақтан
Қолың тимей,
Үнемі
Екі аласың сабақтан.
Ай-ай, Таңатқан,
Екі аласың сабақтан! [1; 367].

Сонымен бірге, сөз басында келген бір дыбысқа бірнеше мысал келтіре отырып, оны жасыру арқылы балалардың есінде сақтауды көздеген. «Гүл, гауһар, галстук», не болмаса «ғалам, ғасыр, ғарыш» сияқты бір дыбыстан басталған сөздердің қандай дыбыстан басталғанын жасырумен есте сақтайды.

Ақын, айтыскер Егеухан Мұхамәдиқызының «Ешкі өсір», «Шабандоз», «Тай мінем», «Жер-анада жеміс көп», «Гүл көбелек», «Қыс көрікті», «Он екі жыл», «Тышқан», «Түйе», «Ертегілер әлемі», «Сыйлық», «Жаңа жыл», «Шырша», «Біз Отанды сүйеміз» өлеңдері балаларға арналған.

«Ешкі өсір» топтама өлеңдерінде ешкі малына қатысты балаларға көптеген мәлімет береді. Бөрте лақ, көп лақ, ешкі, серке, ешкі тоңғақ, ешкі сүті, ешкі еті туралы мәлімет беріп, сүті бал, өзі өсімтал ешкі сияқты малды өсіру керектігін айтады. «Шабандоз» топтамасында Жүсіп ата шөбересі Исламбекке өскенде Ақбақай тайды мінгізіп:

Бәйгеде шап,
Ұраның сап.
Шабандоз бол,
Бабаңа ұқсап! – деген тілек білдіреді.

Қазақ – бесік жырынан бастап балаларының үлкен азамат болып, ел қорғаны болуын өлең жолдарына сыйғызып, баланың құлағына сіңіріп өсіретін халық. «Тай мінем», «Жер-анада жеміс көп» өлеңдерінде көктеу мен жайлаудағы қозы-лақ, құлыншақтар мен тайға мінген балаларға кезігеміз.

«Тышқан», «Түйе» өлеңдеріне жыл басы туралы аңыз негіз болса, «Қыс көрікті», «Ертегілер әлемі», «Сыйлық», «Жаңа жыл», «Шырша» өлеңдерінде Жаңа жылда сыйлықтарын асыға күткен балалардың қысқы ойындарына тап боламыз. «Қыс көрікті» сегіз тармақтан тұратын өлеңнің төрт тармағында «Қыс көрікті» деген тіркесті қайталайды. Осы қайталау арқылы қыс мезгілінің сұлу көркіне, балалардың аққала соғып, сырғанақ тебуіне көңіл аударған. Осындай қайталаулармен бірге жеңіл тіркестер балалардың жатқа айтуына да ыңғайлы.

Қыс көрікті –
Жауған аппақ қарымен,
Қыс көрікті –
Аяз қысқан кәрімен.
Қыс көрікті –
Аққала мен сырғанақ,
Қыс көрікті –
Күміс қылау сәнімен.

Ән салып, би билеп, той тойлап жүретін, бейбіт заманда өмір сүріп жатқан тәуелсіз елдің бақытты ұландарының «Тәуелсіздік туы биік, Біз Отанды сүйеміз» деп шаттануы нанымды.

Серікбай Оспановтың балаларға арналған алғашқы топтамалары 1969 жылы «Жер жүрегі», «Жас керуен» атты ұжымдық жинақтарға енген. Күні бүгінге дейін ақынның балаларға арналған бірнеше жинақтары мен суретті кітапшалары, аударма өлеңдері жарық көрген. С. Оспановтың жас бүлдіршіндерге арнаған өлеңдерін жанрлық, мазмұндық жағынан өз ішінен бірнеше топқа бөлуге болады. Қазақ – тегін таза ұстау үшін жеті атаға дейін қыз алыспайтын халық. Сондықтан тілі шыққан балаларға шыққан тегін, жеті атасын жаттатып санасына сіңіре бастайды. Ақынның осындай мақсатта жазылған «Жеті ата» өлеңінде немере, шөбере, шөпшек, немене, қаймана, туажат, тума-туыс деп аталатын жеті атаға түсінік береді. Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың балабақшаға барғанда алдымен қызыға жаттайтыны осы жеті атаға қатысты өлеңдер. Себебі, әр бала өзінің шыққан тегін, жеті атасын білуге құмар. Төрт тармақтан тұратын өлеңнің соңғы екі тармағы сұраулы сөйлеммен, біркелі аяқталатын қайталауға құрылған. Әр шумақтың соңғы екі тармағы «Атасына кім десек? Әжесіне кім десек?» деген сықылды сауалға жауап алумен аяқталады. Осылайша, балалар ата-әжелеріне немере, шөбере, шөпшек

болатынын біліп өседі. Диалог құру арқылы балалардан атасы мен әжесіне кім болатынын сұрап отырады, олар төмендегіше жауап береді:

– Шөберенің баласы –
Көйлегінің жаңасы,
Атасына кім десек?
Әжесіне кім десек?
– ШӨПШЕК!

Әке жағынан өрбитін туыстарын жеті атасына дейін ажырататын бала ендігі кезекте қыздан тарайтын жиен, жиеншер, бөле деген туыстық атаулардың ара-жігін біле бастайды.

«Әулет әліпшесінен ақыл-нақыл» өлеңінде әр бала жеті жасқа жетпей жатып жеті атасын білу керектігін, жеті атасын білмегенді қазақ халқы «арғы тегі – құл», «жетесіз» деп атайтынын түсіндіреді:

«Жетесізден» сақтанар,
Жеті жұртқа мақтанар,
Болғың келсе Жетелі –
«Жеті атаңды» жаттап ал!

Ақынның «Бөдене», «Құр», «Қырғауыл», «Кекілік», «Балықшы», «Көкек», «Ақ ләйлек» деген құстар туралы бір не екі шумақтан тұратын тақпақтарының танымдық, тәрбиелік мәні жоғары. Құр деген құстың үні қызық, өзі пысқырынғыш, қораздары төбелескіш келетінін, қыста оны ешкім атпайтынын, аязда қар астына тығылып жан сақтайтынын білсек, қырда жүретін қырғауылдың құйрығы ұзын болатынынан, кекіліктің тауыққа ұқсайтынынан, көкектің өз атын өзі атайтынынан, ақ ләйлектерге ешкім тиіспейтінінен, балықшы деген құстың көлден балық аулап жейтінінен хабардар боламыз. Туған жерді мекен ететін осындай құстардың сыр-сипатын түсіндірген ақын «Құстар, қайтып келіндер» өлеңінде күзде жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды қимастықпен шығарып салып, келесі көктемде қайтып келуін өтінеді:

Бізде туып едіңдер,
Әлі де өсіп-өніңдер.
Туған жерге не жетер,
Құстар, қайтып келіндер!

Құстар туралы айтылған тақпақтар мен өлеңдер Қазақстан жерін мекен ететін құстардың тыныс-тіршілігінен хабар береді. Ақын құстарға қамқорлық жасаумен бірге олардың өсіп-өнуімен жағдай жасау керектігін де балалардың есіне салады. Егер құстарды ататын болса, біздің елімізге қиқулаған құстар қайтып келмейтін болады. Адам баласы сияқты құстарды да қорқытуға, шошытуға болмайды екен деген түсінік қалыптасады.

Балалар шығармаларын зерттей жүріп өзі де балаларға арнап поэзиялық, прозалық шығармалар жазып жүрген қаламгердің бірі – Бекен Ыбырайым. Оның прозалық шығармаларымен бірге «Далада», «Қаңбақ», «Кесіртке», «Шегіртке», «Бақа», «Ақ лақ», «Қозы», «Инелік», «Қызғалдақ», «Пойыз», «Трактор», «Арық», «Кран», «Сәбіз», «Қалам», «Жазу», «Кино», «Екілік», «Шәугім», «Көлеңке», «Мәди мен Құтжол», «Далада», «Қаңбақ» т.б. өлең-тақпақтары бар. Жекелеген заттардың ерекшелігін бала ұғымына сай түсіндіруді көздеген өлеңдер танымдық-тәрбиелік қызмет атқарады.

Ақын Асқаржан Сәрсекөв балаларға арналған «Жиырма бірінші ғасыр»,

«Мысықтың аяласы», «Ақылды күшік», «Тымақ пен құлақ», «Көбелек», «Ер жауынгер ағалар», «Бұршақта», «Түлкі», «Омонимдер», «Кішкентай батыр», «Күзгі көрініс», «Түнгі аспан», «Туған елдің ұлымын» өлеңдерінде түрлі жайттарға көңіл аударады. «Омонимдер» өлеңінде айтылуы бірдей, мағынасы мүлде ұқсамайтын сөздердің астарына үңіледі.

Қас батыр атты
Жауына шапты.
Біреуін атты,
Біреуін шапты.

Осы шумақта кездесіп тұрған «атты», «шапты» деген сөздер екі рет қайталанғанмен, олардың мағыналары бір-біріне мүлде ұқсамайды. Бұл – мектеп жасындағы балалардың омоним, синоним, антоним сөздерді ажыратуы үшін керек мәлімет. Балладаға құрылған «Мысықтың аяласында» мысықтың «әуп-әуп», «ыр-р» дегенін ит деп ойлаған сұр тышқан мысыққа жем болса, «Ақылды күшік» баланың желге ұшқан тақиясын әкеп береді.

Өтепберген Ақыпбекұлының «Доп», «Футболшы боламын», «Жарыс», «Жарыстан соң жарыс», «Жылдың төрт мезгілі», «Балабақтың бір күні», «Экологиялық әліппе», «Қырық қызық», «Балдай тәтті әліппе», «Ажарлы Астана», «Қызықты әліппе», «Айдындағы әліппе», «Керек кітап», «Мен таңдайтын мамандық» т.б. балаларға арналған өлең кітаптары мен кітапшалары жарық көрген. Қаламгердің «Құпия оқулық» кітабына өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мазақтамалар, аңыз, әпсана, ертегілері топтастырылған.

Автор тірі және өлі табиғаттың таңғажайып қызықтары жөнінде балалардың ұғымына сай қызықты етіп әңгімелейді. Сонымен бірге, Ислам дінінің жақсы жақтарын балаларға ұғындыра отырып оны насихаттайды. Алғы сөз орнына берген «Құпия оқулық» өлеңінде:

Мынау – қайың,
Мынау – терек, аршалар.
Сырын бүккен сұлулықтай тамсанар,
Ашылмаған кітап беті секілді,
Ол –

«Құпия оқулық» – деп аталар [12; 3], – деп, бұл кітаптан бүлдіршіндердің табиғаттың көптеген тылсым құпияларынан хабардар болатындығын айтады.

Кітаптың I бөлімі «Мұсылманмын мен енді» деп аталады да, оған ұл балаларды сүндетке отырғызу туралы «Мұсылман болдым мен енді...», «Көрімдік», «Сүндет той», «Сенім», «Мұсылмандықтың алғышарты», «Қыбылам – қағба киелі», «Құран», «Намаз», «Бата» өлеңдері топтастырылған. Ақын мұсылмақтықтың алғышарттарын адалдық пен тазалық деп түсіндіреді. Денені таза ұстап жуынып жүрген балалардың жұқпалы дертпен ауырмайтындығын айта келіп, балаларға таза жүру керектігін үйретеді. Бесікте жатып шошынған баланың жастығының астына Құран кітабын қойған соң, оның тыныш ұйықтағанын былай суреттейді:

Киелі кітап жастанып,
Ернін сорып,
Тамсанып –
Ұйықтап жатқан бөпемді,
Сүйгім келді бас салып... [12; 12].

«Бисмиллә» деп бастаған әрбір істің берекелі болатындығы аузында Алласы, қолында Құраны бар үлкен кісілердің бес уақыт намазын үзбейтіні, олардың тек қана жақсылық тілеп, жамандық жасамайтыны – балаларға үлгі-өнеге. «Бата» өлеңінде «Батамен ел көгерер» деген халық даналығына түсінік беріп, балаларға «Батасыз ер сорлайды, Батасыз ер оңбайды» деген нақылды аталарынан бата алу керектігімен түсінген бала «Үлкендерден қашан да, Бата алғысы кеп тұрады...» дейді. «Ораза қабыл болсын, Жәмиғат!» топтамасына енген «Нанымым – бір Алла!», «Рамазан айы», «Ораза», «Сәресі», «Ауызашар», «Жарапазан», «Пітір садақа», «Қадір түні», «Ораза айт», «Құрбан айт», «Азан», «Тасаттық» өлеңдерінде Ислам дінінің негізгі ерекшеліктері ораза, сәресі, ауызашар, жарапазан, пітір садақа, Қадір түні, ораза айт, құрбан айт арқылы түсіндірілген.

«Қайырымдылық» топтамасына енген эпсаналары да балалар ұғымына лайық өрбиді. Ақын «Тозақ оты» аңыз-эпсанасын «Бис-сми-лә!» деп бастайды. Мұсылманның бес парызына енжарлықпен қарайтын Дәу-сары күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып, бастығырылып ұйықтай алмайтын болған соң, Түркістанға барып әулиеге дем салдырады. Әулие адалдық пен енжарлық, құрбандық адам баласына қорған болатынын айтып түсіндірген соң, Дәу-сары бес парызын ұстап құлшылыққа бас қояды. Содан кейін ісі оңға басып, еліне мешіт салдырады. Автор осы кейіпкер арқылы «Дінге мойын бұрған – Жас, Күнәға батпас, былғанбас. ... «Алла..!» – деген әр адам, Бақ-дәулеттен құр қалмас...» [12; 45], – деген түйін жасап, балаларды дінге берік болуға, сабырлы болуға шақырады.

«Пайғамбардың жолдасы» эпсанасында Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың «Ананды сыйла, ананды сыйла, тағы да ананды сыйла, сонан соң барып әкеңе жақсылық қыл...» деген хадисін эпиграф етіп алады да, «Анасын құрмет тұтқанға Алланың нұры жауады!..» деген түйін жасайды [12; 50]. Эпсанада алыстағы досы түсіне кірген соң, соны іздеп барған пайғамбар керемет оқиғаға куә болады. Ұзақтан өзін арнайы іздеп келген досымен сөйлесуге уақыт таппаған ол анасына қызмет жасап, тамақтандырғанын, жас балаша мәпелеп төсегіне жатқызғанын көрген соң, адамзат баласы анасын осылай құрметтесін деген оймен жоғарыдағы хадисті шығарған екен.

«Есті әрі көргенді жігіт болам мен енді» деп аталатын II бөлімнің мазмұнын құрайтын «Астана айшықтары» тарауында «Есті әрі көргенді, Жігіт болам мен енді...» дейтін лирикалық кейіпкер ұлттық теңге, Астана, Бәйтерек, биік ғимараттармен мақтанады. «Қыс мезгілдерінде» қыс, көктем, жаз, күз сияқты жыл мезгілдерінің ерекшеліктеріне тоқталады. «Астана. Күз. Ақжауын...» өлеңінде:

Сарыарқаның –

Ақ самалы,

Ызғырықты шаққа айналды –

Суық-ақ!.. [12; 58] – деп, тұнжыраған, жаңбырлы күздің қара суығын суреттейді.

Ө. Ақыпбекұлының бүлдіршіндердің ойын дамыту үшін құрылған санамақ, мазақтама, есепжұмбақ, жаңылтпаштарының балалар әдебиетінен алар орны ерекше. «Бір – бірлігі жұртымның» деген санамағында оннан бірге қарай төмендегіше санай жөнеледі:

Он – орман, тоғай, ну, бағым,

Тоғыз – тау, асқар шыңдарым.

Сегіз – су, айдын-шалқарым,

Жеті – жер, ырыс-байтағым [12; 66]

Осындай санамақтардың қатарын өсімдік туралы санамақтар толықтырады. «Түйе, түйе, түйелер...» санамағында түйемен аттас түйеқұйрық, түйесіңір, түйетікен, түйесораң, түйесүйек сияқты өсімдіктерді беске дейін санаса, «Момын да қоңыр қозыдай...» санамағында қозымен аттас өсімдіктерді былай санайды:

Бір дегенің – қозыгүл,
Құнарлы азық тегі бұл.
Екі дегенің – қозы құлақ,
Мал жемейді оны, бірақ.
Үш дегенің – қозықұйрық,
Саңырақұлақ – ал, оны біліп... [12; 67].

Ақынның балаларға арналған мазақтамалары да қызықты оқылады.

Сонымен бірге, ақын балаларға табиғат құбылыстары мен түрлі жан-жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктер тіршілігінен хабар береді. «Қиялдай қилы қызықтар» деп аталатын үшінші бөлімдегі «Зиянкес көбелектер» топтамасында күйе көбелек, қоңыр көбелек, ақ көбелек, мидия мен меруерт ұлуы туралы мағлұмат берсе, «Балықтар әлемі» топтамасында тік жүзетін, шалқалап жүзетін, алға да, артқа да жүзетін, құйрығымен тік тұратын, адымдап жүретін, «Турист» балық, «Метеоролог балық», қосмекенді балық, ауа райын болжайтын балықтардың тіршілігі туралы айта келіп, Чукотка мен Аляскадағы «Даллия» деген балықтардың суықта мұзбен бірге қатып, мұз ерігенде балық болып оянатын тіршілігін қызғылықты баяндайды. Сол сияқты «Құстар тіршілігі» де өте қызықты. Емші, хирург, құрылысшы, дабылшы һәм акробатшы құстардың тіршілігі бір-біріне ұқсамайтындығымен ерекшеленеді. Орманның қорықшысы, әр ағаштың емшісі тәрізді тоқылдақ қоңыз, құрт, күйелерді жалмап жеу арқылы орман тазалығын сақтайды. Ал, қоқыс тауығының тіршілігі мүлде бөлек. Ол ұя салмайды, жұмыртқа баспайды, балапандарын қоректендірмейді. Ұясы болмағандықтан жұмыртқаларын қоқыстарға туып, оған көңіл бөлмей тастап кете береді. Балапандар өлермендігімен жұмыртқадан шыға ұшып, өз тіршілігін өздері жасайды. Ақ тырналардың жылына бір рет қанаттары түсіп, қайта жаңарып отырса, пингвин құс қаққан қазықтай тікесінен тік тұрып түлейді. Құстардың ішінде аты түлікке, заты құсқа ұқсайтындары да бар. Солардың бірі – көк теке. Бауыры сары, түсі сұр, шымшық тектес құсты автор былай суреттейді:

Құрт, қоңызды талдағы,
Қақшыр – тұмсық-қармағы.
Орман, тоғай – тұрағы,
Жиырма-ақ грамм – салмағы [12; 106]

Құстардың ішінде түйе тәрізді, жүгірсе шапқан атқа жеткізбейтін сирағы ұзын түйеқұс та бар. Түйе тәрізді кең далада алшандап жүретін түйеқұстың жұп-жұмыр аяғында екі ғана саусақ болса, өгізшағала – ерекше құс. Қармақтай ұзын тұмсығы шағалаға ұқсағанмен, өгіз тәрізді мөңірейтін құстың қорегі – тек балық. Өр таулардың құздарын мекен ететін қозықұмай – жыртқыш құс. Ол туралы балалар:

Жемін ілер торымай,
Тұрқы – марқа қозыдай.
Керілсе қос қанаты,
Керегедей созылар, – деген жолдардан толық мағлұмат алады [12; 108].

«Өсімдіктер дүниесі» топтамасына енген өлеңдерді оқыған бала өсімдіктер туралы жаңа мәліметтер алып танымын кеңейтеді. Түйемен аттас өсімдіктердің

ішінде ақбас түйежоңышқа, сары түйежоңышқа, түйежапырақ, түйеқарын, түйетабан, алабота, ботабүрген бар. Ал жылқымен аттас атқонақ, айғырқияқ, атқұлақ, атбұршақ деген өсімдіктерді бала түгілі үлкендердің де көпшілігі білмеуі мүмкін. Қой-ешкімен аттас қойбұршақ, қойжелкек, қойжуа, қозыошаған, ешкібұршақ, сиырмен аттас сиырсілекей, сиырбұршақ, сиыркұйрық тәрізді өсімдіктер туралы мәлімет берген.

Владимир Маяковскийдің ізімен жазылған «Мен таңдайтын мамандық» өлеңінде ақын, аквангист, әнші, әртіс, әрлеуші, әскери адам, әйнекші, бағбан, балташы, балықшы, бақташы, кәсіпкер, виолончельші, вело-спортшы, геолог, гимнаст, ғалым, ғарышкер, дихан, дәрігер, елші, етікші, жиһангез, журналшы, жұмысшы, жүкші, заңгер, зергер, инженер, имам, киногер, кәсіпкер, қаржыгер, қойшы, мүсінші, мұғалім, мұнайшы, наубайшы, нотариус, аңшы, шаңғышы, орманшы, омарташы, өнерпаз, өнертанушы, полицей, поляршы, ревизор, радиошы, суретші, сазгер, сәулетші, саяткер, саясаткер, таксиші, тракторшы, уролог, ұста, ұстаз, үйші, фермер, философ, фотограф, хирург, химик, цензор, чекист, шахтер, шаштараз, ысшы, ісмер, эколог, юнга, яхтсмен тәрізді мамандықтардың ерекшелігіне тоқталып, аталған кәсіптер туралы көптеген мағлұмат береді. Мамандық таңдаған лирикалық кейіпкер:

Адам болам алдымен:

Арты – ырыс,

Алды – кең.

Ата дәстүр, ел салтын,

Арым, – деп ұғар жанымен [12; 124], – деген түйін жасайды.

«Краншы», «Есепші», «Кассир», «Тіс дәрігері», «Иші», «Палуан» өлеңдерінде жекелеген кәсіптердің астарына үңіліп, оларды балаларға үлгі еткен автор «Үш қалаш» ертегісінде осы тақырыпқа қайта оралады. Кедейдің қызын патша баласына айттырып келгенде, шал баланың кәсібі туралы сұрайды.

Мейлі қорқыт,

Үгітте,

Мінеп, сына, күліп те...

Қыз бермеймін, –

Деді шал,

Кәсібі жоқ жігітке!.. [12; 184] – деген шал кәсібі жоқ адамның мал басын құрай алмайтынына көңіл аударады. Сүйген қызына қолы жетпейтінін білген ханзада себет тоқып үйреніп, содан тиын-тебен таба бастайды. Шал мен қызды ханзада іздеп келгенде, шал өз өміріне шегініс жасап, өзі де бұрын бір елдің ханы болғанын, қолында байлық та, әскер де болғанын, бірақ өзі ешқандай кәсіпті игермегенін айтады. Күндердің күнінде елін жау шауып, патша отбасымен, нөкерімен қашып шыққанмен, өкшелеген жау олардың бәрін өлтіріп тек қызы екеуі ғана аман қалады. Аман қалғанмен жалғыз қызын асырайтын кәсібі болмағандықтан, жан бағу үшін балықшыларға ау тартуға жалданып тамағын асырайды. Осы әңгімеден ханзада кәсіп – адамды асырайтын нәсіп екенін түсінеді де, өз патшалығындағыларға кәсіп үйренуді міндеттейді. Оларға күніне үш қалаш табу керек, бірі – өзіңе, екіншісі – жұбайыңа, үшіншісі – бала-шағаңа деп түсіндіреді. Осылайша, әр адамы бір кәсіпті үйренген патшалық тез арада көркейіп, өсіп, бай-қуатты болып гүлдей жайнайды.

Қаламгер «Құпия оқулық» кітабында балаларға белгісіз жайттардан, қоршаған ортадан мол хабар береді. Бала танымын кеңейтіп, болашақта кім болам, қандай кәсіп иесі болам деген бала өзіне таныс, бейтаныс кәсіптер мен мамандықтар

туралы мол малұмат алады. «Үш қалаш» ертегісінен әке дүниесі балаға құт болмайтынын, әркім өз еңбегімен күн көру керектігін түсінеді. Ертегіні оқыған оқырман әкеден балаға мирас болып қалған мал бір жұтта қырылып қалған жағдайда, әркім өз нанын тауып жейтін кәсіпті игеру керек деген тұжырым жасайды.

Ө. Ақыпбекұлының «Спорттық әліппе» жинағына әліпбилік өлеңдер, жұмбақтар мен жаңылпаштар, санамақтар топтастырылған. Кітапшаның беташары ретінде берілген «Жас дос!» өлеңінде:

Спортты – жанға серік қыл,
Парасат, жігер, ерік бұл!..
Озып шық, түссең жарысқа,
Рухтан, тырыс намысқа.

Табанды жетер табысқа!.. [13] – деп, әр тармақтың басындағы «С», «П», «О», «Р», «Т» әріптерін майлы бояумен бояп соған көңіл аударады. Әліпбилік өлеңдерде әр әріпке көңіл бөлген. «Ауыр атлетика» өлеңінің әр тармағын «А» әрпінен бастаса, «Әуе спорты» өлеңінің тармақтары «Ә», «Бокс» «Б» әрпімен басталған. Сөз басында бір дыбысты бірнеше рет қайталау арқылы сол дыбысқа көңіл аударған ақын балаларға әліпбиді үйретуді көздеген. Сонымен бірге, қазақтың «Аламан бәйге», «Қыз қуу», «Аударыспақ», «Көкпар» сияқты ұлттық ат спорт түрлеріне де тақпақтар арнаған. Мұнда да «Аударыспақ» «А», «Бәйге» «Б», «Көкпар» «К», «Қыз қуу» «Қ», «Теңге ілу» «Т» әріптерімен басталып, сөз басында бір дыбысты бірнеше рет қайталау арқылы сол дыбысты балалардың санасына сіңіруді көздеген. «Көкпар» өлеңінде:

Көк серке кетті тақымда,
Кеу-кеулеп тұрды көп халық.
Көктегі зымыран сияқты,
Көкпарша көкем қыр асты [13; 59], –

Немесе «Теңге ілу» өлеңінде:

Терлеп-тепшіп жердегі,
Тегіс ілсем теңгені:
«Теңге ілуде теңдессіз,
Тарланбоз!..» дер ел мені [13; 61], – деп сөз басы бір әріппен басталады.

Ақын спорттық ойын түрлеріне жұмбақ, санамақ, жаңылтпаш, мазақтама сияқты жанрларды келтірген. Құрғақта да, суда да, атқа мініп ойнайтын ойынның түрі – пушбол туралы мынадай жұмбақ жасырады. «Бұл спорттың қай түрі?..» жұмбағында:

Кім, кәнеки ол жайлы,
Батыл пікір болжайды:
Құрғақта да,
Суда да,
Ат мініп те ойнайды...

Бұл қай түрі спорттың?.. [13; 34] – деп жасырады.

Былғары немесе кенеп доппен ойнайтын ойынға 10-20 ойыншы қатысады. Атқа мініп ойнайтын болса – 5 ойыншы, бір қақпашы қатысады. Қақпаға футбол алаңы пайдаланылады.

Балалар әдебиетінде санамақтың атқаратын қызметі ерекше. Бүлдіршіндерді санауға үйрететін санамақ түрін ақын спорттық ойындарды бірден онға дейін санамалау арқылы берген:

Суға секіру – бір,
Суда жүзу – екі.

Сырықпен секіру – үш,
Семсерлесу – төрт.
Су добы – бес,
Садақ тарту – алты.
Самбо – жеті,
Су шаңғысы – сегіз.
Синхронды жүзу – тоғыз,
Су асты спорты – он [13; 37].

Көріп отырғанымыздай, ойын түрлерінің барлығы да «С» әрпінен басталады. Ақын балаларға «С» әрпімен бірге бірден онға дейін санауды да үйретіп отыр. «Спортшы» өлеңіндегі Саматтың тірлігін ақын мазақтамаға негіз етіп алған:

Саматтың түрін қарашы,
Санасыз болар шамасы:
Сөмкесі – добы тебетін,

Сырғанақ тепсе – шанасы [13; 37]. Салдыр-салақ, жалқау-еріншек балалардың тірлігін мазақ ету мақсатында, олардан жирену үшін мазақтамалардың атқаратын рөлі үлкен. Ақынның мазақтамасы спортшы боламын деп әлін білей жүрген Саматтың әлегіне арналған. Ал «Шаңғышы» әрі мазақтама, әрі жаңылтпаш болғандықтан, оны мазақтама-жаңылтпаш жанрының қатарына жатқызуға болады:

Шалбай біздің шаңғышы,
Шалбай бейне шал кісі.
Шалынысып аяғы,
Шарт сынды қос шаңғысы [13; 47].

Балалар ақыны А.Естеннің 5-9 жас аралығындағы балдырғандарға арналған «Өлең жаттап өсейік» топтамасына «Күшігіме тәрбие», «Төлдерім», «Түстер жайлы жарыс», «Малды ауылда» өлеңдері енген. Қазақ халқының негізгі шаруашылығының бірі – мал шаруашылығы болғандықтан, ақындардың шығармаларынан төрт түлік малға қатысты өлеңдер жиі кездеседі. Ақынның тұрмыс-салт өлеңдерінің ішінде «Төлдерім» былай өрбиді:

Бота – төлі түйенің,
Құлын – төлі биенің.
Қойдың төлі қозыны,
«Момыным» деп білемін,

Бұзау – төлі сиырдың,
Ырыс, құты үйімнің.
Ешкі төлі лаққа
«Шұнағым» деп сүйіндім [14; 4].

Қазақ халқы кішкентай балаларын «ботам», «құлыным», «лағым», «қошақаным» деп түйе, жылқы, ешкі, қой сияқты төрт түлік балаларының атымен еркелетеді. Әр түліктің өз ерекшелігі болса, сол ерекшелікті өз балаларынан көрген ата-аналар балаларын сол атаумен еркелету – фольклордан жалғасып келе жатқан дәстүр. «Атам – менің атбегі» өлеңінде жылқымен бірге өскен атасының атбегілігін мақтан еткен бала атасы тәрізді торы тайын баптап атбегі болғысы келеді. Қазақ халқында ұлдардың әкесіне қарап өсетіні туралы «Әкеге қарап ұл өсер» деген мақал бар.

Байбота Қошым-Ноғайдың «Сүйемін туған өлкені», «Бір үйдің біздер тентегі»

топтамаларына енген өлеңдерінде көптеген мәселелер қамтылған. Ол қатарда «Сүйемін туған өлкені» топтамасына «Туған жер», «Ана әлдиі», «Қалықта, шарым, қалықта!», «Бірінші мамыр», «Ағаш ат», «Жюль Верн жиенінің хаты», «Бөлем келді қыдырып», «Археолог», «Махамбет ата», «Құрманғазы ата», «Ыбырай ата», «Абай ата», «Жамбыл ата», «Сен – даланың бұлбұлысың» (Роза Бағланова) т.б. өлеңдерін атауға болады. Махамбет, Құрманғазы, Ыбырай, Абай, Жамбыл, Роза (Бағланова) туралы өлеңдерде тарихи тұлғалардың дара қасиетін балаларға таныстыру көзделген. Абай туралы «Сүйеді ұлы Абайды Өнқұмар, Жыршы халқымыз» десе, Жамбыл туралы «Жиырмамыншы ғасырдың Атанды ол алып Гомері!..» деген жолдармен ақындардың басты қасиетін көрсеткен. Роза Бағланова туралы «Сен – даланың бұлбұлысың Танды атырған әнімен» деген жолдар қазақтың бұлбұл әншісін мақтан тұтса, өлең жолдарын оқып отырған әр бала осы өнер иелері сияқты болуды армандайды.

«Бір үйдің біздер тентегі» топтамасына енген «Жұмбақ» балаларды ғана емес, үлкендерді де шатастыруы ықтимал.

«Көрінсе егер көзіне ас,
Жұрттан бұрын
Табаққа
Ұмтылады,
Өзі нас,

Жиіркенішті салақ та...» [14; 417] – деген жолдарды естіген әр бала өз төңірегіндегі салақ балалардың атын тізіп шығады. Ал жауабы – кәдімгі Шыбын. Шыбын сияқты қолын жумай тамаққа ұмтылатын, нас, салақ балалардың төңірегімізде кездесетіні рас, сондықтан балалардың жұмбақтың жауабын өздеріне таныс адамдардың арасынан іздеуі заңдылық. Жұмбақты жанына тоқыған әр бала шыбын сияқты нас болмай, ұқыпты, таза болып жүруі тиіс.

Қазақ балалар поэзиясынан елеулі орын алатын өлеңдердің қатарына біз бағдаршам туралы өлеңдерді жатқыза аламыз. Қ. Мұқаметқалидың «Бағдаршам мен балақай», А. Жақиянованың «Бағдаршам», С. Қалиевтің «Бағдаршам», Е. Сейдахметтің «Бағдаршам» өлеңдері осы қатарды толықтырады. А. Жақиянова «Бағдаршам» өлеңі бүлдіршіндерге «барлығы да біледі, Жасыл жанса, жүреді» деп бағдаршамның түсін түсіндіреді. Ықылас қойса, өмірдің тыныштығын күзететін бағдаршамды игеріп алу оңай. Ұлықбек Есдәулет ақынның «Бағдаршам», «Шұбар тауық», «Жаңбыр», «Есеп сабағы», «Қарындаш», «Қыста», «Бұзау», «Құлын», «Лақ», «Төр. Текемет» өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналған. Ұ. Есдәулеттің «Бағдаршам» өлеңінде:

Жасыл шамы жанғанда
Алға қарай аттаймын,
Сары шамы жанғанда
Сақтық жасап, тоқтаймын.
Қызыл шамы жанғанда

Қозғалып та жатпаймын, – дейтін лирикалық кейіпкер жас бүлдіршіндерге бағдаршамның қай түсі жанғанда не істеу керектігін поэзия тілімен үйретеді. Шұбар тауық, бұзау, құлын, лақ, текемет, жаңбыр, қарындаш, есеп туралы балаларға мағлұмат береді. Төрт түлік мал туралы ауыз әдебиеті үлгілерінен бері жазылып жатса, ақын бұзау, құлын, лақ туралы жеңіл тілмен, бала ұғымына лайық етіп жеткізе білген.

«Құлыным» өлеңінде құлынының қазанат боларын күткен лирикалық кейіпкер өзінің де үлкен азамат болып өсетінін білдіреді:

Сен боларсың қазанат,
Мен болармын азамат.
Құрау, құрау, құлыным,
Желбіресін тұлымың [15].

Ақын Ертай Ашықбаевтың «Тұмардың ойыны», «Қош келдің, жаңа күн!», «Анаң келді», «Баба әже», «Ата, асқа келіңіз», «Көктемде», «Бал бөпем», «Бәйшешек», «Жұлдыз», «Сегізінші наурыз», «Тауықтың балапаны», «Сыйлық», «Тыңда, бөпем», «Күлдірген мен бүлдірген», «Қош бол, балабақшамыз!», «Әдеппен сөйлеп әдеттен», «Бөпетайым», «Ағатайым», «Ана – біздің күніміз», «Наурыз тойын тойлаймыз», «Біз бақытты баламыз», «Өсірген анамыз», «Әдепті бала», «Бағдаршам» өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналған. Бір-екі шумақтан тұратын өлеңдер тілі жеңіл болғандықтан жаттауға ыңғайлы. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналып жазылғандықтан, ата, әже, ана, аға, бөпе, бәйшешек, бүлдірген, жұлдыз, балапан, бағдаршам, сыйлық, Наурыз тойы, Сегізінші наурыз туралы біраз мағлұмат берілген. Әр заттың өзіндік ерекшелігін таныту үшін мұндай өлеңдердің танымдық, тәрбиелік қызметі ерекше.

Әбубәкір Қайранның «Жабынды», «Сықырлауық», «Шаңырақ», «Уық», «Кереге», «Киіз үй» өлеңдерінде шаңырақ, түндік, туырлық, кереге, сағана, үзік, уық, киіз есік, сықырлауық, босаға, табалдырық, маңдайша, топса сияқты киіз үйдің жабындылары мен сүйектерінің, бау-басқұрлардың атқаратын қызметін таныстыра отырып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, олардың ерекшелігін түсіндіреді:

Жасауға шаңырақты кіріскенде,
Үйшілер сақ болады бір істерге:
Қайыңның қапталдысын, талдың сойын
Таңдайды, жоламайды шіріктерге.

«Үйдің мықты болмағы ағашынан» екенін түсіндірген ақын тал, қайыңнан жасалған әр сүйектің өзіндік қызметіне мән береді. Ұста ісінің сәтті болуы «қоз» бен «тезді» дұрыс пайдаланудан. Ағаштарды қозға салып, тезге салып балқытып, түзету арқылы түрлі формалар жасалады. Киіз үйдің сүйектерін дайындайтын ұстаны «үйші» десе, үйшілердің наурыздан бастап тал, қайың таңдауы әрбір сүйекті жасаудың технологиясынан хабар береді. Әрбір жеткіншек өз алдына отау тігіп жеке шаңырақ көтеретін болса, сол шаңырақтың мықты болуы оның ағашынан көрінеді. Киелі саналатын киіз үйді қазаққа берген – әлемді жаратушы Алла болса, оны ағаштан жонып, кесіп, иіп, тесіп жасайтын – ұсталар. Олай болса, әр жеткіншек ұлттық құндылығымыздың қадір-қасиетін білуі тиіс. Біліп қана қоймай, атадан-балаға жеткен мұраларымызды болашақ ұрпаққа жеткізуге міндетті. Сан ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан киіз үйдің құндылығын бүгінде әлем жұрты мойындап отыр.

Ақын Әкім Ысқақтың «Алдар көсе», «Таубай», «Әйнек», «Білемін ғой», «Кім кінәлі?», «Туыстық – тым ыстық», «Ең қымбатым менін», «Құмырсқа» сияқты шағын өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналған. Әке мен бала диалогына құрылған «Алдар көсе» өлеңінде әкесі баласы Бапаққа өтірік айтуға болмайтынын ескертсе, ол Алдар көсе атасына ұқсағысы келетінін айтады. «Таубай» өлеңіндегі Таубай – өте салақ бала. Оның бәтеңкесі балшыққа батып, шалбары мен дәптері май-май болып жүреді. Бәтеңкесін суға батырып бір күнде жыртып, киімдері мен заттарына жаны

ашымайтын Таубайдың болашағына күмәнмен қарайды. Мұндай салақ баланың тірлігі оның замандастарына ой салып, олар салақ баладан жиренетін болады. Інісіне әріп үйретпек болған бала («Әйнек»), конфеттің қайдан шығатынын білмейтін кішкентай қыз («Білемін ғой»), бұрыс есепті Бектен көшіріп алып екілік алатын оқушы («Кім кінәлі?»), бақыт пен шаттыққа бөленген бала («Туыстық – тым ыстық»), ата-әже, әке-шеше, ағаларын мақтан тұтатын бала («Ең қымбатым менің»), құмырсқадай еңбекқор болғысы келетін балалардың («Құмырсқа») барлығы – өмірден алынған кейіпкерлер. Олардың қоршаған орта, туған-туыс туралы пікірлері шынайы. Себебі, періштедей пәк балалардың ойында бөгде ой болмайды. Олар не көрсе, сол қалпында қабылдайды. Конфетті шкафтан шығады деп түсінетін қыздың ойы оның таным-түсінігінен хабар береді. Мұның өзі балалардың жас ерекшелігін, қоршаған орта туралы түсінігін танытады.

Кәдірбек Құныпияұлының «Қамқор», «Сырғанақ», «Ақ тиін», «Құлын», «Бағдаршам», «Қуыршақ пен Құралай», «Иірмекіл», «Астана» өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналған. «Қамқор» өлеңінің кейіпкері – әке-шешесі жұмыста болғандықтан, кішкентай болса да, ойынды ұмытып өзінен кейінгіге қамқор болған бала. «Ботақандар осылай, Бауырласып өседі!» деген жолдармен қарындасы Тұмарды ойнатып жүрген ағасының бауырына деген қамқорлығын мақтан етеді. Кейінгі өлеңдерде жас бүлдіршіндерге сырғанақ, тиін, құлын, бағдаршам, қуыршақ туралы мағлұмат беріп, олардың таным-түсінігін кеңейту көзделген. «Иірмекілде» асықтың алшы, тәйке, бүк, шік, омпа түсуі мен олардың ерекшелігі туралы мәлімет берілсе, «Астана» өлеңінде Қазақстанның астанасын мақтан етіп, ертегіге бергісіз әсем келбетін жырға қосады:

Таң қалдырмай қоймайды
Сонша сәулет, сонша түр.
Қиялыңдай самғайды
Ертегі боп Хан Шатыр.

Төрінде тұр Ақорда,
Байырқалап барша бақ.
Тоғысады сан арна
Ел тілегін арқалап.

Күлімдейді шаттана,
Күллі елімнің тілегі.
Әсем қала Астана –
Қазақстан жүрегі!

Ақын Нұрлан Қалқаның «Әйбәт бала», «Отанымның жүрегі», «Елорда», «Қазақстан» өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналған. «Әйбәт бала» өлеңінде Айдананы жақсы оқуға, досты сатпауға, шатақ болмауға, қалам алып өлең құрауға шақырса, «Отанымның жүрегі», «Елорда – менің Астанам» өлеңдерінде Елорданы жырға қосады. Төрт тармақ, бір шумақтан тұратын өлеңдер жаттап алуға ыңғайлы, тілі жеңіл әрі қарапайым. Ал «Қазақстан» өлеңінің әр тармағының алғашқы екі тармағы «Қазақстан, Ғажапстан» деп басталады. Осы екі сөзді бірнеше рет қайталау арқылы жас достарын сол сөздің астарына үңілуге шақырған. Туған елінің азаттығы, тәуелсіздігі мен сырттағы бауырлардың отанына келуін мақтан тұтқан лирикалық кейіпкер ғажап елімен, Қазақстанымен мақтанады.

Алмат Исәділ ақынның «Жайлауға барамын», «Берік болса бірлігім», «Бірлігіміз жарасқан», «Сенім жыры», «Жігер жыры», «Менің елім», «Неткен көктем», «Анама», «Анам екеуміз», «Тәуелсіздік күнінде» өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналған. «Берік болса бірлігім», «Бірлігіміз жарасқан» өлеңдерінде «Берік болса бірлігім – Биік болар жұлдызым» деп, балаларды бірлікке, татулыққа шақырса, «Сенім жыры», «Жігер жыры», «Менің елім», «Неткен «Тәуелсіздік күнінде» өлеңдерінде Атыраудан Алтайға, Жетісудан Арқаға дейін созылып жатқан қазақ елінің тәуелсіздігін «Тәуелсіздік – тұмарым, Бәйтерегім – шырағым» деп, тәуелсіздікті тұмарға, бәйтеректі шынарға, көк байрақты айбынға, атамекенді сөнбейтін шыраққа теңейді, тәуелсіздігін тойлап жатқан егемен елімен мақтанады.

«Анама», «Анам екеуміз» өлеңдеріне баланың анаға деген махаббаты сыйып тұр. Баласының бесігін тербетіп, мектепке жетелеп алып баратын аналардың аялы алақанына, баласына деген кіршіксіз махаббатына теңеу табу мүмкін емес. Лирикалық кейіпкердің «дәл осындай ананы таба алмаспын жер-көктен» деген пікірі барша балалардың аналарға деген ойын білдіреді.

Серік Әкірамұлының «Ұқыпты бала» жинағындағы «Дала әуендері», «Туысқандық атаулар», «Мен өзім», «Әдептілік әліппесі», «Тұсаукесер», «Шекербек», «Шекербектің қылығы», «Бағдаршам» өлеңдері жас бүлдіршіндерге арналса, «Мен ұқыпты баламын», «Кітап», «Мектебім», «Ұстазым», «Кітаптың назы», «Болмасаң да ұқсап бақ», «Мамандық», «Айтыс» өлеңдері мектеп оқушыларына арналған. «Тұсаукесер», «Күй», «Көкпар», «Домбырам менің», «Айтыс», «Менің тілім», «Шаңырақ» өлеңдерінде ұлттық құндылықтар насихатталса, «Астана», «Көк байрақ», «Тәуелсіз елім», «Ел бірлігі», «Еркін елдің ұрпағымыз» өлеңдерінде бүгінгі тәуелсіздігімізді мақтан тұту, азаттығымызды асқақтату басым.

«Тұсаукесер» тақпағы:

Қаз, қаз балам десіпті,

Күрмеуінді шешіпті.

Ала жібін ешкімнің,

Аттама деп кесіпті [16], – деп басталады да, тұсауын кесіп жатқан балаға өсиет айтумен жалғасады. Қазақ халқы тұсауды ала жіппен кескенде біреудің ала жібін аттамасын десе, тоқ ішекпен кескенде тоқшылыққа кенелсін, көк шөппен кескенде көктеп өсіп көгерсін деп ырымдайды. Осылайша, ақын бабалардан жалғасып келе жатқан тұсаукесер салтына ерекше көңіл бөлу арқылы ұлттық дәстүрімізді насихаттайды. Тұсаукесердің сән-салтанатымен бірге өзіндік қадір-қасиеті болатынын түсінген әр қазақтың баласы біреудің ала жібін аттамауды бала күнінен бойына сіңіреді.

«Шекербек», «Шекербектің қылығы» тақпақтарында тәттіге құмар Шекербектің тісі ауырып, тіс дәрігерге емделуге барғанына кезігеміз. Ақын балаларға Шекербек сияқты тәттіге құмар болуға, тәттіні көп жеуге болмайтынын түсіндіреді.

Жас бүлдіршіндерге көп кеңес беру, таныстыру мақсатында айтылатын келесі зат – бағдаршам. Ақын «Бағдаршам» тақпағында:

Жанған кезде сары түсі,

Тоқтауға онда дайындал.

Әрбір түсін аңғар да,

Жатта белгі түрін де.

Қызыл шамы жанғанда,

Болмайды енді жүруге, – деп түсіндіреді [17].

Балаларға жиі мағлұмат берілетін келесі тақырып – туыстық атаулар болса, ақын «Туысқандық атаулар» өлеңінде құда, жиен, жезде, нағашы, абысын тәрізді туыстық атауларға түсінік береді. Бір үйдің қос келіні бір-біріне абысын болатын болса, абысындар мен ағайындардың татулығы туралы «Ағайын тату болса – ат көп, Абысын тату болса – ас көп» деген мақал бар. Осындай мақал-мәтелдермен татулыққа, ауызбіршілікке шақырған қазақ халқы ұрпағының ынтымақты болғанын қалаған. Қазіргі таңда көп жырланатын тақырыптың бірі қазақтың астанасы – Астана қаласы. Ақын «Астана» өлеңінде:

Көшім озды басқадан,
Атты елдің бақ таңы.
Арқадағы Астанам –
Алты алаштың мақтаны.
Бәйтерегім тұр биік,
Тұғырлы елдің ертеңі.
Бейбіт күнім нұр құйып,
Шаттық күйін шертеді.
Тарихымның сан алуан,
Тағылымын ұқты мол.
Бостандыққа жаралған,

Бірлігіңе мықты бол! – деп тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын, алты алаштың Астанасы аман болуын тілейді.

Қазақ халқы балалардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені олардың әдебиетінен көрінеді. Фольклордан бастап қазіргі әдебиетке дейінгі аралықта балаларға арналған шығармаларды көптеп кездестіруге болады. Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр мен жанашылдықты жекелеген ақындардың шығармаларына жасалған талдаулардан көреміз. Балалар әдебиетінде бүгінге дейін дәстүрлі сабақтастығын үзбеген көне жанрдың бірі – бесік жыры. Қазақ халқы баласын бесікте жатқаннан бастап тәрбиелеуге көңіл бөлген. Болашақта елі мен жерін қорғайтын батыр болатындығын баланың құлағына құйып, санасына сіңіріп отырған. Осы дәстүр қазіргі таңда да жалғасуда. Қ. Адистің «Бесік жырында» былай жалғасады:

Әлди, әлди, бөбегім,
Қашан тиер көмегің?
Тез ержетіп анаң,
Қолғанат бол, өренім!
Мақтан тұтсын сені әкең,
Үлгі тұтсын сені елің [14; 175].

Ақын Н. Қалқа фольклордан жалғасып келе жатқан бес саусақ туралы өлеңін басқаша құрған. Ақын «Бас бармағың – ата-анаң», «Балаң үйрек – бауырың», «Ортан терек – нағашың», «Аты жоқ саусақ – достарың», «Кіші бөбек – білімің» деп өзіне жақын туыстармен, достармен түсіндіреді. «Бес саусағың – бақытың, Сонда, балам, бар құтың. Бес саусағың біріксе, текке кетпес уақытың» деген жолдардан бес саусақ біріксе, талай биіктерді бағындыруға болатынын түсінеді.

Фольклордан жалғасып келе жатқан көне жанрлардың бірі – тұсаукесер. Ақынның «Тұсаукесер» өлеңі – тұсаукесер жанрының дәстүрлі жалғасы. Фольклордағы «Қаз-қаз, балам, қаз, балам, Қадам бассаң, маз болам» деп келетін өлең жолдарын ақын:

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадамыңды жаз, балам.
Тұсауыңды кесіп мен,
Алға бассаң, мәз болам [14; 125], – деп толықтырады.

Кез келген тұсаукесер туралы өлеңдерде балалардың әр қадамына үміт арту басым. Көне жанрдың бірі – бата-тілек болса, ақынның «Ақ бата», «Таудай бол!» өлеңдері – осы қатарды толықтыратын туындылар. Кішкентай баланы біреудің ала жібін аттамауға, ақпейіл, арлы болуға шақыратын өлеңнен ақынның ақ тілегі байқалады.

Балаларға арналған көне жанрдың бірі – санамақтар. Бүлдіршінге бес саусақты таныстыру фольклордан жалғасып келе жатыр. Осы қалыптасқан дәстүрді ақындар жаңашылдықпен жалғастыруда. Халық ауыз әдебиетіндегі санамақтың түрін балалар қаламгерлерінің барлығы дерлік түрліше қолданғаны балалар әдебиетінің тарихынан белгілі. Әр саусақтың өз аты бар. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек деп аталатын бес саусақ туралы санамақтың түрлері көп. К.Құныпияұлы «Санамақ» өлеңінде әр саусақты өз ерекшелігімен суреттейді.

Бас бармағың – бас саусақ,
Барлығына сақ саусақ.
Қаламайды ол еріншек,
Болғаныңды ақсаусақ [14; 93].

Ж. Шәкенұлы:

«Бір» дегенім – білім,
Білім үйрен, інім.

«Екі» дегенім – егін,
Еңбек етпе тегін [14; 135].

Б. Жылқыбекұлы:

Бір дегенім – Ай.
Екі дегенім – май.
Үш дегенім – тай.
Төрт дегенім – шай.
Бес дегенім – бел.
Алты дегенім – ел.
Жеті дегенім – көл.
Сегіз дегенім – сел.
Тоғыз дегенім – жел.
Он дегенім –
Алдында таяғы бар нөл [18; 32].

Қ. Адис:

Бір дегенім – Бұлан,
Бұғыға ұқсас бұл аң.

Екі дегенім – Елік,
Ол орманға көрік [14; 180].

Е. Дүйсен:

Бір дегенім – бірлік,
Берекелі тірлік.

Екі дегенім – елім,

Туып-өскен жерім [14; 304-305], – деп әр санды ұқсас сөздермен екі тармаққа жасырып отырған. К. Құныпияұлының «Апта», «Бес күшік» өлеңдерін санамақтың қатарына қосуға болады. «Апта» өлеңінде аптаның жеті күнін санамалап отырып сипаттайды. Бірінші, екінші деп жеті күннің басты ерекшелігіне тоқталу арқылы апта күндерін санамалау қалыптасады. «Бес күшік» өлеңінде де осы жүйе сақталған. Қарапайым сөздерге, жеңіл ұйқасқа құрылған екі тармақты тақпақ балалардың жатқа айтуына ыңғайлы. Осы тәсілмен ақындар балаларға онға дейін санауды үйретуді мақсат еткен. Тілі жеңіл өлеңді жаттаған балалар онға дейін тез санап үйренеді. Бірден онға дейін бүлдіршіндерді санауға үйретудің жолын ақындар тиімді пайдаланған. Сонымен бірге, өлең жолдарын әдемі ұйқасқа құру арқылы оны тез жаттап алуды да ойластырған. Өлең жолдарының соңы ай, май, тай, шай, бел, ел, көл, сел, жел, нөл болып бір-біріне ұйқасып келуінің өзі тілге жеңіл болғандықтан тез жатталатыны анық. Міне, осылайша, бүлдіршіндердің жас ерекшелігін ескеріп, олардың ұғымына жеңіл, өздеріне таныс сөздерді пайдаланған. Санамақ қазақ балалар әдебиетінде қалыптасқан жанр болса, ақындар оны өз тарапынан жаңаша сипатта жалғастырған.

Н. Қалқа шығармаларының елеулі бөлігін ойын-өлеңдер құрайды. «Түстер жайлы жарыс» өлеңінде бес бала қызыл, сары, жасыл, ақ, көк түстерді бөліп алып, сол түстермен таныстырады. Бірінші бала: «Қызыл алма – нәрім, Қызыл менің шарым», екінші бала: «Сары – ауламдағы Дала сарғалдағы», үшінші бала: «Жасыл – шырша, шалғын да, Ну тоғай тұр алдында», төртінші бала: «Ақ деген түс әрқашан Адалдықты таппақ!», бесінші бала: «Көк түсімен қымбат қой, Қасиетті Туымыз!» деп әр бала әр түстің ерекшелігіне көңіл бөледі. Балалар ойын-өлеңді жатқа айтып, өз түстерінің ерекшелігін көрсетеді. Осындай ойын-өлеңнің бір түрі – «Біздің ойыншығымыз». Ойын-өлеңде ұлдар мен қыздар екі топқа бөлініп, өздерінің ойыншықтарымен таныстырады. Екі қыз қуыршағының тамақ ішпейтінін, жыламайтынын, жүрмейтінін айтып таныстырса, үш ұл ракета, самелет, вертолеттің ерекшелігін айтып болашақта Тоқтар, Талғат ағалары тәрізді космонавт болуды армандайды. Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғарышкерлері. Ұл балалар ғарышкер ағалары тәрізді ғарышты бағындыруды қалауы орынды. Аталған ойын-өлеңдер – фольклордан жалғасып келе жатқан балалар ойынының жаңа мазмұнға ие болуы.

Ақынның «Тіршіліктің төрт көзі туралы топтамасына» кірген өлеңдері мен «Көктем таңы», «Ұлытауға шықтың ба?..», «Жазғы демалыс» өлеңдерінде отанға, елге, жерге деген махаббат арқылы балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге көңіл бөлінген.

Балалар ақыны Б. Қошым-Ноғайдың «Атамыздың батасы», «Айтшы, апатай, ертегі», «Алтынсың ғой, анашым!», «Анашым сезіп қояды» өлеңдерінен ата мен бала, ана мен бала арасындағы махаббатты көруге болады. Атасы мен анасын мақтан еткен балалар олардың өмірі мен өнерін өзіне өнеге етеді. «Жеті септік» өлеңі бастауыш сынып оқушыларының білімін толықтыруға қызмет етеді. Қазақ тілі сабағынан атау, ілік, барыс, табыс, шығыс, көмектес септіктер туралы мағлұмат

алған бала осы өлең арқылы сол білімін жетілдіріп шыңдайды. Әр септіктің қандай сұрақтарға жауап беретінін төмендегіше түсіндіреді:

Атау жауап береді
«Кім? Не?» деген сұраққа.
«Кімнің? Ненің?» дерегін
Іледі Ілік құлаққа [14; 17].

Б. Жылқыбекұлының бір шумақтан тұратын «Қарға», «Піл», «Тышқан», «Қоқсық», «Шалғы», «Қарағай», «Түн», «Үйрек сыры», «Ұшу», «Еліктің лағы», «Уақыт» сынды өлеңдерінде сол жан-жануарлар мен құстар, заттар мен қоршаған орта туралы бұлдіршіндерге танымдық-тәрбиелік мәліметтер ұсынған. Олар қоқсық туралы оқып отырғанда қоршаған ортаны көздің қарашығындай аялау керектігін, өздері де табиғат ананың бір бөлшегі екенін түсінеді. Жолда жатқан қоқсықты алып күресінге тастаған баланың «Ұялып мен кетемін, қоқсық жатса жолда» деген сөзіне қарап, оның қатарлары да өз жолдарын қоқыстан тазалап жүретіні белгілі. Міне, көріп отырғанымыздай, ақынның бұлдіршіндерге арналған өлең-тақпақтарының тәрбиелік мәні зор екен. Сонымен бірге, автор өз оқырмандарының жас ерекшелігін жадында мұқият ұстап отырғандықтан, олардың түсінігіне ыңғайлы, жеңіл тілмен, әдемі ұйқастарды шеберлікпен пайдаланған. Осының өзінен қазіргі таңда балалар қаламгерлерінің қазақ балалар әдебиетінің тарихында қалыптасқан дәстүрлі жолды тиімді пайдаланып отырғаны көрінеді.

Келесі өлеңдер – бұлдіршіндерге арналған диалог-өлеңдер. «Едіге мен төрт түлік төлдері» диалог-өлеңіне Едіге мен төрт түліктің баласы бота, құлын, қозы, лақтың диалогы арқау болған. Едіге мен қозының диалогына көңіл бөліп көрелік:

Едіге:

– «Қозым, қозым» дегенге
Маңырайсың көгенде.
Сәл шыдасаң,
Өрістен
Оралады енең де...

Қозы:

– Ұлғайтады қараңғы
Көңілдегі алаңды.
Күтесің ғой сен-дағы
Жұмыстағы маманды! [14; 22]

Диалогтан көріп отырғанымыздай, адам мен мал баласының екеуі де ерке, қорғансыз, кішкентай. Едіге бота, құлын, қозы, лаққа сауал қою арқылы олардың ерекшелігін ашуға тырысқан. Лақ тастан-тасқа секіріп тыным таппай жүріп тұяғын жетілдірсе, құлын ертең Едігенің бәйгеге шабатын тұлпары болмақ.

Ақын поэзиясынан елеулі орын алатын шығармалары – метаграммалар. Метаграммаларда алынған сөздің жалғыз дыбысын өзге дыбыстармен алмастыру арқылы бірнеше жаңа атаулар жасаған. Метаграммаларда бір дыбысты жасыру арқылы екі-үш жұмбақты шешуге болады.

Араласқан түстерді
Анықтайтын сын есім.
Бір «Қ» әрпін үсте енді,
Шаһар болмақ,
Білесің.

«Қ»-ны қоссаң ал бірін,
Қолына ұста алады.
Шаһарда үйдің барлығын
Соныменен салады [14; 24].

(Ала – қала – қалақ)

Метаграммаларды тақырыбына қарай отбасына, кәсіпке, мамандыққа, шаруашылыққа арналған түрлерге бөлуге болады. Ақынның жасырып отырғаны – түс пен деректі зат. Осы сияқты «Т» дыбысын жасыру арқылы «тұзақ – ұзақ», «Қ» дыбысына құрылған «қармақ – қарма» метаграммалары бар.

А. Кәріпжанның балаларға арналған өлеңдерінің ішінде «Бас әріптер жырлайды» топтамасында 36 әріпке құрылған 18 жұмбақ бар.

«А» деп ердің ғажабын,
«Ә»-ні тізіп жазамын

(Алып – әріп)

«О» дегенің – тұңғиық,
«Ө» дегенің – тым биік [14; 111].

(Ор – өр)

Балалар поэзиясында ұлттық рәміздермен бірге мемлекеттік тіл – ана тілі туралы өлеңдер көп жазылған. Ақын Б. Әлімжановтың балаларға арналған өлеңдерінің ішінен «Менің ана тілім!» ерекше орын алады. Сан ғасырлық тарихымызды, даламыздың сырын атадан-балаға мирас етіп келе жатқан ана тілдің алар орны үлкен. Оны ақын былайша суреттейді:

Үйретеді білім,
Сөздің неше түрін.
Өмірімнің мәні,
Менің ана тілім! [14; 27]

Балалардың жаттауына ыңғайлап оңай сөздерге құрылған өлеңнің тілі жеңіл. Ұйқасқа құрылғандықтап жаттап айтуға да ыңғайлы. Бала ұғымына сай сөздерді қолдану – бала психологиясын игеру. Бұл қатар Ж. Шәкенұлының «Ана тіл», Қ. Диастың «Ана тілім», С. Әкірамұлының «Менің тілім» өлеңдерімен толыққан. Қазіргі таңда ана тілінде сөйлемейтін жастар қатары көбеюде. Ақындар ана тілінің күдіретін түсіндіріп, оның киесіне бас иеді. Ұлттығымыздың көрсеткіші болып табылатын ана тіліне деген құрмет әр азаматтың бойында қалыптасуы тиіс.

Серік Әкірамұлы ана тілі туралы «Менің тілім» өлеңінде қазақ тілінің мәртебесін асқақтатады. Бүгінгі таңда мемлекеттік тіл статусына жете алмай жүрген тілдің қадір-қасиетін жеткіншектерге ұғындырады, оны мақтан етеді.

Өйткені ол Төле, Қазыбек, Әйтеке,
Даналардан бізге жеткен шешен тіл.
Менің тілім – Абай, Сәкен, Мұхтар тіл,
Ғалам сырын, заман мұңын ұққан тіл.
Бабалардың көзіндей ол кешегі,
Әр сөзінде кие менен құт бар тіл.

Ана сүтімен келген тілге мәңгі-бақи қарыздар болған ол бабаларымыздың аманатын болашақ ұрпаққа жеткізу үшін әлемге «қазақпын» деп жар салуға дайын.

Сүйінбай, Жамбыл, Махамбет, Ілияс, Мағжан, Мұқағали, Қасым, Б. Момышұлы, Ш. Смаханұлы сияқты шешендер мен алыптардың ана тілі тәуелсіздікке дейін қанша қыспақты көрсе де, бабадан мұра болып бүгінге жетті. Бүгінгі ұрпақ ана тілімізді өркендеп дамытуға, оны әлемге танытуға міндетті. Ал «Түркістан» өлеңінің әр екінші тармағы сол сөзді қайталауға құрылған. Ондағы мақсат – исі қазақтың киелі мекенінің, хандар мен билердің тұрағының, Ұлы Жібек жолын басып өткен киелі орданың, Тайқазанмен бірге сақталған құт мекеннің қадір-қасиетін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру.

А. Кәріпжанның балаларға арналған шығармаларында жыл санау мен он екі ай туралы фольклордан жалғасып келе жатқан аңыз-әңгімелер бар. Осы жыл санау туралы «Жыл санау» өлеңінде жылдардың орналасу тәртібін балалардың есіне сақтауға көңіл бөлінген.

Тышқан айтты *Сырга*:

«Жыл басымын биыл да!»

Барыс кетпей *Қоян* да

Жүреді бір қиырда [14; 27].

Осы тәртіппен ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз жылдары ретпен көрсетілген. Тілі жеңіл өлеңді жаттап алған бала жыл санауды рет-ретімен біледі.

Балалар әдебиетінде фольклордан жалғасып келе жатқан жанрдың бірі – бата-тілектер. Қазақ – сөз магиясына сенген, сөзді қадір тұтқан халық. «Батамен ел көгерер» деген мақал бар. Ел ішінде атадан балаға жеткен батаның түрлері көптеп кездеседі. Сонымен бірге, кез келген жасы үлкен қария өз жанынан шығарып бата беруі тиіс. Бұл – қазақ халқының суырыпсалмалық өнерінің бірі. Ақындар да бұл жанрға ерекше көңіл бөліп, өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге өз батасын беруі – қалыптасқан дәстүр. Алты шумақтан тұратын Б. Әлімжановтың бата-тілегі былай өрбиді:

Денің сау боп, шыңға.

Қыран құстай самға,

Ұзақ ғұмыр беріп,

Жарылқасын Алла! [14; 30].

Бата-тілектерде баланың болашағына үміт арту, оның жолы ашық болуы, білім нәрімен сусындауы, ата-анаға, елге адал қызмет етуі көзделеді. Қазақ арман-тілектерінің жүзеге асуын Алладан сұрайтын мұсылман халық болғандықтан, ақындар да бата-тілектерінің орындалуын Жаратушыдан медет етеді.

«Панда», «Қоян», «Кенгуру», «Жираф», «Доп», «Шар» өлеңдерінде аталған заттар туралы толық мағлұмат берілген. «Бу мен су», «Жұмыртқа мен тауық» өлеңдері бала логикасын дамытуға құрылған. Бу мен судың, жұмыртқа мен тауықтың қайсысы бұрын туғанын жасырып, балаларды өз бетінше ойлануға, табиғат құбылыстарын түсінуге, табиғаттың құпияларын ашуға ден қойған.

Ақын Б.Үсенбаевтың поэзиясында ұлттық рәміздерге ерекше көңіл бөлінген. «Елтаңба», «Әнұран», «Желбіре, туым» өлеңдерінде елтаңба, әнұран, тудың қасиетіне көңіл бөлініп, олардың мазмұны мен мәні жеткілікті дәрежеде суреттелген:

Қай қиырға барсам да,

Қай мекенде болсам да.

Қазақ деген ел барын,

Айғақтайды Елтаңба [14; 32].

«Қазақ даласы», «Ынтымақты біздің ел», «Жүрегіңнің бөлшегі», «Тәуелсіздік

деген не?», «Мәңгілік ел», «Бабалар ерлігі», «Отан ана», «Бабалар ұлағаты» өлеңдерінде ата-бабаларымыздың басынан өткен қилы тағдыр мен бүгінгі тәуелсіздігіміз параллель суреттелген.

«Жетісу» өлеңінде Жетісудың жеті өзені – Ақсу, Көксу, Іле, Лепсі, Қаратал, Шу, Сарқанмен таныстырып, жетеуінің Балқашқа құятыны айтылады. «Тұлға болғым келеді», «Тәуелсіз өрен» өлеңіндегі жас өркеннің туған жерге деген махаббаты «Туған жерін жайнатқан Тұлға болғым келеді!» деп түйінделген. «Салт-дәстүрді сыйлаймын» деген өлеңнің лирикалық кейіпкері ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің мәніне үңіледі. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр – ұлттың басты ерекшелігі. Автор балаларды салт-дәстүрді сыйлауға шақырады.

Ә. Қайырбековтің балаларға арналған өлеңдерінде футбол, волейбол, баскетбол, күрес, бокс, хоккей сияқты спорт түрлеріне көңіл бөлінген. Ақын әр ойынның ерекшелігі туралы айта келіп, балаларды сол ойын түрін игеруге шақырады. Аяз бен аптап ыстыққа, желге қарамай беліне арқан байлап шыңға шығатын альпинистердің ерлігін мақтан етеді. Әр кәсіптің өз қиыншылығымен бірге қызығы да болады. Балалар оны сол ойынмен ойнаған кезде түсінеді, сезінеді.

«Қазақстаным менің» өлеңінде отаны мен елін, байтағы мен белін, жері мен кенін жырға қосып, «Жар саламын, мақтанам: Қазақстаным менің деп!» дейді. Үш шумақтың соңғы екі тармағында қайталау арқылы осы жолдарға көңіл бөлген. «Қазақтың батыр қыздары» өлеңінде II Дүниежүзілік соғыстың батырлары – Әлия, Мәншүк, Хиуаз сияқты батыр қыздарды мақтан етсе, «Димаш» өлеңінде табиғи даусымен әлемді мойындатқан Димаш Құдайбергеннің тума талантын тілге тиек етеді. Ақын қазақтың даласымен бірге дара туған ұл-қыздарымен мақтанады.

Е. Ашықбаев «Байлық», «Қамқорлық» өлеңдерінде осы ұғымдардың астарына үңіледі. Байлық аспанның жұлдызында, өзеннің құндызында, ағаштың бұтағында, балықтың қабыршағында, қазанның бауырсағында екендігімен, қамқорлық аралардың гүл тозаңынан жинаған балын бөбектерге сыйлауымен суреттелген. Ақын құмырсқа, тиін, сауысқандардың да азық жинағанмен басқаларға бермейтінін бал аралардың тіршілігімен салыстырған. «Бар мен жоқ», «Аз бен көп» өлеңдерінде қарама-қарсы ұғымдарды параллель суреттеу арқылы олардың мәні ашылған. Бұлтқа бұлт қосылмаса жаңбыр жаумайтыны, ағашқа ағаш қосылмаса көлеңке болмайтыны сияқты балалар да жеке-дара жүрмей, достарына қосылуы керек. Балаларға ақыл-кеңес беретін өлеңдерінің басым бөлігі тәрбиелік қызмет атқарады.

Қазақ балалар поэзиясында этнографиялық өлеңдер елеулі орын алады. Ә. Қайран, М. Асан, С. Хасан, О. Қасым, М. Қарттардың шығармаларында этнографиялық өлеңдер көптеп кездеседі. Ә. Қайран өлеңдерінен көзге түсетіні – «Атбегінің әліппесі». Ақын өлеңдерінің танымдық қызметі мол. Ол жылқы малына қатысты көптеген мәліметтер береді. «Жылқы жыры», «Атбегі», «Сайгүлік» өлеңдерінде ат баптаушы атбегінің, жылқының, сайгүліктің басты ерекшеліктеріне көңіл бөлген. «Жылқының түр-түсі» өлеңінде баран, қылаң, қара, қоңыр, жирен, торы, кері, құла, құбақан, күрең, ақбоз, көкбоз, көк, сары, теңбілкөк, шұбар, ала жылқылардың түр-түсіне көңіл аударып, «Жылқы түрін айырмас – «Мен қазақпын» демесін» деп түйіндейді. Ес білгеннен асау тай үйретіп тайға мінген балалар болашақта ат жалында ойнайтын епті, батыр, қайсар болып өсуі керек. Сондықтан, олар жылқы малының түр-түсін ғана емес, оған қатысты көптеген мәліметтерді білгені дұрыс. «Ер-тұрман атаулары» өлеңінде жылқы малына қатысты нөқта, шылбыр, жүген, ауыздық, сағалдырық,

сулық, терлік, тоқым, ер, өмілдірік, құйысқан, төс айыл, шап айыл, қанжыға, қоржын, қамшы, бүлдіргі, үзеңгі, таралғы сияқты ат әбзелдеріне көңіл бөлінген. Балалар ат әбзелдерінің көпшілігін білмейтіні анық, балаларға мол мағлұмат беретін өлең танымдық қызмет атқарады. Жылқы малының жас ерекшелігіне байланысты атаулары түрліше. Биеден туғаны құлын деп аталса, жыл өткен сайын олардың атауы өзгереді. Жабағы, тай, құнан, қолау, байтал, дөнен, сәуірік, құлық бие, бесті, ат, айғыр, лақса деген атауларға қарап жылқы малын ажыратуға болады. Бір жасары жабағы, алты жаста ат, қартайғаны лақса деп аталады. Айғырды былай суреттейді:

Қай ақын мұны жай жырлар,
Жылқыда кие, айбын бар.
Қайырып бағар үйірін,
Қасиетгі **айғыр** бар... [14; 66]

«Ат жарату» өлеңінде бәйгеге қосатын атты баптаудың өз қиындығы болатынын ұғамыз. Семіз жылқыны ұзаққа шаба алмайтындықтан, оны сұлымен жемдейді. Суды да мөлшерімен беріп, күн сайын шомылдырып, сейілге алып шығып, ащы терін алу керектігін біреу білсе, біреу білмейді. Ақын атты қалай жаратудың қырсырын осы өлеңге арқау еткен. Қазақ халқы жылқы малын мінсе көлік, ішсе сусын, жесе тағам ретінде пайдаланады. Өмірі жылқы малымен тығыз байланысты болғандықтан, жылқыға қатысты тоқсан ауыз сөздің түйіні болып табылатын мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. «Ат шаппайды, бап шабады» деген мақалдан бабына келген ат қана ұзаққа шабатыны көрінсе, «Ат – ер қанаты» деген мақалдан ер адамдардың көлігі – ат екені аңғарылады. Астында аты бар адам ешқашан далада қалмаған, сәйгүлігі құстай ұшып қажет жеріне жеткізіп отырған. Ат үстінде ойналатын көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге алу ойындары ер балаларды епті, алғыр, жылдам, қайсар, батыр, ержүрек болуға баулиды. «Атсайыс» өлеңінде ат ойындарының бірсыпырасынан хабардар боламыз.

«Жүйріктен озар жорға бар» деген мақалды эпиграф етіп алған ақын «Жорға» өлеңінде жылқы малын жүрісіне қарай жорға, тайпалма, шала жорға, су жорға деп бөлетініне көңіл аударған. «Қашағанға жасаған» өлеңінде қашаған жылқылардың аяғын тұсаулап ұстайтынын айта келіп, шідер, өре, тұсамыс, кісен сияқты бұғаулардың түріне сипаттама береді:

Шідер деген үш тармақ.
Үш аяққа – үш тармақ.
Азат аяқ біреу-ақ,
Ата қазақ біледі-ақ [14; 66].

Ақын жылқы малына қатысты көптеген мәліметтерді берген соң, өскелең ұрпақтың үлкен азамат болып өсуін қалайды. «Тілек» өлеңінде балақандарға өз тілегін білдіріп, «Естіртпе жаманат! Атқа мін! Асқарым! Сен болшы – Азамат!» деген түйін жасайды. Ә. Қайранның атқа қатысты өлеңдерінің танымдық-тәрбиелік қызметі мол. Ол биеден туған құлыннан бастап, оның атауын, әбзелдерін, тұлпарды қалай баптауды жан-жақты қамтыған. С. Қалиевтің «Бәйге», «Тай» өлеңдері төрт түліктің ішіндегі жылқы малына қатысты туындарлар қатарын толықтырады. Ұлттық ойындар мен құндылықтарды насихаттаған өлеңдердің этнографиялық бояуы қалың. Мұның өзі қазіргі балалар поэзиясының мазмұндық ізденістері болып табылады.

Балаларға арналған тарихи танымдық, тәрбиелік мәні басым өлеңдердің де атқаратын қызметі мол. М. Асанның «Қымыз», «Сайгүлік», «Қамшы», «Бесік»,

«Қошақан», «Асық», «Тымақ», «Шапан», «Тақия», С. Хасанның «Жеті шелпек», «Бәсіре», «Бауырсақ», «Оюлар», О. Қасымның «Ат әбзелдері» топтамасындағы «Аңдату», «Жүген», «Тоқым», «Ер-тоқым», «Айыл», «Қанжыға», «Үзеңгі», «Өмілдірік», «Тебінгі», «Құйысқан» этнографиялық өлеңдерінде ұлттық құндылықтарымызды түсіндіреді.

Б. Жылқыбекұлының бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ай анаға сәлем» [19] жинағына енген шығармаларын іріктеп қарайтын болсақ, оларды өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады. «Ғалым болғым келеді» деп аталатын бірінші тарауға «Отан», «Алаш туы», «Кітап оқу», «Кітап сатып аламын», «Бес алам», «Алаш қамын ойлаған» сияқты шағын тақпақтар топтастырылған. Ақын аталған өлеңдер арқылы бастауыш сынып оқушыларын сабақты жақсы оқуға шақырады. Ол білімді адамның Отанға қызмет жасайтындығына, «Білекті бірді, білімді мыңды» жығатынына сендіреді.

«Торғай ерте тұрады» деп аталатын екінші тарауда баларға қоршаған орта мен жан-жануарлар туралы мағлұмат береді. «Піл» өлеңінде пілдің өзі қанша үлкен болғанмен, оның көзі кіп-кішкентай екенін айтса, «Ерте тұрады» өлеңінде күнмен таласып ерте тұратын торғай мен өрмекшінің тірлігіне тоқталады да, оларды түске дейін пырылдап ұйықтап жататын жалқау мысықпен салыстырады. Өлеңді оқып отырған баланың мысық сияқты жалқау болғысы келмейтіні, олардың да торғай мен өрмекші секілді таң азаннан тұрып тірлік істеу керектігін түсіндіреді. Өрмекші тынбай тор құрып жүргенде ол шыбындарды ұстаса, торғай – әскер сынды қырағы құс. Ол бәрін қалт жібермей бақылап тұрады. Өлеңді оқып отырған баланың торғай сияқты қырағы әскер болуды, өрмекші сияқты еңбекқор болуды армандайтыны анық. «Үйрек сыры», «Еліктің лағы», «Ит бейнесі», «Қарлығаш келді», «Балық» өлеңдерінде жан-жануарлар мен құстардың өмір тіршілігінен хабар берсе, «Шалғы», «Күнбағыс», «Жеті қарақшы», «Күн әке, ай ана» өлеңдерінде қоршаған орта мен аспан денелері туралы бүлдіршіндерге мағлұмат береді.

«Жалқау үйрек жатады» деп аталатын үшінші бөлімге енген «Тышқан», «Құтылу», «Тәрбиесіз құлын», «Жалқау үйрек», «Ұйқышар», «Тауық» өлеңдерінде тышқан, күшік, құлын, үйрек, қоян, тауықтардың тіршілігі арқылы балаларды өмірге икемдесе, «Тау басында тарғыл елік» деген төртінші тараудағы «Біз бақытты баламыз», «Ұнатамын», «Ұшамын», «Баласымын», «Жаным апа», «Жүрейінші сайрандап» өлеңдеріне бүлдіршіндердің шат-шадыман өмірі негіз болған.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан кәсіптің бірі – саятшылық. Аңға салар құсын баптайтын құсбегілердің бүркітті жасына қарай түрліше атайтынын біреу білсе, біреу білмейді. Жылқының жасына қарай аталатыны сияқты, бүркіт те жас ерекшелігі бойынша туғаннан бастап жиырма жасқа дейін балапан, тірнек, тастүлек, қантүбіт, ұябасар, көктүбіт, қамтүлек, жаңа, майтүбіт, барын, ақ түлек, шөгел, сұмтүлек, мола деп аталады екен. Оны мына өлең жолдарынан білуге болады:

Жеті жас – **қамтүлек** қарулы,

Сегіз жас – **жаңа** деп.

Тоғыз жас – **майтүбіт** арынды,

Қомағай, жара бет [14; 283].

Балалар поэзиясында жиі ұшырайтын тақырыптың бірі – туыстық атауға қатысты өлеңдер. С. Қалиевтің «Туысқандық атаулар» топтамасына енген нағашы, құда, жиен, жезде, абысын туралы тақпақтарында аталған туыстардың әке жағынан, ана жағынан қалай туысатыны туралы мол дерек береді. Қазақ – жеті атасына дейін қыз

алыспайтын текті халық. Жеті атаға дейінгі туыстық атауларды ажырата отырып, олар өздерінің жеті атасын жаттауға дағдыланады.

«Жүрегімнің ақ құсын үркітпегін» дейтін ақынның туған-жер туралы өлеңдерінің қатарында «Мейірленіп қарайды Тарбағатай», «Алматы» өлеңдерін атауға болады. Лирикалық кейіпкердің туған жері Тарбағатай оның «жалаң аяқ, жалаң бас, жалақ ерін» болып ойын қызығына тоймай жүрген балалық балдәуренін еске түсіреді. Алматы есейіп, ер жетуіне куәгер қала ретінде танылады.

Алматы ару қыздың от-жанары,
Алатаудың ақ қары – аппақ ары.
Алматы деген сөзден басталады,
Арманшыл жастығымның ақ парағы [14; 51].

Бір шумақтың ішінде *Алматы* сөзін екі рет қайталау арқылы әсем қалаға көңіл аударса, әр тармақтың *А* әрпінен басталуы – қайталаудың фонетикалық анафора түрі.

Қазақ балалар әдебиетінде мамандық таңдауға қатысты «**Кім болам?**» деген тақырыптағы өлеңдер жиі жазылады. Б. Жылқыбекұлының «Айжарық» жинағына бастауыш сынып оқушыларының ішінде мектеп қабырғасына жаңа барған балаларға арналған шығармалары топтастырылған. «Атамның аты», «Өз бөлмем», «Ана тілім», «Нан қадірі», «Отан», «Ерте тұрамын», «Кітап оқу», «Тілашар», «Тазалық», «Сыйластық», «Білім қадірі», «Батыр болам» өлеңдерінің тәрбиелік мәні жоғары. Ақын жас балаларды болашақ үлкен азамат болуға бағыт-бағдар береді. Бірде білімнің қадір-қасиетін, енді бірде «ерте тұрған адамның ырысы артық» болатынын түсіндіреді. Бала қиялын таңытатын «Болғым келеді» өлеңінде жас бала бірде жаңалық ашатын ғалым, енді бірде жыр шашатын ақын, тағы бірде биік таудан асатын ұшқыш болғысы келеді. Ал «Заңгер бала» өлеңінде:

Бойұсынамын заңға,
 тиіспеймін аңға.
Қылмыс үйір келеді,
 заң білмейтін жанға.

Заңгер бала болам деп,
 ұйықтамаймын таңға» [20, 10], – деп балалардың санасына

заң туралы мағлұматты құя білген. Заң білмейтін болсаң, қылмысты қалай жасап қойғаныңды түсінбейсің. Сондықтан, автор әрбір бала заңды білуі керек екендігін баса айтады.

Балаларға арналған «Менің алғашқы кітабым», «Менің сүйікті әліппем», «Менің алғашқы танымым», «Кім болам?», «Асыл мұра», «Үй жануарлары», «Жемістер», «Көкөністер», «Сандардың сыры», «Әріптер әлеміне саяхат» кітаптарының авторы С. Қамшыгердің отыз мамандықты таныстыруға арналған «Кім болам!?» топтамасы мектеп оқушыларына мамандық таңдауда бағыт-бағдар береді. Балаларға таныс мамандықтармен қатар, ақпараттық технология заманындағы қоғам қажетінен туған жаңа мамандықтар да бар. Екі шумақтан тұратын жекелеген дәрігер, ұшқыш, ғарышкер, кәсіпкер, мұғалім т.б. сияқты белгілі мамандықтар туралы өлең-тақпақтардың ішінде «ІТ (Айти) маманы», «СММ маманы», «Маркетолог», «Робот жасаушы» сияқты қоғам өміріне қажет заманауи мамандықтар туралы толыққанды ақпарат берілген. Мәселен, эколог мамандығын былай сипаттайды:

Сақтау үшін даланы,
Елді мекен, қаланы.

Экологтар қорғайды,
Табиғат, су, ауаны.

Қол қусырып жатпаймын,
Үміттерді ақтаймын.
Жерді зиян қалдықтан,
Қоқыстардан сақтаймын [14; 210].

Мамандық туралы туындылардың қатарына Е.Сейдахметтің «Кім қайда?» өлеңін қосуға болады. Ақын әр мамандық иесінің атқаратын жұмысын төмендегіше суреттейді:

Іздеп кенді бағалы,
Геолог кезер даланы.
Түспей қолдан күрегі,
Бағбан бақта жүреді [14; 221].

Балалар поэзиясында дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан көне жанрдың бірі – **айтыстар**. Ауыз әдебиетінде жан-жануарлардың, жеміс-жидектердің өзара айтысы талай шығармаларға арқау болған. Осы қатарды С. Қалиевтің «Жеміс-жидектердің айтысы» толықтырады. Айтысқа алма, жүзім, өрік, қарақат, бүлдірген, таңқурай, алмұрт, шие сияқты жеміс-жидектер қатысады да, өздерінің ерекшелігін, адам баласына берер пайдасын айтып өзара бәсекеге түседі. Бүлдірген «балдай ғой деп тосабы, піскенімді ел тосады» десе, қарақат «денедегі жел-құзды, қуып шығар ем едім» деп мақтанады. Осылайша, балалар әр жеміс-жидектің басты ерекше қасиетімен жақынырақ танысады. Айтыстың шарты бойынша, бір кейіпкер жеңу керек болса, мұнда бал татитын жеміс-жидектердің бәрі де жоғары бағаға ие болады.

А. Тілегеннің «Инстаграм&Тик-Ток» айтысы әлеуметтік желілердің пікірталасына құрылған. Тәрбие сағатында ұл мен қыз екеуі айтысуына болады. Ол жөнінде автор «Айтысқа ұл мен қыз шыққан тиімді. Ұлдың үстінде инстаграмның суреті, ал қыздың үстіне тик-токтың суреті жабыстырылады. Домбыраны бір шертіп қойып, айтыса беруге болады», – дейді [14; 299]. Өз жетістіктерін айтып мақтанған екі кейіпкер, сөз соңында балалар бос уақытын тик-ток пен инстаграмға жұмсамай, білім-ғылым алғаны абзал дейді.

Инстаграм:

Женді жөндеп түрелік,
Білімсіз жан – тірі өлік.
Енді ғылым-білімді,
Насихаттап жүрелік!

Тик-Ток:

Қосыламын оныға,
Түсем және жолыға.
Түсірмейік баланы,
Алдамшының торына! [14; 301]

Ш. Жұбатованың «Алға қадам басамын» өлеңі – фольклордағы «Қаз-қаз, балам» деп басталатын өлеңдердің дәстүрлі жалғасы. Жаңа қадам басқан балаға жақсы тілек тілеп, оның болашағына үміт арту көзделеді. «Бір, екі, үш» қадам басқан бала:

Алға қадам басамын,
Биік таудан асамын.

Жақсылықты үйренем,

Жамандықтан қашамын... [14; 75] – дейді. Баланың әр басқан қадамынан жақсылық күтетін ата-ана оған бар асыл тілегін жаудыруы заңдылық.

«Тазалықты ұнатамын» өлеңінде бөлмесін жинап, шашын тарап, беті-қолын жуып жүретін баланың тазалығы ауаның тазалығымен параллель суреттелген. «Басшы мені бауырға» балладасында ауырып қалған әжесінің қасына келіп, әжетайына дәрісін әкеп беретін баланың «басшы мені бауырға» деген сөзінен әжесіне деген құрметі, махаббаты көрінеді. «Аман жүрсін әжелер, Жер бетінде қаншама» деген жолдарда әжеге деген ақ тілек ақтарылып жатыр. «Менің әжем» осы өлеңнің заңды жалғасы тәрізді. «Бал немерем», «Өсесін», «Ойын», «Тілалғыш», «Бесік», «Үйренейін» өлеңдеріне өмірге келген сәбидің тал бесікте тербелгенінен бастап, оның өсу жолдары, мектепке баруы негіз болған. Ойынға қанбайтын тілалғыш баланың мықты болып өсуі нанымды суреттелген.

Балаларға арналған танымдық-тәрбиелік өлең жазған ақынның бірі – А. Жақиянова. «Әлидің сұрағы» қоршаған орта мен табиғат тылсымдарын білгісі келетін баланың сан сауалына жауап береді.

Бұлт неге жүйткіді?

Күн неге жауады?

Жел неге ұйтқиды?

Айтшы, ата, жауабын [14; 85], – деген жолдар үлкендерді сауалдың астына алатын бала психологиясын танытады.

«Ақыл», «Судың да сұрауы бар» өлеңдерінде баланы тентек, жалқау болмай өсуге, судың қадірін білуге баулиды. «Тіршілік көзі – су» болса, оны ысырап жасап ағызып қоймай, үнемдеп пайдалану керегін баланың санасына сіңіре білу керек.

Ақын Қ. Елеместің аспан денелеріне арналған «Аспан», «Күн», «Ай», «Сары жұлдыз», «Шолпан», «Үркер», «Есекқырған», «Темірқазық», «Құсжолы», «Жетіқарақшы» өлеңдерінде аталған жұлдыздар туралы балаларға мағлұмат берілген. Сауысқан, бүркіт, бұлбұл, кекілік туралы өлеңдерінде аталған құстар туралы тың мәлімет берілсе, «Қарағай», «Тал», «Ырғай» өлеңдерінде аталған ағаш түрлерін алдағы уақытта балалар бір-бірінен ажырататын болады.

Балаларды анық әрі тез сөйлеуге жаттықтыратын жаңылтпаштарға ақын аса көңіл бөлген. Жаңылтпаш – фольклордан жалғасып келе жатқан көне жанр.

Таранатын ақ бұлақта,

Ақ қаз ақ па, аққу ақ па?

Ауаға су айнала ма,

Ауа суға айнала ма? [14; 108].

Ұқсас сөздердің орнын ауыстыру арқылы баланы шатастыратын жаңылтпаштар жетерлік. Ақын сөздердің орнын ауыстыру арқылы балалардың тілін жаттықтыруды көздеген. Ұқсас сөздерді шатаспай айтып шыққан бала әр сөздің өз орнын білетін, дұрыс пайдаланатын болады.

Балалар әдебиетінде фольклордан жалғасып келе жатқан көне жанрдың бірі – жұмбақтар. Ақын жұлдыз, сағат, ата, айна, мектеп, балмұздақ, аяз, қар, қасқыр, аю сияқты балаларға таныс жанды-жансыз заттарды жұмбақтау арқылы оларды тапқырлыққа баулыса, жаңылтпаштары балаларды тез, таза сөйлеуге жаттықтырады.

Атам бақ аралады,
Ағам тал аралады.
Апам көл жағалады,
Асыл ат тағалады [14; 128].

Төрт түлік – жылқы, түйе, сиыр, қой туралы өлеңдер қазақ поэзиясындағы төрт түлік туралы өлеңдер қатарын толықтырады. *Ааба* ұйқасына құрылған өлеңнің тілі жеңіл, сөздері қарапайым. Сонымен бірге, әр тармақтың дауысты «а» дыбысынан басталуы – әуезділікпен бірге қайталаудың фонетикалық анафора түрі.

Балалар ақыны Б. Жылқыбекұлының «Қос құлыншақ» [18] жинағына енген шығармалардан қазіргі балалар әдебиетіндегі дәстүр ұласуын көруге болады. Автор мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге арналған шығармаларында жұмбақ, санамақ, жыл қайыру үлгілерін балалардың жас ерекшелігіне сай қарапайым да түсінікті тілмен жеткізген. Автордың тілі жеңіл болғандықтан, оны балалар тез қабылдап, жатқа айтары белгілі. Ақынның жұмбақтарына көңіл аударып көрелік:

Ортасы түйір,
жарыққа үйір.
Көрінбес олсыз,
жақын мен қиыр (зөК) [18; 46].

Автор жұмбақтың жауабын жазғанда әріптерді соңынан басына қарай, оңнан солға қарай орналастырған. Көзге қатысты мәліметтерді айтып келеді де, оны жұмбақ етіп жасырады. Сол сияқты, қайшы туралы жұмбағы да қызықты оқылады:

Өскен шашты қысқартып,
жаға-жеңді түзейді.
Қойдың жүнін сыпырып,
тай құйрығын күзейді (ышйаК) [18; 46].

Үлкендерге жұмбақтың шешімін табу қиындық туғызбайды, бірақ балалар үшін оның жауабын табуда біраз ойлануға тура келеді. Ақынның жұмбағынан қазақ халқының менталитетін байқауға болады. Қалада өскен балалар қой қырқуды көрмегенмен, ауыл балалары төрт түлік малға қатысты дүниелерді күнделікті өмірде көріп өседі. Осы жағынан келгенде, автор жұмбақты мал шаруашылығымен байланыстырып отыр.

Қ. Елемес, С. Хасан, А. Тілеген сынды ақындар балаларға таныс заттардың ерекшелігін айта отырып жұмбақтайды. Мәселен, тісті екі ақын екі түрлі жұмбақтаса, Қ. Елемес мұрынды төмендегідей жасырады.

Қ. Елемес:

Тілді қоршап түзілген,
Аппақ маржан тізілген [14; 109].

(Тіс)

С. Хасан:

Отыз батыр қырағы,
Ауызыңда тұрады [14; 264].

(Тіс)

Қ. Елемес:

Екі көздің арасын,
Мекен еткен дара шың [14; 109].

(Мұрын)

Бала ұғымына жақын, өздері күнде көріп жүрген таныс заттарды жұмбақтау арқылы оларды ойлануға, ой тапқырлығына жетелейді.

Қ. Адистің тұрмыстық заттар туралы жұмбақтары да жетерлік. Ақын балаларға күнделікті өмірде кездесетін, өздеріне таныс заттарды жұмбақтауға көңіл бөлген. Атап айтатын болсақ:

Үйге кірсе, иіліп тұрады,
Кеткеніңше тоныңды киініп тұрады.

(*Киімлігіш*)

Шығады тек түнде өзі,
Кіп-кішкентай күн көзі [13; 181].

(*Электр лампасы*)

Бұл қатарды ақынның жануарлар, құстар, көкөніс туралы жұмбақтары толықтырады. Ақын А. Тілеген Қазақстанның Түркістан, Семей, Алматы, Тараз, Жаңаөзен, Астана, Атырау, Орал, Павлодар, Арқалық, Байқоңыр, Ұлытау қалалары туралы «Жұмбақ қалалар» деп, әр қаланы бір шумақпен жұмбақтаған. Мұнда әр қаланың басты ерекшелігі аталып көрсетілгендіктен, оларды табу балаларға қиындық келтірмейді.

А. Кәріпжанның «Септіктер салтанаты» топтамасында қазақ тіліндегі жеті септікке жеке-жеке тоқталады. «Атау септігі» өлеңінде сұрағы «Кім? Не?» деп, оның басты ерекшелігін түсіндіреді де, баланың білімін тексеру мақсатында оған мысалмен тапсырма береді:

Ұясына күн кірді,
Жұлдыз шығып үлгерді.
Жалқау **бала** арбасын,
Жөндеп бітпей ділгірді [14; 113].

Бір шумақта үш зат есім қолданылған. Күн, жұлдыз сөздері жансыз зат есім болғандықтан, оларға «Не?» деген сұрақ қойылса, «бала» жанды зат есім болғандықтан, оған «Кім?» деген сұрақ тән. Осы үлгімен жеті септікке де тапсырма беріліп, баланың білімін жетілдіруге, тиянақтауға көңіл бөлінген.

Келесі «Геометрия сабағы» топтамасына кірген өлеңдерден шаршы-квадрат, шар, трапеция, түзу, конус, сынық, үшбұрыш, гиперболола, кескін, тік төртбұрыш, парабола, пирамида, ромб, дөңгелек, шеңбер сияқты геометриялық бірліктерге анықтама берілген. Балалар тапқақтарды жаттау арқылы геометрия пәнінен алған білімін жетілдіреді. «Математика сабағы» топтамасына енген өлеңдерде қосу, азайту, көбейту, бөлу амалдарының басты ерекшелігі қамтылған.

Балалар әдебиетіндегі жиі қаузалатын тақырыптардың бірі – жыл мезгілдері. Ж. Шәкенұлы төрт шумақтан тұратын «Төрт маусым» өлеңінде көктем, жаз, күз, қыс маусымдарына тоқталса, «Мезгілдер» өлеңінде он екі айға сипаттама беріп, әр айдың өз ерекшелігін көрсетеді. Б. Айтмұқаева «Сәуір» өлеңінде «Келдің бе, Сәуір сұлуым – Аққудың көгілдіріндей» деп көктемнің жер дүниені құлпыртқан сәуір айын аққудың көгілдіріне теңейді. С. Намазшамова «Көктем», «Көктемнің сыйы» өлеңдерінде тіршіліктің құлпырып жандануын көктеммен байланыстырады. «Құстар ғажап ән шырқаса, Сол болады көктем әні» деген жолдардан тіршілік иелерінің бәрі де көктем келгенде керемет күйге бөленетіні көрінеді. Жыл мезгілдерімен бірге жыл басы эз-Наурыз туралы өлеңдер де жетерлік. Ш. Жұбатованың «Наурыз мейрамы», Қ. Елеместің «Наурыз», Қ. Адистің «Наурыз тойы», С. Намазшамованың

«Наурызкөже», «Наурыз төлі» өлеңдерінде Самарқанның көк тасы еріп, күн мен түн теңелетін, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін Наурыз мейрамының мән-маңызы жан-жақты ашылған.

Балалар поэзиясында Отан, туған жер тақырыбы ерекше көп жырланады. Б. Үсенбаевтың «Отан – ана», «Отанды сүю ерге сын», Ә. Қайырбековтің «Қазақстаным менің!», Ш. Жұбатованың «Айналайын, елім!», Қ. Адистің «Менің Отаным», С. Намазшамованың «Отанды жақсы көремін», «Отанымның байлығы», С. Қамшыгердің «Бірлік жыры», «Айналдым сенен, азаттық», «Алматым», «Түркістан кесенесі», «Жұмбақтас», «Көлсай», О. Қасымның «Әулиеағаш», «Торыш аймағы», «Жеке батыр тауы», «Әншіқұм», «Қайыңды көлі», «Рахман қайнары», «Мыңжылқы құдығы» өлеңдерінде Отанның оттан да ыстық екені байқалады. Ақындар қазақ жерінің тауын да, тасын да, суын да, нуын да, шөлін де, құмын да жырға қосып, жер асты, жер үсті байлығын мақтан етеді. Туған жерді Жұмақ мекенге теңеу әдебиеттің арғы-бергі тарихында қалыптасқан әдеби дәстүр болса, ақындар балаларға арналған туған жер, Отан туралы өлеңдерінде туған жердің құдіретіне бас иеді.

Балалар поэзиясында Абай өлеңдерін жаңаша интерпретация жасаған ақындар аз емес. Қазақ ақындарының көпшілігі балаларға арналған шығармаларында Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жаңаша интерпретациялайды. Қ. Шағыр «Абай сөзі – анық сөз» өлеңінде ақын айтқан бес асыл мен бес дұшпанды өзінше талдайды. Өсек айтушыларды «Ғайбат айтып біреуге, Жаппа босқа жалаңды!» деп сынаса, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақтың адам баласына тигізер зиянын тілге тиек етеді. Абай айтқан талап, еңбек, терең ой, парасат, рақым деген асыл қасиеттердің адам баласына берері көп. Бес асылды ұлықтап, бес дұшпаннан бойын аулақ салуды мақсат еткен лирикалық кейіпкер «Асыл сөзі Абайдың – Адастырмас шамшырақ!» деген түйін жасайды. Қанағатшыл болуды балаларға «Айфон әпер, Айды әпер» деп ешкімді қинама!» деп түсіндіреді. Қазіргі ақпараттық технология заманында үлкен де, кіші де қалта телефонға байланып қалды. Ұялы телефонның жыл өткен сайын жаңа маркасы шығып, бағасы шарықтап көтеріліп барады. Олай болса, әр бала ата-анасының жағдайына қарауға тиіс. Өмірден алынған нақты мысалдар арқылы бес асылды бойына жинақтаған бала талапты, еңбекқор, білімді, қанағатшыл, рақымды болып өсетіні анық.

Е. Жеңісұлы «Мен кішкентай баламын» өлеңінде бұған дейін бар осындай өлеңді интерпретациялаған. Алғашқы нұсқадағы «Кішкентай бала»:

Мен кішкентай баламын
Кітап оқи аламын.
Дәптер, қалам, сызғышты
Сөмкеме өзін саламын, – деп келеді [21].

Е. Жеңісұлы осы үлгіні планшет, You-Tube, майнкрафт, смартфон сияқты әлеуметтік желімен, электронды техникалармен жаңартқан:

Мен кішкентай баламын,
Бала емеспін – данамын.
Планшет берсе қолыма,
Жыламай үйде қаламын.

Шкафтарды ашпаймын,
Киімдерді шашпаймын.

Кіріп алып You-Tube-ке,
Қызық ойын бастаймын [14; 191].

Қазіргінің балалары – ақын айтқандай, әлеуметтік желіден шықпайтын, қолынан смартфон түспейтін буын. Осы тұрғыдан келгенде, бұл – шынайы өмірдің боямасыз көшірмесі.

А. Тілегеннің «Латын әліпбиін қазақша түсіндіру» деген танымдық сағаты, «Тәуелсіздіктің отыз белесі» тарих сағаты, «Жұмбақ қалалар. Жұмбақ жұлдыздар» сергіту сағаты, «Айтыс: Инстаграм&Тик-Ток» тәрбие сағаттары бастауыш сыныпқа арналып жазылған. Балалар әр сабақты өткенде оларды рөлге бөліп оқуына, жатқа айтуына болады. Балаларға латын әліпбиіндегі дыбысталуы – «С», «S» әрпін былай таныстырады:

Көрші, кәне, тауып,
Билеп тұрған әріп –
Айбат шегіп тұрған
Айдаһардай алып [14; 291].

Ал «Тәуелсіздіктің отыз белесіне» арналған отыз шумақта әр жылғы тарихи оқиғалардан сыр шертеді. 1995 жыл несімен, қандай оқиғасымен тарихта қалғанына үңіліп көрелік:

Жүз елу жыл толды деп,
Абай жылы боп өтті.
Атом қаруын соңғы рет,
Келмес жаққа жөнелтті [14; 293].

1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО бойынша аталып, Түркияда Абайдың ескерткіші қойылған болатын.

Шағын жанрдағы өлеңдермен бірге балаларға арналған поэмалар да жетерлік. Балаларға арналған поэмалардың бастауын ХХ ғасырдың басынан бастап сөз етуге болады. Өткен ғасырда балалар ақындары жазған бірсыпыра поэмалар «Қазақ балалар поэмасының антологиясы» деген жинаққа енді [22]. Жинақты құрастырушылар поэмаларды өз ішінен төрт топқа бөліп жүйелеген болатын. Қазақ ақындары балаларға арнаған поэмаларында ертегі, аңыз-әңгімелерді пайдалана білді. Сондықтан поэма-ертегі, поэма-аңыз сияқты жанрлар бастауын ауыз әдебиетінен алғаны белгілі. Б. Майлин «Өтірікке бәйге», М. Жұмабаев «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі», С. Бегалин «Ұр, тоқпақ», Ө. Тұрманжанов «Орман ертегі», «Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос құдалар», «Ғажайып бағбанның алтын алмасы мен Асан бала туралы ертегі», «Алтын балта», Б. Ысқақбаев «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», М. Әлімбаев «Аяз би», М. Жаманбаев «Күж жалмауыз бен Білек батыр», Ж. Смақов «Тамшы», «Бұршақ туралы ертегі», Ә. Дүйсенбиев «Ботинка, шұжық, балқаймақ», О. Әубәкіров «Ұң», Т. Молдағалиев «Орман қызы», Қ. Мырза Әли «Балшықұлы Балшықбай», Қ. Баянбай «Қаңбақ пен Салмақ», С. Қалиев «Ғажайып тас» поэма-ертегілерінің оқиғалары мен кейіпкерлерінен ертегілік сипат айқын аңғарылады. Поэма-ертегілердің көпшілігі «ерте, ерте, ертеде» деп басталып, есте жоқ ескі замандағы оқиғалардан сыр шертеді. Б. Ысқақбаевтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінде қатты ауырған Айдаһар дертіне шипа таппай қиналғанда оған қу түлкі баланың қанын ішсе жазылатынын айтады. Айдаһар патша баланың қанын алып келуге масаны жұмсайды. Оны естіген қарлығаш масаны іздеп тауып, тілін суырып алады да, шөлмек сынып, жерге

төгілген қанның орнына гүл шығады. Аласұрған айдаһар қарлығаштың құйрығын жартылай жұлып алғандықтан, оның құйрығы айыр болып қалады. Адамды қорғап қалған қарлығаш сол кезден бастап адамға дос болып қалған екен деп аяқталады ертегі. М. Жаманбалинов «Күж жалмауыз бен Білек батыр» поэмасының оқиғасы арыстанның аяғы алтау болған, арбаға бақа жеккен, адамзат баласының бойы аласа болғандықтан бір қоянға бір топ бала мінгескен заман туралы сөз етеді. Осындай ұсақ адамдардың арасында бір ауылдың үстіне жалпынып отыра кететін, бір көлдің суын бір-ақ ұрттайтын Күж сияқты жалмауыздың болуы адам қиялына сыймайтын өтірік ертегілерді еске түсіреді. Бір табын малды бір іліп алып кететін, түйе, пілдерді түгімен, арбадағы адамды арбасымен жұта салатын Күжді жұдырықтай Білек батырдың жеңуі ақылға сыймайды. Күж жалмауызды айласымен алған батыр бала оның қарнындағы астық толы қамбаны, арбадағы адамдарды, бір көшенің адамдары мен әке-шешесін құтқарып, мұрат-мақсатына жетеді. Ертегі кейіпкерлері секілді, Білек батыр ұзақ сапарға шығып, Күж жалмауызды іздейді, жолда талай кедергілерді жеңе білген ол өзінен бірнеше есе күшті жалмауызды ақылымен жеңеді.

Ө. Тұрманжанов «Алып кетпен», Ә. Тәжібаев «Толағай», С. Бегалин «Қыран кегі», Ә. Ахметов «Көкшетау аңызы», Қ. Мұқышев «Күй атасы», Н. Әлімқұлов «Нысапсыздар», А. Асылбеков «Көшкін», Е. Елубаев «Қырғыннан құтқарған қарлығаштар», Ж. Қашқынов «Қыран тағдыры», Н. Айтов «Қабанбай батыр», С. Баязитов «Жасыбай батыр», Ә. Ақыпбеков «Адалдық туралы аңыз», А. Сопыбеков «Қармақ», Ғ. Ақпанбек «Адамды Алла жаратты», С. Оспанов «Әділ қазы», Қ. Әлімқұлов «Бармақтай бақ» поэма-аңыздарының оқиғасы ауыздан-ауызға жеткен аңыз-әңгімелерге құрылған. Қ. Әлімқұловтың «Бармақтай бақ» поэмасына бармақтай бақ туралы аңыз негіз болған. Ерте заманда мыңғырған малы бар бір байдың жеті ұлының біреуі өзгеше болып туады. Ойы ұшқыр, бойы еңселі баласы әулетте ешкімге ұқсамайтынын түсінген ол баласы үйленген соң оны ұзақ сапарға жіберіп, өзінен хабар келгенше сонда мекендеп тұр деп жібереді. Күндердің бір күнінде әкесі түсінде баласының тайтұяқ алтын ұстап отырғанын көреді. Оның мәнісін білу үшін құдасын жұмсайды. Құдасы күйеубаласының елі де жері де шалқыған бай, жомарт ел болғанын көріп сүйсінеді. Қонақ аттанарда сұраған бұйымтайын бермек болған жігіт не қалайтынын сұрайды. Ол қозының басындағы алтын тәжді көріп, соны сұрайды, енді қозыны алғалы жатқанда оның басында тәж итке барып киіледі. Енді қозы емес, итті сұрайды. Жеті қазынаның бірі ғой деп, сұрағанын бергенде басындағы тәж иттің қасына келіп, құшақтап ойнаған балаға ауысады. Мұны көрген құда бармақтай бақтың бір-біріне ауысып, осы шаңырақтан кетпеуге бекінгенін түсініп, батасын беріп аттанады. Құдасы басына бақ қонғандықтан өсіп-өніп отырғанына куә болады. Қазақта «таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» деген аталы сөз бар. Алла тағала пендесіне бармақтай бақ берсе, осылай өсіп-өніп, қыруар байлыққа кенеледі екен. Кезінде әкесі күмәнданып, өзінен жыраққа жіберген баласының басына осылай бақ қонған екен. Ақын бақ туралы аңызға жан бітіріп, оқырмандарына ол туралы ой салған.

Ж. Аймауытов «Жаман тымақ», Ж. Кәрбозин «Кербәкбаймен кездесу» поэмаларында әжуа-мысқыл басым болғандықтан сатиралық поэмалар қатарынан орын алса, Қ. Баянбай «Ұшу», Ә. Табылдиев «Ғажәп бала Ғалымбек» поэмаларында қиял-ғажайыпқа негізделген фантастика басым. Ә. Тұрманжанов «Жеке-дай», Ә. Ахметов «Тырау-тырау, тырналар», М. Жаманбалинов «Ақын бала»,

Е. Шаймерденов «Бәйге», «Думат», Ұ. Есдәулет «Қара пима» поэмаларының оқиғалары өмірден алынған шынайылығымен ерекшеленетіндіктен, оларды реалистік поэмалар қатарына жатқызуға болады. Ұ. Есдәулеттің «Қара пима» поэмасында шешеден жетім қалған баланың әкесі араққа салынып, үйде іліп алар заттың бәрін араққа салып тынады. Ең соңында баласының пимасын араққа айырбастап, суықта екі аяғы үсіп қалған бала суық тиіп ауруханаға түседі. Әкесі арағын қойып, ауруханаға баласын іздеп жаңа пима алып келгенде баласының екі аяғы қара саннан кесілгенін көреді. Ақын маскүнемдікке салынған әкенің жалғыз баласын мүгедек күйге түсіргенін шынайы бейнелеген. Поэmanın соңында достарының күнде ауруханаға іздеп келетінін «Үлкендерде емес, тек қана, Балаларда ғой шын достық!» [22; 429] деп жеткізеді. Сыйластықты есепке құрмайтын, шынайы достық иелері жаны пәк балаларда ғана болатыны даусыз. Поэmanın оқиғасы өмірден алынған шынайылығымен танылса, кейбір замандастарымыздың маскүнемдікке салынуы – біз өмір сүріп отырған қоғамның қасіреті. Осылайша, ақын бір адамның басындағы қасіретті заман трагедиясы ретінде шынайы бейнелеген.

Қорыта айтқанда, қазіргі балалар поэзиясында қалыптасқан дәстүрді жалғастырумен бірге, мазмұн, түр жаңалығы да кездеседі. Жазба әдебиет жөнінде А. Еспенбетов: «Ауыз әдебиетінің дариядай мол, ұшан-теңіз саф алтындай, нәрлі де әрлі туындыларын жастайынан жадында сақтап, жүрегінде жаттап үлгі тұтпаған, өз творчествосында ескермеген, оған тамшыдай болса да үлес қоспаған қай халықтың болса да озық ойлы бірде-бір қаламгері болмаса керек» [23, 10], – деген болатын. Осы пікірге сүйенетін болсақ, қазақ қаламгерлерінің барлығы дерлік балаларға арналған туындыларында ауыз әдебиеті үлгілерін қажетіне қарай пайдаланды. Қазақ ақындары ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан бесік жыры, тұсаукесер, санамақ, мазақтама, ойын-өлең, бата-тілек, жаңылтпаш, жұмбақ, айтыстарды жаңа қырынан толықтыруда. А. Тілегеннің «Инстаграм&Тик-Ток» айтысы – осының бір көрінісі. Қазіргі қазақ балалар поэзиясында ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөлініп жатқаны этнографиялық (саятшылық, аңшылық, атбегілік, қол өнер) өлеңдерден көрінсе, заманауи техникалық құрылғылардың поэзияға енуінен мазмұн жағынан байып жатқанын байқаймыз. Туған жер, Отан, ана тілі туралы өлеңдерден балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге басым көңіл бөлінсе, қоршаған орта, табиғат, жаратылыс құпиялары туралы өлеңдердің бала танымын арттырудағы қызметі мол.

Әдебиеттер:

1. Күміс кебеже. Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері. Құрастырған: О. Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2008. – 432 б.
2. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. Жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мақал, мәтел, терме. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
3. Балалар бағының бағбандары. – Анықтамалық. – Алматы: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2008. – 300 б.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т.19. – 496 б.
5. Жәкім Ә. М.Әлімбаевтың балалар әлемі. – Алматы: Арыс, 2008. – 228 б.
6. Елубаев Е. Зерек бол. Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2014. – 256 б.

7. Жанаева Ш. 1960–1980 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ. Мырза Әли шығармашылығы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – М.О. Әуезов атындағы Семей университеті. – 2007. 136 б.
8. Тұрманжанов Ө. Балалар әдебиетінің өз кілті бар // Лениншіл жас. – 1968. – 23 август.
9. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.
10. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазмемоқу-педбаспасы, 1958.
11. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. – 17 Т. – Алматы: Жазушы, 1985.
12. Ақыпбекұлы Ө. Күпия оқулық: Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мазақтамалар, аңыз, эпсана, ертегілер. – Астана: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2004. – 204 б.
13. Ақыпбекұлы Ө. Спорттық әліппе: әліпбилік өлеңдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, санамақтар. – Алматы: «БАУР» баспасы, 2007. – 64 б.
14. Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы. – Алматы: Атамұра, 2021
15. Әкірамұлы С. Ұқыпты бала. – Алматы, 2019. – 76 б.
16. Әкірамұлы С. Бағдаршам // <https://bilim-all.kz/olen/15836-Bagdarsham>
17. Білгеннің пайдасы. Қазақ ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2009. 320 б.
18. Жылқыбекұлы Б. Қос құлыншақ. – Астана: «Мерей» баспасы, 2011. – 32 б.
19. Жылқыбекұлы Б. Ай анаға сәлем. – Астана: «Өрнек» баспасы, 2013. – 56 б.
20. Жылқыбекұлы Б. Айжарық. – Астана: «Өрнек» баспасы, 2011. – 32 б.
21. Жеңісұлы Е. Мен кішкентай баламын // <https://www.zharar.com/kz/>
22. Қазақ балалар поэмасының антологиясы // Құраст.: Қажыбаева Г.К. – Алматы: «Арда», 2011. – 496 б.
23. Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. – Алматы: Інжу-маржан, 2005. – 515 б.

БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Еліміз егемендік алғаннан бері балалар әдебиетін жариялауға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Бірсыпыра қаламгерлердің шығармалары қайта жарияланса, кейбір ақын-жазушылардың соңғы жылдарда жазған туындылары жарық көруде. 2013 жылы «Балаларға базарлық» көркем суретті энциклопедия шыққан болатын. Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен 2021 жыл «Балалар әдебиеті жылы» деп аталса, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жыл қарсаңында 2022 жылды «Балалар жылы» деп атады. Соңғы екі жылдың ішінде мемлекет тарапынан балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлінгенінің арқасында балаларға арналған көркем шығармалар көптеп жарық көре бастады. 2021 жылы балалар қаламгерлерінің туындылары бірнеше баспадан жарық көрді. «Атамұра» баспасынан қазіргі таңда балаларға арнап жазып жүрген отыз қаламгердің таңдамалы шығармалары, «Балалар әдебиеті» баспасынан Ш. Күмісбайұлының «Бабамдай болғым келеді...», «Жалын» баспасынан О. Асқардың «Балалар әлемі» т.б. жинақтары жарық көрді. «Таймас» баспасынан балаларға арналған «Жаңылтпаштар», «Алдар көсе», «Алпамыс батыр», А. Сопыбековтің «Көңілді біздің күніміз» (өлең, мысал, ертегі, аңыз, поэмалар), З.Жұманованың «Әжем, Күләйша, Рокфеллер және басқалар», Ж. Шағатайдың «Ауылдың кішкентай археологтары», Н. Ақыштың «Тау ішіндегі тауқымет», О. Асқардың «Ауыл балалары мен қала балалары», Б. Сарыбайдың «Ақтабан», Ә. Салықбайдың «Айдана мен Ақжолтай», С. Байхоновтың «Сара анамның сабақтары», О. Байбақұлының «Бәсіре», С. Оспанның «Қоңырау», К. Ыбырайұлының «Шуақ», А. Сәрсекөвтің «Алақай», Ә. Беркімбаеваның «Дәуіт атайдың ертегілері» және С.Үсенұлының «Қыранның балапаны» т.б. кітаптар оқырманға жол тартты. Осының өзінен балалар қаламгерлеріне, балалар әдебиетіне деген көзқарастың оң екені аңғарылады.

Балалар жазушысы Т.Әбдірайым балалар әдебиеті туралы сұхбатында: «Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі жазушы Шәкен Күмісбайұлы ұйымдастырған, талдықорғандық кәсіпкер, меценат Бауыржан Оспанов демеушілік жасаған үздік балалар туындыларына арналған «Дарабоз» әдеби бәйгесі жыл сайын тұрақты түрде жарияланып тұрды. Жүлде алған шығармалар «Кәусар бұлақ» деген атпен кітап болып шығатын, кітап дүкендеріне түсетін, кітапханаларға тарайтын. Осы «Дарабозды» «Алтын қалам» деген конкурсқа апарып тіркеді де, баяғы «Дарабоздың» үні өшті, беделі төмендеді. «Алтын қалам» конкурсы керек. Оған еш қарсылығым жоқ. Бірақ балалар шығармашылығына арналған «Дарабоз» бәйгесі, бұрынғыдай, өз алдына жеке отау болғаны жөн», – деген болатын [1]. Балалар шығармашылығына арналған «Дарабоз» бәйгесі жыл сайын үздік туындыларды анықтап отыратын. Бұл бәйге тоқтап қалғанда, елімізде түрлі әдеби байқаулар ұйымдастырылды.

XX-XXI ғасырдағы балалар әдебиетіне көп еңбек сіңірген қаламгерлердің бірі – Әдібай Табылды. Қаламгердің балаларға арналған 31 кітабымен бірге «Ұлттық тәрбие иірімдері», «Қазақ этнопедагогикасы», «Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі», «Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі» атты оқу құралдары шыққан. «Әдеп әліппесі» атты оқу құралы қазақ мектептерінде жеке пән ретінде оқылып тәрбие құралы ретінде пайдаланылуда. Ғалымның «Халық тағылымы», «Тағылым», «Қазақ этнопедагогикасының методологиясы мен мәдениеттану

мәселелері» т.б. ғылыми-монографиялық еңбектерін жоғары оқу орнының оқытушылары оқу-тәрбие ісінде пайдаланып жүргені белгілі.

Оның «Тентек балапан», «Қаскүнем қасқыр мен батыр қоян», «Қасиетті сөз» драмалары мен «Әдеп» интермедиясы, «Салтан салақ», «Әженің қуанышы», «Жанашыр» әңгімелері балаларға арналған. Қаламгердің драмалары мысал жанрымен жазылған. Аң, құстардың тіршілігі арқылы адамдарға ой салған «Тентек балапан» драмасына балапан, тауық, қозы, диқан, мысық, ертекші сияқты кейіпкерлер қатысады. Анасының тілін алмай, ай мен күнге сапар шегіп, азып-тозған балапан мысыққа жем болады. Автор ай мен күнге жету үшін көп білім керегін, анасының тілін алмаған қиқарлардың балапан тәрізді қор болатынын оқырмандарының есіне салады. Олар, біріншіден, ананы тыңдау керегін, екіншіден, қиқар мінезден ештеңе өнбейтінін, «көп кісі бір жақ, қиқар кісі бір жақ» болатынын, үшіншіден, сауатсыздардың ұзаққа бармайтынын түсінеді.

«Қаскүнем қасқыр мен батыр қоян» шығармасының кейіпкерлері – қасқыр, қоян, кірпі, барыс, түлкі, иттер. Мұнда қасқырды алдап, барыстан пана тапқан қоянның тапқырылығына тәнті боламыз. Жыртқыштың аузынан өзінің ақылымен құтылып шыққан қоян барыстың қамқорлығымен қасқырды өзіне қызмет жасатады. Мұның өзі қандай жағдайда да ақылмен шешілген шешімнің сәтті болатынын аңғартады. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дегенді қазақ осындайда айтады. «Қасиетті сөз» драмасына арыстан, қозы, қасқыр, торпақ, мысық, бота қатысады. Арыстан, қасқыр, мысық, қозы – төртеуі тоғай арасында достасып өмір сүреді. Арыстан торпақтың «мөө» деп мөңірегенін, мысықтың «мияу» деп мияулағанын, марқаның «мээ» маңырағанын «мама» деп жатыр деп түсінеді де, өз анасы есіне түсіп оларды қасқырдан қорғайды. «Мама» деген аянышты үнді естіп, аң патшасы арыстан да анасы бар айуандарға тие алмапты. «Өрелі сөз өлімнен де құтқарады» деген мақал осыдан қалыпты», – деген авторлық ұстаным балаларды сөз қадірін білуге, «ана» деген қасиетті сөздің астарына үңілуге шақырады. Хайуан да, мал да, адам да анадан жаратылса, олардың барлығы да жаны қиналғанда аналарын шақырып «мама» дейді екен. Бұл – өмір заңы, жаратылыс заңы.

Диалогқа құрылған «Салтан салақ», «Әженің қуанышы», «Жанашыр» әңгімелерінің ішінде «Салтан салақ» балаларды ұқыпты болуға шақырса, екіншісінде әже мен немересі Ақжан, үшіншісінде әжесі мен немересі Тұмаржан арасындағы ыстық сезімге куә боламыз. Жазушының: «Балаларды сүйемін, бар өмірім бала тәрбиесіне арналды. Халқымды сүйемін, оның ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбие үлгілерін пайдаланып, оны оқу-тәрбие ісінде қолдану жолдарын шәкірттеріме үйретіп жүрмін» [2; 253], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, ол көркем шығармаларымен балаларға тәлім-тәрбие беруді көздесе, зерттеу еңбектерінде халықтық педагогикаға назар аударды.

«Құбажон», «Зәйтүн қарлығаштың ерлігі», «Өлместің жұлдызы», «Алтын ара», «Жалықпас шежіресі», «Гүл ағашы», «Көкше», «Жәки-Жамал және шайтандар» кітаптары сыншылар мен оқырмандардан оң баға алған көрнекті балалар жазушысы – Тауық Рымжанов. Жазушының «Алтын киік» ертегісінде елінің Күнін іздеп шыққан Өлмес ханзаданың Алтын киікке жолығуына кездесеміз. Ханзада түсіндегі Ай астындағы Айбарша сұлуға ғашық болып қалғанына, Алтын киіктің мөлдіреген бота көздеріне көзі түскенде бір-ақ білді. «Ғажап көз! Аумаған адам көзі! Бота көз деп аталатын аялы, қап-қара мөлдір көз! «Мынаның көзі адамның көзі ғой» деп ойлап

үлгерген жоқ, Алтын киіктің алдыңғы аяқтары көкке атылды да, өлместің басынан бір-ақ қарғыды!» Алтын киікті ұстаса, елінің Күні оңынан туатын үміті оянғанын жолдастарына айтпады. «Шатырды жығындар! Қайтамыз!» деген бұйрықты асығыс айтқанын енді түсінген ханзада қайтып кетсе, Айбарша сұлудан біржола көз жазып қалатынын білді. Сондықтан көлдің сол жағындағы Алтын киік асқан белеске қарай аяндап жүре берді.

Ескен Елубаевтың «Шабан атқа бәйге» ертегісіне бір байдың өмірі арқау болған. Еріккен бай екі жарлыға «Шабан атқа бәйгем бар» бәйгені ең соңында қалған шабан атқа беремін дейді. Бәйгеден үміткер болған екеуі де тапжылмай бір орында тұра береді. Оны көрген бір бала екеуіне аттарыңды ауыстырып мініңдер, өз атым артта қалсын деп бар күшпен шабасындар дейді. Ал бай кішкентай баланың тапқырлығына таң қалады. Мұны оқыған әр бала осындай тығырыққа тірелген сәтте тапқырлық танытуға үйрену керек.

«Қырғыннан құтқарған қарлығаштар» ертегісі жаугершілік заманда шекараға жақын бір оқшау отауда тақыр кедей шал тұратынын баяндайды. Бір жылы шалдың үйіне қарлығаштар ұя салады. Қасиетті құстың үйіне ұя салғанын жақсы ырымға балаған шал елге жау шапқанда ұяны бұза алмай жалғыз қалып қояды. Жалғыз үйге жеткен жау шалдың басын шаппақ болғанда қарлығаштар шырылдап кетеді. Мұны көрген қолбасы мұндай қариясы бар елдің халқы мейірбан болады деп кейін қайтады. Төле би туралы осындай аңыз бар. Төле биді осы ісі арқылы халық «Қарлығаш би» атап кеткені тарихтан мәлім. Ертегіге бергісіз оқиғаның түбінде аңыз жатқаны шындық.

«Жолбарыс батырдың түсі» де аңызға құрылған. Батыр түсінде екі арыстан, екі қасқыр, екі түлкі, екі қарсақ көреді. Қарт түсін ұрпағына жорығанда, батыр ұрпағының ұсақталатынына сенбей: «Түс – түлкінің боғы» екен», – деп кете барады. Бұл түс туралы да қазақ әдебиетінде бұған дейін көп айтылғаны белгілі. Жазушылар оны бірде Абылай ханның, енді бірде Әбілқайыр ханның түсі деп көрсетеді. Бұл – ұлттық әдебиеттегі белгілі түстің интерпретациялануы.

Жазушы Қанат Қайымның «Ағайынды алты құрт» ертегісінде қазақтың ұлттық тағамының ерекшеліктері көрініс тапқан. Күлше, Сықпа, Шүйірмек, Жарма, Малта, Сүзбе деген алты құрттың әкелері – Сүт, анасы – Іркіт. Жазушы осы құрттардың өздерін таныстыру арқылы олардың ерекшеліктеріне назар аударады. «Мысалы, менің атым Күлше құрт. Мені жасағанда құртты кесектеу етіп домалақтайды. Одан соң оң қолдың бас бармағы мен төрт саусақ арасына қысады. Бүйірімді жұқартып, дөңгелектейді.

– Менің атым Жарма, – деді тағы да бір құрт. – Күлше екеуімізді ұзақ уақыт сақтап, қыста жеу үшін жасайды. Бізді көп уақыт кептіру керек. Әйтпесе, ішіміз көгеріп кетеді», – деп, әрқайсысы өзін таныстыру арқылы құрттың алты түрлі тәсілмен жасалатынынан хабар береді. Құрт кептіретін өре, сүт жинайтын саба туралы ақпарат алған балалар алдағы уақытта сүттен жасалатын тағамдар туралы білетін болады. Жазушы аталған ертегіде сүттен жасалатын тағамдарды дайындау технологиясы туралы балаларға мағлұмат беру арқылы ұлттық тағамдарды насихаттауды көздеген.

«Топан су» әңгімесінде қалаға алғаш келген Сәкен өзінен кішкентай Тимурдың көп білетініне таңданады. Бағдаршам, токпен жүретін троллейбус, өрт сөндіргіш машиналар туралы өзінің түк білмейтініне ұялған Сәкен енді Тимурмен бірге ваннаға су толтырып, қайықтарды жарыстырып ойнайды. Өздері де суға түсіп ойынның

қызығымен үйді суға толтырып, астындағы пәтерден су сорғалатқандарын білмей де қалады. Жазушы ойын балаларының салғырттығын, балалықпен жасалатын келеңсіз оқиғаларды шынайы бейнелеу арқылы бала психологиясын ашуға тырысқан.

«Ағаттық» әңгімесінде Әлібек отырғызған шыбығын машинасымен жаншып кеткен Қадырдан кек алу үшін оның машинасының дөңгелегіне шеге тіреп қойып, дөңгелегін жарады. Бірақ сол шегенің қырсығынан ертесіне анасы бес шақырым жердегі жұмысына жаяу кеткені өкінішті. Баланың ағаттығы деген ақылға салып ойламаудан туындайтынын жазушы Әлібектің қыңыр мінезімен көрсеткен. «Тордағы торғайлар» әңгімесіне Сәлімнің басынан өткен оқиғалар арқау болған. Алғашында қалаға келген Сәлім Ермектің тордағы сарғыш торғайларына қызығып, ауылға барған соң өзі де екі торғайды ұстап торға салып жем, суын бердім десе, кешке дейін екеуі де өліп қалады. Келесі жолы қалаға келген ол тордағы торғайларға жаны ашып, оларды далаға ұшырып жібереді. Өз торғайлары тәрзді өліп қалар деп ойлаған ол құстардың түрін ажырата алмайтын еді. Мұның өзі құстар туралы бала таным-түсінігінің аздығын көрсетеді.

Ө.Қалдыбаевтың «Арманына жеткен айбалта» ертегісі кішкентай оқырмандарға ой салады. Ешкімге керек болмай сарайда тот басып жатқан айбалта қайрақтан келіп ақыл сұрайды. Оның ақылы бойынша тоғайға барып өзіне сап боларлық аққайыңның бұтағын кесіп алады. Сапты өзіне кигізіп алған соң оны қайрақ жалтыратып қайрап береді. Өзінің осындай талпынысының арқасында ендігі жерде айбалта адамзаттың керегіне жарап, күнде қолда жүретін болады. Оқушылар аққайың мен шіліктің сөзінен айбалта мен қайрақтың сөздерінен көп өнеге алатыны белгілі. Өзінің залымдығымен жер бауырлап өспей қалған шілік пен аққайыңның өмір сүру қалпы екі түрлі еді. Аққайың бұтақтарын адамның қажетіне сыйлағанмен жыл сайын өсіп, көктеп, жапырақ жая түседі. Ал шілік болса өзінің ниетіне қарай жапырақ жая алмайды, олардың бойы да өспейді. Егер айбалта да тот басып жата бергенде оны ешкім керек етпейтін еді, өзінің ынтасымен қайраққа барып ақыл сұрауының арқасында ол бүгінде иесінің қолынан түспейтін болды. Жазушы аққайың, шілік, қайрақ, айбалталардың өмірі арқылы жас оқырмандарды еңбекке баулиды. Еңбек еткен баланың бойы қайың сияқты биік болып өсетін болса, жұмыс істемейтін жалқаулар, ойы жаман айлакер қулардың бойы өспей қалады екен. Қайрақ, аққайың, айбалта сияқты әр бала өздерінің қолдарынан келгенше ата-анасына, жақын туыстарына, еліне қызмет етуі керек. Жазушының «Бәйтерек пен дәнек» ертегісінің де жас оқырманға берер тәрбиесі жетерлік. Күзгі алапат дауылда қызғалдақ дәні аспанға ұшып, олар жер әлемге тарайды. Бір дән бәйтеректің қуысында қалып қойып, сонда қыстап шығады да, жаз шыға жерге түсіп, бусанып тұрған жерден нәр алып өсіп шығады. Қызғалдақ «талай-талай долы дауыл тұрып, аптап ыстық сорып, қақаған суық қарып, өн бойы бұжыр-бұжыр, шор-шор болған қарт Бәйтеректің» ақылымен өзгеге қуаныш сыйлап жайнап тұр. Олай болса, біз де бәйтерек пен қызғалдақ сияқты қолымыздан келгенше басқаларға қуаныш сыйлауымыз керек.

Ш.Күмісбаевтың «Қасқыр мен ит» ертегісінің кейіпкерлері – қойшының иті мен қасқыр. Ақылды ит қасқырды асыра мақтап, оны әңгімеге тарта отырып қойшыға ұлып хабар береді. Итінің ұзақ ұлығынынан сезіктенген қойшы қорадағы қойға түспек болып отырған ақымақ қасқырды атып алады. Жазушы ит пен қасқырдың тірлігі арқылы ақылды мен ақымақ жандардың күйінен хабар береді. Мақтау сүйген ақымақ қасқырдың тірлігі балаларға ақылды болу керектігін үйретеді.

Балалар әдебиетін зерттеуші Ш.Ахметов: «Қазақ балалар әдебиетінде батырлық, ерлік дәстүр, өнеге тұтатын ұлы өнерпаздар, еңбек ерлері, космос батырлары, ғылым ашқан ғаламаттар – бәрі-бәрі сипатталады», – деген болатын [3; 9]. Ғалымның осы пікірі Ә. Әбдібайдың «Күннің тоғыз баласы» ертегісіне қаратыла айтылғандай. Жазушы Күн планетасын айналып жүретін Жер, Меркурий, Шолпан, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон планеталары мен Астероид, Метеорит, Кометалар туралы оқырмандарға мағлұмат береді. Далада қой бағып жүретін бала күнде Шолпан туғанда қойларын өріске айдап шығатын болғандықтан, Шолпанмен дос болып кетеді. Солай жүргенде жаз өтіп күз келгенше Шолпан бір көрінбейді. Досын ойлап жүргенде оның жауырын тұсынан қанат өсіп шығады. Шолпанның жаз бойы жоғалып кеткенін түсінбеген ол досын іздеп Күнге сапар шегеді. Қанатының арқасында Күнге сәлем беріп, оның Жер, Меркурий, Шолпан, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон сияқты тоғыз баласымен жақынырақ танысады. Әрқайсысына барған сайын олардың ерекшелігін көріп, соның себебін сұрайды. Балаларының бәрі де Күн – ананы айналып жүргенмен олардың қасиеттері түрліше екен. Әр планета өз тарихы туралы саяхатшы балаға әңгімелеп береді. Тоғыз планетаның ішінде ең ерекшесі – Жер екенін түсінген бала тездетіп Жерге қайтса, Ай тұтылып тұрғанының үстінен түседі. Жерге көлеңкесі түскенде Ай тұтылатынын түсінген бала әр планетаның өз ерекшелігін көңіліне тоқиды. Осылайша, жазушы жас оқырмандарға Ай, Күн, Жер және басқа планеталар туралы түсінік қалыптастырып, Шолпан, Жетіқарақшы, Үлкен Аю шоқжұлдызы, Бүркіт шоқжұлдызы, Сүмбіле, Таразы, Үшарқар, Сарышаян шоқжұлдыздары туралы мағлұмат береді. Ертегі кейіпкерінің саяхаты арқылы оқырмандардың аспан денелері туралы танымы кеңейіп, жұлдыздар туралы түсінік қалыптасады.

Тәуелсіздік тұсында әңгіме-хикаяттармен бірге әдеби ертегілер көптеп жазылды. Жас бүлдіршіндерге арналған «Жаңа заман ертегілері» деген жинаққа енген Н. Ақыштың «Балалар елін бағындыру» ертегісінде Ойын, Еңбек, Өнер, Спорт, Оқу, Кітап патшалығының үстінен келген отарлаушы Теледидар, Компьютер патшалығы балалардың жаппай денсаулығын бұза бастайды. Теледидарлар патшасы өздерінің балаларға жасап жүрген қиянатын былай түсіндіреді: «Ол – рентген сәулелері. Теледидар қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде сағатына ноль бүтін мыңнан екі микро-рентген сәуле шығарады. Ал бала он жыл бойы үзбей Теледидар көрсе ше?.. Бұл – ауруға апаратын тура жол. Яғни он жыл бойы бізді тамашалаған баланың ешқайсысы алдымыздан сау кетпейді. Өмірлері қауіпке ұшырайды» [4; 13]. Теледидар патшалығының өзі балалардың ағзасына осынша зиян келтірсе, олардың Компьютер тайпасымен одақтасып балаларға шабуыл жасауы тіптен қауіпті. Қазіргі таңда компьютер мен ұялы телефонға байланған балалардың көз тамырлары зақымданып, көру қабілеті тым төмендеуде. Ал автордың айтпағы «Ал Ойын, Еңбек, Өнер, Спорт, Оқу, Кітап – алтауы бірігіп, Балалар елін қалайда Теледидар мен оның одақтасы Компьютер атты басқыншылардан тазарту қамында» дегенге саяды [4; 15]. Бірақ ондай күннің қашан туатыны белгісіз. Себебі, күннен күнге бүлдіршіндер де, жасөпірімдер де, жоғары сынып оқушылары да ұялы телефон мен компьютерге тәуелді болып барады. «Уайымшыл мектеп формасы» ертегісінің кейіпкері – оқушы костюмі. Дүкенге су жаңа болып түскен костюмді Еркін деген бала сатып алады. Ол мектеп формасын кір, мыж-мыж етіп күтіммен карамағандықтан, одан костюмі қашып кетеді. Осы оқиға арқылы автор мектеп

оқушыларын ұқыпты, таза болуға шақырып отыр. Егер үсті-бастарына, киімдеріне ұқыпты болмаса, олардан киім де қашатындығын айтқан. Оны жазушының «сол жас костюм, яғни мектеп формасы Ақжарқын нағыз оқушыны іздеп, әлі күнге ел кезіп жүр дейді. Өзіне лайық жанашыр бола білетін жас ұлан оған қашан жолығар екен?..» деген сөзінен көруге болады [4; 25].

«Адам қорыған көл» ертегісінің кейіпкері – Данияр деген бала. Қалада тұратын ол газдалған лас ауамен тыныс алғандықтан, денсаулығы нашарлап, жиі ауыратын болады. Қала сыртына шығып таза ауамен тыныстауды әдетке айналдырған бала бір күні қарияға кездеседі. Қол беріп амандасуды, үлкендерге сіз деп сөйлеуді білмейтін қала тәрбиесін алған балаға қария ескерту жасайды: «Шырағым, сен осы тұрғанда бір емес, бірнеше кемшілік жібердің. Ең алдымен, шашым ағарған шал екенімді көріп тұрып, менімен амандасқан жоқсың. Мұндайда үлкен адамдарға «Ассалаумағалейкум» деп ауыз толтыра сәлем берген абзал. Екіншіден, «сен» емес, «сіз» деу керек еді. Бұл тағы да үлкенді сыйлауға байланысты. Үшіншіден, «қарт» дегеннен гөрі маған «ата» дегенің жарасар еді» [4; 29]. Даниярға жасалған бұл ескерту барша қалада өскен балаларға қаратыла айтылып тұрғаны анық. Себебі, қалада өскен балалардың көпшілігі үлкендермен амандасудың жөнін білмей жатады, сонымен бірге әке-шешелеріне «сен» деп екінші жақтан сөйлейтіндер де қалада өскендерде жиі кездеседі. Ондай жағдайда оларға қария тәрізді үлкендерге үшінші жақтың сыпайы түрінде сөйлетуді үйреткен абзал. Қала сыртында табиғаттың адам қолымен бүлініп жатқанына ренжіген ақсақал табиғатты аялау қажеттігін оған түсіндіреді. Адам аяғы баспаған Арайлым деген көлді қариядан естіп алған Данияр күн жүріп, түн жүріп оны іздеп табады. Оның ұзақ жүргені сонша, астындағы машинасы күймедей, машинасының дөңгелегі түймедей болады. Шамадан тыс әсірелеудің түрі үлкейту (гипербола) мен кішірейту (литота) көбіне батырлар жыры мен өтірік өлеңдерде кездеседі. Жазушы тосын әсер туғызу мақсатында кішірейтуді қолданып отырғаны анық. Ондағы мақсат – Даниярдың адам аяғы баспаған көлді ұзақ уақыт іздеуін көрсету. Адам аяғы тимеген Албан таудың ар жағында, Балбан шөлдің бер жағындағы Арайлым көлін Даниярдан естігендер оған қарай ағыла бастайды. Адам аяғы тиген соң сол маңға жол түсіп, қала салынып, көл қорушылар құстар мен балықтарды аулап, табиғаттың тынышын алады. Араға бір жыл салып жазғы демалыста көлге барған Данияр Көксерке, Ақсазан достарының мұң-шеріне тап болады. Көлді қоримыз деген адамдар оларға қиянат жасағанын, балықтар мен құстарды аулап құртуға айналғанын естіген бала достарына, табиғатқа жаны ашып, ыстығы көтеріліп ауырып қалады. Балаларының не себепті ауырғанын білген ата-ана тұрғындардан қол жинап, қала сыртындағы көлді қорғауға қол жеткізеді. Бірақ бұл кезде Даниярдың Көксерке, Ақсазан достары көлден ізім-қайым жоғалып еді. Балықшылардың ауына түскеніне сенбеген бала достарының атын атап, күнде іздеп жүріп, өзі де ер жетіп, сол көлдің қорықшысына айналады.

«Қамаудағы үш дос» ертегісінде Айдынның Шаңғы, Коньки, Шана сияқты достарының жазда неге далаға шықпайтыны туралы ой қозғаған. Жаз бойы іште жатудан жалыққан олар өз беттерінше далаға шығамыз деп көп опық жеп, қатты жарақаттанады. Содан бері олар Айдынның рұқсатынсыз жазда далаға шықпайтын болыпты. Жылдың әр маусымында Айдынның достары ауысып тұратынын Велосипед, Доп сияқты достарынан көруге болады.

«Мейірімділік сәулесі» ертегі-хикаяты «Жаралы көгершін қайдан келді», «Ерте

атқан таң», «Елшілер және соғыс министрі», «Енді не істейміз», «Ғалым ата айтқан сөз», «Меймандос мейірман планетасы», «Тағы да соғыс министрі», «Табылды», «Соңғы құрбандық және мәңгі бейбітшілік» деген тараулардан тұрады. Әр тарауға Бекен мен Дән елінен келген жаралы көгершіннің басынан өткен түрлі оқиғалар негіз болған. Дән еліне Бүлік елі шабуыл ашып, содан қашып шыққан көгершін Бекеннен көмек сұрайды. Бекен көгершіннің зымыранына мініп алып, Бүлік елінің Соғыс министріне дейін барады. Алайда олар өздерінің басқыншылық әрекетін тоқтатпай, Дән елін түп-түгел жойып жіберу мақсатымен шабуылды үдете түседі. Бүлік елінің ұшқыр жойғыштарынан аман-есен құтылған олар Ғалым атайдың айтуы бойынша «Мейірімділік сәулесін» іздеп, Мейірбан планетасына сапар шегеді. Мейірімділік сәулесін іздеп шыққан олар мейірбандықтардың ыстық ықыласына бөленіп, адамзат баласына шапағын шашып тұрған «Бөбек күлкісі» гүлін құшақ-құшақ етіп теріп, Бүлік еліне алып барады. «Бөбек күлкісінен» бөлінген сәуле адамзат баласына мейірім шашып, олар сол заматта соғысты тоқтатып, бір-біріне мейіріммен қарай бастайды. Бірақ Жер шарын бірнеше рет айналып жүргенде Бекен мен Шапағат-көгершінге шамадан тыс сәуле (радиация) өтіп, екеуі сол аурудың зардабынан мәңгілікке көз жұмды. Бұл екеуі – адамдар арасындағы соғыстың соңғы құрбаны еді. Авторлық ұстаным «Бөбек күлкісі» гүлдеп, айналасына шуақ шашып тұрғанда адамзат баласы жауыздыққа бармайтыны белгілі дегенге саяды.

Арасанбай Естеннің «Теңіз төріндегі тайталас» ертегісі теңіз мақұлықтарының тайталасына құрылған. Теңіз патшасы бар мақұлық пен аң, құс, балықтарды жинап алып жар салады. Үлкен бәйгеде әркім өзінің мықты екенін дәлелдеп шығу керек болады. Жер осіндегі мұхитта мұзды қыстаған ақ аю қармақсыз балық ұстайтынымен, суық өткізбейтін ақ мамығымен мақтанса, этешбалық құстың да, балықтың да қасиетін бойына жинағанын айтады. Өзін теңіздің ақиық қыранына теңеген баклан құс сөздікте «Суқұзғын» деп аударғандарға наразы. Бекіре өзін аты алты Алашқа мәлім теңіздің төресімін десе, үйрек текті гага альпинистер мен ғарышкерлердің жылы киімін, жастықты біздің ұлпамыздан жасайды деп өз қасиетін танытады. Су бетінде табанмен тұратын дауылпаз дауыл соққанда апталап көкте қалықтап тұратын болса, адамзат баласын қатерден құтқаратын дельфин адамзатқа үйір. Бір демде бес миллион уылдырық шашатын құртпа, терісі бағалы нерпа, Антарктидада мекендейтін пингвин, үш жүрегі бар сегізаяқ, екі асқазанды теңіз жұлдызы, үш жүз жыл жасайтын теңіз тасбақасы, жыланбалық, көк кит, үкішабақ, шортан, інжу сияқты теңіздің тіршілік иелерінің түрлі қасиеттері туралы балаларға мағлұмат береді. Өз ерекшеліктерімен мақтанғандардың ең мықтысын табуды балаларға жүктеу арқылы оларға ой салады. Әрқайсысының қасиеттерін бағалап, оларға баға беру, әділ қазы болу балаларға да оңай емес. Теңіз тіршілігінен мол мағлұмат берген ақын «Елеп, екшеп, саралап, Тандар едің қайсысын?!» деп түйіндейді. Бұл – балаларды шешім қабылдауға, өзінше түйін жасауға баулитын әдіс.

Абдрахман Асылбектің «Бақыт іздеген бала», «Алтын аймақ» ертегілерінің кейіпкері – бай баласы. «Ерте, ерте, ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен» деп ертегі жанрының қалыптасқан дәстүрімен басталатын екі ертегінің кейіпкерлері ұзақ сапарға шығып, түрлі кедергілерді жеңіп, мұрат-мақсатына жетеді. Бірінші ертегінің кейіпкері бақыт іздеп шығып, ел басқарған ханнан да бақытты таба алмай ұзақ сапар шегеді. Күндердің бір күнінде ыңылдап ән айтып, соқамен жер жырттып жүрген шаруаға кез болады. Өз еңбегімен күн көріп анасы мен бала-шағасын

асырап жүрген қарапайым шаруа «Бақыттымын, бауырым, Еңбегіммен табанды» дейді. Шаруаның бақытты екені оның көзінен көрініп тұр еді. Мұны түсінген бай баласы еліне қайтып, шекпен, етіктерін шешіп, өмір бойы еңбек етеді. Сол еңбегінің арқасында ол да бақытқа кенеліп, мұратына жеткен екен. Бұл ертегі жас бүлдіршіндерді еңбек етуге шақырады.

«Алтын аймақ» ертегісінің кейіпкері – алтынқұмар хан мен оның үш баласы. Елдің қамын ойламай, қол астындағы халықты аш қасқырдай талап, бақыт та, байлық та тек алтында деп түсінген ол алтын жинап, төңірегін шегірткедей жалмап бітіреді. Күндердің бір күнінде ханды алтынның буы ұрып қатты науқастанып жатып қалады. Шалажансар жатқан ханды бірде-бір емші жаза алмайды. Бір балгер келіп, ханға алтын аймақтағы алтын құдықтың суын ішсе жазылатынын айтады. Ханның үлкен ұлы әкесінен бата алып, құдықтың суын алып келуге аттанады. Бірақ ол жолда кездескен алтын аймақтағы алтын қаланың мол алтынына қызығып, одан алтын отауға кіріп, сол жерде алтынның буына мас болып қалып қояды. Ортаншы ұл да ағасының ісін қайталап ақ отауда қалып қояды. Кіші ұл ұйқы құшағында жатқан қаланың алтынына қызықпай, жалғыз аман отырған шалдың айтуы бойынша, алтын құдықты күзеткен жеті басты айдаһарды, ақ отаудағы диюді өлтіріп, ағаларын құтқарады, алтын құдықтан әкесінің дертіне дауа суды алып келіп, әкесі дертінен сауығып аяғынан тұрып ұлан-асыр той жасайды. Сол тойға балгер шал қызын алып келіп, ханның кіші ұлына қосады. Шалдың қызына ғашық болған дию бүкіл қала халқын алтын буына масайтып ұйықтатып тастап, қызды тұтқында ұстап отырған екен. Дию өлген соң, оның сиқыры да күшін жойып, ел бұрынғы тіршілігіне қайта көшеді. Ханның үлкен екі ұлы, «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегендей, алтынның буына мас болып, ақыл-естен айырылып жүргенде, алтынға қызықпаған інілері барып, оларды диюдің тұтқынынан құтқарады. Автор осы оқиға арқылы байлыққа, алтынға қызығуға болмайтынын шалдың «Алтын жиса кімде-кім, Өзіне өзі қас екен» деген сөзімен жеткізген.

2013 жылғы Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Н. Құмардың «Сезімтал тарақандар» ертегісі қазіргі замандағы оқиғаларға негізделген. Тынық мұхитындағы Тубуаи деген аралға бет түзеген сезімтал тарақандар өздері мекендеген елден үдере көшуде. Қалта телефондарынан бөлінген радиация олардың ұрпағына қауіп туғызуда. Тарақандардың Тубуаи, Молден, Уполу, Аварау аралдарына қоныс тебуінің басты себебі – онда ұялы телефон санаулы ғана. Экологиялық таза аймаққа барып ұрпағын сақтап қалуды көздеген тарақан ұлы көшті бастап жүріп кетеді. Тарақандардың бұл әрекетіне таң-тамаша қалған қоңыз «Қой үстіне бозторғай жұрмытқалаған» заманды аңсаған замандастарына сәттілік тілейді.

Балаларға арналған «Көгершін» (шетел әдебиеті) журналының ұйымдастырушысы және алғашқы Бас редакторы (1999-2005), «Алтын қалам 2018» жабық әдеби конкурсының балаларға арналған «Дарабоз» номинациясы бойынша бас жүлдегері, балалар әдебиетін зерттеуші Бекен Ыбырайым – әр жылдарда балаларға арнап шығармалар жазып жүрген қаламгер. 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған ХІ Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-байқаудан жүлде алған «Сарыауыздың саяхаты» ертегі-хикаятына Сарыауыз балапанның бір күндегі басынан кешкен оқиғалары негіз болған. Ақтауықтың баласы алғашында сөйлесе жауап бермейтін, тамақ ішпейтін қозғалмайтын қызға тап болады. Оның жаны жоқ қуыршақ екенін құмырсқадан

естігенде таң-тамаша болады. Қоңырша аталатын қылдай құмырсқаны аспан деп ойлаған балапан одан парашюттің не екенін түсінеді.

Жазушы Сарыауыз балапан, Қоңырша құмырсқа, Ақгүл көбелек, Аққу, торғай, қарлығаш, қараторғай, бозторғайлар тіл бітіріп, кішкентай оқырмандарды олардың тіршілігінен хабардар еткен. Олар да кішкентай балалар тәрізді терезе, жапырақ, арық, ағын су, үлкен кеме деп түсінген терең қоныш кәлөш, кемпірқосақ, шана, сияқты ұсақ-түйек заттарды білмейтін болып шықты. Бір-біріне қосылып күні бойы ойнап, әбден шаршаған Қоңырша мен Сарыауыз қарындары ашқан соң үйлеріне қайтты. Ақтауық анасынан ұзап көрмеген Сарыауызды Аққу арқасына мінгізіп алып кетсе, Қоңырша жаңбырдың бір тамшысына секіріп мініп, өз илеуіне кетті. Ертегі: «Тойып алған соң, ұйықтайтын шығар. Содан кейін не істер екен? Сырғанаққа, әлде басқа жаққа бара ма, оны ертең біле жатармыз. Егер әріптерді үйреніп, кітап оқығысы келсе, көп нәрсені білуге қызықса, маған келеді. Сонда мен сендерге де айтамын. Бірге оқып-үйренеміз, жарай ма?..», – деп аяқталады. Автор балаларды ертегі кейіпкерлерінің өмірімен қызықтыра отырып, білім алуға шақыруды көздеген. Енді кішкентай балалар да ертегі кейіпкерлері тәрізді әріп үйренетін болады.

Қиял-ғажайып ертегілер – ең көне жанрдың бірі. Бұл ертегілерге негізгі қаһармандардың дүниеге келуінен бастап, олардың алыс сапарға аттануы, түрлі құбыжықтармен шайқасуы, отбасына қайта оралуы негіз болады. Бұл ертегіге де автордың қиялы негіз болған. Жазушы қоңыз бен тарақанның диалогымен, мұхит асып келген хат мәтінімен олардың ұрпақ үшін күресін суреттеген. Сезімтал тарақандардың бұл тірлігі адамзат баласына ой салса, біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз де ағзаға аса қауіпті қалта телефоннан аулақ болса екен дегенге саяды авторлық ұстаным.

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің келесі өкілі – Рүстем Серікұлы Сауытбай. Жазушының «Қиял әлемі» ертегілері мен фэнтези жанрында жазылған «Шоко әлем» кітабы жас оқырмандарға арналған. Оның «Қиял әлемі» жинағына бір топ ертегілер топтастырылса, «Тоқаш жеген Тоқашай» ертегісі Сарқан тоғайындағы Байыр деген жотаның басындағы тышқандар отбасында дүниеге келген Тоқашай деген қыз тышқан туралы. Тоқашайдың Рүшен деген тиін досы болады. Тоқашай жан-жануарларға аспаннан түсетін тосын сыйдың сырын білмек болып, барша жан-жануарлардан сұрап көреді. Ғайыптан түсіп жатқан сыйлықтың оларды ойландырмайтынына таңырқаған кейіпкер оның мәнін ұғынуға тырысады.

Фэнтези (fantasy – «қиял») – мифологиялық және ертегі сарындарын қолдануға негізделген фантастикалық әдеби жанр. Фэнтези жанры батыс әдебиетінде ХХ ғасырдың басында пайда болды. Бұл жанрдың қалыптасуын Эдвард Дансенидің «Эльфландия патшасының қызы» (1924), Роберт Говардтың «Конан» (1932), К.С. Льюистің «Нарния хроникалары» (1950-1956) шығармаларымен, Джон Рональд Руэл Толкиеннің «Сақиналар әміршісі» (1954–1955) романымен атауға болады. Ұлттық фэнтезидің алғашқы үлгілері М. Дүйсенов («Біз – күн перзентіміз», «Бір – аспанның астында», «Сағанатас сырлары»), Б. Соқпақбаев («Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Өзім туралы»), Р.Токтаров («Таңбалы жарғақтың құпиясы»), Т. Рымжанов («Зәйтүн қарлығаштың ерлігі», «Гүл Ағашы», «Күн перзенттері», «Ерден батыр») сияқты белгілі қаламгерлердің туындыларынан байқалады. Әдебиеттанушы-ғалым Ә. Әліәкбар бұл қаламгерлердің шығармаларынан көрінген бейсана құбылысты кеңестік идеология ескіні көздеушілік деп түсіндіргенін айта

келіп, тәуелсіздік тұсында Тауфих Шеғиров – Сәукетаев, Тимур Ермашев, Адам Қапанов және Ильмаз Нурғалиевтардың фэнтэзи жанрын қалыптастырғанын ерекше атайды [5]. Фэнтэзи шығармаларының оқиғалары ойдан шығарылғандықтан, оның кейіпкерлері ғажайып құбылыстар мен жаратылыстарға жиі тап болады. Тарихи-шытырман оқиғаға құрылған фэнтэзилер архетиптік сюжеттерге құрылады.

Фэнтэзи шығармалардың ғылыми фантастикадан айырмашылығы – оқиға өтіп жатқан әлемді ғылыми тұрғыдан түсіндіру көзделмейді. Мұндай әлемде құдайлар, сиқыр, мифтік мақұлықтар, елестер мен басқа да кез келген қиял-ғажайып тіршілік иелері өмір сүруге икем. Фэнтэзидің ертегілерден айырмашылығы – оқиғалар табиғат заңдары сияқты жүйелі түрде жүзеге асады. Ғылыми фантастикада сиқырға емес, болашақта болуы мүмкін дүниелер технологияның дамуымен болжанатын болса, фэнтэзиде шынайы өмірде болмайтын, адам ақылына сыймайтын құбылыстар суреттеледі.

Фэнтэзи жанрының классикалық үлгісі – Джоан Роулингтің «Гарри Поттер» шығармасы болса, қазіргі балалар қаламгерлері осы жанрға үлес қосып, балалар әдебиетін мазмұны мен түрі жағынан байытуда. Осы қатарды толықтыратын шығарманың бірі – Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты Бекен Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» ертегі-хикаяты [6]. Автор бұл шығармасын ертегі-хикаят деп атағанмен, бірақ мазмұны мен түрінен фэнтэзи жанрымен жазылғаны байқалады. Бұл – «Алтын қалам 2018» конкурсының балаларға арналған «Дарабоз» номинациясы бойынша бас жүлдеге ие болған туынды. «Ауылда», «Аспанда» деген екі тараудан тұратын хикаяттың бірінші бөліміне жердегі оқиғалар, екінші бөліміне аспандағы оқиғалар негіз болған. Ертегіге күшік Таймастың басынан өткен қызықты жайттар негіз болған. Қоршаған орта туралы білгісі келетін Таймастың сұрақтары біздің кішкентай балапандарымыздың өмірге құштарлығын көрсетеді. Аулада іші пысқан Таймас өзімен ойнайтын дос іздеп, торғай, бұзау, лақ, тауықтарға барып танысады, бірақ олармен ойнай алмайды. Себебі, күшіктің досы – Ардагер. Балабақшадан келген Ардагердің күн батқанша Таймаспен қуаласып ойнап жүруі – олардың арасындағы достықтың әдемі көрсеткіші. Бұл ертегінің де кейіпкерлері сапарға шығып, біршама жайттарды басынан өткереді. Аспандағы жұлдыздармен ойнамақ болған кейіпкерлерді уілдеген жел ақ ұлпа бұлттарға отырғызып ала жөнеледі. Жұлдыздардарға қанша жақындаса да, қол жетпейтін болғандықтан, аймен жасырынбақ ойнайды. Ай бұлттарды көрпе етіп жамылып жата қалғанда, оны таппай біраз іздеуге тура келеді. Оны жазушы былай суреттейді:

«Әй-әй, әй-әй, ұят-ай! Ұйықтап қалыпсың, ұят-ай! Жасырынбақ ойнап жүріп, ұйықтап қалдың, әй-ай, әй-ай, – деп, саяхатшылар жамырасты.

Кешіріндер, кешіріндер, менің сүйікті достарым, – деді Ай ұялғанынан. – Сендерді ұза-ақ, күтіп шаршадым. Аспан түнде салқын ғой. Бұлттарды оранып жатып едім, бұйығып ұйықтап кетіппін. Ендігәрі олай етпеймін!» [6; 27]

Ойынға тоймайтын кейіпкерлердің қайда жүрсе де ойнап жүретіні белгілі. Олар үшін жер де, аспан да бірдей. Кейіпкерлердің Аймен, Күнмен жасырынбақ ойнағанын көрген балалар болашақта солар тәрізді ғарышкер болуды армандайтыны, ақ бұлттардың үстінен жерге қарағысы келетіні белгілі.

Ардагер бастаған кейіпкерлер ақ бұлттардың үстінде отырып, жердегі қауіп төнген тіршілік иелеріне көмектеседі. Бәйтерек басындағы балапандарды жаңбырдың көмегімен жыланнан құтқарса, сахарадағы шөлден қаталаған пілдің

баласына азон қабаттарын тауыққа шоқытып жаңбыр жаудырып, жылқы мен құлынды, қойшы баланың қойларын қасқырдан аман алып қалады. Бұлттардың арасында жасырынбақ ойнаудан жалыққан соң желдің көмегімен жерге түседі.

«Қош келдіңдер, біздің қымбатты ғарышкерлеріміз! Сендердің саяхаттарыңды теледидардан тамашаладық. Жер серігі арқылы бәрін білеміз. Қобалжыдық та, қуандық та. Намысты қолдан берген жоқсындар. Жердің нағыз түлектері деген атқа лайық екендеріңді дәлелдедіңдер. Жердің түлектері қашанда мейірімді, қашанда жақсылық жасауға дайын!

Біз жақсылық жасауға әрқашан дайынбыз! – десті достар» [6; 48].

Иә, ертегінің әр кейіпкері өзгеге жақсылық жасауға жаны құштар, олар қиналғандарға, қауіп төнгендерге дер кезінде көмек қолын созады. Ертегіні оқыған әр баланың Ардагер тәрізді мектепке дейін санауды үйренуі, ойлауы мен қиялдауы шарықтай түсетіні белгілі. Көркем шығарманың танымдық-тәрбиелік қызметін кейіпкерлер бойындағы ізгіліктермен шынайы суреттеген. Осылайша, жазушы ертегі кейіпкерлерімен кішкентай оқырмандардың бойына адамгершілік қасиеттердің дәнін еге білген.

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» кітабындағы заттар шоколад пен алуадан жасалған. Бұл тәтті әрі таңғажайып әлемде Елдес пен Рауза қызықты саяхатқа шығады. Олардың мақсаты – ұрланған шоколад дәндерін еліне қайтару. «Шоко әлем» кітабы өз ішінен «Шококент», «Екі үміт», «Сүт көлі», «Нуа ұстаз», «Тақиялы періште», «Аспандағы шайқас», «Ғанундағы оқиғалар», «Жұлдыз жағушы», «Жұлдызды саяхат», «Баяуөлгей», «Ащы жоспар», «Қазансел», «Жаман шаман», «Арам ой», «Теруес», «Қояншық Қоянкір», «Ә» жоспары», «45» дәрежелік саяхат», «Е», «Туар-дд», «Алып жүрек», «Арай апа», «Ақымақтар қаласы», «Жабысқақ дала», «Сиқырлы саяхат», «Көкенің ішінде», «Кітаптың күші» деген тақырыпшаларға бөлінген [7].

«Шококент» тараушасында Тәтті тауының етегінде, Бал көлінің жағасында орналасқан Шококент қаласының кереметтеріне тап боламыз. Тәтті-тәтті сөйлеп, тәтті түс көріп, тәтті ұйқыға бөленетін шококенттіктердің үйлері шоколадтан жасалғандықтан, бүлдіршіндер үйдің қабырғаларын кеміретіндіктен, ата-аналар жыл сайын үйлерін жөндеуден өткізетін. Шындық болмысымызда болуы мүмкін емес, бұл дүниеде жоқ әлемді шококент қалашығының тыныс-тіршілігінен көруге болады. Шококент тұрғындары өздерін «шокилер» деп атайтын болғандықтан, олардың арасында Айшоко, Нұршоко, Жашоко, Байшоко, Шоқан, Шоқай, Шокобай, Шокоару, Шоконұр сияқты есімдер жиі кездесетін. Сиқырлы шоколад дәндерін періштелер ежелгі заманда аспаннан түсіргендіктен, оның сырын ешкім білмейтін. Бұл қаланың ағаштары халуадан, тастары кәмпиттен, бұлттары тәтті мақтадан болатын. Сиқырлы дәннен алынған шоколадатар жаңбырға ерімейтін, бірақ соңғы жауған жаңбырдан бүкіл қала үйлері еріп, қаланың қасында шоколад көлі пайда болады. Ертегілердің финалы кейіпкердің мұрат-мақсатына жетіп бақытқа кенелуімен аяқталса, фэнтэзиде қайғы мен қуаныш араласып келеді. Фэнтэзиде өмірде болуы мүмкін емес оқиғалар жазушының қиял еркіндігімен аяқ астынан өзгеріске ұшырап отырады. Санаулы ғана сиқырлы шоколад дәндерін түздейімдіктер ұрлап әкеткенін білген Шокохан халқын жинап, Түздейімнен сиқырлы дәндерді қайтару керектігін айтады. Сиқырлы дәнді іздеуге бес батыр шығамыз деп дайын тұрғанмен, оны іздеуге Елдес пен Раузаны аттандырады.

Фэнтэзи жанрының негізгі ерекшеліктерінің бірі – авантюрлық сюжет (іздеу,

саяхаттау, соғыс) болса, бұл шығарманың кейіпкерлері де сиқырлы дәнді іздеп саяхатқа шығып, сол жолда түрлі қиыншылықтарға, соғыстарға тап болады. «Екі үміт» аталатын тараушада спортпен айналысатын Елдос пен ақылды Рауза сиқырлы көпірден тапқырлықпен өте шықса, «Сүт көлі» тарауында сүт көлінен ұшатын кемемен өтіп, «Нуа ұстаз» тарауында Нуа ұстаздан төте жазуды үйреніп, оның ақыл-кеңесімен жолға шығады. Он жетінші рет ұрланған сиқырлы шоколад дәнін іздеп шыққан жолаушылар оны қайтаруға күллі шококенттіктер аттанса да қайтара алмайтынына көздері жетеді. Екі бала қиял-ғажайып ертегі кейіпкерлеріндей жолда кездескен түрлі қиындықтарды басынан өткеріп, ақыл-парасатымен Түздейім патшалығына жетеді. Теруестің көмегімен оларды періштелер көкке самғатып, айшылық алыс жерге әп-сәтте жеткізіп салады. Осы жанрға тән өзге әлемнің болуы мен оның көрініс табуын Теруестің еліндегі періштелер әрекеті толықтырады. Мұның өзі – біздің шындық болмысымызда болуы мүмкін емес, бұл дүниеде жоқ періштелер әлемі. «Аспандағы шайқас» түздейімдіктер мен періштелердің аспандағы шайқасынан хабар береді. Осы шайқас жанрдың негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылатын авантюрлық оқиғаларды еске салады.

Теруес оларды таудың етегінде тұратын сиқыршылар отбасына алып барады. Теңгі деген сиқыршылар отбасының үш баласы болады. Ең үлкені Шонтіл өзі жүретін, оны киген адам шаршамайтын етік тігіп әке-шешесіне табысын алып келсе, ортаншысы Дімес қыста тоңдырмайтын жазда ыстықтатпайтын ғажайып киім тігеді екен. Киізге ою салынған мұндай киімдерді патшалар алтынға сатып алатын болған. Үшінші баласы Айзын саудагерлерге ғажайып сусын сатып, тапқан табысын отбасына әкелетін болған. Әкелері үйдегі жылқыларды бағып баптайтын болған. Сондықтан оның балалары да өтірік айтпайтын, ержүрек, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі.

Бір күні әкелері үлкен баласын асқар таудың артында, көк көлдің қасында Ажда деген жерді мекен ететін айдаһарға жұмсайды. Ұша алатын ғажайып айдаһарды жеңсе, оны өзіне қызмет жасатуына болатынын айтады. Шонтіл ғажайып етіктеріне сеніп барғанмен, айдаһарды жеңе алмай, оның тұтқынына айналады, баласының жеңілгенін білген әкесі енді ортаншы баласын жұмсайды. Оның да қырық қабат етіп киген ғажайып сауытының пайдасы болмай жеңіледі. Енді ғажайып сусынның күшіне сенген үшінші баласы жолға шығады, бірақ ол да ағалары тәрізді қолға түседі. Бұл әңгімені естіген Әдес пен Лауан (шығарма басында Елдес пен Раузаның аты кейінгі басылымдарда осылай өзгерген) Теңгінің балаларын құтқармаққа бел буады. Бірақ бұлар да Аждан есімді айдаһардан жеңілген кезде оған тіл бітіп, не үшін жүргендерін сұрайды. Олар Шоко кенттің ұрланған сиқырлы дәндерін Ғанунның Түздан елінің тұрғындары ұрлап кеткенін, соны іздеп жолға шыққанын айтады да, Ажданнан көмек сұрайды. Шынын айтқан, елінің болашағын ойлап ауыр жолға шыққан балаларға ол көмектесетін, екі күн, екі түн ұшып, Құс жолы галактикасынан өтіп, Ғанун деген сиқырлы елге жетеді. Аждан шынын айтқан Лауанға: «Қиын жағдайдың өзінде тура әрі шыншыл болып қалу ғажайып қасиеттерден артық. Осы қасиеттеріңді сақтап қалғаныңша мен сендерге адал қызмет етемін. Менің сырым – мен шыншылдықтың құлымын», – деп сөз береді.

Сиқырлы Ғанун елінің таңғажайыптарына сүйсінген олар салмағын жоғалтқан адамдардың аяқтары аспаннан келіп ұшып жүруінің себебін түсінбейді. Патшаның: «Қандай ғажап өнерлерің бар, бізге не көрсете аласыңдар?» – деген сауалына

ғажайып етіктері де, ғажайып киімдері де түкке алғысыз болып қалады. Себебі, ол елдің халқы қалықтап жүретіндіктен аяқ киім кимесе, ауа-райының жылылығынан қабат-қабат киімнің де керегі жоқ болып шығады. Осы тығырықтан Әдес анасы үйреткен «Анашым» әнін айтып құтылады. Мұндай өнерден хабарсыз Ғанун патшасы оларға ризашылық білдіріп, сұрағандарын беруге келіседі. Қайн кітабының бөліктерін іздеп жүрміз деген оларға патша дұға қағазын ұсынады.

«Жұлдыз жағушысы» тарауында, Салуан ұстаздың айтуы бойынша, кітаптың он алтыншы бетін табуға көмектесе алатын жасы қырықтар шамасындағы Пекуамірді іздеп табады. Теңіз жағасында құлап жатқан жұлдыздарды суға жіберіп, оларды тірілтіп жүретін Пекуамір де жұлдыздарын ұрлайтын тұздандықтарға ренжулі болғандықтан, кітаптың жоғалған беті Баяуөлгей аралында екенін айтып, оған барар жолды көрсетеді.

«Жұлдызды саяхатта» жұлдыз жағушы Пекмауір, қанша қауіпті болса да, Әдес пен Лауанды теңізге қайықпен алып шығады. Теңіздегі дауылдан олар Пекмауір оқыған дұғаның және жұлдыз достарының көмегімен аман қалады. Ол оқыған дұға кітаптың жоғалған бетінің жартысы ғана болатын. Екінші жартысы бауыры екеуі таласқанда соның қолында кеткен.

Олар іздеп келген Баяуөлгей халқы өте баяу қимылдап, баяу сөйлейтін болып шығады. Бұл елде оларға Баяурес жол көрсетеді.

Шығармаға әкелерін іздеп шығып, әжелері айтатын ғажайып үңгірге тап болған Елдес пен Раузаның (бірде Элия мен Райл, енді бірде Әдес пен Лауан деп кездеседі) басынан өткен оқиғалары негіз болған. Ежелден жауласып жүрген тұздейімдіктер әлемді тұздандыру үшін шоко тұрғындарының тәтті шokolодтар өсіретін сиқырлы дәнін ұрлап кетеді. Осыны іздеп шыққан кейіпкерлердің басынан өткерген сиқыр күштері оқырманын баурап отырады. Өз елдерінің болашағы үшін ұзақ сапарға шыққан кейіпкерлер басынан өткерген сан алуан оқиғалар кішкентай оқырмандар бойында әлемнің жұмбақ сырларын ұғуға, бауырмалдық, мейірімділік, батылдық қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі.

Осындай жетістіктерімен бірге бұл шығарманың негізгі кейіпкерлері бір тарауда Элия мен Райл, енді бірде Әдес пен Лауан деп кездесуі оқырманын шатастырады. Жазушы әр тараушада кейіпкер атын өзгерткенмен, тұтастай алып қарағанда, олардың барлығы – шығарма басында сиқырлы дәнді іздеп шыққан кейіпкерлер. Сонымен бірге, сәтсіз құрылған сөйлемдер мен орынсыз қолданылған сөздердің кездесетіні шығарма авторының стильдік кемшілігін көрсетеді.

Әңгіме-новеллер. Қазақ әдебиетінің өткен дәуіріне көз жүгіртетін болсақ, балаларға арналған әңгімелердің көптеп жазылғандығы аңғарылады. Б.І. Алтынсариннің Асан мен Үсен туралы «Бай мен жарлы баласы», «Бір уыс мақта», «Сараңдық пен жинақылық», «Әке мен бала», С. Көбеевтің «Жарлы мен бай», «Екі соқа», А. Байтұрсынұлының «Мен қалай оқуға бардым», «Ата насихаты», «Торғай мен қарлығаш», Ж. Аймауытовтың «Қойшы бала», «Қараторғай», «Торғай мен қарлығаш», С. Бегалиннің «Сәтжан», «Таңбалы таста», «Балапан ұясында», «Құс қуған бала», «Алғашқы сонарда», «Жорға тауына жорық», М. Әуезовтің «Екі дос», «Әке мен бала», «Аңшы», С. Мұқановтың «Әсия», Ғ. Мүсіреповтің «Жас бала қыз наркөз бен бала күшік құмай, бала мысық мияу», «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима», «Әмина», Б. Соқпақбаевтың «Жасырынбақ», «Балапан торғай», «Ағаштар неге ашуланды», «Әріппай және көкжал қасқыр»,

«Бір қалта құрт», «Әжесінің баласы», «Шал мен бала», С. Сарғасқаевтың «Алға, командир», «Жұмбақ қыз», Ә. Қалдыбаевтың «Бүлдірген тере барғанда», М. Қаназдың «Арғы ауыл мен бергі ауылдың балалары», Қ. Толыбаевтың «Күн кімдікі», «Менің Отаным», «Асулар», «Санау әдісі», «Кімнің тоны жылы», «Оқушының міндеті», «Тілазар», «Ауру тіс», «Ойынға да ой керек», Т. Нұрмағамбетовтің «Қарлығаштың ұясы», М. Қабанбайдың «Ақшақар», «Жиһанкез Тити» әңгімелері балаларды ізгілікке, адамгершілікке, бауырмалдыққа, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулуымен ерекшеленеді. Жазушылар аң-құстардың өмір тіршілігінен алынған мысалдармен, замандастар өмірінен алынған оқиғалармен балаларды тәрбиелеуге көңіл бөлді, олардың бойындағы теріс мінездерді түзеуге тырысты.

Б. Соқпақбаевтың «Әріппай және көкжал қасқыр» әңгімесіндегі ойнаймын деп жүріп, қызыл бұзауды байламай Күлімхан жеңгесінен сөз еститін Әріппайдың алты-жеті шақырым жерде күземде отырған әке-шешесіне қашып кетуі – шалағай баланың әрекеті. Ал оның аяқ киімінің бауына шалынып құлап жатып көз алдына қасқырды елестетуі – «қорыққанға қос көрінуі». Бала бойын билеген қорқыныштың жеңіл күлкімен суреттелуі – балалар шығармаларының негізгі көркемдік ерекшелігі. «Әр жазушы әуелі өзін жазады» дейді... Бір сөзбен айтсам, сол өзін жазатын жазушы менмін...», – деген жазушының пікірін еске алатын болсақ, оның негізгі кейіпкерлері өзі екені белгілі [8; 23]. Күлімхан жеңгесін әке-шешесіне айтып бір ықтырып алмақ болған баланың қиқарлығы мен оның бойын билеген балаға тән үрей бір-біріне қарама-қарсы суреттеген. Жазушы, осылайша, балалардың болмысын олардың сөздерімен, сезім күйлерімен, іс-әрекеттерімен айшықтаған.

Балаларға арналған әңгімелер тәуелсіздік тұсында жаңа мазмұнмен толыға түсті. Ш. Күмісбаевтың «Тапсырма» әңгімесіндегі балабақшадан келген Адайдың тәрбиешісінің тапсырмасы бойынша бір сағат бұрышқа тұруынан бала психологиясы танылса, С. Қалиевтің «Мейір шөп» әңгімесіндегі инабатты, қайырымды бала Нұрлан мен Шәпи қарттың ақылды иті Ақтабан екеуі таудан шипалы шөп тауып келмекке сапарға шығады. Олар суға кеткен аюдың қонжығын құтқарып, мүйізі айқасқан екі бұғыға көмектеседі. Аю оларға қысқы ұйқыға кетерде жейтін шөбін, бұғылар мүйізі мен адам қолы жете бермейтін екі-үш түп женьшень шөбін сыйға тартады. Төңкеріліп қалған тасбақаны оңғарып қойғаны үшін ол мейір шөп деген шипалы шөпті береді. Тауда кездескен арқар атайға қия жартасқа ұялайтын ала қанат торғайдың жұмыртқасы шипа болатынын айтады. Торғай балапандарын ұшырғалы отырғандықтан, жұмыртқа бере алмайтынын түсіндіріп, келер жылдың ерте көктемінде бір жұмыртқасын ем үшін беруге уәделеседі. Оған дейін Нұрлан Шәпи атайдың шайына бір түп женьшеньді сала жүріп оның денсаулығын түзеді, содан кейін аю берген шөпті шайына салып ішкізгенде атай ұзақ ұйқыға кетеді. Ерте көктемде Нұрлан ала торғайға барып оның дайындап отырған жұмыртқасын өзі құтқарған бал аралар берген балауызға орап атайға жеткізеді. «Нұрлан самаурыннан бір кесе су құйып алып, теріс қарап тұрған күйі ішіне жұмыртқаны жарып жіберіп, қасықпен араластырып, Шәпи қартқа ұсыныпты.

Бір кесе суды демін алмай қағып салған Шәпи қарттың маңдайынан суық тер бұрқ ете түсіпті. Сол күннен бастап оның беті бері қарап, біраз күннен кейін құлантаза айығып кетіпті» [8; 192].

Осылайша, Нұрлан емі жоқ деп отырған аурудың шипасын өзінің қайырымдылығының арқасында тапқан екен. Ол қонжыққа, бұғыға, тасбақаға,

арқарға, торғайға, бал араларға көмектесе жүріп, өзіне керек шипалы шөп пен жұмыртқаға қол жеткізеді.

Мәди Айымбетовтің балаларға арналған шығармалары – әңгімелер мен хикаяттар. Жазушының «Теңіздің аты – теңіз», «Көгілдір соқпақ», «Қара шаңырақ», «Қасиетті құстар», «Кәрі жыланның азасы», «Той», «Құмалақшы Нұрберді», «Кемпіршуақ», «Ақпанбайдың қалжыңы», «Қасқыр иттің терісі», «Тасымқұлдың шындығы», «Бектеннің үйленуі», «Балық баққа әпенде», «Күрең құнажынның уызы», «Адыраспан», «Тәтті мұң» әңгімелері мен «Кие», «Шырақшы», «Бар болғаны он төрт жас», «Күнікей», «Нәзік жаңғырық», «Ғашық болу бақыты», «Көлге шомылған ай» повестерінің бірсыпырасында балалардың өмірі жайлы оқиғалар әсерлі баяндалған. Кейіпкер психологиясын, жан дүниесін терең игерген жазушы адам әлемінің иірімдерін шынайы бейнелеген. XX ғасырдың жетпісінші жылдары Жазушының шығармалары туралы сыншы З. Серікқалиұлы: «Өткен мыңжылдықтың алпысыншы жылдарының соңын ала, жетпісінші жылдардың бас кезінде прозаның ең қысқа да нұсқа түрі әңгіме жанрында ілкім қадамын жасаған қаламгер алғашқы туындыларында кейіпкер жан дүниесінің ішкі нәзік иірімін шымыр-шымыр қайнаған психологизммен астастырып, адами әлемінің неше алуан өміршең құбылыстарын бейнелеуге сәтті де талантты ұмтылыс жасады да, шығармашылық жолының бұдан былайғы кезеңдерінде қаламынан туған әңгіме-повестерінде осы ұстанымнан айнымай, бір шығармасынан бір шығармасына, бір кітабынан бір кітабына қарай шеберлігі кемелдене түсті» [8; 5-6], – десе, Е. Дүйсенбайұлы: «...Көрнекті жазушы Мәди Айымбетовтің биік парасатты, жоғары мәдениетті шығармалары көркемдік қуаты жағынан бір қазақ әдебиетінің ғана емес, жаһандық прозаның да жауһары екендігін көңілі жүйрік оқырман көпшілік те, әділетті қаламгер қауым да іштей түйсінетініне түк күмәнім жоқ», – деген болатын [8; 6].

М. Айымбетовтің «Шебер мен бала» әңгімесіне шебердің сиқырлы сыбызғысымен ертектің өмірін ұзартқан баланың ертектің қарияның ертегілерін жазып, жинап жүріп, шебердің сыбызғылары мен кернейлерін халыққа сыйлап жүріп бақытты ғұмыр кешуі негіз болған. Егер сыбызғы сылдырлаған судың, жасыл орман мен теңіз толқынының шуылын, қыран құстың қиқуын, сайраған құстың, үілдеген желдің дыбысын сол қалпында сала алмаса, ертектің ғұмыры да ұзармас еді. «Ертектің шырағы сөніп барып, қайта жанды. Өмір жайлы жүз жылдық ертегіні қадірлі ертектің әр күн сайын бір-бірден жырлай берді, жырлай берді...» деген жолдардан шебердің сыбызғысы ертектің ғұмырын ұзартқанын білеміз. Иә, шебердің алтын қолынан шыққан аспаптардың адамзат баласына бақытты ғұмыр сыйлауы күмән туғызбаса керек. Жазушының: «Балаға арнап шығарма жазу – бала болып өмір сүру, бала болмысының табиғатын боямасыз тану, сол арқылы өмірді жазу. Міне, осы ұстаныммен әр жылдары қағаз бетіне түскен әңгімелерім мен хикаяттарымда мен жас кейіпкерлерімнің образын өмірдің өзінен алып жаздым» [9; 32], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, оның кейіпкерлері өмірден алынған шынайылығымен тартымды.

Б. Әділовтің «Сөмке» әңгімесінде келер жылы мектепке баратын баланың бір сөмкеге ата-әжесі мен әке-шешесінің киімін айырбастап жіберуі, «Ұмытшақ» әңгімесіндегі үйде қалған қағаздан жасалған үйшігін Дариға алды деп жала жабуы – балалардың аңғалдығын көрсететін оқиғалар. Атасы мен әжесі немересін «Талабыңа нұр жаусын. Жақсы оқитын бол!» деп еркелетіп жатса [8; 196], енбек сабағынан жасалған қағаз үйшігінің үйде қалғанын көрген Ақтайдың Дариғадан

кешірім сұрауға тұра жүгіруі өмірден алынған шынайылығымен баурайды. Жазушы балалар бойындағы албырттықты, ұмытшақтықты олардың істерімен нанымды бейнелеген.

Ө. Ақыпбекұлының «Күпия оқулық» жинағына енген әңгімелері шағын оқиғаға құрылған. «Бал, шекердей тіліңнен!..» топтамасына енген [10; 59] «Әлішер – Әйіш бала...», «Ұят болады ғой..», «Қонатын самолет пе?...», «Бірдеме береді...», «Ата, монша жасайық...», «Аяғым құлап қалады...», «Абай емес, тобық...» әңгімелеріне бес жасар Әлішердің қызықты оқиғалары негіз болған. Жазушы Әлішердің сөздері арқылы «Бала тілі – бал» екендігіне көңіл аударған. Әлішерге «Жаңа ұйқы бердім ғой?!» дейтін Әлминаның да тілі тәп-тәтті [10; 64].

С. Асылбековтің «Мұғалімдер күні», «Сағыныш», «Ата жұртта» жинақтарына енген әңгімелері мен повестерінің дені – балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалар. «Ата жұртта» жинағына енген «Алдош – Алданыш – Алдекең», «Ата жұртта», «Сарықыз», «Қарашадағы үйлену тойы», «Назқоңыр», «Орайы келген іс», «Мейман», «Бақыт», «Бүкіл әлемдік тартылыс заңы», «Қолайсыздар», «Ыза», «Түнгі қиялдар», «Эх, Россия!», «Сағыныш», «Тұқым» әңгімелері мен «Рәбиғаның махаббаты», «Алтыбақан» повестерінің бірсыпырасына жасөспірімдер мен балалар өмірі негіз болған. Жазушының «Қоңыртаудың басында бір топ жусан», «Алтынсары», «Қысқы каникул» әңгімелері мен «Жезкиік», «Қалқаш» повестерінің де кейіпкерлері балалар мен жасөспірімдер.

Ұзақ жылдар мектепте мұғалім болып, бала тәрбиесімен айналысқан ұстаздың тәжірибесіндегі оқиғалар өмірден алынғандығымен шынайы. Жазушы туындыларының кейіпкерлері де, оған арқау болатын оқиғалар да алуан түрлі. «Қоңыртаудың басында бір топ жусан» әңгімесінің кейіпкерлері де, оқиғасы да ерекшелігімен есте қалады. Бір отбасы төңірегінде өрбитін оқиғаға әлеуметтік талдау жасаған жазушы кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі психологиялық иірімдер нанымдылықпен суреттелген. Әңгімеде Түркісіб (Түркістан – Сібір) темір жолын жағалай қонған бекеттердің (станция) бірінде байпағынан су өткен Елтайдың тоқсан бесінші нөмірлі поездан әртістің оқуын оқып жүрген әпкесін күтіп отырғанына кезіземіз [11].

Өкпесі алқымына тірелгенде демі бітіп, қиқылдап, шеке тамырлары білеуленіп жатқан атасының қиналған түрін көргенде Елтайдың жанын қоярға жер таппай бүк түсуі арқылы кейіпкерлердің жан дүниесіне үңілуі – автордың психологизмді терең игергендігі. Жазушы он бір құрсақ көтерген ананың жалғыз қызының жолын тосып жүруі арқылы ел басына түскен ауыр күндерден хабар беруге тырысқан. Титтей баланың бетіне қарап отырған бұл шал мен кемпірдің өмірден көргені аз емес. Екі-үш бала жасына жетпей шешектен, үш-төртеуі обадан, қалғаны ер жеткен шағында Ұлы Отан соғысына кетіп қайта оралмаған, он баланың артында қалғаны – Алматыдан әне келеді, міне келеді деп жолына қарап отырған жалғыз қыз.

Елтай – шалдың жалғыз балдызының баласы. Жасына жетер-жетпес кемпір мен шалдың бауырына салған ол бүгінде оның үстінде. Жазушы осы жалғыздардың бәрін бір отбасының төңірегіне тегін жиып отырған жоқ. Бұлар – кешегі отызыншы жылдың ашаршылығынан, сталиндік репрессиядан, Ұлы Отан соғысынан кейінгі әр әулеттен аман қалған жалғыздар. Иә, сол бір қасіретті жылдардың екі-үш ұрпақтың тағдырын тәлкекке салғаны да жасырын емес. Ел өмірінен елеулі орын алған бұл мәселе сол үшін де қазақ әдебиетінде көптеп қаузалды. Осы бір аумалы-

төкпелі кезеңдерден қазақтың бірде-бір шаңырағы аман қалмағаны тарихтан мәлім. Атасының терең күрсінгенін түсінген Елтайдың: «О, Құдай, мені осы шалдың баласы қылып неге қоя қоймадың» деп барлық ынта-шынымен налитыны» да сондықтан. Қазақ балалар әдебиетін жете зерттеген Ш. Ахметов бала тәрбиесі туралы: «Ата-анасын сыйламайтын бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ», – деген болатын [12; 288]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, байпағынан су өтсе де алыстан келе жатқан әпкесін жауапкершілікпен күтіп отырған, атасының қайғысын жұдырықтай жүрегімен түйсінген, оның жанына жалау болғысы келген Елтайдан болашақта елін, отанын сүйетін үлкен патриот шығатыны дау туғызбайды. Себебі ол – адам жанын түсінетін бауырмал, қайырымды, өз міндетін адал орындайтын жауапкершілігі жоғары адамгершілік иесі.

Ауылдың қарапайым тіршілігі мен қарапайым тұрғындарының өмірін нанымды суреттеген жазушылар қатарына қосылатын С. Асылбековтің келесі туындысы – «Сағыныш» атты лирикалық әңгіме. Мұнда да атасы мен әжесінің қасында жүрген ойын баласы Жасұланға кезігеміз. Әңгімеде небәрі үш-төрт қана кейіпкер бар. Әңгімедегі негізгі оқиға Жасұланның көзқарасымен суреттеледі. Қосқудықтың басында кемпір мен шалдың баласы болып, әкесі мен шешесін аға-жеңге деп атайтын Жасұлан бір күнде әжесінен айырылып, жетімдікке душар болады.

Автор бір эпизодқа Жасұланның әжесіне деген сағынышын, қала тіршілігіне деген наразылығын сыйғызған, ал түсті екі дүние арасындағы тылсым байланыстың жібі ретінде пайдаланған. Қазақтың ұғымында жақын адамдары қиналғанда аруақтар келіп, желеп-жебеп жүреді деген наным-сенім бар. Олай болса, автор фольклорлық наным-сенімді шығармаға қиюластырып отыр. Ал психология тілімен айтқанда: «Түс дегеніміз ояуда көретін нәрселердің пернесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңіміздегі екен деп ойлаймыз» [13; 242].

Осы әңгіме жөнінде Айгүл Кемелбаева «Сағыныштан» «Рәбиғаның махаббатына» дейін...» деген сұхбатында: «Қыр баласы енді қала тұрмысына, тар, шектеулі дүниеге бейімделуі керек. Осы әңгіме арқылы 1975 жылдары қазақ халқы үшін урбанизация процесі шапшаң дендей бастаған дилемманы шынайы көрсетесіз», – деген болатын [14].

Ал «Қысқы каникул» әңгімесінің бас кейіпкері – қыстауда отырған қойшының интернатта оқитын баласы Таңатжан. Қысқы каникулға үйіне келген баланың күн ұзаққа ойын соңында жүретіні ойын баласының ойынға тоймайтынының белгісі ретінде бейнеленген. Жазушы интернат балаларының әке-шешенің мейірімін аңсап тұратынын Таңаттың бір сәттік сезімімен нанымды бейнелеген. «Жетінші «А»-ның «бикеші»» әңгімесін оқып отырғанда қазақ әдебиетіндегі балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің үлгілері ойға оралады. Мұнда «Қысқы каникул» әңгімесіндегі күні бойы сырғанақ теуіп жүретін Таңатпен және кезігеміз. Таңат Жайлыбаев – жетінші «А» сыныбының оқушысы. Ол – қатардағы көптің бірі емес, бірегейі, оқу озаты. Әңгімеде «Тумысынан тұйық мінезді момақан» баланың бір күнде азан шақырып қойған атынан айырылып, «жетіншінің бикеші» болып шыға келуі қызғылықты баяндалған.

Жетінші «А»-ның старостасы Мұрат Байсариннің бірде-бір ойынға икемі жоқ, қыз мінезді Таңатты «бикеш» деп атауы мұң екен, сол ұзын тұра қылжақбастың

сөзін күллі мектеп балалары бір-ақ күнде бір-біріне жайып үлгерді. Бұл қорлыққа төзбеген намысқой баланың өз қатарларын бұрышқа апарып, екінші рет айтпайтындай еткенмен, өзінен төменгі сыныпта оқитындардың аузына қақпақ бола алмауы өкінішті. 7-сынып оқушыларының іс-әрекетімен бала психологиясы шынайы бейнеленген.

Әңгіме соңында ел ұйқыға кеткенде Таңаттың теңбіл добы қақпа торын ауық-ауық бүлк-бүлк еткізіп жатқанын көреміз. Бұл – үлкен қуаныштан кейін ұйқының қашып кететінін танытатын көркемдік деталь. М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде тәрбие туралы былай дейді: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» [15; 128]. Педагогика ғылымында дәлелденген тәрбиенің осы төрт түріне үңілетін болсақ, олардың әрқайсысының адам өміріндегі орны ерекше. Сабақты жақсы оқып, ақыл тәрбиесін бойына жинақтаған Таңаттың келесі кезекте дене, сұлулық, құлық тәрбиесіне көңіл бөліп, оларды бойына жинақтауынан кез келген оқушының өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жетістікке жететінін көреміз.

«Мектеп бітіру кеші» әңгімесіне мектеп бітірушілердің кеші негіз болған. Әңгімеде өзімізге таныс ұяң жігітпен және кездесеміз. Староста Айбар сияқты көптің алдында шешен сөйлеп өзін таныта алмағанмен, Нұраш та оқу озаты. Оның бар кемшілігі – ұяңдығы, ұялшақтығы. Сол мінезінен Бибижанға деген махаббатын жеткізе алмай жүрген жайы бар. Бүгін оған аяқ астынан батылдық пайда болып, Алмагүлді бір-екі рет қапсыра құшақтап сүйіп алуы, шынында да, балаң жігіт үшін үлкен ерлік еді. Жастардың осы сәттегі көңіл күй сезімдері «Бір сәтке екеуінің де басы айналып, дүние өз-өзінен дөңгеленіп жүре берді...» деп әсерлі бейнеленген. Бұл жағынан келгенде, автор адам жанын, оның ішкі иірімдерін суреттеуге шебер-ақ.

Жазушы кейіпкерлері жөнінде бірді-екілі оқиғаларды еске түсіре отырып, ол туралы толыққанды мағлұмат беруге ұста. Мәселен, Рақат Жағыпаровичтің осы ауылға мұғалім болып келуінің де үлкен сыры бар. Автор оны Нұраштың: «Папамдар айтады: «Ертеректе тәуір-тәуір қызметтерде болған. Анық басы істейтін жігіт. Бір себептермен төмендеп келген жері ғой», – деп», – деген сөзіне сыйғызған. Оның негізгі себебін білмегендіктен, баланың аузымен айтылған әңгімеге мән бермеуге де болады. Мұның өзі – жазушының негізгі ойды жанамалап жеткізуі. Балалардан жасырын ішкенмен, дүйсенбі күндері көзі қып-қызыл болып келетін ағайларының өмірінде құпия сырдың бар екенін екі оқушының осындай сөздерінен байқауға негіз бар. Осы сөздерге қарағанда Рақат Жағыпаровичтің отызыншы жылдары құғын-сүргінге ұшырап, шалғайда жатқан ауылға жер аударылуы ықтимал. Кеңестік дәуір тұсында мұндай құпияларды айтуға болмағандықтан, жазушы оны екі баланың түсініксіз әңгімелері ретінде беруі орынды.

Ақындардың шығармаларын оқып отырғанда олардың лирикалық кейіпкері уақыт өте толысып-толғанына көзіміз жетеді. Сол сияқты С. Асылбеков әңгімелерінен де бес жасар жұқалтаң сары баланың келе-келе үлкен азамат болғанын байқау қиын емес. Сондықтан да жазушы әңгімелерін бір-бірінен бөле жармай, тұтас күйінде қараған орынды. Жазушы әңгімелерінің бірсыпырасына әртүрлі жастағы балалардың өмірі негіз болған. Осындай ерекшеліктеріне қарап, бұл әңгімелердің бірқатарын балалар мен жасөспірімдер әдебиетіне жатқызуға болатын тәрізді. «Сағыныштағы» бес жасар Жасұлан, «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» әңгімесіндегі он

жастағы Елтай, «Қысқы каникулдағы» 5-6 сынып оқушысы Таңат, «Жетінші «А»-ның «бикеші»» әңгімесіндегі Таңат – бәрі де мектеп жасындағы балалар болса, «Мектеп бітіру кеші» әңгімесінде сол ойын балаларының бозбала болып, қыздарға көңіл бөле бастауына кезіземіз. Осы әңгімелері жөнінде автор: «Қоңыртаудың басында бір топ жусан» деп аталатын туындыдағы шалдың прототипі 5-сыныпқа дейін қолында өскен атам Қани Қосымұлы болса, «Қысқы каникулдағы» шеше мен бала – менің анам Ләтипа мен менің өзім», – деген болатын.

Шағын жанрдағы типтік характерлер келе-келе хикаяттарға (повесть) ауыса бастады. Бұл тұрғыда жазушының «Қалқаш», «Рабиғаның махаббаты», «Жезкиік», «Ақ қарға» хикаяттарын атауға болады. «Қалқаш» хикаятында өзімізге таныс мектеп оқушыларының жазғы каникулды қалай өткізетіні арқау болған. Жаз бойы үйде қарап жатпай, әке-шешелеріне қолғанат болған балалар ферманың егіс даласында үлкендерге қолғанат бола жүріп еңбекпен шыңдалатыны кешегі өзіміз куә болған ұжымдық шаруашылықтардың тіршілігін еске салады. Бала тәрбиесінде үлкен қызмет атқаратын тәсілдің бірі – еңбек тәрбиесі. Ұжымдық еңбекпен шыңдалған балалар өмірге икемді, ширақ, бауырмал, көпшіл болып өседі.

Хикаят 13-14 жасар баланың көзқарасымен баяндалатындықтан, негізгі кейіпкерлер – Қалқаштың көмекшілері. Мұнда да өзімізге таныс бұрынғы кейіпкерімізбен қайта жүздесеміз. «Жасымыз қатар болғанмен, бой жағынан бұлардың қай-қайсысы да менен сойлылау. Сондықтан бірдеңеге жүгіріп келу керек болғанда, үлкендер сұғын бірінші маған қадайды», – деген сөзінен өзімізге таныс кейіпкерімізді тани кетеміз. Кейіпкер сөзінен бір-біріне әлімжеттік жасайтын балалар психологиясы анық аңғарылады.

«Рәбиғаның махаббаты» хикаяты Ұлықпанның жаман түс көріп шошып оянуымен басталады. Жазушы түсінде тісі ақсқан қасқырмен алысып жүрген Ұлықпанның өмірде сондай арпалысқан сәтімен кездестіреді.

Шығарманы оқып біткенде тұз тағысына қарағанда екі аяқты қасқырлардан сақ болу керектігін жадына түйесің. Авторлық ұстаным оқыған, көзі ашық қасқырлардың зымияндығы мен залымдығынан ешкімнің құтылмайтынына меңзейді. Оны бас кейіпкерінің тағдыр тәлкегі арқылы нанымды бейнелеген. Хикаятқа «Қайрақты» орта мектебінің оныншы «Б» сынып оқушысы Жанұзақова Рәбиғаның сірке суын ішіп, мезгілсіз қаза табуы негіз болған. Аяқ астынан болған бұл іс мектепті ғана емес, бүкіл ауыл-аймақ пен аудан басшыларының бәрін дүр сілкіндіреді.

Авторлық ұстаным отызыншы жылдардың қуғын-сүргінін көріп, Ұлы Отан соғысының қан майданын кешіп келген, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Дәулет Бүркітбаевтың: «Міне, біздің бәрімізді советтің әділ заңы ақтап алып отыр. Бірақ адамның ар-ұжданы, ұяты – осыған ұқсас барша қасиетінің бәрі заңға сыя бере ме? Кешегі Рәбиғаның қапия қазасы соны дәлелдеп кеткен жоқ па? Былығымыз бен шылығымызды бетімізге басып кеткен жоқ па?» – деген сөзі арқылы берілген. Жазушы осы арқылы өз замандастарын ар сотының алдында тізе бүктіреді. Кеңес соты ақтағанмен ар сотының алдында олардың ақталмайтындығына оқырман да сенеді. Жазушы «айран ішкендердің құтылып, тостақ жалағанның тұтылатынын» сынып жетекшісі Ұлықпанның жұмыстан босатылуымен нанымды бейнелеген. Осы оқиға үстінде аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің бейнесі жан-жақты ашылады.

Ал «Жезкиік» хикаятының айтары басқа. Жазушы онда да параллелизмді пайдаланған. Оқиға бастауыш сыныпты жаңа бітірген Қанаттың көзімен суреттеледі.

Жазушының бір жетістігі – кейіпкерлерінің бар болмысын олардың іс-әрекеттері, сөйлеген сөздері арқылы беру болса, оны қалаға келген шалдың «Бот суда!», «Ысмадри», «Ызнаю» деген сөздерінен аңғару оңай. Сонымен бірге, жазушы тіліндегі юморды аңғару да қиын емес. Оны атасының поезға отырар сәттегі және купедегі көршілерінің тамағына ашқарақтана кіріскен кезіндегі: «Жарты билеті несі?.. Шырағым-ау, біз бұны бір үйдің азаматы деп, әдейілеп қалаға оқытқалы әкеле жатырмыз ғой. Берсең, бүгінін бер, қарағым» немесе: «Же, тойып ал...» – деп, менің алдыма қарай тықпалай береді. Ай, мәдениетсіздік-ай!.. Өншейінде шаруаның жайына келгенде ешкімге дес бермейтін атамның осыған шынымен миы жетпей отыр ма екен?» – деген сөздері растайды [16].

Жазушы кейіпкерлерінен ұлттық мінез-құлық анық байқалады. Оны немерелерін бауырына басқан кемпір-шал мен өз балаларын иіскей алмайтын аға-жеңгенің іс-әрекеті айғақтайды.

Жазушының туған жерге деген ыстық сезімді: «Шіркін, дүниеде жайлауға жетер не бар екен?! Шіркіннің ауасының өзі неге тұрады? Әжемнің тілімен айтқанда, кісіні ішпей-жемей мас қылады ғой. Мен қазір сусыма ақ шағылдың үстінде ішпей-жемей мас болып отырмын», – деген кейіпкер көзімен сипаттауы орынды. «Тасқарадағы» бастауышты бітірген Қанат осындай жер жаннатын қалайша қаланың асты да тас, үсті де тас суық қабырғаларына айырбастасын. Жазушы ауылдан ұзап шықпаған баланың алғашында Ақтау қаласына барғанша асыққанмен, атасынан қалмай жанталасып вокзалға қарай шаба жөнелгенін қызғылықты баяндайды. Баланың жас ерекшелігіне қарай психологиялық иірімдерінің сақталуы көңілге қонымды.

Қанат жайлауда қой бағып жүргенде қақпанға түскен киіктің жәудіреген көздерін аяп, босатып жібергенмен, қорқынышты үлкен қалада атасынан айырылып жалғыз қалған кездегі аянышты көздеріне қарап Қайыркен ағасы оны ауылға жібере қойған жоқ. Аяушылық тәрізді нәзік сезімдерді Алла екі аяқты пенделеріне бірдей етіп бермеуі – өкінішті. Жазушының аталған шығармалары қаламгерлер тарапынан жоғары бағаға ие болды. Олар жөнінде Н. Қазыбек, Қ. Жиенбай, А. Мантай, Р. Әбдіғұлов, Қ. Мәдібай, Д. Төлебаев, Ж. Қорғасбек, Б. Тұрсынбайұлы, А. Кемелбаевалардың мақалалары мен сұхбаттарында жан-жақты әңгіме болды.

Жазушы 1985 жылы жазылған «Рәбиғаның махаббаты» хикаятын тоқсаныншы жылдары еліміз тәуелсіздік алған соң, сахнаға ыңғайлап, пьесаға айналдырды. Бала тәрбиесі арқау болған шығармада ар-иман мәселесі қоса көтерілгендіктен, оның қай қоғамда да өзектілігін жоймайтындығы белгілі. Қазіргі таңда мектеп бітірушілер арасында өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) көбейіп тұрғандықтан, жалпыадамдық құндылықтарды көтерген шығарманың біздің замандастарымыз үшін ауадай қажеттілігі белгілі.

Қазақ балалар әдебиетін зерттей жүріп балаларға нені, қалай жазуды өз тәжірибесінен өткізіп жүрген балалар жазушысының бірі – Бекен Ыбырайым. Ол – «Әйбәт балалар» атты әңгімелер топтамасының авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық Алаш сыйлығының, Қасым Аманжолов атындағы сыйлықтың лауреаты, бірталай республикалық жабық әдеби конкурстардың жүлдегері, «Алтын қалам 2018» жабық әдеби конкурсының балалар әдебиетіне арналған «Дарабоз» номинациясы бойынша бас бәйгенің жүлдегері.

Жазушының мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Әйбәт балалар» топтамасына енген «Маса батыр ма, шыбын батыр ма?» деген әңгімесіне Алтай

мен Саянның әңгімесі негіз болған. Шыбын мен масаны бір банкаға қамап қойған екі баланың қайсысы күшті екенін білгісі келгенмен, олар күш сынаспады. Айнала ұшып жүрген маса мен шыбынды көрген балалар былай тілдеседі:

– Неге төбелеспейді?

– Екеуі бірін бірі танымайды. Сондықтан төбелеспейді, – деді Алтай. Ойланып қалған Саян оның сөзін қостады:

– Танымаған соң төбелесуге ұялатын шығар.

Алтай басын изеді:

– Иә, таныса, төбелесер еді. Біз балабақшада бәріміз таныспыз. Сондықтан кейде төбелесіп қаламыз.

– Бұлар да кәзір танысады. Сосын төбелеседі...

Екеуі күте-күте жалықты. Алтай банканы шайқап еді, маса мен шыбын шынының ішін айналып ұшты. Біраздан кейін тоқтады.

– Меніңше, – деді Саян, – екеуінің де ақылы бар. Сондықтан төбелескісі келмейді.

Алтай басын изеді:

– Иә, бостан босқа-төбелесетін жынды емес қой [17].

Үзіндіден бала психологиясы анық байқалады. Өзара төбелеспеген маса мен шыбынды ақылды деп таныған балалардың ұғымында ақылды балалар төбелеспейтіні бар.

«Екеудің ерегесіне» шыбынға таласқан Әңкей мен Шәңкейдің айтысына, «Жүретін көлеңкеде» Шәңкейдің көлеңкесін басқаны үшін Әңкеймен төбелесіп қала жаздауы, «Саршұнақтың баласы» әңгімесінде Арын мен Дарынның саршұнақтың баласын суға лақтырмақ болғанына, «Тәпішкеде» Арайдың құмырсқадан ұялуына куә боламыз. Жазушы балалардың дау-дамайы, талас пікірлерінің соңында олардыкі дұрыс па, бұрыс па деген ой тастап, «кімдігі дұрыс?» деп оқырманға сауал қойып отырады.

«Апат белгісі» әңгімесінде Семей полигонынан ауруға шалдыққан Мақсұттың Құралайға жазып кеткен хатынан асқақ армандарының жүзеге аспауына мезгілсіз ажалдың себеп болғанын көреміз.

«Балалық шақ елестері» топтамасындағы «Шікәләтпен танысу» әңгімесінде автобус қатынамайтын, шалғайдағы ауылда тұратын баланың өткен ғасырдың елуінші жылдары шікәләтпен қалай танысқаны сөз болған. «Чапаевтан» келген алты жастағы нағашысы Бақыттың бес жасында берген кәмпитін дәрі деп түсінген оның «шікәләтпен» қалай танысқанын еске алуы қызықты баяндалған. «Орыс балалар» әңгімесінде шаштары сап-сары, өздері аппақ Витька мен Сашканың бала сияқты сөйлемейтініне таңғалған кейіпкер қазақ тілінен де басқа тілдердің бар екенін кеш біліп еді. «Шайтанның сөйлеуі» әңгімесіндегі баланың ән салып тұрған радионы шайтанға балауы, «Рәдәйө ағай, Бошбол апа» әңгімесінде алты жасар баланың радионы алғашында шайтан, кейін адам деп түсінген баланың аңғалдығына тәнті боламыз. «Жаман «радио»» сол баланың телефонды радиоға балап отырғаны күлкі үйіреді.

«Олар неге ойнамайды» әңгімесіндегі қаладан келген Сәдібектің ауылда балабақшаның балалары ойнайтын жері жоқ екенін таңданса, Ерден мен Ермек мектептегі үлкен стадионда мектеп оқушыларының ойнайтыны, өздерінің мектепке барғанша асығып жүргенін білдіреді. Кішкентай балалардың диалогынан ауыл мен қала тіршілігінің арасындағы алшақтық байқалады. Ауылда мектепке дейінгі балалардың есік алдында ойнап жүретіні белгілі.

«Гейтске хат» әңгімесінде әкесінен ерте жетім қалған Арын мен мектеп бітіргелі жатқан Арайлымның жетімдіктен күйзеліске түскеніне куә боламыз. Түсінде әкесінің: «Сендер мықты қорғанға айналмасаңдар, елің тәуелсіздігін қалай сақтайды? Ата-бабамыз сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік – біздің туымыз. Сендер мықты болмасаңдар, сол туымыз құлайды. Ту құласа, туған елің құлға айналады. Осыны есінде сақта, балам», – деген сөзінен оянған ол қиындықтарды жеңу керектігін түсінеді. Америка құрама штатында тұратын, әлемдегі ең бай Билл Гейтске жағдайын айтып хат жазады. Өзі өскенге дейін Арайлым қалаға барып оқуға түскенде тұратын үш бөлмелі пәтерді қарызға әперуін сұрайды. Билл Гейтстен келетін жауапты асыға күткен Арынның өңі мен түсі араласып кетеді. Себебі, оның ойында бір-ақ нәрсе бар, ол – Бағланнан жеңіліп қалып сыныптастарының алдында ұятқа қалмау.

«Көсеге» әңгімесінде әке-шешеден жетім қалған, ақыл-есі кем Көсегенің отызға таяған шағымен кезігеміз. Ауылдағы үйлердің бірі де жолатпайды, әке-шешесінің көзін көрген осы үйден тамағын асырап жүрген жан туралы кемпір: «Бірталай болды-ау осы үйді төңіректен жүргеніне. Алғашында келіні жақтырмай, қабағын түйіп еді, әжей «е, шырағым, Алладан қайтады. Кембағалға жәрдем етсең, Алланың рақымы түседі. Әке-шешесі жақсы адамдар еді, көзіміз көрді. Кумашы, айналайын, жүре берсін, бір сыласы болар», – дейді.

Көсегеге қамқор болып жүрген Әнипа апаның аманатқа қиянат жасадық, көзі тірісінде көмектесе алмадық деп, оны өлдіге санап, артынан көп ұзамай өзі де бақилық болады. Алғашында кемпірдің малға жем беретін тегешін қайынағасының баласы Ұзынтұра ұрлығының куәгері болған кемтар жігітті түнде соққы жығып кетеді. Есі кем жігітті жындыханада біраз ұстап ауылға жібергенде, мотоциклден құлап есінен танғанда тағы аман қалады. Оның айтуынша: «Дәрігер аға: «Сирағың сыныпты. Миың шайқалып, жұлыныңа аздап зақым келсе де, бір ажалдан аман қалдың. Өліп тірілдің», – деді. Бұл кезде бір ауылда оған қамқор болған, әке-шешесінің көзін көрген Әнипа апа да жоқ еді. Қорымға барып, аруақтармен сырласқан Көсегенің есінде «...Өзі-ің, сәу-ле-ем, іздегені-ім...» деген өлең жолдарынан басқа ештеңе қалмап еді. Ауылға келген қызға ғашық болған жалғыз бұл емес еді. Оны сол күні Ұзынтұра алып қашып кеткен. Жазушының Көсегенің аянышты тағдырымен шалғай ауылдағы қазақы менталитетке назар аударған. Жоғын іздеп барып, қайнағасынан ұялып кері қайтқан Әнипа кемпір – әдептен озбаған ескінің сарыншағы болса, Ұзынтұра – темір өткізіп ақша жасау үшін ұрлық жасағанымен қоймай, жалғыз куәгердің көзін жоймақ болған қаныпезер. Екі буын арасындағы қарама-қарсылық – бүгінгі қазақ баласының қасіреті. Көсегені жынды деп жындыхана апарып жүргендер де жынды еді. Екі рет өлімнен аман қалғанына қарап, тұз-дәмі таусылмаған адамды ажалдың өзі айналып өтетінін байқаймыз. Көсегеге жаны ашып, оны жоқтап қайғырып жүрген Әнипа кемпірдің өмірден өтіп кетуі – ажалдың адам таңдамайтынын түсіндіргендей.

Балалар жазушысы Қанат Қайымның «Иттің күшіктері» әңгімесінің негізгі кейіпкері – жабайы ит Дингоның күшігі Джимми. Оқиға Джиммидің көзімен суреттеледі. Оның айтуынша, Джиммидің арғы ата-бабаларын осыдан төрт мың жылдай бұрын теңіз қарақшылары Малай архипелагтарынан Аустралияға алып келген. Дингоның арғы тегі сол кезден бастап адамдардың сенімді серігі болып, аң аулауға жәрдемдескен. Қазіргі таңда Дингоның қандастары Тайланд, Индонезия, Бирма, Лаос, Филиппин мен Малайзияда елдерінде өмір сүруде. Ал Джимми Алматы

хайуанаттар бағында дүниеге келген. Табиғи жағдайда Динго дейтін иттер дүниеге бес-тоғыз күшік әкелсе, алдыңғы жылы Джиммидің ата-анасы екі күшік тапты. Ұяласы ұзаққа бармаса, Джимми биыл екінші рет жазғы алаңға шығуға даярланып жатыр. Елдің айтуына қарағанда, Динголардың арғы тегі – Солтүстік Американы мекен ететін Қызыл қасқырлар тәрізді. Джимми көршісі Гиенаны әңгімеге тартып, оның қай жақтан екенін білгісі келеді. Оның айтуынша, қазіргі таңда алматылық болғанмен, Орынбордағы хайуанаттар бағында жүргенде жергілікті сілеусінге ауыстырып алған. Ал ата-бабалары бүкіл Африка, Таяу Шығыс пен Үндістанда тіршілік етеді. Джиммидің сөзіне қарғанда, өзінің ата-тегі аустралиялықтар болса, кенгурулар бұларға жерлес болып шығады. Олардың әңгімесінен кенгуру, жабайы ит кайота, қызы түлкі мен Солтүстік Мұзды мұхитты мекендеген поляр түлкісі, Оңтүстік Африкада туған фенек, Сарыарқадан келген арлан қасқырлар туралы аңыз-әңгімелер олардың арғы ата-бабаларынан хабар береді. Сонымен бірге, балалар бұл аңдар туралы толыққанды мағлұмат алады. Сарыарқаның кең байтағында көсіліп шауып жүрген арлан қасқырдың: «Сол жарты отар қойды қарным ашқандықтан, бәрін бір-ақ жеу үшін емес, өзімнің жыртқыштық қасиетімді тежей алмай, қырып салыппын. Қанша жерден ит болса да, иттік жасауға болмайтынын енді түсіндім» деген сөзінен жабайы ит Дингоның баласы Джимми ойланып қалады. Шынында, қанша жыртқыш болса да, ашқарақтыққа салынуға болмайтын еді. Жыртқыштардың өзі адам құрығынан құтыла алмайтынын білген ол жер шарының түкпір-түкпірінен хайуанаттар паркіне келген аңдар туралы білген соң ойға батады.

Қазіргі балалар прозасының белді өкілінің бірі – Ділдәр Мамырбаева. Жазушының «Сезім бүршік жарған күн» жинағына енген хикаяттар мен әңгімелері және соңғы жылдары жазылып, мерзімді басылым беттерінде жарияланған «Робот Вирус. Сезім», «Роботтар отбасы», «Жұмақ жемісі түскен жер», «Махаббаттың ақ жауыны» әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – жеткіншектер мен жастар. «Робот, Вирус. Сезім» әңгімесінде Галактика ғаламшарының Жер планетасына білім алмасуға барған жас маманы короновирус жұқтырып барады. Оның бойынан кінәрат таппағандар робот жасаған конструкторды шақыртып мән-жайды сұрайды. Ол өзі жасаған роботтардың жүрек двигателіне махаббат өзекшесін, көздеріне мейірім хрусталін, жүрегіне сүю сұйықтығын, миына генетика ұрығын салғанын: «Махаббат пен сезімнің кіріспейтін жері жоқ екен. Мен робот құрастырғанымда өз ісіме беріліп кеткенім сондай, махаббатпен істегенімді сезбедім де. Жанымнан еш нәрсе қоспадым. Жаратқанның жасап қойғанын қолымнан келгенше сүйіспеншілікпен атқардым», – деді [18; 3].

Конструктордың осы сөзінен кейін профессор арамдыққа жүрмейтін, байлық, дәулет жинамайтын роботтар адамдарға қауіпті ме, әлде Алла жаратқан ар мен ұяттан аттап, мейірім мен махаббатты құмарлыққа айырбастайтын адамдар роботтарға қауіпті ме деген ойға шомады. Бұл – кейіпкер сөзімен берілген авторлық ұстаным еді. Жазушы пандемия кезінде фармацевтикалық өнімдердің халықтың қолына жетпей қалғанын галактикалықтардың тіршілігімен жеткізуге тырысқан. Ашылған зауыттардың өнім бермей, жабылып жатуы да екі аяқты адамдардың тіршілігінен, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің өмірінен хабар береді.

«Роботтар отбасы» әңгімесіндегі оқиға мектеп оқушысы Темірланның робот-адам құрастыруымен өрбиді. Әжесінің молда, ұста, тігінші туралы, Нанберген туралы ертегілерін естіп өскен бала өз қолымен жаңалық ашуға ден қояды.

Семейдегі физика-математика мектебінің оқушылары Мирас пен Нұрбол домбырашы робот құрастырғанын естіген ол сөйлейтін, күлетін, көретін, ұйықтайтын робот жасаумен айналысады. Өзіне ұқсайтын робот адам жасап, өз орнына жұмсап жүрген роботы оны ұятқа қалдырып, жүрген жерінде төбелесіп көзге түседі. Ата-ана мейірімін аңсаған Темірлан одан кейін өзіне әке-шеше жасап, оларды ауылға апарып отырғызады. Шешесі баласының зауытынан түскен қаражатқа паңданып, қайырымсыз, мейірімсіз жанға айналса, әкесі ішімдікке құмартады. Баласының көршілерге көмектескенін де ұнатпайды. Адамзат баласының мейірімсіз, қатыгез болып бара жатқанын түсінген Темірлан роботқа махаббатқа толы жүрек жасай алмайтынын ұқты. Ізгі, адал, рақымшыл, жұмсақ, мейірімді жүрек Алладан берілетінін білген ол жүректері тас түйінге айналып бара жатқан қоғамда темір жүректі робот жасаудың қажет еместігін түсінді. «Осы ой басына келісімен көңілі жайланып, жүрегі жай тапты. Толқуы басылып, сабасына түсті. Робот адамдарды балқытуға зауытқа жіберді».

«Жұмақ жемісі түскен жер» әңгімесіне 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі кезінде Брежнев алаңында танысқан Бауыржан мен Гүлжанның екінші рет ана мен баланы өрттен құтқару кезінде қайта табысқаны негіз болған. Бауыржан сапер күрегінен соққы алып, есінен танып қалған Гүлжанды 1986 жылы бір құтқарса, екінші реті өрттің ішіне кіріп бара жатқан жерінен аман алып қалады. Екі жастың табысқан Алматы қаласы, Бауыржанның айтуы бойынша, Адам Ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылған жері тәрізді. «Осында отырып екеуі қолдарындағы жалғыз алманы бөліп жейді. Жұмақ алмасының дәндері Іле Алатауының етегіндегі құнарлы топырақта шашылып қалады. Адам баласының алғашқы бесігі де осы Алматы болған секілді. Оған куә мына нарттай болған апорт! Алатаудың қойнауынан өзге еш жерде дәл осылай болып өспейді. Сонда осы алма жұмақтан келмей қайдан кеген!» – деген Бауыржанның сөзінде туған жерге деген шексіз махаббат менмұндалайды. Туған жерін жұмақ мекенге балау әр азаматтың парызы болса, олардың судың тазалығын, желдің еркелігін, гүлдің жайнауын, ағаштың жайқалуын, адамдардың достығын ұрпақ бойына сіңіруді армандаулары да құптарлық. 1986 жылғы Желтоқсан көтеріліс туралы ірілі-ұсақты біршама шығарма жазылды. Олардың көпшілігінде қазақ жастарының шерменде күйі сөз болса, әңгімедегі ұлттық салт-сананы бойына сіңірген ұлттық мінез-құлқымен ерекшеленетін кейіпкерлердің аразамызда аман-сау жүруі қуантады.

«Махаббаттың ақ жауыны» әңгімесінде бірнеше мәселе көтерілген. Біріншісі – Монғолиядан атамекеніне келгендерді қазақстандықтардың оралман деп айтуы, екіншісі – мәнерлеп сырғанаудан қазақ жастарының әлемді мойындатуы. Коньки киіп көрмеген Ақниеттің мұз үстінде қара жорға биін билеумен жаттықтырушы Кәмиланың көзіне түсуі, қалаға келіп мәнерлеп сырғанауға қатысуы, алғашқы кездегі сәтсіздіктерін түсініп, соларды қайталамауға тырысуы, әлемді мойындатып көк туды желбіретуі шынайы бейнеленген. Әкесінің ата-анасының оралман қызды алдырмағаны үшін әкесіз, нағашыларының қолында өсуі, анасының шалғайда Нью-Йоркта төсек тартып жатуы оған да кесірін тигізді. Қазақстандық Серік Нұғыман мен Ақниет Асанның жеңісін бүкіл қазақ тойлап жатқанда, әкесі Дүйсеннің іздеп келмеуі өкінішті. Олимпиадада төрт айналым жасап рекордтық көрсеткіш жасаған Ақниеттің жетістігін алдымен нағашы әжесі, содан кейін Түркияда тұрып жатқан Кәмила апайының ұшып келіп құттықтауынан өнерге деген құрметті көрсек,

оларды құстай ұшырған – мұз айдынына шығар сәттегі Серіктің бір ауыз сөзі еді. Махаббаттың ақ жауынына шомылған Серік пен Ақниет қол ұстасқан бойда «Қазақ мәнерлеп сырғанаудан кенже қалған!» деген сөзді жоққа шығарды.

Жазушы Ақниеттің жандүниесіне үңіле отырып, ата-ана арасындағы түсініспеушіліктің баланың жүрегін жаралайтынын, әр бала бақытқа лайық екенін жеткізген. Мүгедек анасы мен тастап кеткен әкесін ойлап мұңға батқан қыздың мұз үстінде сезімге берілуінің салдарынан мүлт кетуі психологиялық талдауды көрсетеді.

Автор Серік пен Ақниеттің жүлдесін қайырымдылыққа жұмсауға бел бууымен бүгінгі адамдар арасында жоғалып бара жатқан мейірімге көңіл аударған. Ақниет өз тапқанын спортшы қыз Ли Тихуаның еміне жібермек болса, Серік өз табысын Ақниеттің анасын емдетуге бел буғандығы өсіп келе жатқан жастардың бойындағы асыл қасиеттерді танытады. Мұның өзі қазақ халқының болашағы жарқын екендігінен хабар береді. Жастар – біздің болашағымыз болса, мейірімді, адами қасиеттерді бойына жинаған өнерлі жастардың өсіп келе жатуы қуантады.

Балаларға арналған шағын әңгімелер тәуелсіздік тұсында да өз жалғасын табуда Ділдар Мамырбаеваның «Сезім бүршік жарған күн», «Жетім қозы», «Аға, бұл сізсіз бе?», «Әке мен бала», «Көк түйме», «Құстар неге адасты», «Өтірік өрге бастырмас», «Жетім құлын» әңгімелері балаларға арналған. «Жетім қозы» әңгімесінде мектеп оқушысы Лекердің әлсіз туған қозыны әкесінің пышағынан арашалап алып өсіруі негіз болған. «Лекер – Құдайдан сұрап, әулиелерден тілеп алған бала. Жеті айлық болып туған. Тырбаң-тырбаң еткен ет пен сүйек қана еді. «Бала болар ма екен» деп уайымдайтын. «Тымаққа салып керегеге іл, ырымы сол, бұйыртыса адам болып кетеді» – дескен». Сол кезде шала туған баланың атын Шалабай не Лекер деп қою керек деген болатын. Енді, міне, сол бала бірінші рет әкесіне мінез көрсетіп, әлсіз қозыға араша түсіп тұр. Әке мен бала арасындағы мынадай диалогтан жас өскіннің психологиясы, таным-түсінігі анық аңғарылып тұрады:

- Әке, мен де әлсіз, нашар болып тусам, өлтіріп тастар ма едіңіз?
- Көз жасы тиылып, бір қайсарлық бас көтеріп келе жатқандай.
- Қайдағыны айтып тұрсың? Адам мен малды салыстырғаның не?
- Екеуінің де жаны бар ғой! [18].

Апасынан «Көкшенің ем шөбі» туралы естіп алған ол қозысын «Сегіз сайға» алып барады. Киесі ұрады деп түсінетін қандығаш туралы балалардың түсінігі де қызық. Қозыға қандығаштың сынған бұтағынан жағылып қалған қызыл түсті көргендер оны жазумен туған қасиетті мал деп жорамалдайды. Әкесінің «кода шырға» жасап, қасқырды қақпанға түсіруін қозының қасиетіне балауы да содан. Жазушы Лекердің түсінігі, ойымен бала психологиясын аша білген.

«Қош бол, балалық» хикаятындағы Кәрім, Бөкен, Мұраттардың балалықпен қалай қоштасқаны туралы баяндалады. Таңның атысы, күннің батысы ойыны қанбайтын балаларды есейткен өздерімен бірге өмір сүріп жатқан үлкендердің іс-әрекеті еді. Алтыншы сыныпты бітіріп, жетіншіге өткен балалардың әңгімесінен үш баласын соғысқа атандырып, отырған орнынан қозғалса, балалары таппай қалардай болып ауыл сыртында жалғыз үй отырған Жусанбай шалдың жұртын кейінгілердің Шайтантөбе атап кетуі – қараусыз қалып тозығы жеткен жалғыз үйдің сырын ұқпағандық.

«Біраз күннен бері осы үйді әлгі үш бала иемденіп жүрген. Бүгін де осында бас қосып отыр.

- Өттең, әк жоқ-ау, әйтпесе мына үйді хан сарайындай даңғыратып қоятын едік, – деді Мұрат төбеден түскен балшық орнына қарап.
- Иә, – деп қостады достары.
- Сендер білесіңдер ме? – деп Бөкен ана екеуін елең еткізді, – осы үйге ирек көшенің балалары көз салып жүрген көрінеді.
- Кім айтты?
- Өздерінен естідім.
- Рас па?
- Шесни! – деп Бөкен сұқ саусағымен кеңірдегін кесті.
- Мәссаған, енді не істейміз?» [18; 4-5].

Негізгі оқиға ирек көшенің балаларын осы үйге жақындатпаудан басталады. Шайтантөбеде тұрған жалғыз үйге еркін келетін осы – үш бала. Олар өздерінің меншігіне айналған үйді басқалармен бөліскісі келмейді. Ол үшін бір қулық жасап, ол үйге басқаларды жолатпау. Оның реті – күнде күн батқанда тракторымен сол маңнан өтетін Тұрдыбектен өш алу. Араққа тойып алып Орыншаны шырқыратып сабап, анасының тілін алмайтын маскүнемді жақсылап бір қорқыту – Мұраттың арманы.

Үндіктің қауырсындарын қоқайтып бастарына байлап, тыр жалаңаш денелеріне ошақтың күйесін жағып адам танымастай өзгерген олар түнде масайрап келе жатқан Тұрдыбектің тракторын айналып, неше түрлі қиқуға салып қорқытады. Айтқандарындай Тұрдыбектің зәре-құты қалмай аман қалғанына қуанып ауылға қаша жөнеледі. Алды-артын ораған құбыжықтардан «Қала гөр, жаным... Мынау апамның қарғысы. Иә, иә, апамның қарғысы – бұл. «Сен Орыншаны ұрсаң, сені пері ұрсын!» деуші еді. Сол! Сол! Айтқаны келді..» деп түсінген Тұрдыбек балалар айтқандай, содан кейін жаналғыш перілерден қорқып арақ ішпейтін, Орыншаны ұрмайтын болды.

Осы оқиғадан Тұрдыбекті кішкентай балалардың қорқытып түзу жолға салғанын көрсек, ол аударып кеткен қурап, қаңқасы қалған ағаш түбінен табылған адам сүйегінің тарихы Жусанбай ақсақалмен байланысты еді. Ақ гвардияшылардың қолынан өлген большевик Федордың жатқан жерін енді осы менің атам болсыншы деп егіліп отырған Мұраттың жан жарасын екінің бірі түсінбеуі мүмкін. Әкесінің қайда жүргенін білмейтін, әке алақанын, мейірін аңсаған баланың атасы қайдан болсын? Қаладан келген Гуляның алдында нағашы ағасының қорлағанына күйінген бала бүк түсіп бір тәулік бойы өкпесі өшкенше булығып жылады. Нағашысының көп қорлығын анасына айта алмайды, екеуінің басқа барар жері жоқ. Серттескен достары Кәрім мен Бөкенге екі-үш күндеп қосыла алмауы – су тасу, қора тазалау, тезек жабу, отын жару, малға шөп-су беру, дүкеннен нан алып келу сияқты бітпейтін шаруалардан титықтауы. Мұраттың іздеушісі жоқ комиссар Федордың бейітіне келіп, «Бұл менің атамның зираты болсыншы» деп егілуі тегін емес. Ол үшін өзі болмаса да, шерін төгетін адам керек. Ондай жер – өзі сияқты ешкімі жоқ Федордың зираты. Балалығымен ерте қоштасқан Мұрат, осылайша, ерте есейіп еді. Кәрім мен Бөкенге қарағанда Гуляның алдында ұялып қызарақтап отыруы, үсті-басының тезек сасып тұрғанынан қыз алдында қорлануы, Гуляның алдында нағашысының ұзын таяқпен қуып кетуі – есейгенінің белгісі.

Балалардың бейіттен табылған қылышты тарих пәнінің мұғалімімен ақылдасып, мектеп жанынан мұражай ашу үшін ауылдағы ескі жәдігерлерді жинауы – ұлттық құндылықтарға деген құрмет. Балалардың батылдығымен Тұрдыбектің

тура жолға түсуі, шайтан, құбыжық, пері жайлаған Шайтантөбеге ирек көшенің балалары жоламайтын болуы, мектеп жанынан мұражай ашуға ауыл балаларының атсалысуы – игілікті бастамалар болса, осы бастамалардың басында жетінші сыныптың үш баласы жүргені қуантады.

Жазушының «Дина апай, балалар және мен» хикаятының да кейіпкерлері – мектеп оқушылары. Негізгі оқиға бірінші жақтан кейіпкердің атынан баяндалады. Тарих сабағынан соң, Бопай, Икрам, Ділдәбек – үшеуінің Ақыртасты бетке алып сапарға шығуы, өскенде осы жердің құпиясын зерттеуге уәделесулері қызғылықты баяндалған. Мектепте жасаған бұзықтықтары үшін ұялып жүретін кейіпкердің өскен соң, Дина апайдың орнына тарих пәнінен сабақ беруі, Икрамның туған жері Көккөлдің астындағы керемет өркениетті зерттеуі – олардың бала күннен Ақыртастың кереметін зерттеуге деген құлшынысының көрсеткіші. Садақ атуды үйренемін деп жүріп Дина тәтейдің ұлы Асхаттың көзін ағыза жаздауы, ақсақ Күләйханды есекше артынан түрткілегені үшін сыныптастарының алдында шапалақ жеуі, Көккөлдің иіріміне батып өлгісі келуі – түрткілеген балалықтың сотқарлықтың жолына салуы.

Балалардың сертке беріктігін «Қош бол, балалық» хикаятындағы Кәрім, Бөкен, Мұраттардың Тұрдыбекті қорқытуын жан баласына айтпауға серттесуінен, «Дина апай, балалар және мен» хикаятындағы Асхат көзін «құлап, қурай кіріп кетті» деуінен көруге болады.

«Сезім бүршік жарған күн» хикаятының айтары өзгеше. Мұндағы түрлі жастағы кейіпкерлердің тағдыры да, жаратылысы да бір-біріне ұқсамайды. Ауылдың бар өсегін теріп, өз жанынан интерпретация жасап жүретін Бекіштің болмағанды болды деп, ауылға өсек таратуы – бәдік әйелдің бейнесін толықтыруға қызмет етеді. «С»-ның орнына «ш»-ны қойып сөйлейтін бәдікті ауыл адамдары Шаша атап кеткенінен адамның ерекшелігіне қарап ат қоюдың қалыптасқаны аңғарылады. Кезінде бесіктегі баласын жыланнан аман алып қалғанда «Тірі болсам құлың боп өтермін» деп жылаған Шашаның Айым туралы өсегінен кейін Әйкеннің үйден шыға алмауынан қазақ халқының абыройын жоғары қоюы байқалады. Туа бітті тілден де, құлақтан да қалған Айымның бір қасиеті – сурет салу. Ауылда сырласары жоқ жетім қыздың бар мұңын өзі сияқты жетім өскен пешші жігіт Бекқоныс қана түсінді. Бекқоныс үйші Нұралының тұқымы болып шыққанын «отыз омыртқа, қырық қабырға, бәрін ұстап тұрған ауыз омыртқа» деп жұмбақталатын көшпенділердің үйі тәрізді жобасы растайды. Пеш тазалап жүріп тапқан алтындарын тиісті жерге өткізіп, енді ата жолын қуып кереге басы 500-600-ге жететін үлкен киіз үй іспетті заманауи үй салмақ. Айымды арнайы мектепке орналастырып, өзі оқуын жалғастырмақ. «Ауылдың көрнекті жерінен үлкен шаңырақ көтерілді. Күлдіреуіштері күнге шағылысып жарқ-жарқ етеді», – деп аяқталады шығарма [18; 57]. Бұл – жүзеге асқан Бекқоныстың жобасы.

Балалар жазушысы Б. Жұмабайұлының «Жап жарық әлем» атты балаларға арналған жинағындағы әңгімелерінің танымдық-тәрбиелік қызметі мол. Балаларға арналған әңгімелерінің қысқа да нұсқа, тілі жеңіл, ұғынықты болуын көздеген жазушы шағын оқиғалармен балаларға өмір сабақтарын үйретуге тырысқан. Автор: «Мына қолыңыздағы «Жап жарық әлем» кітабындағы әңгімелер баланы өмірдегі шынайылықтар арқылы, нақтылы «көр, біл, түсін» деу арқылы жақсыға үйретіп, жаманнан жирендіретін өзгеше тәсілмен жазылғандықтан, өскелең ұрпақты ақлақ, мұрат, жақсылыққа шақыруды мақсат етеді.

Әрине, «бәрі де ұрпақ үшін» болғандықтан, өзімнің әр уақыт ұрпаққа деген жауапкершілігімнен туындаған балаларға арналған әңгімелерім болашақ ұрпақтың кәдесіне жарайды деп сенемін», – дейді [19].

Әңгімелердің негізгі кейіпкерлері – әртүрлі жастағы балалар. «Дүниеде не күшті?» әңгімесінде Мұрат пен Жарқынның дүниеде не күшті екенін білгісі келген шағын оқиғасы қызғылықты баяндалған. Екеуі дауласып мұғалімнен төрелік сұрағанда: «Тартыстарың жақсы екен. Бірақ күштіні екеуің де айта алмағансың. Дүниеде ең күшті құмырсқа ғой», – деп жауап береді. Мұғалімнің айтқанын тексермек болған екі бала қоңызды 6 метр 15 сантиметр жерге көтеріп келген құмырсқаның салмағы мен оның көтерген жүгін дәрі өлшейтін таразыға салады. Өзінен үш еседей ауыр жүкті көтерген құмырсқаның күштілігіне балалар қайран қалады. Әңгімедегі балалардың өздері жасаған сынақтарының нәтижесі арқылы шындыққа қол жеткізуі олардың ізденімпаздығын, жаңалыққа құмарлығын көрсетеді.

«Туған жердің топырағы», «Шұғынық гүл» – туған жерді қастерлеуге, оған құрмет жасауға шақыратын әңгімелер. «Шұғынық гүл» әңгімесінде «Атамның баласымын» деп жүрген бала мектепті ата-әжесінің қасында жүріп оқиды да, әке-шешесіне демалыс кездерінде барып тұрады. Өзінің жақсы көретін гүлін ата-әжесінің ауылына алып барғанмен, гүл ол жердің топырағын жерсінбей құрап өлуге айналады. Сол кезде атасы: «Балам, осы гүл де болса топырағын іздеп тұрған жоқ па?» – деп немересіне ой салады. Атасының айтуы бойынша, өз топырағына қайта отырғызып аман алып қалғанмен бой көтермейді. Бірде елден келген достарының жолда ішуге алған минералды суын құйғанда, гүлі бүршік атып құлпырып шыға келеді. Мұны көрген бала: «Қайтсін, гүл екеш гүл де өзінің өсіп-өнген жерінің суын аңсап, шөлдеп-шөліккеп, кенезесі кеуіп тұрған екен ғой», – деп елжірейді. Туған жерден келген екі құты суды өзі ішуге қимай, гүлдеріне сақтаған ол туған жердің құдіретін сол судан бір ұрттап, тандайына басып тұрғанда «жанары ұшқын атып, жүзіне нұр жүгірді». Бұл – туған жерге деген сағыныш еді. Жазушы кішкентай баланың осы ісімен тіршілік иесінің бәрі де туған топырағын аңсайтынын, сағынатынын шынайы бейнеледі.

«Аюды жеңген батыр бала» әңгімесіндегі атасының мүрдесін қазып алып кеткен аюды жарып өлтірген баланың ерлігімен адамдардың ақыл-парасатының теңдессіз екенін түсіндірген. «Аю жүрексіз болады» деген атасының сөзін жадында ұстаған бала, аюдың тырнағынан өзінің тапқырлығымен аман қалған еді. «Соңғы жұмыртқа» әңгімесінде үйректің жұмыртқасын басқан тауықтың оған өз балаларынан артық қарауымен, «іштен шыққан шұбар жыланның» ыстық болатынын көрсетсе, «Өтірікшісіңдер» әңгімесінде үлкендердің балаларды алдауға болмайтынын алты жасар Есболдың ісімен нанымды бейнелеген.

Жазушының «Әке-шеше, біз сендерді енді түсіндік», «Менің бақытым – анам», «Бұл сыйлық атама тән» әңгімелерінде ата-ананы құрметтеу туралы айтылса, бірсыпыра әңгімелеріне замандастар өмірі негіз болған. «Бөтелке» әңгімесіндегі Еркін физика сабағын дұрыс оқымағанын көрсетсе, «Ұялудағы» он жасар бала оқымысты әкесі Қуанды өзінің білгірлігімен таңғалдырады. «Шөміш бас» әңгімесі аспан жұлдыздарын таныстыруда танымдық қызмет атқарады.

Адам еңбегін бағалау мақсатында жазылған «Жамаушы», «Адал жан», «Етікшінің құрметі», «Су ішкенде құдық қазушыны ұмытпа» әңгімелерінің тәрбиелік мәні ерекше. Қақаған қыстың суығында етік жамап отырған қарияның адал еңбегі мен

елдің қалтасына түсіп ұрлық жасап жүрген жап-жас жігіттің қылығын салыстырған кейіпкер «Ұрлық, ұрлық түбі – қорлық» екенін айтады. «Адал жан» әңгімесіндегі «Ақша жүзін әжім айғыздаған, ерні кеберсіп, шашы ретсіз түйілген кіршінің ұйқысы қанбағандығы қызылы дендеп былшықтанған жанарынан білініп тұр» деген жолдардан кір жуушы әйелдердің ауыр жұмыстан титықтап жүргенін көруге болады. Бірақ ол жігіттің пиджагының қалтасында кеткен қапшығын 180 мың теңгесімен, сол қалпында қолына ұстатады. Осы оқиғадан екі нәрсені ұғуға болады, біріншісі – кірші әйелдің адал еңбегі, екіншісі – қалтасында бір бума ақшасы болса да кіршінің еңбегін бағаламай, оған сұрағанынан аз ақша беріп тұрған жігіттің «шық бермес шығайбайлығы». Жігіт арқылы адам еңбегін бағалауға, кірші әйелдің ісімен адал еңбекпен нан табуға шақырады.

«Әркетімен берген ақыл» әңгімесінде жолшыбай отау үйден сусын ішуге түскен қария өз әркетімен жастарды тәрбиелеуге мұрындық болады. Қырсық шал отаудағы балаларға ақыл айтқанымен қоймай, оларды ұрып, есіктерін сындырып кетеді. Оны естіген балалардың ата-аналары бүлікші шалға өкпе айтқанда, ол былай деп жауап береді: «Сондай бала тәрбиелеп өсірген өздеріңе де әңгір таяқ ойнатайын деп отырмын, – дейді әлгі қария тепеңдеп, асқа ықылас сұрағанда «Қане, батаңызды беріңіз, немесе ықылас етіңіз» деуші еді, түйеден түскендей «Ал қане» десе, отауларына барған адамды «Келдің бе, кеттің бе» демесе. Атадан қалған дәстүр үлкеннің атын ұстау, иттен қорқу, есік ашу, сәлем беру, сырмақ салу дегенді білмесе, сол ма сендердің ұрпақ тәрбиелегендерің? Есікті өзім ашып, өзім жапқан едім, сынбай қайтаді?» [19; 51].

Жазушы С. Үсенұлының соңғы жылдардағы балаларға арналған әңгіме, хикаяттары «Қыранның балапаны» деген атпен жарық көріпті. «Аңғал», «Қайырым», «Зардап», «Сағыныш», «Бұзғыш», «Ұмытшақ» әңгімелеріне балалардың басынан өткен шағын оқиғалары, түрлі мінез-құлықтары, сезім күйлері арқау болған.

Адам мінезі, болмыс-бітімі туралы «Аңғал» әңгімесінің кейіпкері мектеп оқушысы Айдар ұсақ-түйек жұмыстарды істегісі келмей, ерлік жасамақ болып жүргенде суда малтып жүрген баланы жағаға алып шығады. Суға батып бара жатыр деген кішкентай бала беліне суға батырмайтын, жел үрлеген малтығыш байлап алғанын жағаға шыққанда бір-ақ көреді. Әңгімеге Айдардың аңғалдығы негіз болса, «Қайырым» әңгімесіне Арайдың ойыншығын балалармен бөлісе ойнау керектігін түсінген қайырымдылығы, кеңдігі арқау болған. «Сағыныш» әжесіне деген сағынышын жасыра алмаған баланың екі көзіне ерік беруінен байқалса, «Ұйқы қашқан түнде» Абылайдың түсіне қалта телефон кіріп ұйықтатпауы, «Зардапта» қолы әрең жеткен қалтафонға күні-түні үңілгендіктен сабағы нашарлап оның зардабын тартады. «Зардап» әңгімесіне қалтафонның зияны негіз болса, «Сенімді серік» әңгімесінде мектеп алды дайындықта жүрген Дарынның әжесін күтпей кетіп қалып адасқанда сөмкесіндегі ұялы телефон арқылы тауып алғаны, оның пайдасы туралы айтылған. Сөйлейтін, өзі жүретін машинаның ішінде бала отыр деп ойлауы – бала психологиясын аша түссе, «Ұмытшақта» екінші сынып оқушысы Айдардың сөмкесін ойнаған жерде тастап кететін ұмытшақтығына кез боламыз. «Бұзғыш» әңгімесіне бес жасар Айғалидың қолына түскен ойыншықтың ішін ақтарып бұзып тастауының сырын «ішіндегі баланы көрейін деп» күмілжуінен түсінеміз. «Берік» әңгімесінде ойын автоматына үйір Беріктің «Мен сенің атыңды, уәдесіне берік болсын, еш қиындықтан жеңілмесін деп, Берік қойғам! Біліп қой,

сенің атың – Берік!» деген әкесінің сөзінен қорытынды шығаруы қуантады. Ендігі жерде атына сай берік болуды көздеп, ойын автоматтарына бармауға уәде берсе, «Ой мен бойда» Ермек кішкентай кезде бой жетпейтіні сияқты ойдың да қысқа болатынын атасының әңгімесінен түсінеді.

«Мақтаншақ лақ», «Өш алу», «Жабысқақ», «Жыпық», «Масыл», «Өзін-өзі жеңу» әңгімелеріне адам бойындағы жаман мінез-құлықтар негіз болған. «Мақтаншақ лақта» тыным таппай, көрінгенге соқтығатын мақтаншақ лақ қошқардан күтпеген соққы алса, «Қыранның балапаны» өзінің биікке ұшатындығымен тазқара, кезқұйрыққа мақтанып жүріп, кішкентай сарышымшыққа қалай алданғанын білмей қалады. «Тау қыранының алаңғасар ұрпағы сол жолғы үлкен сәтсіздіктен сабақ алып, содан қайтып асып-таспайтын болыпты дейді. Сірә, «Бір сәтсіздік – бір сабақ» деген осы болар...» [20; 16], – деген авторлық ұстаным балаларға мақтаншақтықтың жаман қасиет екенін ұқтырады. «Тіс» әңгімесіндегі Алмастың ауырған тісін жұлып тастағанын көрген Берік пен інісі Ерік екеуі күнде тісін жуып жүретін болды. Әке-шешесінің айтқанын тыңдамай жүрген Берік тіс емдейтін жерде Алмастың жылағанын көрген соң, күнде таңертең тісін тазалауды әдетке айналдырады.

«Жайлаудағы жаңа достар» хикаятында бірінші сыныпты бітірген Айбар жайлауда өзімен ойнайтын бала таппай шөмішбалықпен, суырмен достасады. Суыр Айбарға өз інінде алтын бар екенін және жерден су шығаратынын естігенде, ауылының суға мұқтаж екенін білген бала досынан су сұрайды. Жайлаудан қайтқанда ауылға желке тұстағы сайдан сылдырап су ағып келгенін көріп, суырлардың уәдеге берік екенін біледі. «Суырлар қандай жақсы, айтқан уәдесін бұлжытпай орындайды екен! Құдды біздің ауылдағы жақсы адамдар секілді» деп ойлаған бала жайлаудағы достарының ісіне тәнті болады.

«Атбегі» хикаятындағы бесіктен белі шықпай тұяқты жануарға құмар болған Бақболдың жылқы туралы әңгімелері, ат тұяғынан талай аман қалғаны, атбегі Жексембектен ат баптаудың қыр-сырын үйреніп, өз атын өзі баптайтыны, тоқым салынбаған шу асауларды жуасытатыны, ел жын санап жүрген «Жарқылдақты» ұстауы, саятшылықтағы оқиғалары қызғылықты баяндалған. Жылқы малының «мысыққұлақ», «түлкісағак», «борбас», «салпыерін», «Ойжелке», «талыстанау», «қақпанбел», «салқытөс» сияқты атауларын жатқа білетін атқұмар баланың әңгімелері де сол төңіректен өрбитін. Ауылда өтетін атшабыс, бәйгелерге қатысып шабондоз атанған баланың сыныптың ғана емес, мектептің мақтанышына айналғаны рас.

Жазушының «Сүйінші», «Қалжа», «Ат қою», «Бесікке салу», «Бесік жыры», «Қырқынан шығару», «Тұсау кесу», «Кекіл», «Тана бау тағу», «Тілашар», «Байғазы», «Базарлық», «Бәсіре», «Көрімдік», «Сүндеттеу», «Сүндет той», «Ерулік», «Тоқымқағар», «Бастаңғы», «Отқа шақыру», «Сәлемдеме», «Сарқыт», «Кеусен», «Асар», «Жылу», «Сыбаға», «Соғым», «Соғым басы», «Наурыз», «Наурызкөже», «Наурыз сыбағасы», «Ораза», «Құрбан шалу», «Мүше» (Сыралқы), «Жолаяқ», «Қырық серкеш», «Көген той», «Татуласу», «Қымызмұрындық», «Бие байлау» сияқты шағын әңгімелеріне сан ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдер негіз болған. Кішкентай кейіпкерлердің сауалдарымен толығатын әңгімелердің танымдық, тәрбиелік сипаты басым.

Ал «Күрес», «Арқан тарту», «Теңге ілу», «Аударыспақ», «Теңге ату» тәрізді шағын

әңгімелерінде ұлттық ойындардың ерекшелігі – оқиғалардың кішкентай балалардың көзімен суреттелуі.

Аға буынның дәстүрін жалғастырып, қазіргі прозаға үлес қосып жүрген жас қаламгерлер қатарында Ырысбек Дәбей, Ақберен Елгезек, Бейбіт Сарыбай, Мирас Мұқаш, Мақсат Мәлік, Дархан Бейсенбек, Ерғали Бақаш, Алмас Нүсіп, Әлібек Байбол, Мәдина Омарова, Гүлжан Амангелдіқызы есімдерін атауға болады. Олардың ішінде балаларға арнап жазып жүргендері де бар. Ы. Дәбей, А. Елгезек, А. Әділбек шығармашылығы жастар прозасының болашағы жарқын екенін көрсетті.

Қазіргі әдеби үрдіске белсене аралысып жүрген қаламгердің бірі – Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының, Қазақстан жастар Одағының «Серпер» және «Алтын қалам» ұлттық сыйлықтарының иегері Ақберен Елгезек. Көптеген республикалық мүшәйралардың жүлдегері, «Семсер» әдеби байқауының Гран-При иегері, халықаралық Қашқари атындағы сыйлықтың лауреты. Ақынның «Көлеңкелер күбірі» (2009), «Ғаршы» (2014), «Шексіздік сыртындағы шам» (2015), түрік тілінде басылып шыққан «Fantasmagoria» (2019) жыр жинақтарының авторы. Ақынның өлеңдеі ағылшын, француз, испан, қытай, араб, орыс, қырғыз, түрік, әзербайжан тілдеріне аударылып, көптеген антологияларға енген.

Ақын осындай поэзиялық туындыларымен бірге «Болмаған балалық шақ» прозалық хикаятын ұсынды. Қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихында ақындардың шағын лирикамен жеткізе алмаған басынан кешкен оқиғаларын проза жанрымен жазып жататыны бар. Ақберен де балалық шақта басынан өткен оқиғаларын «Болмаған балалық шақ» деп атапты. Автор хикаятқа қазақы бестселлер деген анықтама береді. Көп тиражбен шыққан, оқырманның сұранысына ие болған көркем туындыны бестселлер деп атайтын болса, жазушының аталған туындысы осы талапқа жауап береді. Хикаяттың үзінділері әлеуметтік желілерде жарияланып, көпшіліктің қызу талқылауына түскені белгілі. Қазіргі таңда мектеп оқушылары бұл шығарманы іздеп оқитын болды. Себебі, кейіпкер басынан өткен сан қилы оқиғалар өскелең ұрпаққа мотивация береді. Өмір үшін күресуге, өз тағдырын жасауға, бақытты болу жолында бәріне де бел буған балаларды оптимистік рухта тәрбиелейтін шығармалар қазіргі таңда көптеп жазыла бастады.

Үлкен екі бөлімнен тұратын хикаяттың кіріспесінде автор шығарманы жазудағы екі мақсатының біріншісін былай деп түсіндіреді: «Біріншісі – мына ұланғайыр Отанымыздың бір түкпірінде менімен тағдырлас бала болса, осы хикаятты оқысын. Балалық шағының әр күні ауыр өтіп жатса, бұл күйзеліске толы күндердің өтетінін білсін. Алда оны тек сәулелі, шуақты күндер күтетінін ұғынсын. Ол болашақта жеңімпаз болатынына, өз тағдырының қожасы болатынына шүбәсі болмасын деп жаздым» [21; 5].

Автордың екінші мақсаты жетім баланы бауырына басқан ата-аналарға қаратыла айтылған. Жазушының: «Балаға мейірімді болыңыздар, ағайын!» – деген сөзінің артында үлкен жүк жатыр. Қазақ халқы бүгінгі бүлдіршіндердің әп-сәтте үлкен азамат болып өсетінін білген, «Бала өспей ме, көкейінді теспей ме» деген нақыл сөздер сондайда айтылған.

«Сіз оқығалы отырған хикаят – менің балалық шағым туралы баян» деп автордың өзі айтқандай, хикаяттың бас кейіпкері – автор. Негізгі оқиға кейіпкердің әкесі қайтыс болған соң, үш баласын жетектеп Алматыдан Үржардағы төркініне көшкен жесір әйелдің тағдыр тауқыметімен басталады. Маржан, Данышпан, Ақберен – үшеуі

үйелмелі-сүйелмелі балалар. Әкесінің өмірден өткені есінде қалмағанмен, Асқар ағасының айтуына қарағанда, бала жүрек жаманатты сезген. «Бір уақытта есінді жинадың да, көкемнің бейітіне тесіле қарап тұрып: «Ей, ағалар, неге менің әкемді көміп тастадыңдар?!» – деп айқайлап жібердің! Жұрттың бәрі саған қарай ошарыла қарап, жүзін тайдырып әкеткен еді. Әлгі сөзден кейін жасыңды бірден тыйдың, бет-ауызың енді ештеңеге мызғымастай сазарды да, өзің сұп-суық боп қатып қалдың», – деп еді» [21; 9]. Сол, сол екен бала жүрек содан кейін бір босамады, қатқан үстіне шер-шемен болып қата берді.

Нағашы әжесінің үйіне үш балапанын алып келгенде, «Үлкен үйдегі» үш інісі мен сіңлісінің де бойжетіп тұрған кезі болатын. Бірінен-біріне өтетін үш бөлмелі үйге бұлар келіп қосылды. Есі кіре бастағаннан басынан өткен оқиғаларды «өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай» етіп әңгімелейтін үрпек сарыны ауыл тұрғындары «қияли бала» атап кеткен. Оны автор былай еске алады: «Біздей пақырға басқа планеталарға шеккен сапарлар жайлы таңды таңға ұрып, елді еш шаршатпай әңгімелеп беру аса қиынға соқпайтын. Немесе, сол кездегі КСРО-ның таңба-маңдай басшысы Михаил Горбачевпен өткен неше дүркін кездесулерімнің нәтижелерінен хабардар қылып жүру маған бұйым емес еді. Ол – ол ма, менің әңгімеңді қызықтаған қауымға үйдің қасындағы тоғайдан кинодан жиі еститін Гитлермен кездесіп, әңгіме соққанымды паш етемін» [21, 10]. Бала күндегі осы қиял кейін оны үлкен шығармашылыққа алып келетінін ол кезде ешкім білген жоқ.

Баланың әңгімесін тыңдауға келгендер құры қол келмейді. Оның кәмпит, пірәндік, лимонад, «Тархун» сияқтыларды тойғанша ішіп, жеп, қалғанын үйдегі аурушаң ағасы Данышпанға алып келетіндігінен – бала күнгі бауырмалдығы байқалады. Ауылдың үлкен-кішісі баланың әңгімесін тыңдауға ынтызар болатындығы – олардың кез келгені сол оқиғалардың бел ортасында жүретіндігі. Соған бірер мысал келтіруге болады. Ауыл жанындағы тоғайдан бөгде ғаламшарлықтарды көріп, олармен әңгімелескені былай өрбиді:

– Әй, ол табақшаға тарбиып мінгендердің руы кім екен-ай? – деп сұрақ қояды бір кезде таяғына сүйеніп тұрған әлгі кеңкілдек, қуақы шал.

– Найман екен!

– Қой-ей!

Рас, өздері айтты ғой, ата!

Әй, оларың өзінің атамекенінде ғұмыр кешпей, неғып қаңғып жүрген наймандар, ә? – деп кейігендей басын шайқайтын қария.

– Ата, сіз өзіңіз найман емессіз бе?

– Найманмын, балам.

– Онда сіз де басқа планетадан келген екенсіз!

– Не дейді, құлыным-ау?!

– Сізді олар сұраған өткенде. Әлгі біздің Шүйірей шал қайда жүр деп.

– Ех-ех-ехе! Әй, иттің ғана күшігі! Әй, иттің ғана күшігі! Әй, иттің ғана баласы!

Мә, апаңның жайған құртын ала ғой. Хе-хе-хе-хе, иттің ғана баласы, айтып тұрғанын қарашы-ей! «Шүйірей шал» деді ме-ей?!.

– Иә, ата?

– Хе-хе-хе, олар найман дейсің ғой?!..

– Нағыз найман екен! Түрлері сізден айнымайды.

– Әй, бар бол, иттің баласы, таппайтының жоқ... [21; 13]

– Осындай таңғажайып оқиғаларға кім-кімнің де кейіпкер болғысы келетіні белгілі. Тыңдармандардың алып келген тәттілері мен сусындарының түріне қарап та олар туралы оқиғаларды қиыстыра беретін баланың тапқырлығына, әңгімешілдігіне үлкен-кіші бас иеді. Өзінің ішіп-жейтін тәттілерін адал еңбегімен тауып үйренген ол біреу тәтті берсе, оған ертегі айтқысы келіп тұратын. Бірақ бала біткен тоймайтын тәттілерден сары үрпек бала 5-6 жасында бас тартты. Анасы екінші рет тұрмысқа шығып кеткенде, нағашы әжесінің қолында қалған оған ел әңгімесі үшін емес, тәттілерін мүсіркеп беретінін байқап қояды. Сол-сол екен, кейіпкеріміз күні бүгінге дейін сол тәттілерді аузына екінші рет салған емес. Бұл – оның бірбеткейлігін, қайсарлығын, намысқойлығын танытар көркемдік деталь.

Әжесінен ес білмей қалған, анасынан тірі жетім қалған кейіпкердің өміріне қарап отырып, жетімектердің тағдыры қай дәуірде де оңай болмағанын байқаймыз. Жалғыз сүйенер ағасы дүниеден өткенде «енді маған кім сурет салып береді, кім мені қорғайды енді?» деп зар илеген баланың сол бір қасіреті кейін «Елес» деген арнауына негіз болды. Шешесінің қалыңмалына берген қара биеге тас атып жүрген бала көп ұзамай анасынан бір айырылса, сол жылы әпкесі Маржан Талдықорғандағы училищеге оқуға түсіп жалғыздықтың зарын тартты. Оның: «Тұр, тұр, Дәкай! Қазды шығару керек, апам ұрсады ғой!» деп апасынан қорқып жүрген баланың ең жақын адамы апасы болып қалатынын ол кезде білген жоқ еді. Шешесі тұрмысқа шығып, ағасы қайтыс болып, әпкесі оқуға кеткеннен кейінгі көңіл күйін автор былай суреттейді: «Біреуді барып, жабысып құшақтағым келетін сияқты. Біреу мені құшақтап, еркелетсе деп армандаймын. Нағашы ағаларым өз балаларын айналып-толғанып жатқанда, маған да бір жылы сөздің ұшқыны тиіп қалар деп жәутендеп тұрғаным» [21; 24].

Жетімдіктің, жалғыздықтың зарын тартпаған адам мұндай жағдайды қайдан білсін? Анасын қатты сағынған баланың үйге келген құдағиды анам екен деп, ту сыртынан келіп құшақтаған сәтіндегі жан тебіренісі осы ойымызды толықтырады. Бірақ оның асыға күткен анасы өзін іздеп келмеді. Нағашы апасының «Құдайдың баласы» дегеніне сенген ол Жәкеңнің қарабұжыр баласына мақтанып айта қойып еді, ол «Құдайдың баласы? Хахахахахаха! Қайдағы Құдай? Құдай жоқ қой! Не танып тұрсың?» деп бетінен қағып тастады. Құдай жоқ болса, Татарков Женяға айтудың да қажеті жоғын түсінген ол енді кімнің баласы екенін білмей дал болды.

Әпкесі Маржан көктемде Талдықорғандағы оқуынан келіп, бір апта үйде болғаны бар. Ол қайта кетіп бара жатқанда, мұның Құдайға шындап жалбарынғаны бар. «Құдай аға, егер мені естіп тұрсаңыз, апайымды үйге қайтадан алып келіңізші? Ол кетсе, маған өте жаман болады. Маған Маржансыз өте қиын! Өтінемін Сізден, Құдай аға!» – деп жалына сұраған. Баланың көз жасы қабыл болып, автобустары бұзылып жолдан қайтып келген әпкесі бір күн інісінің қасында болған. Шын тілеген тілегін қабыл еткеніне қарағанда Құдай бар дейді бала жүрегі.

Бала күндегі жақын достарының бірі – Олешка. Ол әкесі қалаға алып баратын болса, екі ойыншық алдырып, бірін бұған беретін. Бірде әкесі Олешкаға велосипед алып береді. Сол күні ол көз жасына ерік берді, неге сонша жылағанын өзі де білмейді. Бала көңіл неге бір велосипед әкелгенін түсінбейді, бірақ Олешкадан қалғысы келмейді. «Дымымды шығармай, жылап, жүгіріп келем. Өкпемнің өше бастағанына мән берер емеспін. Әйтеуір қалмау керек» [21; 34]. Иә, ол жалғыз досынан қалғысы келмеді, велосипед тебе алмаса да оған ілесіп, өкпесі күйгенше жүгіре берді, жүгіре берді.

Титтейінен жұдырық тигізген балаға қарсы атылып, қаймықпай өскен бала жарақат алса да жылаған емес. Бірақ оның нәзік жүрегі шөп, тал, ұшқан құс, жүгірген жәндік, төрт түлік, жылаған бала – бәріне де жаны ашып тұратын. Оның бір мысалы – Жексеннің жауыздығына қарсы шығуы. Ағашқа арқанмен байлап қойған итті суға тұншықтырып отырған Жексеннің жауыздығын көргенде, өзінен 5-6 жас үлкен балаға атылады. Көзі аларып, ауа жетпей, судың бетіне шыққысы келіп сирақтарымен суды шалпылдатып жанталасып жатқан итті көргенде ол өзін ұстап тұра алмады. Қан жоса болып, ес-түссіз жатқан жерінен анасы келіп, басынан сипап үйге алып кетеді. Бұл кезде әлгі иттің мүрдесі өзенде теңселіп жатты. Тіршілік иесінің бәрін Құдай жаратқандықтан, адам баласының аса бір мұқтаж болмаса тал сындыруға, қоңыз өлтіруге құқы жоқ деп түсінген бала қоршаған табиғат пен қоршаған ортаға жанашырлықпен қарады. Басқадан да соны талап етті.

Біздің кейіпкеріміздің өмірінен үлкен орын алған келесі кейіпкер – өгей әкесі Қалаң. Автор оны былай суреттейді: «...Кешке жақын машинасын гүрілдетіп «әкеміз» де үйге жетті. Бойы биік, мойны жуан. Білектерінде бұлшық еттері ойнақшып, тамырлары білеуленіп тұр. Құстұмсық. Өне-бойынан қара күштің қорқынышты ызғары еседі. Қабағы үнемі түксіңкі жүреді екен. Екі сөзінің бірі «әкеңнің ауызын бәлен қылайын...» Шашы бурыл тартқан, атжақты, дөңқабақ. Көзі үлкен, көкшіл. Бірдене ұнамай қалса, тісін шықырлатып қояды. Қысқасы, мендей нәзік балаға мұндай қуатты, қарадойыр адам ұнаған жоқ. Қатыгез екенін байғұс жүрегім бірден сезді. Барар жер, басар тау жоқ, осы ызбарлы кісімен бірге өмір сүретін болдық» [21; 37].

Осындай алпамса денелі азаматтың титтей қорғансыз баланы ермекке ұратыны, тіпті оның қолын қайырып байлап қойып бауыздамақшы болғаны – басқа сыймайтын жауыздық. Бірінші әйелін де солай бауыздамақ болып жатқанын көрген көршілер жабылып жүріп арашалап алған екен. Ал біздің кейіпкерімізге Құдайдың өзі көмекке келмесе, оған көмектесер тірі пенде жоқ. Жеті жасында мектепке барған әлжуаз баланы Қалаңның ермекке айналдырғанына қарап, екі аяқты пенделерден ар мен иба кеткені көрінеді. Қаладан келген екі інісін жылқылы ауылға алып барып, қанша төбелестірейін десе де, таяққа піскен өгей бала оларға дес бермейді.

Ұрпек сарының тағы бір тапқырлығы – Қалаңның өгей шешесінің көңілін табуы. Қырғыздың қызы екенін біліп, одан Ыстықкөл туралы сұрауы, ешкімі жоқ шерлі жанды туыстарына алып баруға уәде беруі оның жанды жарасын тырнап, өткен-кеткенді есіне түсіріп еді. «Апа, мен сізді өскенде Ыстықкөлге апарамын!» деген сөзі үшін сандығын ашып барын шығарғанда, бұған керек бір дорба ирис кәмпит үстел шетінде жатты. «Бара ғой, балам, бара ғой!» дегенде, бұл сол дорбаны іле кетті. Ондағы ойы – Меруертке апарып беріп, Лениннің суреті бар төсбелгіні алу. Өз сыныбында Лена Кузьминада ғана бар төсбелгі басқалардан ерекше еді. Сондай төсбелгіні қазақ мектебінде оқитын Меруерттен көрген ол қалай да соған қол жеткізуге бел байлады. Оның бір ғана жолы бар еді. Ол – қырғыз апаның сандығындағы кәмпитті қолға түсіру. Ұрлап алудың реті келмеген соң, осындай амалға барды. Бұл – кішкентай баланың тығырықтан шығар жол табуы еді.

Нағашыларының үйіне сыймай, Қалаңның үйіне қуылған балада қарадойырдың дегеніне көніп, оның жауыздығын анасынан жасырудан басқа амал жоқ еді. Анасының жағдайын ойлап, өзін құрбан етіп жүрген бала осылай ерте есейді. Өгей әкеден қашқан бала жетімдер үйіне де кеткісі келді, бірақ оған шешесі жібермеді.

Осылай жүргенде өмірінде көрмеген әкесінің туысқаны Орынғали атасы іздеп келіп алып кетеді. Шешесі орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болғандықтан, баласын да орыс сыныбына береді. Екі тілге бірдей бала мектепке барғаннан кітапқұмар болып, ауыл кітапханасындағы бар кітапты қой бағып жүріп-ақ оқып тастайды. Қапқа салған кітаптарды көң арасына тығатын баланың бұл қулығын қырағы Орынғали атасы да білген емес.

Әкесінің туыстарына келген соң, не кием, не ішем деген болған емес. Бірақ жаз шықса ергелі-кеш қой бағу мұның мойнында. Қой баға жүріп, табиғатпен, жетім қозымен сырласқан бала ауыл кітапханасындағы кітаптарды түгел оқып, өзі де әдебиетке қарай бет бұра бастап еді.

Немересі көп Орынғали атасынан бір бәсіре ала алмаған баланың бауырына басқан тайы өсіп қалғанда оны көрші ауылға соғымқа сатып жіберуі, өмір бойы байлауда тұрған иті шариктің иттерге таланып өлуі – тіршілік иесіне құрметпен қарайтын баланың жанына жазылмас жара салды. Ол да атасы секілді бір уыс бидайға рақмет айтуды үйренді, ешкімге ұқсамайтын «Қияли бала» алғашқы өлеңдері газет бетіне шыға бастағаннан ауылда «Пушкин» атанды. Оның өмір сүру дағдысы бүгін де өзгеше.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан» деп Абай атамыз айтқандай, әр адам өмірде өз кетігін тауып қалануы керек. Өз орнын тапқанда ғана оның өмірінде мән болады. Сондай өз орнын тапқан біздің кейіпкеріміздің бүгінгі өмірі ауыз толтыра мақтануға лайық. Қазіргі таңда Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші хатшысы болып отырған, өлеңдері бірнеше тілге аударылған ақынның қиын да қасіретке толы өмір жолы басқа да жетімектерге мотивация беретіні ақиқат. Алыс-жақын елге танымал Ақберен Елгезектің басынан кешкендерін оқыған әр бала бақытқа жету үшін күресу керектігін түсінеді. Өмір – күрес. Жетістікке жету үшін күрескер ғана емес, үрпек сары тәрізді жеңімпаз болу керек.

Қазіргі балалар әдебиетіне үлес қосып жүрген қаламгердің бірі Өлібек Байбол – «Теміржол вокзалы», «Құлдар патшалығы», «Ой ұшқындары» атты 3 прозалық кітаптың авторы. Жазушының жас бүлдіршіндерге арналған «Жиһаз – үйдің көркі», «Көктем», «Достық», «Көлсай», «Бауыржан отбасы», «Құстарды аяла», «Атқұмар Дәурен», «Дені саудың – жаны сау», «Ұшқалақ Ұлан» әңгімелері танымдық-тәрбиелік қызмет атқарса, «Бес», «Жандос күткен көктем», «Қағаз кеме», «Кешірші, мені кептер», «Екі дос» әңгімелерінде мектеп жасындағы балалардың сан қилы оқиғаларына тап боламыз.

Жазушының «Бес» әңгімесінде 6 «а» сынып оқушысы Асхатпен кездесеміз. Анасымен бірге «Алматы-1»-ден «Алматы-2» теміржол бекеті маңына көшкен баланың мектебі ауысатыны да белгілі. Ойын баласының өзімен қатар балалармен «соқыр теке» ойнап, сабаққа дайындалмай барғанда математикадан екілік алуы, анасының ескертуінен кейін бар сабаққа мұқият дайындалып бестік баға алуы баланың анасына деген құрметін танытады. Өтірік айта алмайтын бала психологиясы анасы екеуінің арасындағы диалогтардан әдемі көрінеді.

«Жандос күткен көктем» әңгімесіне бірінші сынып оқушысы Жандостың басынан кешкен оқиғалары негіз болған. Бірінші Құдай, екінші Дәуреннің көмегімен көзіне ота жасатып, емделіп шыққан Жандостың жан жарасы әр оқырманға ой салары анық. Мектепке бара алмай, сабақты үйде оқып, үйден шыға алмай отырған кезіндегі көңіл күйі мен отадан кейінгі көңіл күйін салыстыруға келмейді. Қолына

түрлі түсті қарындаштарын алып сурет салатын баланың болашағы жарқын екені оның көтеріңкі көңіл күйінен байқалады. Жазушы жекелеген көркемдік детальдар арқылы көптеген мәселелерді көтерген. Соның біріншісі – ұлттық құндылықтар. «Тізенді құшақтама» деген тыйымнан ұлттық тәрбиенің бастауын көруге болады. Қазақ халқы ырым-тыйымдармен де балаларды тәрбиелеп отырған, тізесін құшақтаған адам болашақта қу тізесін құшақтап жалғыз қалады деген ырымға сенген халық балалардың санасына оны тыйым арқылы сіңіріп отырған. Ал әкесінің тапқаны күнделікті ішіп-жемнен артылмайтыны, баласына ота жасатуға 150 мың теңге таба алмай тығырыққа тірелген ерлі-зайыптылардың күйі қазіргі тәуелсіз қазақ елінің экономикалық жағдайынан хабар береді. Айсұлуды қарындасындай көретін көршісі Дәуреннің баласының болашағы үшін қайтарымызсыз берген ақшасы Жандостың, яғни қазақтың бір баласының болашағын жарқын етіп отыр. Міне осындай адамгершілік, ұлттық құндылықтарды жадында ұстаған автор қазақ халқына тән бауырмалдық деген асыл қасиеттерді насихаттап, оны үлгі еткен.

«Қағаз кеме» Дархан мен Ұлбосынның баласы Серік еңбек сабағында жасаған балғаның сабын қуанып алып келгенде, анасының қабағы жарылып, көзі көгеріп, көгала қойдай болып, әкесінен таяқ жегенін көріп, көзі мөлтілдеп анасын құшақтай алады. Жазушы араққа салынған әкенің отбасының тынышын алуын, бала жанын жаралауының астарына үңілген. Өз қатарларының алдында жүзі сынық Серік пайдасы жоқ әкеден біржола құтылып, анасы екеуі тіршілік жасап баспанаға қол жеткізеді. Әке мен шеше арасындағы дау-жанжалдан ерте есейіп, анасына қолғанат болған баланың балалығы қалмауы әңгіме соңында қағаз кеме жасап: «Жолың болсын! Саған мына өмір өткелдерінде сәттілік тілеймін!» – деп қолын бұлғап» тұруымен бейнеленген. Жазушы бала психологиясына әсер етер, оның жанын жаралар келеңсіз оқиғаларға үнілу арқылы әр баланың бақытты болуға құқы бар екеніне көңіл аударған. Кейде толық отбасында тәрбиеленген балалар бақытты деп жатамыз, ал шын мәнісінде, араққа салынған әкенің бала жанын жаралаудан басқа қолынан келері жоқ екен.

«Кешірші, мені кептер» әңгімесінде Біржан мен Жандостың парктегі кептерлерге келіп, нан қиқымын, дән беріп жүргенде Жандостың ерекше жаратылған кептерге көзі түсіп, оған «Жалғыз» деген ат қояды. Бірақ келесі күні сол кептердің өліп жатқанын көрген Біржан көз жасын тыя алмайды.

«Біржанның аузынан:

– Кешірші мені, кептер! – деген сөздің шығуы мұң екен өзін тоқтата алмады. Жылады келіп. Содан бері бала бір топ кептерді көрсе «Жалғызын» сағынатын болды. Ол ешкімге ұқсамайтын. Ешкімге. Дара. Егер де, Алла «Жалғызды» кептер етіп емес, адам қылып жаратса, ол жақсы адам болар еді, шіркін. Қош бол, «Жалғызым»!.. Қош бол!..» [22] – деген жолдарды оқып отырғанда, Жалғызын өлімге қимаған бала психологиясы анық байқалады.

«Екі дос» әңгімесіне он үш жастағы Дәурен мен Қасым арасындағы достық негіз болған. Әке-шешесінен ерте айырылған Дәурен анасының әпкесі Жанардың үйінде тұрады. Санасыз, қырсық, қатал кісі Дәуренді қара жұмысқа салғанымен қоймай, ұрыс-керіс болса, бар ашуын сүйкімсіз баладан алып, көгала қойдай етіп белдікпен сабап тастайды. Басындағы тыртық – баланың басына ұрып шаққан бос бөтелкесінің белгісі. Суға түсіп, балық аулап, ойын қызығымен кешігіп қалған баланы анау сабай бастағанда Қасым анасына барып Дәуренді құтқаруды сұрайды. Күннен-

күнге жағдайы қиындаған баланы олар «Жетімдер үйіне» өткізіп құтылғанмен, оны Қасымның анасы өз үйіне алып алады. Бұл екі дос «бас бармақтарын кесіп, қанын ақ матаға жағып сақтап қойған». Олардың достығының белгісіндей болған сол мата әлі күнге дейін сақталған. Әңгімеден қай дәуірде де жетімдердің тағдыры оңай болмағанын көреміз. Сол үйдің отымен кіріп, күлімен шыққан Дәуреннің бар кінәсі – тұлдыр жетім болғаны. Қазақ халқы бір кезде жетімін жылатпағаны белгілі, Қасымның анасының шешімі сол игі дәстүрдің бүгінгі таңдағы жалғасы.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған шығармалардың барлығы – бала ұғымына жеңіл, тілі қарапайым, көлемі жағынан қысқа да нұсқа, баланың жас ерекшелігіне сай, түсінуге ыңғайлы, тәрбиелік жағынан балаға берері мол туындылар. Балаларға арналған шығармалардың негізгі қызметтерінің бірі – тәрбие құралы болса, аталған шығармалардағы кейіпкерлер басынан өткерген оқиғалардан балалар адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтайды. Жазушылар шығармаларына мектеп жасына дейінгі балалардан бастап, студенттерге дейінгі аралықтағы жастар қатысқан. Қарапайым ауылда тәрбиеленген қазақ балаларының ел басына күн туғанда атқа конуы – сан ғасырлар бойы жиналған қайғы мен мұң-шердің көрінісі.

Әр баланы адам ретінде тәрбиелеу – ата-ананың, тәрбиешінің, ұстаздың, қоғамның міндеті. В.Г. Белинскийдің бала тәрбиесіне қатысты: «Балаларды алғашқыда чиновник, ақын, қолөнерші болуға емес, адам болуға тәрбиелеу керек, содан кейін басқаларға тәрбиелеуге тиіс» [23], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, көркем шығармалар арқылы Абай айтқан толық адамды қалыптастыруымыз керек. Балалар шығармалары оқырманды тәрбиелеу үшін жазылатын болса, авторлар алдына қойған мақсатына жеткен. Сонымен бірге, әдебиет – сөз өнері. Басқа өнер салалары секілді көркем сөз оқырманды әсемдікке, сұлулыққа баулиды. Бұл тұрғыда шығармалардың балаларға берері мол. Ұлттығымыздың негізгі тірегі – ана тілі, діні мен ділінің сақталуы болса, жазушылар кейіпкерлерінің қаймағы қалың қазақы ортадан шығуы, ұлттық құндылықтарды бойына жинақтауы, Ислам дінінің асыл қасиеттерінен аттамауы қуантады. Өскелең ұрпақ бойындағы мұндай қасиеттер қазақтың болашағы бар дегенге сендіреді. Сонымен бірге, мазмұндық, түрлік ізденістер қатарында Р.Сауытбайдың фэнтэзи жанрындағы «Шоко әлем» кітабына енген шығармаларын атар едік.

Әдебиеттер:

1. Сейілова А. Балалар әдебиеті мемлекеттік қолдауға зәру // Егемен Қазақстан. – 2020. – 11 қараша.
 2. Балалар бағының бағбандары. – Анықтамалық. – Алматы: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2008. – 300 б.
 3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1974. – 176 б.
 4. Жаңа заман ертегілері. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 104 б.
- Әліәкбар Ә-С. Бір ділді Алаш фэнтэзиі ешқашан тілге бөлініп алаланбайды // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/>
5. Ыбырайым Б. Аспандағы саяхат: ертегі-хикаят. – Алматы: «Қоңыр» баспасы, 2019. – 48 б.
 6. Сауытбай Р. Шоко әлем // <https://kitap.kz/book/shoko-lem>
 7. Білгеннің пайдасы. Қазақ ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары. (Құраст. Е.Дүйсенбайұлы). – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

8. Айымбетов М. Құмөзек хикаялары. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: Раритет, 2007. – 256 б. – «Алтын қор» кітапханасы.
9. Ақыпбекұлы Ө. Құпия оқулық: Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мазақтамалар, аңыз, эпсана, ертегілер. – Астана: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2004. – 204 б. ISBN 9965-650-20-9
10. Асылбекұлы С. Шығармалары. Бірінші том. – Астана: Фолиант, 2008. – 400 б.
11. Ахметов Ш. Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Кіт.: Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
12. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы / Психология, Жан жүйесі мен өнер тандау. Т.4. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
13. Кемелбаева А. «Сағыныштан» «Рәбиғаның махаббатына» дейін...» сұхбат // http://asiainfo.kz/A_suhbat/2017-05-17/701.html
14. Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
15. Асылбекұлы С. Шығармалары. Екінші том. – Астана: Фолиант, 2008. – 416 б.
16. Ыбырайым Б. «Әйбәт балалар» топтамасы // Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
17. Мамырбаева Д. Сезім бүршік жарған күн. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: «Алуа» ЖШС-нің баспасы, 2014. – 192 б.
18. Жұмабайұлы Б. Жап жарық әлем. – Алматы: «Үш қиян», 2021. – 96 б.
19. Үсенұлы С. Қыранның балапаны. – Алматы, 2021.
20. Елгезек А. Болмаған балалық шақ. Қазақы бестселлер. – Алматы: «Абай» баспасы, 2020. – 140 б.
21. Байбол Ә. «Кешірші, мені кептер» т.б. ертегілері мен әңгімелері жазушының жеке мұрағатынан алынды.
22. Белинский В.Г. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. Педагогика Ғылымдарының академиясы, 1948. – 47 б.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ҚАҒАРМАҢДАР

Қазақ балалар драматургиясының туу, қалыптасу, даму кезеңдері бар. Басқа жанрларға қарағанда балалар драматургиясы кешеуілдеп дамыды. Оның бастауын І.Жансүгіровтің «Мектеп» (1934) пьесасынан бастап сөз етуге болады. XX ғасыр әдебиетіне көз жүгіртетін болсақ, бұл қатар кейінгі жылдары Ә. Тәжібаевтың «Жомарттың кілемі», М. Ақынжановтың «Алтын сақа» (1946), «Ыбырай Алтынсарин», С. Бегалиннің «Тапқыр бала», Ш. Құсайыновтың «Нұрлы тас» (1948), «Әл-Фараби», «Алдар Көсе», «Есірткен ерке», Ш.Ахметовтің «Қолқанат», М. Гумеровтің «Базарлық», «Жалғыз терек», Н. Ғабдуллиннің «Немерелер», Қ. Мұқышевтің «Аликтің әлегі», Б. Ысқақовтың «Түймедейден түйедей», «Маржан мен Сәрсен», Б. Соқпақбаевтың «Тапқыр Қожанасыр», М. Қабанбаевтың «Қаңбақ шал», «Жиһанкез Ти-ти», С. Жүнісовтің «Бәсеке», Е. Елубаевтың «Саған күшік керек пе?», «Өжет», С. Балғабаевтың «Жымбала, Мико және қасқыр» сияқты балаларға арналған драмалық туындыларымен толықты. Аталған шығармалардың бірсыпырасына аңыз-ертегілер негіз болса, бір парасы балалар өмірінен хабар берді.

Драматургтер балаларға арнап шағын инсценировка, бір актілі пьеса, интермедия, скетчтер жазды. Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Қ. Қайымның «Аяз би», Б. Айдарбектің «Ел боламын десең, бесігінді түзе», «Жиһад», Д. Рамазанның «Бала Қазыбек», Ә. Байболдың «Гүлдің аты – Махаббат», «Әріптер әлеміне саяхат» пьесаларының негізгі кейіпкерлері – балалар.

3. Қабдоловтың: «Көркем әдебиет атанатын өнер – сұлу да суретті сөз, дәлірек айтқанда, сөз өнерін жасайтын суреткер шындықты шындайды, әйтпесе шынайы шығарма тумайды. Творчестволық процестің бұл «құпиясын» эстетикалық сауаты ашық қауым түгел түсінуге тиіс» [1; 117-118], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, драматургтер ХХІ ғасыр шындығын шығармаларына арқау етуде. Солардың қатарында Р. Мұқанованың театр сахналарында қойылып жүрген «Мәңгілік бала бейне» [2] пьесасында табиғат пен адам экологиясы көтерілген. Оқиға Семейдің Абай ауданындағы Қарауыл ауылында өтеді. Бұл туынды автордың өзі айтқандай, мұражайдағы 5-6 жасар бала бейнесіндегі 14 жасар қыздың суреті қатты әсер еткендіктен жазылған. Оқиғаға Ләйлә, Қатира, Құмар, Пысықай, Шөкіш, депутат, қатын, шал, әртіс, Болтай, Қатша, 2-3 адам, 1-2 қыз қатысады. Негізгі оқиға Ләйләнің төңірегінде жүріп жатады. Сахна ашылғанда: «О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс, қыз боламын күнәсіз. Бірақ мынау кейпіммен... (Айға құрысқан мүгедек денесін көрсетеді). Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам сиқы жоқ, адамдықтан ажыраған, адам пейілін тәубаға түсірер мүгедекпін», – деп терең сайда жарық Аймен тілдесіп отырған мүгедек қыз Ләйләмен кездесеміз.

Екі аяқтылар арасынан сырласарға жан таппаған Ләйләнің бұл күйіне қарап, Семей полигонының адамзат баласына тигізген кесепатын аңғару қиын емес. Сондықтан да оқиға Қарауыл ауылында өтіп жатқаны анық. Қарауыл халқының тұрмыс-тіршілігі әрбір детальдан байқалады. Солардың қатарында біреудің үйленген баласының ауылдан поселке салмаңыздар деп шырылдағанынан, жаңа түскен келіннің Қарауылдың қызы болса, одан дұрыс бала туа ма деп күдіктенулерінен-ақ көрінеді. Автор өзінің негізгі айтпағын, авторлық ұстанымын кейіпкерлерінің аузына салған. 2-адамның: «Полигон... Қарауыл емес, полигон. Әдейі көшірмейді бұл жерден, тәжірибе үшін керекпіз ғылымға. Қисық-қыңыр бала туғанымыз аздық етіп

отыр. Адам кейпінен қалай өзгеріске ұшырар екен деп күтіп отыр аналар...» – деген сөзі осы ойымызды растайды.

Өз қатарларының бірі бойжетіп, екіншісі ержетіп отбасылы болып жатқанда жиырмаға келген Ләйләнің мына күйі кез келген адамның жанын жабырқататыны белгілі. Үйленіп жатқан Құмар – Ләйләнің бір партада отырған сыныптасы. Бір кезде ақ Ләлек аталған Ләйләнің бүгінгі күйі, әрине, адамның жанын ауыртады. Нағашы жеңгесі Қатираның қасында қалқиып жүргені болмаса, елдің бәрі оған мүсіркей қарайды. Сол сияқты кемтар жандар мұнда жетерлік, жынды Шөкіш пен Қатшаның баласы Болтай – полигонның салдарынан жарым сүрей болып қалған жандар. Қатша баласына «Тең-теңімен, тезек қабымен» деп Ләйләні әпермек болғанда, оған Ләйлә келіспейді. Қыздың дене бітімі өспегенмен, ақыл-есі дұрыс еді. Сондықтан да ол ішкі сырын Аймен ғана бөліседі.

Автор осындай ауылға депутаттардың келуімен сайлау қарсаңында ел аралауға шығатын халық қалаулыларының тірлігінен хабар берген. Шалғайдағы ауылдарға келіп бар уәдені беретін депутаттардың сайлау өткен соң, ат ізін салмай құрдымға түсіп кететіні белгілі. Құмардың тойына келген депутаттың Ләйләні суретке түсіріп алғысы келгенмен, ол суретке түспей қояды. Сол депутатпен келісіп 2000 доллар берсе, Ләйләні қалаға жібермек болып жеңгесі Қатираның келісіп жатқанын естігенде адам баласынан безінеді. Осы кезде ай тұтылып, ол өзіне көр қазып жатады. Алдау мен арбау, екіжүзділіктен шаршағын Ләйләнің Қарауылдың жерін басып жүргісі жоқ еді.

Заманауи тақырыпты көтерген Б.Айдарбектің екі бөлімді бес-алты кейіпкер қатысатын «Жиһад» драмасы осы қатарды толықтырады. Оқиға екі кейіпкердің диалогымен басталады. Нұркен – діни сауаты жоқ, бірақ намаз оқып Алланың ақ жолына түскісі келетін жастардың өкілі болса, Омар – діни сауаты бар, бес мезгіл намазын оқып Құдайға құлшылық жасап жүрген жігіт. Дастанның «құлшылық жасамай-ақ, Алланың жолында жиһад жасап та жаннатқа баруға болатынын» Нұркен сияқты жаннат пен жиһадтан хабары жоқ жанға айтып иландыруы көңілге қонымды.

«Омар (*тез өзгеріп*) Жо-жоқ, Нұркен, мен ашуланған жоқпын. Тек сенің алдымен жақсы амалдар туралы емес, бірден жаннат, жиһад жайлы айта бастағаның қатты ойландырып тастады. (*Ойлана*) Нұркен, жаннаттың өте жақсы екенін бәріміз білеміз. Бәріміздің сонда барғымыз келеді. Ал жиһадтың не екенін, мағынасы қандай екенін білесің бе?

Нұркен: Білмедім, Омар. Бірақ жаман нәрсе емес секілді. Жаман нәрсе болса, кейінгі жастар «жиһад-жиһад» деп бірінен соң бірі Сирияға кетпес еді ғой... Әлде жаман нәрсе ме?» [3; 1].

Оқиғаны ширата түсетін Нұркеннің анасы Сәнімгүл. Сәнімгүл үшін мешітке барып тоңқаңдағаннан басқаны білмейтін Омар – өмірде жолы болмаған адам болса, Дастан – ақшаны күреп тауып, шетелге жиі шығатын айы оңынан туған, жолы болғыш кәсіпкер (бизнесмен) жігіт. Байлық пен мансапты бәрінен жоғары қоятын дүниеқоңыз Сәнімгүл үшін баласының Омарға емес, Дастанға жақын жүргені, сол сияқты бизнесмен болып әлемді шарлап жүргені тиімді. Екеуі намаз оқиын деп енді жайнамаздарын жайып жатқанының үстінен түскен Сәнімгүл: «Бар! Бар! Сен секілді үйінен қашқандардың алды қайда барып жатқанын да көріп жүрміз ғой. Әлгі Сириясынан ба, пириясынан ба бір-ақ шығып, лаңкестердің тобына қосылады. Сонан соң белдеріне жарылғыш байлап алады да, бір елге барып, өзін-өзі жарып

жібереді. Сені намазхан достарың мен мешітке жақындатпай жүргенім де осы емес пе», – деп Омарды үйінен қуып шығады.

Кезінде кеңестік жүйенің атеистік тәрбиесін алған Сәнімгүл діни сауаты болмағандықтан, баласын мешіт жағалағандардан аулақ ұстағысы келеді. Бірақ Ислам дінімен көз ашқан тәуелсіз Қазақстанның жастары имандылыққа бет бұрып, бес парызын өтеп, Алланың ақ жолына түскенді дұрыс санайды. Шығармаға екі буын арасындағы ескі мен жаңа көзқарастардың тартысы негіз болған. Автор екі буын өкілінің санасындағы қарсылықты қоғам дертімен ұштастырған. Нұркеннің екіге жарылып, не анасы жағына, не Омар жағына, не Дастан жағына шыға алмай жүруі де сол діни сауатының төмендігінен.

Сәнімгүлдің дүниеқоңыздығын аша түсетін бір эпизод – Дастан Нұркенді шетелге оқуға алып кетіп, өзі секілді бизнестің жолына үйретем дегенде көрінсе, екіншісі – Омар сыйға тартқан алқаны мойнына тағып алып шаттана қуануы. Оқиғаны бірден ширықтырып жіберетін Сәнімгүлдің әрекеті. Оның қалауы бойынша Дастан Нұркенді өзімен бірге алып кетпек.

«*Дастан*: Апа, неге келісіп, нені шешкенімізді Нұркеннің өзі айтып берер. Өзірге айтарым, балаңыз жақын маңда шетелге барып оқитын болады. Сонан соң екеуміз бірігіп жұмыс істейміз. Әлі-ақ көресіз, балаңыздың тапқан табысы менен де асып түсетін болады. Керемет үй, қымбат көлік, көл-көсір ақша-доллар!

Сәнімгүл: Менің де бар арманым осы емес пе, балам. (*Армандан*) Кең сарайдай үй! Қымбат жиһазға толы кең бөлмелер! Былқылдаған шетелдің қымбат көлігі! Көл-көсір дүние-байлық! Он саусағымда бриллиантвый жүзіктер! Мойнымда бриллиантвый алқа!» [3; 4].

Сәнімгүлдің бар арманы – дүние-байлық. Сондықтан баласын өзіне қара уылдырық әкеліп тұратын Дастанның қасына қосу, сол сияқты үлкен кәсіпкер ету жолында ештеңеден аянар емес.

Осы тұста драматург негізгі оқиғаны толықтыру мақсатында әдеби түсті қолданған. Өң мен түстің араласып кетуі, өзін мазалаған сауалдардың түске араласуын аян ретінде пайдаланған. Бірінші бөлімнің екінші көрінісіндегі Нұркеннің түсі ақыл-естен айырылып, «жиһад-жиһад» деп бірінен соң бірі Сирияға кетіп жатқан қазақ жастарының ондағы адам жаны түршігер хал-жағдайынан хабар береді. Осы түстен кейін дел-сал күйге түскен Нұркенді тығырықтан досы Омар құтқарып қалады. Омардың Сәнімгүлге алтын алқа әкеліп сыйлауы оқиғаның шешімін тездете түскен.

Сәнімгүлдің сырын жақсы білетін Омар: «Апай, ақшадан тарыққанымда Нұркен досымнан талай рет қарыз алып едім. Оны осы уақытқа дейін қайтаруға шамам келмеді. Ал мұсылман дінінде қарызыңнан өлмей тұрып құтылуың керек делінген. Соны ойлап, бар жиған-терген ақшамды Нұркенге берейін десем, ол алмай қойды. Содан, ақшалай берсем, сіз де алмайтын шығарсыз деп осы қымбат затты сатып алдым. Мені о дүниеге қарыз боп кетпесін десеңіз, осы затты алыңыз», – деп, арнайы алған сыйлығын өз қолымен мойнына тағып береді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тапсырмасымен тыңдалатын құрылғы орнатылған алқа бар істің мән жайын ашуға көмектеседі.

Оқиғаның шарықтау шегі – Нұркеннің Дастанның бүкіл құпиясын компьютерге түсіріп алуы болса, шешімі – Дастанды Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тұтқындауы. Нұркенге ақыл қосу, дұрыс шешім қабылдауына үлес қосатын келесі кейіпкер –

сүйген қызы Айгүл. Ол да Дастан туралы пікірін ашық айтып Нұркенді сақтандырады. Шығарманың соңында өз қателігін түсінген Сәнімгүл Омарға алғысын айтып, өзі де баласымен бірге намазға жығылады. Намазға жығылған адамның дүние-байлықпен шаруасы болмай сабырға, қанағатқа келетінін драматург Сәнімгүлдің көз алдымызда күрт өзгеруімен көрсеткен.

Бүгінгі таңда Нұркен сияқты қазақ жастарының көпшілігі тура жолдан адасып жүргені рас. Автор сол жастардың адасуының себептерін іздейді. Көріп отырғанымыздай, Нұркеннің мұндай шешім қабылдауына анасының да ықпалы тиіп отыр. Сол сияқты албырт шақта тез адасатын жастарға ата-аналары мен достары тарапынан көмек керек. Олар Омар сияқты діни сауаты бар адамдардың ақыл-кеңесіне мұқтаж. Кеңестік дәуірде «Ғылыми коммунизм», «Атеизм» пәндерін оқыған буын өкілдері бүгінгі таңда жастардың намазға жығылуына күдікпен қарап жататыны рас. Сәнімгүл сияқты кеңестік империя тәрбиелеп шығарған коммунистер мен комсомолдардың көпшілігі тәуелсіздік алғалы отыз жылдан асса да, сол наным-сенімнен шыға алмай жүргені белгілі.

Б. Айдарбектің бала тәрбиесі мен мектеп өміріне арналған екі бөлімді «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» драмасында 5-сынып пен 10-сынып оқушылары арасындағы әлімжеттік, бопсалау, өз-өзіне қол жұмсау туралы сөз болады. Мектеп жасындағы балалардың осындай жолға түсуінің себебін автор ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы мансапқорлық, парақорлық, жағымпаздықтан іздейді. Бүгінгі таңда білім жүйесіндегі орын алған келеңсіздіктер қоғам өмірінде алаңдаушылық туғызуда.

Оқиға сән-салтанаты келіскен жиһазға толы кең бөлмедегі ерлі зайыптылардың жанжалынан басталады. Екеуара ұрыстың кінәлісі 5-сыныпта оқитын Елжан болып шыға келеді. Елжанның бар айыбы – ток шәйнекті көрші үйдегі апаға уақытша бере тұруы. Ол сыныптасы Әлия сұрап келген соң қалай бермей тұра алады. Сабақтан келгенде әке-шешесі сол шәйнекті таппай қырқысып жатқанының үстінен түседі.

Ерлі зайыптылардың екеуі бірдей үлкен қызметте болғандықтан, бұл отбасындағылардың тамақ түгілі шай ішуге, мектеп жасындағы балаларының сабағына қарауға, бала тәрбиесімен айналысуға мұршалары жоқ. Оқиға басталғанда 5-сынып оқитын Елжанның әке-шешенің жанжалынан, себепсіз өзіне бас салып ұрса жөнелетінінен, орынсыз қол көтеруден жүрегі шайлығып қалғанын үй телефонының шар етіп шырылдаған сәтіндегі күйінен көруге болады. Әке-шешенің айқай-шуынан зәрезап болған ол телефонның даусынан қорқып біресе басын қорғалап, біресе бүгежектеген күй танытады. Драматург баланың ішкі күйзелісін, психологиясын бір эпизодтық қимыл-әрекетімен нанымды бейнелеген.

Ата-анасы жылдық қорытынды жиналысқа келмеген соң, Елжанның уақытша сынып жетекшісі Азамат ата-анасын іздеп үйіне келеді. «Бүгін ата-аналар жиналысын өткізген едік. Елжанға ешкім келмеді. Білем, әкең мен анаңның жұмыстан қолы босай бермейді. Мен мұнда сол жиналыста Елжанға салтанатты түрде тапсырылуға тиіс болған біраз мақтау қағаздарын алып келдім. *(Папкадан бір парақты алып)* Мынау Елжанның бесінші сыныпты үздік бітіргені туралы мақтау қағазы. *(Екіншісін алып)* Ал, мынау, облыстық пән байқауында бірінші орынды иемденгенін айғақтайтын құжат. *(Тағы алып)* Ал, мынау, бокстан жасөспірімдер арасында өткен республикалық жарыста екінші орын алғаны үшін берілген мақтау қағазы. Жалпы, Елжан – сыныбының ғана емес, мектебіміздің мақтанышы. Өте тәртіпті әрі оқу

озаты. Пәндік жарыстарда облыстан көрініп жүрген дарынды оқушы. Мектебіміздің атын республикаға дейін шығарып жүрген мықты спортшы. Бұл қағаздарды саған қалдырып кетейін. Әке-шешен жұмыстан келген соң оларға міндетті түрде көрсететін бол. Жарай ма? Ұмытып кетіп жүрме. *(Қағаздарды пакетке салып, Ерланға береді)*» [4; 4].

Үйде ешкім болмағанын пайдаланып, ағасы Ерлан өзінің сабақ үлгерімі төмен, тәртібі нашар болғандықтан, інісінің осыншама марапатын қызғанышпен жыртып тастап әке-шешесіне көрсетпейді. 5-сыныпқа дейін сабақта озат болса да, спортта жетістікке жетсе де, ата-анасынан бір ауыз жылы сөз, бір ауыз мақтау естімеген Елжан күрт өзгеріске түседі.

Екінші көрініске 5 жылдан кейінгі оқушылардың жоғары сыныптағы кезі алынған. Оқиға 10-сынып оқушыларының қараңғы түнде, айдалада Елжан мен Санта бастаған екі топқа бөлініп алып, өзара төбелесіп жатқанынан басталады. Бір-бірін бопсалап, әлімжеттік жасап үйренген екі топ өз басшыларына (главарларына) сенеді. Елжан спортпен шұғылданған, денесі мығым, күші басым болғандықтан жекпе-жекте Сантаны соққының астына алып тепкілеп тастайды.

Үшінші көрініс мектеп директорының кабинетіндегі директормен Азаматтың диалогымен басталады. 10 а-дағы Нұрбайұлы Елжан оқитын сыныптан бүкіл мектеп мұғалімі ат-тонын ала қашып, сынып жетекшісі болғысы келмегендіктен, директор жасөспірім жігіттерге сынып жетекшісі етіп ер азаматты тағайындаған дұрыс болар деген оймен Азаматты қолқалап отыр. Азаматтың бұл сыныпқа аз уақыт уақытша сынып жетекші болғаны бар. Ол өзі жақсы танитын озат оқушысы Елжанды жамандыққа қимай, онымен директордың ашық сөйлесуін сұрайды. Сынып жетекшісі Сәнімкүлдің көзінше шашын дудыратып, сыныптастарына әлімжеттік жасап, қоқан-лоққы көрсеткенмен, басқа уақытта өз бетінше жүретін Елжанның қиқарлығы ашық әңгімеден кейін белгілі болады.

«Елжан (толқи, көзі жасаурап) Талғат аға нағыз жігіт екен. Ал мен болсам.. мен болсам, сыныптасым Әлияға титтей де жәрдем бере алмаған нағыз бейшарамын.

Директор (Елжанға бұрылып) Ести алмадым. Маған бірдеңе дедің бе?

Елжан (орнынан ұшып тұрып) Жай, ағай. Мен шыға берсем бола ма?

Директор: Әрине, бірақ, сен өз ұсыныс-пікіріңді білдірмедің ғой...

Елжан (таңдана) Мен бе? Ағай, сонда біздің де ұсыныс айтуымызға бола ма? Бұрынғы директор апай бізді тыңдамақ түгіл...

Директор: Неге болмасын? Пайдалы ұсыныс болса, мен оны қуана-қуана қабылдаймын.

Елжан: Ағай, ұсыныс болғанда, не ғой... Сынып жетекшіміз Сәнімкүл апайдың орнына ер кісі болса жақсы болар еді. Әйтпесе, кейінгі кезде қыздар боянып, әлем-жәлем киініп, ұлдар бір-бірінің бетінен сүйіп амандасатын әдет шығарды. Ол – ол ма, кейбір ұлдар бір-бірімен қыздарша бажылдасып, бет тырнасуға дейін барып жүр. Егер, сынып жетекшіміз ағай болса, біз де сол кісіден үлгі алып, сол кісіге ұқсауға тырысар едік дегенім ғой.

Директор: Сені түсіндім, Елжан. Біз де дәл осы мәселені талқылап отыр едік. Азамат ағайларыңды сынып жетекшісі етіп тағайындасам, сендер қарсы болмайтын шығарсыңдар?

Елжан (қуана) Азамат ағай дейсіз бе? Шын айтасыз ба? Біздің сыныптың балаларының бәрі Азамат ағайды өте жақсы көреді. Тіпті, бұрынғы директор

апайымызға сынып жетекшіміз Азамат ағай болсын деп талай рет өтініш те жазғанбыз. Бірақ ол кісі бізді адам құрлы көрместен Сәнімкүл апайды жіберді. Кейін директор да, жаңа жетекшіміз де соңымыздан мықтап түсіп алды. Оқушы болсақ та «ұл» деген атымыз бар емес пе, біз де өзімізге түсінікті тілде жауап беріп отырдық. «Жақсысың» десе, жаман болдық. «Жамансың» десе, одан сайын жаман болып көрінуге тырыстық. Олардың Азамат ағайды қудалағанын да білемін...» [4; 8]

Төртінші көріністе республикалық конкурса қатысатын әншіні іріктеудегі Сәнімкүл апайдың әрекеттеріне кезігеміз. Байқауға Назгүлдің баратынына күйінген Ұлпан мен Әйгерім Сәнімкүл апайды оған айдап салып, шектен шыққан әрекетін бейнетаспаға түсіріп алып, өзін бопсалаумен Назгүлдің орнына Әйгерімді өткізеді. Сәнімкүлдің «Ақмаңдайлым» әнімен байқауға дайындалып жүрген Назгүлге «Бұлбұлды» жоғары дауыспен айтқызбақ болып әурелеуі – шектен шыққандық. «Қарашы-ей, мұны, мұрын боғын сүрте алмай жүріп мені сынамақшы.. Осыдан қара да тұр, сені байқауға қатыстырсам, Сәнімкүл атым өшсін...» – деп сілкілеп жатқанда сыныптасы Әділ келіп қалып, Сәнімкүлдің үстінен мектеп басшылары мен құқық қорғау орындарына шағымданатынын айтады. Осы тұста Сәнімкүл екі оттың ортасында қалады. Әділдің қолында айғақ жоқ дегені болмаса, ол көзімен көріп тұр, Ұлпан мен Әйгерімнің қолындағы бейнетаспа – бұлтартпас дәлел. «Жоқ, мен оларды тоқтатуым керек. Қолында бірде-бір тірі айғағы жоқ Әділдің бір мәнісі болар, ал, мына... мына екі улы жыланның алдын алып, бір әрекет жасамасам... Ұлпан, Әйгерім, тоқтаңдар!.. (Сүріне-қабына шығып кетеді)». Оқырман осы оқиғадан мың асқанға бір тосқанның болатынын түсінеді.

Директордың әңгімесінен кейін Елжан Санта бастаған қарсыластарымен өз жігіттерін қараңғы түнде жинап, оларды ауызбіршілікке шақырады. Санта мен өзгені мойындамайтын Нұр Елжанның айтқанына әрең дегенде келіскенмен, қиғылық өз тобынан шығады.

«Жантас: Алсам не қыласың? Сол бір дімкәс қыз үшін досыңмен төбелеспекпісің?»

Әділ: Сол қыз үшін дейсің бе? Жантас, сен Назгүл секілді қыздың анасына берген бүйрегінің жартысына да тұрмайсың. Сендей ойы пасық, сөзі сасық, ақшасының көптігіне мастанып, адамгершілікті ұмытқан, ақылы дімкәс наданды өзіме дос та санамаймын.

Жантас: Ей, кім дімкәс? Кім пасық? (Әділді соғып жібереді де, екеуі төбелесе кетеді).

Елжан: Ей, тоқтатыңдар. Бұларың не сендердің? (Екеуін ажыратпақ болғанмен, шамасы келмейді). Әй, барыңдаршы, екеуің де. (Шеткері шығып отыра кетеді).

Жантас пен Әділ ұстасып, төбелесе береді. Ұзақ уақыт төбелестен кейін, жеңіліп бара жатқан Жантас қалтасынан пышақ суырып алады.

Әділ: Сен оңбаған ақырында маған пышақ салайын дедің бе?

Елжан (жалт қарап) Пышақ?! Тоқта, Жантас. Таста пышақты» [4; 13].

Осылайша, оқиға ширай түседі, мектеп мұғалімі Сәнімкүлдің жемқорлығы мен 10 «а» сынып оқушыларының өзара қақтығысы қатар өрбиді. Елжан мен Жантас ауқатты отбасының балалары болғандықтан, оны Сәнімкүл сияқты екіжүзділер: «Мен өз басым, Елжан мен Жантасты ондай қатыгездікке барады деп тіптен де ойламаймын. Өйткені, олар текті отбасынан шыққан балалар. Әке-шешелері оқыған, мәдениетті әрі жұрт тік тұрып сыйлайтын лауазымды қызметкерлер», – деп алдына жан салмай қоғаштайды.

Драматург бала тәрбиесімен бірге мұғалімдердің де өзекті мәселесін көтерген. Ол – сырттан концерт, цирк, ең арғысы куыршақ театры келсе де өтпей жатқан билеттерді мұғалімдерге өткізу, салтанатты жиындар мен түрлі мәдени шаралар кезінде кең залдың ішін мектеп мұғалімдерімен, қала берсе жоғары сынып оқушыларымен толтыру арқылы сабақ жүйесіне нұқсан келтіру, сенбіліктерде, жоғары жақтан басшылар келгенде көше-арықтарды күл-қоқыстан тазарту, талдардың түбін ақтау, сайлау кезінде айдаладағы бір мықтыны депутат ету үшін арамтер болып жүгіру, оқушылар түн ортасында түнгі клубтан ұсталса да мұғалімнің жауап беруі.

Қарияның тіліне тиек еткен сүйікті пайғамбарымыздың: «Адамда бір мүше бар. Егер ол таза болса, қалған мүшенің бәрі таза, ол таза болмаса, қалған мүшенің бәрі таза емес. Ол мүшенің аты – жүрек» деген сөзіне сүйенген драматург адам баласының жүрегі таза болуын ұсынады. Сондықтан да ол авторлық ұстанымды кейіпкер сөзімен жеткізіп отыр. Берікұлы Азаматтың көпшілік ата-аналар мектепке жиі-жиі келіп, ұл-қыздарының жайымен танысып тұрмайтынын, бауыр еті-балаларының тағдырынан гөрі өз қызмет-мансабын немесе күнделікті күйбең тірлігін көбірек ойлайтынын айта келіп, аса көрнекті педагог-тәрбиеші В.А. Сухомлинскийдің: «Қызмет бабында сіздің жұмысыңыз қандай жауапты, күрделі болса да, үйіңізде сізді одан да жауаптырақ, одан да күрделілеу, одан да нәзік ең маңызды, ең қажетті, ең бір кейінге қалдырмайтын жұмыс – адам тәрбиесі күтіп тұратыны есіңізде болсын. Біздің әрқайсымыз, құрметті әке мен ана, мынаны түсінуіміз керек, тәрбие көрмеген шала сауатты надан адам бүлінген двигателімен аспанға көтерілген ұшақпен бірдей – өзі де күйрейді, жұртқа да өлім әкеледі», – деген сөзін тілге тиек етуі де авторлық ұстанымды байқатады. Авторлық ұстаным Азаматтың: «тәрбие отбасынан басталу керек. Ал үйде дұрыс тәрбие көрмеген баланы мектеп бірден түзетіп жібереді деу тіптен ақылға сыймайтын...» және қарияның: «Әлі ақылы шала балаларды төрт қабырғаға қамап, алдарына сиқырлы жәшікті қойып, оларға қайтіп адам өлтіріп, қайтіп баскесер, жауыз болуды үйретіп жатқан кім? Өзіміз. Үкілеп өсіріп отырған ұл-қыздарымыздың ертеңін қара түнекке айналдыратын сол жын-шайтандардың мекенін өліп-тіріліп салып жатқан кім? Ол да өзіміз. Сол ойынхана салып жатқандар оған кеткен шығынның бір ғана бөлігін күнкөрісі төмен жанұяға берсе ғой. Ас-ауқатын әрең тауып отырған сол үйдің балалары ең алдымен киінер еді, оқу құралдарын алар еді, мектепке барар еді, оқыр еді... Олай болса, ата-аналар, ұстаздар болып оқушылардан бұрын алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек» деген пікіріне сыйып тұр.

Ата-аналар жиналысындағы көпшіліктің пікірі – қазіргі қоғамда белең алған көптің ойы ретінде берілген:

«Залдан дауыс:

- О-о, мұғалімдердің жұмысы рақат екен ғой...
 - Ия, мұғалім дұрыс айтса да дұрыс, бұрыс айтса да дұрыс. Байғұс оқушылар...
 - Иә, бәленің бәрі алдымен мұғалімдердің өзінен шығады.
 - Неге олай дейсіңдер? Үйдегі жалғыз балаға қарауға шамамыз келмейді. Ал мұғалім..
 - Білім министрі қанша айтып жатса да, оқушылардан ақша жинау тоқталар емес..
 - Оқушылардан бұрын мұғалімдердің тәртібін қарау керек қой...» [4; 15].
- Қазіргі таңда мұғалімнің беделден жұрдай болуы – Сәнімкүл сияқты бір қарын

майды шірітетін құмалақтардың әрекетінен көрінсе, кәсібіне адал, өз қызметіне берілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі мектеп директоры мен Азамат Берікұлының бойына жинақталған. Көпшіліктің мұғалім туралы теріс пікірін қалыптастырған қоғамдағы кемшіліктерді реттеуге қазіргі таңда мемлекет тарапынан көңіл аударылуда, мұғалім мәртебесін көтеру үшін заң қабылдануда. Б. Наурызбаевтың: «Көркем әдебиет – қоғамдық организмнің көзі мен құлағы және тілі. Белгілі бір құбылысты, жаңалықты жазушы басқадан бұрын естиді, бұрын көреді, көркемөнер тілімен бейнелейді» [5; 66], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, драматург қоғамның өзекті мәселесін дер шағында көре білген.

Досы Әділді жазадан арашалау үшін, қылмысты мойнына алғаны үшін әкесінен оңбай таяқ жеген Елжан әке-шешесіне соңғы қоштасу сөзін қалдырып, асылып өлмек болады. Алайда, өзіндік көзқарасы қалыптасқан жігіт мұндай әлсіздік танытқанша, ісімен дәлелдеу керектігін түсініп, суицидтен бас тартады. Баласының қоштасу сөзін магнитофоннан естігеннен кейін әкесі өз қателігін түсініп, бір күнде көшіріп жіберген Елжанның сыныптасы Әлияның үйін қайта көшіріп алып келіп, баласымен бірге мешітке барып, намаз оқуға ниет жасап, имандылыққа бет бұрады. Драматург ата-аналардың қызмет бабымен, күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп, негізгі мәселені назардан тыс қалдыратынын, бала тәрбиесі бәрінен де жоғары тұратынын оқырманның есіне салады. Шығарманың идеясы – бала мен мұғалімнің құқығын қорғау болса, автор соны шынайы өмірден алынған қым-қиғаш оқиғалармен көз алдымызға алып келіп, сауалдың жауабын оқырманның өзіне қалдырады. Таныс, бейтаныс замандастарының іс-әрекеттері мен сөйлеген сөздерінен оқырман да өздеріне керектігін алары даусыз. Ата-аналар мен мектеп мұғалімдері бірлесе жұмыс істегенде ғана болашақ ұрпағымыздың тәрбиесі дұрыс болмақ. Ол үшін әр адам өзінің қоғамдағы орнын біліп, соған сай қызмет ету керек. Драматург «Қыз анадан үйренбей өнеге алмас. Ұл атадан үйренбей сапар шекпес» деген Қорқыт бабамыз бен М. Әуезовтің: «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғанымыз қайсы?», «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген ұлағаттарын негізге ала отырып, тәрбиенің тал бесіктен басталатынын оқырманның есіне салады.

Республикалық «Астана-Бәйтерек», халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің жүлдегері, жазушы Қанат Қайым (1955) – балаларға арналған «Айналайын, абай бол», «Жазып, сызып үйренемін», «Абай бол, жол ашық» т.б. кітаптардың авторы. «Аяз би» пьесасының кейіпкерлері – Хан, Жаман (Аяз би), I уәзір, ханның шешесі, II уәзір, қызметшілер, ҚII уәзір, нөкерлер.

Хан уәзірлеріне адамның, құстың, шөптің жаманын алып келіндер дегенде құс жаманы – қырғауыл, шөп жаманы – шеңгел деп ойлайды. Бірақ жаман адамның айтуы бойынша құс жаманы – жұптасып жүрмейтін сауысқан, шөп жаманы – қарақоға болып шығады. Қарақоға не отын болып жанбайтын, не мал жемейтін шөп екенін хан оған дейін білмейтін. Ал асыл тасын ішінен екі құрт жеп жатқанын көзімен көргенде жаманның көрегендігіне бас иеді. Жеті атадан бері ханмын деп жүрген Зәрлі ханның баласы өз әкесі наубайшы екенін естіп, астындағы тағы мен басындағы тәжін шешіп Аяз биге беріп, өз орнына отырғызады. Өзіне дейін қыз таптың деп он оғыз әйелін өлтірген Зәрлі ханның қаһарынан қорыққан әйелі өзімен қатар босанған наубайшының баласына қызын ауыстырып алғанын тірі жан білмейтін еді.

«Жаман: Мына жыртық тоным мен жаман тымағымды орданың маңдайшасына шегелеп қойсам ба деп едім.

Хан: Оу, ханием, ол не қылғаныңыз, бұрын Жаман болсаңыз, енді ел билейтін Аяз бисіз?

Жаман: Таксыреке! Ел басқарған адамның асып-тасқаны оңбайды. Кейде хандықпен көңілім ауытқып, тура жолдан таяйын десем, шегелеулі тоным мен тымағыма қарап: «Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» деп, көңілімді басуға керек бұл шоқпыт.

Хан: Әп, бәрекелді! Елімді алды-артына қарайлайтын хан басқаратын болыпты. Ризамын!» – деген жолдарды оқыған әр оқырман Аяз би сияқты асып-тасудың алдын алу керек екен.

Республика күніне арналған «Ел нышаны – рәміздер» шығармасы – әдеби-музыкалық монтаж. Мұнда Қазақстан Республикасының рәміздері: Елтаңбасы, Мемлекеттік Туы, Әнұранның нотасы мен мәтіні насихатталады. Әдеби музыкалық монтажға қатысушы, оны көрген балалар қыран бейнелі көкшулан туымыздың авторы – Шәкен Ниязбеков, шаңырақ шырайлы, шын дара елтаңбамыздың авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихан, алғашқы Әнұранымыздың әсем әуенінің әйгілі сазгерлері – Мұқан Төлебаев, Евгений Брусилловский, Латиф Хамиди, Әнұранның мәтінін жазған ақындар – Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева, жаңадан қабылданған «Менің Қазақстаным» деп аталатын Әнұранның композиторы – Шәмші Қалдаяқов, мәтіннің авторлары – ақын Жүмекен Нәжімеденов пен Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екендігін білетін болады және олардың портреттерімен танысады. Рәміз авторлары туралы берілген мәліметтер арқылы балалар оларды жақынырақ біледі.

«Әкесіне – ұл айбын, шешесіне – қыз айдын!» отбасылық көңілді тележарыста «Ақбота», «Ертөстік» командасы сайысқа түседі. «Мама, папа және мен», «Шешем, әкем және мен», «Жолың болсын, жолаушы!», «Шеңберлі эстафета», «Қырықаяқ» сайыстарынан жүлдеге жеткен команда сыйлықтармен марапатталады. Қазіргі таңда осындай тележарыстар өтіп жатқанын ескеретін болсақ, автор ата-аналар мен балаларды бірге қатыстыратын ойын түрлерін насихаттауда жетістікке жеткен. Отбасылық сайыстарды түрлендіріп, түрлі эстафеталар ұйымдастыруға болады.

«Ақылды қазы» пьесасына кернейші, жаршы, екі көмекші, бай баласы, қазы, егде адам, оның төрт ұлы, саудагер, арыз иесі, екі қарақшы, сотқа қатысушы адамдар қатысады. Пьесада әділ қазы алдына келгендердің сан сауалын әділ шешіп, оларға жол көрсетеді. Сондай көрегендігімен екі қарақшыны ұстауға, төрт ұлдың қайсысы мұрагер болуға лайық екенін, қыз айттырған құдасының жұмбағын шешуге, дүние-мүлкінен айырылып, тоналған адамға мата ұрлаған дүкеншіні тауып беруге көмектеседі.

«Ырыс алды – ынтымақ» пьесасына Айдын, Әсем, Гүлмира, Сәрсен, Нығмет, Үсен сияқты кейіпкерлер мен Қызыр, Бақ, Дәулет, Ынтымақ сынды құндылықтар қатысады. Автор Ынтымақ болмаса, Қызыр қонбайтынын, Бақ қарамайтынын, Дәулет дарымайтынын олардың бірге жүргенімен түсіндіреді. «Ырыс алды – ынтымақ» деген осындайда айтылған ғой. «Халқымның қадір-қасиеті» пьесасына шал, кемпір, немерелері: Талант, Талғат, Самат, қонақ бала Ерден қатысады. Шал балаларына жеті атасын үйретумен бірге Талғат баласы қалаға оқуға аттанарда ата салты бойынша «тоқымқағар» жасайды. Осылайша, ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, тоқымқағар туралы түсінік береді.

Д. Рамазанның «Бала Қазыбек» пьесасына Қазыбек бидің бала күніндегі жоңғар еліне барған алғашқы елшілігі негіз болған. Жоңғар қонтайшысы Себан Раптаннның жігіттері Тәуке ханның тұсында қаннен-қаперсіз шырт ұйқыда жатқан Байтайлак бидің ауылын шауып, өзін бала-шағасымен бірге байлап-матап алып кетеді.

Тайгелді би жасақ жинап ұрыс-шабыспен елді титықтата бермей, елші жіберіп келісімге келу жағын ойлауды ұсынса, Малайсары батыр Себан Раптанға жіберген елшілерің аман-есен оралуы неғайбіл екенін айтып: «Уа, хан ием, қалмақта шынымен-ақ ұлымыз құл, қызымыз күң болып кеткені ме?! Қол жинап, тағы бір ұран салсақ қайтеді?!» – деген тілек білдіреді [6; 113-114].

Осы жиынның үстіне бала Қазыбек келіп: «Әкем Келдібек «Жақсылардың жанына еріп, жер көріп, ел таны» деп жіберді. Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын деп келдім. Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім!» – дейді [6; 114]. Тәуке хан Шаншардың немересі, Келдібектің баласы болсаң, тектілердің ұрпағы екенсің, тегіңе тартпай қоймассың деген үмітпен бала Қазыбекті елшілердің қатарына қосады. Ол жол көрген ағаларының қатарына атшы болып қосылуды жөн санайды:

«Тәуке хан (көпке қарап). Ендеше, менің шешімім мынау. Бүгіннен қалмай елшілер жоңғар еліне жүріп кетулері керек! Әйтпесе, уақыттан бір ұтыламыз, қалмақтардан екі ұтыламыз. Басшыларың Тайкелді би, сұлтандарың Бертіс, батырларың Малайсары болсын! Ал атшыларың мына тұрған Қазыбек бала болсын! Үлкендеріңді кішілерің сыйлаңдар, кішілеріңді үлкендерің ренжітпедер! Жат жұрттың алдында жақсы елдің баласы екендеріңді көрсетіндер. Баратын жерлерің бағы асып, мейманасы тасып тұрған ел ғой. «Елдестірмек елшіден» деген. Ебін тауып, елдесіп келіндер!..» [6; 117].

Тәуке ханның батасымен, көптің тілеуімен елшілер аттанады. Қонтайшы оларды адам құрлы санамай, өздерін өлтіріп, аттарын жылқыға қоса салуды ойлағанда бәйбішесі ақыл қосады: «Қонтайшылық абыройыңызға көлеңке түсіп жүрмесін! Қазақ дегеніңіз – қабырғалы ел ғой! Оның үстіне «Елшіге өлім жоқ!» деген қатаң қағида бар емес пе?!» [6; 117]. Бәйбішенің айтқанына қараса, тай дегені тұлпар, бала дегені сұңқар болуы да мүмкін. Жүз атты жылқысына қосқанмен байымасын білген қонтайшы сабырға келіп, елшілерді қабылдайды.

Елшілерді сынауға жіберген сыншысының айтысына қараса, елшілердің арасындағы кішкентай баланың бітімі бөлек сияқты. «Баланың екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, құлаш ұрып жатыр екен. Аузынан жалын атқылап жатыр. Бұнысы «Сөзім жеткенше сөйлеймін, қолым жеткенше сермеймін, аяғым жеткенше қарғимын, дүниенің төрт бұрышына болса да сөзімді жеткізуге жараймын, халықты әлі-ақ аузыма қаратамын!..» деген ишараты сияқты көрінді маған, алдияр», – деген сыншы қарттың сөзі Қазыбектің бейнесін толықтыра түседі [6; 118].

Елшілерді қабылдап, ағаларының алдына түспей босағада отырған Қазыбектің сөз саптасына сүйсінген Себан Раптан: «Біреу сауал қойып, ой орамыңды байқайық, жаңылып кетсең, өз обалың өзіңе, ал жас тұлпардай сүрінбей өтсең, сый-сияпатым тағы бар. Келісемісің осыған?» – дейді. Бала Қазыбек: «Шешінген судан тайынбас болар!» – деп келісімін береді.

«Себан Раптан: Ендеше, білсең айтшы, әуелінде не бар? Ортасында не бар? Ақырында не бар?»

Бала Қазыбек. Арга мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде – ынтымақ, ортасында – береке, артында – шүкіршілік тұрмас па!..

Себан Раптан. Ым... ым... мм... Ал аспан мен жердің арасы қаншалық жер?

Бала Қазыбек. Бір-ақ шақырым жол ғана. Олай дейтінім, ешкім аспан мен жердің арасын құлаштап өлшеген жоқ, қадамдап басқан жоқ. Күн күркіреп жауғанда, ел дүрлігіп сасатын, құлақтарын басатын. Сонда күн күркірі шақырым жерден жететін. Кемпіркосақ созылып, аспан мен жерді табыстырып кететін. Доғаланған иіні шақырымдай-ақ жерден өтетін.

Себан Раптан. Ә... әә... Олай болғанда, батыс пен шығыстың арасы қаншалық жер?

Бала Қазыбек. Небәрі күншілік жер ғана. Олай дейтінім, азанда шығыстан атқан күн ымыртта батысқа шаршап батады. Күншілік жер жүріп өтіп, ұясында қалжырап жатады. Ал кереметті көзбен көрген, шығыс пен батыстың арасында зымыраған күнге ерген адамзатты естіген емеспін» [6; 120-121].

Қазыбектің мірдің оғындай сөздермен қонтайшыны қаһарынан қайтарып иілдіруі, оны сөз құдіретімен тоқтатуы мен «Болайын деп тұрған бала екенсің! Дауысың қаздыкіндей қаңқылдап шығады екен, осы оқиғадан бір белгі болсын, сені бұдан былай Қаз дауысты Қазыбек деп атайтын болайық! Сонымен бірге келісім бойынша саған қос тоғыз жұлде байладым, бұдан былай қос сыбағалы болсын деп...» деген қонтайшының сөздері екеуінің де бейнесін толықтыра түскен.

Осы тұста қазақтың жылқышысы жылқы күзетіп жүріп қолға түскенін, оны сабап үстіндегі тонын шешіп алғанын, қарсыласқаны үшін тісін сындырғанын уәж етіп айтады. Себан Раптан: «Тон дегенің бір тоқтышақтың терісі шығар. Ат дегенің сырты түкті, іші боқты бір тай шығар. Ал тіс сынса ауыз ішінде, қол сынса жең ішінде емес пе?!» – деп қайтарып тастағанда бала Қазыбек былай деп тоқтатады: «Тісі сынса ауыз ішінде, қолы сынса жең ішінде жүре беру керек деген не сөз?! Оның үстіндегі жалғыз тоны жаннат емей, немене?! Аузындағы отыз тісі болат емей, немене?! Астындағы жалғыз аты қанат емей, немене?! Қонтайшының бізбен бітіскендігі рас болса, жаннатынан айырмай, болатынан майырмай, қанатынан қайырмай, алғанын қайыру керек! Қазақ қалмақтың сатып алған құлы емес!.. Бұл да біреудің ардақтап өсірген ұлы. Ерікті ұл көрікті болып қайтуы керек!..» [6; 122].

Сөзден жеңілген Себан Раптан жылқышының иығына үстіндегі ішігін жауып, болат семсері мен қара қасқа тұлпарын қоса сыйлайды. Елшілерге, Байтайлақ биге, оның жылқышысына тарту-таралғыларын беріп, сый-сияпатымен аттандырғанына таңданған Дода Жорджи баһадүр қаршадай баланың алдында дірдек қаққанының жөнін сұрайды.

«*Себан Раптан:* Сендер білген де, сезген де жоқсындар. Сол бала сөзді өңменімнен сұққылап тұрып айтқан кезде екі жақ қапталынан екі аю ауыздарын аша от бүркіп: «Тырп етіп көрші, көрейік!» дегендей анталап тұрды. Мен содан қатты қорықтым! Сендерге көрінбегенмен, маған анық көрінді. Содан сол бала болса да пәледен құтылғанша асықтым!.. Асықтым!..» – деп жауап береді [6; 123-124].

Драматург «қол бастау оңай болғанмен, сөз бастау оңай еместігін» Себан Раптанның алдында сөз бастаған бала Қазбектің шешендігімен көрсетсе, ол бастаған батырлар мен сөз бастаған шешендердің қасында өздерімен бірге жүретін киесі болатынын кейіпкер сөзімен жеткізген. Даудан да, сөзден де жеңіліп көрмеген қонтайшының қазақтың қаршадай баласының алдында тізе бүгуі – оның да сөз құдіретіне тоқтай білгендігінің белгісі.

Қазіргі балалар әдебиетіне үлес қосып жүрген Әлібек Байбол – 7-8 пьесаның авторы. «Гүлдің аты – Махаббат» атты пьесасы М. Әуезов атындағы Қазақ

мемлекеттік академиялық драма театры ұйымдастырған жас драматургтер байқауында 40 шығарманың ішінен үздік бестікке енсе, 2018 жылы «Әріптер әлеміне саяхат» пьесасы Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанды. Әлібек Байбол аударған испан драмашысы, ақыны Г. Лорка мен Нобель сыйлығының лауреаты, ағылшын драмашысы Дж. Голсуорсидің пьесалары Т. Жүргенев атындағы Өнер академиясында әлі күнге дейін сахналанып жүр. Ол тәржімалаған Нил Саймонның «Әумесерлер» комедиясы Шымкент эзіл-сықақ және сатира театрында сахналануда. Жас қаламгер 2010 жылы Халықаралық «Дарабоз», 2013 жылы Халықаралық Махмұт Қашқари, 2014 жылы «Тәуелсіздік танытқан таланттар», 2016 «Үркер-үміт» сыйлықтары мен Тұңғыш Президент қоры ұйымдастырған «Алтын тобылғы» әдеби бәйгесінің Драматургия номинациясы бойынша Гран-При иегері.

Төрт көріністі «Айла» атты сахналық қойылымға түлкінің қулығы негіз болған. Арыстанның жайлауына ата-бабамның атақонысы деп жайғасып алған түлкі арыстанды алдап соғады. Түлкінің баласы жылап арыстанның жас етін жегісі келеді дегеніне сенген арыстан өз қонысынан ауа көшіп, ол жерді түлкі иеленеді. Жолбарыспен шайқасып жүрмін деген түлкі баласына жолбарыс, қабанның етін жей бер десе, олар қатты деп, жас ет жегісі келетінін айтады. Арыстанның әлсіздігі – қасындағы маймылға сенбеуі. Түлкінің: «Е-е, балам, біз секілді кішкене аңдар кейде ақылына сүйенбесе болмайды. Басқа сенер кіміміз бар біздің? Ешкіміміз жоқ. Сонан соң, балам, аса маңыздысы – әрбір күшті аңның өзіне тән әлсіздігі болады, соны дәл басып табу керек. Сонда аяқ астынан күштіге айналып шыға келесің. Соны ұмытпа» [7; 78-79], – деген сөзінен оның аңқау арыстанды алдап соққаны көрінеді.

Балалар драматургиясын зерттеген А.Ақтанова былай дейді: «Балаларға арналған туындыларды айтқанда, олардың тәрбиелік қыры да үнемі назарда болады. Драманың шағын формалары ретінде күлдіре, ойната отырып тәрбиелейтін туындылар да осылар. Мұндай шағын интермедия, скетчтер үлкен концерттік қойылымдарда ойналады» [8; 168]. Ә. Байболдың бастауыш сынып оқушыларына арналған «Әріптер әлеміне саяхат» музыкалық ертегісі, екі бөлімді «Жақсылық туралы», «Жеті ойыншықтың жеңісі» ертегілері – осы талапқа жауап беретін туындылар. «Әріптер әлеміне саяхат» үш көріністі музыкалық ертегісінің кейіпкерлері – бастауыш сынып оқушылары Жақсыбек, Бұзықбек/Досбек, латын, кирил әріптері мен тілші. Ертегі бүгінгі таңда елімізде шешімін таппай жатқан латын әліпбиінің қолданысқа енуі негіз болған. Сахнаға әндетіп шығатын Жақсыбек пен Бұзықбек Кирил және Латын әліпбиі патшалығының жақтастары ретінде танылады. Сахнаға әндетіп шығатын кейіпкерлердің барлығы өз патшалығын асыра мақтап, соның салтанат құруын қалайды. А, Z (З), Б (В), Ө (О), Р (R), і (I), С (S), Т әріптері сахнаға шығып, өздерінің жеке қасиеттері мен жетістіктерін таныстырады. Бірінші көріністе Жақсылық Латын әріптерімен таныстырса, екінші көріністе Бұзықбек Кирил әріптерін асыра мақтап, латын әріптерін жоққа шығарғысы келеді. Алайда үшінші көріністе Бұзықбектің әрекеті жүзге аспай, көрермендердің өзі латын әліпбиінің жетістіктерін түсініп, бүкіл залда отырған балалар латын жағына шығады. Кирилдің латындағы балама әріптері өзара түсінісіп достасқан соң, Жақсыбек пен Бұзықбек те достасады. Осылайша, кирил жеңіліп, латын жетістікке жетеді. Балалар финалдық әнде білімді болуға, өзара шекіспейтін дос болуға, достыққа адал болуға, ұстазды тындауға уәде беріп қоштасады.

Екі бөлімді «Жақсылық туралы» ертегісіне бала (Батыр), қарға, қоян, ертекші сияқты кейіпкерлермен бірге жаз, көктем, күз, қыс сияқты жыл мезгілдері қатысады. Дию, пері сияқты алпауыт күш иелерін жеңіп, елге көмектескісі келген бала тез өскісі келеді. Ертекшінің турникке тартылып, штанга көтеріп күнде спортпен айналыссаң тез өресің дегенін місе тұтпаған бала қарғаның айтқанына сеніп сиқырлы құдықтың суын ішіп, әп-сәтте бойы өсіп, үлкен батыр болып шыға келеді. Бірақ бойы өскенмен, ақылы өспеген, сауатсыз бала қоянға көмектесемін деп қателік жасайды. Қыстың суығынан қоянды қорғаймын деп, күз, қыс, көктемді өз үйлеріне қамап, есіктерін үлкен таспен бекітіп тастайды. Мәңгілік жаз болуын армандаған қоян күз келіп жауын-шашын болмаса, құрғақшылықтан егіннің бәрі курап кететінін, сәбіздердің піспей қалатынын түсінген соң әр мезгілдің өз уақытында келуін, олардың әрқайсысының өз қызметі барын түсінеді. Батыр болсам қоянға көмектесемін деп, үлкен қателік жасағанын түсінбейді, себебі ол мектепке барып білім алмаған еді. Білімсіз болғандықтан ақылға салып ойлауға да шамасы жоғын түсінеді. Мұны түсінген ертекші «Ухит-сухит, уф-суф, тарс-түрс, қаш-аш-шаш...» деп, сиқырмен партаға сыймай өсіп кеткен Батырды баяғы бала қалпына түсіреді. Батырдың ақымақ қарғаның тіліне еріп алданғанын көрген балалар өсіп, елге көмектесу үшін өздері білімді болу керектігін түсінеді.

«Жеті ойыншықтың жеңісі» ертегісінің кейіпкерлері – Сиқыршы және Жылқыхан, Темірғазы, Барысбай, Алтын адам, Бөрібек, Алмагүл, Қызғалдақ, Құлтемір сияқты заманауи ойыншықтар. Сиқыршы дүкен бастығының «Ең білімді, ең өнерлі, яғни ең үздік ойыншықты анықта!..» деген тапсырмасымен, жаһандану жағдайындағы дүкенаралық бәсекелестікті күшейту, саннан гөрі сапаға көшу мақсатында жеті ойыншықтың арасында сайыс өткізеді. Жеңіп шыққан жүлдегерді Атлант мұхитында орналасқан, 700-ден аса аралдардан құралған архипелаг, Багам аралдарындағы Орталық ойыншықтар универмагына 7 күнге жолдама беріп, бір жағынан, демалып, екінші жағынан, тәжірибе алмасуға жіберуге ұйғарады. Сонымен бірге, жеңімпазға ақшалай сыйлық, ойыншық Камаз, алтын алқа мен мадақтама берілетінін де айтады. Жеті кезеңнен тұратын сайыста түрлі сауалдар қойылып, тапсырмалар беріледі. Үміткерлер бірінші кезеңде өздерін таныстырып, екінші кезеңде өнерлерін ортаға салады. Сайыс барысында Қызғалдақ М. Мақатаев, А. Фет, Р. Бернстің өлеңдерін үш тілде оқыса, Бөрібек Жаяу Мұсаның «Ақсисасын» айтып, Барысбай күй атасы Құрманғазының «Сарыарқасын» тартады.

Үшінші кезеңде «Ұлттық ойындар» ұйымдастырылып, «Арқан тартыс», «Теңге алу», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», «Соқыртеке» сияқты ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Сайыс болған соң, талас, реніш деген қатар жүретіні белгілі. Орынға өзара таласып, бір-біріне артық сөз айтып өзара сөзге келіп қалады. Мұны естіген ойыншықтардың әкелері іздеп келіп, балаларына жарыс-сайыс уақытша нәрсе, өтеді де кетеді, бауыр, береке-бірлік деген мәңгілік екенін естеріне салып, балаларына бата береді. Әкелерінің ырыс-ынтымақ болсын деген тілегін түсінген ойыншықтар алдағы уақытта тату-тәтті өмір сүретін болады. Жазушы ертегі кейіпкерлері арқылы балаларға ұлттық құндылықтарды, ұлттық ойындарды насихаттап отырғаны байқалады. Ертегі кейіпкерлері заманауи ойыншықтар екенін ескеретін болсақ, қазіргі таңда ұлттық құндылықтарымызға баса көңіл аудармаса, жаһандану заманында олардың мүлде ұмытылып кетуі мүмкін. ХХІ ғасырдағы осындай қауіпті түсінген автор ертегі кейіпкерлері арқылы ұлттық құндылықтарымызды

сақтауды, ырыс-береке алып келетін татулықты, бірлікті, ынтымақты, ауызбіршілікті насихаттап отыр.

Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық код туралы: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», – деген болатын [9]. Осы қағидаға сүйенетін болсақ, қазақ балалар драматургтері бүгінгі таңда мемлекет тарапынан көңіл аударыла бастаған ұлттық код мәселесіне ерекше көңіл аударуда. Жоғарыда сөз болған балаларға арналған шығармаларда бала мінезі, әрекеті, психологиясы шынайы бейнеленгендігімен ерекшеленеді. Авторлар Аяз би, Қазыбек би сияқты аты аңызға айналған ғұламалардың да кішкентай бала болғанын, олардың бала кездерінен ерекше талантты болғанын суреттеу арқылы қазақ балаларына кімдерден өнеге алуды көрсеткен. Р. Мұқанова XX ғасырдағы адамзат баласының қасіретін бір кейіпкер бойына жинақтауда табысқа жетті. Аталған шығармалардың кез келгенін оқушылар мектепте сахналауға негіз бар.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Арна. Зерттеу-сын-эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
2. Мұқанова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. Драмалар. Аударма. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 272 б.
3. Айдарбек Б. Жиһад. – Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
4. Айдарбек Б. Ел боламын десең, бесігіңді түзе. – Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
5. Наурызбаев Б. Жаңа жанр жолында. Кіт.: Жанр және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1968. – 348 б.
6. Рамазан Д. Абылай ханның арманы. Пьесалар, аудармалар, жолжазбалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 бет.
7. Үсенұлы С. Қыранның балапаны. – Алматы, 2021.
8. Ақтанова А. Балалар әдебиеті. (Қазақ балалар драматургиясы мәселелері). – Астана: Фолиант, 2011. – 200 б.
9. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 12 сәуір, 2017.

II ТАРАУ
КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ (1923-2017)

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы 29 қазанда Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды атырабында дүниеге келген.

Әкесінен сегіз жаста, анасынан он үш жасында айырылған бала өмірі ХХ ғасырдағы қазақ халқы басынан өткерген аумалы-төкпелі оқиғалармен бірге өтті. 1932–1933 жылдардағы қазақ даласындағы алапат аштық, 1937 жылдардағы сталиндік жеке басқа табыну, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының бар ауыртпалығын басынан өткеріп, әскер қатарынан 1948 жылы босады. Мұзафар да өз замандастары тәрізді майданда туған ақынның бірі. Оның шығармашылығының дені балалар әдебиетіне арналды. 25 жыл «Балдырған» журналының бас редакторы қызметін атқара жүріп, дүниежүзі балалар әдебиетіндегі қалыптасқан дәстүр мен тың ізденістерді бойына жинақтады. Ақынның көркемдік ізденістері алғашқы «Қарағанды жырларынан» бастап, әр жылдары шыққан «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ – олақ», «Шынықсаң – шымыр боларсың» жинақтары жас оқырмандардың қолына тиді. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

М. Әлімбаев тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болып табылатын мақал-мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысты. Оның осы бағытта жасаған «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», «Халық – ғажап тәлімгер» т.б. жинақтары мен зерттеу еңбектері бар.

Сонымен бірге, ақын әлем халықтарының мақал-мәтелдерін жинап, оларды қазақ тіліне аударып көркем аударма саласына да үлес қосты. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Ақынның өз туындылары әлемнің 38 тіліне аударылды.

Әдебиетке сіңірген осы еңбектері үшін Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты атанды (1996).

Кеңестік дәуір мен тәуелсіздік тұсындағы балалар әдебиеті туралы сөз ететін болсақ, тілімізге бірінші кезекте оралатын есім – Мұзафар Әлімбаев. Ғасырға жуық жасаған ақын шығармаларын қарап отырсаңыз, оның өнімді еңбек еткенін байқауға болады. Шығармаларының дені қазақтың жас бүлдіршіндері мен өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арналды. Ақын бірінші кезекте балаларға өздерінің төңірегіндегі ең жақын адамдарын таныстыруды көздейді. Сондықтан, біраз өлеңдері туыстық атауларға қатысты. «Ана», «Әке», «Аға», «Іні», «Әпке», «Қарындас», «Жезде», «Жиен», «Бөле» өлеңдерінде әкесі мен анасы жақтан туысатындарды ажырататын болады. Әдетте балаларға үлкеннің бәрі бірдей болғанмен, олардың әрқайсысының өз атаулары болады екен. Мұны ұғынған бала әр туысын өзіне қатысты атпен атайтын болып үйренеді. «Әке» өлеңінде:

Мақтайды әкем:
– Батырым,

Енді өзіме серік! – деп.
Өсіп келе жатырмын,
Өз әкеме еліктеп [1; 3].

Кез келген бала өз ата-анасынан тәлім-тәрбие алатыны белгілі. Сондықтан, қазақ халқы «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп айтқан. Ақын халық даналығын тірілтіп, балаларға өз ата-аналарын үлгі-өнеге етеді. Ал олардың өсіп келе жатқан балаларының жетістігіне қуанып, «өзіме тартқан» деп марқайтатыны белгілі.

М. Әлімбаевтың балаларға арналған шығармаларын жанр бойынша жіктейтін болсақ, жеке адамға арнап айтылған сықақ өлең – эпиграммалар көптеп кездеседі. «Қисыбай» өлеңінде кіп-кішкентай болса да мінезі қисық балаға кездесеміз:

Қызды тартып тұлымнан,
Ұлды шертіп мұрыннан,
Көрінгенге ұрынған,
«Жын» қаққандай жұлынған
Кіп-кішкентай Қисыбай,
Мінезінің қисығы-ай!.. [1; 26].

Ақын Қисыбай сияқты қисық, қыңыр балалардың жаман мінезі мен өрескел әрекеттерін, жағымсыз қылықтарын сынай отырып, жас оқырманға жаманнан жирену керектігін ескертеді. Жекелеген адамдардың мінез-құлық, іс-әрекеттерін сынауда ащы сын, сықақ, кекесін, әзіл-оспақ кездеседі. Бұл – сынай отырып, оқырманын тәрбиелеудің үлгісі. «Жамақай мен душ» өлеңінде көктем шығып, қар еріп жатқанда Жамақайдың шатырдан аққан судың астында тұрып, малмандай су болғанын көреміз.

«Душқа» түсті бір апта,
Қыста түсті бірақ та...
«Тұмау тиді қайдан?..» – деп,

Әжесі жүр қайран боп [1; 28], – деген жолдарда кекесіннен гөрі әзіл басым. «Кербақбай» өлеңінде үлкендер жұмсаса тіл алмайтын, сиыр бақпай сүт ішетін, сабақ сұраса жауап бермейтін Кербақбайдың іс-әрекеті әжуа болады:

Күркілдейді Кербақбай
Суық тимей,
тер қатпай.
Жұмсай қалсаң,
Кербақбай
Адасады,
жол таппай.

Ақын кейбір балалардың бойындағы осындай кемшіліктерін сынау арқылы басқа балаларға ой салады. Осы өлеңді оқыған бала сүт ішу үшін сиыр бағып, бұзауға қараумен бірге еңбек етуді ұғынады. Олардың еңбектері – сабақ оқу, ендеше Кербақбай сияқты ұятқа қалмай, үй тапсырмасын міндетті түрде орындап жүру керектігін түсінеді. Осылайша, ақын балаларға неден жирену, неден үйрену керектігін өмірде болған шынайы кейіпкерлердің ісімен нанымды суреттеді. Ақын поэзиясының тәрбиелік мәні мен көркемдік тағылымы туралы ақын шығармаларын зерттеуші Ә. Жәкім былай деген болатын: «М. Әлімбаев балалар әлемін көркем сөз кестесімен шынайы да нанымды бейнелеп қана қойған жоқ, сол арқылы

Шалқарда шабақ жүзеді,
Шағала көзін сүзеді.
Шүйіліп көктен шағала
Шегеше келіп қадалар.
Шиедей шоқып жеп қояр,
«Шиманды екен!» – деп қояр [1; 22].

Сөз басында қайталаудың: әуендік, синтаксистік-ырғақтық, лексикалық, әуендік-лексикалық түрлері болса, осындағы әр тармақтың «*шш*» дыбысымен басталуы әуендік анафораға жатады.

Ақын шығармашығылынан мысал жанрындағы көркем туындыларды жиі кезіктіреміз. Бұл жанрда айтпақ ой тұспалмен берілетіндіктен, көбіне оның кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік болып келеді. Кейбір жағдайларда адамдар да қатыстырылады. Шағын көлемді, сюжетті оқиғаға қатысушы кейіпкерлердің диалогымен олардың болмыс-бітімі, негізгі ой-арманы ашылады. Мысалда ғибратты ойлар айтылатындықтан, онда дидактикалық сарын басым. Фольклордан жалғасып келе жатқан көне жанр кейінгі уақытта жазба әдебиетте кең орын алды. Орыс әдебиетінде мысал жанрының негізін қалаған И. Крылов болса, қазақ әдебиетіндегі мысал жанрын Ыбырай, Абайдан бастаймыз. XX ғасырдың басында бұл жанрдың қалыптасып дамуына Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, С. Көбеев, С. Дөнентаев, А. Тоқмағамбетовтер көп үлес қосты. Аты аталған ақындардың көпшілігі Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударды. Мысалдың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі қызметі жоғары болғандықтан, аттары аталған қаламгерлердің мысалдары мектепте бастауыш сыныптан бастап оқытылады. М. Әлімбаев «Тауыс пен сауысқан» мысалында екі құстың диалогын былай өрбітеді:

Тауыс:
Жақыннан да алыстан
Сұрқың нашар сауысқан!..
Қанат-құйрық, қауырсын
Сұрап алсай тауыстан.

Сауысқан:
Менің атым – сауысқан,
Тауыспен де жарыспан...
Туа біткен көркім бар.
Аласұрып орынсыз,
Ажар іздеп қонымсыз,
Ақылымды тауыспан.
Құбылмадан қорқындар...
Ұрлық-қарлық өң бермес
Жат мүлкіне жабыспан... [1; 88]

Ақын кейіпкерлерін бір-бірімен сөйлестіре отырып, олардың болмыс-бітімін көрсеткен. Тауыс өз көркіне марқайып жүретін мақтаншақ болса, сауысқан – өз болмысын қанағат тұтатын құс. Олардың түрі бірдей болу шарт емес, керісінше олардың негізгі айырмашылығы өздерінің қандай құс екенін көрсетпек. Ақындар аң, құс, балық, өсімдіктер арқылы адам баласының бойындағы кемшіліктерді көрсететін болса, біз сауысқаннан өнеге алуымыз керек. Бес саусақтың бірдей еместігі сияқты

адамзат баласы да түрліше. Әр адам өзінің жаратылысын қанағат тұтып, барына ризашылық таныту керек. Мысал жанрында әрбір қысқа оқиғаның нақыл түрінде айтылатын түйіндемесі болатын болса, мұның түйіндемесі – сауысқанның «Ұрлық-қарлық өң бермес, Жат мүлкіне жабыспан» деген сөзі. Мысал жанрының адамзат баласын тәрбиелеудегі қызметі ерекше, сондықтан қаламгерлер бала танымына жақын, қысқа да нұсқа мысалдармен оларға ой салады, балаларды тәрбиелейді.

Балалар әдебиетіндегі негізгі жанрдың бірі аңыз-ертегі болса, ақын шығармаларынан да авторлық аңыз-ертегілерді кездестіреміз. Аңызға халықтың жадында сақталған би-шешендер, хандар мен батырлар туралы оқиғалар негіз болады. Аңыз – қазақ фольклорлық проза жанрларының бірі. Онда елдің, халықтың, тайпаның басынан кешкен тарихы, жүріп өткен жолы да сақталып қалады. Халық жадында ұзақ уақыт сақталып, атадан балаға мирас болатын жанрдың мифологиялық, топонимикалық, антропологиялық түрлері бар. Фольклортанушы-ғалым С. Қасқабасов антропологиялық аңызға мынадай анықтама береді: «Орыс халқындағы Чапаев, Буденный, Котовскийлер секілді, есімдері қазаққа мәлім Қажымұқан, Әміре, Сұлтанбек Қожанов, Ғани Мұратбаев, Бауыржан Момышұлы т.б. туралы аңыз-әңгімелердің туып, фольклорлық айналымға түсуін аңыз жанрының жалғасы ретінде қабылдауға болады» [3; 560]. Халықтың өздеріне ұнаған тарихи тұлғалар туралы әңгімелері ауыздан-ауызға тарап, ол кейіпкер көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып жатады. Жоғарыда аттары аталған тұлғалардың барлығы – көздері тірісінде аттары аңызға айналған жандар.

Ақынның «Көк сиырды көтерген келіншек», «Екі құрбы» аңыздары ел ішіне кеңінен тараған аңыздарға құрылған. «Көк сиырды көтерген келіншекте» ертеде бір мерген жігіттің болғаны туралы айтылады.

Мақтанып қоймайды екен жолдасына:
«Мен кепіл мендей мерген болмасына!»
Жебемен табанда атып ұшырыпты
Шанышқан тебенді де тал басына [1; 215].

Мерген жігіт өзінің мергендігін елге айтып мақтана берген соң, оған келіншегі көп мақтана бермеуін айтады. Мақтаншақ жігіт қойсын ба? Келіншегі соның бір орайын күтіп жүреді. Үйлерінде жалғыз сиыры бар екен. «Жұбайы депті бірде – мықты болсаң, Көтеріп көрші мына сиырыңды!» Жігіт күшін сынамақ болған соң, қызық көруге көрші-қоландары түгелдей жиналады. Бірақ жігіт сиырды көтермек түгіл, орнынан қозғай алмайды. Содан кейін келіншегі күшін сынайды.

Келіншек дәу сиырды ауырсынбай,
Қарына іліп алды қауырсындай.
Қайтадан дік еткізіп қойды жерге,
Пәлен пұт зіл болса да тау тасындай [1; 216].

Күйеуі келіншегіне қайран қалып, мұнша күшті қайдан алғанын сұрайды. Ол: «Күніне үш-төрт рет төл кезінен, Көтеріп көк бұзауды еттім машық...» – дейді. Шап-шағын келіншекке таң-тамаша болған мақтаншақ жігіттің солай келіншегінің алдында сағы сынған екен. Бұл аңыз бойындағы бар өнерінді көпке мақтан ете бермеу керегін ескертеді. Мақтана берсең, сенен де мықтылар шығып тауың шағылып қалатыны рас.

«Екі құрбы» – бір күнде өмірге келіп, қатар өскен екі жігіттің өмірінен алынған оқиға. Өмірдің өзі күрес, жанжал, тартыстан тұратыны белгілі, уақыт өте келе

жігіттердің бірі ханға уәзір болып кетеді. Екіншісі кедейлікпен күн кешіп, арып-ашып жүріп жатады. Күндердің бір күнінде қолы бос, іші пысқан уәзір жігіт ел ішіне серуендеп шығады. Сонда бір сайда бала күндегі досы кездеседі:

– Кетіпсің, сорлы, қартайып,

Нендей күн түскен басыңа?

– Жүргендер аз ғой шалқайып,

Көргені жұрттың осы да!.. – деп, өзінің кедейлікпен жүрген жүрісіне досын кінәлайды. Екеуі айтысып тұрғанда қастарына бір шал келіп: «Ақыл мен ақша ұсынсам, Қайсысын алар едіңдер», – дегенде, уәзір жігіт ойланбастан «мен өзім ақыл алам» десе, кедей жігіт те ойланбастан «ақшаңыз – біздің қалау» дейді. Екеуінің жауабын естіген шал оларға былай жауап береді:

– Ақылды болсаң қарағым,

Табылмас па еді қазына.

Ақшаны қалай қаладың,

Ақылыңның азы ма?

Шалдың айтқан жауабына түсінбеген кедей жігіт: «Мен қалапшын ақшаны, алмай ма әркім керегін?!» – дейді. Екі жігіттің бірі – уәзір, екіншісі – кедей болып жүргенінің сыры осы оқиға үстінде ашылады. Басыңда ақылың болса, жұмыс тауып күн көруге болады. Бірақ басыңда миы жоқтар кінәні өздерінен көрмей, басқалардан іздеп жатады. Екі жігіттің қалауын естіген балалар мектепте жақсы оқу керектігін түсінеді. Жақсы оқыған балаға қайда да жұмыс табылады, жұмысы бар адамның тұрмыстық жағдайы, өз ортасындағы абыройы да жақсы болады. Ал жұмыссыз жүргендерге ешкім құрмет жасамайды. Ең жаманы ол жұмыссыздығын өзінен емес, өзгеден көреді.

Фольклорлық жанрлардың бірі – ертегі. Ертегіде өткенді қиялмен болжап, оқиғаға құрылған көркем әңгіме қара сөзбен беріледі. Фольклортану ғылымында қара сөзбен айтылатын фольклорлық прозаны екі топқа бөліп: бірін – аңыздық проза, екіншісін – ертегілік проза деп атау қалыптасқан. Ертегіні қызықты оқиғаға құрып, оқушысын қызықтырып отырған. Фольклорлық жанрлардың ішінде балалардың қызыға тыңдайтыны – ертегі. Себебі, оның сюжеті қызықты болып келеді. Қызықты оқылатын ертегі оқырманына танымдық-тәрбиелік, эстетикалық тәрбие береді. Ақынның «Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?», «Тауыс неге қызыл-жасыл, қарға неге қара?» ертегілерінің танымдық-тәрбиелік қызметі мол. Екі ертегіде де осы жанрдың үлгісі бойынша «ерте-ерте, ертеде» өткен оқиғалар баяндалады. «Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?» ертегісінде ертеде қарағай, жыңғыл, тобылғы ағаштары бір өлкеде өскендіктен, тел өскен балалардай бір-бірімен тату, дос болғаны туралы айтылады. Күндердің бір күнінде Қарағай мен Жыңғыл ұрсып қалады да, Қарағай тауға қашып кетеді. Қарағай тауға барғанмен, «Қайтеді ол?» деп жыңғылға мойнын соза-соза бойы да ұзын болып өсіп кетеді. Ал жыңғыл қарағай көріп қоймасын деп құмға бұғып-бұғып, содан бойы өспей қалған екен. Екі досының арасына арашашы болып, ары-бері шапқылаған Тобылғы «Қойыңдар, – деп, – керісті!» айтудай-ақ айтқанмен олар тыңдамайды. Екі досының мына қылығына ашуланған ол үйіне ренжіп қайтады. Ертегі былай аяқталады:

Екі арада ит-әлек –

Сондай қыжыл болыпты:

Жатаған да тәпенек
Содан Жыңғыл болыпты.

Дәу қарағай содырлы
Содан ұзын болыпты.
Ұялыпты тобылғы –
Содан қызыл болыпты [1; 222].

Үш достың арасындағы оқиғаға қарап отырып, балалар ұятқа қалмас үшін ұрыспау керектігін түсінеді. Араша түскен достарының бетін қызартып керкілдескенше, тыныш жүрген артық екенін ұғатын болады.

«Тауыс неге қызыл-жасыл, қарға неге қара?» ертегісінде тауыс пен қарға туралы оқиғаға қаныға түсеміз. Жануарлар туралы ертегілердің қатарына жататын бұл ертегіде ежелгі миф, аңыздар орын алған. Тауыс қырғауылдың қызылдығын, әтештің алтын айдарын, тотының жап-жасыл көйлегін айтып, оларға сұқтанады. Қар үстінде жүргенде екеуі де көрінбей қалатын болған соң, олар да өзгелер секілді түрлі-түсті болғысы келеді. Ертесіне ерте тұрып, екеуі үйлеріне жасыл, күрең, қара, ақ, көк, қызыл, сары сияқты жеті түсті жинап алып келеді. Жеті түсті ортаға қойған Қарға қолына қылқаламды алып асықпай досы Тауысты сырлай бастайды:

Үндемейтін Қаракен
Өнерге де бар екен.
Тауысының қымбатты
Тұла бойын сырлапты

Ең ақыры аяқты, –
Түрлі түспен бояпты [1; 224-225].

Түрлі түсті түрге еніп құлпырып шыға келген Тауыс енді Қарғаның үстіне төне бергенде, дөң астынан бір шошқа шыға келеді. Оның алдындағы етін көрген қарға шыдамай, бол да болдың астына алады. «Мен қашанғы тұрам», – деп, «Тез боянып шығам!» – деп, легенге құйып қойған бояуға күмп береді. Ол қара бояу болғандықтан, ақ қарғаға желімдей жабысады. Сабырға көнбеген ашқарақ ақ қарға осылай көмірдей қап-қара болып шыққан екен.

Үсті басы қап-қара,
Мойыны тек ақ қана.
Қарға атанған «қомағай»,
Кеткен тауыс жоламай.

Оның «қарқ-қарқ» дегені
«Қап!..» – деп опық жегені [1; 226].

Қомағайлық пен сабырсыздық адамға да абырой әпермейтіні белгілі. Олай болса, оқырман да сабырлы, ақылды болуға өзін үйретері анық.

Жазушы А. Жақсыбаев ақын шығармашылығы туралы: «Мұзағанның тұрған бойы – ақыл мен нақыл. Кез келген сөзден ұйқас құрастырып шығаратын. Ел ішіндегі сирек сөздерді іздестіріп, жинап жүретін. Мұзафар Әлімбаев қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің біріне айналды. Поэзия жанрындағы еңбектері – өлеңдері, поэмалары әдеби сын тарапынан да, оқырмандардан да жақсы бағасын алды. Қазақ әдебиетінде мақал-мәтелдердің бірден-бір жинаушысы болды» [4], – деген болатын.

Әлем халықтарының мақал-мәтелдерін жинаумен, оны қазақ тіліне аударумен айналысқан ақынның өзі де өмірден көргені мен түйгенін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні етіп жеткізді. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың наным-сенімдерін, түсініктерін төмендегіше тыйым жасаумен жеткізуге ден қойды.

Тұзды баспа,
Шоқты шашпа.

Ақыл есің бүтінде:
Кісіге қарай түкірме [1; 150].

Әдепсіздікті таста,
Есікті теуіп ашпа.

Адамдарды санама,
Түнде айнаға қарама [1; 151].

Босағада тұрма,
Көк шөпті жұлма.

Малды теппе,
Ақты төкпе [1; 152].

Халық балаларға көп жағдайда тыйым жасап, оларға әдепсіздік жасамауды үйретіп отырады. Осындай мақсатта ақын оқырмандарына халық ұғымында тыйым жасалған дүниелерді естеріне салып, оларды жасауға болмайтынын түсіндіреді.

Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын келесі жырлар – әбзел-саймандар туралы өлеңдер. «Бұйда», «Тұсау», «Шідер», «Тізгін», «Басжіп», «Ноқта», «Жүген», «Шылбыр», «Қайрақшы», «Қол шана» өлеңдерінде аты аталған ат әбзелдері мен құрал-саймандарға түсінік береді. «Жүген» өлеңінде:

Құлақтан басып күреңді,

Кигізер әкеп жүгенді.

Ауыздықтайды асауды,

Шабандоз жігіт жігерлі [1; 178], – деп, жүгеннің атқаратын қызметі туралы мағлұмат берген. Осындай мақсатпен әр заттың негізгі ерекшелігін бір шумакпен беруде ақынның аз сөзге көп мағына сыйғызғанын байқаймыз.

Ақын шығармаларынан бірден көзге түсетін туындылар тобы – бата сөздер. Бата сөздің магиялық күдіреті ерте заманда қалыптасқан. Бата сөзінің Құдай, пайғамбар, аруақ сияқты адам еркінен тыс күштермен байланысты болып келуі де сондықтан. Осы жанр туралы әдебиеттанушы ғалым Ғ.Доскенов: «Бата сөз қазақ фольклорының дербес, шағын жанры ретінде қарастырылады. Ұйқасты, ырғақты болып келетін, тұрақты образдарға негізделетін бата сөз – халқымыздың жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, обал-сауап турасындағы моральдық-этикалық түсініктерінің айғағы іспетті», – деген болатын [5; 63]. Батаны әдетте жасы үлкен ақсақалдар, көпті көрген көнекөз қариялар беретін болған. «Ақсақалдың ақ батасынан» өлеңінде ақын кішкентай оқырмандарына мынадай бата береді:

Оқуда алғыр бол,

Ойлауға даңғыл бол!

Өмірде әділ бол,
Ашуда сабыр бол!

Ісінде шебер бол,
Ақылға кемел бол!
Қиынға батыл бол,
Еңбекте батыр бол!

Уәдеңе берік бол,
Ауылыңа көрік бол!

Бата жанрын, осылайша, шұбыртпалы ұйқаспен соза беруге болады. Бата сөздері жаттап алуға жеңіл, нақты да түсінікті, қарапайым сөздермен беріледі. Бала ұғымына түсінікті сөздерді жаттау оңай болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балалар көптеген баталарды жатқа айтуға шебер.

Қорыта айтқанда, «Өз бағамды сұрамаймын өзгеден, Ердің құнын өлшейтін кім сөзбенен?!» дейтін қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Мұзафар Әлімбаев – балаларға арналған шығармаларында фольклордан жалғасып келе жатқан шағын жанрларды өз тарапынан жаңғырта отырып жалғастырған ақын. Ол мектеп жасына дейінгі және бастауыш, орта сынып оқушылары, яғни кішкентай оқырмандарына арнап эстетикалық, танымдық, тәрбиелік шығармалар жазды. Қазақтың болашағы болып саналатын өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді үлгі-өнеге етті. Отанын сүйетін патриоттар алдымен отбасын сүю керектігін туыстар туралы өлеңдерімен көрсетті. Қоршаған орта, жылдың төрт мезгілі, табиғат құбылыстары, жан-жануарлар, аң-құстар туралы өлеңдерінің танымдық қызметі мол болғандықтан, солар арқылы оқырманын тәрбиелеуге тырысты.

Әдебиеттер:

1. Әлімбаев М. Ана тіліне тағзым. Өлеңдер, мысалдар, ертегілер. – Алматы: «Атамұра», 2014. – 240 б.
2. Жәкім Ә. Қазақ балалар поэзиясы және Мұзафар Әлімбаевтың көркемдік тағылымы. Фил.ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс-ң Авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 б.
3. Қасқабасов С. Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
4. Жақсыбаев А. Жанашыр жақыным еді // Егемен Қазақстан. – 28 қараша, 2017.
5. Доскенов Ғ. Бата сөз. Кіт.: Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.

ОРАЗАҚЫН АСҚАР (1935-2019)

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағына қарасты Мүкей Қаратас деген жерде туған. Бастауыш білімді Сарыбұлақ мектебінде алып, Құлжа қаласындағы «Білім жұрты» деп аталатын гимназияда оқыған. 1951 жылы Үрімші қаласында ашылған Ұлттар институтының тіл және әдебиет факультетіне түсіп, оның екінші курсы аяқтағаннан кейін «Шыңжаң газеті» редакциясына қызметке тұрды. Бұл жылдары аталған газетке және «Шұғыла» журналына өлеңдері жиі жариялана бастайды.

1955 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келіп, 1961 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп шығады. 1955 жылы жарық көрген «Қос жүрек» атты жас ақындардың ұжымдық жинағына өлеңдері енген.

Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, республикалық Кітап палатасында бөлім меңгеруші, «Жалын» баспасында аға редактор қызметтерін атқарды.

Қазақтың қара өлеңін жинап, «Қара өлең» (1989, 1997) деген атпен екі том етіп бастырды. «Әдеби мұра» бағдарламасымен «Әлем балалар әдебиетінің» қазақ тіліндегі елу томдығын шығаруға атсалысты.

Көркем аудармаға да үлес қосып, «Құран хикаялары», «Инжу маржан» аудармаларында әлем елдерінің халықтық жырлары топтастырылса, «Расти большим», «История денег» жинақтары орыс тілінде жарық көрді.

1996 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының иегері. Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері. Панфилов ауданының Құрметті азаматы [1].

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Оразақын Асқардың 1964 жылы «Тұңғыш» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақынның сол уақыттан бастап, өмірден өткенге дейін бірнеше таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағы оқырманға жол тартты.

Оның «Суретті әліппе», «Әріптер әлеміне саяхат», «Әріп – дыбыстың таңбасы», «Логопедтік әліппе» жинақтарына мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған өлеңдері топтастырылса, «Жарапазан», «Ұлттық ойындар», «Сүт сыйлықтары», «Жаңа баталар» жинақтарының этнографиялық бояуы қалыңдығымен ерекшеленеді.

Лирикалық кейіпкер «Рәміздерім» топтамасындағы «Елтаңбам», «Көк туым», «Атазаңым», «Мемлекеттік тіл» өлеңдерінде тәуелсіз қазақ елінің ту, елтаңба, әнұран, атазаң, мемлекеттік тілін мақтан етсе, «Қазақпын» өлеңінде қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін тілге тиек етіп, қазақ болып туғанына қуанады. «Паналатқан мейірімді мансұқ қып, Жеріме көз алартпасын көрінген» деген жолдарда қазақ жерін көптеген этностарды мекен етіп жатқанын еске сала отырып, олардың ел мен жерге, тілге деген теріс көзқарастарына наразылық білдіреді. Ол мейірімді, қонақжай қазақ халқының өз тарихы, салт-дәстүрі бар екенімен мақтанады.

«Алфавит әліппесі», «Алфавит әңгімесі» топтамалары мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Алфавит әліппесінде әр әріпке анықтама беріп, сол әріп туралы мектеп жасына дейінгі балаларға мағлұмат береді. «А», «Ә» әріптерін былай түсіндіреді:

Адам А-дан басталады,
Ата-ана қостар оны.
А арқылы жазасыңдар,
Алматыны, Астананы.

Әліппенің алдындамын,
Әлемге де менмін мәлім.
Әже, әкемен бастаймын мен
Әсерлі, әсем әннің бәрін [2; 226].

Осы ізбен барлық әріпке қысқа да нұсқа анықтама берілген. Бір шумақтың әр тармағы бір әріппен басталуы, біріншіден, әуезділікке құрылса, екіншіден, сол дыбысты есте сақтау көзделген. «Алфавит әңгімесінде» әріптер өздерін былайша таныстырады:

Ғасырға бас боп алындым,
Ғылымды бастап танылдым.
Ғарышқа алып ұшам мен,
Ғажайып ойын ғалымның [2; 234].

Сонымен бірге, балалар өздеріне таныс әріптерді жаңа қырынан танитын болады.

Еркін атын ерттеді,
Егіске ерте кеткелі.
Ербол, Ермек жиналды,
Елге еңбек еткелі [2; 235].

Көріп отырғанымыздай, мұнда әр тармақ бір дыбыстан басталып отыр. Ақын бір дыбысты бірнеше рет қайталау арқылы сол дыбысты есте сақтауды көздеген. Әуезділікке құрылған бір шумақтан тұратын қысқа өлең жолдары жатқа айтуға да ыңғайлы.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Әліппемен қоштасу» топтамасындағы «Әліппе», «Әліппе нені үйретті», «Дене шынықтыру», «Еңбек», «Еңбек сабағы», «Сурет», «Математика», «Ән сабағы», «Оқушының үлесі», «Алғашқы хаттар», «Әскердегі ағам», «Ауылдағы атама» өлеңдеріне мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының қызықты эпизодтары негіз болған. Атап айтатын болсақ, «Қосу» өлеңінен математикалық төрт амалды үйрене қоймаған баланың жауабынан оның аңғалдығы, қосу амалын білмейтіндігі көрінеді:

– Үшті үшке қосса қанша болады? –
Деп мұғалім оқушыларға қарады.
Бір оқушы қолын көтеріп, орнынан тұрып,
Деді: – Екі үш болады [2; 6].

Ал «Жаңа жыл», «Наурыз нақыштары» топтамаларындағы өлеңдер аталған мейрамдар туралы тың мәліметтермен, балалардың ойларымен толыққан. Диалогқа құрылған өлеңдерде бала психологиясына көңіл аударылса, жаңа жыл қарсаңында Айбек, Ерсұлтан, Арман, Сымбаттардың Аяз атаға жазған хаттарынан олардың бала көңілі байқалады. Сол сияқты, 8 Наурыз бен Ұлыстың ұлы күні туралы да балалар көптеген мәліметтерге қанығып, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіреді.

Ақын «Ана тілі», «Қазақ тілі» өлеңдерінде жас ұрпақты ана тілін құрметтеуге шақырады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мемлекеттік тіл туралы Б.Майтанов: «Діліміз бен дініміз іргесін нығайта бастағанымен, тіліміз көкейдегі қалаулы биікке жете алмағандай. Осы мотив барлық ақын-жазушылардың туындыларындағы ең басты әлеуметтік арнаның бірі болып табылады», – деген болатын [3; 17]. Ақын шығармаларынан да қоғам өміріндегі осы олқылық анық көрініс тапқан. «Үйрен ана тілінді» өлеңінде «Өз халқыңа бола алмайсың азамат, Білмей тұрып туған ана тілінді» деп, ана тілін білмейтіндерді туған тілін қадірлеуге, сол тілде қызмет етуге шақырса, «Қорға, қазақ тілінді» өлеңінде тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттік тілінің жағдайы мүшкіл екеніне көңіл аударады. Қазақ тілін құрмет тұтпайтын, қазақ жерінде тұрып «Қазақ тілі қысым жасап жатыр деп» байбалам салатындардың сөзін сөйлеп, оларды қолдайтындарға наразылық танытады. «Мемлекеттік мәртебесі бар тілің, Шетке үнемі қағылуда күн санап» дейтін ақын «Тілімізге алып берген мәртебе, Қорғамаймыз неге ата заңды біз», – деп барша қазақты ана тілін қорғауға шақырады.

Ақын өлеңдерінің бірсыпырасы сөз өнері, поэзия мен ақындар туралы. «Ең жақсы өлең» өлеңінің басты ерекшелігі – ақындардың негізгі туындыларын тілге тиек етуі. Өзіне үлгі тұтқан ақындары Пушкиннің «Есімде өткен сол бір шақ», Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт», Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын», Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы», Қадыр Мырза Әлидің «Ой орманы», Олжас Сүлейменовтің «Арғымақ», Тұманбай Молдағалиевтің «Студент дәптері», Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» сияқты жырларын тілге тиек ете отырып, Асылды іздеп, менің де еш мазам жоқ, Ойдың кенін күндіз-түні қазам көп. Жаңа өлеңге кіріседі шын ақын: «Ең жақсысын енді ғана жазам деп» деген түйін жасайды.

«Бала тілі – бал» топтамасына енген «Бала тілі», «Біз бақытты баламыз», «Менің үйім», «Алтыдағы Алмас», «Алтын күз», «Киім», «Мектепке бару» өлеңдерінде бала психологиясы олардың былдырлаған тілімен, күлкі үйірер әрекеттерімен толыға түскен. Осы қатарда алты жасар Алмастың сөзін мысалға келтіруге болады.

Дәрігердің біреуі,

– Қанша сенде қол? – деді.

Күлім қағып түр-өңі

Алмас: – Қолым он, – деді [2; 6].

Бүлдіршіндердің ойлау қабілеті, ойы осылай күлкі үйіретіні белгілі. «Бала болғым келеді» өлеңінде екі буын өкілінің басынан өткен оқиғаны салыстыру арқылы үлкендер мен жастар арасындағы алшақтыққа көңіл аударса, «Есімде» өлеңінде лирикалық кейіпкердің көңіл күй сезімдері жинақталған. Баланың былдырлаған тілін, күлкі үйіретін қылығы мен ойын «Әке мен бала», «Өзіңе бәрін аласың», «Жарнама», «Балконда», «Анасы мен баласы», «Егіздер» өлеңдері толықтырады. «Анасы мен баласы» өлеңінде:

– Тәттіні неге көп жейсің?

– Бала тілі – бал, – дейсің.

«Тілім тәтті болсын» деп жеймін,

Маған тағы не дейсің? [2; 176].

Тәрбиелік мәні зор «Дос – дұшпан» өлеңінде Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол. Адам болам десеңіз» деген өлең жолдарын эпиграф етіп алып, балаларға Абай айтқан бес асыл мен бес дұшпанның мәнін түсіндіреді. Өсек, өтірік,

мақтаншақ, ысырапшыл, мал шашудың адам баласына келтіретін зиянын айта келіп, «Қауіпті осы бес дұшпан, Айырылып тұрып ес-түстен, Дұрыс болар, жеңсеңіз» деген қорытынды жасайды. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты бес асыл істің мәнін түсіндіре келіп, бес асылдың басын қосып, Абайша өмір сүруге шақырады.

«Қазақ ертегілеріндегі әйгілі кейіпкерлер» топтамасындағы «Ер Төстік», «Тазша бала», «Құйыршық», «Аяз би», «Қаңбақ шал», «Қожанасыр», «Алдар көсе», «Жезтырнақ», «Мыстан кемпір», «Самұрық», «Ұр, тоқпақ!», «Ұшқыш кілем», «Атымтай жомарт», «Асан қайғы», «Қорқыт ата», «Жиренше шешен», «Ағаш ат», «Шық бермес Шығайбай», «Жалмауыз», «Қарынбай», «Таусоғар», «Көлтаусар», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», «Дию, шайтан, албасты», «Перілер», «Періштелер», «Қыдыр» деген бір шумақтан тұратын шағын өлеңдерде аталған ертегі кейіпкерлері туралы мол мағлұмат берілген. Мысал үшін періштелер туралы ақын былай дейді:

Періштелер қанатты,
Көрінбей ұшып жүреді.
Мейірімді, әділ, талапты,
Жандарды қолдап, сүйеді [2; 188].

Келесі көне жанрдың бірі – ертегі, аңыздар. «Тентек туралы ертегі», қазақтың «Достықтың да шегі бар», латыштың «Балташ» ертегілерінің балаларға берерлік тәлім-тәрбиесі ерекше. «Тентек туралы ертегі» ата-ананың, әке-шешенің тілін алмайтын тентек баланы бір күні аю ұстап алып орманға алып кетпек болады. Аюдан құтқарыңдар деп қанша жалынғанмен, оған ешкім көмектеспейді. Сол кезде бала: «Аң болмаймын, адам болам, Уәдеме наныңдаршы. Үлкендердің тілін алам, Бір жолға алып қалыңдаршы», – деп жалынады. Мұны естіген аю аң болмай, адам болатын баланы адамдардың ортасына қалдырып кетеді. Алдағы уақытта ол уәдесінде тұрып, тәртіпті бала болмақ. Ертегіні тыңдаған, оқыған балалар да тәртіпті болу керегін түсінетін болады. Кір-қожалақ болмай қол-басын жуып, киімін таза киіп, тамағын уақытылы ішпесе, аю келіп алып кетеді дегенге ойын баласы сенеді.

«Балташы» ертегісіне балташының суға түсіріп алған ескі балтасын алтын балықтың су астынан алып шыққан күміс, алтын балтаға айырбастамай, өз балтасын сұрағаны негіз болған. Алтын балық өтірік айтпайтын, өз кәсібіне, адал, құрал-саймандарына мұқият балташыға күміс, алтын балталарды қоса сыйлайды. Мұны естіген көршісі өз балтасын суға түсіріп орнына алтын балта алмақ болғанда, алтын балық оның өтірік айтқанын біліп, ескі балтасын да бермей кетіп қалады. Осылайша, ашкөз, тоғышар көрші аға шауып жүрген өз балтасынан айырылған екен. Балалар ертегі кейіпкерлерінің әрекеттеріне қарап, өтірік айтуға болмайтынын ұғады.

«Достықтың да шегі бар» ертегісіне жылан баққан баланың ажалы сол жыланнан болғаны арқау болған. Қолда өскен жылан жылдан-жылға үлкейіп, қораға сыймайтын болған соң, тауға кетіп қалады. Бірақ бала досын сағынғанда тауға барып көріп жүреді. Оның келіншегі жыланның бауырына жерік болғанда, бауырынан кесіп алуға келісіп, досына бауырынан бөліп береді. Тағы бірде келіншегінің құрбысы сол жыланның жүрегіне жерікпін деп, соны әкеп беруін сұрайды. Жылан жүрегінен кесіп беруге келіскенмен, досы ішіне кіріп жүрегін кесе бастағанда ол шыдамай аузын жауып қалып, іште қалған досы қанға бөгіп өледі. Артынан қансыраған жылан да өледі. Кешке үйіне келмеген жігітті ертеңіне іздеп шыққандар екеуінің де мерт болғанын көргенде «Достықтың да шегі бар» екенін түсінеді.

Ақынның келесі жанрдағы шығармалары – «Гүл патшасы», «Қасқырдың

қайырымы» поэмалары. «Гүл патшасы» поэмасында Нидерланд ханшайымы Беатрикс ханымның:

Қызғалдақ – ең үлкен сыйлық.

Сол үшін біз сіздің елге қарыздармыз.

Ол біздің ұлттық символымыз іспетті, – деген сөзін эпитафия етіп алған [2; 211].

«Ерте, ерте, ертеде, Не болды деп ентеле...» деп ертегі үлгісімен басталатын ертегіге есте жоқ ескі замандағы оқиға негіз болған. Жиһанкездер алып келген көп сыйлықтың ішінен Нидерландия королі шығыс пиязы екен деп гүл дәндерінің ішінен біреуін асқа туратады. Тамақты ішкен король шығыс пиязы дәмді екен деп түсінеді. Қоқыстардың арасында қалған бір ұрықты аспаз тыңайтқыш екен деп бақшаға тастайды. Келер жылы сол жерге ол елде жоқ алқызыл гүл өсіп шығады. Қасынан өткеннің бәрі бір тоқтап, гүлдің сұлулығына таңдай қағады. Хантәңірінен алып барған гүлді қастерлеп, көбейтіп, бес-алты жыл ішінде күллі Голландия гүлге оранады. Голландиялықтар қызғалдаққа мәртебе алып, бүгінде ол ұлттық белгілеріне айналды.

Түріктер бұл гүлді бөрікке ұқсаған түріне қарап, «Дүльбаш» (бөрікім) десе, арабтар қызғалдақтың бейнесі Құранның басты өрнегіне айналғанын айтады. Қазақ жерінде өсетін гүл нақыштары біздің барлық тұтынатын заттарымызда өрнектелгенін ақын тілге тиек етеді. Қыздың жасау, төсегі, келіннің ыдыс-аяғы, малшының құрық-таяғы, батырдың бес қаруы, киіз үйдің жабдығы, ер-тоқым, жүген, бесік, медресе, мазар, мешіт, басқұр, сырмақ, текемет, сырға, шолпы сияқты заттардың барлығы гүл бейнесімен әшекейленгеніне қарап, гүл отаны ежелден қазақ жері екені байқалады. Бүгінде сол гүл тюльпан аталып әлемге танылды. Гүлдің отаны – Қазақстан екенін ақын былайша мақтан етеді:

Қызыл, сары, ақ ғалдақ,

Өз елінде не мақталмақ.

Қазақстан ежелден

Алуан гүлдер жапқан бақ [2; 216].

Қазақтың нулы, таулы, тасты, шөлді, құмды жерлерінің бәріне қызыл, сары, ақ ғалдақтардың өсетіні белгілі. Ақын «Алтын адамның» осы гүлмен апталғанына қарап, сан ғасырлар бойы тіршілігімізден, өмірімізден үлкен орын алған гүлді көздің қарашығындай қорғау, сақтау керегін келер ұрпаққа аманаттайды.

«Қасқырдың қайырымы» ертегісінің де өзіндік айтары бар. Бұл ертегіге «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген халық даналығы арқау болған. Халық айтса, қалт айтпайды. Кез келген мақал – көп ғасырлық өмір тәжірибесінің жиынтығы, нәтижесі.

Бірде жас шопан жайлаудағы қой өрісінде қасқырдың бөлтіріктерін көргенін, оларға қақпан құрып ұстамақ ойын әкесіне айтып келеді. Бірақ әкесі:

– Не дейсің, болса да ит-құс,

Қоныстас көршің екен.

Тиіспей тұрса жыртқыш,

Тиісу ерсі десем, – деп жауап береді [2; 224].

Бірде жас шопан әкесіне бір тоқтысын қасқырдың тартып кеткенін, оның сүйектері апан төңірегінде шашылып жатқанын айтып келеді де, ертеңнен қалдырмай қақпан құрып бөлтіріктерімен бірге бәрін құртатынын айтады. Әкесі бұл жолы да салғырттық танытып, арлан тиіссе тоқты емес, тобымен бүктейтінін,

бұл – бөлтіріктердің балалықпен, білместікпен жасаған ісі екенін баса айтады. Әкесі араша түскенмен, балалары қарсы болып, ертеңнен қалдырмай қақпан құрып бөріні бөлтіріктерімен ұстамақ болып шешеді. Кешкілік қой қора жақтағы иттердің шуынан далаға шықса, қасқыр бөлтіріктері жеген тоқтының орнына қой әкеліп тастап, қырдан асып барады екен. Әкесінің көрегендігіне таңғалған жас қойшы қақпандарын алып тастап, қасқырмен көрші болып отырған екен. Ел аузында жүрген аңыз-ертегіге жан бітірген автор осы мысалмен «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген мақалдың растығын дәлелдейді.

Келесі сөз естерлік шығармалар – балалардың ойындары. «Татуласу», «Ойын бастау», «Асық ойыны», «Жүзік жасырмақ», «Қақпақыл», «Ақсерек – көксерек», «Тақия тастамақ», «Бұғынбақ», «Алтыбақан», «Бес саусақ», «Соқыртеке», «Ақсүйек», «Етек-етек» өлеңдеріне аталған ойын түрлері туралы толыққанды мағлұмат берілген. Осылайша, ақын балаларға ұлттық ойындарды түсіндіреді. Ойын түріне қызыққан бала онымен міндетті түрде ойнайтын болады. Ойындардың көпшілігі топ болып ойнауға негізделсе, «Ақсерек – көксерек» ойынын екі топ болып ойнайды. Кішкене бөбектерге арналған «Бес саусақ» – көне ойындардың бірі.

Басбармақ, Балалы үйрек, Ортан терек,
Бұларды ұмытпайсың болсаң зерек.
Шылдыршүмек, Кішкенебөбек мынау,
Өрнені бес саусақтай білу керек [2; 246].

Тілі шықпаған бүлдіршінге өзінің дене мүшесін таныстыруда бес саусақ туралы әдемі өлең жолдары бар. Қазақ халқы баласын сол бес саусақ сияқты бірге жұмылуға, ауызбіршілікте, бірлікте болуға шақырып, тәрбиелеп отырған. Бес саусақты өз атауымен тану арқылы бүлдіршіндердің танымы кеңейеді.

Ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан көне жанр – жұмбақтар да ақын шығармашылығында аз кездеспейді. Ақын балаларға өздеріне таныс, күнделікті өмірде кездесіп жүрген заттарды жұмбақтау арқылы оларды ойлануға, шеберлікке баулиды. Ай, жұлдыз, көбелек, қар, қораз, жұмыртқа, кірпі, жарғанат, қуыршақ, су, қарбыз, кітап, тасбақа, орамал, шам, күріш, үтік, боран сияқты заттарды жұмбақтауда олардың өзіндік ерекшеліктеріне көңіл аударған.

Өзі суда өседі,

Суға қайнап піседі [2; 250], – деп күріш дақылының суда тұрып өсетінін жұмбақтайды. Күріштің жерге дәнін шашқаннан бастап, орып алғанға дейін суда өсетінін білмейтін балалар ол туралы жаңа, тың мағлұмат алатын болады. Өз білмегенін үлкендерден сұрап білетін болады.

Осындай көне жанрдың бірі – жаңылтпаштар. Жаңылтпаш – балалардың таза, анық сөйлеуін қалыптастыруға, дыбыстар мен сөздерді анық айтуына, жылдам ойлануына көп көмек беретін жанр. Мұнда ұқсас сөздердің орнын ауыстыра пайдалану арқылы балалардың тілін жаттықтыру көзделеді. Оны төмендегі мысалдан көруге болады:

Ақ мақта
Ақ қардай аппақ па,
Ақ қар
Ақ мақтадай аппақ па? [2; 251].

Бір шумақтан тұратын жаңылтпаштың әр тармағы «ақ» сөзінен басталады. Ақын әр тармақты бір сөзбен қайталау арқылы сол сөздің астарына үңіліп, соған көңіл

бөліп отыр. Бір шумақтың ішінде «мақта», «аппақ», «қар» сөздері екі реттен қолданылып тұр. Көріп отырғанымыздай, төрт сөзді орын ауыстыра қолдану арқылы балаларды шатастыру көзделген. Ұқсас сөздерді шатастырмай, өз орнымен қолдану – балаларды жылдам, тез, анық сөйлеуге баулиды.

Қорыта айтқанда, ақынның балаларға арнап жазған танымдық-тәрбиелік шығармаларын түріне қарай: тақпақ, өлең, поэма, ертегі, аңыз, жұмбақ, санамақ, жаңылтпаш деп топтауға болады. Бұлардың барлығы – ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан көне жанрлар. Ақын шығармаларының басым көпшілігі – мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған туындылар. «Шығармашылық тұлғалардың көпшілігі ұлтын сүюдің мән-маңызы мен қажеттілігін өзгелерден нәзік түсінеді. Ол өз туындысының баспа бетіне шығысымен, жалпыға ортақ құндылыққа айналатынын біледі. Адресат феноменінің беделі де есептестірмей қоймайды. Сондықтан, ақын сөзі ұлттық рух табиғатынан ең жақын орналасады. Ол басқа бір тақырыптарды қозғаса да, ұлттық мұрат пен мүдде жетекшілік танытады» [3; 16], – деген ғалым Б.Майтановтың пікірін еске алатын болсақ, ақын шығармаларында отанды, елді сүюге басымдық берілген. Тәуелсіз қазақ елінің рәміздеріне арналған тақпақ-өлеңдерді жаттау арқылы балалар отанын, елін, жерін сүйетін патриот болып өседі. Олар мемлекеттік тіл, Елтаңба, Ата заң, Ту, Өнұран туралы өлеңдерді жаттау арқылы мемлекеттік рәміздердің астарына үңіледі, ол туралы білмейтіндерін ата-аналарынан, тәрбиеші-ұстаздарынан сұрап білетін болады. Осылайша, ақын танымдық-тәрбиелік шығармаларымен өскелең ұрпақтың бойына ізгілік нәрін себуші ретінде танылады.

Әдебиеттер:

1. Оразақын Асқар // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/828>
2. Асқар О. Қос қоңырау. Өлеңдер, аңыз-ертегілер, поэмалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы: Атамұра, 2014. – 256 б.
3. Майтанов Б. Қазіргі лирика: уақыт пен кеңістік // Кіт.: XXI ғасыр әдебиеті (2001-2011). Ұжымдық монография. – Алматы, 2011. – 640 бет.

ҚАСТЕК БАЯНБАЙ (1936-2021)

Әдебиет тарихында бірнеше буынның балалық шағын шығармаларымен байытып, қалың оқырманның жүрегiнiң төрiнен орын алған қаламгерлер көп емес. Ө. Тұрманжанов, М. Әлiмбаев, Қ. Мырза Әли, Т. Молдағалиев, Ә. Дүйсенбиев, М.Жаманбалинов, Ж.Смақов сынды есiмдерi балалар әлемiнен ажырағысыз алыптардың қатарында Қастек Баянбайдың да есiмi аталмай қалмайды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап ХХI ғасырдың жиырма бiрiншi жылына дейiн қолынан қаламы түспеген, бар ғұмырын жас ұрпақтың санасына сәуле құйып, жүрегiне iзгiлiктiң дәнiн егуге арнаған ақынның 30-дан астам жыр жинағы жарық көрген. Олардың денi бүлдiршiндерге арналған туындылар. Осыдан-ақ Қ. Баянбайдың өмiрлiк мұратын тануға болатындай.

Қазақ балалар әдебиетiнiң көрнектi өкiлi, ақын, жазушы, аудармашы, көсемсөзшi Қастек Баянбай 1936 жылдың 15 қарашасында Жетiсу облысы Алакөл ауданы Талдыбұлақ ауылында өмiрге келген. Қазақ мемлекеттiк университетiн тамамдаған соң, аудандық, облыстық басылымдарда, «Жазушы», «Жалын» баспаларында әдеби қызметкер, редакция меңгерушiсi, бас редактор болып қызмет iстеген. «Арғымақ» деп аталатын алғашқы жыр жинағы 1962 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Сонымен қатар, ол Э. Верхарн, Л. Левчев, С. Михалков, А. Барто, Р. Р ождественский, З. Александрова сынды шетел әдебиетiнiң көрнектi өкiлдерiнiң кiтаптарын қазақ тiлiне тәржiмалаған. Ақынның шығармалары да шет тiлдерiне – өзбек, түрiкмен, әзiрбайжан, орыс, украин, белорус, болгар, молдован, литван тiлдерiне аударылған. Кейбiр ертегiлерi бойынша арнаулы мультфильмдер түсiрiлiп, бiрнеше өлеңiне ән шығарылған. Балаларға арналған шығармалары мектеп оқулықтарына, антологиялар мен хрестоматияларға енген. Ақын «Тәттi сабақ» деп аталатын жыр жинағына I. Жансүгiров атындағы сыйлықты алған және «Ерен еңбегi үшiн» медалiмен марапатталған. Тәуелсiздiкке дейiнгi жылдарда 25 жинақ шығарған автор соңғы 30 жылда «Бiр қоржын жаз» (1991), «Жүз жыл жаз» (1995), «Қырық күн шiлде» (1997), «Кемпiркосақ» (2003), «Асар» (2006), «Араша» (2008) деген жинақтарын жарыққа шығарды.

Қазақстанға ғана емес, постсоветтiк елдерге де танымал қаламгердiң шығармаларын қаламдас әрiптестерi мен әдебиеттанушы мамандар жоғары бағалаған. Солардың қатарында Ө. Тәжiбаев, М. Әлiмбаев, Қ. Мырза Әли, Б. Нұржекеұлы, Ж. Елшiбек, С. Қалиұлы, Ш. Күмiсбаев, Ө. Ысқабай сынды ақын-жазушылар, Н. Ақыш, М. Қаратаев сынды әдебиеттанушы-ғалымдар бар. Олардың бәрi Қастек Баянбайдың шығармашылық әлемiне әр қырынан баға бередi. Дегенмен, бәрiнiң пiкiрi бiр нүктеде тоғысады. Ол – Қ. Баянбайдың өлеңдерiнiң көркемдiк деңгейi жоғары, сөзге сараң, ойға бай екендiгi.

Ақын жинақтарының атаулары да балаларды бiрден баурап алады. «Атай неге солақай», «Қол шатыр көтерген он батыр», «Тәттi сабақ», «Бiр қоржын жаз», «Құс сүтi» деген сияқты аталымдардың өзi оқырманның кiтапқа деген ықыласын оятып тұр. Себебi, автор күнделiктi өмiрде бiр-бiрiмен үйлесе бермейтiн ұғымдарды бiрiктiрiп тақырып етiп алған.

Қ. Баянбайдың шығармаларында топтама туындылардың көп екенін байқауға болады. Мысалы, Украина елін таныстыруды көздейтін «Украинаға саяхат», Жетісу өңірінің ең көрнекті жерлерін суреттейтін «Жер жаннаты», күз құбылыстарын сипаттайтын «Күз күндері», жазғы қызықтарды бейнелейтін «Жаз күндері», көктемнің шуақты күндерін танытатын «Көктем күндері», жайлау қызықтарын көрсететін «Жайлаудағы жаз» т.б. сынды топтамалары бар. Осылардың ішінде «Жайлаудағы жаз» деп аталатын өлеңдер циклінің орны ерек. Қаладан жайлауға, ата-әжесінің алдына барған баланың жаз бойғы көргені мен көңілге түйгені 32 өлең болып өрнектеліпті. Бала – лирикалық қаһарман. Автор бастауыш сыныпта оқитын баланың көзімен дәстүрлі қазақ өмірінің қызығы мен қиындығын қатар танытады. Дегенмен, бала үшін қиындығынан гөрі қызығы көп. Себебі, алғаш рет жайлауға барып отыр. Осылайша, ақын жас оқырманға дәстүрлі ауылдың тұрмыс-тынысын, әлеуметтік қарым-қатынас жүйесін, қазақ халқының табиғатқа деген қатынасын, өмірге деген көзқарасы мен экономикалық қалпын – жалпы мәдени-рухани бейнесін шебер таныта алған. Мысалы, «Сәлемшілер» деген өлеңінде ақын баланың көзімен жаз бойы ауылдың үлкендері бастауыш сыныпта оқитын оқушыға арнайы сәлем бере келгенін, күнде ерулікке шақырып, ақсақалдар ақ бата беретінін суреттейді.

Міне,
Осындай қадірлі
Қарттарға ермек табылды.
Маған сәлем беруге
Ала жаздай сабылды [1; 153].

Кішкентай балаға ақсақалдардың өздері келіп амандасуы, құрметтеп үйіне ерулікке шақырып, ақ батасын беруі – қазақ мәдениетінде бала тұлғасының қаншалықты қадірлі екендігінің көрсеткіші. Бұл – гуманизмнің шырқау биігі. Қаладан келген балаға ауыл болып, қауым болып амандасуға келеді, бірінен кейін бірі ерулікке шақырады, салиқалы әңгіме айтылып, ізгі тілек-бата беріледі. Осының бәрі тұнған тағылым, толған тәрбие. Бала 3 айлық жазғы демалыста қазақтың дәстүрлі тәрбие академиясынан тәлім алып қайтады қалаға.

Қастек Баянбай балаларға үлгі-өнеге беруде ата-әже институтын алға шығарып отырады. Оны біз жоғарыда тілге тиек еткен «Жайлаудағы жаз» өлеңдер циклінен де, «Дәрігер», «Тымақ киген инелік», «Бір қоржын жаз» т.б. өлеңдерінен де айқын аңғарамыз. Баланы ата-әжесімен диалогқа түсіре отырып автор оқырманға жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіреді. Сонымен бірге, баланың күнделікті тыныс-тіршілігінде кездесетін әртүрлі жағдаяттарды суреттегенде де тамшыдай тағылым түйдіруге тырысатыны байқалады. Бір қарағанда баланың болмашы тірлігі болып көрінгенмен, ол жас оқырмандарға ерекше әсер ететіні анық. Осындай «ұсақ» істер бала өмірінде өшпестей із қалдырып, болмысын бүтіндей түседі. Бүлдіршіндерге арналған көркем шығарманың қызметі – балаға етене таныс құбылыстар арқылы моральдық-этикалық, эстетикалық-танымдық құндылық сыйлау. Бұл жөнінде әдебиеттанушы-ғалым А.Әлтай былай дейді: «Балалар поэзиясының бұл тұстағы міндеті – жас оқырманға айналадағы сұлулық пен сұрықсыздықтың, асқақтық пен міскіндіктің, қасірет пен күлкінің ара-жігін ажырата білуге үйрететін, идеялық-эмоциялық әсері жоғары шығармалар ұсыну. Ол үшін өмірде ұшырасатын түрлі құбылыстар бала сезімін, бала қызығушылығын оятатын, шыншылдығымен иландыратын, ізгілік-жақсылыққа деген сенімін нығайтатын көркем бейнелерге

айналуы керек» [2; 19]. Расында да, балаға арналған әдебиет өнердің ең негізгі категорияларын – сұлулық пен сұрықсыздықты, асқақтық пен міскіндікті, қасірет пен күлкіні, жақсылық пен жамандықты образбен бере отырып баланың сана-сезіміне әсер етеді. Әрине, бүлдіршінге арналған туындыда аталмыш категориялар анық айтылмауы да мүмкін. Бірақ өнердің заңдылықтарының аясында жазылған шығармадан жас оқырман өзі ой-қорытынды жасап, тағылым алады. Адамзат өркениеті жақсы мен жаманның мәңгілік күресінен тұрады десек, әдебиет осы күресті көркем бейнемен көрсетеді. Ал бұл – балаға өмір әліппесін үйретіп, ақ пен қараны таныту деген сөз. Ақынның «Жақсы мен жаман» деген өлеңіне назар аударайық:

Қайыр күтпе баладан,
Өз мысығын сабаған.
Кім алдаса анасын,
Оған қалай нанасың [3; 187].

Өлең осылай басталады. Ақын санамақ жанры арқылы баланың бойына моральдық принциптерді сіңіруді көздейді. Оқырманның өзіне құрғақ ақыл айтпайды, тек жақсы мен жаманды суреттеп көрсетеді. Ал одан қорытынды жасап, түйін шығару – бүлдіршіннің еншісіндегі шаруа. Ақын тек жағымсыз қасиеттерді ғана емес, адам бойындағы мақтаулы қасиеттерді де санамалап шығады:

Адал болса досына,
Азаматың осы да.

Күтсе бала әжесін,
Жақсы дейміз дәл осың [3; 187].

Осылайша, ақын оң мен солды, ақ пен қараны қатар суреттей отырып танытуды мақсат тұтады. Педагогикалық тұрғыдан алғанда да, бұл – құптарлық қадам. Өйткені, бала бір тек жақсыны танып, теріс нәрселерден хабардар болмаса, одан сақтанудың жөні мен жүйесін де жете білмек емес. Осы орайда, ақын сөз өнері арқылы бүлдіршіннің түйсігіне ізгілікті еге білген деуге болады.

Қастек Баянбай не жазса да, бала танымына, бала психологиясына лайықтап жазады. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып жазудың оңай емес екені белгілі. Әдеби-көркемдік талаптарды айтпағанда, педагогикалық һәм психологиялық шарттары бар. Осының негізінде балаға лайық мазмұн, балаға лайық түр, балаға лайық тақырып табу да қаламгерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Жас өскін дене тұрғысынан ересектерден кішкентай болғанымен, рух тұрғысынан әлдеқайда таза әрі сезімтал келетіні белгілі. Осы орайда, бала деңгейіне түсу деп айтудан гөрі, баланың деңгейіне көтеріле білу деу әлдеқайда әділ болады деп санаймыз. Ал Қастек Баянбай – балалардың деңгейіне көтеріле білген сирек қаламгердің бірі. Содан да болар, балалар оның шығармаларын сүйіп оқиды. Қастек ақынның шығармаларында балалардың психологиясы боямасыз көрінеді. Ұл балалардың жаңадан келген сыныптасымен шекісіп барып дос болатыны, пішен жинауға барған балалардың бір арба шөп жинағанша бір арба шөпті шашатыны, тәттіге әуес баланың тісін тәтті жеп қойғаны, дегені болмай қалған баланың жылаумен «ақысын» алуы – бәрі де балалар әлемінің ажырағысыз қызықтары. «Ерденнің ерлігі», «Көмек», «Көрген екен», «Сәлім «ғалым» атанбақ», «Шынығу» т.б. өлеңдерінен де баланың алғырлығы мен аңғалдығын, тапқырлығы мен талаптылығын танымыз.

Ақынның басты кейіпкері – бала. Бірақ автордың шығармашылық әлемі

қаншалықты көпқырлы болса, оның кейіпкерлерінің мінез-болмысы да алуан түрлі. Есім-сойы да, мінез-болмысы да бір-біріне ұқсамайды. Ұқсайтыны – бәрі балаға тән албырттық, пәктік, аңғалдық, кешірімділік сынды биік адамгершілік мұраттар иесі. Қастек Баянбайдың шығармаларын оқып отырып еріксіз балалардың психологиясына қанығасыз. Ал балалар өздерін қапысыз таниды. Ақын сол жолда бар мүмкіндікті пайдаланады. Тілді түрлендіріп, ойын элементтерін қолданады, табиғатқа жан бітіріп, таңғажайып суреттер жасайды. Мұның бәрі баланы қызықтырмай қоймайды. Мысалы:

Сары, Күлгін, Жалқын,
Жұлдыздары айқын
Жаздың қоңыр кеші,
Самал ескен салқын [4; 43], –

деп басталатын «Жұлдызшы» өлеңін алайық. Қанат жұлдыз санап жатыр. Жай санап жатқан жоқ, Құс жолы, Темірқазық т.б. сынды ұлттық космогониялық ұғымдармен танысып жатыр. Бірақ жұлдыз санаудың да өз қиындығы бар екен:

Өріс толы төлді
Санағандай болды.
Қойды есебі жүрмей
Жаңылыса берді [4; 44].

Мұның бәрі әсіресе ауыл баласына етене таныс суреттер. Ақын бала өзі білетін, өзі түсінетін дүниелер арқылы аспан әлемін таныстыруды мақсат еткен. Сонымен қатар:

Сөнсе мына Мың от,
Басар жерді түнек!
Көк күмбездей аспан
Қалар еді жүдеп [4; 45], –

деген шумақта көкті күмбезге теңеп, жас оқырманның өзі секілді жүдеп, көңілі түсіп қалатын жаратылысқа теңейді. Ал баланың өзі сияқты жаратылысты тереңірек тануға деген талпынысы күшеймесе, азая қоймасы анық. Ал мына өлеңді балалар поэзиясының озық үлгісіне балауға болады:

Ие керек итке,
Ине керек жіпке,
Икем керек іске,
Иық керек жүкке [1; 5].

Біздің назарымызды ақынның «Бір туралы жыр» деген өлеңі тартты. Ақын бірден онға дейінгі сандарды сөйлетеді. Ең үлкен сан – онның ірі сөйлеуі, құр мақтанға салынуы, содан кейін оған бірдің орынды жауап беруі оқиғаны қыздыра түседі. Содан кейін сандар айтысына біртіндеп басқа сандар да қатыса бастайды. Ең соңында бөлінбейтін, басқа сандарды көбейтіп, арттырып отыратын, берекелі бір саны жеңіп шығады. Балаларға сандардың айтысуы қызық. Жалпы, балалар абстрактілі ұғымдарды түсінуге, қабылдауға қиналады. Ал ұғым-түсініктер ойнақы, көрнекі болса ғана тез сіңіріп алады. Автор абстрактілі сандардың өзін осылай сөйлете білген.

«Он» өзінің көптігін
Білсе керек тек бүгін,
Жауар күндей бұзылып,
Шыға келді кіжініп:
«Самсам тұрған сансыңдар,

Маған жетер қайсың бар?» [5; 314], –
деп басталады аталмыш өлең. «Онды» бәрі қошеметтеп кетеді. Тек «Бір» ғана қарсы шығып, сабасына түсіреді:

Түскендей боп аспаннан,
Жараспайды мастанған.
Тұрған менен былайғы,
Санның бәрі құранды.
Сол себепті оларды
Бөлуге де болады.
Болады алып қосуға,
Осалдығы – осында [5; 315].

Әдетте, ақынның басқа шығармаларында жақсылыққа баулитын үлкен ата болса, аталмыш шығармада оның орнын «Бір» саны басқан. Осылайша, балалар сандардың сайысынан қарапайымдылық, кішіпейілділік, құрмет, адалдық сынды жалпы адамзаттық құндылықты бойына сіңірсе, мақтаншақтық, тәкаппарлық сынды теріс қылықтардан жиреніп өседі.

Қастек Баянбайдың шығармашылығында «Жүз жұмбақ», «Жүз жаңылтпаш» деген топтамасы даралана көрінеді. Мына жаңылтпашына назар аударалық:

Қасқа болсын,
Шақша болсын,
Тақыр болсын,
Бақыр болсын,
Бірақ баста
Ақыл болсын [6; 122].

Тілге жеңіл, ойнақы әрі тамшыдай болса да тәрбиелік мәні бар. Ал мына жаңылтпаш одан да қысқа:

Қаштым қатты-ақ
Ұшты қалпақ,
Балақ сатпақ,
Аяқ батпақ [6; 134].

Мұндай жаңылтпаштардың тәрбиелік мәні күшті екендігі өз алдына, тіл ұстарту қызметі де орасан зор. Бала ойнақы тіркестерді айта отырып бойына құндылық сіңіреді.

Сонымен бірге, Қ.Баянбайдың жұмбақ жанрында да жемісті еңбек еткені белгілі. Оның «Жүз жұмбақ» деп аталатын топтамасынан жұмбақтың небір озық үлгілерін кезіктіруге болады. Мысалы:

Жалғыз жеңі түрулі,
Жұдырығы түюлі.
Ұрып қана түзейді
Қисайғанды,
Қыңырды. (*Балға*) [1; 229].

Я болмаса:

Еңкейіп барып,
Асап алады.
Шалқайып қалып,
Шаша салады. (*Экскаватор*) [1; 231].

Мұның бәрі де баланың қиялын ұштап, таным көкжиегін кеңейте түсетіні анық.

Қастек Баянбай – ертегі жазудың да шебері. Әсіресе, оның «Ұмытшақ ұлу мен қайсар құмырсқа», «Қаңбақ пен салмақ», «Көршілер», «Өжет көжек», «Кірпі қалай ауырды?», «Жалмауыз жайын» деген ертегілері мазмұндық жағынан да, көркемдік-эстетикалық жағынан да көш ілгері тұр. Асылы, ертегінің міндеті – баланы ойландыру, ойландыра отырып өнеге сіңіру. Бірақ ол жұтаң, қарабайыр болмауға тиіс. Біз Қастек Баянбайдың «Жалмауыз жайын» деп аталатын ертегісіне тоқталайық. Бір көлді билеген ала жайынның жайын жаза отырып ақын тойымсыздық, жалқаулық, тәкаппарлық, тоғышарлық қасиеттерді сынап, балаларды кішіпейіл, еңбекқор, жомарт, қанағатшыл болуға баулиды. Теңіз тіршілігін суреттей отырып басшы мен қосшы психологиясын ашып береді. Теңізді билеген жайын әбден азып, жалқаулыққа салынады. Тіпті ақыр-аяғында сөйлеуге де ерініп, мұрты мен құйрығын қимылдатып бұйрық беріп отыратын күйге жетеді. Құйрығын не мұртын қимылдатса болды, бағынышты балықтар келе қалады. Жатып ішер жайын ақыр-аяғында денесін де қозғай алмай қалады. Ең соңында ашкөзденіп жүріп қармаққа ілініп, өз басын өзі жалмайды.

Ала жайын соңғы рет,
Қомағайлық жасады.
Желбезегі желбіреп,
Ақ шабақты асады.

Тамағына түйіліп
Жаңа жұтқан шабағы,
Кеңірдегін суырып,
Сүйреп алып барады.
Жайын тулап келеді,
Тыныс құрғыр тарылды.
Шабақ шығар дегені,
Қармақ болды кәдімгі... [7; 343].

Ақын балаға құрғақ кеңес айтпайды, жоғарыда айтқанымыздай, жақсы мен жаманды суреттей отырып оқырманның өзіне ой-қорытынды жасатады. Осы стильді біз Қастек Баянбайдың басқа да ертегілерінен анық байқаймыз. Мысалы, «Арыстанмен айқас» деп аталатын ертегісінде автор түс көру мотивін қолдана отырып реалды өмірде болуы мүмкін емес құбылыстарды суреттейді. Мысалы, әпкесімен келе жатқан бала алдынан шыққан арыстанды лақтырып жібереді, ал екінші арыстан қорыққанынан баланың аяғынан жалайды. Балалар әдебиетінде болуға тиіс міндетті элементтердің бірі – реалды өмірде болуы мүмкін емес дейтін таңғажайып құбылыстар. Балалар табиғатынан таңғажайып құбылыстарға иланғыш келеді. Ересектердің ойына кіріп те шықпайтын заттар мен құбылыстарды ойлап тауып, кез келген нәрсеге жан бітіріп, тіл бітіріп алуды артық санайды. Осы орайда, «Арыстанмен айқас» ертегісінің сюжеттік желісі бүлдіршін оқырмандарға ерекше қызық болатыны анық.

Балалар әдебиетінің өкілдерін руханияттың таңдаулы тұлғалары деп айтуға болады. Себебі, әдебиеттің де, мәдениеттің де, керек болса, жалпы өмірдің де бастауы балалар әлемінде жатыр. Бала кездегі көрген әлем қаншалықты сапалы болса, ол адамның өмір жолы да бай болмақшы. Бала кезде алған әсер, көрген өнеге, оқыған кітап, тоқыған тағылым – бәрі де адам өмірінің сапасын анықтайтын факторлар. Осы

орайда, біз Қастек Баянбайды таңдаулы туындыларымен бірнеше ұрпақтың өмір сапасын арттырған алып ақын дей аламыз. Алыптығы педагогтығымен де тікелей байланысты. Өйткені, балаларды шын жақсы көрмесе, бүлдіршіндерге лайықтап өлең жазу ісін шебер меңгермесе, ақынның өлеңдерінің поэтикалық қыры қанша күшті болғанмен, балалар жүрегіне соншалықты әсер ете алмайтын еді. Ал ақын «Арғымақ» деп аталатын алғашқы жинағы жарық көргеннен «Ақшам» (2015) деп аталатын кітабы шыққанға дейін үздіксіз ізденісте болды.

Әдебиеттер:

1. Баянбай Қ. Араша: өлеңдер, ертекттер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы: Раритет, 2008. – 256 б. – «Балалар әдебиетінің алтын қоры» сериясы.
2. Әлтай А. Қазақ балалар поэзиясы: генеология, типология, поэтикалық даму. 10.01.02 – қазақ әдебиеті. Филол. ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. диссертация. Астана, 2009.
3. Баянбай Қастек. Таңдамалы шығармалары. 2-том. – Алматы: Хантәңірі, 2017. – 380 б.
4. Баянбай Қ. Кемпірқосақ: таңдамалы шығармалары. Алматы: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2003. – 228 бет.
5. Баянбай Қастек. Таңдамалы шығармалар. 1-том. – Алматы: Хантәңірі, 2017. – 380 б.
6. Баянбай Қ. Асар: өлеңдер мен жаңылтпаштар. «Балалар әдебиеті» баспасы, – 2006. – 144 бет.
7. Баянбай Қ. Таңдамалы шығармалар. 3-том. – Алматы: Хантәңірі, 2017. – 380 б.

АБДРАХМАН АСЫЛБЕК
(1938-2018)

Балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Абдрахман Асылбек 1938 жылы 1 мамырда Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының Тарих-филология факультетін тамамдаған. Әр жылдары мектепте, облыстық, республикалық газеттерде, Қазақ радиосында, «Жазушы», «Жалын» баспаларында және Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеген. 1955 жылы «Бейбітшілік бақшасы», «Жауды аяған жаралы» деген өлеңдері алғаш рет баспасөз бетінде жарияланады. Ал 1961 жылы «Жапырақтар» деп аталатын тұңғыш жинағы басылып шыққан. ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап өмірінің соңына дейінгі 50 жылдық шығармашылық ғұмырнамасында ақынның 40-қа жуық кітабы жарық көрді. Олардың дені балаларға арналған лирикалық шығармалар. Соңғы 30 жылда Абдрахман Асылбектің «Ақ моншақты аруым» (1995), «Шапағат шуағы» (1997), «Балбұлақ» (2000), «Айдай сұлу аруым» (2001), «Әнші бала» (2002), «Сүйеді екем» (2003), «Биназар батыр» (2004), «Байғозы батыр» (2005), «Құранға құрмет» (2007), «Ағынан ақтарылып» (2010), «Балғын балалық» (2015), «Қасиетті Құран – мәңгілік мұраң» (2018) деп аталатын шығармалар жинағы және И.А. Крыловтан аударған «Мысалдары» (2008) жарыққа шықты. Ақын өмірінің соңғы жылдарында діни-рухани тақырыпта көбірек қалам тербеді. Құранды қазақтың қара өлеңімен қайта жырлап шықты. 2007–2008 жылдары «Астана – Бәйтерек» конкурсының жүлдегері атанды.

Абдрахман Асылбек – жан-жақты талант иесі. Ол – әдебиеттің эпикалық, лирикалық және драмалық жанларында қатар қалам тербеген ақын. Өлеңдері, ертегілері мен поэмалары, ойындары мен жұмбақтары, жаңылтпаштары мен аудармалары осының айғағы болса керек. Ол лирикалық шығармаларын ғана емес, эпикалық сарындағы ертегілерін де өлең тілімен, өлең түрінде жазды. Сонымен қатар, Абдрахман Асылбек халыққа ән өлеңдерінің авторы ретінде де кеңінен танымал. Мысалы, жас жұбайлардың әнұранындай болып кеткен «Жар-жар», қасіретті Желтоқсан көтерілісінің ұранындай болған «Желтоқсан желі», миллиондаған халықтың жүрегіне қозғау салған «Бозторғай» әндері о баста Абдрахман ақынның жүрегін жарып шыққан өлеңдер болатын. Жүректен шыққан сөз жүрекке жетіп, халқының жанына медеу болды.

Абдрахман Асылбектің шығармаларын ересектерге арналған туындылар және балаларға арнап жазған көркем шығармалар деп бөліп қарастыруға болады. Дегенмен, ақынның бүлдіршіндерге арнап жазған шығармалары анағұрлым басым түседі. Екі бағыт та қалам иесінен әдеби-поэтикалық заңдылықтарды терең білуді талап еткенмен, балалар әдебиетінің талап-шарттары біршама күрделі екені түсінікті. Балалар әдебиетінің өкілдеріне әдеттегіден екі-үш есе көп жүк түседі. Ал Абдрахман ақын осы ауыр да абыройлы міндетті өз деңгейінде арқалап ғұмыр кешкен классик ақындарымыздың санатына кіреді. Ақынның ересектерге арналған туындылары талдау нысанымызға кірмейтіндіктен, біз оның балаларға арнап жазған көркем шығармаларына тоқталмақпыз. Оның ересектерге арналған шығармаларының дені махаббат лирикасы мен азаматтық лирикаға жатады. Өйткені, ақын қашанда

ішкі сезім-сырын қағазға қондырып, қоғамдағы ірілі-ұсақты өзгерістерге үн қосып, өлеңмен өрнектеп отырған. Ал балаларға арнап жазған шығармалары, негізінен, балабақша жасындағы және бастауыш сынып жасындағы бүлдіршіндерге арналып жазылған көркем туындылар деуге болады. Асылы, баланың жасы қанша кіші болса, оған арнап көркем әдеби туынды жазу да соншалықты қиын, соншалықты күрделі болмақ. Абдрахман ақын осының үдесінен шыға білген. Содан да болар, оның көптеген өлеңдері бастауыш сынып оқушыларының оқулықтары мен оқу құралдарына енген.

Абдрахман Асылбек, ең алдымен, лирик ақын. Әдетте, оның өлеңдерінің лирикалық қаһарманы автордың ұлы болып келеді. Ал ол өз кезегінде жас оқырмандардың да жүрегін қозғайтыны анық. Біз ақынның лирикалық шығармаларына талдау жасағанда, әуелі «Балам туралы баллада» деп аталатын жинағынан бастауды жөн көрдік.

«Балам туралы баллада» жинағында ата-ананың, әсіресе әкенің жүрегін жарып шыққан ыстық сезімдері, ықылас-пейілі, үкілі үміті, арман-мұраты – бәрі көрініс табады. Шап-шағын жинақта әкенің басынан кешетін алуан түрлі сезімдер сөзбен суреттелген. Жинақта ақын Арман деген ұлының тәтті қылықтарын сөз етеді. Өсіп келе жатқан баласының әрбір сәтін бейнелейді.

Ақынның аталмыш жинағы өзінің көркемдік қуатымен ғана емес, сол арқылы қазақтың ұрпақ тәрбиесіндегі принциптерін, дәстүр-салтымыздың ерекшеліктерін көрсете алғанымен де құнды дер едік. Ақын баласының атын неге Арман деп қойғанынан бастап, әр ай сайын жетіліп, өсіп отырған ұлының қылықтарын жырға қосады. Содан кейін есті әке баласына үйретуге тиіс тағылымдарды, шежірені, жеті атасын, жақсы мен жаманды, ең негізгі моральдық принциптерді қарапайым тілмен жеткізе білген. Көбіне-көп балаға арналған өлеңнен гөрі, өсіп-жетіліп келе жатқан баласының бойындағы әрбір өзгеріске таңғалған ақынның ішкі сезімдері мен күйі айқын көрініс тапқан. Мысалы, ақын жаңа туған баласының өсіп келе жатқанын былай суреттейді:

Екі айында күлімдеп,
Жүрегіме от үрдің.
Төрт айында мығым боп,
Төр алдында отырдың [1; 6].

Ақын, осылайша, әр айдағы жаңа қылықтарын шын құштарлықпен жырға қосады. Баласының болашағынан үлкен үміт күтеді:

Әке сірә баласын
Жасық болсын дей ме екен,
Пасық болсын дей ме екен.
Шалқар теңіз айдындай
Ашық болсын дейді екен [1; 7].

Бұл – кез келген ата-ананың ең үлкен тілегі. Өйткені, бауыр-еті баласы, өзінің ізі саналатын ұрпағы өмірінің өзегі секілді. Осыны ақын былай деп көрсетеді:

Сені көрсем көңілдің
Көтерілер түндігі.
Өйткені, өзің өмірдің
Секілдісің кіндігі [1; 27].

Абдрахман ақын үшін бала – тіршіліктің тірегі. Содан да болар, оның көңіліне үміт пен үрей қатар қонақтап, баласының болашағы жөнінде күні-түні толғанады. Тіпті ақын ұлын өзінің жыр жинағына балайды:

Өмірге келіп, жан Арман,
Өмірлік шабыт сыйладың.
Оқыған сайын жаңарған
Өзіңнің жақсы жинағым [1; 8].

Ақын соған дейін жарық көрген онға жуық жыр жинағын ысырып қойып, туған баласын ең жақсы жинағына теңейді. Абдрахман Асылбек баласын осылай жақсы көрмесе, бір жинаққа жүк болатын өлеңдер тумас еді. Өйткені, ақын өлеңді қаламын жүрек-сиясауытына батырып отырып жазады. Онсыз шынайы өлең тумайтыны анық. Балалар ақыны поэзияның ғана емес, педагогиканың да басты принциптерін жетік білуге тиіс десек, педагогиканың басты шарты – баланы жақсы көру. Онсыз жас өскінге оң әсер етіп, бір нәрсе үйрету мүмкін емес. Әйтпесе, әрекетінің бәрі құр әурешілік болып қана шықпақшы. Баласын шын сүйетін ақын ұлы ауырса жүрегі жұлым-жұлым болып қиналады, ал ұлы күлсе әлемнің бар қуаты бір бойына құйылғандай күй кешеді:

Төксе көзің нұр ұшқын,
Мен де төгем жыр ұшқын.
Күлімдесең күн болып
Қайыспайтын құрышпын [1; 9].

Жалпы, балалар әдебиетінде өзінің баласына ғана арнап бір жинақ жазған ақындар некен-саяқ. Ақынның балаға деген қарым-қатынасын мына өлеңінен айқын аңғаруға болады. Ол баланы бауырына басу арқылы бақыт сыйлаймын демейді, қайта балаға жылылық көрсету арқылы бақыт табам дейді:

Бала – өмір, бала – бақыт, бала – гүл,
Бала – көңіл, бала – шабыт, бала – жыр.
Баулып бағып, бауырыңа бас тағы,
Бойындағы бар бақытын ала біл [2; 86].

Бұл өлеңді ақынның шығармашылығының кредосы деуге негіз бар. Өйткені, қайсыбір шығармасын алсаңыз да, балаға деген көзқарасы, ішкі сыры аталмыш өлеңде айтылған принциптерге келіп тоғысады.

Ақын балалардың психологиясын танып, кейбір жағымсыз мінездерді мақтамен бауыздағандай етіп жырлайды. Сондай өлеңдерінің бірі ретінде біз оның «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын шығармасын айта аламыз. Ақын бір іске тұрақтамай, әр нәрсенің басын бір шалатын баланың бейнесі арқылы жас оқырманды табандылыққа, еңбекқорлыққа баулиды:

«Мен, мен едім, мен едім»,
Менменсіген ер едім.
Сегіз қырлы, бір сырлы
Жігіт болсам деп едім [3; 6].

Лирикалық қаһарман осылай бекініп, 10-ға жуық спорт түрімен айналысады. Боксқа да, күреске де, допқа да, шаңғыға да, биіктен секіруге де, ауыр атлетикаға да – бәріне барады. Бірақ бірден жеңімпаз болып кетпейді. Соңында ақын:

Дей алмаймын жарыттым,
Әй, одан да жалықтым.
Сөйтіп жүріп көп күнді
Текке өткізіп алыппын.

Бәрі шебер достардың,
Өзім солай бос қалдым.
Тұрақсыздық сор екен,
Жалқаулықты қоштар кім? [3; 7].

Ақын осылай түйіндейді. Еңбекқор бол, жалқау болма деп ашық ақыл айтпайды. Олай айтса, бала қайта сол істен суып кетуі де мүмкін. Балаға әсер етудің жолдары көп, әрине. Бірақ солардың ішіндегі ең қуатты қару – баланың өз бетімен әрекет етуіне итермелеу. Яғни, сыртқы стимулден емес, ішкі уәждемеден туған әрекеттің ғана ғұмыры ұзақ болмақшы. Балаға «мынаны істе», «мынаны істеме» деген құрғақ ақыл айтқаннан гөрі, өзі сияқты бір баланың басынан кешкен оқиғалар мен сезімдерді көрсете алсаңыз, өзі-ақ сол оң қорытынды шығарып алады.

Ақын, осылайша, балаларды жақсылыққа үйір болып, жамандықтан жиреніп жүруге баулиды. Онысын, жоғарыда айтқанымыздай, ашық айтпайды. Астарлап, емеурінмен, жанамалап айтады. Мұнысы ашық айтқаннан әлдеқайда әсерлі болатыны белгілі. Біз осы принципті көптеген өлеңдерінен байқаймыз. Бәрінде дерлік автор өз ойын шағын сюжетті өлең түрінде жеткізеді. Әдетте, балалар кез келген құндылықты оқиғалық баян (сторителлинг) арқылы жақсы қабылдайды. Құрғақ кеңесті қабылдай бермейді. Ал оқиғада, сюжетте, сторителлингте эмоция да, ой да болады. Оның жарқын мысалын «Жіктеу есімдігі» деген өлеңінен байқаймыз. Ақын қазақ тілінің грамматикалық категорияларын өлеңмен өрнектеп, ұйқаспен ұғындырады:

Мен,
Сен,
Ол,
Інім, таныс бол.
Жіктеліп жүреді,
Бар айыбы сол .
Мен дейді,
Сен дейді,
Бір-біріне сенбейді.
Ол дейді,
Олға көңіл бөлмейді.
Түштеп келгенде,
Тірліктері өнбейді.
Біз,
Сіз,
Олар,
Көпке таныс болар.
Қимылына қарасаң,
Көңілің толар.
Біз дейді,
Сіз дейді,
Бірлігін үзбейді.
Бір нәрсе іздесе,
Бірігіп іздейді [4; 26].

Әдетте, абстрактілі ұғымдарды балалар бірден қабылдай алмайды. Ал енді қарапайым грамматикалық ұғымдардың өзіне жан бітіріп, сол арқылы бірлік пен ынтымаққа шақыру дегеніңіз ақынның шеберлігінің көрсеткіші бола алады. Осы стильмен ақын сөз таптарына да түсініктеме береді.

Абдрахман Асылбектің «Балалар үйіндегі баланың арманы» деген монологі оқырманды бейжай қалдырмайды. Балалар үйіне түскен баланың мұң-шерін, арман-мұратын дәл суреттей алған. Бәрін жетім баланың өз аузына салып суреттейді:

Әлде, бірден асқанмын,
Әлде, екі жастамын.
Шыға келдім шырылдап,
Құшағынан басқаның [5; 136].

Осылайша, «жұмбақ жайға тап болған» бала «мүлдем бөтен баспанаға», өзіндей жас балалардың ортасына түседі. Тірідей жетім қалған бала бір-ақ нәрсе іздейді, бір-ақ нәрсені армандайды – өз ата-анасын көргісі келеді...

Болса туған анашым,
Аймаласа баласын.
Болмас еді өмірде,
Одан артық жан асыл.

Болса туған әкешім,
Әке деген – шат есім.
Тәрбиелеп баласын,
Берер еді мәпесін [5; 140].

Оқырманның жүрегін қозғайтын өлең. Асылы, өнердің басты мақсұты – адамның жүрегін қозғау салып, жанын ізгілендіру. Асқар Сүлейменовше айтқанда, «жүректің соғысы – физиология, ал жүректің не қуаныштан, не үрейден барып бас алатын лүпілі – эстетика, өнер, өмірге бергісіз қайран сөз» [6]. Абдрахман Асылбектің «Балалар үйіндегі баланың арманын» оқыған адам еріксіз өнердің құдіретіне бас иеді. Өзі де сол баланың қасында отырғандай күй кешіп, шын ниетімен тілекші болады. Қайғысына ортақтасып, бір қажетіне жарағысы келіп тұрады. Бұл – өнердің құдіреті.

Ақынның көпке белгілі, көркемдік қуаты күшті өлеңдері аз емес. Олардың біразы ән болып та ел ішіне кеңінен таралған. Мысалы, «Әдептілік әліппесі» деп аталатын өлеңі өзінің поэтикалық һәм моральдық-этикалық құндылығымен оқырманға ой салады. Ақын, әдеттегідей, жақсылықтың жаршысы, рухани көсем ролін атасына береді. Жол көрсетуші, жол нұсқаушы – ата бейнесі.

Атам менің әманда
Мейірімді бол деген.
Ақыл сөзі санамда –
Жасы үлкенге жол берем [7; 11].

Атам менің әманда
Бол дейтұғын бауырмал.
Мынау байтақ ғаламда
Қаншама дос, бауыр бар [7; 11].

Ақын тілге жеңіл, ойнақы тармақтармен бала бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіреді. Кейін аталмыш өлеңге М.Әубәкіров ән шығарып, жалпы халыққа таралғаны мәлім. Дегенмен, ән түріндегі нұсқасы біршама қысқарғанын байқадық [5; 219].

Абдрахман Асылбек – тақырыптық әліппе өлеңдердің де шебері. «Алфавитті танып ал» деген сериямен шыққан өлеңдер топтамасы осының дәлелі болса керек. Ақын «Қанатта қатар» топтамасында әр әріпке бір-бір құсты мысалға келтіре отырып сипаттаса, «Аңдар алфавитінде» аңдарды, «Жасыл жапырақтарда» өсімдік атауларын суреттейді. «А» әрпінен басталатын қос қатарларды мысалға келтірейік:

Аққу құстың төресі,
Ақ ұлпадай денесі [4; 32].

(«Қанатты қатарлар»)

Аң патшасы арыстан,
Аюмен де алысқан [4; 34].

(«Аңдар алфавиті»)

Алматының аймағы
Алмасымен жайнады [4; 36].

(«Жасыл жапырақтар»)

Бір қарағанда, тым қарапайым қатарлар болып көрінгенмен, бала танымына лайықты, бала талғамына сай туындылар деуге негіз бар. Бала бір топтаманы оқып шыққанда әріптер әлемімен ғана танысып шықпайды, сонымен қатар, белгілі бір тақырып бойынша да жалпылама ақпарат алып шығады.

А. Асылбектің баланың танымын кеңейтіп, өмірлік қағидаларды үйретуге арналған кезекті туындысы «Байқа, балақай» деп аталады. Аталмыш еңбегі басқа жинақтарына ұқсамайды. Ақын бұл кітабында балғын балақайларға жол жүру ережелерін үйретуді мақсат еткен. Балалар кітаптан бағдаршамды, транспорт түрлерін, жолдағы таңба-белгілерді танып біледі. Жинақ балаларға ғана емес, тәрбиешілерге, ата-аналар мен мұғалімдерге де таптырмас құрал бола алады. Жол жүру ережелері туралы ойындар, қысқа әңгімелер, ертегілер, жұмбақтар – бәрі де бір мақсатқа жұмылдырылған.

Абдрахман Асылбектің шығармашылық мұрасының елеулі бөлігін оның балаларға арналған ертегілері құрайды. Ақын қысқа сюжетті ертегілердің оқиғалық желісін өлеңмен өрбітіп, шығарма соңын тағылыммен түюге машықтанған. Ол кейде 1 шумақ, кейде 2 тармақ болып шығады. Бірақ сюжеттің нүктесі сол жерде қойылады. Мысалы, «Ақымақ қасқыр» деген өлеңмен жазылған ертегісін алайық. Қысқаша фабуласы мынадай: қасқыр көжеккі ұстап алып жей бергенде, көжек өзін жемеуін өтініп, ана қырда қоян бар дейді. Қоянға барса, ол қозыға, қозы – қошқарға, қошқар – құлынға, құлын айғырға сілтейді. Қомағай қасқыр айғырға келіп жеймін дегенде, айғыр тұяғыма қолтаңбанды қалдыршы деп сұрайды.

Қасқыр мұны мақұлдап,
Артқы аяққа жақындап
Барған шақта,
Шекеге
Бір-ақ теуіп қатырды ат [8; 12].

Шығарманың ең нәрлі тұсы да осы шумақта жатыр. Динамикалық сипатта дамып келген сюжеттік желі соңғы шумаққа барғанда бір-ақ тоқтайды. Оған дейін оқырман енді не болады екен деген ойдың жетегінде отырады. Ақын, осылайша, барға қанағат етуді, адалдықты, тапқырлықты ұлықтап, тойымсыздықты, жалқаулықты, ашкөздікті сынға алады. Осы секілді аллегориялық ертегілердің неше түрлі үлгілерін Абдрахман Асылбек шығармашылығынан көптеп кездестіруге болады. Мысалы, «Сикырлы сыбызғы» жинағына енген ертегілердің ішінде «Тәкаппар тышқан», «Қу Қоян», «Көжек пен тиінтай», «Қотыр торғай», «Аңқау апай, қу Қасқыр және Шал» т.б. ертегілерінің көркемдік, тағылымдық салмағы күшті дер едік. Бәрі де жануарлар туралы болғанымен, адам бойындағы әртүрлі жағымсыз мінездерді мінеуге, түзеуге бағытталған туындылар болып саналады.

Ақынның «Ағаштардың айтысы» деген ертегісінің жөні бөлек. Бір күні ормандағы ағаш біткен айтыс-тартысқа түсіп, бәрі өзінің мықтылығын айтып, өз алдына жеке-дара бөлініп кетуге бекінеді. Терек – кең далаға, қарағай – шың басына, қайың – қыр басына, жөке – алқапқа, шырша жалпақ жонға кетем дейді. Оған емен, тобылғы, шілік т.б. қосыла кетеді. Сонда көпті көрген тораңғы келіп, бәріне басу айтып, бірлікке шақырады.

Тоқсан түрің бірігіп,
Бір ұяға кірігіп,
Орман болып тұрсындар,
Танытып шын ірілік [8; 50].

Ормандағы ағаштарға басқа емес, жапанда жалғыз өсетін тораңғының келіп ақыл айтқаны нанымды шыққан. Ол дауылдарда бір өзі қасірет көргенін айтып шағымданғанда ағаш біткен райынан қайтып, есін жияды.

А. Асылбектің «Кіп-кішкентай тышқанның таңғажайып ерліктері туралы ертегі» деген ертегісін де шебер жазылған шығармалар қатарына қоса аламыз.

Кіп-кішкентай Тышқан,
Іші әбден пысқан.
Жолға шықты,
Ерлік
Жасамақ бір тұстан [9; 8], –

деп басталатын өлең-ертегі градациялық сипатта үздіксіз дамып, оқиға желісі күшейген үстіне күшейе береді. Бұл да әрнеге бір назар аударғыш балалардың зейінін ұстап тұру үшін жасалған қадам деп топшыладық. Тышқан әуелі көлге түседі, тауға барып, алысып жатқан аюларды ажыратады. Сөйтіп, үлкен ерлік істерді істегенін айтып әжесіне келіп айтқанда, әжесі оның бәрін басқаша түсіндіреді. Көл дегені – қақтағы су, тау дегені – шөптің түбірі, аю дегені шіркей мен шыбын болып шығады. Өлең:

Кіп-кішкентай мықты
Қателігін ұқты.
Мақтаншақтық деген
Теріс екен тіпті [9; 12], –

деп аяқталады. Әдетте, бала, жоғарыда айтқанымыздай, кез келген ұғым-түсінікті жанды кейіпте, оқиғалық баянмен, жеңіл әрі ойнақы түрде қабылдағанды артық көреді. Осы тұрғыдан алғанда, Абдрахман Асылбектің ертегілері балалар әдебиетінің талап-шарттарына толық сай деуге болады. Абдрахман Асылбектің қай ертегісін

алсақ та, сюжеті қысқа, тілі қарапайым, 7-8 буынды және ойнақы тіркестерге құрылғанын байқаймыз. Әрбір ертегісі өнегелі, тағылымды оймен аяқталады. Кейде оны автор ашық айтса, кейде оқырманның еншісіне қалдырады. Ақынның «Ерден атайдың ертегілері» деп аталатын жинағының беташарындай болып тұрған мына өлеңі оның ертегілерінің табиғатын толық ашып тұрғандай:

Түрлі-түрлі ертегі,
Тұла бойды ерітеді.
Ертеде өткен ерлердің,
Ерлік ісін шертеді [9; 5].

Ақынның ертегілері «ертеде өткен ерлердің» де, жан-жануарлар мен өсімдіктердің де әлемінен хабардар етіп, тағылым сыйлайды. Аталмыш өлеңі кезінде ән болып, әйгілі әнші Роза Бағланованың орындауында күллі қазақтың құлағына жеткен болатын.

Абдрахман Асылбек сатира жанрында да жемісті еңбек етті. Біз автордың 2011 жылы жарық көрген «Ұр, тоқпақ» деп аталатын жинағын қолымызға алдық. Бұл жинақтың бір ерекшелігі, ақынның шығармашылық ғұмырында жазған сатиралық шығармаларының дені топтастырылған. Бұған дейін ақынның «Туысыңды таптың ба?» (1976), «Сауысқанның сәлемі» (1986) деп аталатын сатиралық жинақтары жарық көрген болатын. Ал «Ұр, тоқпақта» бұған дейінгі сатиралық шығармалары ғана емес, кейінгі жылдарда жазылған туындылары да қамтылған. А. Асылбек сатираның бірнеше жанрында қалам тербеген. Аталмыш жинағына пародиялары, әзіл-сықақтары, көріністері мен мысалдары енген. Дегенмен, жинаққа енген шығармалардың бәрін біз балалар әдебиетінің туындылары дей алмаймыз. Өйткені, жекелеген тұлғаларға, замандастарына арналған пародиядан бастап, қоғамдық-саяси оқиғаларға деген ақынның өткір сын-көзқарасы көрініс тапқан туындылары да аз емес. Дегенмен, жинақта балаларға лайық туындылары аз емес. Әсіресе, ақынның мысал жанрындағы сатиралық туындылары кемшілік атаулыны келеке етіп, сын тезіне алуымен де құнды дер едік. Жас оқырманды, жасөспірім оқушыларды жақсылыққа баулуда мысал жанрының атқарар қызметі орасан зор. Балалар әдетте хайуанаттар туралы оқиғалық мысалдарды жақсы қабылдайды. Мысалы, «Қарғаның кеңесі» деп аталатын мысалын алайық. Қырғиға қарға аға боп ақыл айтып, торғай кумай, қасқырдың соңынан түс деп кеңес береді. Сонда қырғи профессор қыраннан дәріс тыңдағанын, күшің жетпейтін нәрсеге ұмтылма деп айтқанын жеткізеді. Ақын мысалдың түйінін:

Танып алмай маңайды,
Кейбіреулер тәкаппарсып қарайды,
Басқаларды білімсіз деп санайды, – деп аяқтайды [10; 20].

Ал «Меңгеруші қоян» деген мысалында тамыр-таныстың қолдауымен бастық болған қоян қол астындағыларға сөзін өткізе алмай қор болады. Ит, түлкі, аюлар өз бетімен кетіп қалады. Шарасыз қоянның мысалын келтіре отырып ақын:

Ұқ мысалдың мәнісін,
Болса да мың танысың,
Қолдан келмес билікке
Қоян болып килікпе [10; 73], –

деп түйіндейді. «Тәкаппар теректегі» дос-жаранын көзге де ілмей, тәкаппарлыққа салынған теректі ақыр-аяғында дауыл жұлып әкетеді:

Менменсіген Терекке

Сондай жаза керек те [10; 89], –

деп аяқталады өлең. Бала мысал өлеңдерді оқып отырып ақ-адал кейіпкерлерге болысып, озбыр, тойымсыз, тәкаппар, мақтаншақ кейіпкерлерге жирене қарайды. Өзі де жақсылыққа қарай бет бұрып, жамандықтан теріс бұрылады. Асылы, балалар әдебиетінің ең негізгі міндеті осы болса керек.

Әдебиеттер:

1. Асылбеков А. Балам туралы баллада. Шағын дастандар. «Жазушы» баспасы, Алматы. – 1970 жыл. 77 бет.
2. Асылбеков А. Әлемге үні тараған. Шағын дастандар мен балладалар. «Жазушы» баспасы, Алматы. – 1971 жыл.
3. Асылбеков А. Түрлі-түрлі бала бар. Өлеңдер. «Жазушы» баспасы, Алматы. – 1974 жыл.
4. Асылбеков А. Ғажап бала. Ертегілер, аңыздар. «Жазушы» баспасы, Алматы. – 1969 жыл.
5. Асылбек А. Балғын балалық: өлеңдер, жұмбақтар, ойындар, ертегілер, мектеп сахнасына арналған шығармалар, ән мәтіндері. Алматы, «Балалар әдебиеті»: 2015. – 240 б.
6. Асқар Сүлейменов. Жастар сыналсын, бірақ сойыл жемесін. Жарық көрмеген жазбалардан. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/2814>
7. Асылбеков А. Ақ тілек. Өлеңдер, жұмбақтар, ертегілер. «Жалын» баспасы, Алматы. – 1985 жыл.
8. Асылбеков А. Сиқырлы сыбызғы. Ертегілер. «Жалын» баспасы, Алматы. – 1988 жыл.
9. Асылбеков А. Ерден атайдың ертегілері. «Мектеп» баспасы, Алматы. – 1980 жыл.
10. Асылбек А. Ұр, Токпақ! Мысалдар, сатиралық өлеңдер, қилы көріністер, пародиялар. Астана: Нұра-Астана, 2011. – 288 бет.

ТҰРДАҚЫН ЖЕКСЕНБАЙ (1938 жылы туған)

Тұрдақын Жексенбай 1938 жылы Қытайдың Іле аймағы, Текес ауданы, Шолақмыс деген елді мекенде туған.

1956 жылы Ахметжан Қасыми атындағы Құлжа педучилищесін бітірген соң, 1956–1961 жылдары сол училищеде тіл-әдебиет пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. 1961–1962 жылдары Алматы облысы, Ұйғыр ауданындағы Қырғызсай орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарып, 1968 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған.

1968 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, 1968–1997 жылдары «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында қызмет етіп, 1997–2006 жылдары «Атамұра» корпорациясында қазақ тіліндегі әдебиеттер редакциясын басқарған. 2006 жылдан еркін шығармашылық жұмыста.

Құлжа қаласындағы педагогикалық училищені тамамдаған соң, еңбек жолын сол шаңырақта ұстаздықтан бастаған ол балалар мен жеткіншектер психологиясын зерттей жүріп, олардың ұғымына, талабына сай көркем шығармалар жазды. Жазушының балаларға арналған «Аялы алақан», «Тау хикаялары», «Түлкі мен қоян», «Бүркіт», «Қоңыр қонжық», «Әліпби әңгімелері» сияқты прозалық кітаптары бар. Сонымен бірге, «Арманай», «Сарбұлағым», «Алатауым» атты әндердің авторы ретінде танымал.

Осы еңбектері үшін Қазақстан Республикасының үздік баспагері атанды. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен және медальдарымен марапатталған [1].

Жазушының тұңғыш әңгімелер жинағы «Азулылар айқасы» 1985 жылы жарық көрді. Сол уақыттан бері шығармашылықпен айналысып жүрген жазушының этнографиялық бояуы қалың шығармаларының дені аңшылық, саятшылық, құсбегілік төңірегінде болып келеді.

«Қарашегір», «Саятта», «Жекпе-жек», «Түз бүркіт», «Екі бүркіт», «Ұябасар», «Жетім балапан», «Аңшының баласы», «Бүркіттауға барғанда» әңгімелерінің барлығына саятшылық, құсбегілік өнері негіз болған. Үш бөлімнен тұратын «Қарашегір» әңгімесінде Сейіт бүркітшінің Қарашегірді қалай баптап аңға салғаны, оның кейінгі өмірі қызықты баяндалған.

Әңгіме «Кеш түскен қыстың басы еді. Бұл өңірде әлі де жер қара болатын. Іңірде ұшқындай бастаған алғашқы қар тобықтан ғана жауып, таң ата басылған» деп басталады [2; 234]. Бүркітші Сейіт Қарашегір бүркітін баптап, осындай сонарды күтіп жүрген болатын. Ол таң ата далаға шықса, үп еткен жел жоқ, тымық екен. Ол бесінші сыныпта оқитын Серік деген баласын оятып, екеуі Бұғытының Ілеге қараған бетіндегі Қызылдың қырқасына қансонарға шығады.

Қырағы көз бүркітші жаңа түскен ізді көріп, баласына сыбырлай сөйледі: «Балам, мынау бір қасқырдай үлкен түлкінің ізі екен. Шығысқа қарай кетіпті. Өткеніне көп бола қоймаған. Не бір жерге тығылды, не тауға тартып бара жатыр. Сен осы ізге түс. Мен мына қырға шығып тосайын» [2; 234]. Сейіт атының басын жоғары бұрып, қырға қарай өрлегенде, Серік қырқаны етектей жүріп ізге түседі. Әкелі-балалы екеуі ізге түсіп түлкінің үстінен түседі.

Қарашегір қасқырдай үлкен түлкіні алғанмен, түлкі оның басты саусағы тегеурінін шайнап жұлып алады. Тегеурін болмаса түлкі сияқты ірі аңдарды алуы екі талай. Енді оны шіл, кекілік, суыр, қоян сияқтыларға ғана салуға тура келеді. Жеңіл-желпі аң мен құсты бір аяқпен-ақ алуға болады. Әңгіменің бірінші бөліміне Қарашегірдің түлкі алуы, оның мертігуі, Сейіттің Қарашегірді емдеуі, жарасының жазылуы, құстың қайта түлеп бабына келуі, Қарашегірді босатуы арқау болған.

Бүркітші бір кезде тор құрып, түзден ұстап алған Қарашегір құсын жеті жылдан кейін босатып, томағасы мен бауларын шешіп еркіндікке жібереді. Бүркіт жарысында талай-талай бәйге алып берген қимас досына Сейіт ризашылығын білдіріп, оған еркіндік берді. Адал дос болған бүркітіне бұдан артық қамқорлық жоқ екенін білген бүркітші: «Мен саған еркіндік сыйлаймын! Еркіндігің құтты болсын! Қош, аман бол, достым!» деп ұшырып жібереді.

Екінші бөлімде өз бүркіті болмаған соң, басқалардың бүркіттерін баптауға көмектесіп жүріп, көңілі қоңылтақсыған ол «Қарашегірдей бір қыран ұстасам» деп ойлайды. Бір күні Нарынқолдың Қошақар дейтін ауылында тұратын немере інісі темір қанаттан жаңа-жаңа қара қанатқа айналып келе жатқан қара ала балапан әкеліп береді. Дене тұрқының кішілігіне қарағанда «Расында қасқыр алатындай қожыр аяқ, талтақ бұт, ірі құс болатындай емес. Түлкі, қарсақ, қоян сияқты аңдарға шамасы жететін орташа ғана бүркіт болатын түрі бар. Қыран болса, жүректі болса, ол да жаман емес». Кәнігі бүркітші балапанды бірден тани кетеді. Қолға үйренген балапанды, көзден тасалау ұстап бағып-күте бастайды. Жайлаудан ауылға баратын төте жолға түскен ол тау қиясынан бүркіт ұясын көріп, жоғары өрлеп ұяда үлкен қара қанат балапанның жатқанын көреді. «Ұяның асты – биіктігі жарты арқан бойындай керегетас, ал үсті – биіктігі сырық бойындай ғана түндік тас» екеніне қарап отырып, соған өрмелеп шыққан бүркітшінің ептілігіне, құсты жазбай танитынына тәнті боласың. Екі бірдей бүркітті бірге ұстауға болмайтынын білген ол келесі күні үйдегі балапанды ұядағы ірі балапанға айырбастап алады. Бұл тарауда бүркітшінің қара қанат балапанды алуы, оны баптауы, екі балапанды ауыстырып алуы негіз болған.

Үшінші бөлімде ұядағы балапан қолды болып кеткен кезде шарқ ұрып шаңқылдап жүрген Қарашегірге тап болады. Ұядағы кішкентай балапаны да қолды болып кеткенін білген бүркітші оны аяп үйдегі өз балапанын ұяға салып кетеді. Баласы екеуі балапанды Қарашегірге беруді ақылдаса келіп: «Дұрыс айттың, балам. Сен маған қандай бала болсаң, бұл да Қарашегірге сондай бала. Құдай әркімді өз баласынан айырмасын!» – деп шешеді.

Сейіт бүркітшінің тірлігінен қыран бүркітті баптаудың оңай еместігін көрсек, Серік – әке тәлімін алып өсіп келе жатқан бала. Алдағы уақытта балапан қорқып қалмасын деп дауыс көтермей ақырын сөйлеу, жарқырағаннан қорқатын болғандықтан көзіне тіке қарамау, үркітіп алмау үшін қатты қимыл жасамау керектігін оқырмандар да білетін болады. Құс баптаудың, күтудің де өз қиындығы бар. Саятшылық, аңшылық, құсбегілік өнерлер – атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыз болса, сол құндылықтарды келер ұрпаққа аманаттап жеткізіп жүрген Сейіт бүркітшінің тіршілігі нанымды суреттелген.

«Саятта» әңгімесінде қаланың у-шуынан аулақта, таза ауа, тума табиғат аясында бірер күн саят құрып қайтпақшы болған жігіттер атақты Байжүніс құсбегінің үлкен баласы, белгілі бүркітші Сейітжанның үйіне түседі. Үй иелері қонақтарының қай

күні келетінін білгендіктен сол маңайдағы құсбегі жігіттерді шақырып қойған екен. Оларды жазушы былай таныстырады: «Толықша келген, орта бойлы, жылы жүзді байсалды кісі Әбен деген бүркітші ағамыз екен. Ана жылы Алматы қаласында өткен қырандар бәйгесінде бұл кісінің бүркіті қасқыр алыпты. Екінші тұрған қагілездеу, жұқалтаң кісі Шұғай деген бүркітші екен. Одан кейінгі батыр тұлғалы, бойшаң жігіттің аты Мұрапбай болды. Ол бүркітшілікті енді-енді үйреніп, Сейітжанның бір бүркітін аңға салып жүріпті. Ал ендігі қалған жастау екі жігіт Сейітжанның Айтжан, Жамбыл деген інілері екен» [2; 251-252]. Қаладан келгендердің сұрақтары арқылы құсбегіліктің қыры мен сырын ашуды көздеген автор қолбала мен түз бүркітінің айырмашылығына тоқталады. Қолбала балапан кезінен қолда үйретілсе, түз бүркіті түзде, еркіндікте жүрген жерінен қолға алынып үйретілетіні оқырман үшін де қызықты. Сол сияқты салбурын мен саятшылықтың айырмашылығы да қызғылықты баяндалған. Салбурынның саятшылықтан айырмасы – мұнда бірталай бүркітшінің қауымдасып, аң-құсы қалың, онаша бір жерге барып бірнеше күндеп, тіпті апталап жатып аң аулауы. Салбурынға әнші-күйшілердің де бірге барып, күндіз аң аулап, кешке әңгіме-дүкен құрып, ән айтып, күй тындап демалуына қарағанда, бұл – саятшылықтың үлкені.

Бір топ бүркітшінің саятшылығына куә болып, өздеріне сыйлаған тірі түлкіні қалаға алып қайтқандардың әңгімелері арқылы өрбіген оқиға қызықты баяндалған. Қалаға алып келіп, темір торға қамап қойған түлкі екінші күні тордың іргесін қазып қашып кеткенінен түз тағысын қолға үйретуге болмайтынын көреміз.

«Жекпе-жек» әңгімесінде Байжүністің Сарышолақ бүркіті ұстаған қызыл түлкіні Ақжолтай жиенінің қанжығасына байлайды. Жазушы «Бір бала» өлеңіндегі «Бала бүркіт түлкіден аянбайды» деген жолдарын түсіндіре отырып, айлалы түлкінің бала бүркіттерге ұстата қоймайтынын, түлкі жеп кеткен бүркіттің қауырсындарына қарап отырып түсіндіреді. Тастың үстінде отырған түлкіге бар екпінімен түскен бала бүркіттің тасқа соғылып өлгені айлалы түлкінің қулығын еске салады. Автор жекпе-жекте кімнің айласы мол болса, сол жеңетінін өлген бүркіт пен Сарышолақтың тырнағынан құтылмаған түлкі арқылы түсіндіреді.

«Түз бүркіті» әңгімесінде Шошанай ауылындағы белгілі аңшы Өтеуілдің бүркітші де қақпаншы екенін еске салады. Аңшының бүркіті бір жылда отыз түлкі, екі елік, бір қасқыр алады. Түз бүркітін кезінде Сарыиық екеуі түлкіге таласып қалып, түлкіні сарыиық басқанда бұл ызалы қарап отырған болатын. Соны пайдалаған бүркітші Сарыиықтың аяғына биялай байлап қайта ұшырғанда түз бүркіті оған қайта ұмтылып, екеуі ұмар-жұмар жерге түседі. Саусақтары айқасып, шеңгелдесіп қалған екеуін ажыратып алған соң, түз бүркітін үйге әкеліп баптаған. Сарышолақ – сол – түз тағысы. Бүркітшінің айтуына қарағанда, балапанынан баулыса да, кейін есейіп қалғанда қолға баулыса да, олардың бір-бірінен айырмасы жоқ тәрізді.

«Екі бүркіт» әңгімесінде ұябасар мен шәулі бүркіттің қатарласып ұшып жүргеніне, ұябасар Тұрарбектің тұзағына түсіп қалған соң шәулісінің оған ұлар әкеп бергеніне қарап отырып, құс екеш құс та бір-бірін аялайтынына куә боламыз. Белгілі құсбегі Байжүніс ақсақалға інісі бүркітімді баулып-баптап бер деп қолқа салғанда, ол бүркітті қаладым деп сұрап алып, көзінше ұшырып жібереді. Ағасының әпенділігіне түсінбеген Тұрарбекке былай деп жауап береді: «Е-е, батыр-ай, бұл оның обалына қалмайық дегенім ғой. Бүркіттің ішінде жұмыртқасы бар екен. Оны қолда тұрып туа алмайды, жұмыртқа іште шіриді. Осылай қоя бермесек, ол екі көзі

қызарып, жүні үрпиіп ауырып өлер еді. Міне, қоя бердік, енді одан өлмейтін болды. Біраз күннен кейін ұяларын жөндеп, ұрпақ қамына кіріседі. Жұмыртқа басады, балапан шығарады» [2; 281].

Байжүніс ақсақал сияқты белгілі құсбегілер болмаса, бүркітті баптауды екінің бірі білмейтіні рас. Байжүністің осы әңгімесінен құсбегіліктің көпшілік біле бермейтін сырларын ұғынамыз.

«Ұябасар» әңгімесінде зәулім жалама жартастың ортасындағы «Төбесі – қалың арша, Асты – бұта, қорымтас. Екі жағынан ештеңе де келе алмайды» дегеніне қарап, бүркіттің ұяны тік жартастың басына салатынын аңғарамыз. Аң-құстың аяғы жетпейтін жерге адамдар арқанмен түсіп балапандарына тыныштық бермейтіні өкінішті. Текестің Шолақмыс деген жерінде қой бағып жүрген бала бүркіттің елікті алып келгенін көрген бала оны айтқанда, Иманәлі қария ұяға түсуге Сәрсенбекті әкесінен сұрап алады. Бүркітсандықтан алған балапанды анасынан айырмас үшін қария оны елден ұзақтау жерге байлап қояды. Қашан жетілгенше бүркіт балапанын өзі асырады. Екі иығында жас баланың алақанындай екі ағы болғандықтан оны «Ақиық» деп атағанын, кейін ол қасқыр алатын атақты қыран болғанын айтады.

«Жетім балапан» әңгімесінің оқиғасы Екіаша жайлауында өтеді. Үстіңгі жағы қожырқайланып келген құз жартастың орта тұсындағы ұядан алған жетім балапанның оқиғасы да қызғылықты баяндалған. Оның шәулісі ауыл маңындағы түлкіге түскенде, түлкі сытылып шығып итке таланса, ұябасары балапанына тамақ тасимын деп жүріп тұзаққа түсіп өлген. Мұны білген ол ұядағы балапан аштан өлмесін деп, қармақсапқа тұзақ байлап ебін тауып алып шығады. Жас балапанға жас ет керек болған соң, Американың ақ бас бүркіті балық жеп, балапанын балықпен асырайтыны есіне түсіп, оған өзеннен балық ұстап береді. Осылай жүргенде қара ала балапан қара балапанға айналып, қанат-құйрық, тұмсық-тырнақтары да кәдімгідей жетіліп үлкейді. Мейірбек шіл, кекілік, қоян, түлкі, суыр сияқты аң-құстарды көрсете жүріп, балапаны ұшатын күйге жеткен соң, күз түсіп жайлаудан көшкенде ұясының жанына апарып «Ал, жануар! Алдыңнан жарылқасын! Аман бол!» деп ұшырып жібереді.

«Аңшының баласы» әңгімесі Аспантау өңірінде Жомарт деген атақты аңшының баласы басынан өткерген оқиғаға құрылған. Жомарт жалғыз баласы Аманды кішкентайынан қасына ертіп жүріп, аңшылық кәсіпке баулиды. Аман он бір жасқа келгенде әкесі Қоңыржон жайлауына қонған. Жайлауға қонған күннің ертеңіне артына баласын мінгестіріп Беріктас жаққа қақпан құрып қайтқан. Үлкен кісілердің айтуына қарағанда, бурадай буырқанып жататын Беріктас – адам баласы кіріп көрмеген құз шатқал. Олардың: «Сол жартастардың бірінде бір алып бүркіттің ұясы бар, оның шәңкілдетіп балапан ертіп жүргенін талай рет көрдік» деп айтуына қарағанда, ол шатқалға бару да қауіпті болса керек.

Келесі күні әкесінің тапсырмасымен қақпанды көре келген бала мына көріністі көріп аузы ашылып қалды: «Әлгі жер элем-тапырақ: шөп жұлынған, топырақ шашылған, қасындағы бұталар да сынған. Қақпан бір жерде, оның киіз қақпағы бір жерде жатыр» [2; 304]. Мұндай сұмдықты көрген бала «Кісікіік деген болады деуші еді, қақпанға сол түскен шығар. Ол бір жерде тығылып тұрып, мені ұстап алмасын» деп, қақпанды алуға қорқып, бұл жерден тез кетуге, атына жетуге асықты. Бірақ атына жетпей жатып: «баланың орманнан ашыққа шыққаны сол еді, гуілге гуіл қосыла келіп, бір пәрменді күш жауырыннан сарт еткізе ұстады да, іліп алып жөнелді!» [2; 304].

Бақыруға да шамасы келмеген баланы бүріп алған құс гу-гу етіп, биіктеп ұшып бара жатты. Бүркіттің құз-жартастың арасымен өрлеп бара жатқанын көрген бала «Тастап жіберсе не болам!?» деп зәресі ұшты. Жартастағы ұяға жеткен бүркіт «олжасын» балаларына тастай салып, өзі шетке шығып отырды. Баланың жерден басын көтеруге мұршасы жоқ, бүк түсіп жатып, жан-жағына сығалап қарады. Бүркіт орақтай тұмсығымен таранып отырғанда, ұяға жақындаған бөтен бүркітті өз мекенінен қуу үшін солай ұша жөнелді. Ол кеткен соң басын көтерген бала ұяда екі бірдей қара ала балапанның отырғанын көрді. «Бала енді жанталаса жан-жағына қаранып, жартастан түсетін жол іздей бастады. Бұл жер ұзынша келген текше екен. Ұя тұрған жағы – үй орнындай кең де кемешті қуыс» [2; 305]. Үш арқан бойындай тіп-тік жалама жартастан түсетін жер жоғын көзімен көрген бала үлкен бүркіт жоқта тасаланатын жер іздеп тасжарғанның түбіне тығылып, тарбиған бұтақтарын ұядан алған нәрселерімен бітеп тастады. «Көкем мені тауып, құтқарып алады» деп үміттенген бала аштан-аш екі-үш күн жатқан соң, өз қамын өзі ойлауға кірісті. Қаталап шөлдеп жатқанда жаңбыр жауып, соның суын бір шұңқырға жинап ауыз судың қамын жасады. Үшінші күні балапандардан қалған қызыл еліктің екі қол етін сүйреп келіп талғажау қылды, оның терісінен арқан жасап, тұзақ құрды. Бүркіт етке келіп, тұзақтың ортасын басқан сәтте бала оны тартып қалып тұзаққа түсті. Шошынған бүркіт ұша жөнелгенде астында бала салбырап бала жатты.

Баланың өмір мен өлім үшін күресі оның әрекеттерінен анық байқалды. «Тұзақ үзіліп кетсе не бүркіттің аяғынан шығып кетсе не боламын!?» деп зәресі қалмады. Адам өте алмайтын Беріктастан өткен бүркіт шатқалдың аузынан шыққан соң төмендей бастады. Қалың орманға жеткенде шетен ағашының басына кеп соғылған екеуі ағашқа ілініп қалды. Жерге аяғы тигенін білген бала дереу қайыс тұзақты пышағымен кесіп жіберіп аман қалады.

Жазушы әкесінің қасында жүріп аңшылықтың қыр-сырын меңгерген баланың тығырықтан аман құтылуымен ептілігін көрсеткен. Ол жанындағы пышағымен жаңбыр суын шұңқырға жиып, елік етін кесіп жеп, соның терісінен арқан жасап, арқаннан тұзақ құрып адам аяғы жетпейтін құздан аман құтылып еді. Жалаңаш құз жартастың басына алып ұшқан бүркітті бала айласымен қолға түсіріп, өзі жерге қайта алып түсті. Орманнан ашыққа шығып, ауылға қарай жүре бергенде алдынан үш атты кездеседі. Олар баланы іздеп шыққан әкесі мен құз жартастағы үлкен бүркіттің ұясын білетіндер еді.

Ал «Бүркіттауға барғанда» әңгімесінде Бурабайдың «Шортанды» шипажайындағы саяхатшылардың Бүркіттауға барып бүркіт көргені айтылады.

Жазушының келесі топтағы әңгімелері аң-құстар, жан-жануарлар тіршілігінен хабар береді. «Қасқырдың айласында» үш қасқырдың айласына куә боламыз. Біреуін қарға көміп, екеуі сол жатқан жерге қарай елікті қуып, айламен ұстамақ болғанда оған жете алмай қалады. Үш қасқырдың осы айласына қарап отырып, олардың да өз жемтігін ұстауда түрлі айла-шарғыны қолданатынын көрсек, «Борсық пен қу түлкі» әңгімесінен суырдан қалған інге борсық пен түлкінің таласқанына куә боламыз. Ерте көктемде ін іздеген түлкі мен борсық суырдың ініне таласып қалады. Түлкі алғаш көріп кеткенмен, борсық иемденіп жатып алған соң, оны шығара алмай дал болады. Келесі күні борсық су жаққа шығып кеткенін көрген түлкі інге кіріп төсеніш шөпке және бір-екі жерге зәр сындырып, сарып кетеді. Түнімен жортқан борсық таңертең келсе, інге түлкі кіріп алған, оны қуып шығып шөп төсеген жеріне

барса түлкі зәрінің иісі қолқасын қапты. Оған шыдамаған борсық және бір күн далада жүріп қайта келсе, сол баяғы жаман иіс. Кірпияз борсық содан кейін бұл жерден біржола безіп кетеді. Екеуінің ісіне қарап отырып, түлкінің қулығына, борсықтың кірпияз тазалығына тәнті боласың.

«Тиіннің қоймасы» әңгімесіне жаз бойы көршілердің үйінен жаңғақ тасып, бір шелектей жаңғақты ұясына жинап қойған тиіннің еңбекқорлығы негіз болса, «Бозторғай» жыланға арбалып құлап түскен бозторғай туралы. «Бозторғайдың ұясы» әңгімесінде бірінші сыныпта оқитын Болат бозторғайдың қулығына тәнті болады. Шөп арасындағы ұяда жатқан жұмыртқаларынан басқа жаққа бұру үшін, шөп арасынан қикалаңдай жүгіріп, көзден таса болады. Оны көрген Болаттың әкесі осы маңда ұясы болу керек деп барса, шынымен ұяда жатқан төрт жұмыртқаны көреді. Сырттай бақылап жүріп, бірер аптадан соң бозторғай балапан шығарғанын көреді. Осы оқиғадан ұядағы жұмыртқаларын көрмесін деп, өзінше қулық жасап жүрген бозторғайдың қылығына тәнті боласың.

«Ақылды қарлығаштарда» екі қарлығаш ұядан түсіп кеткен балапанды екі қанатынан көтеріп ұяға көтерсе, «Екі күшік» әңгімесінде екі күшіктің оқиғасы суреттелген. Ермектің Аппақай деген күшігі Көкжалдың шұңқырға түсіп кеткенін көрсету үшін сонда шаба жөнелгенінен тілі болмаса да, ыммен түсіндіргені көрінеді.

«Тасбақаның төбелесі» әңгімесінде тасбақалардың өзара төбелесінен олардың әлсіз төңкеріліп қалатынын көрсек, «Бұғының мүйізінде» бұғының жыл сайын көне мүйізі түсіп, жаңасы шығатынын білетін боламыз. «Қоңыр қошқар» әңгімесінде шөпке таласқан қошқар мен бұқаның төбелесі суреттелген. Қой мен ешкіге бықпырт тигендей еткен бұқаға кектенген қошқардың он-он бес қадамдай шегініп барып, бұқаға қарай оқталған қошқардың оны жалп еткізгеніне қарап отырып, бойын ыза-кек жайлаған қошқардың өзінен екі-үш есе үлкен бұқаға шамасы келетінін көреміз.

Т. Жексенбайдың келесі топтағы әңгімелеріне балалардың басынан өткен қызықты оқиғалар негіз болған. «Ана жүрегі» әңгімесінің оқиғасы ана мен бала махаббатына құрылған. Көршіден сабау сұрап жүрген анасына Тайғақтастың шатқалындағы тобылғылы беткейінен тобылғы алып келмек болып жолға шығады. Тобылғы мен ырғай, ұшқат аралас өскен қалың бұтаның ішіне кіріп анасына сабау боларлық алты жұп сабау, бір таяқ және бір садақ иегін ырғай кесіп алып келе жатқанда аяғын жылан шағып алады. Бір құшақ тобылғыны арқалап, үйіне жете құлаған баласының аяғынан уды сорып алмақ болған ананың өзіне жыланның уы жайыла бастағанда олар қарынға салынған майдан бір кеседен ерітіп ішіп, артынан сүт ішкен соң удың беті қайтады. Жазушы осы оқиға арқылы кішкентай баланың анасына деген қамқорлығын көрсетсе, жалғызым аман болсын деп, баласының амандығын тілеген ананың баласына деген махаббатын сөзбен жеткізу мүмкін емес еді. Әкесі хал үстінде жатқанда «Мені қайтесің, ана балаға қара!» деп аманаттап кеткен аманатын көздің қарашығындай сақтауды ойлаған ана баласы үшін жанын беруге даяр.

Сәрсенбай молданың жылан шаққан балаға дем салуы, анасының жеті шелпек пісіріп, бір мал сойып төңірегіне құдайы тамақ беруі – мұсылман халықтарының наным-сенімдерін көрсетеді.

Кейіпкердің атынан бірінші жақтан баяндалған әңгіме: «Осылайша, мен бір ажалдан қалдым. Бірер ай әлім кірмей, ақ шүберектей бозарып жүрдім де, біртіндеп қатарға қосылып кеттім. Сөйтіп, анам мені өмірге екінші рет алып келді» деп

аяқталады [3; 198]. Жазушы жыланның уын қайтарудың оңай еместігін, уды қайтарғанмен зардабы оңай болмайтынын көрсетеді.

«Қос қарлығаш» әңгімесінде де бесінші сыныпты бітірген кейіпкердің басынан кешкен оқиғаларына кезігеміз. Дәурендердің үйіне ерте көктемде ұя салған қос қарлығаштың төрт балапан ашқаны, балапандарын мысықтан қорғап шырылдап жүруі, ұйықтап жатқан Ермектің бесік арбасына өрмелеп шығып бара жатқан жыланды көрсету үшін шыр-шыр етіп үйге кіріп көмекке адам шақыруы, жерге құлап түскен балапанын екі қарлығаш екі қанатынан көтере ұшып ұясына жеткізуі бала көзімен нанымды бейнеленген. Осы оқиғалардан кейін Дәурен ««Қарлығаш – адамның досы» деген осы екен-ау» деген ой түйеді. Авторлық ұстаным да қарлығаштың адамға деген достығын нақты оқиғалармен көрсету болатын. Сонымен бірге, қарлығаш ұясын кез келген жерге салмайды, өте талғампаз құс, қарлығаш ұя салған үйге бақ-береке қонатыны туралы жаугершілік заманда қарлығаштың ұясын бұза алмай жалғыз үй қалып қоятын Төле биге қатысты аңыз да бар.

«Еліктің лағы» әңгімесінің негізгі кейіпкері – Ермек. Ол жайлауға шыққанда шөп арасында ұйықтап жатқан арқасында қатар-қатар ақ теңбіл шұбары бар, көзі қап-қара, аяқтары ұзын еліктің баласын тауып алады. Кішкентай лаққа не берерін білмей қиналған анасы оны қолдан өлтіріп аламыз ба деп қорқады. Емізулі ешкі жоқ, қой сүті ауыр, сиыр сүті жақпайтынын білген анасының «Ішің өтіп, өліп қалар ма екенсің? Енең байғұс та зар илеп іздеп жүр ғой сені!» деген сөзін естіген соң, Ермек оны анасына қайтарып бермек болады. Анасы екеуі ұстаған жеріне барып жібергенде бір-бірін іздеген лақ пен еліктің табысқанына куә болады.

«Қасқыр мен қара қозы» әңгімесінде көпшілік біле бермейтін қызықты оқиға суреттелген. Жайлауға таудың тақалмасындағы Батпақты деген жерге қонған қойшының қой қорасының ортасындағы ін қасқырдікі болып шығады. Бөлтіріктері аяқтанғанша сонда тұрмақ болған қасқыр таңертең ерте кетіп, ел ұйықтаған соң бөлтіріктеріне келіп жүреді. Бір күні бөлтіріктер бір қозыны тартқылап өлтіріп қояды. Сол түні қасқыр бөлтіріктерін бажылдатып талайды. Сонда қойшы: «Міне, көрдіңдер ме ақылдысын!? «Көршінің қозысын өлтірдіңдер, ақымақтар!» деп, бөлтіріктерін жазалап жатыр! – деді де, сыртқа қарата айғайлап-айғайлап қойды» [3; 204]. Қойлар шулап кеткенде әкемнің сыртқа шығып осылай айғайлап-айғайлап келетіні бар. Оның даусын естігенде қойлар тыныштала қалатын.

Ертеңіне Ермек қой бағып жүргенде қасқыр оның қойына бір қозы алып келіп қосады. Құлағында ені жоқ қозының қасқыр әкеліп қосқанын айтқанында үй ішінің бәрі таңырқағанмен, әкесі «қасқырдың ондайы болады дейтін» деп қана қояды. Сол түні қасқыр тағы да бөлтіріктерін талап бажылдатады. Бөлтіріктердің өсіп қалғанын көрген қойшы басқа жерге қоныс аудармаса болмас деп жатқан болатын, келесі күні бөрі бөлтіріктерін таламаған соң, апанға барып қарса, қасқыр бөлтіріктерін ертіп кетіп қалған екен.

Қойшының баласы Ермектің көзімен суреттелген оқиғадан көпшілік біле бермейтін жыртқыш қасқырдың да досына қастық жасамайтынына куә боламыз. Бөлтіріктерін жазалап, орнына қозы әкеліп берген қасқырдың әрекеті – адам айтса нанғысыз оқиға.

«Сауысқан» әңгімесінде жауыр болған аттың арқасын қызыл ала қан еткен сауысқандардан құтылу үшін оған сауысқанның қанатын байлап құтылған адам тапқырлығына куә болсақ, «Атасы мен немересі» әңгімесіндегі шам жаққанша

ойыншық автоматпен батыр болып жүрген бес жасар Ержанның шам сөніп қалғандағы қорыққаны нанымды бейнеленген.

«– Ата-а! – деді Ержан, даусы қаттырақ шығып.

– Әй, не болды, жай ма-а?

– Қараңғыда қорқа-амын!

– Неге қорқасың, «батыр» емессің бе? – деді атасы.

– Мен деген шам жанып тұрғанда батырмын, – деді немересі» [3; 225].

Ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан ертегілерді жазушы әдеби ертегілерімен толықтырған. Бұл қатарда «Суыр мен сұр қоян», «Түлкі мен қоян», «Инелік пен тиін», «Лақ пен бұлақ», «Бақа мен балық» ертегілерін атауға болады. Аталған ертегілердің барлығында аттары аталған кейіпкерлерге қатысты оқиғалар өрбиді. «Суыр мен сұр қоян» ертегісіндегі суыр мен қоянның әңгімесінен олардың өмір тіршілігі байқалса, «Түлкі мен қоян» ертегісінде қу түлкіні алдап соққан қоянның тапқырлығы суреттелген.

«– О-о, Түке! Құрыдық! Енді екеуміз де өлетін болдық! – деп жылап жіберді.

– Ей, сен не айтып тұрсың!? – деді Түлкі.

– Ойбай-ау! Ана бұлттың арасында екі бүркіт келе жатыр ғой бізге!» [3; 239]. «Бүркіт» десе өлердей қорқатын түлкі қоянды тастай салып, орманға қарай безіп жөнелді.

«Инелік пен тиін», «Лақ пен бұлақ», «Бақа мен балық» ертегілеріне де аталған кейіпкерлердің тіршілігі негіз болған.

«Бала бүркіт», «Салшы», «Қоңыр қонжық» повестерінің де оқиғалары қызғылықты баяндалған. «Бала бүркіт» повесіне Ұзынқара тауының етегіндегі шекараға жақын бір ауылда тұратын Сегізбай бүркітшінің басынан кешкен оқиғалары арқау болған. Ертеректе Бабылыш, Қашылан сияқты атақты бүркітшілермен бірге бүркіт ұстап, бүркіт баптап, саятшылық жасап жүрген оның бүркітін бір құдасы аттай қалап алып кеткен соң, бүркітшіліктен қол үзіп қалған болатын. Енді соны қайта жаңғыртып немерелеріме үйретсем деп жүргенде Әлімқожалар Аюлысай жақтағы бір зәулім жартастан бүркіттің ұясын көргенін айтып келеді. Мұны естіген бүркітші ертеңнен қалдырмай сонда бармақ болып арқан, жібін дайындап, інісі Сылай мен немересі Айбекті ертіп, таң ата Аюлысайға аттанады. Жол бойы Сылай атасынан бүркіт туралы естіген әңгімелерін айтса, атасы өзі балапан алған ұяларын еске алып келеді. Олардың әңгімесінен ұққаны – бүркіт жұмыртқасынан балапан шығу үшін 44-45 күн уақыт керек екен.

Олар қияметтей қиын жерде тұрған ұядан қанат-құйрық, тұмсық-тырнағы жетіліп, ұядан ұшқалы отырған қара қанат балапанды қорқытып ұшырып қолға түсіріп алады. «Әлгі алба-жұлба «қарақшы» киімді ұяға қарай салбыратып түсіре бастады. Ондағы ойы «қарақшыны» ұяға төндіріп, байланған бау арқылы оны бақсыша ойнатып, балапанды ұядан үркітіп ұшыру еді» [3; 12].

Алғашқы түсірген қарақшыны көрген бүркіт балапанын төнген қауіптен арашалап өзі бүріп алып кетсе, екінші рет түсірген қарақшыдан үріккен балапан ұядан ұшып төмен түсті. Оның жоғары қарай ұша алмайтынын білген бүркітші Сылай мен Айбекті төменге қарауылға қойған болатын. Екі қарағайдың қасындағы ағаштың жанына қонған балапанды ұстау оңай емес еді. «Балапан кәдімгідей қарсыласып, аузын аша ысылдап қорғана бастады. Тіпті әуелі қанат-құйрықтарын жерге тіреп, шеңгел жұмсауға ыңғайланды.

Бүркітші басынан қалпағын алып, оны балапанның алдына тастай салып еді, ол оны екі аяғымен бірдей шеңгелдеп қалды. Сол кезде бүркітші оған қолындағы қапты жаба қойды да, оны екі қолымен «шырр!» еткізіп қапсыра ұстады [3; 13].

Осылай қолға түскен балапанды бағып-қағып өсіру де оңай болған жоқ. Олар заңғар таудан ұстаған балапанға Заңғар деп ат қойды. Бүркітші балапанды баладай мәпелеп, еркелетіп «бопам, бопам» деп өсіріп, «Мә, бопам, мә!» деп қызыл ұсынып жүрді. Немересіне: «Бетіне тура қарама, көзден қорқады. Шұғыл қимыл жасама, шошып қалады. Ақырындап басынан сипа. Одан кейін жайлап жүріп көр», – деп қадағалай отырып оған да бүркіт баптауды үйретті. Көп кешікпей бүркіт пен атқа байланысты сабақтарын бастады. Күйе жеген түлкінің терісіне шөп тығып «шырға» жасап, алғашында шырғамен аңға түсуді үйретсе, келе-келе қоянға, түлкіге түсетін болды. Алдағы қансонарда, бүркіт жарысында үлкен үміт күтіп жүрген бүркіті бір күні шекараның арғы бетіндегі түлкіге түсем деп арғы бетке өтіп кетеді. Шекарашылардың түсіріп алған суретін айғақ етіп біраз іздегенмен, түлкіге түскен жерінен бір малшы тауып алған екен, кейін ауырған соң өртеп жіберіпті деген жауап келеді. Сегізбай бүркітші оған да сенбей арғы бетке өтуге паспорт алып, құжаттарын бір-екі ай дегенде реттеп, енді Алматыға жүргелі отырғанда Заңғардың өзі ұшып келіп, ыстық ұясы болған киіз үйдің шаңырағына қонып отыр екен.

Мектепке жиналып жүрген Айбек бүркітті көріп атасынан сүйінші сұрай жүгіреді. «Ол да иесін көріп, «пішшәк, пішшәк, пішшәк!» деп саңкылдап жіберді!

«Ой, айналайын, алтын балапаным-ай! «Ер – туған жеріне!» деген екенсің ғой» деп, бүркітшінің көңілі босап, дауысы да дірілдеп кетті!» [3; 41]

Оны алған бүркітші қар жауғанда аңға салмақ болып алып шыққанда ол туған жеріне тартып отырған болды. Қаражон деген жерден бүркіттің өз туған жерін, ұясын іздеп ұшып келуі кім-кімге де ой салады. Адам түгіл, құстың да туған жерді аңсауына туған жерге деген тіршілік иесінің үлкен махаббаты сыйып тұр.

«Салшы» повесінде сал буудың машақаты мен салшылардың өмір мен өлім ортасындағы арпалысы шынайы суреттелген. 1950 жылдың жаз мезгіліндегі оқиғадан Тянь-Шань тауының арасындағы Текес дариясы мен Іле, Ақаяз бойындағы сегіз салшы, екі бала, бір әйелдің басынан кешкен оқиғасы салшылардың өмір-тіршілігін көз алымызға елестетеді. Сал буатын бөренелерді күйдіруі, «сөре», «жарсоғар» дайындауы, салды бууы – салшылар ғана білетін дүниелер. Салбасы Болатбай, Ерәлі, Далабай, Қасен сияқты салшылардың жанкештілігіне куә болған Ертай салшылықтың оңай еместігін түсінеді. «Үлкен Қайнам» мен «Қанды тас» атанған «Разбайдың тасы» сияқты қауіпті жерлерге түскен мал да, жан да аман шықпайтынын естіген бала салшылардың өмірі үнемі қауіп-қатерде жүретінін түсінді. Болатбайды бала-шағасымен аман алып қалған Ерәлінің еңбегі – өз басын өлімге тігу еді.

«Қоңыр қонжық» повесі Кетпен тауының Беріктұғыл деп аталатын шыңырау шатқалындағы үңгір тасты бірнеше жылдан бері мекендеген Тянь-Шань қоңыр аюының құнажын сиырдай бір жасамыс кірекейі туралы. Алды – құлама тік, қалың бұта, ал қалған жағы – қораланып келген жалама жартастағы үңгір он шақты қой-ешкіге қора болғандай кең. Сол аю күздігүні әбден семіріп алған соң, бір түрлі жалқау тартып, жүріс-тұрысы да шабандап, жайылуға да самарқаулық танытып, қысқы ұйқыға дайындалып сасыған көне төсенішін жаңалай бастады.

Қазан айының аяғына қарай тауды қалың қар басып, күн суытып кеткендіктен аю да ұйқыға ертерек кірісті. Көз ұйқыға кеткенмен, құлақ пен мұрын күндіз-түні

күзетте тұрды. Осылай жатып, қақаған қыстың қақ ортасында мысықтың бір айлық баласындай, қол басындай ғана қонжық туды. Құдайдың күдіретіне шек жоқ, құлағы керең, түгі селдір, салмағы бес-ақ жүз грамдай қонжық, көктемге дейін, алдағы үш айда өсіп-жетіліп шыға келмек. «Кірекей қыстың қызыл шұнақ аязында да түгі сеп-селдір, кішкентай қонжығын мұздатқан жоқ. Оны қалың жүнінің арасына тығып, емізген сүтімен, дене жылуымен, ыстық лебімен жылытып, құшақтап жатты» [3; 75].

Көктем жылуы Беріктұғыл үңгірінде жатқан аюды да, қыс бойы майымен қоректендірген қонжығын да оятты. Төрт аяқтап жүргенде, бір-екі айлық лақтай, ал екі аяқтап түрегелгенде, қаз-қаз тұрған баладай қонжық енесінен гөрі қара қоңырлау, мойын түбінде ақшыл мойнағы бар, мысықтың баласындай ойнампаз болып өсіп жатты. Олар жер сілкініп, қар көшкенде амалсыздан апанмен қоштасып, жарық дүниеге шықты. Аю былтырдан қалған қарақат пен итмұрынмен оразасын ашты. Жыраға үйілген қардың астынан қасқырдан қалған сарқыт таутекенің басын тауып алып соны азық етті.

Кірекей мен қонжықтың жаз жайылымы жақсы болды. Басқа аюлар тәрізді жемісін көктей-ақ жей беретін таңқурай, бұлдірген, қойқарақат, шетен, алма, өрік сияқты жеміс ағаштарында қисап жоқ. Бір күні олар Бекен мен Әлимаштың жалғыз тұрған үйіне тап болып, иесіз үйде білгендерін істейді. Бұл кезде Әлимаш қой қайтаруға кеткен болатын. Атақты аңшы Мергенбайдың баласы Жанайдарға да сол кәсіп дарыған еді. Кірекей қойқарақат жеп жүріп Жанайдардың оғына ұшты. Он төрт тараудан тұратын повесте жетім қалған қонжықты орманшы Бақберген мен баласының асырап алуы, қонжықтың иісшілігінің көп көмегі тиюі, Айдос пен қонжықтың қой бағуы, кірекей мен Сарбұлақтың ең соңғы жалғыз маралын атқан Мергенбаев Жанайдардың заң бойынша тиісті жазасын алуы қызықты баяндалған. Кірекейді атқан аңшыны қолға түсірген – аюдың иісшіл қонжығы еді.

Анасынан айырылған қонжық ол жылы орманшының қолында қыстап шықты. Жаз өтіп, күзге қарай орманшы оны Сарбұлақтың тауына апарып еркіндікке жіберіп еді, кешке қарай үйге қайтып келді. Бақберген Алматы қорығының басшыларымен келісіп, қонжықты алысырақтағы Талғар тауына апарып жіберді. Осылайша, Қоңыр қонжық аюға керектің бәрі бар қауіпсіз жерді мекен етті.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларын әдеби ертегі, әңгіме, повесть деп түріне қарай жіктейтін болсақ, әңгімелері мен ертегілері бастауыш сынып оқушыларына арналып жазылғанын байқаймыз. Бала психологиясын жете меңгерген жазушының «Бала бүркіт», «Салшы», «Қоңыр қонжық» повестері жасөспірім балалар мен жеткіншектерге арнап жазылған. «Бала бүркіт» – «Ер – туған жеріне», «Салшы» – «Кемедегінің жаны бір», «Қоңыр қонжық» – «Ұрлық түбі – қорлық» екенін еске салатын туындылар. Жазушының әңгіме, повестерінің басым көпшілігі аңшылық, құсбегілік, саятшылықтың қыр-сырын ашуға негізделген. Әкелерінің қасында жүріп аңшылық, құсбегілік, саятшылықты үйренген балалар атадан-балаға мирас болған ұлттық құндылықтарымызды жалғастырушы буын өкілі ретінде суреттелген.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан жазушылары: 20 ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 392 б.
2. Жексенбай Т. Қыран бүркіт хикаялары. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Атамұра», 2018. – 320 б.

3. Жексенбай Т. Бала бүркіт. Повестер, әңгімелер, ертегілер. – Алматы: «Атамұра». 2014. – 248 б.
4. Қоңыр қонжық: Повестер мен әңгімелер. – Астана: Астана-Полиграфия, 2008. – 352 б.
5. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.

АБДУЛ-ХАМИД МАРХАБАЕВ (1938–2014)

Абдул-Хамид Мархабаев 1938 жылы 18 сәуірде Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ауан ауылында дүниеге келген.

1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін (журналистика бөлімі) бітірген. «Білім және еңбек» («Зерде» журналының әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі (1964–1967), Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің ассистенті, аға мұғалімі, доценті (1967–1976), «Білім және еңбек» журналының бас редакторы (1976–1985), «Жаңа фильм» журналының аға редакторы, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясының аға редакторы (1981–1982), Қазақ орталық мұражайының баспа-редакция секторының аға редакторы, сектор меңгерушісі (1985–1987) болып істеген. Көп жылдар ҚазҰУ-да ұстаздық етумен қатар, фантастика жанрын ғылыми бағытта зерттеумен айналысқан. Филология ғылымдарының кандидаты (1971), докторы (2001), профессоры (1997) [1; 261-262].

«Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрында Мархабаев қаншалықты еңбек сіңіріп жүргенінен баршамыз хабардармыз. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында әдебиетімізге екпіндей енген жас-қиялгер жазушылар легінің алдыңғы шебінен табылған ол тек қана көркем шығарма жазумен шектеліп қалмай, біз үшін «тұмса жанр» – фантастиканың тарихы мен теориясын да қарастыра бастады» – деп академик З. Қабдолов фантаст-жазушының ғалымдық еңбегін жоғары бағаласа, «Үлкен жиын, мәжілістерде болсын, әдеби ортадағы әңгіме-дүкендерде болсын, қазақ фантастикасы туралы сөз қозғала қалса, Абдул-Хамид Мархабаев есімі аталмай қалмайды. Өйткені, ол кісі – бүкіл ғұмырын сол әдебиеттің кенжелеу дамыған жанрының өсіп-өркендеуіне арнап келеді», – деп Бауыржан Жақып ілгеріде айтылған ойларды нақтылай түскен [2]. Ал жазушы шығармашылығының мерейтойлық жылдарында айтылған өзімен қатарлас, іні, шәкірт есебіндегі бірқатар адамдардың айтқан ойларының кейбіріне тоқталсақ: «Алыс та болса – жақын немесе сақтанбайтын сақ ұрпағы туралы» деген естелік іспетті мақаласында К. Хамзин: «А.Х. Мархабаев – журналист, қиялгер жазушы, ұстаз һәм ғалым» [3] десе, шәкірттік жылдарынан эссе-естелік айтқан Сүлеймен Мәмет: «...қаламгердің туындыларын оқып отырғанда, ерекше жанр саналатын фантастиканы жіті меңгеру үшін ғылымның төрт құбыласынан хабарың мол болу керек... «Фантаст-жазушы – квадрат дәрежесіндегі жазушы» деп А. Беляев айтқандай, фантаст-журналист, фантаст-ғалым Абдул-Хамид ағамыз фантаст-аудармашы», – деп ұстазының әр қырына тоқталып, жеке-жеке жіктеп беріпті [4].

«Абдул-Хамид Мархабаев – фантаст-жазушы ғана емес, еліміздегі фантастика жанрының табиғаты мен теориялық ерекшеліктерін зерттеген санаулы қазақ ғалымдардың бірі. Оның фантастикатану хақында «Қолыңды әкел, келешек. Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және...» (1978); «Қазақ фантастикалық әдебиеті. Жылнамалау, қарастыру, топтастыру, даралау, қисындау, дәйектеу» (1998); «Қазақ фантастикасының поэтикасы» (2008) атты монографиялары мен «Ислам-Ғылым-Журналистика» оқулығы жарық көрген.

Сондай-ақ, аударма саласында шыққан еңбектері: әзірбайжан қаламгері Х. Ғасылованың «Жайлы мекен» (1974), В. Михановскийдің «Шексіздікке шеру» (1990), «Фантастикалық Америка әфсаналары» (2007) қалың оқырман қауымға белгілі» [1; 261-262] деген өмірбаяндық мәліметтер жоғарыдағы әр тарап пікірлердің дерек көзі, дәлелі және нәтижесі деп санауға болады.

Жазушы «Қорқыт «көтерген мәселе» негізсіз емес» деген сұқбатында шығармашылық жолына әсер еткен авторлар мен олардың шығармаларын атап айтады. Қазақ фантастикасының тарихына тоқталғанда, Т. Жомартбаев, С. Ерубаевтардың көркем шығармаларындағы фантастикалық элементтерді сөз етсе, әрідегі Қорқыт бабамыз туралы аңыз «өлімнен қашу» мотивінің фантастикамен байланысы бар екенін мәселе етіп қояды. Сонымен бірге, М. Сәрсекеевтің «Ғажайып сәуле», А. Машанидың «Жер астына саяхат» атты фантастикалық кітаптарының фантаст-жазушы және осы жанрды зертеуші ғалым болып қалыптасуына ықпал еткенін жасырмайды [5].

Ал ғалым ретінде заңғар жазушы М. Әуезовтің кейбір фантастикалық жанрдағы шығармалары деп атап көрсеткен мақалаларын келтіре кетсек артық емес. «М. Әуезовтің фантастикалық пьесалары» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1978, №9); «М.Әуезовтің «уақыт машинасы» (1979, 23 ақпан); «Мұқанның мезгіл машинасы» («Заман-Қазақстан», 1997, 27 маусым); «Семинарист Мұхтар «ғылым гравитациясында» («Ана тілі», 1997, 21 тамыз) деген мақалаларында ұлы жазушының фантастикалық шығармалары жөнінде ой толғаса, «Қазақ фантастикалық әдебиеті» атты монографиясының (1998) «Кемелденген қазақ фантастикасы» тарауын Мұқанның фантастикалық пьесасы «Дос – Бедел досты», сондай-ақ жазушының ғылыми тілін қарастыруға арнаған» екен [6; 420].

Фантастика ғылымы мен фантастикалық әдебиетті бөліп қарамай, екеуін бірдей меңгерген Абдул-Хамид Мархабаевтың шығармашылық жолын заңдылық деп санаймыз. Өйткені, фантастика жанры көркем ойлау мен ғылымның өзара ұштасуынан пайда болған әдебиеттің бір саласы. Ол қиялгер жазушының көркем әлемі. Онда тек қана болмысқа сай келмейтін оқиғалар суреттелмейді, өмірдің реалды шындығы негіз болады. Сол арқылы болашақта болуы мүмкін адами арман мен мақсат-мұраттардың ғылыми-техникалық даму (прогресі) жолы баяндалады. Ұрпақ бойына фантастикалық ойлаудың дәнін себеді. Қиял адам табиғатында бар қасиет, алайда соны құр қиялдап жүрмей, ғылыми һәм ғарыштық ауқымда дамытуға фантастикалық әдебиет тәрбиелеп, жол көрсетеді. Фантазия – жеке адамдық ойлау болса, фантастика – сол жеке адамның көркем ойлауының нәтижесінде туып, қалыптасатын және дамитын әдеби жанр. Демек, жанр болған соң оның өз заңдылығы мен әдеби әдіс-тәсілдері бар. Міне, осы фантастикалық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі – Абдул-Хамид Мархабаев екеніне жоғарыдағы ғылыми ойлар мен жекелеген пікірлерді дәлел етеміз.

Абдул-Хамид Мархабаев өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, республикалық басылымдарда ғылыми-фантастикалық жанр саласындағы әңгіме-повестерін жазып, жариялай бастайды. Фантаст-жазушының тұңғыш жинағы «Ғарыштағы қымыз» деген атпен 1972 жылы жарық көрген. Бұл ұзақ шығармашылық ізденістердің негізгі себебі: фантастика жанрындағы көркем дүниелерді жазудың қиындығы және сандық әрі сапалық жағдайлардың мейлінше өзара сәйкес болуынан деп тұжырымдауға болады. Әрбір жинақтың арасын ондаған жылдар қамтуы –

сапалық деңгейге басымдық беруден туған шығармашылық өмірбаян. Алғашқы отыз жылдан астам фантастика жанрында қалам тербеген жазушы, шартты түрде алғанда, тоқсаныншы жылдардан бастап өнімді еңбек еткені байқалады. Бұл да заңдылық еді. Өйткені, еліміз дербестікке қол жеткізді, мұның тарихи және рухани ықпалы көптеген шығармашылық адамдарға тың серпін бергені сияқты фантаст-жазушының да тынысын ашты. Бұған қосымша, ұзақ жылғы еңбек, тәжірибе мен білім ұштасып, сападан санға қарай жылжуға себеп болды. Бірыңғай ізденіске, еңбекке, жазуға арналған елу жыл өз нәтижесін бергенін төмендегі тізім толық дәлелдей алады. Алғашқы жинақтан соң, 1981 жылы «Арал әуендері» атты кітапта төрт повесть, үш әңгіме топтастырылса, бұдан кейін «Балалардың аман қалғанын айт!» (1997), «Аспанға құлады да кетті» (1997), «Жарылқаушы...» (1998), «Тосын ғарышхат» (1998), «Шаян планетасы, сен кінәлісің!» (2008), «Қызық қиял» (2008), «Жұлдыздар жарығы жерге жетеді» (2010) деген атпен көркем шығармалары жеке кітап болып басылып шыққан. Ал жазушының жеке туындылары – «Қызыл сәуле» (1962), «Байқоңыр шоқ жұлдызы» (1979), «От-тас» (1981), «Жерұйыққа саяхат» (1984), «Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту» (2006) атты бірқатар жинақтарға енген. Сонымен бірге, кейбір шығармаларын орыс тілінде «Молодая гвардия» баспасының жыл сайынғы «Фантастика» жинағы, украин тілінде «Молодь» баспасы, молдован тілінде «Литература артистикэ» баспасы басып шығарды.

Фантаст-жазушының алғашқы «Арал әуендері» кітабындағы «Шаян планетасы, сен кінәлісің!» әңгімесінде бас кейіпкер оқиғаны I жақта баяндайды. Әңгімедегі оқиға екі кеңістікте өтеді. Олар: Сазан планетасы мен Арал төңірегі. Баяндаушы-кейіпкердің, жақша ішіне алып, жалпы оқырманға айтқан ақпаратында: «Сазан – Галактикадағы Үшінші Күннің Төртінші планетасы. Олар мен біздің арамызда мәдени байланыс бар» [7; 174] екен. Міне, осы космостық кеңістікке саяхат жасауға рұқсат алған баланың қуанған сәтін білдіретін лепті сөйлеммен басталған әңгімеде аздаған лирикалық шегініс бар. Баяндаушы-кейіпкер-Сұлтан үштігінде қиял әлемі мен реалды өмір қатар өрбиді. Мұнда да шынайы өмір шындығы орын алады. Сұлтанның орнына бұдан бұрын «Ә» класындағы Әнесті жіберген дәрігер – бала арманы мен қиялына қасақана кедергі жасаған жоқ. Алайда, кейіпкердің іші «удай ашиды». Денсаулығының әлі де күшті емес екені, спортпен ұзақ шұғылдану керектігі оқушы баланың жігерін қайрайды. Әсіресе, саяхаттан оралған Әнестің «біз Сазанға барғанда...» деп басталатын сөздеріндегі жаңа тіркес пен оны қоршап, тыдаушылар кейіпкердің көңіл күйіне аздап кірбің түсіреді. Бірақ, табандап жаттығу жасағанының нәтижесінде, өткендегі өзін саяхаттан қалдырған дәргерге: «Болады! Өте жақсы!» деген баға беруге мәжбүр етеді. Осыған қуанған кейіпкердің оқиғаға шегініс жасағаны шынайы өмір шындығымен ұштасып жатыр. «Қазақстан – Сазан – Қазақстан» космостық саяхат кемесі республикамыздың «үлгілі оқушыларына арналған» деп бұл бағыттың басты мақсатын оқырманға нақты ескерткен кейіпкердің сөзі – өз оқырмандарын ренжітеді деп ойлауға қақымыз жоқ. Бүгінгі жас оқырман «үлгілі оқушыларға арналған» дейтін аздаған алалауы бар сөздерді қабылдай алмауы мүмкін, біз оларға әңгіменің жазылған уақыты мен кеңістігіне баса назар аудару керек деген уәж айтуға мәжбүрміз. Және, бұл әңгіме «оқушы балаларға» арналған, ал олар үшін қай кезде де «үлгілі оқушы» болу негізгі талап. Талап – арманға, ал арман – мұратқа жеткізеді. Әңгімедегі баланың талабы – арманының орындалғанын дәлдеп берді. Демек, шығармада тәрбиелік мазмұн бар.

Әңгімеде бас кейіпкердің (Сұлтан) Сазанға саяхат жасауы үшін жүргізілген жаттығулары, олардың ғарыш кеңістігіне сай құрал-жабдықтармен сипатталуы, центрифуганың космостық жылдамдыққа дейін жетуі, Ардақтың оқырманға таныстырылуы (ол Арал қаласынан екен және сөйлегенде теңеуі тек теңізге байланысты болады), күрделі сынақтан қыздың жүзі құп-қу болып кеткені, келесі күні Ардақ келмей қалғанын ойлап тұрған кейіпкердің ойын оқып қойған биоток толқынын қабылдап, үйренуден тәлім беретін ұстазы оған жаңа бір жаңалықтың бетін ашуы (биоток – «Киб» деген күшейткіш құрал арқылы қалыпты биологиялық токты қабылдағанда, адамның ойын оқып, көкейіндегісін біліп алуға болады-мыс.), бұл Жерге де, біздің мектепке де керек екен-ау деп ойлаған ол – Сафуаттың сабақ оқымай келгенін, Бекқалидың есепті біреуден көшіріп алғанын, т.т. біліп отырса... Қызық! – деп қиялдауы негізгі оқиғаға кіріспе ретінде баяндалады.

Бұдан әрі Ай-36Д ғарыш станциясына ұшуға дайындық, Жермен, Аралмен қоштасу, «Қазақстан» галактикалық кемесінің орнынан қозғалуы, саяхатшылардың «Киб» аппаратын қолға алып, оймен «сөйлесуі», Ион белдеуі мен анабиоз жағдайы («Денемізді тоқпен суытып, қан айналысын салондағы арнайы аппаратуралардың өздері тоқтатып тастады. Неге десең, осындай күйде жатқан адамға ион белдеуіндегі радиацияның зияны тимейді. Оның үстіне жол ұзақ. Анабиоз осы жерде кәдеге асады» [7; 181] деп түсіндірген баяндаушы-кейіпкер) және сапар кезінде аздаған қолайсыздықтар орын алады, себебі қаңғып жүрген бір ракетамен соқтығысып қалу қаупі бар екенін камондор ескертеді, оны телепанораманың көмегімен көріп қалған Сұлтан: «Ракета! Көзіме оттай басылды – 2059 жылы Сүмбілеге жіберілген ракета!» [7; 182] деп уақыттың адам сенбес дерегінен хабар беріп өтеді. Бұл да фантастикалық шығарманың табиғатына сай жоғарыда аталған космостық кеңістіктегі сапармен үйлес шығып, оқырмандарын таң қалдыруға қызмет еткен. Әңгімеде балалар, камондор және нұсқаушы бар. Олар жалпы оқиға барысында ғана аталады. Ал, Ардақ пен баяндаушы-кейіпкер-Сұлтан оқырманға фантастикалық сапардың барысын көрсетушілер. Оқиға беймәлім кеңістікте өтетіндіктен, тосын, жат және қорқынышты ренде кейіпкерлермен бірге оқушылар да алға жылжиды. Жоғарыда ракетаға соқтығысып қала жаздаған «Қазақстан» галактикалық кемесі «Жерде нақты жоспарланып, кеменің басқару пультіне программаланып берілген маршрутынан тайып кетіп» тартылыс күші Сазаннан әлдеқайда көп Шортан планетасына қонуға мәжбүр болады. Бұл «Сазанмен бір жұлдыз жүйесінде. Бізбен мәдени байланыс жасамайтын Галактикадағы беймәлім планеталардың бірі» [7; 184] екен. Командор ондағы атмосфера құрамын тексеріп, Жер жағдайына сәйкес келген соң кеменің люктерін ашып саяхатшы-балаларды сыртқа шығарады. Кеңістік космостық. Шортан десе дегендей, тіс-тіс, жал-жал, орқаш-орқаш келген бейтаныс әлем. Балалар нұсқаушының көмегімен Шортанды аралауға шығады. Ас та ішісіп алады. Бір кезде Сұлтан Ардақты оңаша алып қап, сапарлас серіктерінен бөлініп кетеді. Кратерлер, баспалдақтар, есіктер кездеседі. Бәрі де адам көрмеген әлдебір материалдардан жасалған. Жыпылықтаған сан мың шам. Әлден уақытта өздері түсіп келе жатқан баспалдаққа таяу есік ашылып, біреу бұлардың жанына жетіп келеді. Мұнда тіршілік иелері жоқ деген сөз бекер екен. Робот болды деп түйеді екеуі. «Киімі жоқ, басынан өкшесіне дейін қап-қара, денесі жарыққа шағылысып жарқ-жарқ етеді». Робот бұларды ертіп басқа бөлмеге әкеледі. Онда да осындай төртеуі отыр екен. Тілдесу қиын әлбетте. Содан өзге планеталықтар өзара өз тілдерінеде ұғынысып алған соң

екеуіне келіп, қабырғадағы бір кнопканы басып жібереді де Галактика картасын көз алдарына көрсетеді. Ардақ пен Сұлтан олардың ойын біле қояды. «Біздің қай планетадан екенімізді білгісі келетін ойлары бар». Сөйтіп, оларға «Жердің тұрған нүктесін нұсқап» көрсеткенде, жерліктерді (Сұлтан мен Ардақты) бүйірдегі тастай қараңғы бөлмеге апарып, екуінің қарсыласқанына қарамай, ішіне сүңгітіп жіберіп, артынан есіктерін сарт жабады. Ардақтың жан даусы шығады. Естеріне айрылып бара жатады.

Келесі көріністе тоңып оянғандай күй. Көзін ашуы. Қараса, қасында Ардақ. Ол да өзіндей пішінде. Жан-жағына қараса, «Құмдауыт таудың үстінде енебіз» дейді. Бағанағы болған планета, кездескен жатжерліктер, олардың мекені қайда кеткен?

«Шағаладай ақ үйлер сап түзеп тұр. Қастарында – тау-тау үйілген ақ тұздар». «Бұл Арал төңірегі! Анау сол жақтағы – Тұзтрест. Осы өзіміз тұрған жер – Жасқылыш тауы» деп мәлімдейді Ардақ сапарлас серігі Сұлтанға. Ал Сұлтан мұнда қалай келгенін түсіне алмай әлек. Бұл таңғажайып сапар мен қиял жетпес оқиғалардың жауабы да соған сай болуы тиіс. Оқығаны мен түйгенін Ардақ былайша қорытады: «...бір фантастикалық романда космоста адам сапар шегу үшін оның организмінің формуласын қажетті планетаға эфирмен жібере салатын көрінеді. Сонда қас пен көздің арасында...». «Ол фантастика ғой. Ал біз ше?.. Білмеймін...» деп болған оқиғаға таң-тамаша қалып Сұлтан тұр, ақыры олар қалаға қарай беттейді.

Әңгіме бұнымен бітпейді. Автор соңында «Газеттен» деп Бейбітшілік Комитетінің Тексеру Комиссиясының шешімін тұтастай тырнақшаға алып береді. Шортан мен Шаян планетасындағы ядролық қарудың сыналғанын (жатпланеталықтар тарапынан), осы жойқын қаруды жасауға жұмсалатын қуат көздерін пайдалануға тиым салынды (оларға) делінген түсініктеме береді. Демек, адамзатқа қауіп төндіретін жойқын залалға біздің, яғни жерліктердің тарапынан тосқауыл қойылды деген әлемдік ауқымдағы ойларға меңзеген бұл әңгіме өзінің фантастикалық оқиғасымен балаларға арналған. Космостық кеңістік пен сол әлемді қиялдау жас жеткіншектерге тән, алайда оның қорытындысы фантастикалық әдебиет сіңірген тәрбиелік мазмұнда жатқандай. Жат әлем өз туған мекеніне жетпейді, оған ойша сапар шегуге кедергі жоқ, олар да бізді қабылдауға ықыласты емес, демек әркімнің өз Аралы өзіне ыстық. Ал Шортан мен Шаян планетасы соғыс пиғылындағы қауіпті әлем екен. Онда да кесепат тудырушы тіршілік иелері бар, оған біздің тараптан тосқауыл қойылу керек деген қиял мен Арал қасіретінде әлдебір нәзік байланыс бардай. Қиялгер жазушының ой түбінде осыны жас оқырмандарына ептеп сіңіру үшін «Шаян планетасы, сен кінәлісің!» деп үзілді-кесілді үкім шығара тақырып қойып фантастикалық әңгіме жазған деп санаймыз. Кітаптың андатпасында: «Мұндағы басты проблема – ғылым мен техниканың бейбітшілік пен ізгілікке қызмет етуі. Шығармалардағы оқиғаның өрбу ортасы – Арал теңізі. Кейіпкерлері де сол төңірек адамдары» деген ойымызды нақтылай түсуге дәлел болатын түйіндеме бар. Ал әңгімедегі робот – «төмен түсіндер» дегендей ишарат білдірді»; «Жылтыр қара маған жымия қарап, арқамнан қақты»; «Олар өзара сөйлесіп әрі отырды, бері отырды. Ақырында бір пәтуаға келген секілді. Неге десен, барлығы да бас шұлғыса қалды» [7; 188-189] деген сөйлемдердегі кейбір адами әрекеттер сәтсіздеу қолданыс болып шыққан. «Жымия қарау», «бас шұлғу», «арқадан қағу» сияқты тұрақты сөз тіркесі тудыратын ұғым фантастикалық шығармада, әсіресе космоста және соның тұрғындарына (роботтарға) сай келе қояр ма екен? Сосын, ғарышта бәрі де «робот»

деген стереотип бар және осы роботты ойлап тапқандар адамдар. Бұл адамдар басқаратын «күлтемір» – планеталар тұрғынына ұқсайды немесе сондай болуы мүмкін, тіптен тиіс деген қиялдан туған. Айырмашылығы – планетадағы роботтар жойқын ақыл-ой иелері, олар бізге бағынбайды, демек адамдармен қарым-қатынастары таңғажайыптарға толы болуы керек, міне осы ұғым жазушының әңгімесінде біршама қызғылықты оқиғалармен, тұтастай алғанда, нанымды баяндалған.

«Қазақ фантастика әдебиетінің теориясы мен тарихын жазушы, осы жанрдың алғашқы туындыгерлерінің бірі боп заңды да рухани түрде саналатын автор қиялқұмар оқырмандарына «Жұлдыздар жарығы жерге жетеді» атты жаңа туындысы ұсынып отыр. Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім роман-комплектен, екінші бөлім «Адасқан алқа» повестер жинағынан, үшінші бөлім «Ғарыштан табылған қолжазба» деп аталатын газет-қиялдан тұрады. Шығармалардың хикаялары соны» деген аңдатпасы фантаст-жазушының топтастырылған фантастикалық шығармалар жинағы екенін көрсетеді.

Кітаптың «Адасқан алқа» атты повестер топтамасында, Аралбаев ағайдың ғарышқа сапары мен Кәкен және Тұраш атты кейіпкерлердің басынан кешкен фантастикалық хикаялары іштей жеке тақырыпшаларға бөлініп баяндалады. Повесть балаларға арналған.

«Ағай басын өлімге байлапты...» немесе «Робот Құтжол тірі қайтқан жоқ» деген бөлімде Аралбаев ағайды Плутонаға сапарға шығарып салғандығын автор-баяндаушы (жас бала) көпше түрде III жақта әңгімелейді. Күпеген оқиға болады. Кемеде Құтжол дейтін роботымен Аралбаев ұшып келе жатқанда, Жерден шұғыл хабар түседі. Онда «Жер – Есекқырған» дейтін жолаушы кемесі мен өзіне қауіп төніп келеді екен. Ол – беймәлім метеоритпен түйісіп қалу мүмкіндігін жоққа шығара аламаған Жердегі Ғарыш қозғалыс Басқармасының дабылы. Ақыры, Аралбаев Құтжолдың барлық тетігін өшіріп, оның қызметін өзіне алып, «Жер – Есекқырған» жолаушы кемесін құтқаруға бел байлайды. Жердегілер қарсылық білдіреді, бірақ келісімді амалсыз береді. Ол өкшесіне орналастырған реактивті аспаптардың көмегімен кемесін тастап шығады, аздан соң артына көз салса, метеоритпен түйіскен жойқын жарылысты көреді. Жолаушы кемесін құтқару үшін метеоритті жолынан тайдырады. Сөйтіп, бәрі сәтті болып: «Ол жымысып, ғарышта жалғыз ұшып барады. Белінде – Құтжолдың кодтары...» [8; 244].

«Тұраш та ұсыныс айтады екен-ау» немесе «Алқа» Тәкенде» атты бөлімде Плутонаға сапар жасаған Аралбаев ағай Құтжолынан айырылып қалғаны (құрбандық жасады) үлкен өкініш екенін 7 «э» сынып оқушыларына Марат ағайлары жеке жиналыс ашып, хабардар етеді және ұсыныс айтады. Ол Құтжолды қайта қалпына келтіру үшін мектебіміздің түлегі болған Аралбаев ағайға темір жинап берсек дейді. Аралбаевтың өзі Құтжолды сын сағатта өз қолымен құрбандыққа қалдырып кетер кезде оған берген уәдесі бар болатын: қайтадан жасаймын деген. Мына ұсыныс соған қолғабыс сияқты болады. Бұл мәселені класта әншейінде үндемейтін Тұраш бірінші боп қолдайды. Оған Кәкен қосыла кетеді. Кәкен Тұраштың сыныптасы және «Орбитасынан өмір-бақи ауытқымайтын айнымаған жасанды серігі» [8; 245]. Жағымсыздау тип. Сөйтіп, Тұраштың айтуымен балалар қала маңындағы ойпаңдау құмдауытқа келіп темір жинайды. Сол кезде балалар ауыр-ауыр темірлерді қазып ап, көтерісіп жүргенде, «Алақан қарымындай аппақ, дөңгелек темір «теңгені» [8; 249] Кәкеннің көзі шалып қалады. Оны «Кәкен қалтасына ұрып жібереді...».

«Мұншама темірден екі робот шығар» немесе «Сейсен атайдың таразысы тартпады» деген бөлімде «Кәкен қалтасына ұрып жіберді...» сөйлеміндегі көп нүктенің гәбі бар екен.

Балалардың көтеріп бара жатқан теміріне қарасаң адам сенбейді. Тонна болатын темірді жай ғана құшақтап, арқалап, қолдасып кетіп бара жатыр. Таразышы Сейсен атайдың өлшегішіне салып жіберсе, тілі келесі жағына сарт ете қалады. Түсінсе бұйырмасын. Өздерін өлшеп көрсе, дұп-дұрыс, ал темірді салса, адам таңғаларлық көрсеткіш. Ақыры, Тұраш пен Кәкен әкелген темірді өлшесе «екі тоннаны» көрсетеді. Сейсен де, Марат ағай да аң-таң. Ары-бері кеңесіп бұл жағдайды Нейтрино Орталығына мәлімдеу керек деп шешкен олар темірлерді Сейсен атайдың қоймасына тастап, қайтып кетеді. «Кәкен қалтасындағы теңгені ұмытып та кетіп еді...» [8; 253] деп автор-баяндаушы (кейіпкер) оны оқырмандарының есіне тағы да салып өтеді.

«Темірқазық ерледі» немесе «Онда Кибер ойнады ма?» атты бөлімде Тұраш пен Кәкен су добынан жарысатын екі команда туралы қызу таласқа түседі. Тұраш «Сатурнға», Кәкен «Темірқазыққа» жанкүйер. Екеуі анау жеңеді, жоқ мынау жеңеді десіп таласады. Олардың таластарында балалардың психологиясы жақсы көрінген. Жалпы, осы повестің жетістігі –балалар тіліне лайық ойлау, сөйлесу (диалог), қиялдау ерекшеліктерінің нанымды, сәтті шыққандығында.

Кәкен қалтасындағы «тиында» бердеңе бардай, оны ұстаса немесе ойға алса жағдай мүлде өзгеріп кетеді. Жеңіп жатқан «Сатурн» жеңіле бастайды. Таблоның сандары да шатасады. «Темірқазық» қарсы ойыншыға әрекет жасаттырмайтын биоток тарататын Кибер ойнады»; «Темірқазық» суға қарсыластарын елітетін ерекше дәрі сеуіпті» [8; 258] деген сөздер шығады. Ал осының бәріне жалғыз «Кәкен сенген жоқ».

«Есекқырған тілінің жүйрігі» немесе «Апай кешірім сұрайды» деген бөлімде Кәкеннің басынан тағы да таңғажайып оқиғалар өтеді. Ертең «Есекқырған тілінен» сабақ болады. Жаттау керек. Ал Кәкен сабақ дегеннен әбден зәрезап болған. Қайдағы бір «Галактика тілі», т.с. Бұрынғы адамдардың сабағы, не ол деп ойлайды. «Математика, анаорганикалық химия, ядролық физика, қазақ тілі... Қой, қой... Айтпа. Соны да оқу деп. Аптасына алты рет мектепке барып-қайтып жүр-ау!» [8; 258]. Кәкен қалтасындағы «теңгеге» дұрыстап назар салып қараса: «Қарымы алақанның аумағындай аппақ дөңгелек темір. «Теңге». Қалыңдығы «Зерде» журналындай екеу. Кенерелері кедір-бұдыр: жазу жазылған сияқты. Екі беті бірдей ою-өрнектен көше алмайды. Бір қараған көзге сақау карта тәріздес сызықтар бар секілді. Екінші қырынан көрсең, тау, өзен, теңіздер бейнеленген дерсің. Ал арғы бетінде Кәкен өмірі кездестірмеген формулалар ойылып жазылса да менен көрме. Өзі зіп-зілдей. Өрнектерінен Үркер тіліндей ештеңе түсінбесең да, қолыңа алып отыра бергің келеді» [8; 260] екен. Сабақ оқи алмай, «Сатурнның мұзына тайнақтаған арбалар тәрізді» болып отырған Кәкен «теңгеге» көз салса, таңғажайып бола қалада. «Есекқырған тілін» көзін жұма қойса, судыратып жаттап алады. Өзін әлдебір үлкен кісі үйіне құрақ ұшып машынасымен жеткізіп салады. Бұдан өзін онша ұнатпайтын көршісі Зүбайда апай әй-шәй жоқ кеп, кешірім сұрайды. Өйткені, ол апай балықтардың тілін білетін ихтиолог. «Сатурннан Жерге бір үйір балық әкелінген. Оларды Арал теңізіне көндігеді деп тапқан көрінеді... Зүбайда сол сыр мінез балыққа қатысты тәжірибелер жасау үстінде» [8; 262]. Нақтырақ айтқанда, «балықтардың тілін

зерттеп, арнайы музыкалы дыбыс сөздігін жасап жатқан». Сондықтан, беймезгіл уақытта көршісінің мазасын алғаны үшін, яғни Кәкенен «кешірім сұрайды». Ал «Кәкен бірдеңе түсінсе – бұйырмасын! Ол алдындағы шам жарығынан сан құбылып жатқан «теңгесіне» қарап отыра берді...» [8; 263].

«Тұраш келмей қалды» немесе «Рекордты Кәкен жасады» атты бөлімде Марат ағай класқа келіп, судан сегіз жүз метр қашықтықта жарыс өтетінін хабарлайды. Балалардың арасында дау-дамай, айтыс-тартыс орын алады. Анау барсын, мынау қатыссын, жоқ олай болмайды, қарсыластар өте мықты, т.т. деген көп сөз балады. Ақыры, Марат ағай Тұраш қатысады деп шешім шығарады. Амал жоқ. Балалар қолдайды. Тұрашқа Кәкен суалаңда кездесеміз деп кетіп қалады. Жарыс күні Тұраш жоқ. Содан Кәкен жарысқа түсетін болады. Дайындалады. «Теңгесі» қалтасынан киініп жатқанда, сылдыр етіп еденге түсе қалады. Оны сып еткізіп Кәкен спорт киімінің қос саусақ сыятын жасырын қалтасына салып алады. Жарыс кезінде Кәкен «ересектердің нормативі бойынша планеталық рекордты екі секундқа жаңартады!» [8; 265]. Жұрттың бәрі аң-таң. Төрешілер уақтты өлшейтін нейтрино сағатына үңіледі. Мәжіліс құрады. Рекордқа қуанып жүрген ешкім жоқ. Ал «Планеталық рекордшы сыртқы шықты. Шіреніп. Екі қолы – жан қалтасында. Онда алақанға сиып кететін әшейін бір «тиын» ғана жатыр еді... Одан Кәкен айрылғысы келмейтіні несі?» [8; 269].

Оқиғаны әлі де құпиялап отырған баяндаушы-кейіпкер оқырманға Кәкеннің «тиынында» бір сыр бар екенін ептеп сездіріп, соны білмекке құмарлығын оятады. Бөлімдер бойымен құпияның ашылуына жақындап келе жатқан оқиғалық желі – жас оқырманын шығарманың жетегінде ұстауға мүдделілік танытады.

«Кәкен астробиолог» немесе «Ол неге қуанбайды» деген бөлімде «Астроботаника» сабағында «Галактиканың тамырсыз өсімдіктері», «Центаврдағы Альфаның Төртінші планетасының қарбыздары» («Оны өсірушілер қаншама табанын жерге тигізбей мақтағанымен, Сыр бойының күләбісіне жетпейді. Тәттілігі жағынан оған жету қайда-а-а!»), «Үшарқар-Таразыдағы Гамманың сексеуілдері» пысықталады. Оқушылар жауап береді. Баяғы Кәкен көзін жұмып қойып, бәріне жауап беріп жатыр «Өзі өз болғалы алған тұңғыш «бесі» болса да оған Кәкен қуанбайды. Әдебиет сабағында «міңгірлеп» Тұраштың өзі «үшін» әрең алады. Үйге берілген тапсырма М. Қадыртегінің шығармашылығы. Оның «Жер-кіндік» және «Альфалықтар, армысың!» дастандарынан үзіндіні жатқа кім айтады деген мұғалімнің сұрағынан «қол көтерген» ешкім байқалмайды. Сол кезде Кәкен көзді жұмып қойып, тағы да судырата жөнеледі... «Кәкен жауап беруге дайын!» [8; 273]

«Үйде екі кісі күтіп отыр екен...» немесе «Құпия шашпаймыз ғой, иә ма!» атты соңғы бөлімде «Есекқырған тілі» мен «Галактикалық ұлы математикадан» «бесті» соғып алған Кәкен үйге қатуды ойлайды. Бір күнде төрт «бес» алу үлкен олжа. Әлдекімдерді менсінбеуге толық қақысы бардай. Тұраштың стадионға барайық дегенін тыңдаған жоқ. Ол да Кәкен «досынан» көңілі қалғандай. Үйге келсе апасының қасында екі кісі отыр екен. «Түрі – бөтенжерліктер». Барлық жайттан хабардармыз деп отыр. Енді Кәкен таң қалсын. Мәселенің бәрі «теңгеде» болып шықты. Оның себебін екі кісі санамалап тұрып атап айтады. Үш күн бойы қалтасында жүрген «теңгені» көптеген ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары ұзақ жыл еңбектеніп жасап шығарыпты. Оның құдіретін оқырман оқып білді: Гравитация, Тартылмай қалған таразы, Жүзуден рекорд, Биоток, Суалаңдағы сапырылыс, Астроботаника, М. Қадыртегінің дастанын жатқа айтуы.

«Зертеушілер сынау мақсатында оны кішігірім зымыранға салып, Арал төңірегіне атып жіберген» [8; 275] екен. Келген екі кісі өздеріндегі екінші нұсқасын көрсетіп, Кәкендегі «теңгені» алады. Кәкеннен «Құпияны шашпау тұралы уәдесін алып», себебі бұл екі тарапқа да қолайсыз, жасаушылар үшін бұл үлкен ғылыми әрі «мемлекеттік құпия», ал Кәкен үшін достарының алдында «ұяттау» болуы мүмкін. «Теңгенің» арқасында алған «бестердің» ендігі жүгі қалай болмақ? Пайдасын көргені үшін Кәкен айыпты емес, оны келген екі кісі мол дәлелдермен ашып айтады және тәжірибе жүзінде нәтижесін көруге себепкер болған Кәкенге алғыс білдіреді. «Енді, Кәкен, амал жоқ, сабаққа зейінді мықтап алу керек. Спортқа да. Әйтпесе, құпияң ашылып қалса...» деп екі кісі оған орынды ақыл береді де, қоштасып кетіп қалады. «...Кәкеннің басы салбырап кеткен. «Құпияны сақта!».. Сақтамағанда ше? Әйтпесе, рекорд та, «бестер» де... Әттең, тұрлаусыз «теңге!» [8; 275] дейтін Кәкеннің ішкі монологымен бүркемеленген ойларда авторлық бейне жатқаны жасырын емес.

Шығарма бұнымен бітпейді. «Автордан» деп берген соңғы сөз яки ескертпеде, жазушы өзінің жас оқырманына айтқан құпия сыры бар: «Балалар, сендердің де тек іштерің білсін, иә ма? Әйтпесе, келесіде осындай құпия ұшырасса – айтпай қоямын» дейтін [8; 275].

Фантаст-жазушының «Қызық қиял» атты хикаяттар жинағы «Балалар әдебиеті» сериясымен 2008 жылы жарық көріпті. Мұнда топтасқан хикаяттар жоғарыда пайдаланылған екі жинақта да жарыққа шыққан. Әр жылдарда қайталанып жарияланған шығармалардың кейбірінде аздаған толықтырулар мен түзетулер кездеседі, негізінен түрлі басылымдар деп есептеуге болады. Айталық, «Р-2» құмар аралға...» деп аталатын повесті іштей тақырыпшаларға («Шеф очерк оқиды», «Аралдың бір сыры бар айтылмаған», «Чайнатаунға бет түзеді», «Гангстер қатысты емес екен», «Теңізге шомылсын», «Аралдың түбі тұнған сыр», «Роберт суға шомыла алмады») бөлініп осы жинаққа енгендегі өзгеріс «Р-2» құмар аралға...» деген тақырып қана. Сонымен қатар, бұрынғы жарияланымдарында «Советтер Одағы» атынан жалпылама баяндалатын тұстарға «Қазақстан», «Алматы», «Байқоңыр» қонақ үйі сияқты нақты географиялық мекен атаулары енген. Сюжеттік желі өзгермеген. Повесте Америка барлаушыларының Арал теңізі түбіндегі құпия құрылымдарға жасаған тыңшылық әрекеті баяндалады. Оны Вашингтон, Чайнатаун, профессор Клеменс пен оның баласы Роберт деген америка жерлері мен адамдар есімі дәлелдейді. Батыс пен Шығыс арасындағы тарихи әрі ғылыми-техникалық бағыттағы бәсекелестік пен бақталастықтың кейбір саяси нышандарынан хабар беретін бұл хикаят жазылған уақытында маңызды болған. Әсіресе, оқиғалық желіде кино, соның ішіндегі, аздап фантастикалық элементі бар қылмыстық фильмдердің сұлба-соқпақтары кездеседі. Қара лимузин, 24-ші үй, бейтаныс екі кісі («Лимузиннің оқ өтпейтін шыныларына қарап, ішіндегілердің өмірі өздерінен бұрын басқа біреулерге керек екендігін аңғарасың» дейді автор), әлдебір құпия жоспарлар, «Зерде» журналын оқиды, содан кейін Боббиді (Роберт) ұстап ап, белгісіз жаққа алып кетеді, профессордың немересін іздеуі, ақыры біреулер оған телефон шалып, 10 мың доллар бопсалауы, артынан бір аурухананың Мелвин Спендер деген дәрігері Боббидің тірі екенін атасына хабарлап, оны машина қағып кеткенін хабарлауы, операция жасалып, әліде сауығып кетуі үшін Азияның бір еліне, «әсіресе Аралға» (суға шомылу арқылы) бару керектігіне кеңес беруі – профессор Клеменстің Қазақстанға бейбіт мақсатта ғылыми симпозиумға баратынын біліп, оны өздерінің тыңшылық мақсаттарына

пайдаланғанына себеп болғаны анықталады. Профессорға майор: (біздің елдің) «Штаттағы кейбіреулер жаңа позитроний супербомбасын сынап жатыр екен деп күдіктенетін болса керек. Позитроний суда сақталады. Біз оны ішкі теңіздердің бірінде жасырын сынап жүр деп есептеп, олар «сіздің» немереңізді немесе Р-2 роботын жұмсағанын» [9; 33] мәлім етеді. Ол «Роберт емес – робот» болып шығады. Негізінде, позитронийді «тұңғыш жасанды күйінде алған – Қазақстан. Қазір біздің мемлекет сол позитронийдің қуатын пайдалану негізінде тұрмысқа қажетті жабдықтау ісіне кірісті» [9; 33] деп түсіндірген майор профессорға мәселенің бейбітшілік үшін істеліп жатқанын аңғартады. Ал түрлі құрал-жабдықтармен істелген Боббидің Аралға шомылуға (суға) жарамсыз екенін оны жасаған адамдар, нақтырық айтқанда, америкалық барлау мекемесі қателікке ұшыраған. Бобби деп жүргені – микрохабарлағыш, «дәрі» деп ішіп жүргені микроаккумуляторын зарядтайтын элемент, тісін тіккен сым – антенна, іші толған перфотаспалар, яғни жазу машинасынан тұратын роботтың суға шомыла алмайтыны күдік тудырып, ұсталады. Хикаяттағы бұл қылмыстық, ішінара шытырмандау болып келетін оқиғаларға соңында драмалық шырай берілген, ол – қарияның, құрметті профессордың, бір сөзбен айтқанда, Адам, адал адамның жеке қайғысы қосылды. Жалғыз немересін енді көре алам ба (баланың ата-анасы жол апатына ұшырап, қаза болған), жоқ па деген үрейге қалған профессорға гуманистік бағытта қол ұшын беруге біздің тарап мүдделі. Себебі, бұл хикаят адамзаттық деңгейдегі ұлы гуманизмге иек артатын тақырыпты қозғап отыр. Екі үлкен жүйе, екі үлкен өркениет пен ғылымның және Арал мәселесі сөз болған. Сондықтан, жау елдің дұрыс жолда жүрген ғалымының жеке трагедиясын оңтайлы шешудің жолдары жоқ болуы тиіс емес. Профессорға бұл робот баланың «перфотаспасына өзі іздеп жүрген позитронийлі теңіз турасында мәлімет жазып қоямыз. Әрине жалған. Сосын аккумуляторына қоссақ, баяғы өзіңіздің «немереңіз» шыға келеді. Еліңізге алып барасыз» [9; 35] деп кеңес берген біздің тарап, осы үшін Робертті атасына қайтаруға мүдделі екенін (қылмыстық топ әрине) бұлтарыссыз дәлелдейді. Оқиға осы ойды дәлелдейді, шығарманың шешімі ата мен немеренің қауышуымен аяқталады.

Адам өміріндегі негізгі құндылық мынау – оларды ешбір қаскөй күш ажыратуға міндетті емес және қауқарсыз да. Осынау ұлы ұстанымның кейбір түйткілдерін әр басқа кеңістіктің (жүйенің десек те болады) әртүрлі таным-түсініктерінің құрбанына айналған адамдары бұзғысы келетінін шынайы да, қиял түрінде де елестетіп (дыбыс жұтқыш тас – дыбыс таратпайды, осы ортада қиетін дуылға бар – ол айпақ ойыңызды биотоғыңыздың толқын дәрежесіне келтіріп, айғайлап айтпай-ақ, ойласаңыз болды, сөйлескенмен бірдей; шаныштару – ол да судағы оттегінің аздығын елемей адамды балықша жүздіретін екпе дәрі), таңғажайып оқиғаларды фантаст-жазушы өзінің жас оқырмандарына қызығылықты тілмен баяндаған. Повестегі шынайы өмір көріністері, кейбір оқиғалық мекендердің нақтылығы мен жанама оқиғалар, сондай-ақ, эпизодтық кейіпкерлер жүлгесінде жинақылық бар. Тәрбиелік мәні де жалпы адамзаттық мұраттармен үндесетін фантастикалық шығармалар тудырған және осы саланың дамуына үлесін қосқан әрі қажырлы қызмет еткен фантаст-жазушы Абдул-Хамид Мархабаев екені даусыз.

Жалпы, фантаст-жазушы Абдул-Хамид Мархабаевтың шығармашылығы жайында бізден бұрын айтылған лайықты бағалаулар мен тұжырымдалған ғылыми пікірлерді келтіре отырып, портреттік мақаламызды түйіндесек, осыдан жиырма

үш жыл бұрын қазірде белгілі әдебиеттанушы-ғалым, ф.ғ.д., профессор Б. Жақып: «Баспа бетін көрген «Ғарыштағы қымыз» атты тұңғыш жинағынан бастап, жазған сан-алуан тақырыптарды қамтитын повестері мен әңгімелері өз оқырмандарын сонау 70-ші жылдары-ақ тапқан... Өзінің «Жерге оралсандаршы!» атты фантастикалық повесінде: «2247 жыл. Көкек айының 18-ші жұлдызы», – деген тақырыпша бар. Сонда дәл бүгінгі күннің өзінен жазушы қиялы екі жарым ғасырға озып барып, болашақты болжап отыр. Ұшқыр қиял деген осында-ақ болар», – деп таң қалған екен [2].

Рас, қиялгер жазушының басты ерекшелігі осында және өзінің туған күнін шығармасындағы тақырыпқа айналдыра алған жазушы А.Х. Мархабаев болуы мүмкін.

Академик С.С. Қирабаев «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Шыншыл қиял жоқшысы» атты көлемді мақаласында: «А.Х. Мархабаев тұмса жанрымызға тұңғыштардың сапында енгенімен-ақ, өзінің даралық «творчестволық мінезін» көрсетіп үлгергенді. «Жалын» альманах форматында әдебиет әлеміне енген кезде, үшінші санына аталмыш автордың «Күнге тағы дақ түсті» повесі жарияланады. Ол тұста есімін біреу біліп жарытпаған талапкер осы дүниесімен қиялсүйер оқырманды елең еткізбей қоймаған шығар, – дей кеп, бұл повесті тұжырымдағанда, «Алғашқы көлемді дүниесімен кісілік кодексін құбыланама ғып алған қиялгер сол бет-бағытынан таймағанын көреміз», – деп салмақты бағалауын айтқан [10].

Қорыта келгенде, «Кісілік кодексі» деген фантаст-жазушының жалпы шығармашылығына берілген жоғары бағалауды бұл мақаланың түйіндемесі ретінде ұсынуға болады.

Әдебиеттер:

1 Мархабаев Абдул-Хамид // Қазақстан жазушылары / Құраст. С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 261-262 б.

2 Жақып Б. Арманы – асқақ, қиялы – шексіз...: [Жазушы Абдул-Хамит Мархабаевтың шығармашылығы туралы] // Жас Алаш. – 25 маусым, 1998.

3 Хамзин К. Алыс та болса – сақ ұрпағы немесе сақтанбайтын сақ ұрпағы туралы: [Жазушы, ғалым, ұстаз А.-Х. Мархабаев туралы] // Зерде. – 1998. – N 5-6. - 6-7, 11 б.

4 Мәмет С. «Тұмса жанрдың» тұғыр тасы немесе квадрат дәрежесіндегі жазушы / Фантаст-жазушы Абдул-Хамид Мархабаев жайында // Егемен Қазақстан. – 19 сәуір, 2008.

5 Мархабаев А.-Х. Қорқыт «көтерген мәселе» негізсіз емес: Жазушымен сұхбат / Сұхб. Қ.Төрежан // Айқын. – 6 желтоқсан, – 2008.

6 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. (Бас ред. С.А. Қасқабасов; ред. Алқасы: Б.Қ. Майтанов, Н.Е. Ақбай, Р. Әбдіғұлов т.б.). – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011. – 688 б.

7 Мархабаев Абдул-Хамид. Арал әуендері / А.-Х. Мархабаев. – Алматы: Жалын, 1981. – 216 б.

8 Мархабаев Абдул-Хамид. Жұлдыздар жарығы жерге жетеді: Фантастика / А.-Х. Мархабаев. – Астана: Педагогика-Пресс, 2010. – 432 б.

9 Мархабаев Абдул-Хамид. Қызық қиял: Хикаяттар (Балалар әдебиеті сериясы) / А.-Х. Мархабаев. – Алматы: Раритет, 2008. – 272 б.

10 Қирабаев С. Шыншыл қиял жоқшысы: А.-Х. Мархабаев шығармашылығы туралы // Қазақ әдебиеті. – 29 қараша, – 2010.

ЕСКЕН ЕЛУБАЕВ (1942–2017)

XX ғасырдың 60-70-жылдарында балаларға арналған әдеби шығармаларымен көзге түсіп, осы бағытта жарты ғасырға жуық жемісті еңбек еткен Ескен Елубаевтың шығармашылық әлемі мейлінше бай. Оның көп сырлы лирикасы балалардың таным көкжиегін кеңейтіп, тілдік тұлғасын қалыптастыруға, эстетикалық талғамын өсіріп, әдептілік қағидаларын бойына сіңіруіне септеседі. Асылы, балалар әдебиетінің ең басты функциялары осылар болса керек.

Ескен Елубаев 1942 жылдың 18 ақпанында Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар елді мекенінде дүниеге келген. Оқушы кезінен «Балдырған», «Қазақстан пионері», «Ара» журналдарында өлеңдері жарық көріп, әдеби өмірге араласа бастайды. Әсіресе, «Ара» журналына жарияланған «Тастың аты тас» деп аталатын өлеңі ақын есімін жұртшылыққа танытып, болашақ бағдарын біржола бекіткендей болады. 1966 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдап, қазіргі «Ұлан» газетіне қызметке орналасады. Ақын өмірінің соңына дейін шығармашылық ортада еңбек етіп, балаларға арналған әдебиетті жасаумен айналысты: «Жалын», «Өнер», «Балауса» баспаларында, «Балдырған» журналында қызмет атқарды. Е. Елубаевтың 40-тан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде жарық көріп, көптеген шығармалары республикалық театрларда қойылды. Сонымен қатар, ақын бірқатар марапаттарға ие болып, көптеген конкурстардың жеңімпазы атанды. Ұлттық «Астана – Бәйтерек» конкурсының 2 дүркін 1-орын иегері, халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің жүлдегері болды. «Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталып, мемлекеттік грант иегері атанды. 1994 жылы халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты болды. Шығармашылық сапары жарты ғасырдан астам уақытқа созылған қаламгер артында мол мұра қалдырды. Оның көбі ақынның жинақтарында ғана емес, жалпы жұртшылықтың жүрегінде мәңгілікке сақталып қалды.

Е. Елубаев – XX ғасырда өмір сүрген алыптардың інісі ғана емес, лайықты ізбасары да. Оны біз оқырман қауымның ықыласынан аңғарамыз. Бүлдіршіндер ақынның өлеңдерін жатқа оқып, қаламгерлер мен әдебиеттанушы мамандар шығармаларына жоғары баға берді. Өйткені, ол «...өмір фактілерін образға бөлеп елестетеді, табиғат суреттерін баланың күнде көріп, өзі ішінде жүрген құбылыстармен астастырып, шебер суреттейді» [1; 103].

Е. Елубаевтің шығармаларының тілі де, ақынның ойлау жүйесі де, ұстанымдары да – бәрі оның қазақылықты бойына сіңірген қаламгер екенін көрсетеді. Сондықтан да, ақын шығармашылығын дәстүрлі классикалық әдебиеттің контекстінде қарастыру керек деп есептейміз. Мысалы, уақыт пен кеңістік тұрғысына қарасақ, оның көркем шығармаларында динамикалық кеңістік түрлері де (жол, өзен), статикалық кеңістік түрлері де (тау, көл) кездеседі. Дегенмен осының бәрінде де ұлттық колорит бар. Қазақтың дәстүрлі тіршілігі, ауыл өмірі. Бала көркем туындыны оқып отырып ұлттық мекеншақ түрлерін, атауларын, олардың мәнін ұғынынады. Көркемдік уақытта да күрделі дүниелер жоқ. Кейіпкерлер реалды-тарихи уақыт шеңберінде күн кешеді.

Ақын – табиғат лирикасының шебері. Оны біз бірнеше өлеңінен анық байқадық. Мысалы, «Фантазия» деген өлеңін алайық:

Түн болғанда қарасаң,
Көресіңдер, балалар.
Жарқыраған тамаша

Аспанда бір қала бар, – деп басталатын өлеңде автор жұлдызды аспан әлемін үлкен қалаға теңейді. Ал жарқыраған жұлдыздар өлең жазып отырған талапты балалардың үйлерінің терезелері дегенді айтады. Бұл баланың назарын бұрып, тақырыпты қызықты етіп жеткізудің бір тәсілі дер едік. Осы арқылы ақын баланың қиялына қанат бітіріп, күрделі ұғым-түсініктерді баланың өзіне етене таныс түсініктермен салыстыра отырып жеткізеді.

Құс жолы – бас көше де,
Ай автобус мінетін.
Жолаушыны нешеме
Тасымалдап жүретін.

Осылайша, автор астрономиялық құбылыстарды балаға етене таныс дүниелермен теңеп таныстырады [2; 169-170]. Ақын табиғат құбылыстарын жай ғана суреттеп жеткізсе, соншалықты әсерлі шықпайтын еді. Ал енді өлеңге құбылту тәсілдері қосылған кезде жай сурет жанды суретке айналып шыға келеді. Бұл әсіресе балаларға арналған өлең-шығармаларда көптеп кезігуге тиіс тәсіл дер едік. Өйткені, балаға күрделі тақырыптарды өте қарапайым тілмен, өзі күнделікте өмірде көріп-біліп жүрген дүниелермен ұштастырып, салыстырып жеткізгенде ғана автордың мақсаты орындалады. Мысалы, жоғарыдағы өлең жолдарынан біз тұнған метафоралық құбылту түрлерін көреміз. Құс жолы – бас көше болса, ай – жолаушыларды тасымалдаушы автобус. Осы секілді құбылту түрлерінің үлгісін біз «Өзен» деп аталатын өлеңінен де байқаймыз:

Тау басынан,
Құзардан,
Тасты соғып
Бұза алмай,
Тау өзені келеді,
Ойнақтаған бұзаудай [3; 62].

Оқушының көз алдына сурет келе қалады. Жай сурет емес, жанды сурет. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне – ақылға, қиялға, көңілге тірелетінін айтып былай деген еді: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау» [4; 168]. Осылай дей келіп, осының бәріне тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын екенін айтады. Осы орайда, Ескен Елубаев өзенді ойнақтаған бұзауға – «белгілі нәрсенің тұрпатына, бернесіне ұқсата» отырып балалардың қиялын шыңдайды. Кейіптеу – әдебиеттегі ең негізгі көркемдік құралдардың бірі. Ақын тау-таспен ағып жататын асау өзенді жанды жаратылысқа – ойнақтаған бұзауға теңеп, әдеттегі өзенге «әдеттен тыс мінез бен әрекет беріп, жансызға жан сала суреттеу арқылы» [5; 223] жарасымды түр тапқан. Ағып жатқан өзенді басқаға емес, ойнақтаған бұзауға теңеуі басқа ұлттың баласын

соншалықты еліктіріп әкетпеуі мүмкін. Бірақ қазақ баласына, әсіресе ауылда өскен бүлдіршіндерге мұның әсері орасан дер едік. Өйткені, бұзау ауыл баласы үшін қызық пен сауықтың ажырамас бөлшегіндей көрінеді.

Біз осы машық-мәнерді ақынның Алатау туралы өлеңінен де байқадық. Автор Алатауды былай суреттейді:

О бастан-ақ жарасып
Тұрған тұлға, реңі.
Алатауды қарашы –
Алматының кілемі!
Көздің жауын алғандай,
Шырша,
Шалғын,
Гүлі бар.
Көрсемей қанғандай,
Алуан-алуан түрі бар.
Алатаудай айбынды,
Тау көргем жоқ мен әлі.
Медеудің мұз айдыны –
Чемпиондық медалі [3; 4].

Троптың түрлері әсіресе балалар әдебиетінде ерекше рөл ойнайды. Өйткені, бала өзі жақсы білетін зат не құбылыспен салыстырып қарағанда ғана ол туралы толымды ақпарат алмақшы. Көркемдік-поэтикалық тұрғыдан алғанда, ақынның аталмыш әдісін шеберлікке балауға болады. Автор, сондай-ақ, әртүрлі формалық ізденістерге де бара білген. Мысалы, «Бұғы» деген өлеңіне назар аударалық:

Бұғы бар
Алтайда,
Алыста.
Аттан да
Озады ол
Жарысса.
Суыққа,
Аязға
Төзімді.
Кетеді
Көтеріп
Өзіңді [3; 14].

Мұнда да ақын бұғының суыққа төзімді екенін, жылқыдан да жүйрік екенін жай сипаттап қойса, баланың танымдық көкжиегін кеңейткенімен, оның жүрегін қозғап, эстетикалық әсер сыйлай алмайтын еді. Ал енді оны сөздерді ойната отырып, формалық ізденістерге бара отырып жеткізгенде, баланың қабылдауына да жеңіл соғады әрі бала да ол туралы көбірек білуге ынтыға түседі.

Біз Ескен Елубаевты табиғаттың суретшісі дей аламыз. Ол не жазса да, адам мен табиғатты етене байланыстырып отырып жазады. Ақын табиғат құбылыстарын қазақы таным мен түйсікке сүйене отырып суреттегенде, ол әрі ұлттық тәрбиенің қайнар-бұлағына, әрі оқушының экологиялық сауатын ашуға қызмет ететін құндылыққа айналады. Ал аталмыш екі құндылық ХХІ ғасырда аса маңызды мәселеге айналып отырғаны шындық.

Ескен Елубаевтың жыр жинақтарының ішінде төрт түлік туралы топтама-жинағының орны ерекше [6]. Ақын осы кітабында қазақтың ұлттық ойындарын (тай үйрету, көкпар, асық, ләңгі), тағамдары мен сусындарын (шұбат, қымыз, саумал, айран, қатық, сүт, құрт, әсіп, қазы, сорпа, соғым, шыжық), салт-жоралғыларын (бәсіре, құлжа) т.б. танытады. Бұл ақынның шығармашылық әлеуетін ғана емес, ұлттық болмыс-бітімімізді де танытатын жинақ деуге болады. Өйткені, автор төрт түлік туралы толғай отырып ұлттық құндылықтарымызды, қазақтың өзіне ғана тән бірегейлігін көрсете алған. Себебі, этнос ретінде қазақтардың мәдени-тұрмыстық өмірінде мал шаруашылығымен байланысты ұғым-түсініктер аз емес. Жапондар үшін күріш шаруашылығы қандай маңызды болса, қазақ халқы үшін мал шаруашылығы да сондай маңызды. Төрт түлік мал атаулары тілдік тұрғыдан жай ғана номинативті қызмет атқармайды, сонымен бірге, олардың символдық, концептік және экспрессивтік мәні де бар. Сонда төрт түлік туралы топтама-жинақ өздігінен қазақ халқының тұрмыс-тынысының, ойлау жүйесінің, мінез-болмысының портреті секілді дүние болып шығады. Мал шаруашылығының негізін білмей қазақ мәдениетін толық тану мүмкін емес. Автор төрт түліктің әрқайсысына бір-бір тарау арнап, әртүрлі жанрдағы туындыларды сол тарауға топтастырады. Мысалы, түйе туралы тарауда жаңылтпаш, метаграмма, анаграмма, жұмбақ, шарада, логогриф, өлең т.б. жанрлардың бәрін бір тақырып аясына сыйғыза білген. Бір тақырыпқа арналған әртүрлі жанрдағы әдеби туындыларды оқыған бала да жалықпайды әрі бір түлік түрін жан-жақты танып шығады. Осылайша, түйе туралы баланың санасында толыққанды түсінік қалыптасады. Бала осы арқылы төрт түлік туралы түсінік қалыптастырып қана қоймайды, жалпы қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тынысынан, таным-түсінігінен хабардар болады. Мысалы:

Түйеге көң теңде,
Көнді тең теңде,
Екі тең көң теңде [6; 12], –

деген жаңылтпашпен тілін ұстартса, мынадай жұмбақтарды оқи отырып ойын ұштайды:

Сала алмайсың оған ер,
Ері үстінде Міне бер [6; 13].

Автордың «Бәсіре» деген шағын сюжетті өлеңінің оқиғасы да қызық. Әкесі қалада туған баласын, жатбауыр болып кетпесін деген ниетпен, туған ауылына апарды. Ауыл тіршілігіне таңғалған бала әкесіне сұрақты жаудырады. Кетерінде оған туысқандары арнайы бәсіре береді. Кетерінде бәсіре деп берілген тайын көлікпен қалаға әкетуге бекінген бала оны көлікке сыйғыза алмайтынын білгенде әбден жылайды. Қысқа ғана өлең. Сюжеті де қарапайым. Бірақ бір өлеңнің бойында таудай мән-мағына бар. Ауылға, ауылдағы туыс-бауырға жақын боп өссін, құлынымды көріп келем деп-ақ жиі келіп тұрсын, ағайындарымен аралассын деген ниетпен берілгенін бала толық түсіне бермеуі мүмкін. Бірақ аталмыш дәстүр ойын баласына осы ізгі қасиеттердің бәрін бейсаналы түрде сіңіреді. Сонымен қатар, бала өзінің тайына қарай жүріп жан-жануарларға мейірімді, ауылға барғыштап жүріп бауырмал, тайына жем-суын бере жүріп еңбекқор әрі табанды болып өседі. Жауапкершіліктің салмағын ерте жастан сезініп, дербес шешім қабылдауға үйренеді. Бір ғана дәстүрдің өзі бала бойына бірнеше жалпы адамзаттық құндылықты сіңіреді. «Өзінің атаулы малымен бірге өскен бала еркін болып, кішкентайынан мал қадірін біліп, шаруаға икемді

келеді» [7; 611]. Яғни, бала осы бір ғана салттың мәдени, әлеуметтік, экономикалық, коммуникациялық һәм психологиялық мән арқалап тұрғанын түйсінбеуі мүмкін. Десе де, осының бәрін ол жастайынан бейсаналы түрде бойына сіңіріп өседі. Қалаға қайтып бара жатқан баланың ойын ақын өлеңмен өрнектейді:

Жақсы екен ауыл,
Көрмеген бұрын,
Кигізген жейде,
Мінгізген құлын [6; 19].

Ең бастысы, баланың ойы өзгерді. Қаладағы үйреншікті тұрмыс-тынысы, жасалған бар жағдай баланы ауылды өмірдің қиын да күрделі тұрмысына қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ осы секілді салт-жоралғылар бала жүрегін жібітіп, ойын өзгертіп, ықыласын аша түседі. Е.Елубаев баланың ойын осылай береді. Жалпы, автор баланың ой-санасына жиі саяхат жасайды. Мысалы, көкпар ойынына куә болған баланың ойын былай суреттейді:

Өздері де,
Аттары да түр-түрлі,
Айғай-шумен қызып алған жұрт күллі.
Тақымына ойнақшыған ат емес,
Зулай соққан жел мінгендей жүйткіді [6; 22].

Бұдан бала ұлттық спорт түрлеріне қызығып, дене тәрбиесіне деген құлшынысы күшейеді. Автор бұл жай ғана дене тәрбиесі емес, жігіттің ақылы мен күш-қуаты сынға түсетін, жауынгерлік рухын шыңдайтын, стратегиялық тұрғыдан ойлауға итермелейтін терең мәні бар ойын екенін осылайша ұғындырғандай болады.

«Қонаққа қайда барамыз?» деген өлеңі де балаларға ерекше қызық. Ол тіпті үлкендердің де назарын бірден тартып әкетеді. Бірге оқиық:

– Анау үйі Сиырдың,
Мынау үйі Биенің,
Көлік басын,
Бұйырғын,
Қайда апарып тірейін?
– Бие үйінде аш қалман,
Қымыздан өзге күйі не?
Сиырда бай дастарқан,
Тарт, Сиырдың үйіне.
Айран,
Сүті,
Қаймағы,
Кілегейі.
Құрт, малта,
Ірімшігі,
Бар майы,
Және қатық бір қалта... [6; 74].

Ақын өзгеше түр тапқан. Бұл өлеңнің көркемдік-поэтикалық салмағы ғана емес, концептуалдық-этнографиялық мәні де үлкен. Автор қазақ халқының қонақ күту дәстүрін бір шумаққа осылайша сыйғыза білген әрі сиыр сүтінен жасалатын тағам түрлерімен таныстырып үлгереді. Әрине, қазір жолсапарда жүрген жандардың

үйлерге қонып, құдайы қонақ болу дәстүрі жоқ. Оны көріп өспеген бала тек осы секілді танымдық-көркемдік мәтіндерден оқып біле алады. Ақын, осылайша, төрт түлік түрлерін таныстырудың неше түрлі тәсілдерін тапқан. Мысалы, мына өлеңі еріксіз күлкі шақырады. Ал эмоциямен (күлкі) қосылған ақпарат (білім) балаға тез сіңеді әрі ол еш ұмытылмайды.

Жазғытұрым жайлауға,
Жиналғанда барлық Қой.
Он жылдығын тойлауға,
Ниет етті
Саулық Қой [6; 88].

Осылай басталған өлең оқырманды бірден баурап алады. Ақын қойдың өмірімен қазақтың той жасау дәстүрін түсіндіреді. Әр ұлттың әлеуметтену процесі әркелкі. Ал қазақ қоғамында ол той-томалақ, жиындар үстінде жүзеге асып отырған. Әрине, «он жылдығын тойлайтын қой» саулық болмайды. Саулық дегеніміз – «екі немесе үш жасар, қоздайтын ұрғашы қой» [8; 24]. Десе де, автор осы өлеңінде әрі той форматын, әрі қойдың өзіне тән ерекшеліктерін дәл суреттей білген.

Қазақ тілінің сөздік құрамында төрт түлікпен байланысты сөздер көп. Ақын осыны былай сипаттайды:

«Атан түйедей»... –
Деп айтады мақтаса.
«Ботадай боздап»... –
Деп жағады жақпаса [6; 115].

Бұл тізімді соза беруге болады. Біз тек үзінді келтірдік. Автор қазақ тіліндегі жағымды және жағымсыз мән арқалаған эмоционалды-экспрессивті сөздердің төрт түлікпен тікелей байланысты екенін шебер көрсеткен.

Ақынның төрт түлік мал түрлерін мысалға келтіре отырып қазақтың ұлттық құндылықтарын, отбасылық салт-жоралғылары мен өмірдің заңдылықтарын ұштастырып жіберуі қызық әрі маңызды. «Мал төлдері танысты» деген өлеңінде төрт түліктің аузына қазақтың туыстық байланыстарын мысалға келтіре отырып суреттейді.

– Туған менен бұрын,
Төрт ағам бар, – деді Құлын,
Бір жас үлкен менен,
Тете ағам –
«Тай» деген.
Одан үлкен – Құнан,
Одан үлкен – Дөнен.
Одан үлкен – Бесті...
«Көппіз» деуге көшті.
Бұған құлақ түрген:
– Үш әпкем бар үлкен, –
Деді Бұзау:
– Сана,
Бірі оның –
Тана
Одан соң, –
Құнажын
Одан соң Дөнежін [6; 119].

Автор нені жазса да баланың жас ерекшелігін, дүниетанымын, психологиялық-физиологиялық даралығын ескере отырып жазады. Онсыз өлеңдерінің соншалықты әсерлі болмайтынын біледі. Сонымен қатар, қай тақырыпты қозғаса да, қазақ баласының күнделікті тұрмыс-тынысында көзбен көріп жүрген етене таныс құбылыстарымен байланыстыра отырып жазады. Бұл ақынның өз аудиториясының портретін жете танығанын көрсетеді. Әсіресе, ауыл тіршілігін, табиғат құбылыстарын кейіптей суреттеуге шебер. Баланың көз алдына өзіне етене жақын ұғымдар келе қалып, салыстыру, теңеу арқылы бұған дейін белгісіз болып келген тақырыптар мен мәселелерді оңай үйренеді. Е. Елубаевтың әдеби туындыларының балалар санасына сіңіп, сүйікті шығармаларына айналып кететінің сыры осында болса керек. Әсіресе, ақын шығармашылығында жұмбақтардың жөні бөлек. Өйткені, автор осы жанрды мейлінше түрлендіріп, түрлі тақырыптағы жұмбақтар жазды. Жалпы айнала-тіршіліктегі көріп-біліп жүрген құбылыстар мен заттарға қатысты жұмбақтардан бөлек, ақынның жұмбақтарын әріптер туралы жұмбақтар, спорт туралы жұмбақтар, сандарға байланысты жұмбақтар деп бөлуге болады. Тақырыптық-идеялық тұрғыдан ғана емес, жанрлық және формалық тұрғыдан да әрқилы. Жанрлық тұрғыдан әрқилы дейтініміз, біз жұмбақтай айтылған өлең түрлерінің бәрін осы жанрға жатқызып отырмыз. Оған ақынның анаграммалары мен метаграммаларын, шарадалары мен есеп өлеңдерін жатқыза аламыз. Осылайша, Т.Молдағалиев айтқандай, «Балалар поэзиясындағы жұмбақты да, жаңылтпашты да Ескен есебін тауып өз жолына, өз жөніне жеткізеді» [3; 3]. Мысалы, мына метаграммасын алайық:

Тұтас оқысаң –
Асыраған малың.
Екі шеткі әрпін алып тастасаң –
Мекенжайың. (Түйе – үй) [6; 15].

Жоғарыда айтқанымыздай, Е.Елубаев өлеңдерін халықтың болмыс-бітімімен ұштастырып жазуға бейім. Осы қасиетін біз жұмбақтарынан да айқын аңғарамыз. Мына бір этнографиялық жұмбақтарын мысалға келтірейік:

Бәрі де киіз үй ішінде:
Балшықтан істелген ыдысым не? (*құмыра*)
Күбіге құйып піскенім не? (*қымыз*)
Ұйытып қойып ішкенім не? (*айран*)
Таспадан тіліп өргенім не? (*қамшы*)
Қылдан есіп бергенім не? (*шылбыр*) [6; 151].

Автор, осылайша, асық, текемет, шәркей, себет, домбыра, құрт, үкі, тары, тері т.б. сынды заттарды жұмбақтап жеткізеді. Бәрі бір киіз үйдің ішінде. Киіз үйдің ішіндегі заттарды қарапайым тілмен баяндап түсіндірсе, дәл осылай әсерлі шықпасы анық. Жұмбақтап отырып киіз үйдің интерьерлік ерекшеліктерін суреттеп береді әрі қазақтың дәстүрлі қоғамындағы өмір сүру салтынан хабардар етеді.

Поэзия – көркем өнердің шыңы. Ал енді ол ойынмен қосылғанда тіпті құдіретті бола түспекші. Өлеңмен сабақ өтуге де болады екен. Оның үлгісін біз Е. Елубаевтың шығармашылығынан көрдік. Өйткені, бала мен ойын егіз ұғымдар. Оларды бір-бірінен бөлу ақылға сыймайды. Ақын «Бастауыштар мен баяндауыштар» деген өлеңінде қазақ тілінің грамматикасын балаларға өз тілімен үйретеді:

Мұны ойынға санап,
Өткізейік сабақ.

Бастауышын –
Мен айтсам,
Баяндауышын –
Сен тапсаң...
Түйе,
Жылқы,
Сиыр,
Қой,
Ешкі...
Бастауыштар – бұлар,
Сөйлем басы тұрар.
Маңырайды,
Боздайды,
Бақылдайды,
Мөңірейді,
Кісінейді...
Баяндауыштар – бұлар,
Сөйлем соңы тұрар.
Енді сөйлем құра,
Осылардан тура.
Бастауышқа лайық,
Баяндауыштан тауып,
Сөйлем құрап,
Боз тер,
Болғаныңды ескер [6; 133].

Автор осылай дейді де, кейін дұрыс нұсқаларын келтіреді. Сөздерді ойната отырып балаға туған тілінің грамматикалық ерекшеліктерін, сөйлем құраудың негізгі принциптерін үйретеді. Өйткені, бүлдіршіндер ойын арқылы үйренгенде, өзінің болмысымен біте қайнасқан әдіспен үйренген болады. Ойынның маңызы туралы фольклортанушы-ғалым К. Ісләмжанұлы былай дейді: «Адамзатты балаларсыз елестету қаншалықты мүмкін болмаса, балаларды ойынсыз елестету де соншалықты мүмкін емес. Ойын балалар үшін өмірдің өзімен тең. Сондықтан да ойынның тәрбиелік қуатымен теңесер күш жоқ» [9; 91]. Осылайша, ақын ойната отырып үйретеді, үйрете отырып ойнатады.

Өмірінде 40-тан астам кітап жазу, балалар әдебиетінің бағбаны болу, әдебиеттің үш тегі – поэзия, проза, драма жанрларында қатар қалам тербеу кез келген қаламгерге тән қасиет емес. Әсіресе, Ескен Елубаевтың лирикалық туындылары қазақ әдебиетінің классикалық мұраларының қатарына қосылады. Ақынның лирикалық образдарының өзі сан түрлі. М. Әуезовтің шығармашылығын зерттеуші-ғалым Р. Нұрғали «Қаракөз» трагедиясы туралы айта келіп: «Тегінде, Әуезов әйел образдарын ақ не қара бояуда ғана алмайды. Олардың өзара араласуын, құбылуын, жан-жақты болуын құнттайды. Әуезов трагедияларындағы әйелдер әр қалыпта: Еңлік – ер, асқак; Дәмеш – әлі жөн-жосықты тани қоймаса да, азаттықты көксейді; Қарагөз – тебіренген терең сезім иесі. Бұларға қарсы типтер: Қайша – зұлымдықты еркектерден асыра істемесе кем істемейтін жан; Маржан – тұрпаты кесек; Жүзтайлақ – аяр, қу» [10; 386], – деген болатын. Сол секілді, Ескен Елубаевтің лирикалық

образдары да сан алуан. Әртүрлі есімдермен берілген балалардың мінездемесі де бір-біріне ұқсамайды. Бірақ солардың бәрі қазіргі қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан балалардың жиынтық бейнесі деуге негіз бар. Олардың мінезі, болмыс-бітімі, арман-мақсаттары әртүрлі болғанымен, ақынның шығармалары бір мақсатқа қызмет етеді – баланың бойына құндылық егеді. Оны кейде жақсыны үлгі етіп жасаса, кейде жаманды мансұқтап, кемсітіп, келеке етіп жасайды. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін балаларға анық мысалдар келтіреді. Осылайша, жас өскіннің бойында мәдени-рухани трансформация үдерісінің жүруіне жол ашады. Әртүрлі образдармен таныса отырып балалар қазіргі заманның тыныс-тіршілігін, өткен дәуірдің келбетін, замана шындығы мен өмір құбылыстарын танып біледі.

Әдебиеттер:

1. Юсуп П.Қ. Ескен Елубаев шығармашылығындағы балалар әлемі. / Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – № 5. – 102-104 бб.
2. Елубаев Ескен. Өжет: балаларға арналған пьесалар, тақпақтар, фельетондар, скетчтер. – Алматы: Өнер, 1984. – 200 бет.
3. Елубаев Ескен. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. – 2013 ж. Т.1.: өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – 384 б.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 408 бет.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.
6. Елубаев Е. Төрт түлік жайлы өлеңдер, есептер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аллитерациялар, логогрифтер, шарадалар, омофондар, омонимдер т.б.). – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 184 бет.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Т.1. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 бет. (иллюстрацияланған)
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
9. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 144 бет.
10. Нұрғали Р. «Қаракөз» (текстологиялық түсінік) / Өуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 3-том: мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921–1929. – 424 б.

СҰЛТАН ҚАЛИҰЛЫ (1943–2018)

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Сұлтан Қалиұлы 1943 жылы 1 мамырда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданында туған. 1961 жылы Жамбылдағы Абай атындағы педагогикалық училищені, 1967 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын Жамбыл облысы Шу ауданының №61 сегіз жылдық мектебінде мұғалім болудан бастаған. Бұл жылдар оның балалармен жақынырақ араласып, олардың болмыс-бітімін зерттеуге көп септігін тигізді. 1967–1973 жылдары Қазақ радиосының музыка, балалар редакциясының редакторы, аға редакторы. 1973–1991 жылдары «Балдырған» журналының жауапты хатшысы, 1991 жылдан зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін «Ұлан» газетінің бас редакторы болды [1].

Балалар әдебиетінің поэзия, сатира жанрлары бойынша көп еңбек етті. Ара-тұра прозалық жанрда әңгіме жазғаны да бар. Ақынның өлеңдері орыс, украин, өзбек, грузин, түрікмен, қарақалпақ, әзербайжан тілдеріне аударылып, «Сәлем саған, мектебім» атты кітабы 1983 жылы Фрунзе (Бішкек) қаласындағы «Мектеп» баспасынан қырғыз тілінде жарық көрді.

Шығармалары бірнеше тілге аударылған ақын өзге елдің классикалық туындыларын қазақ тілінде сөйлетіп, аударма саласына да біраз үлес қосты. Оның аударуымен С. Маршактың «Ақымақ тышқан туралы ертегі» (1973), С. Михалковтың «Степа ағай» (1978), Р.Ғамзатовтың «Менің атам» (1969, 1982) поэмалары, Р. Киплингтің бірнеше ертегісі «Пілдің баласы» деген атпен (1983), Бақытжан Момышұлының «Мен әлі сәбимін» повестері мен әңгімелері (1984), «Жанымның жарық жұлдызы» романы (1985) жеке кітап болып шықты.

Ол басқа ақындармен бірге Я. Колас, А. Барто, Я. Бжехва, Дж. Родари, Я. Аким, Б. Заходер, Қ. Мұхамеди, Қ. Тәңірқұлиев, Б. Асаналиев т.б. өлеңдерін аударуға қатысты.

Қазақ әдебиетіне сіңірген осы еңбектері үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970), «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Астананың 10 жылдығы» (2008), «Ерен еңбегі үшін» (2008) медальдарымен марапатталған. ҚР Жастар одағы мен Журналистер одағының Б. Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты (1997). «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағы берілген. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен (1981), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасымен (2000), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен (1981), ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен (2003) марапатталған.

«Балалық шақ досы» – «Друг детства» бірінші ұлттық байқауының жеңімпазы (2007). Жамбыл облысы, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы (2003).

* * *

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Сұлтан Қалиұлы ұзақ жылдар Қазақ радиосында, «Балдырған» журналында, «Ұлан» газетінде басшылық қызметтер атқара жүріп, балаларға арналған отыздан астам кітаптың авторы болды. Алғашқы кітабы «Сыныққа сылтау» деген атпен 1967 жылы жарық көрсе, «Мен мектепке барамын», «Сәлем саған, мектебім», «Қандай болып өсемін», «Бақыт құсы», «Қайсы күшті» сияқты балаларға арналған жыр жинақтары оқырманның ыстық ықыласына

бөленді. Ақынның көптеген шығармалары мектеп оқулықтарына енді. Оның балаларға жақын болуының бір сыры – алғашқы еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастауынан десек, екінші қыры – ұзақ жылдар республикалық балалар басылымын басқаруы дер едік.

С. Қалиұлының шығармаларын топтап, жүйелеп қарайтын болсақ, оның өлең, поэма, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі сияқты жанрларға қомақты үлес қосқанын көреміз. Ақын шығармаларынан бірінші көзге түсетін – жаңарған қазақ елі туралы өлеңдер. Қазақ елі егемен ел болғанын мақтан етумен бірге, тәуелсіз елдің рәміздерін жырға қосты. «Ата өсиеті» өлеңінде тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жас ұланға қатысты екенін айта келіп, оларды білім алуға, саналы болуға шақырса, «Қазақстаным» өлеңінде «Байлықтың бастауы, Замана дастаны – ҚАЗАҚСТАНЫМ менің» деп, кең-байтақ қазақ елін мақтан етті. «Ата заң», «Астана – символдар қаласы», «Қазақстан жалауы», «Елбасы елімнің», «Ата-баба жолдары» өлеңдерінде тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегенін:

Тәуелсіздік жолында
Талай-талай тер тамған.
Білігім – өз қолымда,
Еркіндігім елтаңбам, – деп жырға қосты [2; 6].

Ғұн, сақ, үйсін тайпасының күн нұрынан жаралғанын айта келіп, балаларды батыр бабаларымыздың жолын жалғастыруға «Міндеттіміз әр ұлан, Әділеттің жолында» деп үндейді.

Ақынның шығармашылығы туралы жазушы, драматург Ж. Әлмашұлы: «Қазақстан пионерінде» («Ұлан»), «Балдырғанда» қызмет етті – бар күш-жігерін балалар әдебиетінің өсуіне, жетілуіне және дамуына арнады, кейбіріміз секілді ойнақы жанр іздеп, аласұра ышқынып, алашапқынға ұрынып, басқа бірденелерді арман етпеді. Оның ойлы көркем дүниелері осы күні төменгі сынып оқушыларының оқулығында жүр – жас бүлдіршіндер соны оқып, тәрбие тетігін тауып, мейірімді болып ержетіп жатқанына жарық әлем куә!» [3] – деген болатын. Иә, қазіргі таңда мектеп қабырғасында Сұлтан ағаның көптеген шығармалары оқытылады. Бастауыш сынып оқушылары сүйікті ақындарының шығармаларын жатқа айтуға машықтанған. Әсіресе, балалардың Жаңа жыл кешінде, 8 Наурыз қарсаңында рөлге бөліп оқитын өлеңдері – мереке қарсаңындағы таптырмас сценарий. Балалардың «Кім болам» тақырыбындағы Жаңа жыл мерекесіне арналған сценарийіне қосымша ретінде жазылған «Кім күшті, кім мықты» шығармасын ерекше атауға болады. Жаңа жыл қарсаңында балаларға Аяз ата келіп: «Өз мақсатын, арманын Айтар екен кім кәне?» – деп, бүгін айтылған арман-мақсаттардың орындалатынын ескертеді.

1-бала:
Ертеңім деп бізден ел
Күтіп отыр көп үміт.
Білім қуып, ізденер
Шағымыз ғой соны ұғып.

2-бала:
Ауызды ашып,
Қоймайық
Басқа жұрттан соң қап біз.
Осы бастан ойлайық,
Қайсымыз кім болмақпыз? [2; 14]

Мұны естіген балалар қол көтеріп өз ойларын ортаға салады. Бірі – білім қуған оқымысты, екіншісі – туған елдің өндірісін көтеретін бизнесмен, үшіншісі – бабалардың суретін насихаттайтын банкир, төртіншісі – елін әлемге сыйлататын елші, бесіншісі – шаруа қожалығының басшысы, алтыншысы – ақтаңдақты зерттейтін тарихшы, жетіншісі – ұлылардың бейнесін жасайтын режиссер, сегізіншісі – Нұрғиса ағасындай композитор, тоғызыншысы – Тоқтар, Талғат ағадай ұшқыш, оныншысы – басылымды көбейтетін баспагер ақын, жазушы, он біріншісі – Сағадат атасындай қаһарман қолбасшы, он екіншісі – ел бейбітшілігін сақтайтын Президент, он үшіншісі – даналарды тәрбиелер ұстаз болуды арман етеді. Көріп отырғанымыздай, балалардың бәрі заманауи мамандықтарды таңдап, соның кәсіби маманы болғысы келеді. Бала күнгі арманның уақыт өте келе орындалатынын ойласақ, олардың болашақта тәуелсіз Қазақстанның тетігін ұстайтын азамат болатындарына сенесіз. «Баланы жастан...» деген халық даналығында балаға осылай жас кезінен тәрбие беру көзделген болатын. Ақын осы шығармасымен сан ғасырлар бойы атадан-балаға мирас болып келе жатқан асылдарымызға жан бітіріп отыр.

Келесі топтағы өлеңдер – жыл мезгілдері, маусым ауысуы, табиғат құбылыстары, жан-жануарлар мен құстарға арналған. Солардың ішінде «Мамыр келді, алақай», «Армысың, ауыл», «Құстар – достар», «Жыл он екі ай» шоғырлы өлеңдерін тілге тиек етер болсақ, онда әр айдың өзіндік ерекшелігіне назар аударады. Мәселен, тамыз айы былай суреттелген:

Тамыз жомарт бұйырды –
Пісті қауын, алма, өрік.
Жүзім, алмұрт үйілді,
Дастарқанға сән беріп [2; 9].

Балаларға арналған санамақтар – фольклордан жалғасып келе жатқан көне жанр болса, оны жаңа қырынан дамытуға ақын өз үлесін қосты. Фольклорда көбінде жас бүлдіршіндердің тілін сындыруға, ойын дамытуға арналған санамақтар кездесетін болса, ақынның санамақтары мектеп оқушыларына арнап жазылды. Логикалық ойға құрылған жеңіл санамақтар бастауышқа арналса, орта сыныпқа күрделі ойға құрылған санамақтар берілген. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне арналған «Қанша жұмыртқа қалды?», «Қаздар», «Неше құс?», «Қанша тырна?» санамақтары логикалық ойға құрылған. Солардың бір-екеуінен мысал келтіріп көрелік. «Қаздар» санамағы:

Көлден ұшты жеті қаз,
Қайтып қонды екі қаз.
Қонбады оның нешеуі,
Қане, кім тез шешеді? [2; 86] – деген жеңіл жұмбаққа құрылған.

Ақын шығармаларынан келесі көзге түсетін жанр – жұмбақтар. Жұмбақтарды да баланың жас ерекшелігіне байланысты екі топқа бөлуге болады. «Кім шапшаң» топтамасына енген жұмбақтардың ішінде «Қанша тұяқ?», «Қанша кісі?», «Қанша қап?», «Қанша бала?», «Бір топ бала», «Тез есепте», «Қанша жаңғақ?», «Бұзаулар», «Қаншаумыз?», «Қанша сәбіз еді?», «Өнерлі балалар», «Неше есек?», «Қанша ара?», «Қанаттың есебі», «Алмалар», «Неше кісі?», «Қалай бөлесің», «Ғажап өнер» жұмбақтарын бастауыш сынып оқушылары шеше алады. Ал күрделі ойға құрылған жұмбақты шешу үшін математикалық алу, қосу амалдарымен бірге бөлу, көбейту амалдарын да пайдалануға тура келеді. Бұл қатарда «Қанша қонақ?», «Қаншадамыз?»

жұмбақтары күрделі ойға құрылғандықтан, ақын оның шешуін қандай амалдармен орындау керектігін өзі көрсетіп берген. «Қаншадамыз?» жұмбағының екі нұсқасын екі түрлі амалмен шешуге болады.

Үлкеніміз Мүсілімнен
Дәп екі жас кішімін мен.
Бойы озып тұрғанменен,
Үш жас кіші Нұрлан менен.

Нұрланның дәл жарым жасын
Жасап отыр қарындасым.
Жасымыздың бәрін қоссаң,
Қырық үш дер ең жаңылмастан.

Көп ойланбай, ал, сана,
біз,
Әрқайсымыз қаншадамыз?

Есептің шешуі:

$$\begin{aligned}x+2x+(2x+3)+(2x+3+2)&=43 \\x+2x+2x+3+2x+3+2&=43 \\7x+8&=43-8 \\7x&=35 \\x&=5 [2; 185]\end{aligned}$$

Сонда қарындасының жасы – 5-те, Нұралының жасы –10-да, оның жасы – 13-те, Мүсілімнің жасы – 15-те болып шығады. Сонда барлығын қосқанда – 43. Жұмбаққа құрылған осындай есептер балалардың ойлау қабілетін, математикалық сауаттылығын арттырады. Сонымен бірге, балалар тез ойлап, тез шешуге жаттығады.

Балалардың ақыл-ойын дамытуда үлкен рөл атқаратын дәстүрлі жұмбақтардың қатарында *теледидар, киіз үйі, бал арасы, желдеткіш, үтік, балық, өрмекші, шырша, қамыс, құрақ, найзағай, жаңбыр тамшылары, телефон трубкасы, сыпырғы, саусақтар, тістер, айна, ай, туфли, кереует, түйе, мысық, аяқ киім, тоңазытқыш, жаңғырық, магнитофон*, сонымен бірге спорттық *ядро, волейбол добы, футбол ойыны, желкенді қайық* сияқты жұмбақтар да бар. Аталған заттардың өзіндік ерекшелігін көрсете отырып, оларды былайша жұмбақтайды:

Пыр-пыр,
Үшкір тырнағы.
Тышқан – оның құрбаны
(*Мысық*).

Кейде жарты, кейде бүтін дөңгелек
Түн болғанда шомылады көлге кеп.
(*Ай*).

Бір ананың бес ұлы,
Мәңгі бірге бесігі
(*Саусақтар*) [2; 174-175].

Балалар әдебиетінен ірі жанрларының бірі – жаңылтпаш.

Көшен көшсе де,
Көсем көшпеді.
Көсем кешсе де,
Көшен кешпеді.

Қырбақ қар құрғақ па,
Құрғақ қар құрғақ па?
Қырбақ қар да құрғақ,
Құрғақ қар да құрғақ [2; 176-177]

Алғашқы жаңылтпашта бір-біріне дыбысталуы жағынан ұқсас көшен, көсем сөздерімен, екіншісінде қырбақ, құрғақ сөздерімен ұйқас құрған. Баланың тілін анық, тез сөйлеуге жаттықтыру үшін ұқсас сөздерді орын ауыстыра беру – жаңылтпаштың негізгі ерекшелігі. Ақын, осылайша, бала тілін жаттықтыру амалымен оларға көптеген жаңылтпаштарды ұсынған.

Ақын қаламынан шағын өлеңдермен бірге оқиғаға құрылған «Кішкентай астрономдар», «Құсбегілер», «Адютанттар», «Әлмағанбет бауы», «Нұралы мен құланы» сияқты сюжетті балладалар мен кең құлашты поэмалар туды. «Алдар мен шайтан», «Сауық» поэмалары мен «Ғажайып тас», «Бақ атай туралы аңыз» аңыз-ертегілерін ерекше атауға болады. Екеуіне де ерте заманда өткен оқиғалар арқау болған.

«Ғажайып тас» аңыз-ертегісінің қысқаша мазмұны былай болып келеді. Ертеде бақ мүйісін мекен етіп тұрған бір шал кәсібімен үй ішін асырайды. Кемпірі ұзақ ауырып, екеуі де шаршады. Кемпірін көрсетпеген тәуібі қалмаған шалдың азып-тозып кеткенін ақын былай бейнелейді:

Бір сәт мызғып тынықпай,
Жағы солып барады.
Қос бөбегі түк ұқпай,
Оған жаутаң қағады [2; 235].

Бірақ кемпір содан кейін көп жатпай, шілденің аптап ыстық күндерінің бірінде өмірден өтеді.

Бір күні ерте тұрып кемпірінің басына құран оқып келуге сонда барады. Барса бір жарқыраған тас жатады, аударып қараса жолына кәдімгідей жарық түседі. Құранды оқып болған соң, орнынан тұрса, артында жамбасына сом шыққан аты өлгелі жатады. Атай оны шөппен уқалап, болмаған соң қолындағы тастың жарығын түсіреді. Сол кезде жара жазылып, ат басын көтереді. Мұндай тастан аңшылар қорғасын қорытатынын білген атай әлгі тасты өзімен алып кетеді. Сол тас бұған құт болып, алдына келген ауру-сырқауларды бір сипаса жазылып кете береді. Алдына келгендердің бергенін қанағат еткен ол сол табыспен отбасын асырап жүріп жатады.

Күндердің бір күнінде алдына қарны іскен бір қыли бай келіп, сол тастың күшін көрмек болады. Қорғасын таспен бір сипағанда қарны қалпына келгеніне таң-тамаша қалады. Қыли бай не берейін десе, шал басын шайқап, жымиды. Залым байға арам ой келіп, қасиетті күшті тасты ұрлап, сонымен көп адамды емдеп қыруар ақша табуды ойлайды. Түн ішінде келіп, ұйықтап жатқан атайды пышақтап, тасты ұрлап кетеді.

Тасты қайыққа салып қашып бара жатқанда, сәуленің көп түскендігінен «Ышқынып қап, танды есі, Құлады айдын үстіне». Жұрт не болғанын күні бүгінге

дейін түсінбей әлек, ал атайдың ұрпағы сол қасиетті тасты күні бүгінге дейін іздеп жүр екен деп аяқталады шығарма.

«Бақ атай туралы аңыз» былай басталады:

Баяғы өткен заманда,
Жұрт апшысын қуырған,
Қайыры жоқ адамға,
Өмір сүрді зұлым хан [2; 241].

Бір күні сол зұлым хан базарды аралап келе жатса, үсті-басы жұпыны бір кәрі шалдың «Уа, халайық, тыңдаңдар, Ақылым көп, ақшам жоқ. Менен ақыл сұрандар, Ақыл таппай жатсаң тек» деп айқайлап жүргенін естиді. Шалдың сөзін естіген зұлым хан оны ордасына алып келіп, ақылың көп болса айт дейді. Шал сол ақылын саудаға жұмсайтынын айтып, сауда жасап келуге рұқсат сұрайды. Қазынаға асыл тастар алып келем, содан кейін сенімен бәсекелесетін хан қалмайды дегенді естіп, ханның саусақтары дірілдеп, танауы делиіп кетеді. Хан Қоқанға бес адамын саудамен жібергелі жатқанда, шал екі арба мейіз сұрап алады.

Бұл бесеуі сол маңайдың бәрін қан-қақсатқан қарақшылар екенінен шал да хабардар. Бұл бес қарақшының шалдың жас күнінде өз ауылын тонағаны көз алдында. Бақ соның сойылынан мүгедек болып қалса, көршісінің келіншегі жесір қалып, бар малынан айырылған бүкіл ауыл бес қарақшыны қарғап-сілеп, зар илеп қалған болатын. Сол күннен бастап мүгедек бала базарға барып, елден қайыр сұрайды. Әкесі өлерде баласына мынадай өсиет айтқан болатын:

«Азаптансаң, бөгелме,
Ақкөл суын кешіп өт.

Мол болсын тек өрігің,
Жағалауға төгесің.
Асыл тастың небірін
Сол жерден сен көресің» [2; 245].

Бес қарақшымен екі ай сапар шеккен шал Ақкөлге жеткенде ұзақ жолға жарамайтынын, «Өгіздерім арыды, Әлсіредім өзім де» деп сол жерде қалатынын айтады. Көл жағасын мекен етіп, қос тігіп отырған атай күнде кешке теңіз жағасына мейіздерін төгіп жатады. Теңізді гауһар тістеп жүретін балықтар мекен етеді екен, олар жағаға шыққанда ауыздарындағы гауһарларын тастап, орнына мейіз тістеп кетеді. Мейіздері біткен соң, «Тезекке орап гауһарды, Ғажап теппе істейді».

Мол байлықпен оралған саудагерлер шалға ханға апаратын тартуың қайда, деп сұрағанда, ол жерге қарайды. Шал екі өгіздің біріне гауһардың тезегін, екіншісіне жай тезекті артып, ол да бұлардың соңынан ілеседі. Бұлар жолға шыққалы бес ай болғанда, кенет құйын көтеріліп, артынан борап қар жауады. Шал тезектің үстіндегі шөпке кіріп жатқандықтан ол тоңбайды. Қалған бесеуі тістері тістеріне тимей, «Бізге тезек сат!» деп жанын қоймайды. «Болмаса бір арбасын Қарыз берсең не етеді?» деп қоймаған соң, «Қайтарасың ханға! – деп, Жай тезекті нұсқады». Олар сол тезекті жағып, жан сақтап отырғанда долы боран басылып, күн де ашылады.

Бесеуі желіп ілгері кеткенде, шалдың өгіздері тағы да артында қалады. Олар ханға алып келген тартуларын беріп, шалдың бос келе жатқанын айтады. Хан оған ашуланып, шал келген бойда: «Не әкелдің, Әуелі Соныңды айт», – деп тап береді. Шал тезекті ортасынан жарып көрсеткенде хан таңғалады. –Қайдан алдың, – дегенде,

– бабам көмген ұраны қазып алдым, – деп жауап береді. Сізге осындай екі арба әкеле жатыр едім, басшы інім қарызға деп сұрап алды, – дейді. Мұны естіген хан ашуға булығып, бесеуін тез арада жиып алып тезекті сұрайды. Олар қарызға алған тезектерінің орнына бір арба тезек тиеп келгенде, хан тезекті жарып көрсе, оның ішінде тас жоқ. Олар ант-су ішіп қанша ақталғанмен, хан оларға сенбей, «Ұрыларын өзінің Өз қолымен дарға асты».

Бақ атай тапқырлығымен әке өсиетін орындап бақытты болған екен. Өзін мүгедек етіп, төңірегіннің бәрін қан қақсатқан бес ұрыны осылай жазалаған екен. Көзіне қан толған хан өз адамдарының сөзіне сенбеді. Ұрлық-қарлық, қарақшылықтың түбі осындай қорлық өлім болатынын Бақ атай осылай өз ісімен көрсеткен екен. Аңыз-ертегінің екеуінің де оқырманға берер тәлім-тәрбиесі мол.

Осы қатарда оқиғаға құрылған «Бақыт құсы» әңгімесін тілге тиек етуге болады. Шағын оқиғаға құрылған әңгімеде бақыт құсын іздеген Азамат деген баланың көз алдымызда жақсы жағына тез өзгергенін көреміз. Әңгіме былай басталады: «Азамат деген баланың ісі атына заты сай емес еді. Адам нағыз азамат атануы үшін тәртіпті, кішіпейіл, ақкөңіл, әркімнен көмегін аямайтын қайырымды, қағылез болуы керек қой. Азаматта бұл қасиеттердің бірі де жоқ еді» [2; 84]. Бір мезгіл сөмкесін арқалап мектепке барып келгені болмаса, кітап бетін ашпайтын. Анасы «Бұл әдетінді қой, адам бол» дейтін. Иә, Азамат ойланып қараса, оның дәптері мен күнделігі екілікке толы, «Кім жаман? – Азамат жаман». Ол да басқа балалар сияқты тілалғыш, сабақты жақсы оқитын бала болғысы келеді. Ол енді бақытты болудың жолын қарастырып, «Айтпақшы, осы «бақыт құсы» деген болмаушы ма еді ертегілерде? Шіркін, соның біреуін тауып алсам, табан астында бақытты болып шыға келер едім. Өзіммен бірге оқитын балалар да, мұғалімдер де, көрші-қолаң да «Азамат десе азамат-ау» деп, тамсана қарайтын болар еді» деген ойға кетеді [2; 87-88].

Содан бір күні ол әжесінен: «Әже осы бақыт құсы қандай болады?» – деп сұрайды. Әжесінен мардымды жауап ала алмаған соң, құстарға көз сала бастайды. Оның ойынша басына қонғалы жүрген бақыт құсына тас қадап, рогаткамен атып жіберген болса керек. Өзгелердің басына қонған құс, бұған келгенде неге қонбайды? Бақыт құсын іздеген ол енді есік алдына, шатырға құстарға жем шашатын болды. Сөйтіп жүргенде көктеммен бірге көкек, тырна, қарлығаштар келе бастады. «Сендер бақыт құсын көрдіңдер ме?» деп олардан сұраса, үшеуі де жауап бермей ұшып кетеді. Оларды мен рогаткамен атып ренжіткен екенмін деп ойлайды.

Енді хайуанаттар бағына келіп, сондағы құстардан бақыт құсы қайда екенін сұрамақ болады.

«– Әй, Түйеқұс, – дейді өзінің бойынан да биік ірі құсқа жақындап.

– А, не дейсің, балақай? – деп, түйеқұс құлағын тосады.

– Сен бақыт құсын көрдің бе?

– Оны көрмегелі қашан, оған бір жолығу – менің де арманым» [2; 89].

Түйеқұстан кейін бүркіттен, тауыстан сұрайды, олар да көрмегенін айтады. Осыдан кейін құстардың ешқайсысы көрмеген құсты кім көруі мүмкін деп ойланып келе жатқанда, тордағы арыстанға тап болады. Одан бақыт құсын сұрағаны сол еді, өзіне тарпа бас салды.

«Бақыт құсы саған не керек? Мен құсап темір тордың ішінде тұрған жоқсың. Қол-аяғың бос. Не істеймін десең де, ерік өзінде. Бақыт деген сол емес пе? Е... сенің ойыңды білдім. Бақыт құсын басыңа қондырып, оңай олжаға кенелмек екенсің ғой,

антұрған! Ой, малғұн, кет бұл арадан, көзіме көрінбей! Бесіктен белің шықпай жатып, басыңа не күн туды сонша?» [2; 89]. Арыстанның ашулы түріне қарап, тордағы аң-құстардың барлығы осындай ызалы, ашулы болады екен ғой деп түйеді. Бірақ ол арыстанның сөзінің астарына үңіліп, ол туралы ойлап та көрмеді.

Осылай іздегенін таппай келе жатқанда «Зоомагазин» деген жазуға көзі түседі. Бақыт құсы бір болса, осының ішінде болар деген оймен ішке кіреді. Әдемі құстың бәрі осында екенін көрген Азамат бақыт құсы бір болса, осының ішінде болар деп түйеді.

«Бақыт құсы бар ма араларыңда?» деп сұрауы мұң екен, «бақыт бар... бар...р...р...» деп, оң жағындағы көршісіне қарайды. Азамат бауыры қызыл кішкене торғайды үйіне алып келіп, алдына жем шашып, торға қамап қояды. Ертесіне тұрса, торғайы жем жемеген, аштан аш тұрады. Бақыт құсын өлтіріп алудан қорыққан бала енді құстар туралы кітаптарды оқып, оның ішінен өз құсына қандай жем беру керегін іздейді. Кітапты дауыстап оқыса, бақыт құсының тыңдап отыратынын білген ол, енді кітапханадан кітап тасып құсына оқумен болады. Сол кітаптардың ішінен құсына қандай жем беру керек, қалай өсіру керек деген сияқты өзі білмейтіннің бәрін оқып, біліп алады.

Күзде сабақ басталғанда, Азамат мұғалімдерін таң-тамаша қалдырады. Қай пәннен сауал сұраса да, ол сайрай жөнеледі. Содан жұрт оны «Азамат десе азамат-ау, болсаң Азаматтай бол!» деп, өзге балаларға үлгі тұтатын болыпты.

Шағын әңгімеден Азаматтың алдына қойған мақсатына жеткенін көрген балалар, енді өздерінің де алдына осындай мақсат қойып, кітапты көп оқитын болады. Бақыт құсы деген әркімге әртүрлі қонады. Бақыт құсы тек еңбек арқылы келетінін түсінген бала еңбекқор, ақылды, тәртіпті, үлгілі, кішіпейіл, ақкөңіл, қамқор, қайырымды болуды мақсат етеді. Ондай баланың басына бақыт құсы қонды дей бер. Әңгімеде кішкентай баланың ойы, іс-әрекеті арқылы оның таным-түсінігі шынайы бейнеленген. Жазушы бала психологиясын терең меңгергенін Азамат бейнесінен көруге болады.

Ақынның бірсыпыра өлеңдеріне ән жазылып, мектеп оқушылары орындап жүр. Олардың қатарында «Ғарышкерлер – қырандар», «Жас түлектер жыры», «Біз шадыман баламыз», «Құс дегендер – сақшылар» т.б. ән-өлеңдерін ерекше атауға болады. «Ғарышкерлер – қырандар» өлеңінде:

Ән тербеген,
Даңқы өрлеген
Байқоңырдан самғаған
Ғарышкерлер,
Ғарышкерлер
Ерлік жолын жалғаған.
Тоқтар, Талғат –
Көкте самғап,
Биік ұшқан қырандар.

деп, қазақ елін әлемге танытқан ұшқыш Талғат Әубәкіров, Талғат Мұсабаев ағаларымызды мақтан етті. Бұлар – тәуелсіз қазақ елінің алғашқы ұшқыштары еді. Жас бүлдіршіндерді батыр ағаларынан үлгі-өнеге алып, солардың жолын жалғастыруға үндеді.

Балаларға арнап шығарма жазу олардың психологиясын білумен шектелмейді, баланы танып-білу үшін олармен жақын араласып, дос болу керек. Ақынды

балалардың қалай жақсы көргенін әріптес інісі С.Дүйсенбиевтің мына сөзінен көруге болады: «Балалар басылымында қатар жұмыс істедік. Ол кісі «Балдырған» журналында, мен «Ұлан» газетінде. Жұмыс арасында бір-бірімізге келіп әңгіме айтатынбыз. Сонда байқағаным, балалар Сұлтекеңе өте үйір еді. Қаздың баласындай болып тізіліп келіп тұратын. Сұлтекең де олармен тез тіл табысатын. Нағыз балалар ақыны деген осындай болу керек шығар» [4]. Балалар сүйікті ағаларын «Балдырған» журналына іздеп келуді тоқтатпаған ғой, сонда «Балдырғанға» бас редактор болып келген Б.Кірісбаевтың: «Сұлтан ағаларың «Ұланға» аға Сұлтан болып ауысты. Барындар сонда», – деген сөзі ел арасына тарап кеткен екен. Бұл – ақынның көзі тірісінде аты аңызға айналғандығы.

Қорыта айтқанда, Сұлтан Қалиұлы – ұзақ жылдар бойы қазақ балалар әдебиетінде өнімді еңбек еткен балалар ақыны. Ақынның шағын өлеңдері мен оқиғаға құрылған сюжетті өлеңдері, поэмалары, әңгімелері балаларға түрлі ой салады. Тарихи тұлғалардың еңбек жолын көрген олар ағалары сияқты батыр болғысы келеді. Болашақта қазақ елін әлемге танытатын Тоқтар, Талғат ағалары сияқты ұшқыш болу үшін көп ізденіп, көп білу керектігін түсінеді. Сондықтан, олар мектепті жақсы оқып, ата-анасы мен мұғалімдерінің тілін алатын үлгілі бала болып өспек. Сұлтан ағаларының кейіпкерлері Әлмағамбет тәрізді өз үйлерін, ауылдарын гүлдендіріп, бау-бақша өсіретін болады. Ақын өз шығармаларымен балаларды еңбекке баулып, Отанын, елін сүйуге, оны құрметтеуге баулыды. Ақын шығармаларын оқыған балалардың қазақ елінің болашағынан мол үміт күттірген патриоты болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. Сұлтан Қалиұлы // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1827>
2. Қалиұлы С. Жыл құстары келгенде. Өлеңдер, поэмалар, жұмбақтар. Жаңылпаштар, ертегілер. – Алматы: Атамұра, 2014. – 256 б.
3. Әлмашұлы Ж. Қандай кісі еді Қалидың Сұлтаны!.. (Көңіл жұбату сөз) // Қазақ әдебиеті. – 24 тамыз, 2018
4. Дүйсенбиев С. Балажан ақын еді... // Қазақ әдебиеті. – 24 тамыз, 2018

ШӘКЕН КҮМІСБАЙҰЛЫ (1943–2022)

Саналы ғұмырын балалар әдебиеті үшін сарп еткен, сезімтал жазушы, «Кұрмет» орденінің, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Шәкен Күмісбайұлы 1943 жылы 17 қазанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылында дүниеге келген. Сүйкей салуды, жанай жазуды жанына жат санаған Ш. Күмісбайұлы балаларға арнап қажырлы еңбектер атқарды. Еңбек жолындағы алғашқы қадамын ұстаздық жолдан бастауы автордың бала жанын түсінуіне, болашақта есімі елге белгілі балалар жазушысы болуына айтарлықтай әсер еткен болуы керек. Шәкіртіне білім нәрін, бар құнарын беру жолында ұстаз ұзақ ізденері анық, ұстаздық пен шығармашылық жолды қатар ұстанған адамның жөні бөлек. Ұзақ жылдар бойы кішкентай оқырмандардың ықыласынан шығатын туындылар жазған Ш. Күмісбайұлының 1972 жылы алғашқы жинағынан «Ақсақал шал» бастап, «Тау жолдары» (1977), «Сок, барабан» (1979), «Таудағы жазу» (1983), «Кішкене шал» (1986), «Қаладағы келін» (1989), «Қарақуыстың желі» (1990), «Атамның аманаты» (2001), «Бір арқа отын» (2002), «Қайсар бала» (2003), «Айдын көлдің аққулары» (2004), «Итталас» (2004), «Солақай» (2005), «Қалам мен дәптер» (2006), «Жапандағы жалғыз» (2007), «Бейтаныс заттар дауы» (2007), «Табиғат – ана» (2007), «Шатақ шырпы» (2006), «Жұмбақ әңгімелер» (2006), «Таң нұрында туған ұл» (2010), «Түнгі текетірес» (2008), «Қаракерей Қабанбай» (2006), «Шақшақұлы Жәнібек» (2005), «Қанжығалы Бөгенбай» (2005), «Райымбек батыр» (2006), «Шытырман» (2002) т.б. жалпы саны елуден астам кітаптары мен құрастырған еңбектері жарық көрген. Өмірінің соңғы жылдары «Бабамдай болғым келеді» (2021) шағын хикаясы мен «Өмірдің соңғы бір сәті» (2017) повестер мен әңгімелер жинағы автордың соңғы қолтаңбалары ретінде қалды.

Өзгеше формада, оқшау сипатта жазылатын балалар әдебиетінің зерттелуіне назар аударсақ, жекелеген авторға шығармашылық портрет берген зерттеу жоқтың қасы. Жалпылама сипатта жазылған зерттеулердің өзі сирек. Балалар әдебиетіне келелі зерттеулер жүргізген Ш. Ахметовтің еңбектерінен бөлек, М. Ғабдуллин, Қ. Мырза Әли, Қ. Ерғөбек, Б. Ыбырайым сынды т.б. әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Жекелей балалар әдебиетіндегі проза жанрына көңіл бөлген С. Өскенбаевтің «Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы» еңбегі ХХ ғасырдың екінші жартысында балалар әдебиетінің зерттелуіне қосқан тың еңбек болып есептеледі.

Тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жылдан астам уақыт аралығындағы жазылған еңбектерге тоқталып, ғылыми көзқараста баға беріп жүрген Н. Ақыш, Б. Ыбырайым, Қ. Ерғөбек, Г. Орда сынды ғалымдардың ғылыми тұжырымдары кейінгі зерттеулерге біршама бағыт-бағдар береді.

Ғұмырын балаларға көркем шығарма жазуға арнаған, тәрбиелік мәні мен ұлттық құндылықтарды бойға дарытатын сан түрлі шығармалар жазған, есімі елге белгілі батырлардың образдарын жасаған Ш. Күмісбайұлының шығармалары жайлы ауыз толтырып айтатын зерттеу еңбектер жоқтың қасы. «Балалар әдебиетінің бағбандары» атты анықтамалық жинақ құрастырған Ш. Күмісбайұлы өзі де «Балалар әдебиетінің бағбаны» болды. Оның мектеп бағдарламасына арнап «Қобыланды батыр»,

«Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын» эпостарын поэзиядан кара сөзге айналдыруы өз алдына үлкен еңбек. Балаларға лайықтап Қаракерей Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Райымбек Түкеұлы сынды тарихи тұлғаларға бір-бір кітап жазуы – автордың әдебиетке адалдығының көрінісі.

Ш. Күмісбайұлының шығармалары әртүрлі жастағы балаларға – мектеп жасына дейінгі, төменгі сынып оқушыларына, жасөспірімдерге, жоғарғы сынып оқушыларына арналған сан түрлі шығармалары бар. Шығармаларында әртүрлі құндылықтар қамтылған. Баланың өзіне деген сенімі, қоғамға, әлемге мейірім көзімен қарауды, табиғат пен адамның байланысын түсіндіретін көркемдік деңгейі жоғары шығармалардан құралған. Тарихи тұлғалардың образын жасауда автор бірінші балаларға ұлтының тарихын үйретсе, образдардың бойындағы батырлық, адалдық, ақылдық секілді қасиеттер арқылы бала бойына қажетті тағылымдарды сіңіреді. Автордың «Райымбек батыр» кітабы 2006 жылы «Аруна» баспасынан «Шығыстың ұлдары» сериясының аясында жарық көрген. Шығармадағы тарихи деректерді жазуда райымбектанушы ғалымдар – Қ. Сауранбаев пен С. Дәуітұлының еңбектерін басшылыққа алған. Өзіне дейін Райымбек батыр туралы М. Мақатевтың «Райымбек, Райымбек!» поэмасы, Ж. Тұрлыбайұлының «Райымбек батыр» атты екі томдық романы жарық көргеніне қарамастан, шығарманы бала тіліне лайықтап, оқиғаларын қысқа әрі жатық етіп суреттеп шықты.

Кітап бір-бірімен сюжеттік байланыс тапқан он бір бөлімнен тұрады. Әр бөлімде автор батырды әр қырынан ашуға тырысқан. «Нағашының сыйы» бөлімінде нағашысы Биеке батырдың «ер қаруы – бес қару» деп батырға қажетті бес қаруын әкеліп табыстауы суреттеледі. Автор бұл бөлім арқылы жігіттің нағашысымен қарым-қатынасы, туыстық байланысын, дәстүрдің жөн-жоралғысын атап көрсетеді.

«Райымбек, Райымбек!» [1; 13-23] бөлімі сюжеттік жағынан М. Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек!» [2] поэмасына ұқсас келеді. Бала Райымбектің жүйрік Күреге мініп, мәреде өз атын өзі ұрандап өтуі суреттеледі. Ш. Күмісбайұлының шығармасында бәйгенің алды болып мәрені ұрандап кесіп өткен шағы сипатталса, М. Мақатаев поэмасында бәйгеден бөлініп шығып, түн болған шақты суреттейді. Мәтінде біршама ұқсастықтар бар.

Ұқсастықтар	
Ш.Күмісбайұлында	М.Мақатевта
Сасық көкектей өз атын өзі ұрандағаны несі?	Сасық көкектей өз атын өзі ұрандап
Жеті бабасын жерге қаратқан тентекті алып келіндер мұнда	Жеті бабасын жерге қаратқан қай бала?
Мынау құрық көрмеген құлын асау кім?	Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой
Алла аузына салып, айтқызып тұрған болар. Қос иығындағы періштелері демеген шығар	Өз атын өзі ұрандағанның несі айып, Аузына салып, періштесі шығар дем берген

Ш. Күмісбайұлының «Райымбек, Райымбек!» кітабы оқиға сюжетіне лайықтап салынған суреттермен безендірілген. Жас оқырманды өзіне тартатын мәтін мен сурет өзара үйлесім тапқан. Оқиға әр бөлімде ширап, дамып отырады. Батырдың кесек

тұлғасын, жорықтағы ерлігін, өмір дерегін барынша нақты әрі көркем тілмен жеткізе білген.

Автордың «Аруна» баспасынан «Шығыс ұлылары» топтамасымен шыққан тағы бір туындысы – «Шақшақұлы Жәнібек». Тарихта белгілі тұлға Шақшақұлы Жәнібектің ерліктері мен өмір жолы суреттелген бұл кітапта жас оқырмандар үлгі алатын эпизодтар бар. Шығармада, ең әуелі, тек, адамның түп-тамыры ерекше сипатталады. «Тфә, тфә, тілім тасқа! Жәнібектен елді қорғар батыр шықпаса, көр де тұр. Әйтпесе, жұртты аузына қаратқан би атанады, тұқымында бар ғой» [3; 4], – деп үлкендердің сөз етуінен-ақ Жәнібектің батырлығы атасы Шақшақ батырдан дарыған қасиет екенін аңғаруға болады. Бегасыл әулиенің «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген өлең жолдары да осыны меңзесе керек. Автор бірінші бөлімін «Батырлық бабадан дариды» деп қоюында да үлкен мән бар. Жас оқырмандардың ата-тегін білуіне, олардың жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша әсер етуге тырысады. Шақшақ батырдың өмірін, ерлігін суреттеу арқылы атадан балаға дарыған қасиетті дәріптейді.

Шығармада түс көру мотивін пайдаланған. «Түс» бөлімінде Жәнібектің түсінен шошып оянып, түсін Абылай ханға жорытуы суреттелген. Жәнібектің түсін Абылайдың жоруында да мән бар. «Түсіңіз түс-ақ екен. Мұнан артық қандай жақсы түс болсын. Ол сізді түсіңізде шаншып түсірсе, сіз оны өңіңізде атынан аунатасыз. Ол түсіңізде кеудеңізге мінген екен, сіз өңіңізде оның кеудесіне қонақтайсыз. Қанжарды сіз ұстайсыз. Ал оң емшегіңізді емген айдаһар – ұлыңыз, сол емшегіңіздегі – қызыңыз. Қыздан туған жиеніңіз өзіңізге тартқан айбынды ұл болады екен. Өсіп-өнесіз, батыр. Ұрпақтарыңыз ту ұстап туады. Осы жекпе-жек даңқыңызға даңқ, абыройыңызға абырой қосады», – деді Абылай» [3; 55] деген мәтіннен қазақтың ертеден келе жатқан түс жору дәстүрі сипатталады. Түсті де кім көрінгенге жорытпай, арнаулы түс жори білетін адамдарға жорытқанын автор оқиғалар тізбегі арқылы жеткізеді. Абылайдың түсін жоруы, жекпе-жекте Жайсанды жеңуі Абылайдың жоруымен дәл келуі арқылы түс жорудың да өз тәртібі бар екендігін балаларға жеткізеді.

Шығармада өзге шығармаларда жиі ұшырасатын сюжет те бар. «Жәнібек батыр шатырдың ішінде тәтті ұйқының құшағында жатқан. Бір кезде денесін жыбырлатқан әлденеден секем алып көзін ашса, ұзын қарашұбар жылан кеудесі мен басына қарай жылжып келе жатыр екен. Шошынып, әлдебір қимыл жасаса, айбарлы шұбар шағып алары анық. Қолма-қол шұғыл шешім қабылдауға мәжбүр болды. Ол – шұбар өтіп кеткенше қимылсыз, өлген адамның кейпіне еніп сұлқ жату. «Қауіпті қайдан күтсең, содан келеді» демекші, шұбар жылан жайлап ирелендеп келіп, Жәнібектің аузына басын сұға берсін. Осы кезде батыр жыланның басын қапыл қыршып алып, түкіріп тастайды» [3; 56]. Осы секілді сюжеттер тарихи шығармаларда кез келген батыр образын ашатын тұстарда жиі ұшырасады.

Кітаптың соңында «Сөз соңы» деп Жәнібек батырдың өмір дерегінен бірсыпыра сыр шертіп, оның шешендігі мен ел аузында сақталған көсемсөздерін баяндауы балаларға батыр тұлғасын толықтай тануға, батырдың әрекетінен үлгі алып, практикада керектенуге баулиды.

Қазақы таным-түсінікте жылқы малының орны, қасиеті бөлек. Тіліміздегі көптеген сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер мал шаруашылығымен тікелей байланысты болса, соның басым көпшілігі жылқы малына қатысты. Оның ішінде

жүйрік атты ерекше құрметтеген. Батырлар жырының өзінде батырдың өмірге келуі мен өсуі ерекше сипатталса, сонымен қатар оның сәйгүлігі де дәл солай сипатталып, батырдың серігі ретінде, жеңіске жетуіне бірден-бір себепші болып суреттеледі. Одан бөлек, жекелеген авторлардың шығармаларында жүйрік ат сипатталмаған жазушы мен ақын кемде-кем. Шәкен Күмісбайұлының «Бәйгеторысы» да сондай шығармалардың қатарын толтырады. Бұдан бөлек бізге Әбіш Кекілбаевтың «Бәйгеторы» повесі мен жас ақын Шерхан Талаптың «Бәйгеторы» өлеңі белгілі. Үш шығармада да шашасына шаң жұқпас жүйрік суреттеледі. Ә. Кекілбаев шығармасында жылқының психологиялық ерекшелігі терең сипатталса, Ш. Талап өлеңінде жылқы мінезі қысқа да нұсқа түрде поэтикалық сипат алған. Ш. Күмісбайұлының «Бәйгеторысының» ерекшелігі балаларға арнап жазылуында. Бұл шығармада психологизм де, поэтикалық сипат та бар, әйтсе де балалар тіліне, балалар танымына лайықтап жазылған. Ә.Кекілбаев шығармасында оқиғалар үшінші жақта Бәйгеторы тарапынан баяндалса, Ш.Күмісбайұлы шығармасында үшінші жақта Секен тарапынан баяндалады.

Оқиға Торыны бәйгеге жаратуынан бастау алып, аттан бұрын адамның толқуы, қалай болар деген ішкі үміті мен күдік арпалысы қатар суреттеледі. Оқиғаға поэтикалық шегініс жасау арқылы уақыт пен кеңістік Бәйгеторыны Секенге Әуесбай қарияның сыйға берген кезеңіне ауысады. Бұл арадан көнені көрген қарияның мәрттігі, жомарттығы көрініс табады. «Әй, балам! «Ер қаруы – бес қару» деген. Соның бірі – жылқы. Қазақ атамыз жақсы көрген адамның құлы. Анау торы тайды көрдің бе? Әуесбай деген ақсақалға «ассалаумағалейкум» деп сәлем беріп ем, сол мінгізді дерсің. Мал сенікі, ал, – деді.

– Ата, рақмет. Алмаймын, – деп мен қысылып-қымтырылып едім.

– Үлкен кісі берген сыйдан бас тартпа, балам. Қане, бері жақында, – деді ол Торы тайды белдеуінен шешіп жатып. Жақындап барып едім, Әуесбай қарт мені «ау!» деп Торы тайдың үстіне қондыра салды. – Ал, балам, көпті көрген көненің бірі едім, осы торы тай жаман мініс бермес. Тфа, тфа. Қарт жерге түкірді. – Өзінде жақсы аттың тұрқы бар. Көрмейсің бе, төменгі ерні салыңқы, танауы кең, маңдайы жазық, сирақты, қаратұяқ, дөңгелек өкше. Әлі өсе келе нағыз дүлдүлдің өзі атанады. Бар, жолың болсын! Қорықпа, үрікпейді...» [4; 60]. Шығармада ұлттық танымға сай екі түрлі қасиет көрініс тапқан. Біріншісі – мәрттігі. Ауылына келген құдасының ұлына сәлем бергені үшін ат мінгізу – асқан мәрттік пен жомарттықтың көрінісі. Абай айтқан «жуанмәрттіктің» сипаты. Екінші бір көрініс – аттың сынын айтуы. Құлынды бие ішінен таныған сыншылар қазақтың атбегілігінің көрінісі. Жылқы тақырыбы суреттелген қай шығарманы алсақ та, сыншылық қатар сипатталады. Әр сыншының жылқыны тану қасиеті де әртүрлі болып келеді. Бұл да қазақ даласында сыншылық мектептің көп болғандығының бір көрінісі. Қалалық өмірге бейімделген бүгінгі күнде балаларға мұндай шығармалар оқыту сананы қайта жаңғырту болмақ. Атқа қатысты ұғымдар мен түсініктердің, сөз қолданыстардың ұмыт бола бастауы – тамырымыздан ажырап бара жатуымыздың бір көрінісі. Ондай олқылықтардың орнын толтырудың бірден-бір жолы – осындай шығармаларды көп дәріптеу.

Мәтінде «Онымен бірге мен де шідерлі торының жанынан аттап басып шықпай қойдым» деген сөйлемді көзіміз шалды. Әйтсе де қазақ ат баптау өнерінде бәйге атының төрт аяғы мен тұяғын аялап күткен, барынша мән бергені атбегілік өнерден белгілі. Бәйгеге жаратып жүрген атты шідерлеу логикаға сәйкес келмейді. Сондықтан, автордың «шідерлі торы» деуінде логикалық қателік бар.

Автор шығарманың мәнін ашуда, көркемдігін арттыруда интертексті пайдаланған. Секеннің баяндауында Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы:

Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік.

Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншек.

Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,

Құндыздық қалай біткен құйрыққа дөп [4; 63], – деп келетін Күреңбайдың Құлагерді сынағандағы шумақтары Ш. Күмісбайұлының шығармасында орайлы пайдаланылған. Бұл шумақ торының сынын келтіруде біршама үлес қосады.

Шығармада бірнеше рет қайталанатын ұлттық кодқа тән ырым-тыйымдардың бірі – «ауылға қарай шаппау», «үйге қарай шаппау» сөйлемдері бірнеше жерде кездеседі. Ауылға қарай шабу қаралы хабардың белгісі екендігін автор шығармасында осылай білдіреді. Бұл тыйым Ш. Күмісбайұлының «Қабанбай батыр» және басқа да шығармаларында кезігеді. Автордың қайталау әдісін жиі пайдалануы тыйымның оқырман санасында жақсы сақталуына негіз болады. Бүгінде ұмыт бола бастаған ырым-тыйымдардың бірсыпырасы Ш. Күмісбай шығармаларында бой көрсетеді.

Қазақтың жылқы малын ерекше құрметтеуінің бір көрінісі торыны Алматыдағы бәйгеге жеткізуінде суреттелген: «Айнабұлаққа дейін үш күн жол жүрдік. Есімбек аға «Торыны машинаға тиеп апарамыз» дегеннен үзілді-кесілді бас тартты.

– Кеудесінде жаны бар жануарды қайтып қана машинаға тие дейсіңдер. «Ет комбинатына өткізетін малым емес. Бәйгеге қосатын Торымды өйтіп қорлай алмаймын» деп қатты кетті» [4; 77]. Төрт жүз шақырым жерді артқа тастап бәйгеге баруы ерте кездерді еске түсіреді. Ерте кездерде үлкен бәйгелерге тұлпарларды жетегіне алып айшылық жерден келу әдеткі жағдай болған. Ол уақытта атты жол жүре жаратып отырған, мықты атбегілер оның да қыр-сырын жетік меңгерген. Атты ұзақ жолда титықтатып, зорықтырып алмаудың түрлі тәсілдері болған. Атбегілік өнердің қыр-сырын қысқа да, нұсқа түрде түсіндірген профессор, фольклортанушы ғалым З. Сейітжановтың мақаласынан көп деректер кезіктіруге болады [5]. Шығарманың шешімінде бәйге аты туралы ел арасына кең тараған аңыздың детальдары пайданылған: «Әй, жігіттер. Торыға жасар, соңғы жақсылығым болсын. Аттарыңа мініңдер де, дәл мына тұстан дауыстап, құйғытып бір шауып өтіндер. Өлер шағында Торым бір сілкініп қалсын», – деп кемсеңдеді.

Аттарды қамшылай айдап, қиқулап Торының жанынан өте бердік. Мұндай ғажапты көргенің бар ма, сатырлаған тұяқтың дүбірі мен адамдардың дауысын естіген Торы кенет орнынан атып тұрып, кісінеп жіберіп, шайқала жөнелді» [4; 84-85]. Сүйегін сүйрете алмай дәрменсіз жатқан тұлпардың қиқуға құлақ түріп бір серпілуі батпаққа белуарынан батып қалған тұлпардың, қасынан дүбірлеп өткен жылқының шабысын естігенде суырылып шыққаны туралы аңызбен детальдық байланыстар бар. Бұндай детальдар жазушы Құрманжан Қасымжанұлының «Киізқұйрық қара айғыр» атты әңгімесінде де кездеседі [6].

Отанның, отбасының, туған жердің қадірін оқырман санасына жеткізу, ойлаған ойдың үддесінен шығу жолында «Атамның аманаты» әңгімесін автор кейіпкердің баяндауында береді. Осылайша, өзінің негізгі идеясын, мақсатын, бет пердесін Бөлентай образына жасырып, өзі сырттан бақылаушы ретінде қызмет атқарады. Бұл шығармада автор бейнесі айқын көрінбейді, кейіпкерлердің іс-әрекеті негізінде оқиғалар өрбіп отырады. Шығарманың негізгі идеясы ата-бабасының сүйегі жатқан

ауылдан аулаққа кетпей, туған топырақта түтін түтеткенге жететін бақыттың жоқтығын меңзейді.

Шығармада атасына еркелеп құлындай қасына еріп жүрген Бөлентай бейнесінен де автордың бет-бейнесі көрінетін сәттер кездеседі. Шығарманы оқу барысында автордың балаларға туған жердің қадірін түсіндіруге тырысқан еңбек болып көрінгенімен, оқиғалардың құрылымына қарап автордың ішкі қыжылын көруге болады. Шығармадағы оқиғаның негізгі өрбіген орны, географиялық аймағы – Байтулақ баба бейіті. Байтулақ баба – тарихта белгілі тұлға. XIX ғасырда өмір сүріп, елін, жерін жаудың табанына таптатпай қорғаған батыр болған. Батырдың өмір сүрген аймағы қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданы. Бейіті де сол ауданның Қаракөз ауылының іргесінен орын тепкен. Ш.Күмісбайұлының кіндік кескен жері, өскен ауылы. Автордың ішкі қыжылы осы арадан басталады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде талай бейбаққа пана болған, бас сауғалаған адам ішінде түнеген батыр бейітінің төбесі опырылып түскен бүгінгі күйін суреттейді: «Байтулақ бабаның бейіті өткен күннің белгісі боп айдалада, төбенің үстіне орын теуіпті. Сүйірлене біткен төбесі мүжіліп ішіне түсіп, омырайып тұр. Ел жылқы құйрығының қылын балшықпен араластырып құйған деседі. Бірақ уақыт өз дегенін жасапты» [7; 8]. Бір кездері еліне тіреу болған батыр бейітінің іргесі сөгіліп, төбесі опырылып жатқанына, қайта жөндеу көрмегеніне қамығуын мәтінге жасырған. Бұл арада кейіпкер бейнесі Бөлентай емес, автордың бет-бейнесі көрінеді.

Шығармадағы балық аулау, жар басындағы жүріс – бәрі көмекші детальдар ғана. Оқырманды оқиғаға елітіп, негізгі идеяны сіңіруші құрал. Балалар балық аулауға қолайлы жер іздеп Байтулақ батыр үңгіріне келеді. Жаугершілік заманда халықты жау қолынан аман алып қалған, ел-жұртты жасырған үңгірді автор «анау Байтулақ батырдың үңгірі» деп баяндаса, оқырманға динамикасыз мәтін ешқандай қызығушылық бермесін түйсініп балық аулаушы балалардың әрекеті арқылы жеткізеді. Ш.Күмісбайұлы тарихи орындарды хатқа қалдырудың түрлі тәсілдерін қолдана білген.

Шығармадағы алдыңғы планға шыға бермегенімен, әңгіменің негізгі жүгін көтеруші кейіпкер Бөлентайдың атасы, қартайған қарияның өткенін, сиреп қалған қатарын ойлап, көпшілігі бақиға аттанған құрдастарының төбешік болған топырақтарына құран бағыштауында философиялық мән бар. Қарияның қатарын сағынуы, бала-шағаның ортасында отырса жалғызсырауы, шер тарқасатын, сыр айтысатын қатарының жоқтығына күрсінісінен автор бейнесі көрінеді.

Ауылда туып, буыны бекіп, бой түзеп, нағыз қарым-қайратын көрсететін шақта жыраққа кететін жастардың әрекетіне реніш танытады.

«Түсінгенің дұрыс. Ғазиз сияқты шу асау құйрық, басың ауған жаққа тартып кетіп жүрмейсің бе?» [7; 11]. Бұл диалогта Ғазиз образы бір ғана сөйлемде бейнеленгенімен, тіршілік жолына түсіп, оқу қуып әр бағытқа бет алған жастардың бейнесі суреттелген.

Шығармада Ш.Күмісбайұлы кейіпкерлердің диалогы, әрекеттері арқылы өзінің ішкі сағынышын, арман, мақсатын да алдыңғы фонға шығарып отырады. Осы арқылы оқырманын өмірдің өткінші екендігін баяндап, туған жерін барынша жақсы көруді, бір-біріне мейірімділік танытуды, аманатқа қиянат жасамауға шақырады. Әңгіменің негізіне арқау болған балалар мен қария арасындағы байланыс, шабындық

жер шалған қарияның ескі бейіттерге жиі келгіштеуі, адамның балалық шағы мен қартайған шағындағы ұғым мен түсінікті параллель суреттейді. Бөлентай мен Төкен қамсыз, уайымсыз балалықтың бал дәмін татушылар, оларға қарттары сиреген ауыл, қатары молайған молалар ешқандай да әсер етпейді. Асыр салған балалық көңіл бір орында байыз таптырмайды. Ал Бөкентайдың атасы өмірдің барлық қызық-шыжығын кешіп, жасарын жасап, асарын асаған, төрінен көрі жақын шағы. Жастық жалынның қоламтасы да қалмаған қарттың ішінде қат-қабат болып қатпарланған ойлар ғана бар. Ұзақ өмір жолының естеліктерін көңіліне медет тұтқан қарияның әр сөзінен өмір пәлсапасы көрінеді. Автор мәтінді күрделі құрастырмай, бала танымына сай жазғанымен негізгі өзегі, көтерер салмағы ауыр туынды.

Автордың назар аударатын шығармаларының қатарына ертегілерін де жатқыза аламыз. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа баулитын, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелейтін «Иесіз қаламсап пен дәптер», «Ағаштар, адамдар, табиғат – ана туралы ертегі», «Гүл мен нұр» секілді ертегілері – оқуға жеңіл, бала тіліне лайықтап жазылған шығармалар. Бір жағы баланың қиялын дамытуға, арман-мақсатына құлаш сермеуге баулитын мұндай ертегілер қазақ әдебиетіне қажет. «Өмір, уақыт және адам» ертегісі – баланың танымын кеңейтіп қана қоймай, әр мезгілді, әр сәтті сүюді, уақытты тиімді пайдалануды, өмірге өкпе айтпауды насихаттайтын ертегі. Ертегінің сюжетін балаға қызықты етіп баяндаумен қатар, қазақы танымға тән сөз тіркестерін мәтін арасында орайлы қолдана білген. Балаларға тату болуды, шыдамдылықты үйрететін, кеудемсоқ мінезден аулақ болуға шақыратын «Шатақ шырпы» ертегісі. Бір ғана жаңсақ әрекет бүкіл дүниені күйрететінін бір шырпының әрекеті арқылы баяндайды автор. Күлі көкке ұшқан қойманың тағдыры алауыздықтан туындайтынын меңзеген автор шығарманың соңын «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» деген сөз осыдан қалған екен!» [7; 313] – деп түйіндейді. Бұл арқылы мақтаншақтық пен кеудемсоқтықтың, алауыздықтың ешқандай опа бермейтінін тұспалдайды.

«Гүл мен көбелек» ертегісі – балаларды нәзіктікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, сүйіспеншілікке баулитын ертегі. Гүл, ара, көбелектің әрекеттерінен құралған бұл ертегі жігіттердің мінезі қандай болу керек екендігіне тоқталады. Автор ара мен көбелекті салыстырмалы баяндау арқылы екеуінің де артықшылықтары мен кемшіліктерін адам мінезіне байланыстыра отырып суреттейді. Бұл арқылы жігіт батыл, қарулы, мінезді болуы керек екенін, сонымен қатар бойында мейірімділіктің үлесі қажеттігін атап көрсетеді. Гүлдің тәкаппарлығын, көбелек пен араға сын көзбен қарауын автор қыз бойындағы назды, қызға қажет тәкаппарлықты, асқақтықты сипаттайды. Сүйдім дегенге қолын ұстата салмай, салмақпен, ақылмен шешім қабылдауға шақырады.

Қорыта келгенде Шәкен Күмісбайұлы – бар ғұмырын балаларға арнаған қаламгер. Балаларды тарихты білуге, өз ата-бабасының ерліктеріне сүйсініп қана қоймай, өздері де солардай болуға тырысса деген ниеті көрінеді. Қазақтың тарихи тұлғаларының образын жасауда бала күнінен бастап, батыр атанғанға дейінгі аралықты жазу арқылы автор жаңа өсіп келе жатқан буынның бойына батырға тән мінез бен жақсы қасиеттерді дарытады. Өзге де қызықты әңгімелері мен ертегілері – баланы жақсылыққа тәрбиелейтін шығармалар. Автор қаламынан туған әр туынды барынша кестелі жазылған. Бүгінгі күні балалар оқуға тиіс соны шығармалар.

Әдебиеттер:

1. Күмісбайұлы Ш. Райымбек батыр. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна» баспасы. 2006. – 92 бет
2. Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар; Құраст.: Б.Айдарова. – Алматы: Жазушы. 1989. – 496 б.
3. Күмісбайұлы Ш. Шақшақұлы Жәнібек. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2005. – 96 бет.
4. Күмісбайұлы Ш. Ызғырық соққан жыл. – Алматы, «Балалар әдебиеті», 2014. – 9Т.1. – 320 б.
5. Сейтжанов З. Қазақтың бәйге атын баптау өнері. // «Арғымақ» сайты – 2019. (<https://argymaq.kz/archives/7000>)
6. Қасымжанұлының Қ. Киізкүйрық қара айғыр. // «Арғымақ» сайты – 2020. <https://argymaq.kz/archives/7844>
7. Күмісбайұлы Ш. Гүл мен нұр. – Алматы, «Балалар әдебиеті». 2014. – Т.3. – 320 б.

ЖАҚАУ ДӘУРЕНБЕК (1946 жылы туған)

Балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Жақау Дәуренбек Қызылорда облысы, Арал ауданы, Үшкөл елдімекенінде 1946 жылы қаңтардың жиырма бірінші жұлдызында дүниеге келген. Жастайынан жазу-сызуға машықтанып, жиырмаға толар-толмас жасынан бастап туған ауданының «Толқын» газетінде әдеби қызметкер болған. Еліміздің өзге де газет-журналдарында жауапты қызметтер атқарып, өзінің таланты мен қажырлы еңбегінің арқасында еліне танымал, соңынан шәкірт ерткен аға-жазушылардың қатарына қосылды. Автордың алғашқы жинағы жиырма төрт жасында «Жазушы» баспасынан «Бөгенауыл балалары» деген атпен жарық көрді. Одан бөлек «Алғашқы сабақ» (1971), «№28 комсомол билеті» (1978), «Шұғыла шақ» (1980), «Ауылым – алтын бесігім» (1985), «Саяқ» (1979), «Күн ұясы» (1984), «Бір нәзік сәуле» (1989), «Айтыңыз құтты болсын» (1993), «Менің елім – Қазақстан» (2001), «Ойдауа» (2007), «Жағалау» (2007), Шығармаларының үш томдығы (2006–2008), «Шағала» (2008), «Қолтаңба» (2019), «Ойдауа» (2020) атты кітаптары оқырманға жол тартты. Тек жазумен ғана шұғылданып қоймай өзінен бұрын өмір сүрген белді қаламгерлердің кітаптарын құрастыруға да күш салды.

Ж. Дәуренбектің тырнақалды еңбектері балаларға арналған 40-50 бет көлеміндегі жұқа ғана кітапша болып басылып шықты. Шағын ғана әңгімелер мен повестерден тұратын бұл кітаптар балаларға таптырмас базарлық десе де болады. «Алғашқы сабақ» әңгімелер жинағы «Кішкентай адамның көзімен», «Күлкілі менің күндерім» атты екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімді автор «Кішкентай адамның көзімен» деп атауында да үлкен мәні бар. «Баланың көзімен», я болмаса «Бүлдіршіннің көзімен» деп қойса, тарау мұндай тартымды болар ма еді. Яғни, әр бала бір-бір адам, бір-бір тұлға және олардың дүниеге деген көзқарасы, қорытындылары да ірі. Автор сондай сәттерді сүйкімді суреттей білген. Эпистемологиялық процестің қалай жүретіндігін, оның бала бойынан қалай көрінетінін мәтін арқылы жеткізуде Ж. Дәуренбектің тәсілі де, әдісі де бөлек. Автор бала танымына тән қабылдауында астрономиялық, геологиялық, лингвистикалық, дендрологиялық, оринтологиялық т.б. ғылымдардың барлығының ерекшеліктерін ашып, әр әңгімесінде бір элементке басымдық беріп отырады. Бала танымына тікелей әсер ететін, күтпеген шешім шығаратын әңгімелері жетерлік. Күнделікті өмірде балалар түрлі сұрақ қойып, ойламаған жауаптар беріп жатады, біз оған мән бермейміз. Кейде біреу жаттатып қойғандай жауаптар қайтарып жатады, бұның барлығы эпистемологиялық процестің әсері. Бала күніне айналасынан мыңдаған дүниелерді қабылдайды және оны әр бала әртүрлі қорытады. Автор бала қабылдауындағы ерекшеліктерге мән беріп, кейіпкерлер арқылы үйлесімді баяндай білген.

Адам баласы ғасырлар бойы аспан денелерімен тығыз байланыс жасап келеді. Ежелгі аңыздар мен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде «Күнді» адамдар ерекше құрметтегеніне көз жеткіздік. Көшпелі қазақ өмірінде жұлдыздардың атқаратын рөлі маңызды болған. Бүгінгі таңда ұмыт болып қалған дәстүрлі астрономиялық білімді Кеңес үкіметінің отарлау саясатына дейін жаппай қазақ баласы білді, тұрмыста еркін пайдаланды. «Жұлдызың сөнбесін», «Айы оңынан

туды» т.б. тұрақты тіркестердің пайда болуы да қазақ баласының аспан денелерімен тығыз қарым-қатынаста болғанын көрсетеді. Өсіп келе жатқан жас баланың түнде жанған шоқ жұлдыздарға қарап түрлі ой, түрлі теңеулер айтуы қалыпты жағдай, мұның барлығы қызығушылықтан туындайды. Асылында, баланың осы бір қасиеті өсе келе бәсеңдеп, көмескілене түседі. Бала қиялы ұшқыр, бала қиялы небір теңдессіз, баламасыз дүниелерді жеткізеді, айтады. Ж. Дәуренбек шығармасында «Жұлдыз», «Жасырынбақ», «Құмарбек космонавт» әңгімелері астрономиямен тікелей байланысты. «Жасырынбақ» әңгімесінде Болатбектің батқан күннің қайда кеткеніне ойлана келіп атасына: «Қорықпай-ақ қой. Күннің қайда кеткенін таптым. Жасырынбақ ойнайды, көрдің бе таудың артына жасырынғанын?!» [1; 5] – деуінде Болатбектің күннің батуын тікелей ойынмен байланыстыруы – эпистемологиялық процесстің бір заңдылығы. Баланың қоршаған ортаны қабылдауын философиялық тұрғыдан қарастырсақ, бір затты мүлдем басқа дүниелерге ұқсатуы творчествоның жемісі деуге болады. Бұл баланың ата-бабасынан келе жатқан дәстүр, салтына, тұрмысына, күнделікті қолданыстағы заттары мен көрген-түйгенімен астасып жатады. Барлық заттар баланың танымына әсер етеді. Ғалымдар таным теориясын табиғатпен тікелей байланыстырады. «Егер табиғат өзінің алғашқы кезеңінде санасыздықтан – саналылыққа, объективтіліктен субъективтілікке қарай өтсе, ендігі жерде таным процесі саналылықтан – санасыздыққа, субъектіден объектіге қарай бағыттталып, өзінің бұрынғы өткен дәуіріне шолу жасайды... Осындай диалектикалық процестің нәтижесінде парасат санасыздық пен саналылықтың, объекті мен субъектінің тепе-теңдігін ашты. Сөйтіп, парасат творчестволық дәрежеге көтерілді» [2; 74] деген Шеллингтің пікірін негізге алсақ, бала танымы да өсу-толысу кезеңінде өзіне беймәлім дүниелерге қиялы арқылы жауап іздейді, өзіне мәлім және беймәлім ақпараттардың қосындысынан жаңа дүние туындап, бала санасы да творчестволық дәрежеге көтеріледі. Соның нәтижесінде түрлі-түрлі жауаптар айтып, адам ойламаған теңеулер келтіреді. Бұны Гегель абстрактілі ойлаумен түсіндіреді.

Баланың көргенді, естігенді қабылдауы басым. Ауыспалы мағынадағы сөздерді іріктеп жатпай, тура мағынасында түсіну де балаға тән ерекшелік. Бұл біздің күнделікті тұрмыста жиі қайталанғанымен бажайлап қарап, мән беріп жатуымыз шамалы. Автордың «Күз» әңгімесінде шешесі Маратқа:

«– Марат, ау Маратжан? Далада жел бар ма? Тыныш болса малды сыртқа байлайын.

Марат әрі қарады, бері қарады. Күзгі күннің манаураған қалпы.

– Жел жоқ-ау деймін, көрінбейді, – деді» [1;13]. Шағын диалогтан бала психологиясын дөп басып тануға болады. Немесе «Ұйқы сұрау» әңгімесінде «Алтай әлдеқашан ұйықтап қалған... Балабақшаға баратын Мұрат ояу... Осы кезде Алтай бір аунап түсті де, бірдеңе деді.

– О, не, ә? – деп елең ете қалды Мұрат.

– Отыр жөніне, ұйқысырап жатқаны ғой, – деді әжесі.

– Мә-ә! – деп таңданды Мұрат. – Ұйықтап жатып ұйқы сұрағаны несі?!» [1;14].

Баланың танымын, баланың түсінігін бұдан артық қалай жеткізуге болады? Өмірдің ақ пен қарасын, ыстығы мен суығын әлі танып үлгермеген балаға көп нәрсеге ата-ана мектеп екенін автор осындай шағын ғана әңгімелер арқылы жеткізеді. Желдің есетінін, оның көзге көрінбейтінін бала санасына түйгізу, табиғи заңдылықты түсіндіруде эпистемологиялық білімді балаға үйретудің ең қарапайым әдісін қолданады. Сөздердің мағынасын, оның құрылымын, естілуін мәтінді ойнату

арқылы жеткізеді. «Ұйқысырау» мен «Ұйқы сұраудың» арасындағы айырмашылықты бала қалай, неден үйренеді? Осындай қарапайым ғана сөздің астарына үңілту арқылы баланың салыстырмалы қабілетін, логикасын дамытып, ойлау қабілетін арттырады. Сөздің мағынасын түсініп, тілдік қорын да көбейте түседі.

Табиғаттың тылсымдары мен күнделікті өмірдің қыр-сырлары жапсарласа, жарасымды суреттелген «Кино», «Көктем көзі», «Құмарбек космонавт», «Қатты таяқ», «Күнделік» сынды әңгімелері де бала психологиясын дөп басып суреттеген шығармалар.

Екі-ақ сөйлемнен тұратын «Күнделік» әңгімесінде баланың сабаққа немқұрайдылығы мен үлгерім қабілетінің төмендігін сипаттау мен тура мағынадағы «толу» сөзін параллель көрсетеді.

«– Аманның күнделігі екіге толыпты...

– Толса неге төкпейді ол, ә-ә?» [1;8]

«Алғашқы сабақ» жинағы советтік цензура уақытында жарық көргендіктен, сол идеологияны танытатын шығармалар да ішінара кездеседі.

Ж. Дәуренбектің жастық шағында жарық көрген кітаптарының бірі – «Саяқ». «Саяқ» повесі мен әңгімелерден құрастырылған кітап шағын ғана жинақ болып шыққан. «Саяқ» повесінде соғыстан кейінгі жылдар суреттеледі. Пролог-диалогтан басталып он төрт тарау, эпилог-диалогпен қорытындыланған повестің басты кейіпкерлері ауыл балалары – Елтай, Бақай-Тыран және Алатай. Соғыс ойынына қызыққан балалардың жоспарын Елтайдың атасының шабындыққа барамыз деген бұйрығы бұзады. Әйтсе де, балалар шабындық басында қызығушылықтарын жалғастырып тыңшылық құрады. Барлау барысында балалар Шерлок Холмс пен комиссар Мегрэннің образына кіреді. Автор осы образ арқылы балаларды тың идеяларға жетелейді. Соғыс ойыны, барлаушылық сынды сюжеттер қазақ әдебиетінде соғыстан кейінгі жылдары лек-легімен жазылғаны белгілі, әр автор жаңаша бағытта, тың идеяда шығармалар жазып, соғыс зардабын, әсерін барынша ашып көрсетті. Халықтың жүрегінде қатқан құсаны шығармалары арқылы жібітіп, елдің мұңын мұндауға ұмтылды. «Саяқта» сондай шығармалардың бірі. Шығарманың шешіміне келгенше неліктен атауын «Саяқ» деп қойды деген ойдың ұшығын шығара алмайсың, балалардың әрекетіне құрылған шығарманың шешімінде барып тақырыптың мәні ашылады. Достық пен татулыққа үндеген, бейбітшілікті дәріптеген шығармада соғысқа лағынет айту бар. Балалардың соғыс ойынын ойнауды жаман ырымға балап, кейіпкерлердің әрекеті бойынша тыюға тырысқан.

«Балалардың сондағы айтқаны:

– Одан арыға айтқымыз келмейді. Оның несі қызық? Біртүрлі көңілсіз...

Ауылда қазір бұл жайында ауызға алмайды. Еске түсіргісі келмейді.

... Тек сол күнгі ауылдың қиналғанын көрсен: жұрттың бірі сенсе, бірі сенбеді.

Сол күнгі ауылдың күрсінгенін көрсек: қабағы түскен жұртқа қарау қиын болды.

Сол күнгі ашу-ызасын естісең: «Көрсетпегенің қалмады-ау, атаңа нәлет қу соғыс!»

– десті.

Арғыбеттіктер не болды дейсіңдер ғой? Соғысымыз болмай қалды. Өйткені:

– Соғыс ойын емес екен!

Біз сондай тоқтамға келдік» [3; 44] – деп авторлық идеяны кейіпкердің пікіріне жасырып, балалардың диалогы арқылы тұжырымдарын нықтап, ойын қорытындылаған. Соңғы түйінінде «Біз сондай тоқтамға келдік» деп аяқтауында

философиялық мән бар. Автор кейіпкер идеясын оқырманның жалғастыруын меңзейді, «оқырман, сен қандай тоқтамға келдің?» деген заңды сұрақ мәтіннің астарында жасырынады.

«Саяқ» кітабында повестен бөлек «Сабақтар» атауымен топтасқан жеті әңгіме берілген. Ауыл өмірінің әр күні бір-біріне ұқсамайтын жеті әңгімеге өрнектелген. «Жол» әңгімесінде ауылға келген ұстаз бейнесі суреттеліп, білімді де білікті ұстаздың балаларды иіріп әкетіп, сан түрлі ойдың шөнетіне шомылдыруы суреттелген. «Қиын есеп» әңгімесінде адамды нәзіктікке, мейірімділікке баулып, гуманистік идеяны білдіреді. Есеннің қиын есепті шығара алмай атасына келіп есепті оқуына тоқталайық:

«Қырға бардық. Қырдан әртүрлі гүлдер тердік. Менің терген гүлдерім жиырма тал. Жолда қайтып келе жатқанда бір кісі жолықты. Ол гүл шоғын сатуды өтінді. Сен екі талын бір сомға саттың. Сонда өз қолыңдағы гүліңнің әр талы неше тиын болғаны», – дейді.

– Пәлі, осындай да есеп бола ма екен?

Атасы басын шайқап таңырқанды. Атасының сөзіне Есен де аңырады.

– Жаз, ендеше, жауабын! – деді сосын атасы. – Гүлді сатпайды, сыйлайды де. Ұқтың ба?» [1; 47] Бір қарағанда қарапайым мәтін болып көрінгенімен, адамды нәзіктікке, сыпайылыққа шақырады. Кейіпкерлердің бірі қарт кісі болса, енді бірі ер бала болуының да мәні бөлек. Мейірімділікті ту еткен автор гуманистік идеяны кәрі қарттан жас балаға дейін ұстану керек деген ұғымды білдіру арқылы ойын тұжырымдайды. Әңгіменің соңында есепті қате шығарса да, адамдықты бойына сіңірген тұлға ешқашан жаман жолға аяқ баспайтынын Есеттің болашағына зор үмітпен қарауы арқылы жеткізеді.

Автордың жазушы болып қалыптасуына журналистиканың әсері мол. 1971 жылы қазіргі ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітіріп, журналистика саласының қыр-сырын жетік меңгеріп, сол салада бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Замандастары мен замана бейнесін көрсеткен «Шұғылалы шақ» очерктер жинағы – жазушының сол заманның көрінісін баяндаған еңбек. «Ауылым – алтын бесігім» кітабы – туған ауыл, өскен топырағынан түлеп ұшып, елге елеулі еңбектер атқарған азаматтардың өмір жолы мен бағындырған белестері баяндалған еңбек. Осы кітаптарға қарай отырып автордың қарымды қаламгер болып қалыптасуына журналистиканың тигізген үлесін анық көре аламыз. Публицистикалық стильде жазылған еңбектерінде де жастар өнеге аларлық тұшымды дүниелер бар.

«Тыныштық неткен мұңды едің» әңгімесі үш бөлімнен тұрады. Соғыс уақытын, қалжыраған халықтың хал-ахуалын, күйзеліске толы күндер мен арпалысты сәттерді арқау еткен шығарманы оқырман бір мұңайып, бір жымылып оқиды. Соғыс тақырыбын, сол уақыттағы халықтың жай-күйін жеткізуге ұмтылмаған қаламгер кемде-кем. Әр автор әр қырынан танытуға тырысып бақты. Ж. Дәуренбек соғыс тұсындағы халықтың бейнесін үш қырынан ашып беруге тырысады. Жұтаған жұрттың қолындағы барын басқаға бөліп беруін, аузынан жырып өзгеге үлестіруін баяндаған «Қызыл бастақ» бөлімінде жығылғанға жұдырық болып, ертең бұзауласа уызға жарымыз деп күтіп отырған тайыншасын тәркілеп Украинаға жіберуі, ол жақтағы аш құрсақ отырған халықтың қазақ даласынан барған көмекке ризашылық білдіріп хат жолдауы баяндалған бөлімде оқырман іштей екіұдай күйге ұшырайды. Біріншісі, өзге халықтың күйзелген шағында қол ұшын беріп, барымен бөлісуі қазақ халқына

тән жомарттығын көрсетсе, екінші жағы өзі жұтап отырған халықтың белінен басып, тізесін батырып қолындағысын күшпен алуы оқырман ішінде қыжыл туғызады. Автор кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы өкініш, қамығу секілді күйді көрсетпейді. Керісінше, жасаған жақсылығынан ләззат алып, қамыққан жұрттың хатын қуанышпен оқып, мәре-сәре болған жұрттың пейілін білдіреді.

Соғысқа аттанған жақындарының жолына үмітпен қараған топтың бейнесін Ақшай кемпір образы арқылы жеткізеді. Үш ұлы бірдей соғыста мерт болып, көзі тірі жалғызының соңына үмітпен қараған Ақшай кемпір бейнесі үміттің символы ретінде көрінеді. Күнде басқарманың табалдырығын тоздырған Ақшайдың көңілін басуды көздеген басшы Әтібидің Мәскеуденмін деп телефон арқылы сөйлесуі, шарасыздықтан туған амалда соғыс уақытындағы шындықтың элементтері бар. «Ақшай кемпір жылап тұрып, ар жағындағы естіген сөзге одан сайын егіле түсті. – И-и, айналайын, мың жаса, құдай ғұмырыңды ұзағынан жазғызсын... Мың жаса, айналайын, мың... Ұлымды қайтарам дейсің бе?..» [3 ,24] Осы бір диалогтан Ақшай кемпір бейнесі арқылы соғысқа аттанған ұлының жолына үмітпен қараған аналардың образы көрінеді. Сәл ғана жақсы сөзге жаны семіріп, көңілі марқайып, мүжіліп кеткен күйін қайта түзеп, бойын сергітуі – «жақсы сөз – жарым ырыс» деген қазақы танымның көрінісі. Бір ғана сөз мұқалып кеткен ананың көңіліне медет болып, бір серпілтіп тастайды.

Фольклорлық шығармаларда жиі ұшырасқанымен, нақты зерттеу объектісіне айналмаған жанрдың бірі – қарғыс. Х. Досмұхамедұлының пікірінше, қарғыс бата мен алғысқа қарама-қарсы тұр. Оны кез келген уақытта айта бермеген. Көп жағдайда дұшпанына, ата-анасы – ұлы мен қызына көңілі әбден қалған кезде, жаугершілік кезінде елін сатқандарға т.б. айтқан. Бұл дегеніміз – қарғысты екінші бірі айта бермегендігін білдіреді. «Жүйелі сөз жүйесін табады, Жүйесіз сөз иесін табады» деген мақалдың да мәні жаман сөйлемеуге баулып, тілге сақ болудың мәнін үстейді. Ж. Дәуренбектің «Қарғыс» бөлімінде тілінің, көзінің сұғы бар адамның образы бейнеленген. Қазақ даласында ондай адамдар жиі ұшырасып отырған. Тіпті көзінің сұғы өтіп кетпес үшін ондай адамдар барынша сақ сөйлеуге, сақ жүруге тырысқан. Білетіндер сол келе жатыр десе, көзге түсерін тығып, бала-шағасын жасырып жүрген. Аталмыш бейнені «Қарғыс» бөлімінде Қызтумас образы арқылы жеткізеді.

Шығармада басымдық Қызтумас бейнесіне берілгенімен, негізгі идея халықтың бір-біріне деген жанашырлығы, басқарма басшысы болса да халқына барынша қамқор болуға тырысқан Әтіби образы да ерекше суреттелген. Соғыс тақырыбында жазылған шығармалардың көпшілігінде соғысқа бармаған еркек кіндіктің су жүрек қорқақ, қатын-қалашқа қатал әділетсіз бейнесі суреттелсе, Ж. Дәуренбектің шығармасында Әтіби әділдік пен қамқорлықтың, әділ басшының жинақталған бейнесін көрсетеді.

Оқиғаның шиеленісі Қызтумастың баласы Айсаны Әтіби басқарма қамшымен сабауынан басталады. Әңгіменің ауаны Кеумілжай мен Майкөнің диалогы арқылы баяндалады.

«Не болушы еді... өкіл: «Соттатам» дей берген екен алдын кес-кестеп Әтіби басқарма: «Соттапас бұрын мен бұның көзіне көк шыбын үймелетейін!..» – деп, ақырып тағы да тартып-тартып жіберіпті» [4;28] деген сөйлемдерден Әтіби бейнесінен зұлымдықты көргендей боласың, бірақ сол қаталдықтың астарында жанашырлық, мейірім жатыр. Бір реттік таяқ сотталудың алдын алып, Айсаны бір

қауіптен аман сақтайды. Баласының жаралы болған күйіне налыған Қызтумастың көкке қолын жайып қарғысты жаудыруы көпшілікті тітіркендіріп, көңілдеріне үрей ұялатты. Қарғыстың кімге бағытталғанын білмей, Әтібиге мүсіркей қарағандар да болды, шығарманың шешімінде оқиға мүлдем басқа бағытта өрбиді. Жұртты үрейлендірген қарғысты Қызтумас Әтібиге емес, жауына, немістерге жаудыруы мән-жайды түсініп, заманына лағынет айтқан ананың қамкөңіл халін жеткізеді.

Тылдағы халықтың бет-бейнесі Ж.Дәуренбектің «Қызғыш құстың мекені» атты повесінде де суреттелген. Қансейіт, Пайыз, Ян, Ойшан есімді балалардың әрекеттері арқылы тылдағы өмірдің қиындықтары мен жүрегінде оты бар балалардың күрескерлік қабілетін, асқақ мұратын бейнелеген бұл шығарма – оқырманға тәуекелшілдікті, ұйымшылдықты, татулықты үйрететін туынды.

Бүгінде экология мәселесі әлемнің басты проблемаларының бірі болып отыр. Өркениет өрге жылжып, жаһандану жайлаған уақытта құлқынның қамын күйтегендер табиғат төсіне ойына келгенін істеуде. Әйтсе де, әр заттың өтеуі болары анық, табиғатты аяусыз ластаудың салдарынан кей өңірлерде экологиялық қатер туындап, адам өміріне қауіп туғызуда. Адам өмірі табиғатпен біте қайнасып жатыр. Адамды табиғатсыз елестету мүмкін емес. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты қадірлеу әр пенденің өзінен басталады. Қарапайым ғана тазалық, көшеге қоқыс тастамау секілді кішкентай әдеттен үлкен келелі істер бастау алары сөзсіз. Ж. Дәуренбек табиғат ананың қадіріне ештеңе теңесе алмайтынын «Күн ұясы» повесі арқылы баяндайды.

Тың игеру, жаңа жерлерді егіс алқабына айналдыруды ұрандаған Кеңес кезінде жазылған шығарма бүгінгі күнде де мәнін жоғалтқан жоқ. Уақыт алмасқанымен, заман өзгергенімен, табиғат жайдан-жай өзгермейді, көп жағдайда оны өзгертетін адамдар. Автор осы идеяны шығармасына арқау етеді. Повестің сюжеті Уақ атты баланың қиялы мен өмір шындығы үйлесім тапқан оқиғаларға құрылған.

Шығарманың бастауы өзінің сүйікті тоғайын ертегілер еліне балаған Уақтың ойынан өрбиді. Бала қиялына ерік берген Уақтың орманның әр тіршілік иесімен тілдесіп, ертегілер елінің тұрғындарына балайды. Шығарма желісі әртүрлі бағытта өрбиді. Әжесі мен Уақ арасындағы диалогтан шөптердің түрлерін айта келіп, олардың қандай дерттерге ем екендігін жіпке тізгендей баяндайды: «Қалақайдың жапырағы сырқырауды басады», «Сасық шөптің қайнатпасы демікпеге дәру», «Қызылмияны ішсең, жөтел басады», «Қаз отын шайнасаң, тіс ауруы сап болады» [5; 15]. Әр шөптің қандай ауруға дауа екендігін жазу арқылы автор ұмыт бола бастаған дәстүрлі емдеу тәсілдерін айтып, кішкентай оқырмандарының санасына түйе жүретін ұлттық кодты да көрсетеді.

Автор шығармасында балалардың болашағына, биік белестерге ұмтылуына септігін тизіретін деталь ретінде Макалай образын пайдаланады. Ғалым, түрлі тылсым дүниенің тілін білетін, үнемі ізденіс үстінде жүретін Макалай – балаларға білімді болуға, білімді жақсы жолға пайдалануға баулитын кейіпкер. Шығармада Уақ пен Макалай арасындағы тығыз қарым-қатынас Уақтың жаралы кептер тауып алғанынан бастап суреттеледі. АҚШ-тың Кемп-Ситиінде тұратын Уэльс атты баланың кептерге таңып жіберген хатын оқып, Күлдіргіш гүлін алуында да мән бар. Повесте Уақ Уэльстен «күлдіргіш гүлінің тұқымын алса, бейтаныс ғаламшарлықтардан «ізгілік гүлінің» тұқымын алады. Бұның философиялық мәні әуелі күлкі көңілмен тікелей байланысты, қуаныш, шаттық мәнін үстеп, өмірдің

негізгі мәні күлкіде екендігін меңзейді. «Ізгілік гүлі» – мейірімнің, қамқорлықтың, достықтың, татулықтың белгісі. Уақ пен өзге ғаламшарлықтар арасындағы әңгіменің түйініне зер салсақ, жер беті барлық тіршіліктің тамыры ретінде сипатталады. «Біздің мақсатымыз – ата-тегімізді анықтау. Бабаларымыз бұдан жүздеген мың жыл бұрын басқа планетадан келіп қоныс тепкен екен. Сол жазылып қалған тарихнама бойынша, бұл жердің тіршілік иелерінің бойындағы қан мен біздің бойымыздағы қанда туыстық бар ма деген болжам бізді алыс сапарға алып ұшты.

Мінеки, осы біздің жұлдызымыздың топырағында өскен ең нәзік өсімдік мына гүл сенің жеріңе, сенің ұяңа өсіп-өнсе, суың мен ауасы жағып жайылып өссе, біздің түбіміздің бір туыстығымыз. Біз әлі қайта келеміз. Егер мың дорбадағы дәндер өсіп шықса, бұл жердің бізге жат еместігі, біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген мекені екендігінің растығы» [5; 30]. Автор осы сөйлемдер арқылы әр өңірге ізгілік гүлінің дәнін ашатын ізгі жандардың өмір сүретіндігін, олар маңайын гүлдендіріп, мейірге бөлейтінін, әр бала сондай ізгілік гүлін шашушы болуға атсалысуын меңзейді. Шығармада ізгілік пен қастандықтың қарама-қарсы келген тұсы орманға шөп шабатын студент балалардың келуінен басталады. Шалғы тиіп ұялар бұзылса, көптеген тіршілік иелері орманнан ауып кетуі мүмкіндігін баяндайды. Бұл табиғатқа көрсетілген жәбірдің басы екендігін автор сатылай көрсетеді. Бірінші ұсақ зардаптар орманның тіршілік иелерінің сиреп кетуіне әсер етсе, екіншісі ірі салдарына тоқталады. Тоғайдың астында мұнайдың үлкен ағысы бар екендігін анықтаған геологтар табиғатты күреп, орнына завод саламыз деп құлшынуын, бала Уақтың оған наразылығын, кішкентай жүректің үлкен қатерге қарсы шығуымен сипаттайды.

«– Солай. Завод салу үшін тоғайыңды сыпырып тастайды.

– Жоқ, ол мүмкін емес! Өтірік! – Уақ айқайлап жіберді.

– Түу, өзің қызық екенсің. Айтса түсінбейсің... Ол дегенің байлық... Мұнай – байлық» [5; 53]. Автор осы диалог арқылы құлқынның қамын ойлаушы топтың идеясы мен ізгілікті ойлаушы топтың пікірін таразыға салады. Бірі байлық үшін табиғатты құртуды ойласа, бірі табиғат үшін байлықты тәрк етеді. Қорытындысында ізгілік жеңіске жетіп, әлемге ізгілік гүлінің дәні жайыла түседі.

Шығармада әу баста Уақ атты баланың қиялынан туған ертегілер елінен басталып, ғаламдық проблема көтеріледі. Автор балаларға арналған шығармада үлкен проблеманы көтеруінің негізгі себебі, буыны қатып, бұғанасы бекімеген бүлдіршіндердің оңай иілгіш болатындығын ескеріп, әр бала ізгілік гүлінің дәнін таратушы болуды алдарына мақсат етсе деген ізгі ойдың желісінен туған.

Автордың балаларға арнап жазылған шығармалары татулықты, ізгілікті, мейірімді суреттейді. Ж. Дәуренбек – шығармашылық қарымы көпшілікке мойындалған, өзіндік стилі бар жазушы. Оның бала психологиясын дөп баса білуі, балаша ойлап, қиялын балаша дамыта білуі ерекшелік деп атауымызға болады. Жоғарыда талдаған әңгімелері мен повестерінде баланың логикасы дөп басып берілген. Автор – бүгінгі таңда қазақ балалар әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып жүрген, балаларға арнап аз да болса тұшымды шығармалар жазатын қаламгерлердің бірі.

Әдебиеттер:

1. Дәуренбеков Ж. Алғашқы сабақ: Әңгімелер, /балаларға арналған. – Алматы: Жазушы, 1971. – 38 б.

2. Әбішев Қ., Әбжанова Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1990.– 119 б.
3. Дәуренбек Ж. Саяқ. Повесть және әңгімелер. – Алматы, «Жалын» баспасы, 1979.– 64 б.
4. Дәуренбек Ж. Бір нәзік сәуле: Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Жалын, 1989. – 288 б.
5. Дәуренбек Ж. Күн ұясы: Повестер.– Алматы: Жалын, 1984. – 200 б.

БАЛТАБАЙ ӘДІЛОВ (1949–2009)

Бала психологиясын дөп басып берген, кез келген бала оның шығармасын оқығанда өзін көргендей күй кешетін, бүгінде елеусіз қалған авторлардың бірі – Балтабай Әділов (Әділ Балта). 1949 жылы Қарақалпақстанның Мойынқұм ауданы, Өли ауылында дүниеге келген. Ұзақ жылдар ұстаздық жол мен жазушылықты қатар алып жүрген Б.Әділов 1993 жылы тарихи отанына оралып, ғұмырының соңына дейін еліміздің балаларға арналған белді газет-журналдарында қызмет атқарды. «Алданыш», «Інімнің өкпесі», «Күздің бірінші күні», «Әулиелер мен ғұламалар елі», «33 мысал», «Қызғылықты қылықтар», «Үйітілген байпақ» сынды кітаптары оқырманның көңілінен шықты.

«Балам – бауыр етім» деген қазақ бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарағаны ауыз әдебиетімізден анық байқалады. Бесік жыры, қиял ғажайып ертегілер, эпостар т.б. фольклорлық еңбектер баланы ізгілікке үйретіп, жан-жағын тануға, қадірлеуге баулиды. Осынау дәстүр сабақтастығы жазба әдебиетімізден де көрініс тауып, көптеген қаламгерлеріміз балалар әдебиетінің дамуына үлес қосуда.

Тақырыпты індетіп зерттеуде А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Базарбаев, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, Ш. Елеукепов, Қ. Ергөбек, К. Матыжанов, Г.Орда сынды ғалымдардың еңбектерін ғылыми талдау барысында басшылыққа алдық. Мақсатқа жету жолында материалдарды жинау, саралау, жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар ғылыми-салыстырмалы, аналитикалық талдау т.б. тәсілдері жүргізілді. Бүгінгі күні балаларға арналған шығармаларды жан-жақты зерттеп-зерделеп жүрген ғалым Г. Орданың «Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер» мақаласында аға буын өкілдерінің балаларға арналған лирикалық өлеңдеріндегі құндылықтардың дәріптелуін, жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын талдаған [1; 39-51]. Ал «Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр ұласуы» атты мақаласында Е. Сейдахмет, Ж. Шәкенұлы, Б. Айтмұқаева, Е. Жәнісұлы, Қ. Сарин т.б. ақындардың диалог-өлеңдерін, метаграммалық, этнограммалық т.б. өлеңдерін талдап, ауыз әдебиетінен келе жатқан бесік жыры, тұсаукесер, айтыс өлеңдерін заманға сай түрлердіруіндегі дәстүр сабақтастығын көрсеткен [2; 48-63].

Ақындар жас ұрпақтың бойына ізгілік дәнін себуде фольклордан жалғасып келе жатқан бесік жыры, тұсаукесер, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, бата-тілек, айтыс жанрларын қоғам өміріне сай түрлендірген. Сан ғасырлар бойы атадан-балаға ауызша жеткен жанрларды бүгінгі заман талабына сай пайдалану – қазақ әдебиетіндегі дәстүр ұласуы.

Балаларға арналған шығармалардың саны көбейгенімен, арасында сапасы сын көтермейтін шығармалар да бар. Ондай шығармаларды сыншылар сүзгісінен өткізіп, кем-кетіктері уақытында талқыға түссе, нәтижесі де бірден байқалары анық. А.Тілегеннің «Балаларға арналған өлеңдер қалай жазылып жүр?» мақаласында өлеңдегі олқылықтар жақсы көрсетілген.

«Утиокпенен жөндейді апам, біл, түсін,

Умажалдан көйлектердің қыртысын», – деген жолдарды оқығанда тосырқап қалғанымыз рас. У әрпінен басталатын Уыз, Уық деген сынды қазаққа ғана тән

сөздеріміз тұрғанда, «утюқтың» бетімізді дуылдатып жібергенін айтпасқа болмас. Оның үстіне Үтік (кей өңірлерде өтек) деген әп-әдемі қолданыстағы сөзі бар» [3]. Жеке басқа емес, шығарманың нақты кемшіліктерін атап өтетін осындай сындардың қатары көбейе түссе, балалар әдебиетінің біраз кемшіліктері толығы түсер еді.

Терең ойдың шөнетіне сүнгіп, қиыннан қиыстырып, әріден қаузауды қажет етпейтіндей көрінетін балалар әдебиетінің құпиясы бір бөлек. Жазушылар бұл тақырыптың жауапкершілігін сезініп қалам тартпағанын естеліктерден жиі кезіктіріп жатамыз. Балалар жазушысы болу, ең әуелі, баланың жан дүниесін түсіну, сезіну. Жан дүниесі, руханияты бала секілді таза адамдар ғана бұл тақырыптың шыңына жетері анық. Ең сезімтал, бәріне сенгіш, алдағанды еш кешірмейтін кішкентай оқырманның шын ықыласына бөлену үшін балалар жазушысы әр сөзіне жауапкершілікпен қарауы шарт. Себебі, балалар жазушысы – ұлттың айнасы. Әр ата-ана өз баласының болашағына қалай жауапты болса, балалар жазушысы бір ұлттың болашағына солай жауап беруі керек.

Бүгінгі күні жас қаламгерлер арасында «әдебиет – ардың ісі», «әдебиет – ұлттың тәрбиелік құралы» деген ұғымдарды ысырып, жазушы қиялына шектеу қоюға болмайтынын, айтар ойы мен әкелер жаңалығына баса назар аудару керектігін жиі айтатын болды. Тіпті жаргон сөздер мен бейпіл сөздерді де қосуды әдетке айналдыруда. Әйтсе де, жас оқырманның талап үдесінен шығатын шығарма тудыру үшін жоғарыда атаған еркіндікке біраз тұсау салынары анық. Бір жазушының иненің жасуындай болып көрінетін болмашы қателігі қанша баланың санасын улайтынын автор сезіне білсе деген тілегіміз де бар.

Әдебиеттанушы Н. Құдайбергенов: «Балаларға арналған әдеби шығарманың көркемдік-поэтикалық деңгейі өз алдына, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан да белгілі бір талаптарға сай болуы тиіс. Педагогикалық мақсат пен эстетикалық талап тоғысқанда ғана балаларға арналған туындылардың құны артпақшы. Көркемдік-эстетикалық бағасы төмен туынды құрғақ уағыз, жадағай туынды болып қалатыны секілді, баланың даму заңдылықтары ескерілмей жазылған көркем шығарманың да бәсі төмен. Себебі баланың жасы, психологиясы, ақпаратты қабылдау ерекшелігі – бәрі-бәрі ескерілуге тиіс дүниелер» [4; 192], – дейді. Әділ Балта ғұмырын әдебиетке арнап, адалдық принципін берік ұстаған. Цензура автор қиялына тұсау салып тұрған ХХ ғасырдың екінші жартысында әдебиет майданына араласып, ұлттың рухын оятатын, кеңестік идеологияға жат тіркестерді сүзгіден өткізбейтін уақытта қарапайым ғана баланың тілінде ұлттық болмыс пен құндылықтарды орайын келтіріп жазған, елеусіз болып көрінген мәтіннің астарына бір халықтың салт-дәстүр, жөн-жоралғысын сыйғыза білген автордың қаламынан туған әр туындының өз ерекшелігі бар. «Оқушы кезім. «Балдырған» журналын оқып отырып, ұрлығым ашылып қалғандай күйге түстім. Мен туралы жазыпты. Иә, мен. Тек атымды басқаша келтіріпті. Әжем мен оның құрбыларына «Батырлар жырын» оқып беретінімді, олардың кей тұста еңкілдеп жылайтынын, бәрін-бәрін жазыпты. Маған қатты батқаны – тәтті-пәтті, кейде тиын-тебен алатынымды біліп қойған екен» [5; 47]. Б. Бабажанұлының бұл естелігінен аңғарғанымыз, Б. Әділдің әңгімесі баланың шынайы өмірімен сабақтасады, үндеседі. Оқырман шығармадан өзін көріп, автор әр қимылын аңдып отырғандай күйге түсу, авторлық баяндау оқырманның күнделікті өмірін меңзеуі – бәрі авторлық шеберлік.

Өмір шындығын көркем шығармада суреттеу, заман бейнесін, халықтың

тұрмыс-тіршілігінің қат-қабат бедерлерін шығармашылық картинада жеткізе білуге біршама қажырлы еңбек қажет. Әйтсе де автор сол қоғамның бөлшегі ретінде көрген, түйгенін, сезінгенін қағаз бетіне ой елегінен өткізіп беруі біршама шығармашылық процесті қамтиды. Ал бала өмірін, күнделікті тіршілігін назарда ұстап, қоғамды қабылдаудағы жас бүлдіршіннің әсерін сезіну – күрделі процесс. Б. Әділдің бір ерекшелігі – баланың көңіл күйін дөп басатын сезімтал қаламгер. Соның нәтижесінде тәуелсіздік алған жылдары еліміздегі үлкен басылымдардың бірі «Ұлан» газетінде қызмет атқарған Б.Әділ әр баланың газеттің кезекті санын күтіп, сүйіп оқитын авторына айналды.

Газет бетінде жарық көрген әңгімелерінің басым көпшілігі жас оқырмандардың хаттарының негізінде жазылған. Автор шығармаларының көбінен аңғаратынымыз, Сатыбалды Жақсыбаев, Ораз Қойшыбаев т.б. деп белгілі бір баланың аты-жөнін, тұратын ауылын, оқитын мектебін түгендеп өтеді. Оның себебін Кеңес Оразбекұлының естелігінен кезіктірдік. «Ұлан» газетінің тілшісі ретінде мектептерге кездесулерге барып, сол мектептің ахуалын баяндайтын мақала жазуды басшылық талап етсе, Б. Әділ одан шығатын жолды өзгеше іздейді. К. Оразбекұлы: «Өйткені, ол қай мектептегі кездесулерге тапсырма алса, оны белгілі бір баламен байланыстырып, сол баланың төңірегінде оқиға өрбітіп жазатын... Ал газеттің бас редакторы Сұлтан Қалиұлы: «Балтабай, сен газетте істегеннен кейін жазушы емес, журналиссің. Сондықтан, өзің қызмет еткен газетке мақалаларың шығып тұруы тиіс. Көркем дүниелерді өзге газет-журналдарға ұсын», – дейді.

Балтакең осы жайды бізге айтып: «Мен де қумын ғой... Содан былай қандай тапсырма берсе де, жазған дүниелерімнің басқы бір абзацын мақала сияқты келтіретін болдым», – дейтін» [5; 33-34]. Б. Әділдің осы бір әрекеті авторды оқырманға сүйкімді етті, балалардың сүйікті жазушысына айналды.

Көзге елеусіз көрінетін тақырыптарды қаузап, астарына үлкен мән үстейтін шығармаларының бірі – «Нан сатқан Сатыпалды» әңгімесі. Шығармада қаршадай ғана баланың інісі Есболды қасына ертіп қаладан нан әкеліп сатуы баяндалады. Авторлық баяндаумен басталатын әңгіменің оқиғалары ширақ, динамикасы мол. Шағын ғана әңгімеде уақыт пен кеңістік бірнеше мәрте ауысады. Бұл балалардың оқуына, зерікпеуіне тиімді.

Автор еңбекке ұмтылған Сатыпалды мен Есболдың әрекеттерін баяндау арқылы тәуелсіздік алған жылдардағы халықтың хал-ахуалын да көрсетіп өтеді. «Бір үйде он жан тұрады... Атасы, әжесі, әкесі, шешесі, өзі, екі інісі, үш қарындасы. Әкесі мен шешесі мектепте ұстаз. Үш айдан бері еңбекақы алған жоқ. Атасы мен әжесінің мардымсыз зейнетақысы не болады? Жетпейді, әрине» [6; 6]. Бір абзацта бірнеше мәселе қатар сипатталған. Көп балалы отбасы, еңбекақысын ала алмаған ұстаздар, мардымсыз зейнетақыға күнелткен зейнеткерлер, бір отбасының басындағы жағдай бір елдің әлеуметтік проблемасын көрсетеді. Себебіне үңіліп салдарымен күресудің жолы еңбек екендігін тұспалдайды автор. Автобус ішіндегі атмосфера жер шарының кішірейткен формасы ретінде алып қарауға болады. Адал еңбекпен мал табуды да күндеушілердің көптігі – өмір шындығы. Бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған уақытында әлеуметтік желіден де негативті мәтіндер жиі ұшырасады. Халықтың көңіл күйі әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Автор осы бір өмір шындығын қысқа ғана әңгіме аясында ашып көрсеткен. Түйінінде еңбекке ұмтылу, адал жолда мал табуды дәріптейтін шығарма жастарды еңбекке баулитын мотивациялық шығармалардың қатарына жатқызуға да болады.

Б. Әділ – ұлттық сананы жаңғыртуда, салт-дәстүрлерімізді дәріптеуде оқ бойы озық тұрған жазушыларымыздың бірі. Қай шығармасын алып қарасаңыз да, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды дәріптеген элементтер жиі ұшырасады. Әсіресе «Күміскүлдің көжесі» әңгімесінің жөні бөлек. Оқиғаның негізгі сюжеті алтыншы сынып оқушысы Күміскүлдің сыныптастарына арнап көже пісіруіне құрылған. Қысқа ғана әңгімеде Наурыз мерекесінің ұмыт болып бара жатқан жөн-жоралғысы, ауыл арасының ынтымағы, отбасылық сыйластық, тәрбие Күміскүл образы арқылы шынайы суреттелген.

«Әжесі наурыз көже пісіргенде ол басы-қасында жүрді. Үлкен дәу қазанды даладағы ошаққа орналастырды. Астына Күміскүл от жағып отырды. Қарап отырмады, әжесінің бар қимылынан көз алған жоқ. Көжені қалай дайындауды әбден үйреніп алды. Ауыл тайлы-таяғымен келді» [6; 49]. Әжесінің тәрбиесін көріп, тәлімін алған Күміскүл бейнесі – ата-әжесінің қанатын саялаған, еркелікке қанып, еркін өскен қазақ баласының жинақталған образы. Бір образ арқылы үлкенді құрметтеу, ата мен әженің орны, дәрежесі тамаша көрсетілген. Автор үлкенді сыйлау, қартты қадірлеу туралы ақыл айтпайды, данышпандық танытпайды, тек қана кестелі суреттер арқылы көкейге қонымды дүниелерді ұсынып, сәби санасына берік орнығуына әрекет етеді. «Ауыл тайлы-таяғымен келді» деген бір ғана сөйлем бүкіл қазақ мәдениетінің айнасы секілді. Бүгінгі күні жойылуға шақ қалған ынтымақтың алтын дінгегі. Б. Әділ «Наурыз мерекесінде ауыл адамдары бір-бірінің үйін аралап, көжеден дәм тататын т.б.» деп созбақтамайды. Қысқа ғана сөйлеммен ынтымағы, дәстүрі сақталған шағын ғана ауылдың қоңыр тіршілігін көрсете біледі.

Автор Күміскүлдің көже жасаудағы құлшынысын, үйренуге деген ынтасын жазу арқылы балалардың жаңаны үйрену, ерінбеу, білмегенін сұрау дағдысын қалыптастырады. Көжеге қосатын дәндерді тізбектеу арқылы ұлттық тағамымызға қажетті қоспаларды қайта жаңғыртып, балалардың сәби санасына сіңіруге әрекет етеді. Б. Әділдің негізгі идеясы наурыз көженің қалай дайындалуын баса көрсету екендігі мәтіннен анық байқалады. Күміскүлдің әрекеті, анасымен болған диалогтан осы бір мақсат айқын көрінеді.

1926 жылы тойлануына тыйым салынып, алпыс жылдан астам уақыт аталмай келген дәстүріміз 1988 жылы қайта жаңғырды, әйтсе де көптеген құндылықтарымыз ұмыт бола бастаған еді. Сондай бір аумалы-төкпелі заманнан мұндай шығармаға халық зәру болды. Көркем шығарманы жас та, жасамыс та оқу арқылы бірқатар құндылықтарды қажетті уақытта қайта жаңғыртты.

Автордың шығармаларының дені жастарды еңбекке баулуға, ұйымшыл дос болуға шақырады. «Нан сатқан Сатыпалды», «Әнестің әңгелегі», «Үргешбайда үйрек көп», «Побыр», «Ауыл көркі», «Еңбектің рахаты» т.б. көптеген әңгімелері еңбекті насихаттайды. Автор идеясын жеткізуде геймификациялық тәсілді жиі пайдаланады. Оқиғаның басым көпшілігі үш айлық жазғы демалыста өтеді. Кейіпкерлер ала жаздай асыр салып ойнап қана күн өткізбей, ойынмен бірге еңбекті де қатар алып жүреді.

Балаға әдет пен дағды қалыптастыруда үлкендердің үлесі мол. Бұндай жағдайда ата-ананың рөлі ерекше. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген мақалдың аясында қаншама мән, мағына жатыр. Б.Әділ шығармаларында осы ой жиі қайталаанады. Ойдың жиі қайталануы – автордың кемшілігі емес, керісінше, оқырманға силлогизм туғызу. Ата-ана әрекетінен нәтижелі қорытынды шығару.

Сондай шығармалардың бірі – «Ауыл көркі» әңгімесі. Әңгіменің жазылған уақыты 2004 жыл, ауыл өмірін жандандыруға, жақсартуға дайындалған үш жылдық «Ауыл жылы» бағдарламасымен тура келеді. Автор осы детальді шығармасында да пайдаланады. Ауылын көркейтуді мақсат еткен атасы, немересі, әкесі арасындағы диалогтан ауыл өмірінің нақты бейнесін көре аламыз.

«– Бір кезде бұл ауылдан күшті ауыл жоқ еді. Жасыл желекке малынып тұратын. Қайда бұрылсаң, жеміс-жидек... Су құрыды да, бәрі қурап қалды, – деді өкініп.

– Үш жыл ауыл жылы деп жатыр емес пе? Су әкеп берер, – деді Сүттібек қарап отырмай.

– Ауыл жылы деп қарап отыруға болмайды, – деді әкесі. – Ауылды көркейту өз қолыңда» [6; 57] – деп нақты әрекетке көшеді. Әрі қарай әңгіменің қысқаша фабуласы: Сүттібектің әкесі жұмыстан бір құшақ көшет әкеліп, екеулеп жүріп жиырмадан астам жеміс ағашын егеді. Сүттібектің жайқалып тұрған бағына қызыққан Қанат досы да ауласын жайқалтудың қамына кіріседі. Екі дос татулығы жарасып ағаш суғаруда жұмыла жұмыс атқарады. Кейіннен шекісіп қалған достар ағаш өсіруде өзара бәсекеге түседі. Ала жаздай бағына қараған Сүттібек пен Қанаттың еңбегіне ата-аналары марқайып, екі бала бір масаттанып қалады. Автор екі баланың еңбегінің нәтижесінде біршама құлпырған ауланы суреттеу арқылы отанның гүлденуіне жас та, жасамыс та өз үлесін қосуға атсалыса алатындығын, ең бастысы, ниеттенсе мақсатқа жететіндігін тұспалдайды. Сүттібек пен Қанат арасындағы реніштен адамдар бір-бірінің еңбегін бағалау қажеттігін, зәредей болса да залалынды тигізбеуге шақырады. Сүттібектің ешкісі Қанаттың ағаштарын жеп қойғанда қаншама төккен тер, еткен еңбек далаға кететіндігін әкесі мен Сүттібектің диалогы арқылы жеткізеді.

Шығарманың түйінінде өз қателігін түсінген Сүттібек досының алдындағы ағаттығын түсініп, міндетті түрде кешірім сұраймын деп түйіндейді. Қателігін мойындаудан жалтармау, кешірім сұраудан арланбау, тәкаппарланбау да бір қасиет екендігін тұспалдайды автор.

Қателіктен сабақ алуды, кез келген іс өтеусіз қалмайтынын дәріптеген тағы бір шығарма – «Соңғы аялдама». Әңгіме сюжеті Амантай мен Ескермес деген мектеп оқушысының қалаға қыдырып қайтуына құрылған. Оқиғадағы негізгі басымдық балалардың ауылға қайтар жолдағы автобусқа отыруына түседі. Үлкендерге орын бергісі келмеген екеудің өтірік ұйықтаған болуы былай суреттеледі: «Көздерін сәл ашып, сығалап қараған. Атай мен әжей артта тікейіп тұр екен. Бұларға қарап-қарап қояды. Екеуі қайтадан көздерін тас қылып жұмып алды... Біраздан соң көздерін сәл ашып қарап еді, әлгі үлкен кісілерге ешкім орын бере қоймапты. Әжей шыдай алмай автобустың еденіне отырып алған» [6; 84]. Б.Әділге тән бір ерекшелік, қарапайым әрі қысқа сөйлемдерге үлкен философиялық мәнді жасыра біледі. Қарт кісіге автобус ішінен бір адам тұрып орын бере алмауы, қоғамның үлкенге құрметі төмендеп, қарияны қазына деп санайтын ұрпақтың азайып бара жатқанын көрсетеді. «Әжей шыдай алмай автобустың еденіне отырып алған» сөйлемі қарапайым ғана болғанымен, адамдар арасындағы қатыгездік елеусіз көрінетін аяусыздықтан туындайтынын айтқысы келеді. Екі баланың жасаған ағат әрекеттері ескерусіз қалмайтынын ұйқы құшағында жатып соңғы аялдамаға бір-ақ келуімен суреттейді. Кез келген жамандықтың өтеуі болатынын осылай жеткізеді.

Заты нәзік, тілі жеңіл, сөйлемдері қарапайым болып келетін балалар

жазушысының стилін ажырату басқа жазушылардан гөрі күрделі. Әйтсе де, Б. Әділдің сөз қолданысы, иірімдері, ой жүйелілігі т.б. қырлары арқылы қолтаңбасын бірден тануға болады. В. Белинский «Талантты жазушының әр образы тип» дегеніндей, Б. Әділдің де әр кейіпкері қасында жүргендей сезінесің. Әңгімелеріндегі балалардың әрекеттері, оқиғаларының шынайылығы сюжеттің шөңетіне түсіп, өзін де кейіпкерлермен бірге жүргендей әсерде боласың. «Өте еңбекқор, тақырыптарды тапқыш болатын. Тез жазатын. Мен Балтекеңнің стилімен жазып көрейінші деп талпындым. Өйтіп жаза алмадым. Бейімбет Майлинге де ұқсағым келді. Ұқсай алмадым. Ал Балтекеңнің жазғандары Бейімбет көкесіне ұқсағанымен оның да өзіндік қалыптастырған стилі бар еді» [5; 52]. Көз көрген замандасы Ертай Айғалиұлының пікірінен Б. Әділдің қазақ әдебиетінің қайнарынан қанып ішіп, білімі мен талантын шығармашылық лабораторияда қатар қолдана алған аз жазушының қатарына жатқыза аламыз.

Мейірім сөзінің астарына көп нәрсені сыйғыза аламыз. Әуелі жаратушыдан өткен мейірімді ешкім жоқ дейді. Түбірінде мейірім жатыр. Ата-ананың балаға мейіріміне не шендеседі? Жабырқаған жанға бір ауыз жылы сөз – мейірім. Жалпы әлем мейірімнен құралады, мейірімге шөлдейді. Туған топырақтан ыстық, өскен ортадан артық жанға сая бар ма? Өзге ортаға бой үйрету, сіңісіп кету – ұзақ уақытты қажет ететін процесс. Б. Әділдің «Қошқар неге қамкөңіл» әңгімесінде жаңа ортағы бейімделе бермеген адам мен жануардың халі суреттеледі. Образды күйде мұң мен мейірімнің таразының басында теңселгенін философиялық қабаттар арқылы жеткізеді. Әуелі туған жердің бәрінен ыстықтығы, мейірім жоқ жерде достық жоқтығы, жақсы көру мен жек көрудің арасы сынық сүйем екендігін автор образдар арқылы көрсетеді.

Жазғы демалысында қорасындағы он шақты ұсақ малына бас-көз болып жүрген Жәнібек пен Асылбектің күнделікті шаруасын авторлық баяндауда жеткізеді. Екі баланың арасындағы әдеткі оқиғалар, шығарманың шарықтау шегінде Жәнібек пен Асылбектің диалогы арқылы көрініс алады:

«– Ана қошқар қайдан келген? – деді Жәнібек ортаға қосылмай шеттеп жүрген жаңа қошқарды нұсқап.

Әкесі оны өткенде нағашы жұртынан әкепті.

– Келгелі үйірге қосылмайды. Қашан көрсен, саяқ жүреді. Өзінің туып өскен отарын сағынып жүр, – дейді Асылбек аяныш білдіріп» [6; 92]. Мал екеш мал да туған ортасын сағынуын, өзге ортаны жатсынып, бой үйрете алмай жүруін, ауылға жаңадан көшіп келген Серік деген баланың жан дүниесімен салыстыра баяндауы, көзіндегі мұңды шынайы бейнелеуде анафоралық дексикс тәсілін сәтті пайдаланған. Дегенмен тіл тазалығына келгенде «келгелі үйірге қосылмайды» деп қойды сипаттауында «үйір» жылқыға қатысты айтылатын, қойға қатысты «отар» болатынын автор ескермеген. Б.Әділ әр сөздің мағынасын жақсы білетін жазушы, «отарды» ол екінші сөйлемінде пайдаланған. Демек, үйір сөзін қолдануда автор өз сөзіне редакторлық жасауды қажет етпеген секілді. Әйтсе де, ол – елеусіз көрінгенмен ескеретін қателіктердің бірі.

Кейіпкердің жан дүниесін зерттей білуде Ж. Дәдебаев «а) жаны (іш); ә) тәні (тыс)» [7; 35] деп қарастыру керектігін атап өтеді. Ортаға бой үйретудегі кейіпкердің сыртқы бейнесі мен ішкі жанын қатар сипаттау арқылы ғана жазушы кейіпкердің психологиясын негізгі планға шығара алады. Б. Әділ шығармадағы кейіпкер психологиясын айқын көрсетуде, адамның ішкі жан дүниесінің көрінісі мен

сыртқы болмысын суреттеуде таразы басын тең ұстап отырады. Автор Серіктің баяндауындағы: «Туып-өскен жерімдегі сыныптастарымды сағындым» диалогы арқылы ішкі жанды көрсетсе, сыртқы тәнін «Жаңа қошқардың көзінде жас бар екен» деп қошқарды суреттеп адам мен жануарды қатар сипаттау арқылы психологиялық параллелизмді пайдаланады.

Б. Әділдің «Қалпақ болғым келмейді», «Қошқар неге қамкөңіл», «Құралай» т.б. әңгімелерінде туған жерге, өскен ортаға сағыныш мотиві бейнеленсе, «Мұғалім» повесті мен «Шығарма қалай туды» әңгімелерінде ананың балаға деген сағынышы суреттеледі. Шығарма нақты сағынышқа арналмаса да автор кейіпкерлердің әрекеттері арқылы сол тақырыпқа оралып отырады.

«Атамның жұлдызы» атты алғашқы жинағына енген «Мұғалім» повесі идеялық жағынан Григорий Петровтің «Мінсіз мұғалім» повесімен сәйкес келетін тұстары бар. Екі автордың да кейіпкерлері қияндағы ауылға, жас бүлдіршіндердің сауатын ашуды мақсат етіп ұстаздық жолға түседі. Г. Петровтің мұғалімі жас болса да ғылым жолында биік белестерді бағындырған, әлемге аты белгілі бола бастаған жас маманның барлық дүниені тәрк етіп, мүлдем мәдениет пен білімнен мақұрым ауылға барып білім нәрін сепсе, Б. Әділдің мұғалімі ұстаз келсе деп армандаған, балаларын оқытуға ынталы, тек мүмкіндігі жоқ ауылға келеді. Б. Әділ кейіпкерінің бір ерекшелігі адамның қанына тартуы бар. «Айман әжей он құрсақ көтерген кісі екен. Үлкен ұлы Қасымбектен басқасының бәрін жер қойнына тапсырыпты. Бір өзі он балаға татитын өткір де, өнерлі болып өсіпті Қасымбек. Қалада оқу оқып жүріп, үріп ауызға салғандай сұлу қызға үйленіпті. Ұзамай шалы да, Қасымбек те соғысқа аттаныпты. Қасымбектен қара қағаз келген соң, келіншегі жүкті күйінде төркініне кеткен де келмей қалған.

Содан ол келін баланы детдомға тапсырып, өзі күйеуге тиіп кетсе керек. Сол детдомға тапсырылған бала осы мұғалім екен» [8; 6-7]. Мәтіннен ұлттық құндылықты көреміз. Туғанынан көрмеген әкенің өзі жоқ болса да, апасы бар екендігін көңіліне түйіп сол ауылға ұстаз болуды таңдаған Мұғалім образы арқылы бір ұлттың қанына тарту қағидасын шығарады. Мұғалім баланың нағашыларын немесе анасын емес, өз жұртын іздеуі қазақтың тек ұғымына әкеледі. «The process of transforming universal human values into the ideological core of the work in the history of Kazakh literature, no matter what period we have turned, has never stopped. There is every reason to believe that the fact that only samples of words related to the value of conscience and honor were reflected on paper is a feature peculiar to the national verbal art» [9; 408] – деген Н. Құдайбергennің пікірін негізге алсақ, Мұғалім баланың өзіне мүлдем беймәлім апасын іздеп келуі қоғамдық сипатта өмір сүретін құндылықтар жүйесі болмақ.

Адамға эстетикалық ләззат сыйлайтын фольклордың негізгі жанрының бірі ертегінің қатары авторлық әдеби ертегілермен толығуда. Халықтық ертегі мен авторлық ертегінің айырмашылықтары болғанымен, атқаратын қызметі бір. Адамды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеуде ертегіні негізгі құрал ретінде пайдалана аламыз. Б. Әділдің ертегілері мен мысал әңгімелері де адамды татулық пен мейірімділікке, ізгілікке шақырып, еңбекке баулиды. «Кім күшті», «Көктем сәні», «Мысық, қоян және ит», «Достық қиындықта сыналады», «Төрт мезгіл ертегілер» т.б. мен «Қара пышақ», «Қырсық тас», «Сотқар бәтеңке» т.б. мысал әңгімелері оқырманға ғибрат береді. Автордың «Қара пышақ» әңгімесінде С. Көбеевтің «Екі

соқа» әңгімесімен идеялық ұқсастық бар. «Қара пышақ» әңгімесінде дүкеннен шыққан пышақ ас үйге түсіп тынымсыз еңбек етеді, тумысынан жалқау пышақ күнделікті күйбең тірліктен жеріп, қашудың жолын ойластырады. Еденнің жарығынан түсіп алып, саңылауынан сығалап қана жата береді. Күндердің күні өзімен бірге дүкенде тұрған сары пышақты көріп, қасына шақырады. Еңбек етпей жатуды ар санаған сары пышақ қара пышақтың ұсынысынан бас тартады. Қара пышақтың үстін толық тат басып кеткендіктен орыннан қозғала да алмайды. Шығарманың қысқаша мазмұны осы. «Екі соқа» әңгімесінде де еңбек еткен соқаның жүзі жылтырап күн өткен сайын көріктенсе, екінші соқа тат басып, қараптан-қарап ескіреді. «Екі соқа» әңгімесінде: «Жұмыс қылып мехнаттанғаннан. Егер сен де жұмыс қылып мехнаттансаң, мендей жарқырап тұрар едің» [10; 130] деп еңбектің жемісін жоғары бағалап түйіндесе, «Қара пышақ» әңгімесінде: «Қара пышақ тұрайын деп еді, тұра алмады. Өне бойы тот басып, зіл тартады» [8; 66] деп еңбексіз күннің қараң болатындығын айтып аяқтайды. Екі әңгімедегі ұқсастықтарды кестемен берсек.

Ұқсастықтар	
Қара пышақ	Екі соқа
Екі пышақ бір жерде жасалады	Екі соқа бір жерде жасалады
Бір пышақ еңбектен қашып, тат басады	Бір соқа дүкенде тұрып тат басады
Сары пышақ еңбекпен жылтырай түседі	Бірінші соқа еңбекпен күн өткен сайын құлпырады
Шығарманың негізгі мәні – адамды еңбекке баулу	Шығарманың негізгі мәні – адамды еңбекке баулу

Әділ Балтабайдың шығармаларының негізгі идеясы достыққа, татулыққа, еңбекке, мейірімді болуға шақырады. Әңгімелерінің көпшілігінің кейіпкерлері жазғы демалысқа шыққан мектеп оқушылары және олар ала жаздай еңбек етіп, үлкендердің, ата-анасының алғысына бөленеді.

XX ғасырдың аяғында дүниеге келген кішкентай оқырмандардың сүйікті жазушысы болған, шығармаларын іздеп оқыған Б.Әділ бүгінде есімі сирек аталып, елеусіз қалған авторлардың қатарына қосылуда. Бірде-бір шығармасы мектеп оқулығына енген. Алайда, автордың «Отыз үш мысал» кітабы – мектепке дейінгі балаларға арналған, қысқа да нұсқа жазылған туындылар. Өзге де әңгімелері – бастауыш сынып оқушылары мен орта сынып оқушыларына тәрбиелік мән беретін, оқушылардың күнделікті өмірі қамтылған қызықты шығармалар. Автордың әңгімелері, мысал әңгімелері, ертегілері төменгі сынып оқушыларынан бастап оқуға болатын шығармалар.

Әдебиеттер:

1. Орда Г. Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер // Керуен. – 73. No 4 (2021) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-03>
2. Орда Г. Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр ұласуы // Керуен. – 75. No 2 (2022) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-03>
3. Тілеген А. Балаларға арналған өлеңдер қалай жазылып жүр? // Қазақ газеттері. – 2022. <https://kazgazeta.kz/news/126318>

4. Худайбергенов Н.Д. Қазіргі балалар поэзиясындағы көркемдік-аксиологиялық ізденістер (А. Естен шығармашылығы негізінде). // Керуен. – Том 73. – №4. – 2021. – Б. 190-200. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/issue/view/9/30>
5. Балалар әдебиетінің дарабозы. Алматы: «Үш Қиян», 2019. – 120 б.
6. Әділ Б. Үйітілген байпақ: әңгімелер. – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2020. – 126 б.
7. Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е. Шыңғыс Айтматовтың психопоэтикасы // «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы», № 1 (159), 2016 ж. (34-38 бб.) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (қаз.)
8. Әділов Б. Атамның жұлдызы. – Алматы. – Жалын баспасы. – 1981. – 80 б.
9. N. Khudaibergenov, G. Orda, G. Askarova, N. Matbek, R. Imakhanbet. Early Reflections Of Universal Human Values In Kazakh Prose. Astra Salvensis. 2018/1. 391-408 pp. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85046620743&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=061b5f6b067bbc696fe0b361e8af57a1&sot=autdocs&sdt=autdocs&sl=18&s=AU-ID%2857191575739%29&relpos=2&citeCnt=2&searchTerm=>
10. Көбеев С. Таңдамалы шығармалар. Жалпы редакциясын басқарған профессор С. Садырбаев. Алматы, «Қазақ университеті», 2006.– 164 б.

ӨТЕПБЕРГЕН АҚЫПБЕКҰЛЫ (1950–2007)

Өтепберген Ақыпбекұлы 1950 жылдың 8 қазанында Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын тракторшы, клуб меңгерушісі болып бастаған ақын кейіннен біржола журналистика мен әдеби шығармашылыққа бет бұрады. 1973-1985 жылдары аудандық, облыстық газеттерде, ал 1985-1995 жылдары республикалық «Қазақ әдебиеті», «Жалын», «Халық конгресі» сынды газет-журналдарда жауапты қызметтер атқарды. 1996–1998 жылдары Парламентте, Ұлттық банкте және Әділет министрлігінде қызмет етті. Әр жылдары республикалық және халықаралық жыр мүшәйраларының жеңімпазы болып жүрген автордың көптеген кітаптары жарық көрді. Мысалы, «Доп», «Футболшы боламын», «Жарыс», «Жарыстан соң жарыс», «Жылдың төрт мезгілі», «Балабақтың бір күні», «Керек кітап», «Балдай тәтті әліппе», «Айдындағы әліппе», «Қызықты әліппе», «Экологиялық әліппе», «Мен тандайтын мамандық» т.б. Сонымен қатар автордың қоғамдағы түйткілді мәселелерді арқау еткен «Тіл. Мәдениет. Құқық» және «Қара қылды қақ жарған» сынды кітаптары бар.

Балалық шақ – адамның тұлғасы қалыптасатын, физиологиялық һәм зияткерлік тұрғыдан ғана емес, эстетикалық, эмоциялық һәм рухани тұрғыдан да толысатын өмірдің қат-қабат заңдылықтарының негізін үйреніп, моральдық принциптерді бойға сіңіретін аса маңызды кезең. Осы кезеңде бала ақ пен қараны, сұлу мен сұрықсызды, жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты танып біледі. Ал мұның бәрі баланың бойына әдетте көркем мәтін арқылы сіңеді. Бесік жырынан эпикалық шығармаларға дейінгі оннан астам жанрдағы көркем туындылар баланың ойын ұштап, жүрегін жылытып, тілін ұстартады. Осылайша көркем әдебиет тек эстетикалық құндылық сыйлап қоймайды, жоғарыда айтылғандай, жас өскіннің эмоциялық, интеллектуалдық һәм рухани тұрғыдан дұрыс дамуына жол ашпақ. Бұл балаларға арналған әдебиеттің соншалықты маңызды екенін, ал оны жазудың соншалықты күрделі өнер екенін көрсетеді. Өйткені балаларға арнап жазу үшін әдеби-поэтикалық принциптерді білу өз алдына, олардың тілін, талғамы мен түсінігін, жас ерекшеліктерін де жетік білу керек болады. Сонда ғана автор жас оқырмандарға өмірді танытып, көзқарасы мен ұстанымдарын бекітуге қызмет етеді. Бұл қалам иелерінің құндылық қалыптастырушы, сол арқылы қоғамның мәдени келбетіне, ұлттың руханиятына айрықша әсер етуші тұлға екенін көрсетсе керек.

Балаларға арнап көркем шығарма жазатын қаламгерлеріміздің дені табиғат лирикасына соқпай кетпейді. Ол заңды да. Өйткені өмірді жаңадан танып келе жатқан балаға табиғат құбылыстарын өз деңгейіне сай түр тауып жеткізу – әрбір ақынның міндеті. Мысалы, Өтепберген Ақыпбекұлының «Жаз соңы, жаңа туған ай» өлеңінде мынадай суретті шумақ бар:

Жаңа туған Ай қандай,
Көрші, қане, таңданбай?!
Бір тілімі қауынның
Көкке ілініп қалғандай!. [1; 81].

Бала атаулы қауын мен қарбызды жақсы көреді. Содан да қауын атауы балаға

бірден эмоциялық әсер сыйлайды. Ал енді оның бір тілімі аспанда «ілініп» тұрса, жас оқырманды бірден баурап әкететіні рас. Ақынның табиғат құбылысын балаға ұнайтын дүниемен ауыстыра суреттеуі ұтымды шыққан. Метафора – бала өлеңінде жиі ұшырасатын көркемдік тәсіл. Онсыз балаға күрделі құбылыстарды түсіндіру мүмкін емес. Жаз туралы өлең жазған ақынның күз мезгілі туралы өлеңінде де тілге жатық, ойға жеңіл ұғымдармен танысамыз:

Жапырақ селкеулеу,
Ауа желкемдеу,
Түн ұзақтау,
Күн келтелеу [1; 83].

Қысқа да нұсқа. Сегіз сөз жұп-жұмыр шумақ құрап отыр. Әр тармақ екі-ақ сөзден құралса да, күз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін сыйғызып жіберген. Ал «Қысқы түн» өлеңінде:

Түн сұп-суық,
Ауа тып-тымық.
Ай жап-жарық,
Аспан тұп-тұнық... – деп жазады ақын [1; 84].

Ойнақы тіркестер, айқын суреттер, күшейтпелі шырай өлеңнің шырайын асырмаса, кемітіп тұрған жоқ.

Балалар әдебиетінің өкілдерінің қай-қайсысы болсын, ұлттық құндылықтарды бала танымына лайықтап жеткізуге ұмтылады. Әсіресе бұл аға буын өкілдерінің шығармашылығынан айқын көрінеді. Ол кейде сәтті шықса, кейде сәтсіз шығатыны рас. Дегенмен Ө. Ақыпбекұлының «Қымыздың көп түрі бар, дәмін татып білім ал!..» деп аталатын санамағы жас буынға әрі санауды үйретіп, ой-өрісін кеңейтуімен ғана емес, ұлттық сусынның түр-түрін танытуымен де құнды дер едік.

Бал қымыз – бір,
Сары қымыз – екі,
Құнан қымыз – үш,
Дөнен қымыз – төрт,
Бесті қымыз – бес,
Асау қымыз – алты,
Жуас қымыз – жеті,
Сірне жияр қымыз – сегіз,
Түнемел қымыз – тоғыз,
Қысырдың қымызы – он,
Қорабалы қымыз – он бір,
Уыз қымыз – он екі,
Саумал болар – он үш... [2; 85-86].

Расында да, қымыздың осыншама түрі бар екенін әдетте ересек оқырмандардың өзі біле бермейді. Ал енді ол санамақ түрінде берілгенде, баланың қиялын қозғап, тілін ұстартып, танымын тереңдете түседі.

Өтепберген Ақыпбекұлының шығармашылығына үңілген оқырман автордың жұмбақ жанрында өндіріп жазғанын бірден байқайды. Бұл – балалар әдебиетінің тарихында сирек кездесетін құбылыс. Әсіресе қазіргі балалар әдебиетінде жұмбақ жанрында қалам тербейтін ақын-жазушылар некен-саяқ. Өйткені жұмбақ – күрмеуі көп күрделі жанр. Қадыр Мырза Әли бір жұмбақ жазғаннан он өлең жазған

әлдеқайда жеңіл екенін жазған болатын. Сыншы-ғалым Қ. Ергөбек өзінің «Адамның бір қызығы бала деген...» деп аталатын еңбегінде былай деген еді: ««Мінсіз жұмбақ – мінсіз суреткерлік жемісі әрі анық дарындылық белгісі. Жай өлеңсымақтар жазып жалпы дүрмек арасында селбесіп жүре беретіндер болады, ал жұмбақ жанрына бет қойғанда қалам ұстаушының қажыр-қайраты ашылып-ақ қалады» [3; 71]. Ғалым 40 жылдан астам уақыт қалам ұстаған ең көрнекті жазушылардың өзі 200-ден көп жұмбақ жазбағанын алға тартып, оның себебін жұмбақ жанрының «қиындығының, күрделілігінің, нағыз асыл поэзия екендігінің белгісі» деп жазады [3; 71]. Қ. Ергөбектің бұл пікірімен келіспеуге болмайды. Себебі жұмбақтар жинағы жарық көрген авторлар әсіресе тәуелсіздік дәуіріндегі балалар әдебиетінде жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алып қарағанда, мұның өзі Ө.Ақыпбекұлының шығармашылық әлеуетін көрсетсе керек. Автордың осы бағытта жазған «Төрт түлік, үй құстары, ит, мысық та – құт бәрі», «Қызықты жұмбақтар» деп аталатын кітаптары жарық көрген. Ақынның жұмбақтарын тақырыптық, жанрлық тұрғыдан бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы, Ө.Ақыпбекұлы дәстүрлі жұмбақпен шектеліп қалмай, метаграмма, анаграмма, шарада, логогриф сынды жанрларда да қалам тербеген. Аталған жанрлардағы жұмбақтардың формалық ерекшеліктері болғанымен, бәрінің мазмұны мен идеясы, баланың танымы мен тәрбиесіне тигізер ықпал-әсері қарайлас деуге болады. Автор құстар, төрт түлік, табиғат құбылыстары т.б. сынды жаратылыстанудың ажырамас бөлшектерін тақырып ете отырып ізгілікті, жалпы адамзаттық құндылықтарды балалардың бойына сіңіруге тырысады. Ө. Ақыпбекұлының жұмбақтар жинағын қолға алып қарағанда мынадай тақырыптық топтамаларды байқадық: «Алғашқы әріп өзгерсе...», «Соңғы әріп өзгерсе...», «Жалға сөзге бір әріп...», «Әріптер қосылса, қысқарса...», «Қоссаң екі бөлікті...», «Қос буыны да бірер сөз, Таба алады кім тез?..», «Қос буыны да бір сөзден құралған құстар», «Айтылуы бір, жазылуы бөлек сөздер...», «Өзгермейтін сөздер», «Оңға, солға оқып көр...», «Ұқсас атаулар», «Бәрі де өз бойыңда» т.б. Автор осындай тақырыппен әртүрлі жұмбақтарды топтастырып, жас оқырманына ой салғысы келеді. Мысалы, мына жұмбақ қарапайым, бірақ тартымды шыққан:

Күндіз тыным бермейді,
Түнде көзі көрмейді.
Көкке қарап су ішіп,
Жерге қарап жем жейді (*тауық*) [4; 16].

Автор жас оқырманға үй құстарын таныстыруды мақсат еткен. Өтепберген Ақыпбекұлының жұмбақтарының көбі анаграмма, метаграмма, логогриф, шарада сынды жанрдағы шығармалар болып келеді. Жоғарыда аталған тақырыптарынан-ақ біз оның дәстүрлі жұмбақтар емес екенін аңғара аламыз. Мысалы, «Өзгермейтін әріптер» деген тақырыптық топтамада берілген бір логогриф үлгісіне үңілейік:

Оңынан оқы,
Халықпын.
Солынан оқы,
Халықпын.
Астықты өлке атанған
Елмін байтақ,
Алыппын! (*Қазақ*) [5; 39].

Автор қарапайым ойын элементтерін қолдана отырып балаға ұлттық тәрбие

тағылымын сіңіреді. Жалпы, жұмбақтарда ойын элементтері айқын көрінеді. Ойын – баланың екінші табиғаты. Онсыз кез келген шығарма балаға қызықсыз болуы мүмкін. Сондықтан да ақын сөздер мен әріптерді ойната отырып баланың танымын кеңейтуге күш салады. Ойната отырып ойландырады, ойландыра отырып баланың бойына әділдік, мейірім, табандылық, еңбекқорлық сынды құндылықтарды құяды. Жұмбақтардың да әртүрлі болуы керектігін айтқан әдебиеттанушы Ә.Жәкім: «Енді балаға берілетін жұмбақтың бір емес, екі немесе одан да көп шешуі болуы қажет. Сонда бала аңғарымпаздығы, тапқырлығы, логикалық ойлауы біртіндеп ұштала береді», – деген еді [6; 130]. Ө.Ақыпбекұлының көптеген жұмбақ өлеңдері осы талап тұрғысынан жазылғанын байқау қиын емес. Ақынның мына шарадасына көңіл аударайық. «Қоссаң екі бөлікті...» деп аталатын тақырыптық топтамамен берілген шарадалардың ішінде мына жұмбақ назарымызды аударды:

Алғы менің бөлігім –
Тіршіліктің тірегі,
Тынбай бойда жүреді.
Арғы менің бөлігім –
Жануарың, серігің,
Қажымайтын көлігің.
Қос та, ойла тұспалдап,
Табыламын құстардан.

(*Қан – ат, Қанат*) [5; 23].

Бір жұмбақта бір емес, үш жауап бар. Жалпы, бұл – жазба мәдениеті дамыған елдерде кеңінен жайылған жұмбақ түрі. Біздің әдебиетіміздегі жұмбақтар негізінен ауыз әдебиетінің үлгілері болып келеді. Ал жоғарыдағыдай логогриф, метаграмма, шарадалар ХХ ғасырдағы балалар әдебиетінде кең көрініс тапты. Десе де, қазіргі жұмбақтардың ауыз әдебиетіндегі жұмбақ үлгілерінен айырмашылығы көп. Мысалы:

Тауда менің тұрағым,
Өте берік шыдамым.
Жалға оған бір әріп,
Қалтарыс боп шығамын. (Тас-а). [5; 13].

Мұндай жұмбақтар жас оқушылардың ой-өрісін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге лексикалық білім қорын байыта түседі. Енді мына логогрифке назар аударайық:

Баспанамын басыңа,
Білгенге бұл қазына.
«К»-ні қоссаң қасына,
Елтисіндер сазыма. (*Үй-күй*). [5; 16].

Осылайша ақын қазақ оқырманының өміріндегі ең негізгі ұғым-түсініктерді өлеңмен, жұмбақ өлеңмен ойната отырып ұғындырады. «Айтылуы бір, жазылуы бөлек сөздер...» деген тақырыппен берілген мына жұмбақтың да оқушының таным көкжиегін кеңейтетіні анық:

Тұр уылжып ЖЕМІСТЕР,
Дән толтырды егіс те.
Күз – береке,
Күз – ырыс,
Тер сіңіріп:
ЖЕМІС ТЕР! [5; 36].

Аталмыш өлең шумағынан оқушы фонетикалық-дыбыстық тұрғыдан бәлендей айырмашылық көрмегенімен, морфологиялық һәм лексикалық мағынасы біркелкі емес екенін бірдей байқайды. Бұл, бір жағынан, логопедиялық туындыларға да ұқсайды. Себебі мұндай жұмбақтар баланың сөйлеу дағдысының дұрыс дамуына да орасан зор әсер етеді.

Өтепберген Ақыпбекұлы өмірдің әртүрлі құбылыстарын жұмбақ жанры арқылы танытқысы келеді. Дегенмен біз ақынның шығармашылығынан заманауи тақырыптағы жұмбақтарды кездестіре алмадық. Қазіргі балалар әдебиетінің кенже қалып отырған бір саласы жұмбақ жанры десек, оның ішінде заманауи өзгерістерді көркем өнерде бейнелеп, тартымды тіл, жатық сөзбен суреттеп беретін, сол арқылы оқушыға күнделікті өзі көріп жүрген дүниелерді көркемдік тұрғыдан игеруіне сеп болатын туындылар аз. Әйтсе де Ө.Ақыпбекұлының жұмбақ жанрындағы туындылары тәуелсіздік тұсындағы қазақ балалар әдебиетінің алтын қорынан табылады деп есептейміз.

Балаларға арнап қалам тартып жүрген ақын-жазушылардың көбі соқпай кетпейтін саланың бірі – әліппе. Бұл бағытта қазір Б.Әлімжанов, Б.Қошым-Ноғай, Д.Әлбозым сынды қаламгерлер арнаулы кітаптар жазды. Әрине, оның бәрі оқу үдерісінде қолданылатын оқулық болмаса да, қосымша әдебиет ретінде оқытылатын аса маңызды еңбектер. Балаларға арнап әліппе жазған авторлардың ішінде Өтепберген Ақыпбекұлының есімі ерекше аталуға тиіс. Себебі ол – «Әліппе» сериясымен бірнеше кітап жазған қаламгер. Автордың «Экологиялық әліппе», «Балдай тәтті әліппе», «Қызықты әліппе», «Алдындағы әліппе», «Спорттық әліппе» деген жинақтары жарық көрген.

Әліппенің бала өміріндегі алар орны ерекше. Ол әріптерді ғана танытатын құрал емес, білім мен ғылымға жол ашатын, өмірдің сан алуан сырына қанықтыратын рухани-танымдық жолбасшы да. Ө.Ақыпбекұлының әліппелік өлеңдерінен біз осындай сипаттарды айқын көре аламыз. Мысалы, ақынның «Қандай ұлттық тағам бар?..» деп аталатын өлеңін алайық. «Қ» әрпінен басталар қандай ұлттық тағам бар?» деп сұрақ қойған ақын былай деп өзі жауап береді:

Қазы, қарта, қуырдақ,
Құйрық-бауыр, қойыртпақ...
Қымыран, қымыз,
Құрт, қатық,
Қаймақтан да көр татып... [2; 88].

«Әліппе» сериясымен шыққан қай өлеңін алсақ та, аллитерация мен ассонанстың үздік үлгілерін көреміз. Автор әр әріпке екі өлеңнен арнап, баланың сол әріп арқылы белгілі бір тақырып туралы толыққанды хабардар болуын көздейді. Сондай-ақ өлеңдердің жанрлық сипаты да біркелкі емес. Ақын балалар әдебиетінің барлық жанрларын шебер игерген. Бір әріпке жаңылтпаш пен жұмбақ арнаса, енді бір әріпке тақпақ пен санамақ арнайды. Бала жалықпайды. Қайта бір әріптен кейін екінші әріпке ертерек жетуге асығып отырады. Мысалы, аталған өлеңде ақын «Қ» әрпін ғана емес, қазақтың бірнеше ұлттық тағамын таныстырып отыр. Яғни белгілі бір әріп арқылы баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге күш салады.

Біз осы дәстүрді автордың басқа жинақтарынан да байқадық. Мысалы, «Экологиялық әліппеде» ақын балаға табиғат құбылыстарын, айнала-болмыстың сыр-сипатын түсіндірсе, «Спорттық әліппеде» ұлттық және халықаралық спорт

түрлерін, олардың өзіндік ерекшеліктерін таныстырады. Автор жалпы спортқа қатысты ұғым-түсініктерді талғампаздықпен таңдай білген. Жинақтың беташары «Жас дос» деп аталатын мынадай өлең шумағымен басталады:

Спортты – жанға серік қыл,
Парасат, жігер, ерік бұл!..
Озып шық, түссең жарысқа,
Рухтан, тырыс намысқа.
Табанды жетер табысқа!.. [7; 3].

Өлеңнің көркемдік қуаты соншалықты күшті деп айта алмаймыз. Дегенмен, вертикал бағытта әр тармақтың бас әріптерін оқығанда «спорт» деген сөзді оқу қиын емес. Жинақты әрі қарай оқығанда спорт әлеміне қатысты әртүрлі ұғымдарға кез боламыз. Мысалы, «Ә» әрпіне келгенде ақын мынадай өлең арнапты:

Әдіс үйрен –
Әр кезде,
Әріптеске әл берме!..
Әдіс-тәсіл –
Әсілі,
Әл-күш қосар тар жерде [7; 7].

Жұп-жұмыр өлең. Спорттағы ең негізгі артықшылық қара күште емес, әдісте екенін әдемі жеткізе білген деп есептейміз. Ал:

Ұзындыққа секіру,
Ұтымды ойға бекіну.
Ұшқыр аттай екпіндеп,
Ұшқан құстай серпілу [7; 40].

деген өлеңде оқырман «Ұ» әрпін тани отырып ұзындыққа секірудің суретін көргендей болады. Көркем де кестелі сөз орамдарымен ақын балаға сөзбен шынайы сурет сала білген.

Әліппенің функциясы көп. Солардың ішінде онтологиялық-эпистемологиялық функциясын бөле-жара атап өту керек. Адам баласы өмір құбылыстарын белгілі бір ұғымдар арқылы танып біледі. Соның негізінде баланың өмірге деген көзқарасы, құндылықтар жүйесі, тұлғалық принциптері – жалпы бүтін бітімі қалыптасады. Спорттық ұғымдарды дұрыс түсінген баланың саламатты өмір салтын ұстану ықтималдығы жоғары болатыны сөзсіз. Осы қырынан алғанда, Ө.Ақыпбекұлының «Спорттық әліппесінің» арқалаған жүгі ауыр.

Қазіргі қазақ әдебиетінде, өзге де постсоветтік елдердің әдебиетіндегі сияқты, түп-тамырын іздеу, төл құндылықтарын жаңғырту үрдісі байқалады. Әсіресе бұрын жабық тақырыптардың санатында болған мәселелерді тереңірек тануға деген талпыныс күшті. Ұлттық мүдде жолында күресіп өткен тұлғалар өмірі, нәубет жылдарының ақиқаты, діни-рухани бағыттағы мұралар – бәрі бүгінгі қазақ оқырманын бейжай қалдырмайтын өзекті тақырыптар. Біз аталмыш үрдісті балалар әдебиетінен де анық байқадық. Солардың ішінде имандылық тақырыбының жөні бөлек. Өтепберген Ақыпбекұлы – ислами құндылықтарды алғашқылардың бірі болып жырлаған балалар ақыны. Оның «Күпия оқулық» деп аталатын жинағының алғашқы тарауы «Мұсылманмын мен енді...» деп аталады. Автор осы кітабында балаларға мұсылман, сенім, намаз, қағба, Құран, ораза, сәресі, бата, айт деген діни ұғым-түсініктерді қарапайым тілмен жеткізе білген. Әдетте, балаларға арнап

жазатын қаламгерлер бұл тақырыпқа көп бара қоймайды. Ө.Ақыпбекұлы Ислам құндылықтарымен жас өскінді сусындатып, руханиятын байытуға үлес қосқан. Ақынның бұл талпынысы қай жағынан да құптауға лайық. Өйткені балаларға бабалар жолын таныту, рухани-діни иммунитетін қалыптастыру олардың үлкен өмірде әртүрлі теріс идеологиялық бағыттарға түсіп кетпеуіне сеп болады. Оның үстіне, жас оқырман толыққанды дамуы үшін тек танымдық тұрғыдан ғана емес, рухани тұрғыдан да толысуы қажет. Әрине, автор балаға терең діни білім беруді көздемейді. Ақынның міндеті – діни білімнің іргетасын қалап беру. Ақын баланың аузына мынадай дұға-тілек салады:

О, Жасаған ием!
Маған – сүйеу,
Саған – құл,
Ата-анамды аман қыл!
Оразамды қабыл ет!
Ел мерейін дәуірлет,
Жанымызды желпісін,
Жайма шуақ сәуір леп!
Әумин! [8; 25].

«Оразадағы бата-тілек» деп аталатын бұл өлеңнен бала өзін таниды. Өйткені баланың осыдан артық, осыдан қымбат тілегі жоқ. Ең жақын адамы – ата-анасы. Сонымен қатар автор ислам құндылықтарын қазақтың дәстүрлі обал мен сауап ұғымымен ұштастырып суреттейді. «Алғыс пен қарғыс» деп аталатын өлеңінде мынадай жолдарды кезіктіреміз:

Дейді атам:

«Гүл жұлма,
Тал бұтағын сындырма.
Киесі бар – шөптің де,
Иесі бар – судың да.

Кішілерді қыстама,
Жақсы істен тыс қалма.
Ұя жасап,
Жем шашып,
Жақсылық қыл –
Құсқа да!..» [8; 32].

Бұл – құрылымы қарапайым болғанымен, таудай мағынасы бар өлең. Өйткені адамзатқа ғана емес, табиғаттағы өзге де жанды-жансыз жаратылыстарға жақсылық жасау гуманизмнің шыңы болса керек. Оның үстіне, біз бұл өлең шумақтарынан қазақтың өзіне тән ойлау жүйесін, мәдени даралығын танимыз. Себебі шөптің де киесі бар, судың да иесі бар деп сену, жалпы, табиғаттағы заттар мен құбылыстарға жанды жаратылыс деп қарау, олармен тілдесу, тіпті мұңын шағып, сырын ашу, қолынан келгенше пайда тигізуге тырысу дәстүрлі қазақ танымның ең негізгі белгілерінің бірі болып саналады. Оның үстіне, тыйым кез келген халықтар мәдениетінің ажырамас бөлшегі саналады. Тыйымдар – сол халықтың рухани-моральдық шекара-шенберін бекітетін һәм қорғайтын мәдени атрибут. «Кез келген қоғамдағы салт-дәстүрдің, кісілік қалыптарының, діннің, заңның, яғни кең

мағынасында мәдениеттің негізі тыйым арқылы қалыптасады. «Тыйымсыз елдің жастары дуана» деп айтылатын қазақ мәтелінің астарында қоғамдық тәжірибеден туындаған ой-тұжырым (концепция) бар». [9; 192], – дейді А.Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі» атты этномәдени пайымдау еңбегінде.

Ақын ислами құндылықтарды баланың тіліне салып суреттесе де, ата-әже рөлін биік қояды. Автордың өлеңдерінде ата-әже жол бастаушы, рухани көшбасшы бейнесінде көрінеді. Өлеңдерінің көбінде бала кейіпкер атасына қарап бой түзейді. Өзі де атасындай не әжесіндей болғысы келеді. Өйткені ата-әже – рухани Темірқазық. Осылайша ақын қазақтың ата-әже институтының әлеуетін таныта алған. Автор ата-әже рөлін тек діни-моральдық принциптерді танытуда ғана емес, тарихи сананы жаңғыртып, баланың тарихқа деген көзқарасын бекітуде де сәтті қолданады. Автордың нәубет жылдарының шындығын танытатын өлеңі осының айғағы болса керек. 31 мамыр күні қуғын-сүргін құрбандарын отбасы болып еске алады. Атасы мұнайып отырса, әжесі жеті шелпек пісіреді. Немересі оның себебін сұрағанда атасы мен әжесі ұзақ көсіліп, көздеріне жас алып, қазақ тарихының қаралы беттерін баяндап береді.

Бостандық деп тіпті бұл,
Дүрліктірді жұртты құр.
Кеңес емес,
Бұл қоғам
Егес болды қып-қызыл... [1; 58].

Осы бір шумақ өлеңге тұтас кеңес өкіметінің тарихы сыйып кеткендей. Бәрі бар. Қызыл қоғам. Қанды қоғам... Өлеңнің жалғасында ақын:

«Гүл қыламыз тақырды,
Дүр қыламыз пақырды...» –
Деп басталған
Қуғынның
Қырғын болды ақыры... [1; 58] – деп жырлайды.

Ата-әженің аузына салынып айтылған тарихи оқиғалар ұлттық мүдде тұрғысынан оқырманға жеткізілген. Осы сияқты өлеңдер Ө.Ақыпбекұлы шығармашылығында аз емес.

Ө.Ақыпбекұлының шығармашылығында өлеңмен жазылған ертегілердің жөні бір бөлек. Солардың ішінде ақынның «Үш қалаш» деп аталатын кәсіп туралы ертегісі назарымызды аударды. Оқиғалық желісі қарапайым: ертеде патшаның жалғыз ұлы аң аулап жүріп адасып кетеді де, теңіз жағасында қызымен бірге тұратын ақсақалдың үйіне тап болады. Содан оның қызын ұнатып, ертеңіне әкесін (патшаны) ертіп әкеледі. Бірақ қыздың әкесі патшаға иілмей, ұлының кәсібін сұрайды. Жігіттің кәсібі жоқ болып, ақсақал қызын бермейтін болып шешеді. Біраз уақыттан кейін жігіт кәсіп үйреніп, себетші болып келеді. Содан кейін ғана әкесі қызын беріп, өзінің басынан өткен жағдайды баяндап береді. Ол да бір елдің патшасы болыпты. Еліне жау шауып, бас сауғалап, ең соңында біреудің қолына балықшы болып жұмысқа кіріпті. Бір қызын бағып-қағу мұң болыпты. Сонда ол патша екең патша болсаң да бір кәсіпті меңгеру керек екен деп тұжырым жасаған екен.

Асып тусаң да атадан,
Нәсіп – ырыс,
Татар – дәм.

Кәсібі жоқ адамның,
Нәсібі кем қашаннан.

Кәсіпсіздік –
Үгілу,
Боркемік боп бүгілу.
Кәсіп қылмау –
Үйренбеу –
Тіршіліктен түңілу [8; 188].

Фабулалық-сюжеттік желісі өте қарапайым болғанымен, балалар үшін таудай тағылым сыйлайтын ертегі. Әдетте, балалар оқиғаны жақсы көреді. Кез келген құндылықты қызықты оқиғалық баян түрінде қабылдайды. Ақын осыны ұтымды қолданған. Содан кейін патша әр адам бір кәсіп меңгерсін деп жарлық шығарып, көп өтпей елі қарыштап дамыпты деп қорытындылайды.

Өтепберген Ақыпбекұлы саналы ғұмырын ұлттық мұрат жолына арнады. Оның есімі аталғанда оқырманның көз алдына балалар әдебиеті, қазақ тілінің өз тұғырына қонуы сынды мәселелер келеді. Өйткені ақын балалардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге, сол арқылы қазақтың жаңа тұрпаттағы сапалы ұрпағының көбеюіне үлес қосты. Шығармаларының тақырыптық ауқымы өте кең. Табиғат құбылыстарынан бастап мамандық таңдауға дейін, имандылықтан бастап білімге дейінгі әртүрлі тақырыптарда қалам тербеді. Қай шығармасын алсаңыз да, баланың жас ерекшеліктері, бала психологиясы ескерілгенін көруге болады.

Әдебиеттер:

1. Ақыпбекұлы Ө. Керек кітап. Мектеп жасындағы балаларға арналған өлеңдер мен жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегі. – Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. – 208 б., суретті.
2. Ақыпбекұлы Ө. Ажарлы Астана. Балаларға арналған базарлық - өлеңдер. – Астана: Елорда, 2002. – 120 б.
3. Ергөбек Құлбек. Адамның бір қызығы бала деген... Қазақ балалар әдебиеті мәселелері. – Нұр-Сұлтан: Big Dream баспасы, 2021 ж. – 428 б.
4. Ақыпбекұлы Ө. Төрт түлік, үй құстары, ит, мысық та – құт бәрі...: Жұмбақтар жапсырмамен. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 32 б.
5. Ақыпбекұлы Ө. Қызықты жұмбақтар. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 56 б.
6. Жәкім Ә.М. Әлімбаевтың балалар әлемі. – Алматы: «Арыс», 2007. – 228 б.
7. Ақыпбекұлы Ө. Спорттық әліппе. Әліпбилік өлеңдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, санамақтар. – Алматы: БАУР, 2007. – 64 б.
8. Ақыпбекұлы Ө. Құпия оқулық: Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мазақтамалар, аңыз, әпсана, ертегілер. – Астана: «Балалар әдебиеті» баспасы. – 2004. 204 б.
9. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т.2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – 816 б.

ЖҮНІС САХИЕВ (1950 жылы туған)

Сахиев Жүніс – ғылыми-фантастикалық романдар топтамасын жазушы-болашақгер. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1991) және О.Жандосов атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты (1994). Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі (1990).

Ол қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін 1966–1972 жылдары аудан орталығында телеграфшы, армияда қысқа толқында жұмыс жасайтын радиостанцияда радист болып жұмыс жасаған. 1972–1977 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетінде оқиды.

Сахиев Жүніс 1971 жылдан бастап, Қазақстанда тұңғыш болып «Кеңістік көшпенділері» деп жалпы айдар қойған сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазып келеді. Бүгінгі күнге дейін оның ғылыми-фантастикалық романдарының он екісі жарық көрді. Олар: «Тіршілік ұясы» (1983), «Борыш» (1987), «Шеңбердің түйісуі» (1991), «Әдеби сыйлық» (1994), «Көктен келген көшпенділер» (1999), «Марстан шыққан жаңғырық» (2002), «Қимайтын әлем» (2003), «Космотарих куәсі» (2006), «Су әлемінің саздары» (2008), «Жасампаздық қиырында» (2009), «Күзетші» (2013) атты аталған жанрдағы романдары. «Қимайтын әлем» атты ғылыми-фантастикалық романдарының журналдық нұсқасы чех, ағылшын тілдерінде Прагадан шығатын «Немезида» ғылыми-көпшілік журналында жарияланған.

2018 жылы авторлық сериясының «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» ғылыми-болашақтық романдарының журналдық нұсқалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен «Жазушы», «Мектеп», «Атамұра», «Арман-пв» баспаларынан жарық көрген қазақ орта мектептерінің 8-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен хрестоматиясына енген.

2014 жылы Жүніс Сақұрпағының қазақ тілінде тұңғыш рет жазған «Астрономия» энциклопедиясын Астанадағы «Фолиант» баспасынан «Үлкен энциклопедия» сериясымен бастырып шықты. Оның тұсаукесеріне қатысқан қазақтың тұңғыш ғарышкері Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы жақсы пікір айтты. Ол орыс ғалымдары М.М. Дагаев пен В.М. Чаругиннің 9-11 сыныптарына арналған «Астрофизика» (1994; 2-бас. 1996; 3-бас. 1999, 4-бас. 2002), Е.П. Левитанның «Астрономия» (1998) оқулықтарын, гректің ұлы философы Платонның Атлантида жөнінде жазған «Тимэй» және «Критий» жазбаларының орыс тіліндегі нұсқасын қазақ тіліне аударған.

Ж. Сахиев қазақ және әлем ғылыми-фантастикасы жөніндегі бірқатар танымдық мақалалардың авторы. «Астрофизика» (1998), «Астрономия» (2000) оқулықтарын аударған. Астрономия ғылымын насихаттаушы. Ол шығармашылық өмірбаянымен «Элита Қазақстана» (1997), «Белоруссия энциклопедиясына» (2002), «Ұлы дала» тарихи-ғибраттық шежіре кітабына (2002), «Жазушылар әлемі» фотоальбомына (2003), «Қазақстан жазушылары. XX ғасыр» энциклопедиялық анықтамаға (2004) енген.

2001 жылы ҚР Ұлттық кітапханасында Жүніс Сахиевтің өмірі мен шығармашылығына арналған Қазақстан ғылыми-фантастикасы тарихында тұңғыш рет көрме жұмыс жасады.

Фантастика (көне грекше: φανταστική – көзге елестету өнері) – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Ғылыми түсінік

жоқ кезде фантастика мифологиялық және діни шығармаларда (Гомердің «Одиссеясы», Овидийдің «Метаморфозалары», шығыс халықтарының «Мың бір түні» т.б.) кездескен. Ал ғылымның дамуына байланысты халық қиялынан шыққан туындылар жарық көре бастады. Мысалы, ғылыми-фантастикалық әдебиетте ғылым мен техниканың жаңалықтары мен ілгерілеуі, адамзаттың табиғат сырларына тереңірек үңілуі өмірдегідей тартымды суреттеліп, басты идеясы ғылымда негіз бар, бірақ әлі іске аспаған жаңалықтармен ұштасып жатады делінді. Ғылыми-фантастикалық әдебиет Ф. Бэконның «Жаңа Атлантида» кітабынан (1627) басталады. XVII-XVIII ғасырда планетааралық сапар (Сирано де Бержерак, Ф. Годвин), болашақ туралы шығармалар (С. Мерсье, «2440 жылы», т.б.) жарық көрген.

Фантастика саласында Жюль Верннің шығармашылығы ерекше. XIX-XX ғасырларда Герберт Уэллстің «Уақыт машинасы» (1895), «Әлемдер соғысы» (1898), А.К. Дойлдың «Жоғалған әлем» (1912) және т.б. фантастикалық романдары жарияланды. Р. Брэдберидің «Марс хроникалары» жинағына енген «Фаренгейт бойынша 451» романы дараланып шықты. Поляк жазушысы Станислав Лем космос кеңістігіне жауапкершілікпен қарау жөніндегі философиялық ой-толғамдары арқылы («Астронавтар», 1951, «Солярис», 1961, «Тұмау», 1976 т.б. романдары) әлем жұртшылығына танылды. Кеңес әдебиетінде А.К. Толстой фантастика жанрының негізін салды.

Қазақ әдебиетінде фантастика халық қиялынан туған хайуанаттар жайлы, қиял-гажайып, тұрмыс-салт ертегілерінен бастау алады. Мысалы, «Ер Төстікте», «Керқұла атты Кендебайда», «Қырық өтірікте» фантастика жанрының негізгі элементтері кездеседі.

Жазба әдебиеттегі фантастикалық оқиғалар Абай Құнанбайұлының «Масғұт», «Ескендір» дастандарында, С. Ерубаевтың «Келешек соғыс туралы» повесінде, М. Әуезовтің «Дос – Бедел дос» және «Елу жылдан соң» пьесаларында да бар.

Қазақ кеңес әдебиетінде фантастика 1950 жылдардан басталады. А. Машановтың «Жер астына саяхат» повесі (1957) республикада ғылыми-фантастикалық әдебиеттің тууына ұйытқы болса, М. Сәрсекеевтің «Ғажайып сәуле» (1959), «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), Т. Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын» (1964), «Лұхман Хакім» (1966), Ш. Әлімбаевтың «Даналық альфасы» (1967), «Даналық формуласы» (1982), М. Шахановтың «Көгілдір мұнаралар» (1968), Т. Сүлейменовтің «Жұлдыз адамы» (1969), «Әл-Фараби көпірі» (1968), А. Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» (1972) атты шығармалар қазақ фантастикасының дамуына елеулі үлес қосты.

Ал Т. Әбдіковтің «Айтылмаған ақиқат» (1980), М. Гумеровтың «Жұмбақ сәуле» (1981), С. Ғаббасовтың «Кәусар» (1985), Н. Кенжеғұлованың «Қиын шешім» (1985), Р. Бектібаевтың «Ионосферадағы алаң» (1988) атты жинақтарында болашақ өзгерістер туралы болжамдар бейнеленеді. Фантастикалық шығармалар кинода елеулі орын алады [1].

Фантаст-жазушы Ж. Сахиевтің «Борыш» повесінде Әлімхан атты ғарышкердің өмір жолы I жақта баяндалады. Баяндаушы-кейіпкер ыңғайында. Мұндағы фантастикалық оқиғалар қалыпты өмір мен бас кейіпкердің өмірбаянын оқырманға таныстырып өтеді. «Қазақстан» деген астероид кемемен ғарышқа сапарға шыққан зерттеушілердің (биолог Уахат, байланысшы Жомарт, басшы Саят, математик Сұлтанәлі, астроном Тілек) мақсаты – Тәңсәрі планетасына барып, ғылыми-зерттеу жұмысын жасау. Повестің бас кейіпкері Әлімхан анасының соңғы тілегін (келінді

болсам деген) орындай алмайды. Өйткені, туристік жолдамамен әлемнің 646 еліне аттанған сүйіктісі Әйкен «энтомоптеропатынан мерт» болған еді. Осы адами әрі перзенттік борышқа қарыздар сезім оны ғарышқа аттануға себеп болады. Отанға, отандық ғылымға қызмет ету дейтін үлкен мақсат жолында ғарышқа сапарға шыққан мананданған топ уақыт пен кеңістіктің қалыпты шеңберін бұзып өтіп, қиял-ғажайып оқиғалар шытырманшына еніп кетеді (кемелерін тесіп кірген басқа планеталық барлаушы кеме «Ғарыш қанаты» деп аталатын қамқоршылар болып шығады, ал жерліктер «Тәпелтектер» деген алтыншы шеңбердегілердің тұтқынына түскенде (Ғарыш қанаты) көмекке келеді, Әлімханға «Ес» дейтін фантастикалық құралды берген де солар). «Қазақстан» астероиды өз өсінен айналу кезінде қиындыққа ұшыраған планетаны соғып, қалпына келтіру кезінде Әлімхан жарақат алады. Сапарлас серіктерінен айрылып, жерге оралады. Осы кездегі орбиталық қалашық пен жер арасындағы ғарыш лифтiсі айтылады. Жерліктер орбитаға қатынасы қазіргі біздің Шымбұлаққа барып-келіп жүретініміз сияқты қызықты баяндалады. Повесть Әлімханның Жерге оралып, «Ес» аппараты арқылы ата-анасын «қайта өмірге келтіріп», Әйкенін де ұзақ іздеп, ақыры тауып қосылғанымен аяқталады. «Кеңістікте алты жыл, жерде мыңдаған жылдар өткенде Әйкенімдей қызды таптым» [2; 51] дейді баяндаушы-кейіпкер. Бұл адам сенбес оқиғаларға жауап беретін: «Дана халқымыздың қасиетті топырағымызға, суымызға, ауамызға зиянды жарылыс атаулыны жолатпауы нәтижесінде мен Әйкенімді қайта таптым» [2; 52] деген адамзаттық мәселе бұл фантастикалық шығарманың гуманистік түйініне меззелген.

«Ай әжімі» әңгімесінде астрофизик Мұрат Әбенұлы О – Х қаласында өткен Айдың тарихын көру жиынына қатысып, «Ғылым жаршысы» журналының жас тілшісіне берген сұхбатына қорытынды тұжырым жасағаны баяндалады. Ол Айдың тіршіліксіз планетаға айналу турасында әртүрлі болжам айтқан ғалымдардың (ғылыми) пікірлерін сараптап кеп, мынадай ойға тоқтайды. «Айдағы Рима Хэдди алабынан ұшып шыққан ежелгі сәулені қуып жетіп, кейін шағылыстырып» [2; 56] кинофотоға түсірген ғалым-ғарышкерлердің жұмысынан Ай тарихын көрген соң, Ай бедері «мәдени дамудың жоғарғы шегіне жеткен тұрғындарының өз қолдарымен жапқан тас қабатының салдарынан «тынысы тарылып» кеткен. Сәйкесінше, көптеген экологиялық жағдайлардан: сілкіністер, тітіркеністер, магма, атмосфера мен гидросферадағы газ бен судың булануынан тіршіліксіз қалған планета дейді. Ал, Ай тарихынан онда да бір кездері жердегідей тіршілік болғанын көрген жас тілші Ғаниға Ай бетіндегі қазан-шұңқырлар планеталық қасіреттің әжіміндей ауыр әсер қалдырады. Бұл адам баласы өзі мекен еткен планетасын қорғап, қастерлеуге борышты дейтін үлкен талапты тақырып еткен тәрбиелік мәні бар әңгіме-репортаж.

Аққу шоқжұлдызынан келген бөгде ғаламшарлық Алуа есімді қызбен жерлік Талғаттың танысуы I жақта кейіпкердің өткен шақ оқиғасымен баяндалатын «Аққулық айтқан сыр» әңгімесінде адам баласының өз табиғатына жасаған жасандылығының зардабын көрсетеді. Табиғи дене мүшелерін жасанды мүшелерге алмастырып, ұзақ өмір сүруді көздеген Аққу шоқжұлдызының адамдары өздеріне өздері өлшеусіз қиянат жасаған екен. Жасанды адамдар көбейіп, табиғи адамдар азайған, салдарынан тепе-теңдік бұзылған. Осы табиғи адам ұрпағын сақтап қалып, жалғастыруды мақсат еткен Алуаның сырында планетарлық деңгейдегі мәселелер көтерілген.

Ал, «Жерде шешілген жұмбақта» Жасыл планетасындағы апаттың салдары – жерде шешіледі. Оған арнайы ұшырылған ғарышкерлер әкелген кино-фотодан

мәлім болады. Жасыл планетасы да Жер сияқты болған. Алайда, ондағылар термоядролық синтезді игеріп, қолдан Күн жасаған. Содан соң Жасыл планетасы отқа оранып, күйіп, күлге айналып кеткенін Жерден барған ғарышкерлер өз көздерімен көреді. Әңгіменің басталуы да тірі қайтқан кейіпкердің еске алуымен өткен шақта баяндалады (лирикалық шегініс). Әңгімедегі фантастикалық оқиғалар осы жанрды сүйіп оқитын жас жеткіншектерге тәрбиелік жағымен басымдыққа ие бола алады деп санауға тиіспіз. Айталық, дүниеге келген күні ғарышқа ұшырылған Жер тұрғындарының кемесіндегілер оның ішінде өсіп, есейеді. Олар нағыз адамдарды өз көздерімен көрмеген. Барып келуді өзіне жүз жылдай уақытты керек ететін бұл ғарыштық сапардың басқарушылары жерде отыр. Сондықтан, ғарышкерлер арқылы (кемедегілер) алынған барлық мәліметтер жерде сарапталып, құпиясы жерде шешіледі және де оларды сәби шағында-ақ ғарышқа аттандыру керектігі өзінен-өзі түсінікті болып шығады. Әңгіменің мазмұны – бұл фантастикалық шығарманың тәрбиелік әрі ғылыми жағы тығыз байланысқанымен маңызды.

«Жазушының көп әңгімелерінде кибернетиканың келешегі сөз болады. Олардың дені жерлік те, өзге планеталық та болып келеді. Бізден әлдеқайда ілгері дамыған өзгепланеталық адамдардың бірі биороботтарды пайдаланып, жауыздығын арттырады. Жазушының «Орта жолдағы оқиға», «Ұмыт қалған ғұмыр», әңгімелері осы тақырыпқа жазылған. «Мейірім», «Ояну» әңгімелерінің де терең тәрбиелік мәні бар» деп осы жинаққа А. Машани «Қайырлы қадам» тілеп, біздің айтып отырғанымызды бұдан бұрын тұжырымдаған.

Жазушының «Көктен келген көшпенділер» атты ғылыми-фантастикалық романында Жер тағдыры адамзаттық масштабта әрі экологиялық күрделі мәселелер (апат) аясында сөз болған. Мәдени дамудың сатысындағы кез келген ғаламшар тұрғындары талай тарихи жолдарды артқа тастап, үздіксіз даму үстінде болған. Алайда, өркениет жолы да мінсіз болуы мүмкін емес. Қателіктер мен қайшылықтар өмірдің заңдылығы. Осы мәселелер ауқымында пайда болып, қордаланған нәрселер, кейде ғаламдық түйткілге айналады. Бұған көктен келген көшпенділер мен жер тұрғындарының арасында болған фантастикалық қарым-қатынастар арқылы Ж. Сахиев оқырманға ой тастаған. «Туған планетамызда басқа ғаламшардан келгендердің білуінше, «қала салуды шектен тыс көбейтіп жіберген», «көлік жасауды шектен асырған», соның салдарынан, тіпті, өздеріне жүретін жер қалдырмаған, күллі көшені сол көліктерге берген, «тек жер беті емес, әуені де толтырыпты» деп налиды көктен келген көшпенділер... Осындай оптимистік қорытындыға (Жерді қатерден сақтап қалу жолындағы) жат планеталықтардың келуі тегіннен-тегін емес. Өйткені, бүгінгі таңда көз алдымызда жерге ең басты қауіп экологиядан төнуде екенін жұрттың бәрі бірдей елей бермейді. Ғылым мен техниканың кез келген прогресінің бүгіндері аз уақыт сырттай пайдасы тигенімен, ертең күн айналмай зиянға шауып жататыны анық. Ж. Сахиевтің мына туындысы – сол орны толмас өкініш әкелетін «мемлекеттік көзқарасқа» фантастика тілімен жасалған дабыл» [3; 282].

Ғылыми-техникалық даму мен көшпенді тұрмыс өзара салыстырылып кеп, адамзат мекендейтін ғаламның жойылып кетпеуі үшін нені ескеру керек екенін көктен келген көшпенділер жердегілерге, оның өздерін алғаш таныған бірден-бір өкілі Жайлау арқылы мол дәлелдермен, жан-жақты түсіндіре баяндаған бұл роман фантаст-жазушының жеке ғылыми-шығармашылық ізденістерінің жемісі. Болу

мүмкін апаттың адами, қиялды әрі ғылыми тұрғыдағы көркем баяны. Оқырман бұл шығармадан кез келген тіршілік иесі (қай ғаламшар болсын) көшпенділер, ал олардың бұл өмір салты өздері өмір сүретін жердің, мекеннің, кеңістіктің тағдырымен тікелей байланысты. Жерге тыртық түсірме, жерді жаралама, жердің тынысын тарылтпа, яғни жасанды мақсат пен мүдденің, кезеңдік құндылықтардың ғұмыры ғаламшарлық уақытпен өлшегенде тым қысқа, әрі баянсыз дегенді мойындайды. Автордың да мақсаты сол десек шындықтан алшақ кетпейміз. Ал, романдағы этномәдени, этнографиялық құндылықтардың соншалықты көтеріңкі райда суреттелуі, тіпті ғаламның, ғарыштың (көктен келген көшпенділер) барлық адамдары «қазақтың ұлылығына» тәнті болуы, әлбетте шығарманың ұлттық сарынындағы отаншылдық бұл оқушыны осы сезімге баулу аясында қабылданатын бағытына балануы керек. Мәдени дамудың көшпенділікпен тығыз байланыса отырып ғылыми-техникалық тұрғыдан үйлесімділікке ұмтылуына жердің бетінде қалқып ұшатын, шөпті де, суды да баспай тіршілік ететін шар-үйлердегі қазақтар мен олардың мәдени-шаруашылық мәдениеттері (егіншілік, малшылық), түрлі қатынас құралдары (көктен келген көшпенділер берген, солар үйреткен, керек болса берген ақыл-кеңестеріне дейін) дәлел бола алуға тиіс. Бұл өз кезегінде жер адамдарының көктен келген көшпенділер сияқты үнемі жаңа жерге, жайлауға көшіп қонып өздерінің кеңістіктерін түрлі қолдан жасалған апаттар мен қауіп қатерлерден аман сақтауға септігі тигені көрсетеді. Жер де тыныс алуы керек: ол үшін шөпті таптама, таспен қаптама, асфальт төсесуді азайт, тас үйлермен аспаныңды тарылтпа, т.с. романның ғылыми-фантастикалық бағыттағы гуманизмі болып шыққан.

«Айдағы жасырынбақ» атты фантастикалық әңгімеден жазғы демалыстарын қайда өткізгенін ұстаз апайларына қызғылықты баяндаған Мерген мен Сартай деген оқушылардың еске алуларын оқимыз. Олар Айдағы қазаншұңқырға түскен кезде қараңғы әлемге тап болады. Шұңқырға түскен адам «көлеңкеге енген бойда зым-зия» болады. Оны сырттағы адам көрмейді, керісінше оны шұңқырдағы адам көріп тұрады. Сөйтіп, бұл қызықты «Айдағы жасырынбақ» ойнаған сияқты нәрсеге балаған Мерген мен Сатайға планетолог ғалым Ертілес (Мергеннің әкесі) оның ғылыми-фантастикалық болжамын айтып береді. « – Бұл күлкі емес, – әкем терезеден тіршіліксіз Ай табиғатына қарап отырып, көлеңкенің қоюлығы Айдағы атмосфераның жоқтығынан... Мұнда да бір заманда тіршілік қайнап жатқан. Мәдени дамудың шегіне жеткен Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластаған, оның ыдырауына әкеп соқтырған... Ай беті жалаңаштанып, шектен тыс қызып, жасыл желек біткен қурап, бұлақ, көл, теңіз бен мұхит буланып ғарышқа ұшып кеткен. Қиыр ғарыштан қаңғып келген аспан тастары ғаламшардың бетін әжімге толтыра берді. Ай беті жыпырлаған қазаншұңқырларға толды. Ғаламшардың күңгей жағы құрғап, түнгі жағындағы ішкі суы мәңгілік мұз болып қатып қалды. Ай өз осінен айналуын мейлінше баяулатты. Біздің ғылыми зерттеуіміз осыны дәлелдеді» [4; 248].

Әңгіме «Көктен келген көшпенділер» романының құрамдас бір бөлшегі екенін көруге болады. Мұнда да «мәдени дамудың» кері әсері, «ай әжімдері мен тыртықтары», ғаламшарда қаңғып ұшқан «тастар» бар. Тақырып туған табиғатты аялау адамзаттың борышы дейтін үлкен талаптың аясына жатады. Жазушының барлық шығармаларының басты идеясы мен тәрбиелік ұстанымы да осынау шағын әңгіменің үлкен арнасы іспетті. Және де әңгіме балаларға арналған.

Жүніс Сахиевтың «Жасампаздық қиырында» деп аталатын ғылыми-фантастикалық романы 2009 жылы жарық көрген. Бұл авторлық «Кеңістік көшпенділері» деген сериясының оныншы кітабы. Роман төрт бөлімнен және әр бөлім іштей тараулардан тұрады. Бірінші бөлім – «Жұлдызды әлем» жолында» деп аталып, жалпы оқиға тараулар бойынша жалғаса өрбиді. Баяндаудың III жағында, дәстүрлі эпикалық үлгіде, тілі жатық, оқырманның қабылдауына ауыр келетін сөз тіркестері мен сөзжасамдардан таза бұл кітап фантаст-жазушының ерекше бір шеберлік қыры деп санауға болады. Бірінші бөлімдегі оқиғалар – Ғалам кеңістігінен өркениет іздеуге шыққан қазақ ғалым-ғарышкерлер сапарының басталуы мен жалғасуы баяндалады. Автор осы фантастикалық саяхаттың барысын, дайындығын, ұшуын және ғарышкерлер құрамын оқырманға кең аяда түсіндіріп, таныстырып өтеді. «Егіздер» деп аталатын ғарыштық құрамда 6 адам бар. Оларға жеке-жеке мінездеме берілген. Себебі, бұл күрделі сапардың ғылыми маңызы бар. Тәкен – ғаламшар археологы және құрамның басшысы. Азамат – геолог ғарышкер. Сәлмен – химик ғарышкер. Жақан – биолог ғарышкер. Сәрсенбі – астрофизик. Сейфолла – философ. Міне, бұлар «стадион пішінді диаметрі 700 метр» болатын «Ақлағыл» деген жазуы бар жұлдызаралық кеменің экипажы. Баратын жұлдызы осы «Ақлағыл». Бұлардың кемелері таңғажайып: өзінше бір әлем, нақтырақ айтқанда жердің көшірмесі дерлік. Онда бау-бақша, өзен-су, хайуанаттар, әр ғарышкердің туған ауылы, тіпті шығып бататын «күні» де бар. Бәрі-бәрі Жердегі уақытпен сәйкестенген. Күн шыққанда тұрады, күн батқанда ұйықтайды. Ғарыш кемелері де ғаламат: жанармайды да, жолда кездесетін қауіп-қатерді де жан-жақты ойластырған. Анығырақ айтсақ, кеңістіктегі шаң-тозаң, тастарды, керек болса тіршілігі тоқтаған өлі ғаламшарды да өзінің қажетті «қорегіне» айналдыра алатын қасиеті бар. Әрине, ғылымдық жетістігі десек болады. Ал керек емесін құртып жіберетін жойғыш құралы тағы бар, демек бәрі де ғылымның ең жоғарғы жетістігімен қаруланған. Кеменің жылдамдығы да ғарыштық (жарық жылдамдығымен шамалас) әрі фантастикалық. Оның ішіндегі тіршілік иелеріне барлық жағдай жасалынған, тек зерттеуді жалғастыру және үнемі сақ болу керек. Қосымша авторроботтар да қызмет көрсетеді.

Бірде кеменің қабырғасына жабысқан кеңістіктегі әртүрлі пішіндегі заттарға зерттеу жасап жүріп (мұндай заттарды кеменің ұстап қалатын «қармағы» бар, ол заттар арнайы құбыр немесе түп-жол арқылы жолай тазартулардан өтіп, зертханаға түседі) ғарышкерлер «Кішкентай ғаламшарға» тап болады. Оны жарып көргенде ішінде тіршілік бар екені байқалады. Себебі, одан шыққан ергежейлі адам, романдағы атауы «ұлудай адам» апатқа ұшыраған өзге ғаламшардың жұрнағы болып шығады. Жолда түрлі заттармен соқтығыса-сақтығыса пішіні өзгерген екен. Бұның бәрі кейін белгілі болады, неге десек, маман ғарышкерлердің ғылыми болжамдары расқа шығады. Ұлудай ғана адамның пайда болу процесі, оның кеменің ішіндегі өсуі мен жетілуі, ғарышкерлердің «тіршілік иесін» қолға түсіруі, онымен түрлі үлкейткіш және дыбыс ұлғайтқыш құралдармен тілдесуі т.т. фантастикалық райда оқушыға ұзақ әрі ұғынықты тілмен баяндалған. Бұдан кейін «Кіші әлемге» аялдау, ондағы күйреген өркениеттің іздерін көру, ұлудай адамның ақылы мен біліміне таңданыс және ол тұратын «Кіші әлемге» жоспарда болмаса да сапарлап баруға дайындық жасаған ғалым-ғарышкерлердің іс-әрекеттері сөз болады.

«Кіші әлем кеңістігінде» деп аталатын екінші бөлімде «Жер тәулігімен есептегенде апта уақыт» өткенде алапат жұлдызаралық «Ақлағыл» кемесі «жұлдызды

жүйедегі жеті ғаламшардың» ішіндегі «мәдени дамуы жоғары» [4; 68] ғаламшарға жақындайды. Оған бақылау жүргізеді. Жерліктердің бұл әрекеті ол ғаламшардың «саналары мен мәдени дамулары жоғары» ергежейлі адамдары тарапынан да бақыланады. Себебі, соншалық алып кеме үрей тудырады, көлемі өздерінің жерлеріне жете қабыл болғандықтан, қарулы шабуыл жасайды. Бірақ, онысы «Ақлағылдың» қабырғасына сытырлап қана тиген әлсіз соққы. Кемедегілер, тіпті оны сезбейді де. Бұл кездегі барлық оқиғаның барысы олардың тарапынан баяндалады (кіші әлемнің кішкентай адамдарының аузымен). «Алып кеме» кетіп қалады, бірақ қайта айналып келеді. Міне, осы кезде ғаламшарлық адамдардың басшылары ақылдасып, мәмілеге келуді ойластырады. Ақыры, біздің ғарышкерлер кіші әлемге екінші мәрте жақындағанда «сығылу аймағына» тап болады. Соның салдарынан, өздері де кішірейе бастайды. «Ұлудай адаммен» теңесіп қалады. Автор айтқандай, бұл қазақ ғарышкерлеріне үлкен қолайсыздық тудырады. Кемелерін басқара алмай, күш пен өздерінің салмағы онымен сәйкеспей, бұрынғыдай еркін жұмыс жасауға мүмкіндік қалмайды. Осы кезде ғаламшардағы адамдар өздерінің құралдары арқылы «алып кемедегі» жағдайды көріп, көп нәрсенің мәнін түсінеді. Көмек қолын созады. Қолдарына басқа ғаламшардан келген «темір адамды» пайдаланып, оның есігін ашып, экипаждың 6 мүшесімен (жетіншісі ұлудай адам) жолығысады. Бұл кезде көптеген мәліметтер – көңіл күйлер, тілдесулер, ел мен жер туралы, адамның үлкен және кішілігі туралы ойлар мен сөздер баяндалады. Оқиға қалыпқа келіп, қауіптің бұлты сейіледі. «Табиғатқа табыну» тарауымен бұл бөлім аяқталып, келесі оқиғаның барысын білуге оқырманын ынтықтырып қояды.

Үшінші бөлім «Ғаламшардағы ғаламаттар» деп аталады. Бұл бөлімдегі болып өткен шытырман оқиғаның барысын кинофильмдегі көрініспен салыстырып қарасақ әсерлі әрі түсінікті болады деп санадық. Кіші әлемде, ондағы сығылу аймағында жүрген Күн жүйесіндегі Жер ғаламшарының 6 мүшесі тез арада өздеріне ұқсас 6 темір адам құрастырып шығады. Олардың көмегімен кемелерін басқарып, Жерге қайтуды жоспарлайды. Бірақ, өздерінің жерімен бірдей боп, жанында тұрған алып кемені жою жоспарын ойлаған кіші әлемнің тарапынан қайта-қайта қауіп төнеді. Ұзақ келіссөзден кейін мәселені бейбіт жолмен шешіседі. Бесінші ғаламшардың шабуылы өте жойқын болады. Жерліктер аңғалдықпен, негізінен, дос ниетпен кемелерінің есігін оларға ашып қояды. Олар 31 темір адам. Тәкен бастаған 6 темір адамға тап береді. Айқас болады. Ақыры, мәселені тез түсініп, ақыл мен айланы уақытында пайдаланып, оларды жеңеді. Мұны жеті ғаламшардың адамдары түгел көріп отырады. Құттықтап, қуаныш білдіреді. Жоғарыда сөз болған «мәдени дамуы жоғары» 3-ақ ғаламшар болғаны белгілі. Сондықтан, мұндай қауіптің болғаны заңдылық еді. Бірі – «алып кеме» қозғалғанда біздің жерімізге қауіп төнеді, жер сілкініс сияқты жағдай болуы мүмкін десе, екіншілері – біздің құпиямызды біліп ап, қайта айналып кеп басқадай әрекет жасауы мүмкін ғой десе, үшіншісі – дәлірек айтқанда, бесінші ғаламшарлықтар «алып кемені» жаулап ап, сығылу аймағынан шығып, үлкейіп, олардың жеріне баруды көздейді, бір сөзбен айтқанда, басқыншылық ниет ұстанады. Үлкен болғысы келеді...

Бұл ғаламшарлар бір кезде үлкен болған, енді, міне, кішірейіп кеткен, оған мәліметтер мол екенін Жерліктер көрді. Пиғылдың тарылуын нұсқаған. Маңызды, үлкен, Ғаламдық сабақ. Бөлімдегі жалпы мәселе осыны меңзейді. Жерліктер әлі сол күйінде, «сығылу аймағында», ал «кеңею кеңістігіне» шығуға әрекет жасауда.

Алайда, өзге әлемнің тарапынан болып жатқан түсініспеушіліктер мен шабуылдар ол ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеуде, кедергі келтіріп отыр. Ал уақыт деген өтіп жатыр, уақыт – біздің 6 ғалым-ғарышкер үшін ең құдіретті күш. Оқиға мұнымен бітпегенін оқушы сезіп отыр. Алда талай қызықты, қиял-ғажайып оқиғалар орын алуы мүмкін және әлі кіп-кішкентай боп жүрген біздің ғалым-ғарышкерлерді аяушылық та бар. Күлкің де келеді. Бәрі-бәрі орнына келуін тілейсің, тілек келесі бөлімді оқуға жетелейді. Біздің бұрынғы атпал азаматтар бір өздері ғана қашанғы бір түйір мейізді бөліп-бөліп жейді.

Төртінші бөлім «Соңғы аялдама» деп аталады. Мұнда кіші әлемде үлкен шайқалыс болады. Себебі, сығылу аймағынан шыққан алапат кеме оған әсер еткен еді. Бұны екі жақ өзара келісе отырып, табиғи апаттың болмау жолын қарастыруының нәтижесінде, фантастикалық шешім қабылданады. Ол басқа бір ғаламшарды кіші әлемге әкелу, тепе-теңдікті сақтау және оның шайқалуын тоқтату, алапат кемеменің орнын толтыру туралы ғылыми ой-тұжырым еді. Алапат кеме кіші әлемге ғаламшарды сүйреп жеткізіп, оның Ғаламдық жұлдыз жүйесін қалпына келтіруге әрекет жасайды. Бұл жолда тағы да негізсіз қарсылықтарға, шабуылға, түсініспестікке тап болады. Жұлдызаралық соғыс туып кету қаупі туады. Алайда, адамдық ар-ұждан, жанжал, соғыссыз мәселені шешуді мұрат тұтатын біздің ғалым-ғарышкерлер өздерінің ғылыми тұжырымдарын алға тартып, ғаламшар тұрғындары мен басшыларын мәмілеге келтіреді. Сөйтсе де әлгі «ғаламшар жүйеге кірікпей, орталық Жұлдызының тартылыс өрісін жеңе алмай, оған қарай жылжып барып, сол орталық Жұлдыздың кенеттен тұтануына себепкер болады» (Тәкеннің Жерге берген соңғы мәлімдемесінен) [8; 207]. Жұлдыз жүйесіндегі өзгеріс, көптеген ғаламшардағы тіршілік иелерінің жойылуы біздің ғалым-ғарышкерлерге ауыр қайғы болады. Бұған Жерде де сығылудың басталғаны туралы хабардың жетуі, тіптен күтпеген соққы келтіреді. Бір шешімге келуге тура келеді. Ақыры, ғалым-ғарышкерлер Жермен қоштасып, соңғы сөздерін айтып, соңғы аялдамаға тоқтау керектігін бір ауыздан мақұлдайды. Өйткені, алапат кемемен Күн жүйесіндегі кішірейген әлем кеңістігіне ену мұндағы қасіретті қайталаумен бірдей болатынын түсініп, өздері болған және үлкен ғаламшар деп атаған ғаламшарда біржолата қалуды шешеді. Шығарма жаңа өлке, яғни ғаламшарда қалған және соны игеріп өсіп-өнбекті мақсат еткен біздің бейбітсүйгіш 6 ғалым-ғарышкер, олардың 6 темір сыңары мен 1 ұлудай адамның фантастикалық ойларымен аяқталады. 6 үлкен ғылым саласының маманы ғаламшарға орналасты. Ал Жерде сығылудың басталғаны мәлім болды.

«Ұшқыш, ғарышкер» болуды балалық шағынан армандаған Жүністің қиялшыл болмысы оны әдебиеттің фантастикалық жанрын жазушы болып қалыптасуына ықпал етті. Жұлдызды әлемге әуес болмыс, өз сөзімен айтқанда, «кемесін – қаламға, ғарышын – қағазға» айналдырғанын айтады. Ол «ғылыми фантастикалық шығарманы техника, табиғаттану саласының мамандары жазуы тиіс деген жаңсақ пікір бар» деп топшылайды. «Менің бағалауымша, біздегі ғылыми-фантастикалық шығармалар ешбір елден кем емес. Әрбір елдің өз тарихы, даму деңгейі, дәстүрі бар... Айтар ойымыз қаншалықты адамзатқа ортақ болғанымен, оқиғамыз қазақ халқына тән болуға тиісті» деген ойға тоқталған. Және, фантастика жанрындағы қазақ жазушыларының «кемшілігі дегенде, мәселенің бәрі жазушылық қабілеттен гөрі жанрды түсінбеушілікке келіп тіріледі, – дей кеп, мұндағы негізгі мәселе –

білім қанша мол болса да жанрдың табиғатын түсінбеген адам шығарма идеясының мәресіне жете алмайды» деп тұжырымдайды [5].

Фантаст-жазушының шығармашылық ұстанымы айқын екеніне оның «Кеңістік көшпенділер» сериясы нақты дәлел бола алады. Оның осы авторлық сериясы жайында Жазушылар Одағының құрылтайында жасалған баяндамаларда жан-жақты талданып, бағасы берілген [6].

Бұдан басқа өзге де шет елдерде қиялгер жазушының шығармалары аударылып, жарық көрген. «Немезиданың» негізгі назары қазақ оқырманына танылған жазушы, Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі Жүніс Сахиевқа көбірек ауғаны байқалады. Оның журналда жарияланған «Қимайтын әлем» атты көлемді шығармасын чех тіліне осы елдің әдебиетшісі, киносценарисі Павел Вейгел аударған. Ал журналдың ғылыми-фантастикалық шығармалар бөлімі Жүністің шығармашылық жолы жөнінде оның өзімен жүргізген сұхбатымен ашылып, суретін берген» [7].

Жоғарыдағы талданған әр жанрдағы шығармаларын тұтастай алып қарағанда, ең бірінші жазушының тілдік-стильдік ерекшеліктері назар аудартады. Бұл – дәстүрлі эпикалық баяндау стилі. Оқырмандардың жас ерекшеліктерінің ешбіріне түсінбей қалатындай күрделі сөздер, айшықтаулар, метафоралар көп қолданылмаған. Фантастика қиял-ғажайып оқиғалар, демек, мұнда осы жағына баса мән берілуі тиіс, ал енді оған тағы да түсініксіз сөйлемдер қолданса, оқушыға ауыр қабылдануы мүмкін. Міне, осы жағынан қарағанда, жазушының тілі қарапайым, бірақ көркем. Екінші, автордың кез келген шығармасын оқып отырсаңыз ұлттық мәселелер алға шығып отырады. Ұлттық құндылықтар жүйесі мызғымаған. Ұлттық код мәселесі жазушының фантастикалық шығармаларының негізгі мазмұнына айналып кеткен. Ол – кеңістік көшпенділері. Ал «кеңістік көшпенділері» ұғымы Ж. Сахиевтің төл тақырыбы. Кеңістік көшпенділері кеңістік пен уақытқа, ұлт пен нәсілге, дін мен тілге соншалықты бөлінбейді, олар мәңгілік ұлы мұраттар жолындағы жасампаз жандар. Олардың қимайтын әлемі – қайда өмір бар, қайда әділдік пен бейбітшілік бар, міне сонда! Олар адамзаттық мүдделердің жолында Ғалам мен Жер арасында көшіп жүрген көшпенділер. Демек, көшпенділер дегеніміз кім еді? Олар – қазақтар! Жазушы осылай екеніне күмән келтірмеген. Оған шығармаларын оқыған кезде көз жеткіздік. Бұл оқырман үшін, әсіресе жас жеткіншек үшін қиял қылын қозғайтын көркемдік әдіс. Және де тәрбиелік жағымен жалғасып жатқан ұлттық, отаншылдық сезімдерді қалыптастыру бағытындағы жазушы мұраты. Ұлттық код немесе біздің ұғымымызда қалыптасқан – І. Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи романдары ұлт тарихының ұрпақ бойына әрдайым мақтаныш дәнін егетін көркем жылнамасына айналды. Бұл авторлық патент. Осы реттен қарағанда, «Кеңістік көшпенділері» сериясының авторы Жүніс Сахиев та өзі игерген жанрдың шебері ғана емес, басты тәлімгелерінің бірі деп тұжырымдаймыз. Оның фантастикалық шығармалары қаншама оқырманға рух берді, бұған күмән келтіруге болмайды. Үлкен ауқымдағы ғаламдық түйткілерді арқау ете отырып, ұлттық мәселелерді басты бағдарда ұстаған фантаст-жазушы Ж. Сахиев әдеби мұрамызға өз үлесін қосқан және лайықты бағасын алған қарымды қаламгер деп түйіндеуге болады.

Әдебиеттер:

1 «Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – б.

2 Сахиев Ж. Борыш. Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1987. – 104 б. (Для детей старшего школьного возраста)

3 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – 10-том. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2006. – 528 б.

4 Сахиев Жүніс. Көктен келген көшпенділер: Ғыл.-фантаст. роман, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 272 б.

5 Фантастика болашақты болжайды. Ж. Сахиевтің «Зерде» журналының тілшісіне берген сұхбаты / «Зерде». – 1996. – №3-4. – 6-7 б.

6 Әбдіраман Ш. Қазақ ғылыми фантастикасының өрлеу кезеңі. Қазақстан Жазушылар одағының ХІІІ құрылтайында ғылыми фантастика секциясының төрағасы Жүніс Сахиевтің авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-фантастикалық романдары мен басқа да жазушы-фантастар жөнінде // Әдебиет айдыны. – 11 сәуір, – 2007.

7 Боранғалиұлы Т. «Немезиданың» қазақ қаламгерлеріне назары: Ж. Сахиев пен басқа да қазақ жазушы-фантастарының шығармашылық жетістіктері жөнінде // Егемен Қазақстан. – 8 мамыр, 1996.

8 Сахиев Жүніс. Жасампаздық қиырында: Серияның оныншы ғылыми-фантастикалық романы. – Алматы: Білім, 2009. – 208 б.

9 Жүніс Сахиев. Биобиблиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 2008. – 106 б.

БЕЙСЕНБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ **(1951 жылы туған)**

Кішкентай бүлдіршіндерге арналған әдебиет сонау ауыз әдебиетінен бастау алып, талай белестерден өтіп, тақырыптық, көркемдік, стильдік, тілдік жағынан дамып, өрісін кеңейтіп келеді.

Балалар әдебиетінің тарихын тым әріден бастағанымызбен, бүгінде әдебиеттің бұл арнасында қалам тербеп, жас ұрпақты қызықтыратындай туынды жазып жүрген қаламгерлер легі аз. Сол аз топтың ішінде жазушы Бейсенбай Сүлейменовтің шығармашылығы ерекше орын алады. Оның балаларға арналған туындылары өзінің заманауи тақырыптарымен әрі жаһандық проблемаларды көркем түрде баяндап, жеңіл формада жеткізе білуімен қазіргі қазақ балалар әдебиетінде өзгешелене алды.

Оның бұл салада қарымды еңбек етіп, ХХІ ғасырдың бүлдіршіндердің сұранысына сай прозалық шығармалар жаза алуына балалар журналистикасындағы тәжірибесі сеп болғандай.

Бейсенбай Сүлейменов шығармашылығындағы көркем ой, баяндау жүйесі, ғажайып кеңістік, құпия әлем тек кішкентай бүлдіршіндерді ғана емес, барлық жастағы жанды қызықтырып тұрады. Қаламгердің шығармашылығына әбден қаныққан бүлдіршінің таным көкжиегі кеңейіп, білімі арта түседі. Мәселен, оның әңгіме-повестеріндегі, ертегілеріндегі мекен-кеңістік көбіне адам аяғы көп баспаған Солтүстік Мұзды мұхиты, Африка, Антарктида материктері. Жазушы тағылымды оқиғаларды осы мекендер арқылы баян ете отырып, балаға сол материктердің климаты, флорасы, фаунасының өзгешелегін де жеткізе отырып, жағрафия іліміне қатысты білімін тереңдете түседі.

Оның әр жылдары шыққан «Кечуа тайпасының үндістері» (1985), «Қуанышты күн» (1989), «Бес ғасыр атылмаған садақ» (1992), «Тентектер» (2006), «Күннен келген адам» (2010), «Сырлы әлем» (2021), «Хан шатырдан күн шатырға саяхат» (2021) сынды кітаптары балалар әдебиетінің алтын қорына қосылған мол қазына.

Жазушының шығармашылық әлемі мен жазушылық шеберлігіне оның өмірінің мына кезеңінің айрықша рөлі болды десек, артық айтқандық емес. Олай дейгініміз, қолына қалам ұстаған жанның жазар дүниесіне саяхаттың әсер-ықпалының мол екені белгілі. Ол 1979 жылы Оңтүстік Американың Перу, Эквадор республикаларына саяхаттады. Амазонка мен Анд тауларын, жұмбағы мол Джунгли, инктер империясының мәдени орталықтарын көріп, тарихымен танысты. Жер кіндігі саналатын Экватор белдеуін 2 рет кесіп өтті. Оның нәтижесі ретінде үндістер өркениетін, тарихы мен тұрмысын терең зерттеген екі кітап жазды. Ол бұл еңбектері мен ізденісінде үндістер мен жауынгер, өр рухты түркі халқының бір-біріне ұқсас жақтары бар екенін, тарихтарының сабақтасып жатқанын көрсетті.

Бар ғұмырын балаларға арнаған оның еңбегінің арқасында қазақ фото өнеріндегі ең алғашқы көрме кішкентай бүлдіршіндерге арналды. Бұл «Латын Америкасы: күнгейі мен көлеңкесі» атты фотокөрме 1979 жылы «Искра» кинотеатрында жеті ай бойы көрсетілді. Республикалық газет-журналдарда Латын Америкасындағы үндіс балаларының өмірі, тұрмыс-тіршілігі, ел тарихы жайлы ондаған мақалалары мен фоторепортаждары жарық көрді. Ал, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде жарық көрген мақаласы «Халықаралық балаларды қорғау» жылының қорытындысы бойынша осы газет пен республикалық Бейбітшілік және Келісім Кеңесінің бірінші

сыйлығына ие болды. 1980 жылы Мәскеу олимпиадасында болып, Қазақстан спортының жұлдыздары жайлы материалдар жазды.

1982 жылы Африканы аралады. Грекия, Мальта, Тунис, Испания, Канар аралдары, Гвинея-Бисау, Тынық, Атлант мұхиттары, Жерорта теңізіне дейінгі жерлерге табаны тиіп, таңғажайып тамаша құпия-сырларымен, тарихымен танысып, балаларға арналған танымдық тамаша шығармалары өмірге келді [1]. Оның бұл тәжірибесі мен сапарының бәрі де шығармашылығының тақырыптық арнасын кеңейтіп, мазмұнының көркемдік деңгейін өсіре түсті.

Тек балалар үшін қалам тербеген жазушының шығармашылық әлемі ешкімге ұқсамайды. Оның жазушылық шеберлігі «Кечуа тайпасының үндістері», «Бес ғасыр атылмаған садақ» сынды кітаптарынан анық көрінеді. Бұл кітаптар оқырманға Оңтүстік Американың сырлы әлемін ашады. Осы өлкені мекен еткен үндістердің ерекшеліктерін, құпиясы мол әлемін, кешегі өткен өмірін, тарихын, бүгінін әдіптеп, көркем жеткізе біледі. Ғасырлар өтсе де сынбаған рухты, кеудедегі ұлы күшті, өз болмысын, тегін, салт-санасын сақтаған жұрт жайлы өзгеге ұқсамайтын керемет өрнегімен оқырманын тандандырды. Бұл оның қазақ әдебиетіндегі жеңісі болды.

Оның «Бес ғасыр атылмаған садақ» атты кітабы оқырмандарға жаңа бір әлемді ашқандай [2]. Оңтүстік Америкаға барған сапарында кездескен тосын жағдайлар мен таңғажайып оқиғалардың әсерімен жазылған бұл жолжазба кітап кішкентай бүлдіршіндерге үндістердің тарихы, діні, болмысы, тұрмыс-тіршілігі туралы көп мағлұмат береді. Жазушы бұл кітабында бес ғасырдай уақыт бодан болған ержүрек халықтың арман-аңсарын өз көзімен көріп, көрген әсерін қағазға түсіріп, сан жылдар азаттық үшін күрескен қазақ жұртымен ұқсастығын байқайды. Бодандықтың қамытын киген соң отарлаушылардың салт пен сананы, тілді, мәдениетті, барлық мәдени ерекшеліктерін жоятынын қынжыла жазады. Автор: «Бұл халықтың азаттық алатынына мен сенемін, солай болуын қалаймын да. Өйткені, олардың жүрек дүрсілі бізбен бір, тек еншісін ертерек алып кеткен бауырымыз, туысымыз сияқты.

Бір қуанатыным – олардың қайсарлығы мен кішіпейілділігі, дархандығы, тіпті санап жеткізе алмайтын қасиеттерінің бізге, қазақтарға ұқсастығы.

Бір өкініштісі – сол халықтың бізден жырақ тұратындығы», – деп Латын Америкасына, үндістер еліне саяхат жасап, оқырманға мүлде өзге материкте, арасын мыңдаған шақырымдар бөліп жатқан ұлттың астанасы, кішкентай балалардың тіршілігі, тарихын, қалай отарланғанын, жиһанкез Христофор Колумбтың Оңтүстік Американы қалай ашқанын, олардың айтулы мерекесін, табиғатын, аңыз-әңгімелерін тебірене жазады.

Осы сапардан соң жазушының шетелдік балалар жайлы жазу құдды бір дағдысына айналғандай әсер қалдырады. Бұл тақырып кішкентай бүлдіршіндерді қызықтыратыны сөзсіз.

Ал 2006 жылы «Балалар әдебиеті» баспасынан қаламгердің «Тентектер» атты кітабы жарық көрді. Оған жазушының «Тентектер» атты повесімен бірге әңгіме, ертегілері енгізілді. Кітаптың басты кейіпкерлері – бақытты балалар, ашық та жарқын жеткіншектер. Олар достықты қастерлейді, үлкенді үлгі тұтады. Ал кейбір әңгіме-ертегілері шет ел балаларының ауыр тұрмыс тауқыметіне, мұқалмайтын қайсар мінезіне арналған. Шығармаға терең үңілген әрбір жас оқырман олардың да өздеріне тән қызық-қуаныштары бар екеніне көз жеткізеді, бірге шаттанады. Мәселен, «Тентектер» повесінің бас кейіпкерінің атынан айтылған мына сөзге назар

аударып көрейік. «– Егер бір-бірімізге қастық ойласақ, аспаннан алмас қылыш түссін, мойнымды кесіп түссін! – Кесіп түссін! – Егер өтірік айтсам, аспаннан алмас қылыш түссін, тілімді кесіп түссін! – Кесіп түссін! – Егер достарымызды жолға тастап, сатқындық жасасақ, аспаннан алмас қылыш түссін, мойнымды кесіп түссін!» Бұл диалогтан балалардың жан дүниесін терең меңгерген жазушының тапқырлығын аңғару да қиын емес. Балаларға арналған шығармаларда мәтін тілінің жеңіл, ұғынықты болуы – басты талаптардың бірі. Повестің оқиғасы қызықты, тілі жатық. Оқырманды өзіне еріксіз тартып, баурап отырады. Тіпті, шығарманы оқыған ересек адам да бір сәт балалар қиялына шолу жасап, өздеріне жұмбақ әлеммен танысады [3;129].

Бұл повестің тақырыбы – адамзат тарихындағы мәңгілік тақырыптардың бірі – достық тақырыбы. Кіп-кішкентай болса да, достыққа берік бүлдіршіндердің бірлігінің жемісі керемет суреттеледі. Әрі баланың бойына патриоттық сезімді дарытатын, өткен тарихымызды танытатын, оны білуге баулитын ғибраты да мол повесть. Мұндағы балалардың арасындағы достық ұлт та таңдамайды. Повестегі өзге ұлт өкілінің қазақ тіліне деген құрметі өз елімізде тәуелсіздігімізді алғанымызға отыз жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан мәртебесінің өспей келе жатқанында қазақ тілін білуге, үйренуге, қастерлеуге көпшілікті жетелесе керек-ті.

Шығарманың басты кейіпкері – Лентя. Оның ұлты – грек. Ал достары: Ералхан, Бақыт, Қайрат, Бауыржан, Орынбасар. Автор кішкентай Лентяның қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін былай жеткізеді: «Алғашында Лентяны мамасы орыс мектебіне апарған. Сөйтсе, Лентя бір ауыз орысша білмейді екен. Ал, қазақша сайрап тұр. Мұғалімдер ата-анасына Лентяны қазақ сыныбына беру керек деп ұсыныс айтты. Анасы көнбей қойды. Сонда оның жылағаны-ай. Бүкіл ауылға естілді десе де болады» [1;129].

Жүрегінде қазақ жұртына деген ерекше махаббаты бар Лентя қыз өзінің ата қонысы, өзінің байырғы елі Грекияға көшер сәтінде қатты қиналады. Достары мен өзі әбден бауыр басқан Қазақстанын қимай-қимай, өзі ешқашан көріп, табаны тимеген елге аттанады. Шығарманың осы сәтінде бүлдіршіндер арасындағы достық, олардың бір-біріне деген қимас сезімі мен достық пейілдері өзгеше суреттеледі.

Ал шығарманың соңында Лентяның достары – «Қызыл сұңқарлар» отрядының мүшелері бірігіп, ауылдың тарихи шежіресін жасап, мектептен мұражай ашуы жас ұрпақтың бойына өз тарихын білуге деген қызығушылығын оятатын туындының ерекшелігі іспетті.

Бейсенбай Сүлейменов шығармашылығының бір бөлігін ертегілер құрайды. Оның «Жанайқайы», «Күңіренген мұзтауы», «Қыранның қанаты жылайды», «Горилла-адам, «Әжесін іздеген Император Пи», «Мысық махаббат», «Туған күніңмен, Айтұмсық!», «Алабай-Далабай», «Баунти» бала», «Африканы арқалаған Кака», «Жыртқыш балық жайлы хикая» сынды ертегілерінің бәрінің негізінде ауыз әдебиетінің элементтері бар, бүгінгі заманның мәселесі мен адамдары тартымды жеткізілген.

2009 жылы Б. Сүлейменов «Хан шатырындағы кездесу» атты кітабы үшін Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласы бойынша лауреаты болды. Жазушының «Туған күніңмен, Айтұмсық», «Горилла – адам» атты ертегілері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жеке-жеке кітап болып шықты.

...Дүние алмағайып өзгерісте тұр. Әр заманның өз құндылықтары болғанымен

жаңа дәуір жаңа ойлау жүйесін әкеледі. Ұлттық танымдар мен нанымдар өзгереді. Кез келген қоғам адам санасын жақсарту жолын іздестіреді. Бірақ әлімсақтан ұлттық мұра болып қалатын, адамды адам, ұлтты ұлт ететін қасиеттер жойылмауға тиісті. ХХІ ғасыр бағзы замандардан қалыптасқан ұғымдарға жаңа технологиялық төңкерістер әкелді. Қолдан жасалған интеллект бірте-бірте адамды өмір сүру қасиетінен ажыратып жіберуі мүмкін бе?

Робот адамдар – технологияның жаңа биігі.

Жаңа технологиялар адамдардың психологиялық өзгерісіне әкеліп соқпайды ма? Екеуінің ара жігі қандай? Сұрақ... Сұрақ... Сұрақ...

Жақында балалар жазушысы, журналистика саласындағы Тұңғыш Президент сыйлығының лауреаты Бейсенбай Сүлейменовтың «Горилла-адам» атты ертегі әңгімесі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрді. Жасөспірімдерге де, ересектерге де арналған. Ерекше әдеби формасымен ерекшеленеді.

Бір ертең әңгімеден мың ой өрбиді.

...Аңдар бір ғасырда бір рет жиналып, құрылтай өткізеді екен. Сонда жер жаһанның аң біткені «табиғаттың әділетсіздігін» күн тәртібіне салып талқылайды. «Не істеу керек?», – деген сұраққа жауап іздейді.

Сондай құрылтайдың бірінде: – «Адам маймылдан жаралған деген тұжырымды адамдар жоққа шығарып, ғылыми қиянат жасап жатыр» деген мәселе күн тәртібіне қойылады.

Адамдарды түзеу үшін не істеу керек? Осы сауал аң біткенді, оның ішінде Горилланы қатты алаңдатады.

Жазушының «Туған күніңмен, Айтұмсық!» атты ертегісі хайуанаттар туралы ертегіге жатады. Кейіпкерлері: мүйізтұмсық, қолтырауын, маймыл, тасбақа, керік, көртышқан, торғай және бөлтірік. Ертегіде суреттелген мекен – алыстағы Джунгли мен Саванна. Әйтсе де, ертегі мазмұнында жазушы қазақы түсінік-пайымды, наным-сенімді, салт пен дәстүрді қызықты жеткізеді. Мәселен, қазақ жаңа туған нәрестені көз тиеді, сөз тиеді деп біршама уақыт елдің көзінен тасада ұстайтынын мүйізтұмсықтың баласының туғанын жасыру арқылы былайша жеткізеді: «Жаңа туған ботақанға бәдіктің тілі, сұғанақтың көзі өтпесін деп, жан баласына көрсетпей, тығып ұстады. Күндіз Күннен қалқалады, түнде Айдан жасырды. Жақсы жаңалықты қанша құпия ұстағанмен гу-гу әңгіме басылған жоқ. Тышқандар жерді тесіп жетсе, Сауысқан шатырдың саңылауынан сығалап, «бауы берік болсын» айтып та үлгерді. Ал, қалған аң-құс сүйкімді жануарды бір көруді армандаумен жүрді» [1; 297].

Бұл ертегіде Саваннаны мекен еткен мүйізтұмсық баласына бесік жырын да айтып береді. Ертегіні оқи отырып, тағы бір аңғаратынымыз туған күнін бірінші болып тойлауға таласқан жануарлардың әрекеті, жалпы ертегінің желісі ертеден келе жатқан «Жыл басына таласқан хайуандар» атты ертегіні еске салады.

Бейсенбай Сүлейменовтің қай ертегісін алмайық, үлгі мен өнегеге толы. Қазақтың қария, ақсақал кісінің сөзіне тоқтап, солардың жолын, сөзін кеспей, айтқанын екі етпейтін, өзінен алдыңғыларға қарсы келмейтін, солардан ақыл алып, үлгі тұтатын кішіпейіл қасиеті туралы «Алабай-Далабай», «Африканы арқалаған Кака», «Жыртқыш балық жайлы хикая» сынды ертегілерінде баяндалған. «Алабай-Далабай» ертегісінде жолы да үлкен, қара күші де өзге аңдардан артық аң патшасы – арыстаннан күшіктерін алдына салып барып, ақыл сұрай барған төбеттің әрекетінен осы қазақтың қанына сіңген «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсететін

жөнін аңғарамыз. Ал «Африканы арқалаған Кака», «Жыртқыш балық жайлы хикая» атты ертегілерінде африкалықтар мен үндістердің жасы үлкендер мен өз билеушілерінің сөзіне тоқтайтын, ізетін де байқаймыз.

Жоғарыда айтылған «Алабай-Далабай» ертегісінен қазіргі заманда барлық нәрседен мән кетіп, адамзаттың тура жолдан тайып, жан-дүниесінің рухани азып, тозып бара жатқандығы жайлы автордың жанашырлықпен ашына баяндаған шынайы болмысын танимыз. Иесі Жауынбай ақсақал мен оның иті Алабай арасындағы мына диалог соның айғағы: «Бұрын жылқы кісінесіп, ит біткен ырылдасып түсінісетін едік. Бұл ғасырлар бойы жалғасқан дәстүр-тін. Оғаш кетсе, кешірім сұрап, құйрығын бұлғандата, қыңсылай тізе бүтетін. Одан әрі дос-татулық жалғасып жүре беретін», – деді төбет [1; 300].

– А, а, енді түсіндім. Бұлар – немере, шөберелерді айтпағанда, ет-бауырың – балаларыңның да мінез-құлқы өзгеріп барады. Айта, айта мен де шаршадым. Жеккөрінішті атанудың алдында тұрмын. Осы кемшіліктің, тіпті індет деп айтар едім, түп-тамырына балта шаппай болмайды. Күн ойланып, түн толғанып, себебін түсіне алмадым. Кейде: «Маған ғана керек пе?» – деп, қолымды бір сілтегім келеді, – деді Жауынбай ақсақал. – Заман өзгерді ме, адамдар өзгерді ме? Ал мына иттерге не жетпейді. Олардың өмір сүру қағидасы бөлек емес пе? Тамағы тоқ. Қасқыр қуып, түлкі шалып, мал қайырып, шаршап – тілінен сілекейлері ағып жатқан жоқ қой, – деген жауабынан тіршілікте әрбір ортаның сыры мен сыны кетіп, мән-мазмұны қаша бастағанына ашынысын білеміз [1; 300-301]. Ит өз замандастары мен артынан ергендерге, адам да сол секілді ұрпағына наразы. Тіпті осы ертегіні оқи отырып, бәрінің басында осындай мәселе бар екенін түсінеміз. Мұндай мәселелер жасты да, өзге бір категорияларды да таңдамайды. Шығармадағы Алабай төбет иесінің кеңесімен кең далада жайылып, арыстанға келіп жүгінгенде оның да басында қайғы барын, оның өмірінен торда емес, еркіндікте жүрген иттің өмірі дұрысырақ екен-ау деген ойда қаласың. Кейіпкер зообақта темір торда отырған арыстан да төбетке осы жүрісінің дұрыстығын өлеңдете былай деп айтады:

*Айналайын, Алабай,
Арсалаңдап далада-ай,
Асыр салып ойнайсың,
Ойын құмар баладай.
Бұлғаңдатып құйрықты,
Еркелейсің жағалай.
Өздігіңнен біреуге,
Тиіспейсің қарадай.
Шәуілдесе күшігің,
Шақша басың шарадай.
Айнымайсың қалтыңнан,
Айналайын, Алабай!* – деп әндете Алабайға балаларын өр мінезді

етіп тәрбиелегеніне ризалығын білдіреді. Олардың сәлем беретін қасиетінің де сиреп бара жатқанын айтады. Автор бұл тұста бүгінгі адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзгеріп бара жатқанына, сөз анасы сәлемнің де берілмей жататынына емеурін танытып, жас ұрпақтың бойына осындай ізгі қасиеттерді қайта дарытуға тырысқандай.

Бейсенбай Сүлейменовтің ертегілерінде «атамекен» ұғымы да шет қалып

қалмаған. Осындай қастерлі ұғымды «Африканы арқалаған Кака» деген ертегісінде африкалықтардың тыныс-тіршілігінен бастап, олардың этностық ерекшеліктерін де суреттеу арқылы жеткізеді.

Ал «Жыртқыш балық жайлы хикая» атты ертегісі ежелгі үндістердің аңызының желісімен жазылған. Пиранья атты жыртқыш балықтар Оңтүстік Америкадағы өзендерді мекен еткендіктен осы аумақта қоныстанған үндістердің арасында бұл балықпен байланысты түрлі аңыздар, мифтер тараған. Ертегіде Пираньяның жыртқыш екенін кішкентай балықтар білмей, оған қорек береді. Уақыт өте келе бұл балықтар балаларға шабуыл жасап, зиянын тигізеді. Күллі үндістер бұл балықтың азабынан құтылудың жолын ойлаумен бастары қатады. Күндердің күнінде көсемнің түсіне Пираньядан құтылу үшін кішкентай балаларды тасаттыққа шалып отыру керек деген аян беріледі. Ел амалсыз көсемнің айтқанына көнеді. Ертегінің негізгі желісі осы. Бұл ертегінің баяндау жүйесі, ондағы мәліметтер балалар үшін қызық болғанымен, мұндағы балықтың жыртқыштығы мен баланы тасаттыққа шалу амалы олардың психологиясы мен қабылдауына кері әсерін тигізе ме деген де ойға қаласың.

Автордың тақырып таңдаудағы ең оңтайлы әдісі ол ешбір қаламгер жазбайтын әрі өз уақытындағы өте өзекті проблеманы шығарманың негізгі арқауы ете біледі. Мысалы, «Жанайқайы» ертегісінің негізгі идеясы – табиғат тағыларына жасаған адамдардың қиянатын тоқтату. Бұл ертегі балаларды жанашырлық – эмпаттыққа, қоршаған ортаға деген махаббатқа баулиды. Бала жанының саф алтындай таза болатыны барлығымызға белгілі, ал осы аталған әңгімесінде жазушы кейіпкер Асылдың зообақтағы жануарлар көрген азапты тоқтатуға ұмтылысын бейнелеу арқылы әлсізді күшпен қорлауды, азаптауды ауыздықтауды, мұндай қасиеттен аулақ болу керектігін ұғындыра жазады. Асылдың өз құпия әлемі бар. Асыл табиғат тағыларына жасалынған озбырлық пен қатыгездікке қарсы қаһарман ретінде сомдалған кішкентай кейіпкер. Ол шынайы өмірде біраз күш-қажыр керек дүниені оңай, балтамен темір торды кесіп, аңдарды еркіндікке шығарады [3; 219].

Автордың ешкімге ұқсамайтын тағы бір өзіндік қолтаңбасы – қаншама жылдар өткеніне қарамастан, шығармаларының өміршеңдігін жоғалтпауы. «Горилла-адам» атты ертегісін өз заманымыздағы ғылыми эксперименттердің тұжырымын негізге ала отырып жазғандығы байқалады. Адамдардың санасы маймылдарға қарағанда жоғары бола тұра, ақыл-есті алдау-арбауға жұмсайтынын, білімнің де теріс пиғылда жұмсалатынын көрсеткен. Маймыл қанша адамға ұқсағысы келсе де, адам бола алмайды. Ертегінің негізгі идеясы – Жаратқан бейнелеген болмысты ешкімнің өзгерте алмайтыны, сол болмысты толықтай өзімізде қабылдау керектігі көрсетілген. Оқиға желісінің соңы Горилла адамның қарапайым адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сырттай қарап, жиреніп кетуімен аяқталады. Ертегіні оқыған бала іштарлық, көреалмаушылық секілді қасиеттерінің маймылдың санасына да кері әсер еткендігін түсініп, бұл әдеттерден жирену керектігін саралай алады. Басты кейіпкердің: «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Қасқыр да бөлтірігін жолда тастамайды» деп үйреттіңіздер. Бұл – джунгли заңы, мейлі. Ал, адамдардың да өз заңы бар емес пе? Ізгілік пен тәртіпке бағышталған. Мен мынаны түсінбеймін, адамдар өздеріне өздері қиянат жасайды. Өкпелерін түтінмен улайды. Сәт сайын. Таңертең ұйқысынан ояна, аман-саулық жоқ, темекісін тартудан бастайды. У қосылған тентек су ішеді. Бұл қылықтарын мақтан тұтады. Мұны да кешірер ем, олар – адамдар өтірік айтады екен. Сол өтіріктеріне өздері сенеді. Алдайды,

арбайды. Жолдасын жолда тастап кетуге де бар. Адам баласы үшін бұдан асқан қатыгездік бар ма? Бұның бәрі Джунгли заңына да, Дала заңына да қарсы. Сонда маған қандай заңмен жүр дейсіздер? Олармен қалай дос боламын. Оған арым да, бала намысым да жібермейді. Жетер, енді!.. – деген сөздерінен кейін зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін қоршаған ортаны аялай білуі керектігін түйсінеді [3; 241].

Тағы бір «Қыранның қанаты жылайды» ертегісінде балаларды еркіндікке, асқақ арманға жетудегі төзімділік пен қайсарлыққа жетелейді. Арманың биік болса, кедергілерге қарамай, қиындықтарға мойымай түбі бір жететініне сенуге жетелейді [3; 232].

Ертегіні оқысақ, бұл әлемде сан түрлі жан иелері бар екенін, олардың әрбірі өз орнында болуы керектігін, әрқайсының арқалаған өз жүгі, миссиясы барын, соны орындамай, жан тыныштығына жете алмайтындығын құстарды кейіптеу арқылы көркем баяндаған. Ертегідегі оқиға ғасырды ғасырға жалғастырған, күйбең тіршілігіне көңілі толмаған қарт Қарға жайында. Ол әуеде еркін қалықтаған қыранның балапанын ұрлап, өз бауырына басып, өзінікі еткісі келеді. Сол қыран түбінде өзінің өзгеден, айналасындағылардан генінің өзгешелігін түсініп, өзінің асыл мұратына, таудың ұшар басына жетуге талаптанады. Қыран түсінде көрген нұрлы тауының ең биік нүктесіне жетуді өзіне арман қып, соңында сол арманын жүзеге асырады. Арманы оған күш-жігер берді. Ертегідегі: «Қанша сүріне-қабына шаршаса да, түн ұйқысы төрт бөлінсе де, әлгі нұрлы тау, жұмбақ әлем есінен шығар емес. Міне, міне, сәл-ақ қалғандай, қол созым жерде тұрғандай, жарқ етіп, көзайым болып көрінетіндей... Сол сол-ақ екен, жүрегіне бір жылылық ұялай, ұлы сағынышқа ұштаса берді. Жанары жарқ етіп, сұстана бір қарағанда қоршай жайғасқан қарғалар бастарын төмен салды. Бүркіт бар дауысымен шаңқ етті. Оның дауысы осы күнге дейін дәл мұндай қатқыл шықпаған еді. Қарға біткен бір сұмдықтың боларын сезгендей қарқылдауға шамасы жетпей, мойындарын қанатының астына жасыра қойды. Бүркіт бар күшін жинап, қарғалардың тобырын бұза-мұза көкке самғады. Шулап қалған құстарға бұрылып қараған да жоқ. Күні кеше ғана ағалы-інілі, қимас бауыр сияқты еді. Сөйтсе, бұл дүниенің бәрі бекер екен! Соны ұқты. Алыста, өте алыста түсінде талай көрген, сағына-сарыла іздеген, көзіне оттай басылып әлгі жұмбақ, нұрлы тау, құлпырған жаңа әлем тұрды. Ол сонда ғана өзін көк тәңірдің ұрпағы екенін алғаш рет сезінді. Қуанды. Бойын құдіретті бір күш баурап алды. Қанатын қақпаса да, биікке, бұлттан әрі самғай түсті. Армансыз қалықтады кеп. Шаңқылдап шаттанғысы келді. Еркіндік дегеннің қандай ғажап екенін сезгендей болды, – деп жазылған жолдар арқылы қыранның жанкешті әрекетін, қайтпас-қайсарлығын суреттеп, арман-ниетің түзу болса, ұшпаққа шығарарын жас ұрпақтың санасына сіңіреді [3; 232].

Қаламгердің «Күңіренген мұзтауы» ертегісіндегі анасының мейірімін көрмеген, бірақ өмірді шексіз сүйетін балапан Чимби арқылы көңілсіз сәттерге бой алдырмай, кедергілерге берілмей, қайта өзін-өзі ерлікке, төзімділікке шындау керектігін жеткізеді. Бұл ертегінің тағы бір ерекшелігі балаларды шын достыққа, өмірге сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелейді. Қарым-қатынаста екі жан бірін-бірі жақсы көріп, достасып кетуі үшін шекара емес, өмірдегі қиындықтарда қолдау көрсете білу керектігі астарлана көрсетілген.

Ғаламдық жылу әсерінен Солтүстік Мұзды мұхитты мекендейтін жан-жануарлардың өмірінде қайғылы жағдайлардың болуы – ХХІ ғасырдың басты

проблемасы. Жазушы ақ аю мен пингвинді кейіпкер етіп ала отырып, осы мәселені көркем шығармада көрсете біледі. Ақ аю – әлемдегі ең жыртқыш жануар, пингвин – епсіз, қанаты бар ұша алмайтын, бірақ сондай сүйкімді жануар, шығарманың негізгі идеясын осы екі бөлек жаратылыстың дос болуға ниеті мен олардың достықтарына әртүрлі өзгешеліктің шекара қоймайтыны да құрайды [3; 227].

«Балалар әдебиеті дегеніміз – балалар тәрбиесі деген сөз. Ал балалар тәрбиесі – біздің болашағымыз», – дейтін тұжырым бар [4; 208]. Бұл тұста қаламгер Бейсенбай шығармашылығы, оның ішінде әңгімелері бұған таптырмас мысал. Оның бір топ әңгімесін еңбек тақырыбы құрайды. Оның осы тақырыптағы шығармалары балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеудегі таптырмас құралдардың бірі. Ол «Алғашқы гүл» әңгімесінде еңбекке ерте араласқан балалар, қозаның арасындағы шырмауық, сора, құмай, дала жұмыстары суреттелген. Қағаздан қалпақ жасап киіп, барлық жас баланың дала тірлігіне ерте араласуы қазіргі заманда кездесе бермейді. Қаламгердің ауыл өмірін әсем түрде, еңбексүйгіш жастардың табиғатқа деген махаббатын ерекше суреттеуі де сол себептен болса керек. Қарындасына қамқор болған ағасы, басты кейіпкердің алқызыл гүлге тамсана қарауы, сол гүлді көріп, барлық қозаны арамшөптен тезірек отауға тырысқан Майра, барлығы-барлығы балаларды еңбексүйгіштікке, еңбектің табысы көп кездесе бермейтін әсем гүлге жеткізетініне сендіреді [3; 347].

«Баланың талғамы, ойы, ықыласы, есі, қабілеті, тілінің даму мәдениеті, олардың өсу, есею жылдарына қарай әртүрлі ерекшеліктерімен санаспай болмайды. Жазушы тіл шеберлігін игерумен қатар, бала тәрбиесіндегі мақсаты мен міндетін ұмытпауы керек... «Балалар әдебиетіне араласатын автор әр алуан жастағы оқушылардың барлық өзгешеліктерін ескеруге тиіс. Бұлай етпеген күнде оның кітабы балаға да, үлкенге де керексіз, иесі жоқ кітап болып шығады», – дегенді ескерсек, жазушы әрбір шығармасында балалардың жасына сай психологиясының, мына әлемді қабылдауының да өзгеше болатынын өте шебер жеткізе білген деп толық сеніммен айта аламыз [4; 5]. Мәселен, онымызға дәлел: «Өкініш» әңгімесінде балалардың «Неге?» деп айналаны тануға барынша ұмтылатын кішкентай кезі өте қызық суреттелген.

Кішкентай Мейірдің апасына қоятын толассыз сұрақтары мен қолқасына апасының барынша сабырлықпен қарсы келмей, дегенін істетуі, жауап беруі бала тәрбиесіндегі іргетастың қалай құрылса, солай өмір бойы сақталатынын меңзейтіндей. Сондай-ақ қаламгер бұл әңгімесінде әрдайым баланың іс-әрекеті дұрыс бола бермейтінін, олардың кейбір істерінің өзін қоршаған ортаға зиянын тигізетінін де жеткізген [3; 349].

Жазушының бұл аталған әңгімелерінің бәрінің баяндау жүйесі тартымды, қызық оқиғаларға құрылған, тілі жеңіл, жазушының орынды күлкі мен сықақты алмастыра пайдалануы шығармаларының көркемдік бояуын қанықтыра түскен. Оның әңгімелері туралы сатирик Көпен Әмір-Бек: «Бейсенбайдың мөлтек әңгімелері өз алдына бір әлем. Сол әлемге еніп, автормен бірге балалық шаққа саяхат жасасаң, әке мен баланың, ана мен ұлының арасындағы қарама-қайшылықты, түсінбестіктің куәсі боласың», – дейді [1; 787]. Ал Қаламгер Совет-Хан Ғаббасов оның «Күннен келген адам» атты кітабы турасында: «...Сондағы тылсымы мол тетігіміз не? Ол шығармадағы өрілген бала тағдыры мен тіршілігі арқылы өмірдегі ақ пен қараны, бар мен жоқты көрсете білуі дер едік. Шынында да, адам тіршілігіндегі күллі

қателіктер мен қоғамдағы әділетсіз зұлымдықтардан туындайтын ауыртпашылық атаулының барлығын арқалайтын да және көресісін көретін де – бала екені дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Тіпті әрбір отбасындағы болатын қасіреттердің азабын да тартатын, трагедиясын да арқалап қалатын бала ғой. Міне, автордың жұмбағы мол тылсымды ашып пайдалануын, оның шығармашылық ерекше жетістігі десек болады», – деген пікірін айтады [1; 747-748]. Б. Сүлейменов шығармашылығына байланысты айтылған бұл қос пікірде оның шығармашылығының ең басты ерекшелігін екшеп көрсетіп бере алған екен. Расында, оның шығармашылығын парақтап отырғанда, қаламгердің баланы барлық шығармаларының өзегі ретінде алып, оған байланысты барлық проблемаларды бір шеңбердің бойымен көрсете алғанын әрбір бетінен ұғынасың. Автордың оқырманға айтары да сол бала жанын жастайынан жақсылыққа баулу, оны барлық жамандық атаулыдан қорғау керек дейтіндей.

Бейсенбай Сүлейменов шығармаларындағы идея, оқиға, кейіпкерлер болмысы ұлттық танымға, ұлттық психологияға негізделген. Оның шығармаларында балалардың санасына, қабылдауына кері әсерін тигізетін белгілер жоқ. Олай дейтініміз, балалар әдебиетінде бүгінгі жаһандық даму үдерісіне байланысты кішкентай балалардың психологиясына, танымына теріс келетін, жас ерекшеліктерін ескермейтін, сондай-ақ қабылдауына ауыр болатын кейіпкерлерді сомдау, оқиғаларды баяндау тым жиі етек алуда. Кейбір балаларға арналған прозалық шығармаларды оқып отырсаң, тәрбиелік мәні жоқ, жас өскіннің санасына жауыздықтың дәнін егетіндей түйіледі. Мұндай шығармаларды бала назарына экранизациялап, ұсынуда ешқандай сүзгіден өткізбеу де келешек үшін аса қауіпті болып отыр. Ал біз сөз етіп отырған автор шығармаларының тәрбиелік мәні мен тағылымы да мол, оқиғалары да ширақ, кейіпкерлері де ерекше. Оның қаламынан туған дүниенің оқиғалары қызықты, әрқашан соңы бейбіт өмірмен аяқталады. Қаламгердің туындысы оқырман жүрегіне оқиғасының орамдылығымен жол тартады. Оқиғалары балалық шаққа ең төте жолмен апарады.

Балалар әдебиетін зерттеген ғалым, әдебиеттанушы Шеген Ахметов: «Балалар әдебиеті шығармаларының ықпалы, тәрбиелік күші жағымды кейіпкерлер образын жасау проблемасына байланысты шешіледі», – дейді [5; 6]. Бейсенбай Сүлейменов сомдаған кейіпкерлердің бейнесіне назар аударсақ, қаламгердің осы талаптан шыға алғанын аңғарамыз. Жазушы кейіпкер таңдауда, оларға номинативті атау беруде фольклор үлгілеріне, ұлттық сананы негізге алады.

Жазушының «Хан шатырындағы кездесу немесе ертегілер әлеміне саяхат» тарихи-танымдық ертегі-повесі қазақ балалар әдебиетіндегі тың құбылыс, соны туынды десек артық айтқандық емес. Автордың бұл шығармасы жеті ертегіден тұрады. Кейіпкерлері қазақ фольклорынан белгілі Тазша бала мен Күнікей қыз және бүкіл әлем ертегілерінің күллі ғаламға белгілі кейіпкерлері. Повестің ерекшелігі сол – жазушы ескінің көлеңкесінде қалып қоймай, оқиғаларын осы заманға бейімдеп жазған. Повестің ә дегеннен шымылдығынан-ақ Африка елдері жайлы көп мағлұмат алуға болады. Сонымен қатар бүгінде заманның ағымымен ұлттық санамыздан өшіп бара жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің де мысалдарын таниды. Мәселен, осы повесті оқыған бала ертеде қазақ жұртының туған күнді жыл сайын емес, тек мүшелден аман өткенде ғана тойлағанын біле алады.

Қаламгер бұл повесіндегі әр ертегісінде әртүрлі материктер мен елдерді суреттеп, оқиғаларды солардың ұлттық ерекшеліктері мен тарихына сәйкес баяндай жазады.

Жазушы 2010 жылы «Педагогика-Пресс баспа үйінен» шыққан «Күннен келген адам» атты кітабында бұл повесін алғашқы «Ертегіге барар жолда. Тазша бала мен Күнікей қыз» атты кіріспе бөлімі мен жеті ертегіден құрастырып жариялайды. Шығарманың өн бойында баяндалатын оқиға – мүшел жастан шығатын Фараби деген баланың туған күнінің ұйымдастырылуы. Бірінші ертегісінде оқиғалар желісін Африка мемлекеті мен Қазақстан жерін байланыстыра суреттейді. Екінші ертегісінде Анд тауларының, Миссисипи, Амазонка өзендерінің ғажаптарын суреттейді. Майя, Жоғарғы Инк, Кечуа, Аймара, Аппачи, Каиова сынды ежелгі үндіс тайпаларының көсемдерінің ғажайып ерліктерін баян етеді. Үшінші ертегісінде әйгілі ағылшын жазушысы Редьярд Киплингтің «Джунгли кітабы» атты әңгімелер жинағындағы кейіпкерлерді басты негізге алады. Келесі төртінші ертегісінде балалар Жапония мен оның салт-санасын тани алады. Төртінші ертегіден соң қаламгер екінші ертегіге шегініп, тағы да ежелгі үндістердің ержүрек батырлары жайлы баяндайды. Бесінші ертегінің оқиғалар желісі орыс қаламгері Николай Носовтың әйгілі Дымбілмес деген кейіпкері мен швед қаламгері Астрид Линдгреннің Карлсон атты кейіпкерлерінің айналасында өрбиді. Келесі алтыншы ертегі ғасырлар қойнауында неше бір қанды соғыстарды, жеңіс пен жеңілістерді өткізген гректер мен олимпиаданың отаны Афины жайлы, ежелгі грек мифологиясының кейіпкерлері туралы көп мағлұмат береді. Ал соңғы, жетінші ертегіде барлық әлем ертегілерінің кейіпкерлері еліміздің тәуелсіздігінің нышандарының бірі астанамыз-табалдырығымыз – Астана қаласында орналасқан әсем ғимарат Хан шатырға жиналуымен аяқталады.

Ертегінің негізгі кейіпкерінің Фараби болуы да тегін емес. Қаламгердің бұл тұста кейіпкерін дала оқымыстысы, екінші ұстаз әл-Фарабидің атымен атағаны – жас өскінге тағылым берер ұтқырлық. Өйткені, балалар әдебиетінің кейіпкері «...жақсыны үлгі етіп көрсетіп, ардагер адамдардың отаны, халқы алдындағы қызметін суреттеуі, солардың типтік образдарын жасап беруі арқылы жасөспірімдердің еліктеуіне, солардай болуына жол ашуы тиіс» [6; 6].

Бұл повестің қазақ және әлем әдебиеті мен фольклорының кейіпкерлерімен қоса қазақ тарихындағы айтулы тұлғалардың ерен істерін танытуы да ерекшелігін білдіреді. Сондай-ақ повестің көркемдік қуатын тасқа қашап жазылған ескерткіштердегі түркі жазбалары мен Мағжанның «Түркістан» өлеңдерінде кездесетін интертекстер (мәтін ішіндегі мәтіндер) арттырып тұр [3; 129].

Жазушы 2021 жылы баспа бетін көрген «Хан шатырдан-Күн шатырға саяхат» және «Сырлы әлем» атты жинақтарында екінші бөлімін қоса отырып, «Хан шатырдан – Күн шатырға саяхат» деген ат беріп, екі повестен тұратын роман деп толықтыра жариялайды. Автор бұл романының екінші повесінде оқиғалар желісін өзге планетамен байланыстыра жалғайды. Повеске арқау болған детальдар – галактика, өзгегаламшарлықтар, метеориттер, планеталар [6].

Балалар әдебиетіне қойылатын талап өте жоғары. Оның өзіне тән ерекшеліктері бар. Зерттеуші Ш. Ахметов: «...Балалар әдебиетінің төмендегідей басты-басты алты ерекшелігі бар деп білеміз», - деп мыналарды атап көрсетеді:

«Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау,

түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алууды қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жақсы болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыру шарт.

Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінезінің әр жақты дамуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі. Ал, көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады.

Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рақаттанып рухани ләззат алуын көздейді.

Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны, идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға себепкер болуға тиісті. Оларды еңбекке, ғылымға, әр қилы мамандыққа еліктіріп үлкен істерді орындауға дайындай білуі, соған әуестендіруі керек.

Алтыншыдан, «сөз әдебиеттің негізгі материалы болып табылады. Біздің барлық әсерімізді, сезімімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін – сол» деген М. Горький. Әсіресе балалар әдебиетіне қойылатын талап та дәл осындай. Балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл әрі көркем, қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден-бір құрал» [5; 9-10]. Ғалымның негізге алған осы ерекшеліктері мен талаптарының үдесінен Бейсенбай Сүлейменов шығармашылығы толық шыға алады. «Қазақ балаларының бағына жаралған» деген атқа ие болған қаламгер ғұмыр бойы тек балаларға арнап жазып, олардың талғамы мен әлеміне сай келетін дүниені жазуға әбден шыңдалып, өзінің үлкен ізін қалдыра алды. Оның шығармаларының қай-қайсы болмасын балалардың психологиясы мен жас ерекшеліктеріне сай, эстетикалық талап-тілектерге жауап беретін, мазмұнды, тілі шұрайлы, баяндауы тартымды, оқиғалары қызықты, динамикаға толы.

Бейсенбай Сүлейменов жылдар бойы тек әдебиетке ғана емес, журналистика саласында да балаларға қызмет көрсеткендіктен, ол балаларға байланысты түйткілді мәселелердің бәрінен хабардар. Ол барша қазақ балаларының жанашыры іспетті. Авторды біздің еліміздегі балалардың әлеуметтік жағдайынан бастап, рухани әлеуеті мен дүниетанымы, оларды қорғау жайы ешқашан бей-жай қалдырған емес. Оның 2020 жылы қаңтар айының бесінші жұлдызында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа жазған арнайы хатында бүгінгі таңдағы балаларға байланысты барлық мәселелер қамтылып, алдағы жылдардың бірін «Балалар жылды» деп белгілеп, аса ыждахатпен мән беріп, көптеген қордаланған мәселелерді шешу жайы

айтылған. Ұлттың қамын ойлаған қаламгердің бұл хатында айтылған ұсыныс көп ұзамай-ақ қолға алынып, Президент жарлығымен «2022 жыл – Балалар жылы» деп жарияланды. Саналы ғұмырын балаларға арнаған қаламгердің бұл әрекеті үлкен жетістік болды. Оның ұлт келешегі үшін жасаған бұл жанашырлығы осы саладағы талай күрмелген мәселелердің шешім тауып, балалар руханияты мол тәрбие құралымен, кітаптармен толықты. Өзге де әлеуметтік проблемалардың басы қайырылып, шешілді.

Бірде ертегілер әлемін, енді бірде аң-құстардың арасын, кейде тіпті жер шарының арғы жағын суреттеу жазушыдан биік танымды, көп ізденісті талап етеді. Ал оларды балалардың психологиясына сай суреттеу қаламгерден асқан шеберлікті талап етеді. Жазушы Бейсенбай Сүлейменов осы талаптардың үдесінен шыға алғандай. Ол шығармалары арқылы ертегіге кішкентай бүлдіршінді иландырып, әділдікке, еңбекқорлыққа, қоршаған ортаға деген жанашырлыққа жетелей алды. Оның қаламгерлік шеберлігі сол оқырман мәтін ішінде өзі атын ғана білетін аң-құстармен достасып, сырласып, бірге жүргендей күй, өзге ғаламшарларды шарлап келгендей әсер сыйлады. Бастысы – баланың таза болмысын, жанын ашып көрсете білді. Оның шығармалары осынысымен бағаланып, бүгінгі балалар әдебиетінен айрықша орын алды.

Әдебиеттер:

1. Сүлейменов Б. Сырлы әлем. Таңдамалы шығармалар: роман, ертегілер мен әңгімелер, саяхатнама, естеліктер, эсселер. – Алматы: Асыл кітап, 2021. – 892 б. + 56 бет түрлі-түсті жапсырма.
2. Сүлейменов Б. Бес ғасыр атылмаған садақ. – Алматы: Шарапат, 1992. – 50 б.
3. Сүлейменов Б. Күннен келген адам. Повестер, әңгімелер, ертегілер. – Астана: Педагогика-Пресс Баспа үйі, 2010. – 352 б.
4. Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976. – 228 б.
5. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 176 б.
6. Сүлейменов Б. Хан шатырдан – Күн шатырға саяхат!: роман, ертегілер мен әңгімелер. – Алматы: Дала дизайн, 2021. – 288 б.

АРАСАНБАЙ ЕСТЕН (1953 жылы туған)

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, халықаралық Алаш сыйлығының иегері Арасанбай Естен 1953 жылдың 18 желтоқсанында Құлжа қаласында туған. 1956 жылы Қазақстанға оралады. 1980 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін тамамдап, Қапал аудандық «Қапал еңбеккері» газетінде корректор болып еңбек жолын бастайды. Аталмыш газетте тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып қызмет істейді. Кейіннен Алматыға қоныс аударып, «Жазушы» баспасында редактор, аға редактор болып еңбек етеді. 2002 жылдан бері «Баянжүрек» баспасының директоры.

А. Естен журналистика саласында еңбек ете жүріп көркем әдеби шығармашылықтан қол үзген емес. Әр жылдары баспа бетін көрген оннан астам кітабы осының дәлелі болса керек. Жинақтарын жұртшылық жылы қабылдап, әдеби орта жоғары бағалаған. Мысалы, жазушы Сайын Мұратбеков: «Әр туындысы өзі өскен таулы өлкенің кәусар бұлағындай мөлдірлігімен, шынайылығымен, лирикалық саздылығымен құнды, тартымды, жанға жақын. Бұл – көркем әдебиет үшін ең басты кредо», – деп бағалаған [1]. Ал автордың қаламгер інісі Әділбек Ыбырайымұлы «Көктемі ұзақ өлке» деп аталатын мақаласында А.Естеннің шығармашылығы туралы айта келіп: «Қаламгердің өзі де, шығармасы да байыпты мінезге бай. Жайдары қалыпта жылу шашып тұрады», – дейді [2].

А. Естен әдеби қауымның назарына 1977 жылы ілікті. 24 жастағы жас қаламгер «Шырғалаң» деп аталатын хикаяты үшін «Жалын» баспасының жабық бәйгесінде ынталандыру сыйлығына ие болды. Жазушы осы бір талпынысымен-ақ совет дәуірінде ұлттық мәселелерді қозғай алған ат төбеліндей қаламгерлердің санатына қосылды десек, артық айтқандық емес. Өйткені Қазан төңкерісінің 60 жылдығына орай өткізілген аталмыш бәйгеде жазушы төңкеріс тақырыбын қозғай отырып, ұлттық мәселелерді, қазақтың қилы тағдырын шығармасына арқау еткен болатын. Әрине, тарихи ақиқатты ашық айтып, отарлау саясатының жымсық жүйесін ашық сынау мүмкін емес еді. Әдебиеттің бір ерекшелігі айтатынында астарлап, емеурінмен жеткізуге болатындығында. Әдебиет сонысымен де қымбат. Ал 1982 жылы жарық көрген «Таң нұры» жинағындағы шығармасы авторды әдеби-мәдени қауымға біршама танымал етіп үлгерді. Содан бері А. Естеннің «Ауыл таңы», «Баянжүрек баурайында», «Тасжарған ерте көктейді», «Айжаңғырық», «Әліппемен қоштасу», «Мектептегі мейрамдар», «Жансауға», «Жеті саны киелі», «Періштелер патшалығы» т.б. кітаптары жарыққа шықты. Аталған жинақтардың дені балалар әдебиетінің алтын қорына енген көркемдік-тәрбиелік мәні зор туындылар болып саналады.

Көп жазушылар бастапқыда шығармашылық жолын поэзиядан бастайды да, біртіндеп прозаға ойысады. Екі жанрды құстың қос қанатындай қатар алып жүретін қаламгерлер некен-саяқ. А. Естен аталмыш екі жанрда да қалам тербейді. Сондай-ақ, ол – әрі балалар әдебиетінің, әрі ересектер әдебиетінің белді өкілі. Өртүрлі жанрларда, әртүрлі аудитория өкілдеріне арнап көркем шығарма жазу шығармашыл тұлғадан үлкен дайындықты, таусылмас табандылықты талап етеді. Сонымен қатар, А. Естеннің шығармашылығы туралы сөз болғанда, оның көркем әдеби туындыларының тілі туралы айтпай кетуге болмайды. Оның шығармаларында

қазақ тілінің әсемдігі мейлінше анық көрінеді. Шығармаларының тілі арқылы қазақтың болмыс-бітімі, ұлттық бірегейлігі айқын аңғарылып тұрады.

А. Естен есімі аталғанда оқырман қауымның көз алдына, ең алдымен, оның ақындық тұлғасы келеді. Өйткені, балалар әдебиетінің шеңберінде қарасақ, оның прозасына қарағанда поэзиясы бір саты жоғары тұр. Қаламгердің поэзиясы өте бай. Мысалы, автор жанрлық тұрғыдан белгілі бір шекара-шеңбердің аясында қалып қоймайды. Оның поэзиясында поэмадан бастап мазақтамаға дейінгі 10-нан астам жанрлық үлгілерді кездестіреміз. Бұлардың бәрі, біріншіден, қаламгердің шығармашылық әлеуетін айқындай түсетін факторлар болса, екіншіден, оның шығармашылығының көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. Сайып келгенде, осының бәрі балалардың бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге, тарихтан тағылым түюге, әдептен аспауға, ел мен жерді қастерлеуге баулуға қызмет етеді.

Адам жаратылысының төрт түрлі негізі – оның физиологиялық, интеллектуалдық, рухани һәм эмоциялық қыры бар десек, А.Естеннің шығармашылығы баланың бойындағы аталмыш төрт қасиетті түгел қамтиды. Автор, негізінен, мынадай тақырыптарда қалам тербейді: тарих, өлкетану, табиғаттану, саламатты өмір салты және ой ұшқырлау. Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын көркем де кестелі тілмен ұғындырған көркем туындылары баланың бойына экологиялық құндылықтарды сіңірсе, ой ұшқырлауға арналған ойнақы өлеңдері жас өскіннің эмоциялық һәм танымдық қырларын шыңдай түседі. Саламатты өмір салтын ұстануды насихаттаған өлеңдері бүлдіршіннің физиологиялық тұрғыдан дұрыс дамуына жол ашса, өлкетану мен тарихи тақырыпта жазылған көркем шығармалары жас ұрпақты интеллектуалдық тұрғыдан дамытып, рухани-патриоттық сезімдеріне қозғау салады.

Жоғарыда аталған тақырыптарды әлі оқырман ретінде көп тәжірибе жинай қоймаған, ақпарат қабылдау мәдениеті толық қалыптаспаған, бір нәрсеге ұзақ уақыт бойы зейін қойып отыра алмайтын және әлем туралы түсінігі енді қалыптанып келе жатқан аудитория өкілдеріне – балаларға мазмұн мен форманы үйлестіре отырып ұсыну оңай шаруа емес. Қайта ол қолына қалам ұстаған шығармашылық адамынан үлкен шеберлікті, мол дайындықты, терең де жан-жақты интеллект қуатын талап етеді. Осы орайда, балалар әдебиетін «ересектер әдебиетінен» бөліп жаруға болмайды деген пікірлердің жөнсіз екені көрініп қалады. Өйткені, балаларға арналған әдеби шығарманың көркемдік-поэтикалық қасиеті өз алдына, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан да белгілі бір талаптарға сай болуы тиіс. Педагогикалық мақсат пен эстетикалық талап тоғысқанда ғана балаларға арналған туындылардың құны артпақшы. Көркемдік-эстетикалық бағасы төмен туынды құрғақ уағыз, жадағай туынды болып қалатыны секілді, баланың даму заңдылықтары ескерілмей жазылған көркем шығарманың да бәсі төмен. Себебі, баланың жасы, психологиясы, ақпаратты қабылдау ерекшелігі – бәрі-бәрі ескерілуге тиіс дүниелер.

А. Естеннің поэзиясында Қадыр ақын айтқан талаптарға сай келетін өлеңдер аз емес. Бұл автордың балалар әлеміне мейлінше дендеп енгеніне дәлел болады. Автордың поэзиялық шығармаларында елеулі орын алатын тақырып – тарихи тақырып. Ол өлкетану және тұлғатану салаларының аясында ашылады. Автор қазақтың қазіргі қалаларына қарағанда тарихи шаһарлары туралы көбірек қалам тербейді. Жас оқырманының алдына тарихтың маржандарын төгіп салып, сол арқылы оның жай ғана бала емес, тарихта ірі империялар құрған, Шығыс пен

Батыстың арасында алтын көпір болған, өзінің терең тарихы мен мәдениеті, бай дәстүрі мен кемел болмысы бар ұлттың өкілі екенін сезіндіргісі келетіндей. Бұл – соңғы ширек ғасырда ерекше қаузалып жатқан, қазіргі қазақ әдебиетінің ең негізгі көркемдік үрдістерінің бірі. Солай болуы заңды. Себебі, академик С. Қасқабасовтың айтуынша, «бодандықта көп болып, тәуелсіздікке жеткен мемлекеттер өз өмірінің алғашқы 20-30 жылында тарихи сананы, тарихи жадты қайтаруға, өзінің ұлттық болмысын нығайтуға күш салады» [3]. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі зұлмат жылдарын – ашаршылық, репрессия, қуғын-сүргін құрбандарының қилы тағдырын арқау еткен туындылар осының айғағы болса керек. Біз сөз етіп отырған А. Естеннің шығармашылығында да аталмыш тақырыптың үлесі көп. Тіпті автордың «Тарихи тұлғалар туралы туындылар» деп аталатын жеке кітабы да бар [4]. Одан бөлек, басқа да кітаптарында тарихи сананы жаңғыртуға қызмет ететін, оқырман санасына ұлттық құндылықтарды сіңіретін көркем шығармалары аз емес. Мысалы, «Тарихи тұлғалар туралы туындылар» деп аталатын кітабына қазақ тарихында есімдері өшпестей болып жазылған көрнекті тұлғалардың ерліктері мен айтулы оқиғалары, өмір жолы арқау болған. «Жолбарыс жүрек пайтшайым» деп аталатын эпсананы алайық. Қысқаша фабуласы мынадай: Асылжан деген өнерлі жігіттің жары кер маралдың жүрегіне жерік болады; жарының жерік асын тауып беру үшін Асылжан тау-тасты, орман-тоғайды аралап кетеді. Бұлақтың басында айы-күні жетіп тұрған маралды көреді. Бірақ маралдың баласы жетім болып қалмасын деп аяйды. Сол сәтте бір шері шыға келіп, маралға ауыз салмақ болады. Асылжан шерді жебесімен атып, кер маралды құтқарып қалады. Жолбарыстың жүрегін сүйген жарына апарып береді. Көп өтпей өмірге қыз келеді. Оның аты әлемге әйгілі Тұмар патшайым екен. Обал мен сауапты, табиғатты аялауды, адамды ғана емес, жануарларды да құрметтеу керек екенін жазушы поэтикалық тілмен ойнақы жеткізеді. Автор эпсанасын былай аяқтайды:

Тарихқа құмар, досым, ал,
Бүгінше менде осы бар.
Қызықтырса, ар жағын
Ғаламтордан оқып ал [4; 7].

Шығарманың баяндау желісі соңғы жағына келгенде күрт өзгереді. Автор баяндау мәнерін кенеттен құбылтып, енді оқырманның өзімен тікелей байланысқа түседі. Жай ғана байланысқа түсіп қоймай, оқушыға бағыт-бағдар береді. Қазіргі педагогикада мұғалімнің міндеті оқушыға бағыт беру делінеді. Өйткені, шәкірттерге ақпарат берумен шектелуге болмайды. Постиндустриалды-білім қоғамында мұғалімнің қызметі ақпаратты беруден гөрі оны талдауға, шынайы әрі толыққанды дүниелерді табуға көмектесуге, жаңа бір дүниелерді жасауға баулу делінеді. Осы өлшем тұрғысынан қарайтын болсақ, А. Естенді біз педагог-қаламгер деп айта аламыз. Расында да, қазір интернет кеңістігінде ақпарат көп. Бірақ оның бәрін оқып жатқан бала аз. Оларға түрткі керек. Түрткі жасау үшін автор баяндау жүйесін ұтымды қолданады. Жас оқырманмен байланыс жасау, өзімен тікелей тілдескендей болу – автордың коммуникативтік-көркемдік тәсілі сияқты. Мысалы, «Бөрібай көтерілісі» деген туындысында:

Келе ғой, әңгімеге қосыл, шырақ,
Тағы бір қойылды ғой тосын сұрақ.
Арада күйбең тірлік қол тигізбей,

Қалдың-ау жауабымды тосыңқырап [4; 15], – деп оқырман назарын тартып

әкетеді. Автор, осылайша, баланың зейінін өзіне аударып, тарихи-ғылыми негізі бар аса маңызды мәліметті қабылдауға дайындайды әрі онысын өте қарапайым формада жеткізеді. Бөрібай батырдың бейнесі арқылы қазақ даласындағы қазақ-қалмақ соғысын суреттейді. Қаламгер эпикалық суреттеу амалдарына жүгінбей, мейлінше қысқа да нұсқа үзіктермен тұтас бір картина жасайды. Клиптік сана үстем болып тұрған кезеңде балаларға осылай қысқа да нұсқа үзіктермен әсер етпесе, оқырман зейінін бір нәрсеге аударып отыру оңайға соқпайды. Сондықтан да, автор кішкентай оқырмандарға 2-3 секунд сайын бейнесі ауысып отыратын кино көріп отырғандай әсер сыйлауға тырысқаны байқалады.

«Аманат» тарихи-тілашар дастанында қазақ даласында болған соғыстарды, сол соғыстарда ерлік көрсеткен батырлардың болмысын динамикалық сипатта танытады. Автор Бөрібай батырдың ерліктерін суреттей келе, шығарма соңында «титтей түйіндеме» деген айдармен қысқаша ғылыми негізі бар мәлімет келтіреді. «Бөрібай – Матай елінің ұранына айналған батыр (Мұхамеджан Тынышпаев. «Великие бедствия... («Ақтабан шұбырынды» кітабы.), мыңбасы. Қабанбай батырмен отыз жылдай үзеңгілес болған бас сардарларының бірі» [4; 15]. Әрине, интернеттен мұндай мәліметті тауып алу қиын емес. Бірақ мынадай таныстырылымнан кейін бұл мәліметті оқыған бала оны ешқашан ұмыта қоймайды. Автор ХХ ғасырдың бас кезінде орыс отаршылдығына қарсы атқа қонған қапалдық қазақтардың әрекетін жырға қосады. «Қанқұйлы елге қылған қылапатын, Тізбелеп айта берсе шаш жетпейді...» [4; 18], – дей келе, «Бөрібайлап» шапқан жергілікті қазақтардың көшбасшысы Бөрібай екен деп ойлап, ақыр-аяғында оны таба алмай әуре-сарсаңға түскен отарлаушы жүйенің өкілдерін күлкіге айналдырады:

Таяздау, ойы – тұтам, шекті – ақылы
Итаршы қызылдардың көп пақыры
Індетіп, қанша қуғын салғанымен
Таба алмай «Бөрібайды» кетті ақыры! [4; 21]

XVIII ғасырда қалмақтармен соғыста көзге түскен атақты батырдың есімімен жауға қарсы атойлап шапқандардың арасынан Бөрібайды іздеуі олардың жергілікті мәдениет пен халықтың болмыс-бітімін білмейтінін көрсетеді.

Тарихи тұлғалар туралы шығармалардың ішінде «Ән-Әміре» дастанының шоқтығы биік. Шығармада 1925 жылы 36 жасында Парижде өткен ЕХРО Халықаралық көрмесіне қатысып, әлемнің өнер алыптарымен сайысқа түсіп, күміс медаль алған Әміре Қашаубаевтың ұлттық мұрат жолындағы күрескерлігі суреттеледі. Ол ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының аманат-хатын ұлтарағының астына салып апарып, Эйфел мұнарасының басында Мұстафа Шоқайға тапсырады. Алайда, елге келген соң сегіз жыл бойы азап көріп, аманатқа қиянат жасамай, арына адал күйде шейіт болған өнер адамының бейнесін оқырманның көз алдына әкеледі. Аталмыш қысқа шығарманың өзінде таудай тағылым бар.

А. Естеннің тарихи тағылым сыйлап, ұлттық мұраны ұлықтайтын шығармалары топтастырылған «Көне кенттер күмбірі» кітабының жас өскіннің бойына патриоттық тәрбиені сіңіріп, тарихи сана қалыптастырудағы орны орасан. Автор әліпби бойынша әр әріпке бір не бірнеше тарихи атауыш сөздерді поэзия тілімен таныстырып, соңынан титтей түйіндеме жасап отырады. Поэзиялық туынды мен қысқаша түсініктеме бірін-бірі толықтырып тұрады. Балалар әрі көркем шығарманы, әрі ғылыми түсініктемені оқып, тарихи түсінік қалыптастырады. Кітапты оқыған

бала қазақ даласындағы қалаларды (Аспара, Баршынкент, Дешті Қыпшақ даласы, Доржыкент, Жанкент, Жент, Испиджаб, Құлан, Қарнақ, Отырар, Өзкент, Ақмешіт, Сарайшық, Сауран, Сығанақ, Тараз, Іңкәрқала, Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана қалалары), қазақ даласымен есіме етене байланысты ірі тұлғаларды (Гай Ле Стрэнд, Жамал Қарши, Макдиси, Шыңғыс хан, Уәсифи) танып, толыққанды ақпар алады. Қазақ тарихын зерттеген ғалымдарды, қазақтың көне кент-қалалары мен осы өңірге еңбегі сіңген ерлердің есімін жадына сіңірген балалардың жүрегіне рух, санасына сәуле құйылады. Өзінің тарихын таныған, сол арқылы жай жатқан халық емес, әлемнің өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы халықтың төл перзенті екенін сезінеді. Сезінеді де ұлы мақсаттар жолына ұмтылады. Мысалы:

Тұмар еткен иманды
Ілім-білім жиғанды,
Түркістаным бүгін де

Кешегідей дидарлы [5; 38], – деген өлеңінің поэтикалық салмағы да, моральдық-этикалық маңызы да үлкен. Өйткені, автор тарихи тақырыпты қызықты формамен, ойнақы сөзбен, соны түрмен жеткізеді. Бұл жағынан шығарма балаларға арналған әдебиеттің талаптарына толық сай деуге негіз бар.

А. Естен табиғаттың құбылыстарын, жан-жануарларды, қоршаған ортаның ерекшеліктерін балаларға таныстырғанда да замандас қаламгерлерінен оқ бойы озық тұр. Әсіресе, оның «Теңіз төріндегі тайталас» деп аталатын табиғи тілашар туындысының орны бөлек. Теңіз патшасы теңізде өмір сүретін барша аң-мақұлық атаулыны жинап алып, жарыс өткізеді. Бұл, бір жағынан, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілеріне ұқсайды. Кішкентайынан ертегі естіп өскен бала үшін бұл формат жақсы таныс. Жануарлардың жыл басы болуға таласқанын естіп өскен бала енді теңіздегі тіршілік иелерінің тайталасына куә болады. Әр жануар, әрбір аң өзінің артықшылықтарын айтып мақтанады. Мысалы, ақ аю былай дейді:

Жүзе де білем қиырға,
Жүздеген милің бұйым ба?
Тұра да білем қасқайып,
Қақаған қарлы құйынға [5; 40].

Қазақстан – әлемдегі мұхитқа ең алыс ел. Қазақ баласы теңіз тіршілігін терең танымайды. Әрине, өзен-көлдер бар. Бірақ, жалпы алғанда, қазақ баласына теңіз тіршілігі таңсық. Ал автор осыны шебер пайдаланып, теңізді мекендейтін тіршілік иелерін шебер таныстырады. Онысын өз аузына салады. Өзінің ең басты сипаттарын өз тілімен баяндап бергенде, қазақтың кәдімгі айтыс жанрына ұқсап кетеді. Осылайша, ақ аю, әтешбалық, бақлан, бекіре, гага, дауылпаз, дельфин, жыланбалық, көк кит, құртпа, пингвин, сегізаяқ, теңіз жұлдызы, тасбақа, үкішабақ, шортан, інжу, теңіз астындағы минералдар – бәрі-бәрі елде жоқ сипатын айтысып, бас бәйгені алуға барын салады. Бірақ бас бәйге кімге бұйыратынын оқырманның өзі шешеді екен:

Талдап жарыс талқысын,
Қайсы жалған, қайсы шын.
Елеп, екшеп, саралап,
Тандар едің қайсысын?!

Келгендердің сан қырдан,
Қайсы сені таң қылған?..
Шеш те даудың түйінін,
Бәйгесін бер, балдырған! [5; 51]

Айтыс-тартыстың нүктесін оқырманның билігіне беруі таптырмас тәсіл дер едік. Бала көркем мәтінді оқып қана қоймай, енді өзі де жауапкершілік арқалап үйренеді. Сол арқылы әділдік құндылығын бойына сіңіреді.

Бала көркем әдеби шығармаларды оқу арқылы жақсылықты үйреніп, жамандықтан жиреніп өседі. Осыны ескере отырып балалар әдебиетінің өкілдері кейде насихатты ізгілікке тікелей шақыру арқылы емес, жамандықты келеке ету арқылы жеткізеді. Мысалы, әдептің шекара-шеңберінен асып, моральдық нормаларды бұзатын балаларды мазаққа айналдырады. Осыны оқыған бала да мазаққа калудан қорқып, бейсаналы түрде оң өзгеріске қадам басады. Асылы, мазақтама жанрының негізгі миссиясы да осы. Ол біреудің кемшілік-қателігін тізбектеп теруді емес, қайта сол арқылы жамандықтан жирендіруге қызмет етеді. А.Естеннің мазақтамаларының тақырыптық аясы кең. Автор оны балаларды спортқа баулу үшін де, табиғатты аялау үшін де, ата-ананы сыйлап, қатарластарына зиян тигізбеуі үшін де жазады. Мысалы, «Ұрыншак» деген өлеңін алайық.

Кемшілік көп Сырымда:
Бестігі жоқ ырымға.
Қыздар десе, кырғидай
Өш келеді бұрымға [5; 89].

Мұны оқыған бала да Сырым секілді болудан сақтанып, әдептен аспауға тырысатыны анық. Автор кейде баланы тікелей бұйыру арқылы әдепке шақырады. Мысалы, «Әдептілік бастауы» деген өлеңінде:

Тазалықты құнтта,
Қол жууды ұмытпа.
Нанды үзбе бір қолмен,
Асты үрлеп суытпа [5; 93], – дейді. Бұл туындысын «Әдеп деген немене?» деген өлеңі толықтыра түседі:
Әдеп – иба, кішілік,
Әдеп – иман, кісілік.
Әдеп – ұят, арлылық
Сана жайлы түсінік [5; 99].

Балалар әдебиетін зерттеуші А. Әлтай: «Балалар қаламгерінің жас буын алдындағы басты парызы – күнделікті өмірде оқыту мен тәрбиенің өзекті мәселелерін шешуге септесетін, қоршаған ортаны, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастардың қыр-сырын біртіндеп танып-білуге баулитын, нәтижесінде жеке адам ретіндегі өзіндік дүниетанымын айқындауға үлес қосатын идеялық-көркемдік деңгейі жоғары шығармалар ұсыну», – дейді [6; 14]. Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, А. Естеннің өлеңдері «оқыту мен тәрбиенің өзекті мәселелерін шешуге септеседі», «қоршаған ортаны, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарды танып-білуге баулиды».

Балалар әдебиетіндегі ең елеулі жанрдың бірі – өтірік өлеңдер. Ол баланың қиялына қанат бітіріп, шығармашылық тұрғыдан ойлауға итермелейді. Эмоциялық интеллектін дамытып, зерек болуына жол ашады. М. Әлімбаевтың поэзия әлемін зерттеген Ә. Жәкім баланың сезімі мен көркем әдебиеттің арасындағы байланыс туралы былай деп тұжырым жасайды: «Адам сезімсіз лирика деген ұғымды елестетудің өзі мүмкін емес. Оның болмысы, жаны – адам сезімі, көңіл күйі мен ішкі жан дүниесінің тебіренісі, соған сәйкес алынған көркем сөз кестесі мен оңтайлы пішінінің бірлігі екендігі сөзсіз. Осы аталғандар жиналып келіп, өлеңді оқырмандар

мен тындармандарды рақатқа бөлейтін нағыз көркем туындыға айналдырады. Балалар поэзиясы болған соң, мұнда бала жаны, бала дүниетанымы, бала болмысы, бала мінезі көрінуі заңды. Шығарманы оқыған бала одан өзін, құрбыларын тануы қажет» [7; 70]. Арасанбай Естеннің өтірік өлеңдері күлдіре отырып ойландырады, ойландыра отырып күлдіреді. Ең бастысы, балалар өзін, өзі өмір сүріп отырған өмірді өлеңнен көреді. Мысалы:

Айға дейін қаланған
Желі құрып бағаннан,
Жауап алдым SMS
Марстағы ағамнан [5; 145].

Жазып алып мың таспа,
Ат мінгізді сұр қасқа.
Концерт беріп жүр екен
Онда Қайрат Нұртас та [5; 146].

SMS, Қайрат Нұртас, Марс, таспа деген ұғымдардың бәрі де балаларға етене таныс. Оқырман өлеңді оқи отырып осының бәрін өз басынан өткізгендей, өзі куә болғандай әсерге бөленеді.

Арасанбай Естен, жоғарыда айтқанымыздай, көп қырлы қаламгер. Ол поэзияның сан алуан жанрында қалам тербеуімен қатар, прозалық шығармалардың да шебері. Себебі, А. Естеннің әңгімелерінің тілі жеңіл, ойнақы, сюжеті динамикаға толы, тақырыбы өзекті, идеясы терең. Соған қарағанда, автор шығармаларын балаларға арналған әдебиеттің талаптарына сай жазуға тырысады. Біздің қолымызға «Періштелер патшалығы» деп аталатын желілес әңгімелер топтамасы түсті. Автордың періштелер патшалығы дегені – бүлдіршіндердің әлемі, балалардың патшалығы. Бұл туралы өзі де: «Қадірменді, кішкентай оқушыларым! Алдымен бұл әңгіменіздегі періштелер кім дейсіңдер ғой. Иә, олар – әлдеқандай бір қиял-ғажайып ертектердегідей ойдан шығарылған сиқырлы құдірет емес. Менің кішкентай періштелерім – өздеріңдер, сендердің құрбы-дос, қатарларың», – дейді [8; 6]. Иә, жазушы фантастикалық кейіпкерлер туралы жазбайды. Өмірде бар дүниелер мен үйреншікті оқиғаларға үніледі. Бірақ сол күнде көріп жүрген үйреншікті дүниелердің өзінен жазушылық шеберлікпен жаңа нәрселер көруге, көрсетуге ұмтылады. Онысы сәтсіз шықпайды да. Міне, осы арқылы балалардың бойына моральдық-этикалық құндылықтарды сіңіріп, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның аражігін айыруға баулиды.

«Періштелер патшалығы» деген әңгімелер топтамасы бір сарындағы, бір бағыттағы шығармалар емес. Өртүрлі мәселені қамтитын, өмірдің сан түрлі соқпағы туралы сыр шертетін, соның бәрін бала тілімен, бала пайымымен жеткізетін шығармалар жинағы. Әңгімелер желілес деп аталғанымен, әңгімелердің сюжеті, кейіпкерлер жүйесі, идеялық-тақырыптық бағдары біркелкі емес. Автор әртүрлі әңгімелерден тұтас бір желі құрған. «Періштелер патшалығында» автор балаларды өз әлеміне саяхат жасатады. Желілес әңгімелердің тақырыптары да қызық: «Қырық шілтен», «Тозақ үйі», «Кешірім», «Марadona», «Құтжол», «Қаскөй көрші», «Атам болса ғой...», «Тамырластық», «Маңдай тер» т.б. Мысалы, «Қырық шілтен» деген әңгімеде Досбол атайдың бақшасына ұрлыққа түскен балалардың басынан кешкендері баяндалады. Балаларды алма ұрлап жатқан жерінен ұстап алған Досбол

қария аңызға негізделген әңгіме айтып, қырық шілтеннің не екенін түсіндіріп береді. Автор, осылайша, ұлттың мифологиялық танымында орнығып қалған «ғайып ерен, қырық шілтен» деген ұғымымен таныстырады. Түркі халықтарының фольклорында орнығып қалған, батырларға, аңшыларға, жалпы мұсылман баласына қолдау көрсетіп, желеп-жебеп жүретін рух деген мағынаны білдіретін аталмыш ұғымды балаларға үлкен қарияның аузымен айтқызуы нанымды шыққан. Осылайша, автор ешқашан өтірік айтушы болма, ешкімге қиянат қылма, ешкімнің ақысын жеме деген үш насихатты әңгіменің өзегіне айналдыра білген.

Ал «Атам болса ғой...» деген әңгімеге тоқсаныншы жылдардағы қазақ қоғамының элеуметтік тұрмысы арқау болған сыңайлы. Мұнда ауылға деген сағыныш бар. Әңгімеде қаланың қайырымсыз тіршілігі мен ауылдың дарқандығы қарсы қойылады. Аталмыш әңгімеде урбанизация толқынының құрбанына айналып, тұрмыстық қиындықтарға тап болған қазақтардың бейнесі айқын суреттеледі. Сондай-ақ, отбасы институтының құлдырап, ұлттың тектік психологиясының дағдарыста тұрғаны көрсетіледі. Үш ұрпақтың – атасының, әкесінің және баласының тағдыры қатар суреттеледі. Кішкентай бүлдіршіннің көзімен қоғамдағы аса үлкен мәселелерге талдау жасалады. Атасы өмірден озып, әкесі қамалып, содан анасы тегін нағашы атасының атына ауыстыруы – осының бәрі баланың жүрегіне салмақ салады. Мұның бәрі кішкентай ғана баланың жан-жүрегіндегі эмоциялық-психологиялық аласапыран сезімдері арқылы көрініс табады.

Қалаға қоныс аударған қазақтардың тыныс-тіршілігі А. Естеннің «Құтжол» деген әңгімесінде де боямасыз көрінеді. Жалпы, бұл тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде ең көп қозғалған элеуметтік тақырыптардың бірі болып саналады. Өйткені, әдебиет өмірдің өнердегі сәулесі болса, элеуметтің күйініші мен сүйініші сөз өнерінде көрініс тауып отыратыны заңды. Осы орайда, автор қоғамның ең түйткілді мәселесінің бірі болған урбанизация тақырыбын айналып өтпейді. «Құтжол» әңгімесінде қалаға қоныс аударып, Марфа деген орыс әжейдің шағын үйшігін жалдап тұрып жатқан жас отбасының өмірі суреттеледі. Ауылдан келген балалар көшеден күшік тауып алып, құт дарып, өзіміздің үйіміз болса екен деген ырыммен «Құтжол» деп ат қояды. Бірақ үй иесінің күшігінің тынышы бұзылады. Күшігімді мазаладыңдар деген желеумен Марфа әжей жас отбасын күркесінен қуып жатыр. Сөйтіп, балалар далада қалмас үшін тауып алған күшіктерін қаланың бір шетіне апарып тастауға мәжбүр болды. Қалаға көшкен қазақ отбасының 1-2 күндік өмірі суреттелсе де, осы бір азғана уақыттың өзінде тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығы айқын танылады. Жазушы қала мен ауылды, қазақы-түркілік құндылықтар мен славян-орыстық құндылықтарды, балалардың ішкі арман-тілегі мен қалалық әжейлердің қалауын қарсы қояды. Ішкі һәм сыртқы қақтығыс шығармаға динамикалық сипат береді. Автордың шығармаларында құндылықтар жүйесі тұнып тұр. Әсіресе, қазақтың төл құндылықтары, моральдық-этикалық принциптері басым. Кешірім, мейірім, адалдық, әділдік – бәрі жиналып келіп аксиологиялық палитра құрайды. Бірақ автор құндылықтарды құрғақ ақыл-кеңеспен сіңіруді мақсат етпейді. Оны аға буын мен кейінгі толқын арасындағы диалог арқылы жеткізеді. Диалогтың көркемдік қызметі өз алдына, оның тәрбиелік, аксиологиялық, тағылымдық қызметі де орасан екені белгілі. Автор диалогқа аксиологиялық сипат береді. Неге құндылықтарды сіңіруіміз керек деген заңды сұрақ туындайды. Күнде мың құбылып, ақпарат тасқыны күшейіп, бүгінгі жаңа нәрсе ертең ескіге айналып

жатқан заманда күн кешіп жатырмыз. Ал енді осындай аумалы-төкпелі кезеңде күн кешіп жатқан адамдар бала тәрбиесінде нені басшылыққа алуға тиіс деген сұрақ туындайды. Осындайда баланың бойына құндылықтарды сіңіріп, адами принциптер мен мұраттарды құя алса, онда ақпарат ауысып, білім өзгеріп жатқан күннің өзінде де, бала өзінің бағытынан адаспайды. Басқаның бәрін онай еңсереді деген сөз. Ал көркем әдебиет осы бір абыройлы қызметті атқара алатыны сөзсіз.

Түйіндеп айтқанда, А.Естеннің балаларға арналған шығармаларында тарих қойнауында жасырынып жатқан көне кенттер мен есімдері ел есінде болуға тиіс ірі тұлғалар туралы сериялық өлеңдер жиі кездеседі. Әсіресе, советтік қатаң цензура кезінде есімін атауға тыйым салынған ірі қайраткерлерді жаңа қырынан, тәуелсіз ұлт мүддесі аясында ашып береді. Автор шығармашылығында эпикалық поэма жанрынан бастап лирикалық мазақтама жанрына дейінгі әдеби-поэтикалық шығарма түрлері кездеседі. Автор баланың жанын ізгілікпен суарып, бойына адами құндылықтарды сіңіру үшін әртүрлі формалық ізденістерге барады. Жас оқырмандардың психологиялық портретін ескеріп, педагогикалық принциптерді қолдана отырып жазатыны байқалады. Өз оқырманымен байланысқа түсіп, тікелей диалог құрады. Сонымен қатар, өлеңдерінде ойын элементтерін жиі қолданады. Мұның бәрі тәуелсіздік тұсындағы қазақ балалар әдебиетінің алтын қорын толықтыра түсетін салмақты туындылар деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Мұратбеков С. Таудың тұнық бұлағындай. / Естен А. Періштелер патшалығы. Өңгімелер мен хикаяттар. Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2017. – 224 б.
2. Ыбырайымұлы Ә. Көктемі ұзақ өлке. «Қазақ әдебиеті» / 30.10.2008.
3. Ұлт руханияты гуманитарлық ғылымнан не күтеді? Академик Сейіт Қасқабасовпен әңгіме // Егемен Қазақстан. – №55 (29036). – 2017.
4. Естен А. Тарихи тұлғалар туралы туындылар. (Автордың қолжазба мұрағатынан алынды).
5. Естен А. Көне кенттер күмбірі. Балаларға арналған өлеңдер мен жұмбақтар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 160 б.
6. Әлтай, Аманжол Дүйсенбайұлы. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. (10.01.02) / Әлтай, Аманжол Дүйсенбайұлы; Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті. – Астана, 2009. – 285 б.
7. Жәкім Ә.М. Әлімбаевтың балалар әлемі / Жәкім, Әсел. – Алматы: Арыс, 2008. – 228 б.
8. Естен А. Періштелер патшалығы. Өңгімелер мен хикаяттар. Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2017. – 224 б.

БАЙБОТА ҚОШЫМ-НОҒАЙ (1954 жылы туған)

Әдебиеттің қай сұрлеуіне үңілсек те, Байбота Қошым-Ноғайдың қолтаңбасын көреміз. Ақын – балалар әдебиетінің дамуына үлес қосып қана қоймай, жалпы жазба поэзияның да дамуына атсалысқан, жанашылдыққа ұмтылған авторлардың бірі. 1954 жылы құмды өлке Қызылорданың Жаңақорған ауданына қарасты Бесарық ауылында дүниеге келген. Еңбекқорлығы мен ізденімпаздығы кейінгі жастарға үлгі болып, бүгінгі таңда табандылық пен қажырлылықтың символына айналды.

«Жалын» және «Жазушы» баспаларының жетекші редакторы болып қызмет атқара жүріп көптеген елеулі авторлардың еңбектерінің жарыққа шығуына мұрындық болды. Қажырлы еңбегі ескерусіз қалмай бірнеше мәрте «Жылдың үздік редакторы» атағын алды. Балалар әдебиетіне деген қамқорлығы, жанашырлығы мемлекеттен қолдау тауып, 2021 жылы Алматы қаласының әкімдігінің қолдауымен он томдық «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» жарық көрді. Ұзақ жылдар көз майын тауысып атқарған еңбектің нәтижесінде жарық көрген бұл таңдамалы жинақта қазақ ақын, жазушыларының балаларға арналған үздік туындылары топтастырылған.

Автордың өлеңдері, ғылыми-танымдық, публицистикалық мақалалары мерзімді басылым беттерінде үздіксіз жарияланып тұрады. Әр жылдардың жемісі ретінде 1977 жылы шыққан «Тұңғыш кітап» жинағынан бастап, «Гүлдерайым», «Жұлдызым жоғары», «Қуыршағым бар менің», «Тіршілік ұясы», «Таңертеңгі тәтті түс», «Жариям айдай», «Жүректің көзі ашылса», «Сымбат салған суреттер», «Сам жамыраған шақ», «Тіл ұшындағы тарих», «Таңғажайып түс», «Мүшел», «Он екі қонақ», «Тәңірі таразысы», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Таниды екен, кәне, кім өз мінезін, әдетін?!» т.б. кітаптары жарық көрген.

Ұлт руханиятымен бірге жасап, біте қайнасып келе жатқан негізгі салалардың бірі – әдебиет. Халықты тәрбиелеудегі идеологияны дәріптеуде әдебиеттің атқаратын қызметі ұшан-теңіз. М. Әуезовтің «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген қанатты сөзінің астарында ұлтты тәрбиелеу бала тәрбиесінен бастау алатындығы жатыр. Сондықтан, ұрпақ тәрбиесінің өзекті кілті балалар әдебиетінде екендігіне баса назар аударғанымыз жөн. Ы. Алтынсарин негізін қалағанға дейін «қазақ балалар әдебиеті» туралы ұғым болған емес. Әйтсе де, бұл дегеніміз қазақ әдебиетінде бұған дейін балалар әдебиеті болмады деген пікір туғызбайды. К. Матыжановтың «Рухани уыз» (Қазақ балалар фольклоры) еңбегінде балаларға арналған ауыз әдебиетінің үлгілері жіті талданып баяндалған. «Мәселен, балаға деген тәрбиелік қам қазақ халқында сәби дүниеге келмей-ақ жасала бастайды. Салиқалы ата-ана келіні жүкті болысымен құрсақ тойын жасап, оны қатты қайырым жұмыстан босатып, түрлі ауру-сырқаудан, психикалық залалдардан қорғаштап, сәбидің құрсақта кінәратсыз өсуіне қамқорлық жасайды. Жас ананы ауыр жұмыстан босатып, тіл-көзден ауашалап, дұрыс тамақтануына жағдайлар туғызады. Бұл орайда, түрлі тыйымдар (табу) мен ырымдардың, салт дәстүрлердің де өзіндік орны бар. Мәселен, екі қабат әйелге толғағың ащы болады деп тобық, толарсақ мүжітпейді, баланы он екі ай көтересің деп түйе етін жегізбейді т.б.» [1; 8]. Яғни дана халқымыз бала тәрбиесін құрсақта жатқан күннен бастаған. Осы бір салт-дәстүр, жөн-жоралғылар аңыз-әпсана немесе өлең жолдары т.б. арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған.

Қазақ балалар әдебиетіне ғылыми көзқараста қарау ХХ ғасырдың бірінші ширегінен бастау алып, жан-жақты дамып, айтар ой, мақсат, міндеті айқындалып, өзге елдің балалар әдебиетімен теңесе алатын халге жетті. Олар тек балалар оқитын көркем шығармалардың деңгейінде ғана қалмай, ұлттық руханиятты байытатын құндылық деңгейіне көтерілді. Балалар әдебиеті жеке зерттеу нысанына айналуы, оны жеке өнер ретінде бағалауды талап етті. Соның нәтижесінде өзіне тән ерекшеліктері, түрі, пішіні, мазмұны, жанры, стилі т.б. пайда болды. Бүгінгі күнгі қазақ балалар әдебиеті бірден осындай деңгейге жете салған жоқ. Біртіндеп, сатылай дамудың нәтижесі. Әйтсе де тарихи оқиғаларға байланысты, саяси цензураның салдарынан кейбір ұлтқа қатысты жәдігерлеріміз айтылмай келген, жалпылама сипатта баяндалған кездер де болды. Бұл процесс белгілі бір әдебиеттің аумалы-төкпелі кезеңі ретінде балалар әдебиетінің тарихында сақталары анық.

Балалар әдебиетіне талмай еңбек етіп жүрген қаламгерлердің бірі һәм бірегейі – Байбота Қошым-Ноғай. Әдебиетке адалдық принципін берік ұстанатын Байбота Серікбайұлының ізденімпаздығы, еңбекқорлығы көпке үлгі. Тілдің этимологиялық шығу тарихын зерттеген еңбегі «Тіл ұшындағы тарих» кітабы – осы салада зерттеу жүргізіп жүрген көптеген ғалымдарға жол ашар еңбектердің бірі. Десек те, Байбота Серікбайұлы көпшілікке ғалымдығынан гөрі ақындығымен танымал. Ауыз әдебиетінің көне үлгілерінің бірі – «ақ өлеңді» қайта жаңғыртушылардың бірі. Қазақ поэзиясын жаңа сатыға көтеру жолында да біраз еңбектенген ақын. Әдебиетке қадам басқан жас қаламгердің Б.Серікбайұлының өлеңдеріне қызығушылық танытып, еліктемейтіндері кемде-кем.

Әдебиетті үкінің қауырсынындай таза ұстауды мақсат еткен ақын балалар әдебиетіне де айтарлықтай еңбек етті. Тек өз жадынан шығарған өлеңдерді ғана қанағат тұтпай, әлемнің Асен Босев, Платон Воронько, Клод Руа, Жәвад Тәржеманов сынды көптеген ақындарын қазақ тілінде сөйлетті. Сонымен қатар, ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі күнге дейінгі ақын-жазушылардың еңбектерін саралап көптомдықтар құрастырса, жас мөлшеріне қарай іріктеп, баланың танымына, талғамына қарай сараланған кітаптар шығарды. Солардың бірі – «Жасөспірімдерге арналған сөзтаным кітабы» деп аталған екі томдық «Бәсіре» кітабы. «Бәсіренің» бірінші кітабында қазақ қаламгерлерінің оқуға жеңіл, баланың қабылдауына ыңғайлы әңгімелері іріктеліп алынған және әр әңгіменің ішіндегі көнерген сөздердің қатарына ене бастаған сөздерді ерекшелеп көрсетіп отырған. «Бәсіренің» екінші кітабында балаларға арналған өлеңдер топтасқан. Өлеңді іріктеуде ең алдымен әр өлеңнің мәні мен мағына баса назар аударған. Бала танымына сай, тәрбиесіне сәйкес келетін туындылар тандалған. Бұл кітапта да бірінші кітаптағыдай балаға бейтаныс болады деген сөздерді белгілеп отырған.

Қанатты құс МАҢЫП барады,

Көзінен жас тамып барады (Бұлт) [2; 3] – деген Қ. Мырза Әлидің жұмбағын,

Біздің үйдің бауы бар,

Ауыласы кең жай бар.

БӨТЕГЕСІ бүлкілдеп,

Көгершіндер жайылар [2; 169] – деген Ә. Ысқабайдың «Көгершін» өлеңіндегідей, өзге де ақындардың шығармаларының арасынан беймәлім сөздерді оқшаулап, бөлек түспен көрсетеді. Әйткенмен, кітапты құрастырудағы бір ескермеген жағдай осы белгіленген сөздерге анықтама беру. Әр сөздің тұсына балаға

түсінікті қылып мағынасын ашып жазып кетсе, кітаптың сапасы арта түсер еді. Десек те, кітап құрастырудың машақатын айтпағанда, балаларға қажетті шығармаларды іріктеудің өзі табандылықты қажет етері анық. Ұлтжанды ақын Б. Серікбайұлының кітап құрастырудағы еңбегінің өзі топтық жұмысты талап ететін, көз майын тауысып отырып атқаратын қыруар шаруа. Осының бәрін талмай, таусылмай, жалғыз ілік атқаруының өзі, еңбекке адалдығын, ұлтқа жанашырлығын көрсетеді.

Әдебиеттің күрделі салаларының бірі – аударма. Ғылыми мәтін мен прозалық шығармаларды аударудың күрделілігі, негізгі ойдың өзегінен ажырамай, идеяны аударып отырған елдің мәдениеті мен тілдік нақышына келтіріп жеткізу. Ондай үдеге жету үшін қос тілді де терең меңгерумен қатар, ой жүйріктігі, шеберлік қажет. Ал поэзиялық туындыны аудару – ең күрделі салалардың бірі хәм бірегейі. Өлеңнің буынын, бунағын, шумақ, тармағын, иірімін айнытпай қайталап, сөзбе-сөз аударма жасай отырып, ойды нақты жеткізу қиын, жауапкершілігі мол. Ал мақсатты түрде тек идеяны ғана ұстап еркін аударма жасау біршама жеңіл көрінгенімен, оның да өз алдына бейнеті ұшан-теңіз. Бұның барлығы – өлең өлшемі мен өлеңге қойылатын талапта жатыр. Ол талапты сезінген ақын ғана аударманың машақатын сезінеді. Байбота Қошым-Ноғай балаларға арналған өлеңдерге еркін аударма жасаған. Мысалы, ағылшынның «For want of a nail the shoe was lost» өлеңін тәржіма жасағанда аударманың еркіндігін «Шеге мен таға» деп тақырыптан бастаған. Бұл өлеңді аударуға таңдап алуы да тегіннен-тегін болмау керек. «Достық жоралғы» кітабының алғашқы өлеңін осыдан бастауы да өлеңнің тарихи салмағында болса керек. «Үлкен жетістікке жету үшін әр бөлшекті ескеру керек» (No detail is too small to ignore to achieve a successful outcome) деген XIII – XIV ғасырлардағы ағылшын мақалы уақыт сүрлеуіне түсіп, түрлі нұсқалары пайда болған [3]. XVIII ғасырда мақалдың өлеңдегі мәтінмен мәндес, мағыналас «Кішкентай немқұрайлылықтан үлкен зиян тууы мүмкін» (A little neglect may breed great mischief) деген нұсқасы кең қолданысқа түсе бастаған. Екінші дүниежүзілік соғыста әр нәрсенің орны бар екенін ескерту мақсатында өлеңді рамкаға салып Лондондағы англо-америкалық жабдықтау штабының қабырғасына іліп қойған [4; 1-3]. Ағылшындардың күнделікті ұранына айналған бұл өлең қаншама жылдар өтсе де, өз мәнін жоғалтқан емес.

Б. Серікбайұлы өлеңді ұлттық нақышта аударуға тырысқан «For want of a nail the shoe was lost» [2] деген бірінші тармағын:

Жоқтығынан дүкенде бір шегенің

Керексіз боп қалды таға дегенің [5; 3], – ақын қиялына ерік беріп, көркем аударма жасай білген. Егер сөзбе-сөз аударма жасап «Шеге болмауынан таға жоғалды» деген болса ешқандай көркемдік те, поэтикалық мән-мағынаға иелік ете алмас еді.

«For want of a shoe the horse was lost» [2] – деген өлеңнің екінші тармағын ақын:

Ал тағасыз тұяқтың да жоқ сәні,

Шаба-шаба, арғымақтар ақсады [5; 3], – деп аударып, өлеңге ұлттық нақыш бере отырып, сюжет құрастырады.

«For want of a horse the rider was lost» [2] деген, яғни атқа мұқтаж әскердің дәрменсіздігін баяндаған тармағын ақын:

Арғымақтар атқа айналып шабан бір,

Жалын құшып, Өлді өжет командир [5; 3], – деп, ақын өлеңнің негізгі өзегін ғана сақтай отырып, жаңа нұсқада жырлайды. Оны сөзбе-сөз аударуға ақынның

өресі жетпеді деуден аулақпыз, керсінше, поэтикалық мән үстеп, өлеңге өзгеше өрнек беруде. Командирдің аттың жалын құшып көз жұмудағы «Ат жалын құшу» тіркесі бірде-бір әлем тілдері сөздігінде ұшыраспасы анық. Бұл – қазақ тілінің ғана мүмкіндігі жететін ерекшелігіміз.

For want of a rider the battle was lost.

For want of a battle the kingdom was lost.

And all for the want of a horseshoe nail [2] – деген тармақтарды ақын:

Қолбасшысыз қалың әскер шегінді,

Қорған қирап, Қаншама қан төгілді.

Жау қаланы алып жатыр тұтқынға

Бір шегенің жоқтығынан,

Ұқтыңба?! [5; 3] – деген аударманы оқу арқылы ақынның өлеңнің идеясын сақтай отырып қайта жырлағанын аңғарамыз. Өлең бастан-аяқ ұлттық таным аясында аударылған. Ағылшын өлеңіндегі таға, жылқы, әскер, патшалық – барлығы аудармада қазақы арғымақтың, қолбасшының, қорғанның бейнесіне ауысқан. Аударманың ерекшелігі де, өміршендігі де осында.

Заман ағынымен ілесіп балалар танымына лайықтап шығарма жазып, кітап шығаруда Б. Серікбайұлының еңбекқорлығына сүйсінесің. Жасанды интеллектің дәуірлеп тұрған шағында, жаһандану ағымына ілесіп түрлі форматтарда кітаптар шығарып, өзге елдің тотыдай түрленген кітаптарымен бәсекеге түсуде. «Асыл кітап» баспасынан жарық көрген «Әліппе» [6] кітабы – балаларды қазақ тілінде оқып үйренуге баулитын бірден-бір құрал. Дәстүрлі әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, бүгінгі күннің жаңашылдықтарын ұтымды пайдалана білген оқулық. Графикалық элементтерді пайдаланып баланы буынға бөліп оқуға, жазуға бейімдейді.

Б. Серікбайұлының қолтаңбасы сіңген «Жыл басына таласқан хайуандар» ертегі кітабы, «Бауырсақ», «Қызыл телпек», «Маша мен аю», «Шалқан» аудармалары т.б. кітапшалар бала танымына бейімделіп жазылған. Қазақ тілді сапалы контентті көбейту жолында жасалған еңбектерін ескермеуге болмайды. Бұл кітапшалардың барлығы – мемлекеттік тапсырыстан тыс, жеке баспамен бірлесіп жасалған жүйелі еңбектің жемісі. Аталмыш баспадан жарық көрген 42 әріпті үйрететін «Жан-жануарлар мен құстар» [7] кітапшасының салмағы бөлек. Балаға қырық екі әріпті ғана таныстырып қоймай, жан-жануарлар мен құстар жайлы да мәлімет береді. Бір әріпке екі тармақты екі өлеңнен жазылған. Бірінші әріпке байланысты өлеңде жан-жануарлар жырланса, екінші екі тармақта әріпке қатысты құстар бейнеленген. Кітапты оқу барысында бала әріппен қатар хайуанаттар мен құстардың қазақша атауларын да санасына сіңіреді. Балаларға арналған шығарма жазуда автор қысқа форматтағы өлең формасын таңдап алған. Ұзақ-сонар баяндалған сюжеттер ұшыраспайды. Баланың жаттауына жеңіл, тілі жатық, қысқа ғана оқиғаға құрылған жұмыр туындылар.

«Таңғажайып түс» [7] кітабында балаларға арналған өлеңдер әртүрлі үлгіде жазылған. Кез келген тақырыпта еркін көсіліп, кеңінен толғануы автордың шығармашылық әлеуетінің жоғарылығын көрсетеді. Кітап «Қош бол, менің қуыршағым!», «Сымбат салған суреттер», «Сүйемін туған өлкені», «Бір үйдің біздер тентегі», «Қымбат айтқан қызықтар», «Анашым айтқан ертегі» секілді алты бөлімнен тұрады. «Қош бол, менің қуыршағым!» бөлімі «Қуыршақ сатып алдық біз», «Таңертеңгілік тағам» секілді әртүрлі тақырыпта жазылған өлеңдерден

құралғанымен, әр өлең мағыналық тұрғыдан бір-бірімен байланысып жатады. Ақын қуыршақ пен баланың арасындағы байланысты суреттеу арқылы тәлім-тәрбиеге баулып, бойына жалпы адамдық құндылықтарды сіңіруге тырысады.

Мұның не:
Түсте де,
Кеште де,
Таңда да
Ас келсе алдыңа,
Татпайсың сен мүлде ештеңе,
Әлде олар ұнамай қалды ма? [7; 6-7]

Ақынның шумақтың басындағы күннің мезгілдерін әр тармаққа жазуы мағыналық мән үстеуінде, оқырманының назарын үш мезгілге аудару арқылы осы үш мезгілде атқарылуға тиіс әрекеттің бар екендігін меңзейді.

Келмейді сенен түк жасырғым,
Айтайын сөзімнің төтесін:
Ішпесең үш мезгіл асыңды,

Шөмпип, арықтап кетесің [7; 7]. «Ас адамның арқауы» екендігін өлеңмен өрнектейді. Автор қуыршаққа қарата сөйлеген бала арқылы сюжет құрайды. Мұндағы адресант – бала, адресат – қуыршақ. Қуыршақ образын пайдаланып оқырмандарына танымдық тәрбие үстейді. Қуыршақтың асқа тәбетінің болмауының себебін іздеп, салдарына үңілу арқылы кішкентай оқырмандарымен жанама байланыс орнатады. Сол секілді, «Жуынбапсың бұл қалай?» өлеңінде автор баяндаудың жоғарыдағыдай тәсілін пайдаланады. Мұнда да қуыршақтың қимыл-әрекетін сипаттау арқылы балаларды тазалыққа, мұнтаздай болып жүруге баулиды. Бұл бөлімде автор қуыршақ образын ұтымды пайдалана білген. Бала психологиясына сай, жеңіл суреттеулер балаға күнделікті өз өмірінде қайталанатын әрекеттері арқылы тәрбиеге шақырады. Күнделікті тұрмыста жасауға тиіс әрекеттерді баяндап, тәртіпті болуға, уақытылы ұйықтауға, үнемі тамақтануға, күнделікті жуынуға, жылы киінуге, үлкендерді құрметтеуге баулиды. Сонымен қатар балалардың оң, солын тануды «Тәй, тәй, тәй, қуыршақ!..» өлеңі арқылы шебер үйлестірсе, «Ррр», – деші сен, қуыршақ!» өлеңінде айтылуы қиын әріптерді қайталау арқылы баланың тілін шығарып, таза сөйлеуге талпындырады.

«Сымбат салған суреттер» бөлімінде түрлі тақырыптарды қаузаиды. «Түрлі түсті бояулар», «Мен түстеп берем жылқыны», «Көктем бояулары» т.б. өлеңдер арқылы түстерді үйретеді. Түстердің қолдану аясын, мағынасын ашуда ақынның жан-жақты ізденістері байқалады.

Қып-қызыл ғой даладағы қызғалдақ,
Қып-қызыл боп жүрем менде ызғарда.
Биылғы жыл қоңыр күзде қоп-қоңыр
Қозыларға кенет толып кетті өңір [7; 17].

Өлеңнің төрт тармағында екі түс бейнеленгенімен, төрт түрлі мағына үстейді. Әуелгі тармақта қызғалдақтың қызыл өңін берсе, екінші тармақтағы қайталауда адамның суық сорған шақтағы өң-келбетін тап басып сипаттайды. Үшінші тармақтағы қоңыр күз жапырақ жауып, қоңыр өңге боялған дала бейнесін көрсетеді. Ұлттық танымдағы қоңыр Кеңес құрсауында болған уақытта өзгеше сипат алып, «сары күз», «сары алтын» деген сияқты баламалармен ауыса бастағаны мәлім.

Ақынқоңыр күз бейнесімен ұлттық кодты көрсетеді. Сол тармақтағы қайталауда «қоп-қоңыр» күшейткіш буынын пайдалану арқылы бірінші ойдың жетегінен шығып қозыларды сипаттауға ауысады. Ақынның әр түске күшейткіш буынды қосуы, біріншіден, балалардың жаттауына ыңғайлы болса, екінші өлеңнің ырғағын сақтап, мәнерлеп оқығанда бунаққа бөлуді жеңілдетеді.

«Мен түстеп берем жылқыны» өлеңінің табиғаты бөлек. Автор бекерден-бекер жылқыны түстеп отырған жоқ. Қаншама ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс кешкен халықтың лексиконындағы көп сөздер малмен тікелей байланысты екендігі белгілі, оның ішінде көпшілігі жылқы малына қатысты. Бұның негізгі себебі жылқы малын ерекше қастерлеуінде. Жеті қазынаға да өзге жануарларды емес жылқыны қосуының да мәні осында. Сол секілді жылқыны түске бөлуі де өзге жануарлардан бөлек, «жирен», «шабдар», «қылаң» т.б. түс атаулары тек жылқыға қатысты. Өзге жануарларға немесе табиғат суреттеулерінде болсын бұндай түс атаулары айтылмайды. Бұл да біздің лексиконымызға тән ерекшелік. Автор осы ерекшелікті ескер еотырып «Мен түстеп берем жылқыны» деп даралап алған.

Айналып БУЫРЫЛ айғырды,

Момақан ҚҰЛА тай жүрді...

Қасында ЖИРЕН жылқының.

Жусап тұр КҮРЕҢ бір құлын [7; 18].

Баланың бойына ұлттық құндылықтарымызды жастайынан дарытуды мақсат еткендігін Б. Қошым-Ноғай шығармаларының мазмұнынан аңғарамыз. Автордың бала танымын кеңейтуге жазылған өлеңдерінің басым көпшілігінде қазақ тіліне, ұлтқа ғана тән ерекшеліктердің элементтері жиі ұшырасады. Бұдан ақынның ұлтжандылығын байқауымызға болады. Б. Серікбайұлының шығармашылығында бір назар аударатын дүние – ертегі. Тілі оқуға оңай, қабылдауға жеңіл ертегіні ақын өлең жолдарымен жазған. «Анам айтқан ертегі» [7; 104] бөлімінде халық ертегілерінің ізімен жырланған ертегілер мен ақын өз жадынан шығарған ертегілер топтасқан. Ертегілердің оқылуы жеңіл, сюжеттері бір-бірімен үйлесімді байланыс тауып, шымыр құрылған. Бір деммен оқып шығатын қызықты мәтіндер баланы да, үлкенді де еліктіріп әкетеді.

Әдебиетке жанкештілік пен қызмет ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Б. Қошым-Ноғай еңбекқорлығымен талай қаламгерге үлгі екендігі анық. Оның ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен өзінен бұрынғы ақын жазушылардың шығармаларын сұрыптаудағы жанкештілігі, жалпы поэзия мен балалар әдебиетін қатар алып жүрудегі шығармашылық шеберлігі әдебиетте әлде қашан мойындалғанымен, биік мінберлерде әлде болса мойындалған жоқ. Ақынның әдебиеттегі еңбегін Есенбай Дүйсенбайұлы жоғары бағалап эпиграмма жазған:

Көп жасаған данышпандай

Көрінесің кәрі боп тым...

Мыңмен жалғыз алысқанда,

Абайдан да әрі кеттің! [8].

Әдебиетте қолтаңбасын қалдырған ағасынан осындай баға есту Б. Қошым-Ноғайдың еңбегінің қаншалықты деңгейде екендігін көрсетері анық. Алдыңғы буын ағалары мен қатарлас замандастары біртоға мінезі мен еңбекқорлығын сөз етсе, кейінгі буын іні-қарындастары еңбексүйгіштігін үлгі тұтады.

Балалар журналында ұзақ жылдардан бері қызмет атқарған Б. Серікбайұлы қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып келеді. Жоғарыда мысал келтірген кітапшаларынан ақынның заманға тез бейімделіп, заманауи форматқа жылдам көше білетін қабілеттілігі аңғартады. Кешегі дүние бүгін ескірген шақта уақыт ағымына ілесіп ұлттық контентті сапалы ету жолында талмай жұмыс жасап жүрген автордың еңбегін бағалау – әдебиеттанудың міндеті.

Әдебиеттер:

1. Матыжанов К. Рухани уыз: қазақ балалар фольклоры. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 228 б.
2. Бәсіре. 2-кітап: жас жеткіншектерге арналған сөзтаным кітабы /Құраст. – Байбота Қошым-Ноғай. – Алматы: Эксклюзив ҚА, 2015. – 542 б.
3. Well-Known Expressions. For want of a nail the kingdom was los thttps://www.bookbrowse.com/expressions/detail/index.cfm/expression_number/558/for-want-of-a-nail-the-kingdom-was-lost
4. Robert M. Williamson Strategic Work Systems, Inc. Columbus, 2008. – P.3.
5. Қошым-Ноғай Б. Балаларға арналған аударма өлеңдер, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, ертегілер. – Алматы: «Керемет медиа», 2018. – 288 б.
6. Қошым-Ноғай Б. Әліппе. Асыл кітап. – 2019. – 112 б.
7. Қошым-Ноғай Б. Жан-жануарлар мен құстар. Асыл кітап. – 2021. – 112
8. Қошым-Ноғай Б. Таңғажайып түс. Өлеңдер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер. – Ал маты: Жазушы. – 2003. – 160 б.
9. Дүйсенов Е. Эпиграммалар. Қаламгер сайты: 2021. https://qalamger.kz/literature/poeziya/esenbaj-d-jsenbaevty-epigrammalary/746?fbclid=IwAR2LO0q2D_HVPMNBKfzeTShSvv4nuvrYKA-7CXy2I6CFO_z3MICcRXtOKYU

ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ (1955 жылы туған)

Толымбек Әбдірайым 1955 жылы 12 қыркүйекте Семей облысының Аягөз қаласында туған. 1972 жылы №2 қазақ орта мектебін (қазіргі Дулат Бабатайұлы атындағы) бітірген соң, Аягөз автомобиль жөндеу зауытында, Б. Майлин ауылдық кеңесінде, Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде, Талғар аудандық «Алатау жұлдызы», Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, Көкшетау телерадио комитеттерінде еңбек еткен. «Қазақ әдебиеті» газетінің Астанадағы меншікті тілшісі болып қызмет істеген. 1991 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған. 2006 жылдан бастап ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Жас өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Астанадағы өкілі [1].

Ұлттық әдебиетке сіңірген еңбегі үшін бірнеше Құрмет грамотасымен, Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталған.

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Толымбек Әбдірайым. Алғашқы әңгімелері мен очерктері 1970 жылдан бастап газет-журналдарда жарияланып келеді. 1988 жылы «Елегізу» атты әңгімесі «Арман қанатында» жинағына енген. Жазушының балаларға арналған «Еркешора», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Аю құлак», «Мақтаншақ сары сағат», «Ине мен жіп», «Дария шабыт», «Меңді қыз», «Жалқаулыққа кім үйір?» әңгіме, ертегі, повестер жинақтары бар. Аталған кітаптардың ішінде «Еркешора», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Аққоянның үйшігі», «Жалқаулыққа кім үйір?», «Алабұға аулаған күн», «Летят журавли», «Дала әуені» кітаптары мемлекеттік тапсырыспен жарық көріп, еліміздегі негізгі кітапханаларға таратылған.

Бастауыш сынып оқушыларының басынан өткен шағын оқиғаларға құрылған «Бағың нұрлансын, балам!», «Ұқыпты Үсен», «Ұлжанның жеңгесі», «Бір үзім нан», «Көкіректегі көз», «Ақ кептер» мөлтек әңгімелерінің оқырманға берер танымдық-тәрбиелік қызметі мол.

«Бағың нұрлансын, балам!» әңгімесінде ауылдан қалаға қоныс аударған Әбуталап қарияның кішкентай Асхатты үлкендермен қалай амандасуға ерінбей-жалықпай бес рет қайталап үйреткеніне куә боламыз. «Арада үш күн өтті. Әбуталап ақсақал есік алдында отырған. Әкесіне еріп есік алдына шыққан Асхат қарияны көре сала:

– Ассалаумағалейкум, ата! – деді жүгіріп келіп.

– Айналайын, үлкен жігіт бол! – деді ата риза пейілмен.

– Сіз туралы естігем, – деді Асхаттың әкесі. – Сыртыңыздан жақсы білеміз.

Өзім де танысайын деп жүр едім.

– Оқасы жоқ шырағым! Танысын, танымасын, жасы кіші адамдардың, оның ішінде балалардың үлкен кісіге сәлем беруі – адамгершілік! Изет – ілтипат! Осыны естерінде ұстандар! Ал, Асхат құлыншақ, қолыңды жай, бата берейін!» [2].

Өзінің ізеттілігінің арқасында ақсақалдан бата алған Асхат сол күннен бастап үлкен кісілерді көрсе сәлемдесіп жүретін болды. Әңгіменің тәрбиелік мәні үлкен. Ұттық тәрбиеден алшақтап бара жатқан қала балаларының бойына ұлттық

құндылықтарды сіңіре білген Әбуталап ақсақал Асхат арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеп отыр.

«Ұқыпты Үсен» әңгімесі ата-әжесінің бауырында өскен ұқыпты бала Үсен туралы. «Адамның сөзі де, іс-қимылы да, киген киімі де өзіне қонымды һәм жинақы болғаны ләзім! Тазалық пен ширақтық кісі көркі», – дейтін атасы секілді, ол – ылғи киімі тап-таза, мұнтаздай болып жүретін бала. Үсен автобус аялдмасындағы темекінің тұқылын өшірмей шөп арасына лақтырған ағаларға ескерту айтып, оларды тәртіпке шақырады. Себебі, Үсен – атасы сияқты таза, жинақы бала.

«Ұлжанның жеңгесі» әңгімесінде орыс сыныбында оқығаны үшін Тәуелсіздік мерекесіне қатысып, тақпақ айта алмайтынына ренжіген Ұлжан әкесіне айтып қазақ сыныбына ауысады. Құрбылары Тұрсынқұл мен Ләзиза сияқты ақын Өтепберген Ақыпбекұлының «Тәуелсіздік – Бақ туы» деген өлеңін жаттап, Тәуелсіздік күніне арналған мерекеге қатысты. Тақпақ айту кезегі үшінші сынып оқушысы Ұлжанға келгенде, жүзі бал-бұл жайнаған сүйкімді сары қыз мүдірместен: «Тәуелсіздік – Бақ – Туын. Қолға ұстаған сәт бүгін», – деп тақылдай жөнелді. Ана тілінің қадір-қасиетін білген Ұлжан өзінің қайсарлығымен, бірбеткейлігімен ана тілінде таза сөйлеу үшін қазақ сыныбына ауысты. Оның бұл ісі өзге де құрбыларына үлгі-өнеге болса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Бір үзім нан» әңгімесінде Ғаббас қария Нұржанға бір үзім нанның қадір-қасиеті туралы айтады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өз басынан өткен қиыншылықтар олардың балалық шағын соғыс ұрлағанын көрсетсе, «Көкіректегі көз» Ержігіттің сауалдарымен өрбиді. Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» өлеңіндегі «Көкірегінде болсын көз» дегенді түсінбеген қара бала ол туралы атасына сауал қояды:

«– Біз білетін көз екеу емес пе?

– Дұрыс айтасың, балам! Ол адамның мынау жарық дүниені көрер көзі, яғни қос жанары. Сол сияқты, көкіректе де көз болады. Көкіректегі көз оқуға, білімге ұмтылған адам баласына тән сипат. Мәселен, сенің хакім Абай бабамыздың өлең шумақтарын ұғынуға талаптанғаныңның өзі көкірегіңнің ояулығын, сергектігін сездіреді. Білім бұлағы – кітапта! Жақсы кітап адам жанын тазартады, санасына сәуле түсіреді. Сол үшін кітапты көп оқыған ләзім. Оқып қана қоймай, ондағы жауһар ойларды ойға тоқу керек» [2].

«Ақ кептер» әңгімесінде Ақмарал мен анасы қанаты сынған кептерді жан-жануарларды емдейтін дәрігерлік клиникаға апарып емдетіп, қанаты жазылғанша қолда ұстап, кейін ұшырып жібереді. Бейбітшілік құсының жазылуына, қатарға қосылуына көмектескен қызына атасы батасын береді: «Ақ кептер бейбітшілік құсы ғой! Оның жазылуына, қатарға қосылуына сенің еткен еңбегің зор! Күні ертең сен де бой жетесің, жоғары оқу орнын бітіріп, қалаған мамандығыңды аласың! Еліміздің елеулі адамы боласың! Тәңірі алдыңнан жарылқасын! Бақытты бол!». Қазақта «батамен ел көгерер» деген нақыл сөз бар. Кептерге жасаған қамқорлығы үшін атасынан бата алып отырған Ақмаралдың да болашағы жарқын болмақ. Әңгімені оқыған балалар да қолдарынан келгенше жақсылық жасайтын, Ақмарал сияқты үлкендерден бата алатын болады.

Жазушы әңгімелері туралы әдебиеттанушы, балалар жазушысы Н. Ақыш: «Жас оқырманға керегі оқиға болса, Т. Әбдірайымның әр әңгімесі сюжетті, қызықты штрихтармен оны қоюлатып отыруды да ұмытпайды» [3], – деген болатын. Ғалымның осы пікірін жоғарыда сөз болған мөлтек әңгімелердің қызықты эпизодтарынан көруге болады.

«Әбестік» әңгімесінде қалаға сапарлап кеткен ағасы Олжастың асықтарын балаларға ұттырып алған Жандостың оқиғасына кезіземіз. Өзінен үлкен балалармен ойнаймын деп, екі құлжа, екі жүзге тарта асықтарын алдырған ол ағасы келген соң таяқ жейді. Жандостың жандауысы шығып жылап жатқанын көрген ақ мысық оған жаны ашып қасына келіп, Олжасқа бір, атасына бір қарап олардан көмек сұрағандай болады. Мұны көрген: «Балам, Олжас! Бұның не? Сенде ана ақ мысықтай да ақыл жоқ екен! Қарашы, мысық екеш мысық та, Жандосқа жаны ашып, араша түсіп жатыр. Асыққа бола өзіңнен жеті жас кіші ініңе қол көтеруің дұрыс па? – деді атасы кейіп» [4].

Атасынан мұндай уәжді күтпеген Олжас ақ мысықтың жанашырлығына қайран қалды. Өзінің ашу үстінде әбестік жасап, асыққа бола кішкентай інісіне қол көтергенін кеш түсінді.

Қаламгердің қазіргі балалар әдебиеті туралы: «Балалар көп нәрсені білгісі келеді, соған орай қоятын сауалдары да сан алуан. Олардың сергектігі, білсем, оқысам, үйренсем деген талаптарына риза болдым. Өкінішке қарай, оқушылардың басым көпшілігі, балалар әдебиетіне белсенді ат салысып жүрген қазақ ақын-жазушыларын жақсы білмейді» [5], – деген пікірінен кішкентай оқырмандардың жай-күйі аңғарылады.

Осындай оқырмандардың қатарында «Өтірік өрге баса ма?» әңгімесінің кейіпкерлері Әсел мен Асқар бар. Бастауыш сынып оқушылары ата-анасының ынталандыруымен бестікке оқыса сыйлық алып дәндеп қалған. Екілік алған Асқар көрші тәтенің айтуымен сол бетті жыртып тастайды да, ата-анасынан қалаған сыйлығын алады. Бір күні Әсел мен Асқар керісіп қалып, әпкесі інісінің қулығын анасына жайып салады. Балалардың:

«– Анадағы алдағаныңды айтып қояйын ба? – деді.

– Осыдан айтып көр.

– Қорқытпа!

– Қорқытпаймын...

– Айтам... Қазір айтам...» [6; 73] – деген диалогынан олардың болмыс-бітімі көрініп тұр. Қазақта «Балалы үйде ұрлық жатпайды» деген мақал бар. Себебі, балалар өтірік айта алмайды, айтқанның өзінде көп ұзамай өтіріктерін осылай ашып қояды. Бұл – қулық-сұмдықтан таза, алдау-арбауды білмейтін бала психологиясы.

«Алабұға аулаған күн» жинағындағы ертегілер мен мысалдардың да айтар тағылымы мол. Жас өркен жан дүниесіне әсер етерлік әңгімелердің оқиғасы қызықты, балаға тән іс-әрекеттерімен оқырманын баурайды. «Жоғалған сөмке» әңгімесіне стадионда қалып кеткен Жанәлінің сумкасын итінің алып келуі негіз болса, «Тарқаған өкпе» Алданның Сәруарға деген достығы, бауырмалдығы негіз болған. Сәруарға ренжіп қалғанмен, ол ауруханаға түскенде артынан іздеп баруы – Алданның азаматтығы.

«Алабұға аулаған күн» әңгімесіне ауылдың қара сирақ балаларының отыз шақты май шабақ пен бір алабұға ұстап қайтқаны арқау болған. Ағысқа қарсы жүзетін балықтардың біреуі, үш литрлік шыны бәндідегі ашыған көженің қалдығы күрішті жеймін деп қақпанға түскенін «балалар білді ме, білмеді ме, ол жағында балалардың шаруасы қанша, әйтеуір балық жейтіндеріне мәз» [7; 230].

«Ойыннан шыққан от» әңгімесінде қой бағып жүрген Айбол мен Нұрбол түлкі ініне от қойып жүргенде, «Таң» шаруа қожалығының қарамағындағы малға жаз

бойы дайындаған бір мая шөбі өртеніп кетеді. Он күннен кейін екеуінің әкелері ауданға барып, соттың шешімімен үш-үштен алты сиыр айыппұл төлеп құтылды. Бұл кезде жетінші сыныптың озат оқушылары ойыннан от шығатынын кеш түсініп еді.

«Бір тал гүл» әңгімесіне әкесінен ерте айырылған мектеп оқушысы Саиданың тіршілігі негіз болған. Мектепте жақсы оқитын баланың анасының араққа салынуы оның ұнжырғасын түсіріп, кедейшілік пен жетімдік қыса түсті. Анасына ішімдік ішпе деп ақыл айтып жүрген қыздың тірлігіне сүйінесін. Тағдыр тауқыметін көтере алмаған жесір келіншектің араққа салынуы – оның жігерсіздігі, әлсіздігі болса, оған ақыл айтып жүрген қызы қайсар, табанды. Анасының ішімдікке салынғанына күйініп, көрген түсін медет тұтып жүргенде, ауладағы арам шөптің ортасына шыққан бір түп гүл оған қуаныш сыйлайды. Оқырман ақылды қыздың қайсарлығына бас иеді.

«Алабұға аулаған күн» жинағына «Тұнжыр» хикаяты мен әңгімелер, ертегілер, мысалдар топтастырылса, «Тағдыр сыйы» жинағынан «Жұдырық», «Оралу» хикаяттарын таба аламыз [8]. «Тұнжыр» хикаятының бас кейіпкері Рауан үйінен кетіп, кезбе атанады. Белгілі балалар жазушысы Толымбек Әбдірайым бесінші сыныптың озат оқушысының үйден қашуының себебіне, түрлі сауалдарға жауап іздейді.

Қай дәуірде де жетімнің тағдыры оңай болмаған. Рауан – өгей шешенің қысастығына көніп, сол үйдің бар шаруасын арқалап жүрген бала. Үй жию, кір жуу, ағаш жарып, от жағу, күл шығару, су тасу, қарындасын жұбату т.б. толып жатқан бейнеттерді арқалай жүріп, сабағы да нашарлап кетті. Әкесі үш айға Ақтауға іссапармен кеткенде, өгей шеше үйді жын-ойнаққа айналдырды. Оны көрген бала үйден безіп, үш ай бойы базар жағалап күн көрді. Машина жуып, мешіт жағалап қайыр сұрап та көрді. Рауанның басынан өткен оқиғалар адам баласынан мейірім, қанағат, ынсап, ар-ұят кеткенін көрсетеді. Тіпті әкесінің баласынан бас тартуы, анасының басқа күйеуге тиіп кетуі – адамзаттың азғындауы.

Оқиға лирикалық шегініс арқылы өрбиді. Ата-әжесінің баласы болып ауылда жүрген Рауан бір күні сотқар Біләлді жамбасқа салып алып ұрғаны бар. Жеңілгеніне ашуланған ол: «Әке-шешен жоқ сенің!» – деп түйеден түскендей етті. Атасынан сұраса, шынымен анасы күйеуге тиіп, әкесі үйленіп кеткенде, бұл кемпір-шалдың қолында қалған. Атасы мен әжесі қайтыс болған соң, амал жоқ, әкесі Радоллаға еріп Елордаға кеткен. Бірақ өгей шешенің өтірігі мен жаласына шыдамай үйден қашып үш ай жазғы каникулды базар жағалап, арба итеріп күн көреді. Күзде сабақ басталғанда сынып жетекшісі Жанар апайының іздестіруімен табылған баланы әкесінің ағасы Жақсыбай көкесі өзімен алып кетеді. Жазушы Рауанның жағдайын, ішкі күйзелісін оның түсімен, салған суретімен аша түскен. Оның салған суреті туралы психологтың: «Әке-шешесінен мейірім көрмеген балалар қоңыр, қара түстерге әуес. Өгей шешесінен ұрыс естіп, таяқ жегенге ұқсайды. Бірге болғанмен әкесінің мейірімі кем. Рауанның айтысына қарағанда, ол әкесін сирек көреді. Яғни, әке мен баланың арасында байланыс үзілген, суықтық орнаған. Он екі жастағы баланың көкірегі шерге толы. Көзінде «неге бұлай?» деген сауал бар. Кішкентайынан бауыр басқан атасы мен әжесін сағынады... Өгей шешенің ұрып-соғуынан зәтте болған бала үйге қайтқысы жоқ» [7; 43], – деген пікірі айна қатесіз еді.

Автор Ақтамберді досының «Асыл дініміз – Ислам жайлы ұстазымыздың әңгімесі көп нәрсеге көзімді ашты!.. Еһ-һ, Рауан, Рауан! Біздің білмейтініміз көп қой!» деген сөзімен адасқан жастарды ислам дінімен жолға салуға болатынын меңзеген.

«Жұдырық» хикаяты балалардың атасы Тәкеннің бастан кешкен оқиғасымен өрбиді. Мәдениет төңкерісінде ұлы көсем Мао идеясына қарсы шығып, қудалауға түсіп 1962–1976 жылдар аралығында Шанхай түрмесінде отырған Тәкен басынан кешкен азаптарын өмірден өтерінде немерелеріне айтып береді. Түрме азабы, түрмеден қашқаны үшін Тәкен мен Қажығұмар Шабданұлы екеуінің жазалануын естіген немерелері аталарының басынан өткендерін естігенде жағаларын ұстайды. Мао өлгеннен кейін Тәкен Қазақстанның Аягөз ауданы, Тарбағатай кеңшарында тұратын әйелі мен бала-шағасын іздеп Қазақстанға өтеді. Оның сым темірлердің астынан өтіп, шекара күзетшілерінің қырағы көзіне ілінбей, туған жерге жетуі оңай болған жоқ. Жиырма жыл дегенде отбасына әрең қосылған оның тағдыр-тауқыметі – қазақтың қасіреті еді. Тәкеннің басынан өткерген қасіретті өмірі оның бала-шағасына ғана емес, күллі оқырманға ой салары анық. Ашаршылық тұсында арғы бетке өткен қазақтың Қытай еліндегі тағдыры адам шошырлық болғанын түрмедегі қазақтардың басынан кешкен оқиғалар растайды. Аяғы ауыр келіншекке жаза қолдану, дүре соғу – күнделікті жазалаулардың бірі ғана. Өскелең ұрпақ ел мен жердің қадір-қасиетін, тәуелсіздіктің қадірін осындай оқиғалардан түсінеді, ұғынады.

«Оралу» хикаятының бас кейіпкері – мектептің озат оқушысы Мейірбек. Он үш жасар Мейірбек үлкендермен бірге кеңшардың үш отар қойын үш жүз шақырым жердегі Семей қаласындағы ет комбинатына айдасып барады. Баланың жаздың аптап ыстығындағы бұл еңбегін кеңшар басшылығы жоғары бағалап, кетерінде бір қой берген. Қойлары семіз шыққаны үшін берешегі және бар. Ата-ана үшін баласының қолғанат болғанынан артық не бар?

Институт бітірген әпкесін Алматы облысы, Шелек ауданы, Тескенсу деген ауылға жұмысқа жібергенде, ол қасына інісін серік етіп ала кетеді. Мейірбек жаңа мектепке тез сіңісіп, жаңа достар тауып, газетке мақаласы шығып, сынып пен мектеп ішінде абыройы асқақтайды. Сегізінші сынып оқитын бала көзімен салыстыра суреттелген жердің ерекшелігі шынайы бейнеленген. Оның ауылында мойыл, қарақат, қызылқат, таңқурай қалың өссе, бұл жерде алма, жүгері, темекі өседі. Жерге топ-топ етіп түсіп жататын алмаларды тайынша-торпақтар жеп жатады.

Аяғын баса алмай ауруханаға түскен әпкесін туған жері Ақтасқа алып келіп, таудың тасымен аяғын он күн булағанда құлантаза жазылып шыға келеді. Мұның өзі туған жердің тасы да қымбат екенін көрсетеді. Хикаят соңында сегізіншіні бітіріп ауылға келе жатқан бала көзімен суреттелген туған жердің табиғаты мен құдіретіне сөз жетпейді. Оны мына жолдар растайды:

«Ай-хой, туған жер! Перзентің жетті асығып! Аш қойныңды айқара! Сағынды ғой сарғайып! Қазір ол былтырғы бозөкпе бала емес. Шет пұшпақтап болса да, өмірдің көлеңкесі мен күнгейін көрді, кермек дәмін татты, бойымен бірге ойы да өскендей.

Ақ сары бала үкідей ұшып келеді» [8; 192].

Мейірбектің бір жылда басынан кешкен оқиғалары оның қиындыққа мойымай күресе білетін қайсар жігіт болып өсіп келе жатқанын көрсетеді. Сабақ үлгерімі жақсы баланың алғашқы мақаласы жетінші сыныпта газетке шыққанынан оның болашақта шығармашылық иесі болатыны байқалады.

Жазушының келесі жанрдағы шығармалары – ертегі. «Мақтаншақ сары сағат», «Аққайыңның ақылы», «Алданған бай», «Кітап мұңы», «Шөптің қателігі», «Аюқұлақ», «Жақсылыққа – жақсылық», «Адал сауда», «Ине мен жіп», «Дәптер мен әліппе», «Жалқаулыққа кім үйір», «Тарғыл мысық», «Бақыт деген не?», «Сабыр түбі – сары алтын» ертегілерінің тәрбиелік мәнін баса айтқан жөн. Шағын сюжетке құрылған ертегілердің әрқайсысының өзіндік айтары бар.

«Мақтаншақ сары сағат» ертегісінде қабырғаға ілетін сабырлы, ақылды, қарапайым қоңыр сағат пен қоңырауы бар мақтаншақ сары сағаттың қызығына кезігіміз. Он жылдан бері өз қызметін атқарып тұрған қабырғадағы сағатқа өзінің жетістіктерін айтып мақтанып жүрген жаңа сағат бір күні шифонерден құлап мертiгіп қалады. Зауыттан ақауы болғандықтан жөндеуге келмегендіктен, Саматтың ойыншығына айналады. Диванның астына, қараңғы қапасақ таңертең Самат лақтырып жіберген болатын. Ол сол күні кешке дейін «Қоңыр сағат-т!.. Бауы-рым-м!.. Жалынам саған-н!.. Қатыгез болмашы... Құтқаршы мынау қапастан... Жақсылығыңды ұмытпаспын өле-өлгенше!..» [7; 5] – деп жағы сембей, дауысы қарлыққанша сарнай берді, сарнай берді. Екі сағаттың мінезін салыстыра отырып мақтаншақ сары сағатты мінейді. Ол жаңалығына мақтанып мұрнын шүйіргенмен, зауыттан шыққан ақаулығымен қолданудан шығып қалады. Ал сабырлы қоңыр сағат он жылдан бері тоқтаусыз қызмет етіп келеді. Мұны оқыған балалар артық мақтанудың орынсыз екенін түсінеді.

«Аққайыңның ақылы» ертегісінде арпа, бидай, сұлы, жүгерінің оқиғасына аққайыңның төрелігі негіз болған. Жүгерінің ұзын бойын көре алмай, оған қойған суды арпа түнде далаға бұрып жібереді. Оны көрген аққайың арпаға ақыл айтады. Арпа өз қылығына ұялады. Сол жылы егін бітік шықты. Майлы, жұғымды, сіңімді жүгері жеген сиырлар сүт бұлағын ағызды. Шаруашылықтың тасы өрге домалап, мал тез қонданып, адамдар еңбектерінің зейнетіне бөленді. Жазушы арпаның іштарлығын балаларға ашық көрсетіп отыр. Ол қиянат жасағанмен жүгері алқабы күн санап жайнай түсті.

«Алданған бай» ертегісіне ескі замандағы Ерқара байдың күйші жігітке алданғаны арқау болса, «Кітап мұңы» екі әліппенің мұңына құрылған. Жаңғалақ, алаңғасар Асқардың әліппесі түте-түтесі шықса, ұқыпты, тәртіпті Жұмабектің әліппесі тап-тұйнақтай. Асқардың алдында оны бұзақы Айбол ұстаған болса, Жұмабектің ағасы Жұмажан да бұл кітапты ұқыпты ұстаған еді.

«Жұмабек пен Жұмажан кітап қадірін жақсы біледі. Себебі, кітап – білім бұлағы! Рухани нәр – азық!

- Уәжің орынды! Оны Асқар сияқты балалар түсіне ме?
- Миына күйю керек!
- Асқармен сөйлесіп көрсенші!
- Сөйлесейін...

Қос әліппе қол алысты» [7; 13].

Асқардың әліппесінің мұңынан балалар кітаптарды ұқыпты, таза ұстау керектігін түсінеді.

«Шөптің қателігі» ерте көктемде үздіксіз жауған жаңбырға шөп қатты ренжіп, селдете бермеуін талап еткен болатын. Жаз шыға күн ысып желек біткенде бір тамшы жаңбырға зар болды. Адамдар тасаттық берген соң, ертеңіне селдете жаңбыр жауады. Шөп табиғат аясындағы аспан, ай, күн, жел, өсімдік, қар, жаңбыр тағы басқа

он сегіз мың ғаламдағы жаратылыстың, бірінің-бірінсіз өмір сүре алмайтындығын түсінді. Өз қателігін түсінген шөп жаңбырдан кешірім сұрады. Шөптің тәкаппарлығын көрген балалар көркем мінезді болу керектігін түсінеді.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларын балалардың жас ерекшелігіне қарай үш топқа бөлуге болады. Біріншісі – мектеп жасына дейінгі балалар, екіншісі – бастауыш сынып оқушылары, үшіншісі – орта сынып оқушылары. Шығармаларының кейіпкерлері де осы үш топтың өкілдері. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мөлтек әңгімелер мен ертегілерде табиғат құпияларына кезіксек, бастауыш сынып оқушыларына арналған шығармалардың дені адамның жақсы-жаман мінезіне қатысты болып келеді. Үшінші топтағы хикаяттардың кейіпкерлері өз басынан өткен оқиғаларға қатыса жүріп, өмір туралы ой түйеді, еңбекқор, қайсар болып өседі. Өздері сол қоғамның ащысы мен тұщысын тата жүріп, өседі, есейеді. Осы қатарда «Тұнжыр» хикаятының бас кейіпкері Рауан мен «Бір тал гүл» әңгімесіндегі Саиданың басынан өткерген қасіретті оқиғаларды атауға болады. Балаларға арналған шығармаларда автор «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Оқығанның алды жарық, оқымағанның беті көн шарық» деген халық даналығын алға тартады.

Әдебиеттер:

1. Толымбек Әбдірайым // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/770>
2. Толымбек Әбдірайым. Балаларға арналған мөлтек әңгімелер // <http://www.madeniportal.kz/article/387>
3. Ақыш Н. Тәуелсіздік жылдарындағы балалар әдебиетінің көркемдік деңгейі // Қазақ әдебиеті. – 15 маусым, – 2018.
4. Әбдірайым Т. Әбестік // <https://bilim-all.kz/article/12935-Abestik>
5. Сейілова А. Балалар әдебиеті мемлекеттік қолдауға зәру // Егемен Қазақстан. – 11 қараша, – 2020.
6. Әбдірайым Т. Жалқаулыққа кім үйір? Ертегілер мен әңгімелер. – Алматы: «БАУР» баспасы, 2008. – 228 б.
7. Әбдірайым Т. Алабұға аулаған күн. Хикаяттар, әңгімелер, ертегілер, мысалдар. – Алматы: «Балалар әдебиеті», 2012. – 256 б. <https://adebiportal.kz/>
8. Әбдірайым Т. Тағдыр сыйы. Әңгімелер, хикаяттар, эсселер. – ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. – 304 б.

СӘБИТ ДҮЙСЕНБИЕВ (1959 жылы туған)

Сәбит Дүйсенбиев 1959 жылы 16 тамызда Түркістан облысы, Түлкібас ауданының Шақпақ Баба ауылында туған. 1981 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң, еңбек жолын «Жалын» баспасында редакторлықтан бастады. Баспасөзде біраз еңбек етіп, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, «Денсаулық» журналында бөлім меңгерушісі, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Заман-Қазақстан», «Түркістан» газеттерінде тілші, Қазақстан Жазушылар одағының аппаратында әдеби кеңесші қызметтерін атқарды. 1989 жылы «Арал және балалар» циклді мақалалары үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды [1].

Жазушының балалар мен жасөспірімдерге арналған «Тәтті алма», «Қақпашы», «Мен ғашық емеспін» әңгімелері мен повестері – оқырманның сүйіп оқитын шығармаларына айналды. 1991 жылы орыс тілінде «Сладкое яблоко» әңгімелер мен повестер жинағы жарық көрді. Жазушының таңдаулы әңгімелері Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан жарық көрген «Независимый Казахстан: антология современной литературы» атты үш томдыққа, Түркияда жарық көрген «Хүзүн Кушағы» («Сырлас буын») атты жинақтарға енген.

Бірсыпыра әңгімелері түрік, орыс, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылып, «Махаббат миниатюралары» бойынша жасалған инсценировкасы 2007 жылдан бері Астана Жастар театрының сахнасында қойылып келеді. Қазақ көркем аудармасына үлес қосып, Х.Андерсеннің «Ең әдемі ертегілер» жинағы мен орыс, ұйғыр, армян, түрікмен жазушыларының әңгімелерін қазақ тіліне тәржімалады.

* * *

Ұлттық әдебиетке өз ізін салып, балалар мен жасөспірімдерге арнап шығармалар жазып жүрген жазушының бірі – Сәбит Дүйсенбиев. Ол – балалар мен жасөспірімдер сүйіп оқитын «Тәтті алма», «Қақпашы», «Сладкое яблоко» повестер мен әңгімелер жинақтарының және жастардың жүрегіне жол тапқан лирикалық «Мен ғашық емеспін» кітабының авторы. Оның «Күшіктерді құтқару құпиясы» әңгімесі дәстүрлі «Дарабоз» бәйгесін, «Алматының апорты» ертегісі – Қазақмыстың «Балауса» байқауының үшінші жүлдесін жеңіп алған туындылар. 1989 жылы «Жас жазушылардың Бүкілодақтық ІХ кеңесінің қорытындысында КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Анатолий Алексин: «Детским писателем надо родиться. Среди таких настоящих писателей я бы назвал Сабита Дуйсенбиева из Казахстана», – деген болатын [2]. Айтса айтқандай, ол балалар жазушысы болып туғанын шағын шығармаларымен дәлелдеп келеді.

Жазушының балалар мен жасөспірімдер әдебиетін толықтыратын шығармаларының қатарында «Жеңге», «Тәтті алма», «Велосипед», «Жетімнің тағдыры», «Оның аты – дос», «Ана мейірі», «Қақпашы», «Аптап», «Алдан, Ақтос және үш жетім лақ», «Қарлығаштың ұясы», «Шыршаның көз жасы», «Асық зауыт», «Қызық жұмыс», «Тиіндердің сабағы», «Бақташы ит», «Құндыздың сынсуы», «Қораздан қорыққан Қобыланды» әңгімелері мен «Алматының апорты», «Күз неге ашуланды?» ертегілерін атауға болады. «Жеңге» әңгімесіндегі жеңгем болады деп үміттеніп жүрген сыныптасы Гүлшаттың әпкесі Гүлмираны Қапанның ағасы алып, өз ағасы

басқа келін алып келетіні – аңғал да аңқау баланың бейнесін танытатын оқиғалар. Оның ағасы қаладан алып келген тортты «Жартысын ертең жегенде де болатын еді. Бірақ мен тал түске дейін ұйықтап жатқанда, тракторист Қадырдың балалары жеп кетер» деген оймен жалғыз өзі тауыса жеп алатыны еріксіз күлкі үйірсе, шөп тиеген тракторда келе жатып Гүлмираға басын қойып ағыл-тегіл жылап алатыны – апасы ауырып жатқан баланың жабырқау көңіл күйінің көрінісі.

«Тәтті алма» әңгімесі «Білесіздер ме, біздің ауыл барлық ауылдан жақсы, барлық ауылдан әдемі. Біздің ауылда Аққыз әжейдің тәтті алмасы бар. Ол – дүниежүзіндегі ең тәтті алма. Шын айтам» деген жолдармен басталып, осы сөйлемдермен аяқталады. Мұның өзі – ауыл балаларының бойындағы туған жерге деген үлкен құрметі мен сүйіспеншілігін байқататын көркемдік деталь. Оқиғаға қатысатын жеткіншектердің әрбір қимылы мен ойлаған ойлары, сөйлеген сөздері шынайылығымен өзіне баурай отырып еріксіз күлкі үйіреді. Балалардың, «ит қорыған жерге өш» дегендей, өз үйінде жерге төгіліп жатқан алманы жемей, Аққыз әжейдің алмасын ұрлап жейтіні – бәріміздің дерлік балалық шақта басымыздан өткізген шындығымыздың көрінісі. «Тәтті алма» тұңғыш жинағы шыққан кезде, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұзафар Әлімбаев «Тәтті алманың» тәтті әсері...» деген рецензиясында: «Повестің аты да өзіне лайықты, бас кейіпкердің көңіл күйіне сәйкес «Суық жаңбыр». Жан-жүректі де мұздатқан жаңбыр. Шыншыл шығарма шап-шағын, шып-шымыр. Оқиға тартымды, сюжет сыршыл, түзілім – композиция берік. Бостекі, басы артық детальдар жоқтың қасы. Жас жігіттің тырнақалдысы бола тұра, қолына жарты ғасырдай қалам ұстаған кәрі дөңге – мені әлгі повесть өзінің нәзік сыршылдығымен, ғибраттылығымен, қарапайым баланың сүйкімділігімен баурады», – деген болатын [3]. Алғашқы туындысын балалар ақыны жоғары бағалаған жазушының кейінгі туындыларының барлығы дерлік жоғары талапқа сай жазылды.

«Қазақстан пионері» газетіне «Менің Қазақстаным» деген өлеңі шыққан балаға деген ауыл адамдарының, мұғалімдерінің қошеметі де болашақ ақын болуды армандайтын жеткіншектерге жеткілікті деңгейде әсер етсе, өлеңі шыққан күні сыныптастарының алдында масқара етпей, алма ұрлағанын кешіре салған Аққыз әжейге деген кейіпкеріміздің алғысы шексіз.

Сондай-ақ «Ой бүгін қуанышты күн десе, қуанышты күн. Адамбектерді қатырып тұрып жеңдік қой. Бір өзім үш доп соқтым. Жалпы есеп: 5: 2. Адамбек қызып кетіп, төбелес шығара бастап еді, жақсы болды, әкесі шақырып алды» [4; 146] деген жолдар – ойынға тоймайтын ауыл балаларының өмірінің шынайы көрінісі.

«Оның аты – дос» әңгімесіндегі Сағит, Қапан, Ұлық, Тұңғыш сынды кейіпкерлердің қылықтары да қызғылықты. Сабаққа келгенде бәрінен мықты Қикар тәртібінің нашарлығы да қызықты баяндалады. Интернатта жатқан сыныптастарына күн бермейтін Қикардың: «Сандыбаевтың ойлайтыны – тек адамға қиянат жасау. Осы бетімен кете бермеу үшін оның ата-анасын шақырту керек», – дегенде еңіреп қоя беруі нанымды бейнеленген. Еденді жумай, елмен алысып-жұлысып жүретін Қикардың ата-анасына хабар беру керек деген сөзден кейін мүлдем өзгеріп сала беруі көңілге қонымды. Қикарда әжесінен басқа ешкім жоқ, сондықтан ол балаңның тәртібі нашар деген сөзді әжесіне естіртпеу керек. Тұңғыш та суға кетіп қала жаздағанда алдымен өзінің сүйікті әжесін есіне алуы тегін емес. Ендеше, әжелердің балалары да тәртіпті болып, өзгеге өнеге көрсету керек деген ұғым оларда ертерек

қалыптасады. Басы піспейтін Қиқар мен Тұңғыштың басын қосқан да сол әжелер туралы әңгімелері еді. «Ауылының балаларынан сұрасам, оның шын аты Дос екен. Мен бұдан былай оны шын атымен атайтын болдым», – деп, Тұңғыш атынан бірінші жақтан баяндалған әңгіме оқырманын өзіне баурап отырады, себебі ондағы оқиғалар да, кейіпкерлер де өмірден алынған шынайылығымен бағалы.

«Велосипед» әңгімесіндегі оқиға бұдан да қызғылықты оқылады, онда да атасы мен әжесінің бауырында өскен қиқар кейіпкермен кездесеміз. Мұндай кейіпкерлердің бәрімізге таныс екені белгілі, сондықтан жазушы бұл кейіпкерін де типтік бейнеге көтерген деп айтуға болады. Атамның баласымын деп жүрген оған біреулер: «Сен көкеңнің баласысың», – десе, енді біреулер: «Сені туған Дариға жеңешен», – дейді, ал кейбіреулер: «Бекет сенің інің ғой, оны неге ұрасың?» – дейтіні қызық. «Ал мен Бекетті үйге келтіргім келмейді. Өйткені менің көзімше оған: «Осы әкесі екеуі-ақ шашымды ағартты», – деп ұрсатын әжем, мен жоқта айналып-толғанып, қойны-қонышына конфетті толтырып салып беретін көрінеді. Осыны білген соң, реті келсе, оны ұрып, жылатуға тырысамын» дейтін кейіпкеріміз ел не десе, о десін, әжесінің аһ дегенде аузынан түсіп қалғанына сенімді. Сондықтан, ол «Мырза жігіт» деп басынан сипалап, бетінен сүйгісі келетін жеңгесіне бетінен сүйгізбейді. Себебі, ол – әжесінің баласы. Мұның бәрі де өмірден алынған, ешқандай боямасыз жайттар. Кемпір-шалдың бауырында өскен балалардың көпшілігі өз әке-шешесіне осылай қарайтынын күнделікті өмірден көріп, кездесіп жүреміз.

Жазғы демалыста велосипед алмақ болып жұмыс істеуге бел буған оған «Белесебедті біреулерден қарыз сұрасақ та әперейік» деп шешкен кемпір мен шал қасқа қойды сатып, оның ақшасына немересіне велосипед әпереді. Сол сәтті жазушы былай бейнелейді: «Атам қасқа қойдың бас жібін алып қалды. «Не істейді екен жаман жіпті» деп, атамның дүниеқорлығына ашуым келді». Бала көзімен айтылған шындықтың жаны бар. Малдың бас жібін берсе, ырысы бірге кетіп қалады деп сенетін қазақ малын сатқанда оның бас жібін ырым етіп өзіне алып қалатына рас. Оны біздің кейіпкеріміз қайдан білсін? Сондықтан, оған атасы дүниеқоңыз болып көрінуі әбден заңды.

Бәрінен де ағасы ұйықтап жатқанда велосипедін мініп кеткені үшін Беріктің өлердей болып таяқ жегені өкінішті. Қолына түскенді жібере салған қиқар аға інісінің көзін шығара жаздағаны үшін ағасынан өлгенше таяқ жейді. Баласын сабағаны үшін камшының астына алайын деп барған атасы оны таппай орнын сипап қалады. Немерелеріне араша түсіп, балаларына күш көрсететін аталар бәрімізге де таныс. Бұл тұрғыда жазушының әрбір кейіпкерін типтік дәрежеге көтергені байқалады. Таныс кейіпкерлер қатысатын оқиғаның бас-аяғы жинақы, шып-шымыр.

«Ана мейірі» әңгімесіндегі жас баланың көзімен суреттелген оқиғалар тартымды әрі нанымды. Сыныбына келген мектеп директорының қызы Гүлшатқа қарап бой түзейтін кейіпкеріміз күн санап көз алдымызда өсе бастайды. Жазушы бұл әңгімеде мектеп директоры оқушы бойындағы өнерді жоғары бағалайтын азамат ретінде танылса, оның қызы Гүлшат – кішіпейілдік пен бауырмалдықты бойына жинақтаған сүйкімді кейіпкер. Бойы қандай кішкентай болғанмен, оның жүрегі сонша үлкен, жаны нәзік, сезімтал жан еді. «Сенің мамаң қандай сұлу! – деді Гүлшат Мәйна сәл эрегірек ұзағасын Қанатқа сыбырлап. – Осындай мамаң бар сен бақытты екенсің!

Шынында да, Мәйне көзінің алды әжім-әжім болса да, мейірлі жанарларымен-

ақ сұп-сұлу болып, бұларға қызыға қарап тұр еді» [4; 186] деген жолдар ана мейірі оның бетіндегі әжімінде емес, шуақ шашқан көзінде болатындығын растай түседі.

«Аптап» әңгімесіне жазғы демалыста ауыл балларының егістік пен шабындыққа көмек беретіні арқау болған. «Сендер, жүгерілер, білесіңдер ме, біз сендерді аптаптан аман алып қалып едік қой?! Енді біздің қамқоршымыз мұрап шал жоқ. Естисіңдер ме, жоқ, жоқ!» деген жолдар балалар командирінің шілденің ыстығынан егістікті аман алып қаламын деп, өзі өртке оранған мұрап шалдың қайғылы қазасын еске салады.

«Ақи көз мұрап», «қайнаға», «мұрап шал» атанып кеткен шалдың азан шақырып қойған аты Бекмұрат екенін біздің кейіпкерлер кейін білді. Себебі, ауыл келіндерінің қайынаталары мен қайнағаларына ат қойғыштығынан олардың азан шақырып қойған есімдері ұмытылып кететіні – өмір шындығы. Жазушының негізгі жетістігі кейіпкерлерінің осындай ұлттық мінез-құлықтарынан менмұндалайды.

«Қақпашы» әңгімесіндегі «Белбұлақ» ауылындағы балалардың ең сүйікті ойынына айналған футболдың қараңғы түскенше бір басылмайтыны да қызғылықты баяндалған. «Қайрат» мектеп құрамасына бұлардың аула командасынан қақпашы болып іліккен Мәлік сол жарыста «ең үздік қақпашы» деген атақты жеңіп алады. Содан кейін ғана қақпашының еңбегі еленетін болады. Әңгімедегі әке-шешелерінің ашуымен талай пышаққа түскен резеңке доптардың жырым-жырым болып аяқтан-аяққа тимей жүретіні, олардың ашулары басылған соң балаларына жаңа доп алып беретіні, футболға құмарлардың бірі де қақпаға жоламайтыны, үлкендердің әлімжеттік жасап кішкентайларды қақпаға қойып қоятыны да өмірден алынған шынайылық. Бұл әңгіме сонысымен ды қызық. Себебі, бұл – ойынға тоймайтын ауыл балаларының сондай қызғылықты сәттерін арқау еткен шығарма.

«Алдан, ақтөс және үш жетім лақ» әңгімесіне Алдан, ақтөс және жетім лақтардың жетімдік күйі негіз болған. «Аһ дегенде әжесінің аузынан түсіп қалған» дегенге сенетін Алдан, таудай жігіт емес пе, кімнен туғанын білмей не көрініпті. «Алданды тапқан адам сонау үлкен шаһарда. Жалғызілікті. Түсінесіз ғой. Ар жағын ежіктеп жату Алданға да ауыр. Кішкентайынан ата-әжесіне бауыр басқандықтан, Алдан үшін дүние түгел. Ет жақын және басқа жандардың жер басып жүргенін сезінгенде ған сәл-пәл көңілі құлазиды. Сол ет жақын жандардың екіншісінің мұны мүлде іздемейтіні қайран қалдырады» [4; 205] деген жолдар көп сырды аңғартады.

Сағындырып жылына бір келетін әпкесін көргенде оған еркелеп, шолжаңдап қалатын Ақтан атасына айта алмаған мұңын Ақтөске шағады. Ақтөс те үш күшігін құлағалы тұрған там басып қалып ол да жүдеу, ал енесінен тірідей жетім қалған үш лақтың түрі анау – әр саулыққа барып бір соғылады. Осылайша, үш мұңлық бір-біріне мұң шағып жүргенде бір күні ерекше оқиға болады. Алдан далада ойнап жүрсе, Ақтөс үш лақты емізіп тұрады. Ақтөсті жатқан жерінен ары түртіп, бері түртіп тыныштық бермеген ақымақ лақтар бір кезде оның бауырынан емшек іздей бастайды. Онсыз да емшегі жарылардай болып сыздап жүрген ол үш күшігінің несібесін осы жетімектерге береді. Бір қарағанда тосын көрінген оқиғаның айтары үлкен. Ол – баласын жетім еткен адамдардың ит екеш ит құрлы болмағаны. Ақтөстің үш лақты бауырына басып емізіп тұруы екі аяқты адамдарға «Әй, пенделер! Балаларыңды тірі жетім етпендер» деп тұрғандай әсер береді.

Жазушы «Шыршаның көз жасы» әңгімесімен қазіргі замандастарына ой салады. Кішкентай Ақботаның аулада өсіп тұрған шыршаға деген мақаббаты оның

қоршаған ортаға деген сезім-күйлерін көрсетіп тұр. Ал үп-үлкен қыз шыршаға деген аяушылық сезімнен жұрдай еді. Кішкентай бүлдіршіндердің санасына, қабылдауына сай етіп жеңіл тілмен жазылған шағын әңгімеде жазушы Ақбота мен үлкен қызды қарама-қарсы суреттеу арқылы адам баласының бір-біріне ұқсамайтынын көрсеткен. Жаңа жылды қарсы алу үшін өсіп тұрған шыршаны кесіп алу – табиғатқа, қоршаған ортаға адам қолымен жасалған жауыздық.

Әңгіме «Түс көрді. Түсінде дәу қыз бастаған қарақшы топ Медеу шатқалындағы шыршаларды жапырып кесіп жатыр. Ал шыршалар зар жылайды. Жасыл желектерінен жас парлайды. Бәрінің даусы қосылған сәтте бүкіл тау күңіренді... Өне, дәу қыздың айбалтасы тағы да жарқ ете түсті. «Доғарындар!» Ақбота ұйқысынан шошып оянды. Су терге түсіпті.

– Не болды, ботам-ау, түс көрдің бе? – деп, апасы бәйек болып жатыр.

– Түсімде шыршалар жылады, – деді солығын әрең басқан Ақбота. – Апа, бұдан кейін жаңа жылды жасанды шыршамен-ақ қарсы алайықшы» [5; 19] деп аяқталады.

Жазушы ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан түс көру мотивін балаларға арналған шығармаларда да пайдалануға болатындығын көрсеткен. Ақботаның түсіндегі жасыл желектерінен жас парлап жылап тұрған шыршалар – оның өңіндегі кесілген шыршаға деген жанашырлығының ұйқыдағы көрінісі. Жайқалып тұрған шыршаның Жаңа жыл кешін өткізу үшін кесілгеніне жаны жабырқаған Ақбота оны ұмыта алмай қиналады. Сондықтан түсіне еніп тұр. Қаламгерлер мұндай түстерді болашақтан аян беру мақсатында пайдаланатынын ескеретін болсақ, болашақта жаңа жыл кешіне шыршаларды кесу тоқтатылмақ. Авторлық ұстаным алдағы уақытта балалар жасанды шыршаларды пайдаланатын болады дегенге саяды.

Жазушының «Қарлығаштың ұясы» шағын әңгімесінің де өзіндік айтары бар. Қарлығаштың ұясы туралы аңыз-әңгімелерді, ертегілерді оқып өскен балалардың кез келгені қарлығаш деген киелі құстың ұясын бұзуға болмайтынын біледі, түсінеді. Себебі, қарлығаш ұя салған үйге ризық-несібе келеді, молшылық болады деген наным-сенім қалыптасқан. Төле би бабамыз жаугершілік кезінде үйіне қарлығаш ұя салғандықтан үйін жыға алмай, жалғыз үй жұтта қалып қояды. Оны көрген жоңғар әскері бұл кісі тегін адам емес деп, оның өзіне де, үйіне де тиіспейді. Содан кейін Төле биді ел Қарлығаш би деп атап кетеді. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген ертегіден бесіктегі баланы құтқару үшін құйрығының айыр болып қалғаны туралы ертегіні, қарлығаш туралы түрлі аңыздарды қазақтың кез келген баласы біледі. Өздері киелі санайтын кіп кішкентай құсқа әр бала құрметпен қарап, олардың ұясын бұзбайды. Ал аталған әңгімедегі Гүлжамал есімді қызды қарлығаштың ұясын бұзғаны үшін анасы жазалайды. Кішкентай балапандардың ұясын бұзғаны үшін қызын бір апта бойы қасына жатқызбайды. Әңгіме «Ең өкініштісі, қарлығаштар бұдан кейін, қанша күтсе де, Гүлжамалдың үйіне ұя салмады» деп аяқталады. Авторлық ұстаным қарлығаштың ұясын бұзуға болмайды дегенге саяды. Қарлығаштар – қанша ұйымшыл болса, өздеріне жасалған қиянатты кешіре алмайтын нәзік тіршілік иесі. Олар ұйымдаса, бір-біріне көмектесе жүріп тіршілік ететінін оқыған бала да қарлығаштар сияқты жанындағы жандарға қамқор болуды үйренеді. Әңгімені оқыған, тыңдаған балалар кішкентай құстардың тіршілігінен тәлім-тәрбие алып, олардың ұясын бұзуға болмайтынын біліп өседі. Гүлжамалдың үйіне қарлығаштардың ұя салмауы – жазаның ең үлкені. Жазушы

енді олардың үйіне ырыс-несібе келмейді дегенді оқырмандарына айтып отыр. Тәртіпсіздік жасаудың артында осындай үлкен қасреттердің жататыны – өмірден алынған оқиға.

Жазушының «Асық зауыт» әңгімесінен жас баланың психологиясын жазбай тануға болады. Нағашысы алып келген дәу сөмке базарлықтың ішінен шыққан әжесі беріп жіберген қос уыс асық – Ермек үшін ең үлкен сыйлық. Жексенбіні асыға күткен ол бар асығынан көзді ашып-жұмғанша айырылып қалады. Ойынға жиналған балалардың бар асығын арқардың асығынан жасаған Абзалдың сақасы сыпырып алған еді. Ермектің қорғасын құйып жасаған сақасы арқардың сақасының қасында көзге ілікпей, қауқарсыз болып қала берді. Басы салбырап үйге көңілсіз қайтқан ол түнде түс көреді. Түсінде асық зауытынан ақтарылып жатқан асықтарды көріп, таңертең көңілді оянады. Әңгіме «Түс көрді. Түсінде асық шығаратын зауыт ашқан екен дейді. Асық дегенің тау болып үйіліп жатыр. Бұл уыс-уыс қып балаларға үлестіруде. Түстің әсері ме екен, таңертең көңілді оянды» деп аяқталады. Осылайша, жазушы ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан түс көру мотивін тиімді пайдаланып, бала арманының орындалатынынан хабар береді.

Асық – ұлттық ойындардың бірі. Ұлттық құндылықтарға көңіл бөлген авторлық ұстаным – асық зауытын ашу арқылы күллі балаларды асық ойнауға баулу. Жылдамдыққа, ептілікке баулитын бұл ойын түрі қазіргі таңда ауылдың да, қаланың да балаларының арасына кеңінен тараған. Ауыл балаларына қарағанда қала балаларында мүкіндік аз, себебі, қала халқы қой бақпайтындықтан жиі-жиі қой союға мүміндігі бола бермейді. Олардың көпшілігіне ермектің әжесі сияқты ауылдағы апалары сәлемдеме ретінде беріп жатады. Осындай жағдайда олар зауыттан дайын асықтарды сатып алатын болса, бұл ойын түрі де жанданар еді деген авторлық ұстаным балалар қиялынан туғаны анық. Олай болса, автор бала қиялын кейіпкер түсіне араластыру арқылы ұлттық ойынның болашағына сенім білдірген.

Осындай шағын әңгімелердің қатарын «Алматының апорты», «Күз неге ашуланды?» деген ертегілері толықтырады. «Алматының апорты» ертегісіне Алматы қаласы, Медеу шатқалындағы алмалардың әңгімесі негіз болған. Алма бағына туысқандарын көріп қайту үшін апорт алма іздеп келеді. Ол келген бойда өздері шөл қандырған бұлақты іздеп таппайды. Бұлақтың суы тартылған, туысқандарының пішімі өзгерген. Бір кездері ісі мұрын жаратын, қып-қызыл, үлкен-үлкен болып келетін апорт алмалар бүгінде тіптен өзгерген. Ертеректе жабайы алма мен апорт алмасын будандастыру арқылы Медеу деген бағбан ата алматының апортын шығарған болатын. Алматының Медеу шатқалында ғана өсетін апорт алмалар бүгінде бастапқы түрін, дәмін жоғалтуда. Оның себебін тау бөктерінен түскен апорт алма туысқандарына былай түсіндіреді:

«– Кейіннен неге біздің тұқымымыз майдаланып кетті? – деп сұрады біреу.

– Адамдар табиғаттың тыныштығын бұзып, таудың бөктеріне дейін үй салуға көшті. Ауа ластанып, ағаштар ауыра бастады. Сол себепті жемісіміз бірте-бірте майдалана берді. Өмірімізге қауіп төнгеннен кейін, бір топ отбасы таудың басына қарай көшіп кеттік. Қазір сонда тұрып жатырмыз.

Мына әңгімені естіп бәрі мұңайып, бір сәт үнсіз қалды».

Бір кезде адам қолымен жасалған жақсылықтан әлемде жоқ алманың түрі өсіп шықса, ХХІ ғасырда адам қолымен сол алмалар жоғалуда. Адамзат баласы игілікті істер жасағанда ғана жақсылық көбейеді екен. Ал адам қолымен қоршаған ортаның, табиғаттың экологияға ұшырауы өкінішті.

Ертегі апорт алмасын ортаға алған түрлі алмалардың:

«– Міне, апорт алмасы қандай болған! – дейді бәрі де.

– Қалсаңшы, – деп, жалынды оған туысқандары. – Мерейімізді асырып арамызда жүре бер.

– Жоқ, мен қала алмаймын. Қалсам, бір-екі жылдан кейін мына сендер сияқты болып қаламын. Әзірше сақтала тұрайын. Экология түзелгеннен кейін міндетті түрде ораламын, – деді ол» [6; 2] деген диалогымен аяқталады.

Автор алмалардың осы сөзімен қоршаған табиғатты аялау керектігін ұқтырады. Бір кездері баланың басындай болған үлкен, қып-қызыл болып иісі аңқыған апорт алмасы бүгінде жоғалып кеткені рас. Париж, Германияның Мангейм қаласында өткен жеміс-жидек көрмелеріне Медеу ата отырғызған апорт алмалар қатысып, қазақ даласын, Медеу шатқалын әлемге танытқан болатын. Сондай ерекше біткен, Медеу шатқалында ғана өсетін алма түрлерінің бүгінде жойылып бара жатуы өкінішті. Жазушы осы ертегі арқылы жас балаларға табиғат берген кез келген затты күтіп, ұқышты етіп ұстамаса жоғалып кететіндігін түсіндіреді. Осы ертегіні оқыған, тындаған кез келген бала қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарауды түсінетін болады.

Жазушының Сабантой мерекесінде болған оқиға туралы «Күз неге ашуланды?» деген ертегісі де қызықты. Мектепте Сабантой мерекесін атап өтпек болған оқушылар қадірменді қонақ етіп Күзді шақырады. Бірі қарбыз, бірі алмұрт, бірі алма, енді бірі қарақат, енді бірі шабдалы болып киінген балалардың өзі туралы мақтауларын естіген сайын күз түнере түседі. Оны түсінбеген балалар: «Күздің түнерінкі күндері көп болады ғой. Бәлкім сондай күндерге тап болған шығармыз?» – деп ойлайды. Күз өзіне сөз тигенде не себепті ренжіп отырғанын былайша түсіндіреді: «Балалар, мен сендерге ренжіп отырмын, – деді ол. – Бағанадан бері мені мақтап жатырсындар, мақтап жатырсындар. Ұяттан менің екі бетім өртеніп барады. Апыр-ау, осынау молшылықты жасап отырған жалғыз мен бе? Жалғыз менің қолымнан не келеді? Әр-бірден соң бұл қарды көп жаудырып, ылғалды мол жинаған Қыстың арқасы. Одан кейін жер-дүниеге жан бітіріп, тіршілік әкелген, тал-теректі гүлдеткен Көктемнің арқасы. Содан соң ыстығымен аптап, самалымен баптап, егінді, жеміс-жидекті пісірген Жаздың арқасы. Ал мен игілікті істі аяғына жеткізіп, қазан жасап отырмын. Бүгінгі Сабантойда менімен қатар Қыс, Көктем, Жаз отырса жараспас па еді?».

Осы меркенің өтетінін естіген басқа маусымдардың реніші де орынды. Егер Қыс, Көктем, Жаз өз міндеттерін толық атқармаса, Күздің мол ризыққа кенелуі екіталай. Күздің не себепті ренжігенін түсінген балалар тез арада Қыс, Көктем, Жазды қонаққа шақырады. Жылдың бар маусымы жиналғандықтан, Сабантой меркесі дүркіреп өтеді.

Жазушы аталған ертегі оқиғасымен жылдың әр маусымының атқаратын қызметтерін Күз сөзімен оқырманға түсіндіреді. Ертегіні оқыған балалар күзде қамба астыққа, дастарқан жеміс-жидекке толғанда әр маусымның сол мол байлыққа сіңірген өз үлесі бар екендігін біліп отыратын болады. Жазушы осылайша ертегі кейіпкерлерінің тілімен күзгі мол байлыққа әр маусым өз үлестерін қосатынын түсіндіреді.

Жазушының «Мен ғашық емеспін» жинағы жөнінде сыншы М. Дүйісмағамбет былай деген болатын: «Араға біраз жыл салып, жазушының «Мен ғашық емеспін»

кітабы жарық көрді. Бала жанының сырын ақтарып, ішкі әлемінің нәзік иірімдерін тап баса білуімен есте қалған жазушы бұл кітапта жаңа өріске шығыпты. Заман және әйел тағдыры. Сәбиттің кейінгі шығармаларының өзекті тақырыбы – осылар» [7]. Балалар мен жастарға арналған жинақта әр алуан эпизодтарды арқау еткен «Мен ғашық емеспін», «Сен сұлу емессің», «Таң», «Сен соны сезесің бе», «Сен мені сағындың ба?», «Сезім бүршік жарды», «Жапырақтағы жас» сынды Махаббат миниатюралары да бар. «Мен ғашық емеспін» шығармасындағы көзбен көріп, іштей білетін ғашықтық сезімдерін бір-бірінен жасырған жігіт пен қыздың бірін-бірі сүйе тұрып: «Мен саған ғашық емеспін», – деуі еріксіз күлкі үйірсе, «Таң»-дағы «құшағыма сені тартуым мұң екен, әлгінде ғана тіл-құлақтан айрылғандай көрінген дүние жанданып сала берді» деген жолдар шынайылығымен баурайды. Махаббат күйін басынан өткізген жастардың бәрі де бұл жолдарды оқып отырып, таң атқанша дала кезген шақтарын еріксіз еске алары даусыз. Түн қараңғысында өзіне баурап алатын «мәңгілік әуенге» масайраған жастардың жан әлемі нанымды бейнеленген. Жазушы осындай жекелеген эпизодтар арқылы да үлкен сезімдерден мол мағлұмат береді. Лирикаға құрылған «Сен соны сезесің бе?» шығармасында кейіпкердің жан түкпірінде бұғып жатқан ғажайып сырға куә болсақ, «Сен мені сағындың ба?» туындысында жастар арасындағы ынтық сезім бір сәттік көріністермен-ақ үлкен ойларға бастайды. «Сезім бүршік жарды»-дағы кеудеде бүршік жарған сезім де, «Жапырақтағы жас»-тағы махаббаттың опасыздығына куә болған «Ал қандай да бір құдіреттің күшімен бұтақта қонақтап қалып қойған екі-үш тамшы, дәл менің бетімді тілгілеген ащы жастай жапырақ өзегін бойлап жылжып, үзіліп түсіп жатты...» деген жолдар оқырманын да баурап алары белгілі.

Махабатың ыстығы мен суығын қатар көріп, бірде қуаныштан шаттанып, енді бірде қайғы отына оранған бозбала мен бойжеткендер арасындағы миниатюралар дами келе «Бозбала және бозбала таң» атты әңгімеге ұласқан. Қанат пен Әсілбектің Әйгерім мен Толқынды қонаққа шақырып, Қанат пен Әйгерімге серік бола жүріп бозала таңды атырған Әсілбектің Толқынды шығарып салып тұрып бозала таңда Тотыны шығарып салғаны есіне түседі. Қыздарды үйіне шығарып салып, бозала таңда май топырақты борп-борп кешіп келе жатқан жалғыз Әсілбек емес, ауылдан шыққан бозбалалардың бәріне ортақ екені айтпаса да түсінікті. Алайда, болашақ жазушы Әсілбек бейнесі қолына қағаз-қалам ұстаған шығармашылық адамдарының типтік бейнесінен хабар берері даусыз.

Сәбит шығармаларына негіз болған оқиғалар да, оның орталық кейіпкерлері де бір-біріне ұқсамайтын алуан-түрлі тағдыр иелері. Бір әңгімесіне өмірді жаңа бастап жатқан бозбалалар негіз болса, енді бірінде өмірден опық жеп, тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандарға кездесеміз. «Әже жайында әңгіме» әңгімесіне тағдыр тауқыметіне ұшыраған Естай әжесінің өмірі негіз болған. Немересі жазғы каникулға шыққан соң, әжесі оны Рақыш әпкесінің үйіне ертіп барғысы келетінін айтады. «Мұндай қуаныш Естай мен әжесіне жылына бір рет қана келеді. Қысқы, көктемгі каникулдардың базары өз алдына, ал ол үшін ең қызығы – әжесімен қыдырған жазғы кездер» [4; 30] деген жолдар Естай мен әжесі екеуінің бақытты күндерінен хабар берсе, соны әкесі мен шешесіне жеткізудің соншалықты азапты екені жанға батар қасірет. Алдарынан жүгіріп шығатын әпкесінің қызы Гүлназға әке-шешесінен тығып жыл бойы жинаған тиын-тебендеріне Естай мен әжесі базарлық алады. Сыйлықтарды жан көрмейтін бұрыш-бұрышқа тығуға ол шебер-ақ. Сонда тығып

жүретіні – өзінің әке-шешесі. Әжесі екеуінің құпиясын олар байқап қалса, оның арты үлкен дауға ұласатынын Естай бала болса да сезеді.

Ол кезде Сенбек ағасы тірі болатын. 1 Май мейрамы қарсаңында мәдениет үйінің алдында өткен балуан күресіне Естай ағасына ілесе барды. Қазақша күрестен белдескендердің бәрін шақ келтірмей лақтыра берген соң, Сенбекке қарсы шығатын адам да қалмады. Сол кезде ортаға әкесі Мұнарбай шыққанда ел аңтарыла қалды.

– Ағасы мен інісін күрестірмей-ақ жылда алып жүрген жұлдесін беріңдер Мұнарбайға! – деп ел шуласа жөнелді жиналғандар.

Біреулер:

– Жок, күрессін, көрейік, – деп шуласты. Ағасы күрескісі келмей қашқақтап еді әкесі өңмендеп қоймады. Содан ағалы-інілі екеуі белдесе кетті. Алпамсадай әкесі талдырмаш ағасын қаншама рет сілкігенмен ол серіппеше созылып дес бермеді. Ұстаса жүріп ағасын ел-жұрттың көзінше алып ұрды. Мұны көрген Естай қолын шапалақтап маз-мейрам болды. Ол үшін қайсысы жеңсе де бәрібір еді.

Бірақ Естайдың қуанышы көпке созылмады. Мұнарбай үйге келген соң елдің алдында масқара еткен інісін қамшымен сабап, шатақ шығарды. Ол ағасының соңғы жеңісі болғанын ол кезде ешкім білген жоқ. Кейін ағасы жылға жетпей қайтыс болды. Мұның бәрі бала болса да Естайдың есінде сайрап тұр. Сол жылы Сенбек ағасы үй салуға кірісті. Екі ай тынбай үй салды. Бірақ бәрі де аяқ астынан болды. Жазмыш деген аяқ астында. Бес-алты қап бидайдан ұн тартқызуға кеткен ағасы көлеңкеде қисайып жатып ұйықтап кетеді. Оны көрмеген машина жүргізушісі ағасын таптап өте шығады. Сөйтп, Сенбек ағасынан бір күнде айырылып қалғаны Естайдың да есінде. Бәрінен де жаманы сол күні үйіне Рақыш әпкесі мен Гүлназдың Сенбек ағасына көмектесуге келе қалғаны емес пе?

Сол, сол екен, Рақыш әпкесі жамандықты ала келген жандай кінәлі болды. Әжесі жалғыз туысымен араласа алмай ол қалды. Одан бері екі жыл өтсе де, сол кірбің бір жазылар емес.

Жазушы бала көзімен әжесінің жан жарасына шипа іздейді. Екі баламен қалған еркектің етегінен ұстап, олардың аузына барын тосқанмен, «Қу өгей шеше» деген сөзден осы кемпір Сенбегінен айырылғанда да құтыла алмады.

Сенбегін соңғы сапарға шығарып бара жатқанда, Естай «Құлыным, он екіде бір гүлің ашылмай, мені қайғы жұтқызып кетіп барасың. Құдай сенің орныңа мені неге алмады? Менің жолым еді ғой. Соқыр құдай, сен неге оны көре қалдың? Саған біз керек болмай, ол керек болды ма? Жоқтау айтқаннан басқа енді менің қолымнан не келеді? Жатқан жерің жарық, жайлы болсын! Қош, қош, құлыным!» – деп зар илеген әжесін әкесінің өгей дейтініне түсінбейді. Сенбекті тумаған деп қалай аузы барып айтады. Өзі тумаса оны осыншама жақсы көре ме?

Жазушы бір отбасындағы қайғылы халді заман трагедиясы етіп көрсете білген. Оны ана мен бала, ене мен келін, құдағилар арасындағы кикілжіңмен нанымды бейнелеген. Естайдан кейін он жылдан кейін бала көтерген келінін алақанға салып баққан ененің еңбегі еш, тұзы сор болғаны қайғылы болса да шындық. Әжесінің бар кінәсі пұшпағы қанамағандығы демесең, ол Мұнарбайға да, Сенбекке де, Естайға да, келініне де өгейлік көрсеткен емес. Әсіресе Қуаныш дүниеге келген күнді Естай ұмытар емес. «Әжесі екеуі үлкен плащты жамылып, әйелдер босанатын үйге қарай құстай ұшты. Аяқтарының астындағы шалшық суды да, жердің лайсаң екенін де байқар емес. Әйтеуір, ессіз қуаныштың жетегіне еріп жүре берген.

Әншейінде, алыс көрінетін орталыққа да қалай тез жеткендерін аңғармаған» [4; 43]. Өзі тумады демесең, өзі туғанынан артық қуанып, аяғы жерге тимей шапқылап жүрген әжесінің кінәсі не? Бала көңілін осындай жауапсыз сауалдар мазалайды.

Бар пәле жаңа туған жиеніне құтты болсын айтып келген нағашы апасының келуімен байланысты. Титтей Қуанышқа таласып қалған екі кемпірдің кикілжіңіне араласқан шешесі ақырында енесін үйден қуып тынды. Естайға салса, нағашы апасы бөтен еді. Соны қуып жіберудің орнына өз әжесі үйден кетті.

Жазушы ана мен бала арасындағы махаббатты көшеге қарай «әжелеп» жүгірген Қуаныштың көз жасымен, әжесінің үйден кеткенмен немересін іздеп мектепке келіп тұратындығымен нанымды бейнелеген. Әжесі ренжіп кеткен болар деп жүрсе, «Әке-шешенің денсаулығы жақсы ма? Қуаныш өсіп келе ме? Ұйқысы тыныш па?» деп қайта-қайта сұрарын қайтерсің. Әжесі кішкентай Қуанышқа нағашы апасы екеуі таласып қалғаны үшін үйден кеткенін ұмытып та кеткен сыңайлы. Тіпті мен үшін «Қуаныштың бетінен сүй» дегеніне не дерсің. Жазушы «бала – тапқандікі емес, баққандікі» деген халық даналығын тірілтуге тырысып, әже мен немере арасындағы осындай шексіз сүйіспеншілік арқылы қазақтың болашағы бар дегенге мегзейді. Әкесі мен шешесі шетқақпайлаған қара кемпірге жетер адам Естай үшін жер бетінде жоқ екенін олар қайдан білсін? Олар әжесінің «әлем-жәлем қаңырап бос қалған кеудесіне жып-жылы шуақ құятынын түсінбейді-ау».

Өмірде болатын әртүрлі келеңсіздіктердің салдарынан бүгінде қаншама сәбилердің зардап тартып жатқаны анық. Қазіргі таңда қарттар үйі, жетімдер үйі деп аталатын үйлерде тұрып жатқан қазақтар саны күн санап көбейіп жатқаны да шындық. Осындай тағдырлардың бірі жазушының «Жетімнің тағдыры» әңгімесіне негіз болған. Жазушы жетім де жетімдер деген ойды Әбен өмірі арқылы жеткізуге тырысқан. Алайда, жетіліп, ел қатарына қосылғанға дейін оның қандай ауыр-ауыр жолдардан өтетінін өз басынан кешпегендердің мүлдем түсінбейтіні анық. Әбеннің маскүнем әкесі шешесін атып өлтіріп, өзі түрмеге қамалып, үйелмелі-сүйелмелі үш баланың аяқ астынан анадан өлідей, әкеден тірідей айырылып, тірі жетім өскені белгілі. Оны автор: «Әбен де жетім өскен. Шешесінің жақын-жамағайынының қолында тұрды. Біреуге қараған күнің құрысын. Бір аяқ сорпа үшін сілекейі шұбырып, көзін сатқаны аз болды ма мұның. Онда да масыл деген атқа қалмайын деп, қаршадай басымен қақаған қыста қашан қас қарайғанша малды жайғап, ағаш жарып, күйбеңдеп үйге кірмейтін. «Еһ, жетімдік-ай! Жетімге қай заманда да оңай болмаған» [4; 121] деген монологқа сыйғызған. Иә, жетімнің тағдыры қай дәуірде де оңай болмағаны өткен тарихымыздан белгілі. Қазақ әдебиетіндегі С. Дөнентаевтың «Көркемтай», М. Әуезовтің «Қасым», Қ. Кемеңгерұлының «Момынтай» әңгімелері ХХ ғасыр басындағы жетімдер өмірін арқау етсе, С. Дүйсенбиевтің бұл әңгімесі ХХІ ғасыр басындағы жетімектердің күйінен хабар береді. Бір ғасыр бұрын қазақ жетімін далаға тастамайтын. Оларды алыс жамағайын болса да бауырына тартқан болатын. Ал қазір ше? Қазір не әкесін, не шешесін білмейтін тастандылар қатары күн санап көбеюде. Әбен жетім өссе де, оның туған ауылы бар болатын, туған ауылы түгіл әке-шеше дегенді білмей өсетін жандардың жан жарасын түсіну екінің біріне бұйырмайтыны жасырын емес.

Балалар үйінен жиі-жиі қашып кетіп, қуыс-қуысты паналаған жетімектің аянышты тағдырын Әбен секілді жетімдіктің дәмін тартқандардың ғана түсінері

белгілі. Жетімдерге салынған үкіметтің жып-жылы үйінде титтей де жылылықтың болмауы – адам жанын түршіктіретін эпизод. Әсіресе қазақ балаларын шіркеулерге апарып шоқындырып, олардың аты-жөндерін қалай болса солай жаза салу да біздің заманның шындығы.

«– Сонда қалай, сіздердегі балалардың ешқайсысы да қазақша білмей ме?

– Жоқ, білмейді. Бізде әр баланың әуеніне төңкеріліп отыратындай жай жоқ. Орыс тілін меңгерсе, тамақ тауып жеуіне сол да жетер. Одан артық не керек?

– Қазақша ән де айтпай ма?

– Сөйлей алмайтын адам ән айта ала ма?

– Мен есімнен адастым ба, әлде сіздің есіңіз дұрыс емес пе, сонда қалай, жас жеткіншек ана тілінен, ұлттық салт-дәстүрінен мүлде бейхабар болып өспек пе?

Сіз көктен түстіңіз бе? Жаңалық ашпақсыз ба? Коммунизмді аңсайсыз-ау, шамасы. Егер қандарыңызға тартсаңыздар, ашыңыздар қазақша жетімхананы. Қазір «тәрбие көрген», қазақша сөйлейтін қаракөз қыздарыңыз некесіз сәби туудан алдына жан салмайды. Сол ма көксегеніңіз...» [4; 125] деген үзінді қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның бір шындығын бетімізге басары даусыз. Бұл – қазіргі тәуелсіз қазақ елінің өзегіне түскен жазылмас дерттің бірі. Жазушы қоғам дертіне айналған осындай өрескелдіктерге шипа іздейді де, дертке дауа болар дәруменді іздеп табуды оқырманның еншісіне қалдырады.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларына ХХІ ғасырдың өзекті мәселелері негіз болғанын баса айту керек. Ауыл мен қаланың арасын жақындатып жүрген жазушы «гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» дегендей, тағдыр тауқыметін тартып жүрген ауылдық ағайындардың қалалықтар тәрізді тұрмысты өмір сүруін қалайды. Бұл – алдыңғы қатарлы елдердің қатарынан көрінуді көздеген тәуелсіз қазақ елінің бірінші мүддесіне айналса игі. Жетімдер тағдыры тәрізді қазіргі заманның қасіреттеріне шипа іздеген жазушы оның шешімін оқырманға қалдырған. Сонымен бірге, шаңды борпылдатып жүрген ауыл балалары мен бозбалалардың, бойжеткендер мен қыз-келіншектердің, немерелерін бауырларына басып, әкешесінен қызғанған ата-апаларымыздың мінез-құлқын шынайы бейнелеген жазушы шығармаларында ұлттық бояудың қалыңдығы байқалады. Көркем образдарды сомдауда өзіндік стилін танытқан жазушы кейіпкерлері де өзіндік ерекшеліктерімен айшықталады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған шағын әңгімелері мен әдеби ертегілерінде бала психологиясын еркін меңгергенін ерекше атаған жөн.

Әдебиеттер:

1. Сәбит Дүйсенбиев // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/832>
2. Алексин А. // Заключение IX Всесоюзного совета молодых писателей. – Литературная газета. – 24 мая, 1989 г.
3. Әлімбаев М. «Тәтті алманың» тәтті әсері... // Лениншіл жас. – 10 октябрь, 1989 ж.
4. Дүйсенбиев С. Мен ғашық емеспін. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 384 б.
5. Дүйсенбиев С. Шыршаның көз жасы. – Қолжазба автордың мұрағатынан алынды.
6. Дүйсенбиев С. Алматының апорты. – Қолжазба автордың мұрағатынан алынды.
7. Дүйісмағамбет М. «Мен ғашық емеспін» // Қазақ әдебиеті. – 13 қыркүйек, 2019.

СӘУЛЕ ДОСЖАН (1959 жылы туған)

Сәуле Досжан Мағазбекқызы 1959 жылы 2 қыркүйекте Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Ақтам ауылында туған. 1987 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 2006 жылы Орталық Азия университетінің заң факультетін бітірген.

«Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде корректор, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында бас редактордың орынбасары, «Ұлағат» журналының тұңғыш бас редакторы болып қызметтер атқарған. Қазақ радиосының Астана бөлімінде редактор болып істеді. Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі.

С. Досжанның өлеңдері мен мақалалары 1974 жылдан бастап аудандық «Іле аңғары», облыстық «Жетісу» газеттерінде жарық көре бастаған. Университет қабырғасында оқып жүргенде жас ақындардың «Аудитория», «Тоғыз перне», «Қарлығаш» жыр жинақтарына еніп, сол кездегі жастардың «Жігер» фестивалінде лауреат болып республикаға таныла бастаған.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған Қазақстан Журналистер одағының «Әнуар Байжанбаев атындағы сыйлықтың лауреаты» (2001), Қазақстан Республикасы Парламенті мен Қорғаныс министрлігі бірлесіп өткізген бәйгенің бас жүлдегері (2002) атанды. «Нұр Отан» ХДП жариялаған «Елім деп соққан жүрегім» республикалық байқауында поэзия жанрынан бас бәйгесін алып (2010), «Тәуелсіздікке тарту» атты республикалық жыр мүшәйрасында жүлделі орынды (2011), Астананың 15 жылдығына арналған «Жайна, жаса, Астана» жыр мүшәйрасында екінші орынды иемденген (2013).

Шығармалары орыс, испан, неміс, қытай, ағылшын, араб, француз, мадияр, түрік, чех және қырғыз тілдеріне аударылып, «Мое чужое сердце» кітабы проза жанрынан «Open Eurasian Literature Festival & Book Forum-2017» (Швеция) үшінші орын иеленіп (2017), халықаралық Букер (*Man Booker International Prize*, Лондон) сыйлығының тізіміне ілінді (2018).

«ҚР Мәдениет қайраткері» (2009), «Алматы облысының Құрметті Азаматы» (Ұйғыр ауданы), (2011), «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталды (2015). Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2020), бірқатар мерейтойлық медальдармен марапатталған [1].

* * *

Қазіргі қазақ прозасына үлкен үлес қосып жүрген жазушының бірі – Сәуле Досжан. Оның поэзиялық «Жыр тәж», «Арман қала», «Менің жалғыз серігім» жыр жинақтары, прозалық «Үшінші есіктің құпиясы», «Құдіретті қалам иесі», «Өгей жүрек», «Екі күйеулі келіншек», «Сағыныш», «Жатқа туған бала», «Ауылдан шыққан миллионер», «Қызмет қамақтағы әйел» әңгіме-повестері, «Үлкен үйдегі үрей», «Қасірет пен тағдыр», «Үзілмеген үміт», «Біртуар», «Жалғыздың жарасы» романдары бар. Аталған туындылардың барлығы дерлік

әдебиеттанушылар мен сыншылар тарапынан жоғары бағаланған. Сыншы Ж. Қорғасбек «Үлкен үйдегі үрей» романы туралы: «Әдебиетте жансыз зат куәға тартылатын метафоралық тәсіл бар. Оқиганың үлкен үйдің төңірегіне жинақталуы содан. Үлкен үйдегі үрей қоғамның үрейі секілді образда елестейді. Қандай қоғамдық-саяси формацияда болмасын, адам баласы өзі жиған дүниесінің тұтқынына айналады. Романның көркемдік шешімі – осы» [2], – десе, Д. Амантай «Сәулелі қаһармандар» эссесінде: «Сәуле Досжан шығармаларының әлеуметтік жүгі бар. Әр туындысы – белгілі бір қоғамдық миссия-міндетті атқарады. Тілі жатық. Шұрайлы. Ойы түсінікті. Оқырмандары сырластары секілді. Ештеңені күрделендірмейді, қиындатпайды. Оқырманның өзі тәрізді жазушы. Бірақ осы бір оңай көрінген амалда, шешімде күрелі дүниелер жатыр», – деген болатын.

Әдебиеттанушы А. Ісімақова: «Сәуле Досжанның «Екі күйеулі келіншек» атты хикаятында да заман шындығы бейнеленеді. Атауы оқырманды өзгеше ойларға жетелегенімен, бұл шығарма мазмұнында еркектерге деген ерегіс емес, қазіргі көп балалы ананың басына түскен тағдыр тәлкегі баяндалады» [3], – десе, Г. Пірәлі: «Қаламгер Сәуле «Қасірет пен тағдыр» атты романында Семей полигонының зардабынан кемтар туған балалар тағдыры, әрбір ядролық сынақтан соңғы жергілікті халықтың адам айтса сенгісіз, түрлі дерттер мен кесапат кеселдердің қазақ даласын жайлап, бүтіндей ауыл адамдарының, тіпті бірнеше ұрпақ ауысса да арыла алмайтын, сырқаттардың, құрбандардың психологиялық қасіреті жөнінде баяндайды», – деген пікір білдірді [4].

Жазушының прозалық шығармаларын өз ішінен екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – қоғамның өзекті мәселелерін арқау еткен түрлі тақырыптағы ересектерге, екіншісі – балалар өмірін арқау еткен балалар мен жасөспірімдерге арналған туындылар. «Маймақ қаз» мультфильмі, «Қарақанатты жеңген қайырымда қала», «Жетім қозының зары», «Қызғалдақтың қызы», «Тышқан жылғы дүрбелең» ертегілері, «Ақшаның кепиеті», «Атамның атамекен жайлы әңгімелері», «Жоғалып табылған қыз», «Иені сағыну», «Қашқынның зары», «Нан қайдан келеді», «Отқа оранған түн», «Көрдемшенің қасіреті», «Ұлдаш жеңгем» әңгімелері – балалар мен жасөспірімдерге арналған шағын жанрдағы шығармалар. Осы қатарды жазушының ауыл балаларының өмірінен алынған кең құлашты «Көрдемшенің қасіреті», «Ауылдан шыққан миллионер» повестері мен «Біртуар» деректі романы толықтырады. Биік шыңдарды бағындырып, үлкен жетістікке жеткен кейіпкерлер өмірі өскелең ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқаратыны күмән туғызбайды.

Шағын шығармаларының ішінде «Атамның атамекен жайлы әңгімелеріне» Әбілмансұр, Жолбарысхан, Алтайлардың атасы Дүкенбайдың туған жер, атамекен туралы аңыз-әңгімелері негіз болған. «Екі аяқты, жұмыр басты пенде өзінің туып, кіндік қаны тамған жерін, ата-бабасы өсіп-өнген, мекен еткен жерін «Атамекен» деп атаған. Оны «Отан» деп аялайды, ол атамекеннен шыққан үлкен ұғым» деген аталарының сөзінен немерелеріне туған жер, Отан туралы ұғым қалыптастыру көзделген. Екі аяқты адам түгілі ұшқан құс, жүгірген аң, күллі

жан-жануардың атамекені болатындығын Еренқабырғаның Арасанына қатысты аңыз растайды. Атасының айтысына қарағанда, киелі арасанды бір ақбас ана жылан, бір қарабас еркек жылан күзетіп отырады екен. Олар ұнамаған адамдарға су ішкізбейтін көрінеді. Жаугершілік заманда елге жеңіспен келе жатқан сарбаздардың бірі су ішкізбей өзіне айбат шеккен жыланды шауып өлтіреді. Олар су ішіп болғанша, төңіректі жылан қаптап кетеді. Жеңіске масайрап келе жатқан есер сарбаздар жыландарды қуып жүріп өлтіріп, ұясына тығылғандарын өлтірмек болғанда, бір-біріне оралып жатқан жыландарды көріп ордалы жылан екенін түсінеді. «Ойбай, атқа қонындар мына жер жыланның ордасы екен, ордасын бұзғандарды олар аямайды» деп тұра қашқанмен, жеті күннен кейін арттарынан жеткен жыландар ордасын бұзғаны үшін адамдарды шағып жаппай өлтіре бастайды. Үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығаратын ел әлгідей сұмдықты естіген соң, ауылдың шетіне барып құран оқып, ақ құйып мақұлықты өз жолына салады. Содан кейін ақбас ана жылан мен қарабас ата жылан бастаған лек шығысқа қарай сап түзеп, ауылды тастап жөнеле беріпті. Ауыл жыланнан солай құтылғанын айтып отырып, немерелеріне «Жалпы, қарлығаштың ұясын бұзбайды, құмырсқаның илеуін таптамайды, кейбір бұзық балаларға ұқсап суырдың ініне су құймайды. Әлгі илеу, ұя, ін – құстар мен жәндіктер үшін Отан. Отанды бұзғанның отаны бұзылады. Шаңырағы шайқалады», – деп кеңес береді [5; 9].

Немерелеріне М. Мақатаевтың «Қазақ жері» деген өлеңін оқып, «Атамекен, атажұрт, туған жер» қазақ үшін киелі мекен екенін түсіндіреді. Оны түсінген балалар «Менің Қазақстаным» деген әнұранды айтып, аталарын қостай түсті. Астындағы тұлпарын, жанындағы зайыбын көрші ханға сыйлыққа берген ханның тулақтай жер бермей, оларға соғыс ашатыны туралы аңыз-әңгіме мен М. Әуезовтің «Америка сапары» очеркіндегі Қоңырат деген қаусаған қария жөніндегі әңгімесі, туған жер туралы – ән-өлеңдер балалар ұғымындағы туған жер, Отан, атажұрт деген түсініктерді кеңейте түсетіні анық.

Жазушының «Ақшаның кепиеті» әңгімесінен де өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы замандастар бейнесін көруге болады. Кеңестік дәуір ыдырап, 15 республиканың барлығы өз егемендігін алған кезде әр ел өзінің төл валютасын айналымға енгізді. 1990 жылдардың басында Қазақстанда теңге шыққанда рубль сабан ақшаға айналып, құны төмендеп кеткені белгілі. Автор сол кезде құны көк тиынға айналған 1 рубль арқылы еңбекпен келген ақшаның кесірі жаман болатындығын әңгімесіне арқау еткен.

Жазушы Рашиттің өмірі арқылы ақшаның киесі ұратынын түсіндіреді. Әкесі Әмиржан егіс басында аударылған трактордың астында қалып мерт болғанда, анасы Мервангүл қан жұтып жүріп баласын шала туған болатын. Кемпір-шалдың тәрбиесін алған Рашит «Кеңестік сауда техникумында» білім алып, қызметке араласты. Зайнапханға үйленген соң, Зайыржан мен Мервангүл бар жиған-тергенімен Жаркенттен Рашитке үй сатып алып берді. Бұл кезде Рашит аудандық сауда басқармасында бас маман болып қызмет атқарып, аудан көлеміндегі асханалар, азық-түлік дүкендері мен сауда-саттық орындарының

бәріне кезекпен барып, кіріс-шығыстарын тексеріп, іс қағаздарын қопарыстырып қайтатын. Рашиттің арқасында жазиралы Жаркенттің бар жарары ішсе алдында, ішпесе артында болып Зайнаптың мейманасы тасып сала берді. Қазақстан тәуелсіздік алған соң, әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Абай суреттері бейнеленген 1, 3, 5, 10, 20, 50 және 100, 200 теңгелік номиналдар шықты. Бұл кезде кеңестік дәуірден қалған бір сомның құны құлдырып, ештеңеге жарамай қалды. Рашиттің тапқан табысына мастанған Зайнапхан бір рубльдің бір дорбасын дәретханаға апарып тастайды. Мұны көргендердің бәрі жағасын ұстайды. Сол кезде үйлеріне келе қалған енесі ақшаның кесірі ұратынын айтып зарлап отырып, дәретханадағы қапшықты үйге кіргізеді.

Көп ұзамай Рашиттің ісі кейін кете берді. Кезінде үйінде күтуші ұстаған Зайнапхан үлкен қалаға келіп, тамақ асырар жұмыс таппай бір кафеде ыдыс жуды, одан аспаздыққа араласты. Жалғыз ұлы нашақор болып ол кетті, қызы ізім-ғайым жоғалып кеткен соң, күнделікті тамағын осылай асырап жүргенде оның өткен өмірін естіген асхана қожайыны Рашит пен Зайнапханмен есеп айырысты. Әңгімені оқыған оқырман «судың да сұрауы болатынын», маңдай термен келген ақшаның қадір-қасиеті болатынын түсінеді. Ата-енесін сыйламаған, дүниені көтере алмаған Зайнапханның кесірлігі, өскелең ұрпаққа ой салады, олар өз табыстарына құрметпен қарауды үйренеді.

Авторлық ұстаным: «Қолыңа тиген ақшаны құрметтеп, дүкенде қайтарғанда тиынын санап ал, жерде жатқан бір тиынды да көтер деп үйреткен. Сондай қасиетті нәрсені дәретханаға қойды дегенді осынша кітап оқып, осынша адамдардан әңгімелер тыңдап жүріп, естімеспін. Оларды ақшаның қарғысы атқан шығар шынында, аулақ жүр, шырағым!» [5; 1] – деген кейіпкер сөзі арқылы берілген. Автор маңдай термен келген қаражатты құрметтей білмесе, оның кесірі ұратынын оқырманның есіне салған. Еңбекақының адам еңбегімен келетінін жадымызда ұстайтын болсақ, бұл еңбекке деген құрмет екені рас.

«Иені сағыну» әңгімесі иесін жоқтаған ит туралы. Көзін жаңа ашқан күшік атынан баяндалатын әңгіме оқиғасы өте қызықты. Екі аптадан соң, бауырын көтерген соң алып кетемін деп 500 доллар тастап кеткен Иесі екі аяқтылардан алғаш көрген адамы болатын. «Ертесіне-ақ жатырласым екеуміз емшекке тойып алып, үй ішінде домаландап жүгіре бастадық. Біздің тегіміз – «Чау-Чау» деп аталады. Тазалықты, тәртіпті жақсы көретін, заманында қытай императорлары сарайда ұстаған, аю пішіндес, қалың жүнді, қазанбас хайуанбыз. Осынау ақсүйектік қасиеттер қанмен келген шығар, мен де туыла сала тазалықта болдым, үй ішінде орынсыз дәрет жібермедім» [6; 1], – деген сөзінен әңгімешінің кішкентай күшік екенін білеміз. Иесінің сүйіктісіне айналған Эрнест түнімен көз ілмей үйді айналып жүретінін, күндіз террасаға барып көлеңкеде ұйықтайтынын айтады.

Иесі өмірден өткенде иісінен танып ұлып жүрген Эрнесті бір күні ерке қыз ол жатқан жерге алып барады. Иесін суреттен таныған ол үйге келмей кеткен Иесінің қайда жатқанын түсінеді. Қыста қатты аязда кіреберісте жататын ит бір күні иесінің киімлігіштегі иісі сіңген тонын көріп, түн ішінде қыңсылап,

көзінен жасы парлап ұлып жылайды. Оны көрген Иесінің жары өкіріп жылап, екеуі біраз сағыныштарын басады. Эрнестің осы істеріне қарап, оның адамға бергісіз сезім күйлеріне тәнті боласың. «Ит шығып кетпесін» деп үнемі жауып қоятын есіктің ашық қалғанын көрген ол қар жауған күні Иесіне тартып отырады. Әңгіме «Суреттегі Иемді көрдім. Маған қарап тұр. Сәкіде ойланып отырғанындай ойлы көз! Қоршаудың есігін жел итерген бе, қармен жартылай ашық қатып қалыпты. Арасынан кіріп, томпайған ақ төмпешікке жатып ИЕМді ойладым. Сағынғаным сонша, мына әлемде басқа тірлік барын, тамақ ішуім керектігін де ұмыттым. Санамда тек оның бейнесі, сонымен бірге болған күндерім. Жата бердім...Жата бердім...» деп аяқталады [6; 7].

Кішкентай күшік көзімен суреттелген оқиға өте қызықты баяндалған. «Ит – адамға дос» екенін білетін оқырман әңгімеден иттің тілі жоқ демесең, адам сияқты бәрін түсінетінін, сезетінін ұғады.

Жазушының балаларға арналған шағын әңгімелерінің қатарын «Қарақанатты жеңген қайырымда қала», «Жетім қозының зары», «Қызғалдақтың қызы», «Маймақ қаз», «Тышқан жылғы дүрбелең» әдеби ертегілері толықтырады. «Қарақанатты жеңген қайырымда қала» ертегісіндегі «Сондай бір тату-тәтті, ырысты-берекелі, қызықты-мерекелі, ауызбірлікті өмір сүріп жатқан ғажайып қалаға себебін ешкім білмейтін бір ауру тарапты. Ауа жетпей алқынып, мұрындары иіс сезбей тұншығып, өкпелері қабынып, көздерінен жас, құлақтарынан бұлық ағыпты. Жасы ұлғайған қарттарына жаудай тиіп, баудай қырыпты. Дімкәсі басым жастарының да кеңірдегінен қыса бастапты. Тұтқиылдан келген мына зұлматтан шошыған халықтың есі шығып, емші-тәуіпті жағалап қаңғырып кетіпті. Олар ел аралаған сайын ауру еліріп, бірінен-біріне жұғып сансыратыпты» деген жолдарды оқыған бала 2020 жылдың көктеміндегі пандемия кезіндегі қала тіршілігін еске түсірері анық. Себебі, қала жастарынан мың қыз, мың жігіттен құралған еріктілерді ұйымдастырған Жолбарысхан қыздардың жартысын дәрі-дәрмек жасайтын ғалым ағаға көмектесуге, қалған жартысы мен жігіттердің жартысын үйлерінен шыға алмай қалған тұрғындардың азық-түлігін жеткізуге жұмсайды да, өзі қасына бес жүз жігітті алып Қарақанатты қолға түсіруге тау шыңына аттанады. Жазушының Тәңіртаудың баурайында орналасқан Алматау қаласы Алматы екенін жазбай танимыз. Қайырымды қала тұрғындарын шетінен жалмап жатқан Қарақанат құсты Жолбарысхан бастаған бір топ ерікті жастар жеңіп, оны өлтіреді. Қалабасы тағайындаған сыйлықтан бас тартқан Жолбарысхан батыр оны жол көрсеткен көріпкелге, қасындағы еріктілерге, ғалымға, мерт болған жігіттердің отбасына беруді ұйғарады. Жолбарысханның: «Халқым! Міне, біз бірге болған соң Қарқанаттан келген тажалды жеңдік! Бірлік бар жерде – тірлік бар! Қазынаның байлығы – халықтікі. Сіздердің игіліктеріңізге жаратылады. Біз әрқашан біргеміз!» – деген шешімі авторлық ұстанымды аңғартады. Жазушы балаларға «бірлік түбі – береке» екенін олардың бірлесіп Қарақанатты жеңуімен түсіндіреді.

Ал «Қызғалдақтың қызы» ертегісінің кейіпкері – Гүлқыздың тегі – Қызғалдақ

болса, Отаны – Қазақстан. Жазушы: «Әлемде ең биік Хантәңір деген шыңы бар Тәңіртау деген таудың бауырында қызғалдақты алқапта дүниеге келді, яғни жаралды», – деп, жас оқырмандарына қызғалдақтың отанынан хабар береді. «Біздің еңбегіміз сол – үлбіреп, нәзік болып өсіп, көзге қуаныш, хош иісімізбен жанға рақат сыйлау. Сан алуан саябақтарда көзге көрік беріп жайқалып тұру. Біздің пиязшығымыз бен жапырағымыздан дәрі-дәрмек те жасайды», – деген сөзінен гүлдің де еңбек ететінін түсінген балалар өздерінің міндеттерін саралап, шамаларына қарай еңбек етуге дағдыланады. Жоғарыда аталған шығармалардың барлық кейіпкерлері жас оқырмандарды отанына, еліне адал қызмет етуге шақырады.

Балалар өмірінен алынған шағын әңгімелер мен әдеби ертегілер жасөспірімдерге арналған повестермен толыққан. «Көрдемшенің қасіреті», «Ауылдан шыққан миллионер» повестері мен «Біртуар» деректі романының негізгі кейіпкерлері – біздің замандастарымыз. «Ауылдан шыққан миллионер» повесінің негізгі кейіпкері – ауылда өскен бала [7]. Жазушы ауылдан шыққан балалардың үлкен кәсіпті жүргізіп миллионер болатынын жеке кейіпкердің өмір тіршілігімен нанымды суреттеген. Әкеден жастай жетім қалған Жомарттың анасына қолғанат бола жүріп, мектеп қабырғасында жүргенде табыс табуы, еңбекке ерте араласуы, спортпен тұрақты айналысуы, сабақты үздік оқуы – болашақ миллионердің қалыптасу жолдары еді. Мектепте үздік болған Жомарт жоғары оқу орнына түскенде де алдыңғы қатардан көрінуді өзіне талап етіп қойды. «Жомарт бірден «Жоғары математика», «Макроэкономика», «Эконометрика», «Экономикалық теория», «Қаржы сабағы» деген пәндерге ерекше ынтамен кірісті. Тіл сындыруға қиын сабақтардың лекциясын түсінгенінше жазып алып, қайта көшіріп, кітаптарын іздеп, кітапханаға жиі барды.

Таудай талабы бар, әр лекциясын ынтасымен тыңдайтын шәкіртті профессор Боранбай Жүсіпбеков бірден ұнатты» [7; 61].

Оқырман Жомарттың өмірінен сабақ алады, өмірге құштарлықты үйренеді. Ол сабақты үздік оқумен бірге ұстазы Боранбай Жүсіпбековтің жанашырлығымен, қамқорлығымен жеке кәсібін де ашады. Студент күнінен кәсіппен айналысқан ол болашақта үлкен кәсіпкер болып еліне қызмет жасайды. Жомарт – кез келген ауыл баласына үлгі-өнеге болатын кейіпкер. Көркем шығарма қызметінің бірі – оқырманды тәрбиелеу болса, жазушы жекелеген кейіпкерлерімен оқырманын дұрыс өмір сүруге, жақсы оқуға, болашақта үлкен кәсіпкер болуға тәрбиелейтіні анық.

«Көрдемшенің қасіреті» повесі «Тек қазақта ғана «Дала төлқұжаты (паспорты)» болады, шырағым. Сенің сонда тіркеуің жоқ екен!» деген дауыс құлағын жарып барады» деп басталады. Профессор Жеткен Бақұлы қызы Мөлдірдің сүйген жігіті Нұржан Қалқабаевпен жақынырақ таныспақ болып, оған сауал тастайды. Ата-тегің сұраса, шешесі некесіз тапқан бала нағашыларының атымен жазылған екен. Жеті атасы түгілі өз әкесін білмейтін некесіз баланы қазақ «көрдемше» деп атайды. Жеткен Бақұлының: «Ұлт

болашағы – ұрпақ тазалығында. Қазақтай арлы ұлттың мына маңайымыздағы басқа ұлттардан артықшылығы да сонда. Тек қазақта ғана «Дала төлқұжаты» деген болады, шырағым. Ол – әрқайсымыздың қай жүзге, қай руға, қай атаға жататынымызды еш жерге жазбай-ақ ауызша бір-бірінен айырып береді. Соның бәрі – әке қанымен келеді. Ал әкесі кім екені белгісіз адам, оған тіркелмеген болады. Яғни, сенің сонда тіркеуің жоқ екен! Мүмкін анаң білетін шығар шыққан тегіңді?» деген сөзінен бүгінгі күннің шешімін күтіп тұрған өзекті мәселесі көрініп тұр. Ол – қазіргі таңда некесіз туып жатқандардың болашақ тағдырына деген алаңдаушылық. Жалғызбасты әйелдің жаны жаралы баласының алдынан осы сауал кесе-көлденең шығады да тұрады. Бұл жолы оны сүйген қызының әкесі қойып отыр.

Оқырманға осындай ой салған оқиға лирикалық шегініспен өрбіп, Нұржанның анасы Мәрзияның бес ұлдың ішінде «арпа ішінде бір бидай» болып өскенінен, отызды орталағанша оң жақта отырғанынан хабардар боламыз. Оқуды бітіріп мектепте директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары болып жүрген Мәрзия Сейтенқызы білімін жетілдіру үшін Алматыға келгенде, Ақжайықтың бойынан келген мектеп директоры Нұрғалимен танысады. Жұбаныш жеңгесінің «жаныңа жалау боларлық бала тауып ал» деген ақылымен өнерлі, келісті, келбетті, ақкөңіл, өзі староста Нұрғалимен бірнеше күнін бірге өткізеді. Бар болғаны – осы. Қартайғанда өзіне серік болсын деп туып алған баласының тағдыры ол ойлағандай оңай болған жоқ. Мектепке барғаннан бастап ата тек, жеті ата деген тапсырмаларды орындау оған өте қиын соқты. Төлқұжатын аларда әкесі кім екенін білгісі келді. Оны автор былай суреттейді:

«– Апа, сізден сұрап отырмын ғой *Әкесі* деген жерге кімнің атын жазамын? – деді бала құдды шешесін тергеп жатқандай қадала қарап. Бүркіт қабағы түйіліп, қайратты шашы тікірейіп кетіпті.

– Сенің әкең жоқ қой, ұлым, сондықтан сызықша қойылады, қайтеміз енді, – деді анасы шарасыздық танытып.

– Менің әкем қайда? Неге жоқ? Өзі адам ба, аң ба? Әйтпесе аспаннан түспеген шығармын, – деген баласының үні қатқылдау шықты. Мұндай тергеу күтпеген Мәрзияның беті албырап, қаны басына шапты.

– Адам ғой, – деді, үні әрең қарлығып шығып.

– Адам болса, қайда жүр осынша жылда баласын бір іздемей?

– Ол білмейді сенің бар екеніңді, – дегенде дауысы дірілдеп, жылап жіберді» [8; 39].

Әке туралы айту ана мен балалы екеуіне оңай болған жоқ, үш айдан кейін Нұржан *Әкесі* деген жерге сызықша қойылған төлқұжатын алып келді.

Мектеп бітіргенде құтылдым ба деп жүрген ең ауыр сауал бүгін тағы алдынан шықты. Оны қойған сүйген қызының әкесі. Кейіпкер бойындағы күйініш сезімдері оның бейнесін аша түскен. Оқырман еш кінәсі жоқ Нұржанды арашалағысы келеді. Бірақ «дала заңы» мен «дала төлқұжатынан» аттап өтуге болмайды. Сондықтан, бүгінгі таңда өздеріне серік болсын деп, некесіз бала

тауып жүрген замандастарымыздың қателесіп жүргенін түсінеміз, күйінеміз. Одан шығар жолды осы туынды бізге көрсетіп отырғандай. Ол – некесіз бала таппау. Жеті атасының шежіресін тарататын қазақ менталитетіне жатпайтын жат қылықтан өскелең ұрпақ аман болса екен деген жазушының жанайқайы ашық көрінеді.

Жазушының жасөспірімдерге арналған келесі деректі романы – «Біртуар». Бұл романның негізгі кейіпкері – Грек-рим күресінен қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, Әлем кубогының иегері Жақсылық Үшкөмпіров. Олимпиада чемпионының «Өзіңнің атыңды емес, еліңнің атағын шығарамын, мерейін өсіремін десең, спортқа бойыңдағы барыңды түгел сал», «Өзінді емес, артыңда тілеуінді тілеп тұрған халқыңды ойла», «Мәскеудегі Олимпиадада боз кілемге шыққанда ата-бабаның әруағына сиынып, «не осында өлем, не жеңем!» деп тәуекелге бел буып кірістім» деген сөздерін эпиграф етіп алған жазушы жанынан ештеңе қоспаған.

«Батырдың дүниеге келуі» деп аталатын тарауда болашақ батырдың 1951 жылдың 6 мамырындағы қасиетті жұма күні дүниеге келгеніне куә боламыз. Жамбыл облысы, Талас ауданы, Чапаев совхозындағы Тегістік ауылында дүниеге келгенін нақты көрсетуінен деректі шығармаларда деректердің сөйлейтіні байқалады. «Енесінің келіні де, дүкеннің сатушысы да, қорадағы он шақты тұяқтың қараушысы да, ала сиырдың сауыншысы да осы үйдің отанасы – Күнтөре» деген жолдар – Жақсылықтың анасының кім екенін көрсетер көркемдік деталь. «Алып анадан туатын» болса, Күнтөре де тегін адам болмаса керек. Толғақ қысып тұрғанда Сарманқұл қайнағасына дүкеннен сабын алып бере бергенде, «Ұл тап, жарығым!» дегенше болмай, шарана табалдырыққа топ ете түсті. Бәтима бәйбішенің Құдай берген немересінің кіндігін тісімен кесіп, камзолының төсіне салып ала қоюына, қайнысының ұлдың атын Жақсылық деп қоюына қарап, ол кездегі қазақ келіндерінің еңбек етіп жүріп босанып қалатынын көреміз.

«Алыпты туған ана» тарауында кіші жүздің Табын руынан шыққан Күнтөренің әкесі Өмірбай кәмпескеге ілініп, Ақтөбеден Қарақалпақстандағы Нөкіс қаласына жер аударылған екен. Әйелі мезгілсіз қайтыс болған соң, ол жақты жерсінбей елге келгенде Жамбыл өңіріндегі Сарбарақ ауылына келіп қоныстанады. Туған жерге келгенмен, тұз-дәмі таусылған Өмірбай өмірден өткенде, оның артында қалған жалғыз қыз жақын туыстарының қолында қалады. Қазақ – жетімін жылатпаған халық. Осылай ағайын-туыстарының бірі баланы асырап алатын болған. Денесі шағын болғанмен, табиғат берген дара күшінің арқасында өз күнін өзі көріп жүрген қыздың өмірі де қызықты. «Кеңес уақытында ауылшаруашылығы қатты дамыған совхоздарда «социалистік жарыс» деген болатын еді, сондай қара күш сыналатын бәсекелерде бидай толы ауыр қап пен дағардың өзін көтеріп жүре беретін Күнтөреге ел-жұрт аузын ашып таңғалады екен. Былай да екі қолтығына екі қап бидайды қысып алып, таситын жеріне тасып, арбасын жұрттан бұрын босатып тастайтын орта бойлы тығыршық денелі бойжеткен қара күш жағынан небір жігіттерді бойына

тең келтірмейтін» деген жолдардан болашақ батырдың анасы да тегін адам болмағанын білеміз [9; 6]. Совхоз жұмысымен алаңсыз жүретін Үшкөмпірдің Күнтөреге отбасының бүкіл тіршілігін сеніп тапсыруының сыры да осында. Күн демей, түн демей, мезгілсіз келетін қонақтарды құрақ ұша күтетін де Күнтөре. Бәтима әжесінің: «Жақай, сен жігіт болдың... Енді үйге келген үлкендердің қолына су құйып, батасын ал», – деген сөзін жазылмаған заң ретінде қабылдаған бала беймезгіл келген қонақтардың қолына су құю үшін түн ұйқысын қиып тұрып жататын. Алтынқұл мен Шырынқұлдің ортасындағы Жақсылық бала кезінен өте елгезек болып өседі. Құлынды биені суаруға жібергенде Жақсылық су ішінде құлынды көтеріп жүргенін көрген анасы енді оны бие суаруға жібермейтін болады. Бұл – болашақ батырдың толыса бастаған кезі еді.

«Ерке Талас бойында» деп аталатын тарауда Таласқа жүзіп жаттыққан Жақайдың қой тоғытып жатқан әйелді асау өзен сүйреп бара жатқанда құтқарып алып қалуы – тығыншықтай баланың бір қырын аша түсті. Бұл – болашақ спортшының тыңғылықты жаттығуының бір көрінісі еді.

«Жыландар ордасында ұйықтаған ұл» тарауында ауылдың батыс жағындағы құмдауыттағы ордалы жыланның мекеніне бес жасында үйірсектеп жиі баруды шығарды. Ойнап жүрген бала бір күні күннің қызуымен маужырап Жыланбапының ордасында ұйықтап қалады. Немересін зыр жүгіріп іздеген әже алғашында түсінбей қалады. Осы сәтті жазушы былай суреттейді. «Біссімілла! Біссіміллә! Уа, Бибатма пірім, жар бола гөр! – деп, аналардың анасы Бибәтима піріне сиынып алып, немересін бас салады.

Ә дегенде, «Жылан шаққан ба?» деп шошып қалғаны рас. Кішкентай батыр каннен-қаперсіз, талпақ танауы пышылдап ұйықтап жатқанын көргенде, жүрегі орнына түседі. Баланы қолына іліп ала сала, аяқ астында быжынаған жыландарға қарамастан, үйге қарай зымырайды» [9; 13].

11-12 жасар кезінде ойыны қанбаған баласын Үшкөмпір «еңбектің дәмін татса есейер» деген ұйғарыммен, өзі қатарлы Оразай екеуін Мойынқұмда мал бағатын ағайынына апарып тастайды. Қойшыға көмекшілер келген соң, екеуінің алдына бір отар қойды салып береді. Оразайдың кесірткеден қорқуы, екеуінің құм ішінде адасып, Социалистік Еңбек Ері Тұрдыбаев Ақанның отарынан шығуы, Жақсылықтың оқтаулы мылтықпен байқамай Оразайдың бас киімін ұшырып түсіруі – кейіпкерлердің балалығын, шалалығын көрсетер деталь.

«Әже үмітін ақтаған ұл» тарауында Жақай өзінің Жақайым батырдың тұқымы екенін ісімен дәлелдейді. Әжесі берген қымызды беті-қолын жумай жатып сіміріп алатын қара балаға: «Менің балам сөз бастайтын шешен болады», – деп, үнемі тіл беретін. Әжесінің осы үмітін ақтап, баласы үлкен азамат болып, қазақ халқын әлемге танытты. Повесте Жақсылықтың намысшылдығы, мейірімділігі, өжеттігі, еңбекқорлығы жан-жақты ашылған. «Ұлды қатты ұстау керек» деген әкесінің ұйғарымымен 10-12 жасынан колхоздың қойын бағып еңбекке араласты. Жаз бойы шөп шауып, күзде қызылшаға шығып үлкендердің батасын алды. Әбен ағасының қойын бағып жүріп, сілтеген тобылғы сапты

қамшысының ұшына байланған сымтемір сол жақ шынтағын тіліп түскенде өзінің шыдамдылығын көрсетті. Осылайша, қара бала оқырманның көз алдында өсіп, толығып отырады. Жақсылық атасы Әмірәлі мен әкесі Үшкөмпір сияқты атадан жалғыз ұл болды. Жауға жалаңаш шапқан Көптерек атасы мен Бауыржан Момышұлы сияқты батыр болсам деп өсті. Ол туралы автор: «Әжесінен сондай керемет аталары туралы естіген Жақсылық тез өскісі келіп, өзінің де сондай батыр болғанын әжесі мен әкесіне көрсеткісі келіп, армандап жатып көзі ілінетін», – дейді [6; 36]. Осылайша, «Балуанның балалық шағы» деп аталатын бірінші тарауда Жақсылықтың балалық шағына қанығамыз.

«Спортқа жол» деп аталатын екінші тарауға әке аманатын арқалаған баланың абитуриент кезі мен студенттік шағы, спорттағы алғашқы жеңістері арқау болған. Бапкер Владимир Ливанхайдың шаңғыдан зачет ала алмай жүрген студентті күреске шақыруы оның болашағынан мол үміт күткенін көрсетеді. Микриховқа: «Маған берші, одан бәрібір шаңғышы шықпайды, кілем жаматып уақытын алма, көр де тұр, Үшкөмпіровтен мен чемпион жасаймын», – деп қоймай жүріп, шаңғы жарысынан өзіне ауыстырып алуы – бапкердің көрегендігі.

«Тағдар мен тартыс» деп аталатын үшінші тарауында спорттағы алғашқы әділетсіздіктер, болашақ балуанның жолын ашқан бапкері, тұңғыш алтынның оңай жолмен келмеуі, құрамада көрген қорлықтары, жалғыз жолдамаға талас сияқты оқиғалар негіз болған. Спортшылардың да үлкен бәсекелестері болатыны, олардың түрлі кедергілерге тап болатыны кейіпкер өмірімен суреттелген.

Соңғы «Бағы шапқан балуан» тарауында Мәскеу олимпиадасы, жеребенің жемісі, Александру, Керпач, Ференц, Бора, Павел Христов сынды танымал балуандар кескілескен шайқастар нанымды бейнеленген. Жақсылық Үшкөмпіровке әлем чемпионатында алтыннан алқа тағу оңайлықпен келген жоқ. Иван Поддубный халықаралық турниріне Жақсылықты Псарев пен Олимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы Валерий Резанцев жаттықтырып, дайындады. Болгария, Венгрия, Польша, Румыния, Финляндия, Чехословакия, Швеция және КСРО-ның 15 елінен – 126 атлет бас қосқан додада әлемдік біріншіліктердің және Еуропа мен Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар болатын. 48 келі салмақта ақтық айқаста Жақсылық КСРО-ның екі дүркін чемпионы Владимир Хатуновпен белдесіп, бірінші орынды иеленді. Енді әлем чемпионатына жол ашылды. Жақсылықтың жеке бапкері Вадим Александрович Жақсылық Үшкөмпіровті 1981 жылы Норвегияның Осло қаласында Әлем чемпионатына дайындады. Ата-баба рухы қолдаған жігіт әлем чемпионы болып, қазақ халқын әлемге танытты. Красноярск қаласында жалауын көтерген КСРО кубогында 33 жастағы Жақсылық Үшкөмпіров спорттағы карьерасын аяқтап, спорттан кетті.

Шалғайдағы ауылда өскен қара баланың әлем чемпионы болғанға дейінгі өмірі жасөспірімдерге үлкен үміт отын сыйлайтыны анық. Олар да Жақсылық ағалары тәрізді болу үшін тынбай жаттығу керегін түсініп өседі. «Еңбек – бәрін жеңбек» дегендей, оның әлем чемпионы болуы – адал еңбегінің жемісі.

Осылайша, автор Жақсылық Үшкемпіров сияқты замандас бейнесін сомдауда үлкен жетістікке жетті.

Сәуле Досжан – қазіргі қазақ балалар әдебиетіне өнімді үлес қосып жүрген қаламгердің бірі. «Көрдемшенің қасіретіндегі» тегін білмейтін некесіз туған Нұржан тағдыры арқылы замандастар өмірінен хабар бере отырып, қоғам дертіне айналған, шешімін таппай отырған өзекті мәселені көтерген. Соңғы жылдары бірыңғай балаларға арнап шығарма жазған қаламгер қазақ балаларының болашағына алаңдаулы. Ұлттық негізден айырылып қалмасақ екен деген мақсатта ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөлетіндігі шығармаларынан байқалады. Жазушының «Ауылдан шыққан миллионер», әлем чемпионы Жақсылық Үшкемпіров туралы «Біртуар» шығармалары – ауыл балаларына бағыт-бағдар беретін, болашағына үлкен үміт сыйлайтын мотивациялық туындылар.

Әдебиеттер:

1. Сәуле Мағазбекқызы Досжан // <https://kk.wikipedia.org/>
2. Қорғасбек Ж. Ерлер еңсеретін тақырыпты әйел жазушы романға арқау етті // Егемен Қазақстан. – 20 қыркүйек, 2019.
3. Ісімақова А. Қорғансыздар қоғамы /// Қазақ әдебиеті. – 20 қыркүйек, 2019.
4. Пірәлі Г. Танымал болудың сыры неде? Кіт.: Қазақтың қаламгер қыздары. – Алматы: «Қоңыр» баспа орталығы, 2021.
5. Досжан С. Атамның атамекен жайлы әңгімелері. – Балаларға арналған шығармалар. – Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
6. Досжан С. Иені сағыну. Кіт.: Үлкен үйдегі үрей. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2013.
7. Досжан С. Ауылдан шыққан миллионер. – Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы, 2020. – 70 б.
8. Досжан С. Көрдемшенің қасіреті. Кіт.: Үшінші есіктің құпиясы. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспасы, 2006.
9. Досжан С. Біртуар. – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2021. – 70 б.

ЗАРЯ ЖҰМАНОВА (1959 жылы туған)

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Заря Әмірқызы Жұманова 1959 жылы 1 қаңтарда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сүйіндік ауылында туған. Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында кітапханашы, Жезқазған облыстық «Ұлағат» газетінде бас редактор, Жезқазған облыстық теле-радио комитетінде редактор, социолог, комментатор, «Ақ жол» ҚДП-сында баспасөз қызметі және PR-стратегия басшысының орынбасары, ұзақ жылдар «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Ол – «Екіге бөлінбейтін келіншек», «Түнгі оттар», «Сіз іздеген әлем», «Әжем, Күләйша, Рокфеллер және басқалар», «Ақбота», «Запах дождя» сияқты бірнеше прозалық кітаптың авторы. Ересектер мен жеткіншектерге арнап жазатын жазушының мысал, әңгіме, хикаяларының көпшілігі балалар мен жасөспірімдерге арналған.

Қаламгер прозалық шығармаларымен бірге көркем аудармаға да үлес қосты. «Хабар» арнасында еңбек еткен жылдары көптеген көркем фильмдерді орыс тілінен ана тілімізге аударуға үлес қосты. Орыс тіліндегі С. Құттықадамның «Служение нации» публицистикалық жинағын, ақын, аудармашы А. Ахетовтың «Дети победы» романын, Б.Момышұлының «Черная звезда» ертегі-романын, С. Әкімбековтің «История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии» атты ғылыми-танымдық еңбегін қазақ тіліне аударды. Сонымен бірге, «Ұлытаудан шыққан ұлы ғалым» (ЖезУ баспасы, 2001) атты публицистикалық зерттеу еңбектің авторы

Ғ. Мұстафиннің 100 жылдығына орай Қарағанды облысы мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлесіп өткізген әдеби жабық бәйгесінде «Жалғыз шыбынды пәтердегі қырық шырақты әйел» атты әңгімесі 1-орын алды (2003), ЕҚЫҰ жариялаған XIII Халықаралық форумда миграция проблемаларын көтерген публицистикалық мақаласы үшін лауреат атанып, Варшавадағы Халықаралық журналистер интернатурасынан өтті (Польша, 2005).

Балаларға арналған шығармалары үшін Сорос заманауи өнер орталығы жабық әдеби бәйгесінде «Алтын балық-аквариум-айдын» әңгімесі 3-орын алды (2003), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы жариялаған конкурстың, республикалық «Алтын қалам» тәуелсіз әдеби бәйгесінің және бірнеше әдеби байқаулардың (2010), халықаралық балаларға арналған «Дарабоз» әдеби байқауларының (2014) жүлдегері [1].

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары әдебиетке келген қаламгер алғашқы қадамын поэзиядан бастады. Оның өлеңдері «Темірқазық» (Алматы, 1981), «Сарыарқа саздары» деген ұжымдық жинақтарға енді (Қарағанды, 1991).

XXI ғасырда проза жанрына біржола бет бұрған жазушы – «Екіге бөлінбейтін келіншек» [2], «Түнгі оттар» [3], «Сіз іздеген әлем» [4], «Ақбота» [5], «Әжем, Күләйша, Рокфеллер және басқалар» [6], «Запах дождя» [7] деген прозалық кітаптардың авторы. Ересектерге арналған шығармаларының орталық кейіпкерлері

– қыз-келіншектер болғанынан, жазушының қазақ тағдырын қыз-келіншектер бейнелерімен беруді көздегені байқалады. Ол жөнінде «Зари прекрасные просветы» деген мақаласында сыншы, аудармашы А. Ахетов былай деген болатын: «Голос женщины в литературе всегда подкупает искренностью и тонким лиризмом восприятия жизни. И одно имя Заря Жумановой располагает к просветлению в сырых буднях быстротечной, порой сложной своими перипетиями судьбы ее героинь». Ал әдебиеттанушы Г. Ниетқалиева жазушы шығармалары жөнінде: «Оның әңгімелері мен хикаяттарындағы кейіпкерлер де, оқиғалар да бір-біріне ұқсамайды. Өйткені әр адам – бір тағдыр. Шығармаларында ұлттық бояу қанық, кейіпкерлерінде қазақылық басым. Шебер қолдан шыққан өрмектей, ойын нақты жеткізуімен ерекше», – деген пікірін алдымызға тартады.

Ересектер мен балаларға қатар жазатын Заря Жұманованың «Ақбота» жинағына балалар мен жасөспірімдерге арналған ертегілер мен мысалдар, әңгімелер мен хикаялары топтастырылған. Жинаққа енген шығармалар «Балалар әлемі», «Хош бол енді, бала-көктем!», «Санадағы сәулелер», «Тілі – басқа, тілегі – бір» деген төрт тарауды қамтиды.

«Балалар әлемі» тарауына «Жалмауыз кемпір қайдан шықты?», «Мақтақыз бен Ернұр», «Көбелек қуған балақай», «Асан мен Үсен» ертегілері мен «Жалғыз тамшы», «Тауық балапаны мен қарға», «Қант пен тұз» мысалдары топтастырылыпты. Жазушы әдеби ертегілерінде бірсыпыра ертегі кейіпкерлерін интерпретациялаған. «Жалмауыз кемпір қайдан шықты?» ертегісінде ертегілерде жиі кездесетін біздің ұғымымыздағы жалмауыз кемпірдің қайдан шыққанын балалардың ұғымына түсінікті етіп, өмірден мысал келтіріп суреттеген. Жазушының кейіпкері – «Алтын сақа» ертегісіндегі жалмауыз кемпір сияқты өз тісін өзін жұлып тауысқандықтан, бүгінде аузы опырайып тіссіз қалған. Кішкентайында беті-қолын жумай су мен сабын көрсе көзім ашыды деп шошқаша шыңғырып жүріп, еркелігінің салақтыққа, салақтықтығының олақтыққа, еріншектігінің жалқаулыққа жалғасқанын өзі де білмей қалды. Өгей шешесі мен ауыл-аймаққа сыймаған одан ел іргесін аулақ салғалы қашан. Жан баласы жайылған дастарқанына, тойына шақырмайтын, жыңдылығымен отыз тісінен айырылған жалғызбасты кемпірдің жалмауыз кемпірден айырмасы жоқ екені нанымды суреттелген. Ертегілерде кездесетін жалмауыз кемпірлердің осындайлардан шықпасына кім кепіл? Авторлық ұстаным жазушының «кішкентай балалар өзінің қателігін қайталамаса екен деп ойлайды» деген сөзімен берілген. Өз қателігін кеш түсінген кейіпкер кішкентай бүлдіршіндердің өзі сияқты тағдырларын тәлкек етуін қаламайды. Сол ойын айтайын десе, оған адам баласы жоламайды. Кішкентай балалар жалмауыз кемпірдің үйіне жуымай ұзақтан айналып қашады. Жазушы бүлдіршіндерге еркеліктің соңы үлкен қасіретке айналатындығын түсіндірген. Ертегіні оқыған балалар оның қателігін қайталамауға тырысатыны анық.

«Мақтақыз бен Ернұр» ертегісінің де кейіпкері «Мақтақыз» ертегісінен алынған. Ертегілердегі адам санасына сыймайтын ғажайыптарға сенгендер тау көтерген Толағай, жерден шыққан Желім батыр, қара қасқа атты Қамбар батыр, Керқұла атты Кендебайға ұқсауды армандайтын. Осындай ертегіні көп тыңдаған Ернұрдың шөкімдей ақ матаның ақ көйлекті титімдей қызға айналуын қалыпты жағдайдай қабылдауы орынды. Мақтақыз бен Ернұрдың әңгімесінен күнделікті

тұрмыста кездесетін ванна, туалет, балкон, телефон т.б. сияқты техникалық құралдардың ертеректе болмағаны аңғарылады. Ернұрмен әңгімелесіп отырған Мақтақыз – есте жоқ ескі заманнан келген қонақ.

«Көбелек қуған балақай» ертегісінің кейіпкері Жансерік – күні-түні теледидардың алдынан шықпай, «Мультик-пультик» атанған жан. Тапжылмай отыратын оның жаны күндердің күнінде телевизордың ішіне кіріп кетеді де, қайта келгенде өмірдің мәнін түсініп, «көрмегенім мультик болсын енді!» деп келеді. Жансеріктің өмірі өзі сияқты көгілдір экранның алдынан шықпайтындарға да сабақ болары даусыз.

«Асан мен Үсен» заманауи ертегісінің кейіпкерлері Ы. Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласын» еске салады. Мұндағы Асан қазіргінің бизнесмен байларының баласы болса, Үсен – ауылдық жерде көп баланың ішінде өсіп келе жатқан еңбекқор бала. Жол апатына ұшырап, әке-шешінен қол үзіп қалған Асан Үсенге еріп қалаға сүт сатуға келгенде өз үйін табады. Оған Үсеннің еңбекқорлығы септігін тигізеді.

«Жалғыз тамшы», «Тауық балапаны мен қарға», «Қант пен тұз» мысалдарында балаларға кейіпкерлердің жағымсыз қылықтары арқылы өмір сүру қалпы түсіндіріледі. Жалғыз тамшы өзен мен бұлақты көзіне ілмей, өзіне масаттанып жүргенде сәт сайын көлемі кішірейіп көзге көрінбей жоғалып кетеді. Авторлық ұстаным «Қарағым, өз ұлтын менсінбей, өзінің бастау-бұлағы – салт-дәстүрінен бас тартқан кез келген адам жаңағы тамшы құсап із-түзсіз жоғалып кетеді» деген кейіпкер сөзімен берілген. Шыққан тегін, елін, жерін менсінбей асқақтаған жандардың тамшы тәрізді жоғалып кететінін түсінген баланың еліне, жеріне деген патриоттық сезімі оянып, қалыптаса бастайды. Қарға тәрізді аспанға қалықтап ұшқысы келген тауық балапанының да тағдыры адам қызығарлық емес. Қыт-қыттауды білмей, қарғалардан қарқылдауды үйренген, ақ қауырсынын кара бояуға түсіп бояған балапанның тірлігінен өз тегін, тілін менсінбеушілік байқалады. Авторлық ұстаным «Қараңдаршы, балаларым, өз ана тілінен бас тартып, басқаларға көзсіз еліктегендер осылай жұртқа күлкі болады» деген кейіпкер сөзімен берілген. Қант пен тұздың да айтысы көңіл аударарлық. Ас үйде құмшекер мен тұз қатар тұратын. Қант өзінің тәттілігімен мақтанып, тұзды менсінбей, кемсітіп, тиісіп сөйлегенде тұз оның артық-ауыс сөзіне көңіл аудармайтын. Бір күні үй иесі соғым сойып, түнімен тұз іздеп үйдің астаң-кестеңін шығарады. Ертеңге дейін етті тұздамаса бұзылып кетінін ойлаған ол шкафтың бір бұрышынан тұз тауып алғанына қуанады. Авторлық ұстаным «Бар астың дәмін келтірер тұз болмаса, қалай өмір сүрер ек! Бағасы арзан болғанымен, бұдан қадірлі не бар шіркін!» деген кейіпкер сөзімен берілген. Бағасы арзан, өзі ащы болғанмен, тұздың да атқарар қызметі жетерлік. Сондықтан, әр затты өз қасиетімен қадірлеу керек.

Жазушы «Ғаламат түн», «Жандос деген бала бар», «Қайта туған күн», «Үрейлі түн», «Ауылдан келген «Әпенде», «Өтірікші», «Мақсат пен Мұрат», «Әлтай неге қызарды?» әңгімелеріндегі кейіпкерлерінің істерін сынға алумен оқырмандарының тәртібін, тәрбиесін түзеуді көздеген. «Ғаламат түн» әңгімесінде сабаққа салғырт, компьютердің алдынан қозғалмайтын Еламанның түсіне өзге ғаламшарлықтар келіп, оған: «Күні-түні компьютер ойнағанша, оқып, ізденіп, талаптанбайсың ба?» – деп күледі. Сол ғаламат түннен кейін

Еламанның қолынан кітап түспейтін болды. «Сабақ үлгерімі де күрт жақсарды. Қолы қалт етсе, саяжайға барып, әке-шешесіне көмектесетін болды...» [5; 16]

Төсегін жинамайтын, тамағын теледидар алдында ішетін, ыдысын жумайтын Жандос анасын жедел жәрдем ауруханаға алып кеткенде ғана өмірдің мәнін түсінеді. Анасы болмаса, өмірі тозаққа айналатынын біліп, сол күннен бастап ыдыстарды жуып, үй жиып, қоқыс шығарып анасына қолғанат болса, әкесі де дүкен мен базардан керек тағамдарды тасуды қолға алды. Енді олар тоғыз жылдан соң өмірге сәби алып келетін анасының шаруасын бөлісе жасайтын болады. Адамға адам қосылу – әр отбасының қуанышы болса, отбасы мүшелері сол қуанышты асыға күтуде. «Қайта туған күн» әңгімесіндегі өз өміріне көңілі толмайтын Әлібек Ичкериядан келген жетім баланың туған күнінде жалғыз отырғанын көріп, өз өміріне шүкіршілік етеді. Сол күні Әлібекті мерекелік дастарқан басында әлемдегі ең жақын адамдары күтіп отыр еді. От пен оқтың ортасынан Қазақстанды паналап келген өзіндей баланың ішер асын базар жағалап тауып жүргенін көрген соң, өзінің шетелде демалатын достарына қызығып жүргеніне ұялады. Өмір үшін күресіп жүрген жетім баламен кездесуден кейін туыстарынан қымбат ештеңе жоғын түсінді.

«Үрейлі түн» әңгімесіндегі Ермұрат бойындағы үрейін жеңіп ерлік жасаса, «Ауылдан келген «Әпенде» әңгімесіндегі Елжас балалық шағын соғыс ұрлаған атасының жан жарасын түсініп, оған жанашырлық таныта білді. «Өнерпаз ханзада», «Көреген», «Мейірімді қыз» әңгімелерінің кейіпкерлері балаларға үлгі-өнеге болары даусыз. «Қиын тапсырма» әңгімесінде бала психологиясы жақсы ашылған. «Менің әкем» деген тақырыпта шығарма жаза алмай қиналған Елжастың жан жарасын сыныптастары да, мұғалімі де түсінген жоқ. Ақшадан кемдік көрмеген баланың әке алақанының жылуын көрмеуі, әке мейіріміне қанбауы өкінішті. Сыныптастарының барлығы өз әкелері туралы бас көтермей жазып жатқанда, жас тоқал алып, анасы мен баласын тастап кеткен әке туралы жазу қиын еді. «Сыныптағы ең ерекше, еті тірі бала» атанған Елжастың: «Менің әкемді, оның жас әйелі мен балаларын кеше түнде террористер қырып кетті», – деген айдақ-сойдақ жазуының ішінде өзін іздеп келмейтін әкесіне деген үлкен реніш жатыр еді. Жазушы ата-аналар арасындағы кикілжіңнің баланың жүрегін жаралайтынын Елжастың тығырыққа тірелуімен суреттеген.

«Хош бол енді, бала-көктем!» деп аталатын екінші бөлімге жинақталған шығармалар да өз ерекшелігімен танылады. «Биялай мен қолғап» философиялық новелласының кейіпкері Аружанның жып-жылы, басы тұтас биялайын бір-бірімен жүрек жылуын бөлісетін ауыл тұрғындарына, былғарыдан тігілген бес саусақты қымбат қолғабын бір-бірін танымайтын, бір-біріне жаны ашымайтын тәкаппар қала тұрғындарына ұқсатуы қызықты баяндалған. Бұл – ұқсас заттар арасындағы ортақ қасиеттерді іздеуден туған философиялық ой еді.

«Жаңбыр иісі» әңгімесінде қызық қуып жүрген үшінші курс студенті Талғаттың оқудан шығып кете жаздап тұрғанда кітапханада Жанармен танысуының арқасында өмірі жақсы жағына өзгереді. Сүйгені жолықпай, әр қызбен қыдырып жүріп уақытын өткізген жігіттің сабақтан қалуы да жиілеп кеткен болатын. Енді ол үшін Жанардан артық қыз жоқ, себебі, ол – жүректен орын алған қыз.

«Күн нұрына шомылған ауыл» хикаясындағы Күншуақ пен Гүлсімнің баба Фаяның, «Жаңбыр иісі» әңгімесіндегі Талғат пен Шәкендердің Марияның пәтерін жалдап тұруы – қазақ жастарының әлеуметтік тұрмысының көрінісі. Күншуақты жеңгесінің «Қара қыз» атауы – ұлттық құндылықтардың сақталуы. Бар мұғалімді зар жылатқан Қажымұқанның (Муха) тілін тапқан мұғалім бала жүрегін ашатын кілтті дұрыс тапқан еді. Мектептің барлық «атамандарын» жиып алып, Жас тәртіп сақшыларының («ЖТС») ұйымын құруы, мектеп ішіндегі тәртіпке солардың жауап беруі, олардың бастығы – аты шулы «Муха» – Қажымұқан болуы – Күншуақтың бала психологиясын білуінің көрсеткіші. Бұл сақшылар мектептің ғана емес, ауылдың да тәртібін қолға алғаны сонша, олардан ауыл тентектері де аяқ тартатын болды. Осылайша, нықтарына «ЖТС» деген көгілдір пагон таққан балалардың тәртіптерімен бірге сабақ үлгерімдері де жақсара бастады. Мектептің аты шулы бұзықтарын Күншуақ өздеріне деген жауапкершілікпен ауыздықтап еді. Аудандық байқаудан өнерпаздардың жұлдемен оралуы, өкіметтің шағын, орта бизнеспен айналысатындарды қолдауы, ауылдан тон тігетін, тері илейтін, колбаса, ірімшік, құрт, май жасайтын шағын цехтардың ашылуын, «ЖТС» мүшелерінің ауылдағы қарияларға қолғабыс жасауын, ауыл тұрғындарының көше тазалығына көңіл аударуын ауыл тұрғындары Күн астынан келген Күнікей қыздардың – Күншуақ пен Күнсұлудың іскерлігінен деп білді. Шын мәнісінде, бұл екі қыз жастық жігерін өз ауылдарының өркендеуіне, көркеюіне жұмсаған жас мамандар еді.

Жоғары оқу орнының сыртқы бөліміне оқуға түсіп, ауылына келіп мұғалім болған Күншуақтың қол жеткізген табысы қанша көп болса, өзімен бір бөлмеде пәтер жалдап тұрған Шекердің тұрмысы бұған қарама-қарсы суреттелген. Пәтер үшін кемпірге күтуші болған Шекердің қалада жүргені болмаса, тіршілігі адам аярлық. Жазушы құрбы қыздардың бір жылда басынан өткізгендерін салыстыра суреттеу арқылы «Туған жерге туынды тік» деген ұстанымды алға тартады.

«Әжем, Күләйша, Рокфеллер және басқалар...» әңгімесінде қаладағы жалғыз баласы қолына алып келген анасының ауылдағы торқалы той, топырақты өлімге бара алмай қиналуы, ауылда өскен жанның қаланың тар қапасына сыймауы нанымды суреттелген. Президент келіннің Күләйшаны енесі Мәхфузаға күтуші етіп жалдауы – үлкен кісінің басына сыймайтын дүние. Келінінің Парижден алған су жаңа туфлиін бағбан шалдың қызына кигізіп жіберуі, үш қабатты үйдің ішінен әңгімелесер жан таппауы – ауыл мен қала тіршілігінің бір-біріне ұқсамауы. Жазушы оқиғаларды әжесінің жан дүниесін түсіне білген немере қызының көзімен нанымды суреттеген. Жазушы ең алғашқы миллион долларын 33 жасында тапқан миллиардер Джон Рокфеллердің ауруға шалдығуы, тапқан ақшасын ел игілігіне жаратқан соң аурудан айығып, 98 жыл өмір сүруін тегіннен-тегін әңгімеге кірістіріп отырған жоқ. Осы арқылы анасының үш қабатты үйден жылу таппай ауруға шалдығуымен есепсіз дүние адам жанына жылу бермейтінін еске салады. Жазушы бір отбасының тыныс-тіршілігімен ауыл мен қала тіршілігінің алшақтауын, қызмет қуған жандардың ең жақын адамдарына көңіл бөлуге уақыт таппауын салыстыра отырып бейнелеген.

«Мың бояулы мың жылдық шаһарда» әңгімелер тізбегінде пәтер іздеген Айзереге тап боламыз. «Патшайым» әңгімесінде пәтер сатумен айналысқан маклердің ақыр соңында жалдап тұрған пәтерінің ақшасын төлей алмай қалуы,

оның бірнеше мысықты асырап «Мысықтар Патшалығын» жасап отыруы, «Қуыршақтардағы» жас баласынан айырылып жынданған ананың қуыршақтарын тізіп қойып, жалғыз қызын күтіп жүруі, «Көлікте көктем еді...» әңгімесіндегі жастар, «Киелі шаш» әңгімесінде шаштың киесіне ұшыраған егде адам, «Жеңеше» әңгімесінде университеттің жатақханасында жас баламен тұрып жатқан ерлі-зайыптылардың тар бөлмеде ауылдан келген екі қарындасына қамқорлық танытып отырғаны суреттелген. Жазушы Айзеренің пәтер іздеп жүріп талай қиыншылықты басынан кешіргенін, кейін өзі жатақханадан бөлме алғанда, ауылдан келген туыстарына жасаған қамқорлығымен ауылдан шыққан, қиыншылық көрген Айзере сияқты жандардың пейілі кең болатындығын көрсеткен.

«Рельстер ешқашан қиылыспайды» хикасының кейіпкері Ғалымбек анасы күйеуін қалаға оқуға жіберіп, ол жас қатын алып кеткенде кемпір-шалмен, бала-шағасына ие болып, қара шаңырақты күзетіп қалғанын жігіт болғанда бір-ақ естиді. Әкесі бар екенін білмейтін жігіт мұны естігенде есеңгіреп отырып қалады. Профессордың қызы Хұниды анасы шетелдік жігітке бергісі келсе, әкесі болашағы бар Ғалымбекпен бас қосуын қалайды. Республикалық физика-математика мектебінде Ғалымбек пен Хорлан қатар оқыған болатын, кейін олар Мәскеуде қайта жолықты. Кейін Ғалымбек Алматыға аспирантураға түсті. Жазушы ауыр халде жатқан әкесін емдетіп, перзенттік борышын өтемек болған Ғалымбектің басынан кешкен оқиғалар арқылы ол туралы, заман мен адам туралы ой түйеді. Жалғыз баласы келіншегімен шетелге кеткен ғылыми жетекшісі Ғалымбектің бұл шешімін жоғары бағаласа, мектебіндегілір еңбек кітапшасын хатпен салып жіберген, тек Хорланнан ғана жауап жоқ. Бұл үнсіздіктің соңында дүниеқоңыз анасының бір қырсығы жатуы мүмкін. Ауылдағы жігіттің телефоны байланыс аясынан тыс жерде болғанмен, оның жазған хаттары бармауы мүмкін емес. Жазушы қала қызы Хорлан мен ауыл баласы Ғалымбектің байланыссыз қалуын рельстердің ешқашан қиылыспайтынымен ишаралаған.

«Арлан қайда жүр екен?» әңгімесіне Арлан мен әжесінің қилы тағдыры негіз болған. Үрпек сары немересін мектепке барғанша арқалап жүрген кемпір көршісі Үкілімнің көмегімен бір бөлмелі пәтерге қол жеткізеді. Танысының айтуы бойынша құдашасы жолдан тапқан баласының кіндігін кескен кемпір оны балалар үйіне өткізбей, жалғызымның тұяғы жоғалмасын деп асырап алған екен. Келінінің балаға күн көрсетпеуі – өзінен тумағандығы. Жазушы сау адамды алжасқан деп жүрген келіннің сөзімен адам баласының иманнан жұрдай бола бастағанына назар аударған. Оны кемпірдің ұлдың кіндігін пышақты жоғары қаратып, қыздікін төмен қаратып кесетінін, қазіргі таңда тұсаудың қайшымен кесіліп жүргені туралы әңгімесі толықтырады. Бар өмірін немересі Арланға арнаған кемпірдің баласы мектепке барған соң елге көмектесіп ас-суын таба бастағанына қарап, «Жалғыздың жары – Құдай» екенін аңғарамыз. Жалғыз баласының артында тұяқ қалсын деп жүрген қарияның өз үйін бала таппаған келініне тастап, бір бөлмелі пәтер алып бөлек шығуы – үміт еткен немересі Арланды көзтүрткі етпеуі еді.

«Алақанда еріген мұз» әңгімесінде бір отбасының оқиғасын сөз ете отырып, бүгінгі қоғамның шешімін күтіп тұрған өзекті мәселесін көтерген. Жазушы

отбасы жылуы мен ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін бір кейіпкердің тағдырына сыйғызған. Бір балаға зар болған ерлі-зайыптылардың босағасына тастап кеткен баланы бауырына басып, ауылдан көшіп кеткенмен, уақыт өте отағасы басқа әйелмен бас қосып, жас тоқал әйелі мен баласын өз үйінен қуып шығады. Мектеп бітіретін жасқа жеткенше әке-шешесінің асырап алғанын білмейтін бала үшін оның асыранды екенін өзгенің аузынан естуі оңай шаруа емес. Әкесі теріс қарап, шешесі ауруханаға түскен бала нашақорларға қосылып, өмірден күдер үзіп жатқанда, ауруханадан шыққан анасы емдетіп қатарға қосады. «Бала асырап алсаңдар, Алланың мейірі түсіп, артынан балалы боласыңдар», – деген ноғай кемпірдің сөзі расқа айналып, келіншек жүкті болғанмен, бұл кезде олардан күйеуі бас тартқан еді. Ол болашақта өз баласының әкесіз өсетінін білген де жоқ, жас әйелдің буына мас болып жүріп, басына қонған бағын тебетін осындай ақымақтардың өмірден алынғаны рас. Аңсағанды асырып алған соң, тасы өрге домалап, саудасы жүріп Иран, Түркия, Араб елдерімен сауда байланысын күшейткен кәсіпкердің алдағы уақытта саудасының қалай жүрері бір Аллаға аян. Басына қонған бағын бағалай алмай, екі қабат зәулім үйден сүйіп алған жары мен баласын қоса қуып шыққан адамның күпіршілігін жаратушы да кешірмесе керек. Төле би айтқан «Бақыт – ұзатылатын қыз, байлық – алақанда еритін мұз, бала – артында қалған із» екенін түсінбеген талайлардың шалыс басып жүргені белгілі. Жазушының мақсаты – редакцияға іздеп келіп, газеттің бас редакторына өз өмірі туралы айтып берген келіншектің «Мұнда келу себебім, бір балаға зар болған өзімдей жандар ешқашан үмітін үзбесін, шын тілесе, ерте ме, кеш пе, тілектері қабыл болады» деген ойын оқырманға жеткізу. Әңгіменің негізгі оқиғасы бақытты байлықпен өлшейтін замандастарымға ой салары даусыз.

«Кішкене қыз салған сурет» әңгімесіне де ата-анасы Рита мен Тимурдың тіл табыса алмай ажырасуының салдарынын баласының жабырқап жүруі негіз болған. Баланың салған суретінен оның жан жарасы анық аңғарылады. Суреттегі «қою бұлтты жабырқау аспан. Басын жерге ие тәжім еткен жалғыз жауқазын. Аппақ гүлдерін жел ала қашқан жалғыз түп алма ағашы» Рәмиланың жанының жабырқаулығын, жалғызсырағандығын көрсетіп тұр еді. Баланың болашағына немқұрайлы қараған жандардың баланың болашағына балта шауып тұрғанынан хабарсыз. Рита мен Тимур – бүгіні үшін өмір сүріп жүргендер, бала – болашағы екенімен шаруасы жоқ.

«Көне білезік» әңгімесіне де бала тәрбиесі арқау болған. Ауылдағы жалғыз дүкенді ұстап, тамақ, киім-кешек, темір-терсектің қожасы болған Ақлима – ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып үйренген жан. Ешкімге ашуланып дауыс көтермейтін күйеуі аяқ астынан қан қысымы көтеріліп өмірден өткен бойда, егіз ұлы Егізбек пен Егізекті қалада дұрыс білім беретін мектепке оқытамын деген сылтаумен қалаға қоныс аударады. Ержетіп қалған балаларының құлағына «Қарақтарым, арқа сүйейтін әкелерің болса да жоқ. Енді екеуің мықты бір жердің қызына үйленуді ойлаңдар. «Қатын алма, қайын ал» деген сөзді бұрынғылар бекер айтпаған. «Қызмет-дәрежесі жоғары адамның қызын алсаңдар, ештеңеден таршылық көрмей, қызметтерің өсіп, өз қатарларыңнан оқ бойы озық жүресіңдер» [5; 167], – деген сөзді күні-түні қақсап құлақтарына құя берді. Анасының тілін алғыш Егізбек алғашқы курста жүргенде-ақ уф десең ұшып

кеткелі тұрған бір қырым еті жоқ, көрер көзге тым сүйкімсіз қызды иемденіп, көп ұзамай үйленіп алды. Бір дөкейдің жалғыз қызын алған соң, тойда машина мен пәтерді қоса сыйлаған қайын атасы бар мұрасына ие болатын жалғыз қызы мен күйеу баласына бизнесін қоса тапсырды. Қыз күнінде болашақ енесіне қолғабыс жасап үйден шықпайтын шибұт келін, күйеуімен жеке пәтерге шыққан соң енені керек етпей, өздерімен-өздері тұрып жатты. Келіні жеке компанияның президенті болған соң бір елден, екінші елге ұшудан қолы босамай, ұл-қызына қарауға шамасы келмей, ұшақтан-ұшаққа ұшып жүргені. Бос уақытында шетелде демалатын ұл мен келінге бұл кезде бауыр да, ана да керек болған жоқ.

Егізек болса анасының құлағына құйғанынан нәтиже шығармайтын ақпа құлақ болып өсті. Жасы отызға таяғанда алыстағы ауылдан қалаға оқу іздеп келген, өз мекемесінде еден жуатын қыздан басқаны көзіне ілмей соның соңында жүр. Шешесі қанша азғырса да, жас қыздың соңынан қалмай жүріп соған үйленді. Күндердің күнінде төсек тартып орнынан тұра алмай қалған шешесін Егізек пен келіні естіген бойда түн ішінде келіп, ауылдарына алып кетіп, дәрігерге қаратып бетін бері қаратты. Егізек пен келіні енесінің асты-үстіне түсіп, көңіл сұрай келгендердің жағдайын жасап шапқылаумен әлек. Есін жиған Ақлима өмір бойы жиып терген қарашаңырағы қалада қаңырап қалған соң, үйінің жай-күйін білуге баласы Егізекті жұмсайды. Бұл кезде қолы ұзын, тамыртанысы мол Егізбек «өзі жоқтың көзі жоқ» деп, мүгедек анасының атынан өтірік құжат жасап, үйін сатып үлгеріп еді. Балаларына дүниенің құны да, бақыт та байлықта деп тәрбие берген Ақлима өз бармағын өзі шайнап, «іштен шыққан шұбар жылананына» өкпелей алмады. Кезінде ауылдан шықты деп өзіне тең көрмеген құда-құдағилары мен келінінен рақат көрген ол «адам аласы ішінде» екенін кеш түсінді. Жазушы бір ата-анадан туған егіз жігіттердің екеуі екі түрлі болып өсуін текпен түсіндірген. Егізек әкесі тәрізді адал еңбегімен нан тапқан адал жігіт болса, Егізбек анасы сияқты дүниеге құныққан «кедей бай болсам, бай құдай болсам» дегенді ғана ойлайтын жігіт болып өсті. Ол үшін ананың да, бауырдың да құны түкке алғысыз еді. Миллиондаған кіріс кіргенмен, пейілі тар жанның өміріне қарап отырып, ата-бабаларымыздың «дүниемді алсаң да, пейілімді алма» деген даналық тәпсірі ойға оралады.

«Санадағы сәулелер» атты үшінше бөлімде «Біз де бала болғанбыз» әңгімесі беріліпті. Оқиға алыстағы Нарын құмындағы Хан Ордасынан сексен шақырым ғана жердегі Сүйіндік ауылынан шыққан кейіпкердің «Боинг» ұшағымен Амстердамнан Алматыға ұшып келе жатуымен басталады. Алыс-алыс елдердің суын ішіп, топырағын басып келе жатқан кейіпкер «Шүкір, шүкір, мың сан шүкір» деп Жасаған Иеге шексіз ризашылығын білдірумен келеді. Негізгі оқиға Алматыға келіп білім алған кейіпкердің монологы арқылы балалық шағына жасалған лирикалық шегінісімен өрбиді. Шегіністен ауыл тұрмысы, ауылдың тыныс-тіршілігі айқын көрінеді. Бала күнінде арман-мақсаттарын дұрыс жоспарлай білген кейіпкердің өмір бойы Пушкин өлеңін оқып жүруінен оның әдебиетке деген сүйіспеншілігі байқалса, ақынның француз Дантеспен дуэльге шығуы күні бүгінге дейін түсініксіз. «Қарсыласы – поручик Дантестің құралайды көзге ататын мерген екенін біле тұра, ажалдан қорықпаған ақын намысқойлығына әлі күнге таңғаламын. Заман да, заң да өзгерді, өзгермеген тек Пушкин поэзиясы ғана...» [5; 186] – деген кейіпкер сөзі авторлық ұстанымды

көрсетеді. Авторлық ұстаным талант пен талабы ұштасқан кейіпкердің ата-бабасы көрмеген елді шарлап жүруімен, өнер құдіреті араға қанша уақыт салса да өзгермейтіндігімен айшықталған. Талант пен талап ұштасқанда биік нәтижелерге қол жеткізуге болатын болса, кейіпкеріміздің Амстердамнан Алматыға ұшып келе жатуы – соның айғағы. Автор армандардың орындалатынын оқырманның есіне салады, оны кейіпкер өмірімен түсіндіреді.

«Тілі – басқа, тілегі – бір» деп аталатын төртінші тараудың мазмұнын Ираида Попованың «Ертең күн ашық болады», Чхве Инхо «Жер бетіндегі ең үлкен үй», Амантай Ахетовтің «Сағынышты жылдарға саяхат» шығармаларының аудармалары қамтиды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған шығармаларды өз ішінен топтайтын болсақ, әңгімелерінің бірсыпырасына балалар өмірі негіз болса, енді бір парасына бала тәрбиесі арқау болғаны байқалады. Жазушы бүгінгі таңдағы замандастарының өмір салтына қарап отырып, «бала – біздің болашағымыз» екенін еске салады. Әр бала бақытты болуға лайық болса, ата-аналарының кесірінен олардың зардап шегуі, күйзеліске түсуі, тығырыққа тірелуі орынсыз. Әр ата-ана өз баласын бақытты етуі тиіс, солардың жолында өз басын құрбандыққа шалғаны жөн. Балалы болған соң өзін ұмытып, бала үшін өмір сүру керек дегенге саяды авторлық ұстаным.

Әдебиеттер:

1. Заря Жұманова // <https://qalamger.kz/author>
2. Жұманова З. Екіге бөлінбейтін келіншек. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспасы, 2003.
3. Жұманова З. Түнгі оттар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2011.
4. Жұманова З. Сіз іздеген әлем. Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2014.
5. Жұманова З. Ақбота. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ертегілер мен мысалдар, әңгімелер мен хикаялар. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2017.
6. Жұманова З. Әжем, Күләйша, Рокфеллер және басқалар. – Алматы: «Таймас» баспасы, 2021.
7. Жұманова З. Запах дождя. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2021.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
---------------	---

I ТАРАУ. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘДЕБИ ҚАҒАРМАНДАР

Қазіргі балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер (Г. Орда).....	10
Балалар прозасындағы дәстүр сабақтастығы (Г. Орда).....	52
Қазақ балалар драматургиясындағы әдеби қаһармандар (Г. Орда, Б. Сұлтанова).....	90

II ТАРАУ. КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР

Мұзафар Әлімбаев (Г. Орда).....	105
Оразақын Асқар (Г. Орда).....	114
Қастек Баянбай (Н. Құдайбергенов).....	121
Абдрахман Асылбек (Н. Құдайбергенов).....	128
Тұрдақын Жексенбай (Г. Орда).....	137
Абдул-Хамид Мархабаев (Е. Қаныкей).....	148
Ескен Елубаев (Н. Құдайбергенов).....	159
Сұлтан Қалиұлы (Г. Орда, Т. Измахан).....	168
Шәкен Күмісбайұлы (Е. Қуатбекұлы).....	177
Жақау Дәуренбек (Е. Қуатбекұлы).....	185
Балтабай Әділов (Е. Қуатбекұлы).....	193
Өтепберген Ақыпбекұлы (Н. Құдайбергенов).....	202
Жүніс Сахиев (Е. Қанынқей).....	211
Бейсенбай Сүлейменов (У. Қалижанов, Ж. Сарсенбаева).....	221
Арасанбай Естен (Н. Құдайбергенов).....	233
Байбота Қошым-Ноғай (Е. Қуатбекұлы).....	242
Толымбек Әбдірайым (Г. Орда).....	249
Сәбит Дүйсенбиев (Г. Орда).....	256
Сәуле Досжан (Г. Орда).....	267
Заря Жұманова (Г. Орда).....	278

Компьютерлік верстка
Зикирбаева В.С.

Басуға 25.10.2022 қол қойылды.
Пішімі 70x100^{1/16}. Гарнитура «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 23,4.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 51